

СӘКЕН
ЖҮНІСОВ

АҚАН СЕРІ

**СӘКЕН
ЖҮНІСОВ**

АҚАН СЕРІ

роман

1



Алматы
"Жазушы"
2003

ББК 84 Қаз 7-44
Ж 88

Жүнісов С.

Ж 88 Ақан сері. Роман. 1-кітап. – Алматы: Жазушы.
2003. – 376 бет.

ISBN 5-605-01808-6

Көрнекті жазушы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» романы оқырман қауымға кеңінен белгілі. Бұл басылымға романның бірінші кітабы еніп отыр.

Ж $\frac{4702250201}{402(05)-03}$

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 5-605-01808-6

© «Жазушы» баспасы, 2003



Бірінші бөлім

СЫРЫМБЕТ САЛАСЫНДА

*«Лашынға лайық қарағым-ай,
Бөктергіге қор болып барасың ба?»*

Ақан сері

1

Биыл кыстай Мезгіл, Шалқар, Жыланды болысындағы атығай-қарауыл елі ішінде тебіндегі жылқы малына бықбырттай тиген құйрығы бір тұтам шолақ қасқыр аңызға айналды. Ана ауылда да, мына ауылда да әлгі қасқыр малды жарып кетіпті; өзі де анау-мынау емес тайыншадай, тіпті кішігірім жабағыдай екен; боран-шашынына, ашық-жабығына, күн-түніне де қарамайды, кейде тайдай тал түсте неше жылғы ту биелерінді алып ұрып жәукемдеп, жылқышылар кикуды салып қуғанша нағыз шиманды үлпершек майын қалпынша қылғытып тайып отырады. Не бір жүйрік сәйгүлікпен соңына түскен жылқышылар біраз қуа түсіп қарасын да көрмей қалады; тегі бірішек болса керек. Ондай бөрілердің өкпесінде көрігі болады дейді, қанша шапса да шабысынан бір танбайды. Сонысымен қоса арланның күшінде қисап жоқ. Сақ жүрген талай жылқышы тазыларын қосып та көрген екен, маңайлай берсе-ақ бір-ақ қағып кете барады. Тіпті, тәуір иттерден тұқым қалар емес.

Және өзінің бір ғажабы, бүгін бір ауылдың малын жарып кетсе, арасына бірер күн салып екінші бір алыстағы ауылды

қан қақсатады. Бір құныққан жердің малына кадала бермейді. Із тастап, бір ай шамасында қайта соғады. Үстіп жүрген адамнан айлалы бөріні қайтіп аңдырсың, қай жерден күтерсің?

– Өзі қорқау қасқыр емес пе екен – дүрдиген түрі жаман: желкедегі қара қылының өзі аттын жалындай, алқымы анамына тайынша бұқаның алқымындай, кеудесі алқам-салқам, шапқандағы екпіні үй жыққандай – бұрын-сонды көрген бұл жақтың аны емес, тегінде жолбарыс, не арыстанмен шатысы бар кәпірдің, итала қаздың інге салған оныншы жұмыртқасынан жаралған малға ауызданған дала құмайы болуы да ықтимал, – десіп, көрмегендер де көргендей жыр ғып, ертегіге айналдырды.

Малынан шашау шыққан талай байлар, қасқыр соғуға көнігі аңшылар тісін қайрап, қаншама сайланса да бір бөріні ала алмай, осынау жалпақ елдің үстінде тайрандатып қойды.

Жақында тағы бір суық хабар естілді. Шынында да бұл суық, әрі үрейлі жаманат еді.

Күн борасындау болса керек. Ыға бастаған табынды қайырып жүрген бір жылқышы буы бұрқырап жайрап жатқан семіз байталдың үстінен шығады. Жан-жағына қараса, аналай жерде селтііп қарсы қарап тұрған жалғыз қасқырды көреді. Аттың басын солай қарай бұрып алып, қамшыны басады. Дәл жанына келгенше шімірікпеген арлан «ал көрейін, соңыма түсші» дегендей, айбат шеге бір қарап, жорта жөнеледі. Бой салып қашпайды да. Жылқышы құйғытқан бойы жете беріп, қарына ілген ұзын құрығын алып сілтей береді. Өзінің де киімі күржиген қалың болса керек, ебедейсіз байғұстың бөрінің мойнына қарай лақтырған құрығы жонына былқ еткенде қасқырдың да тісі сақ етіп, көз ілестірмей құрықты жұлып алады. Жылқышы атын бұрып қайта келгенше өзі қарсы қарап, көзінен от шашып қозғалмай жатады. Жылқышы да қасқыр соғып жырынды болмаған балаң жігіт болса керек, енді не істерін білмей, таралғыны ағытып, темір үзенгіге қолды сала бергенде аттан қалай ұшып түскенін де аңғармайды. Тек көзі қанталаған бөрінің астында жатқанын бір-ақ көреді. Жан дәрмен бе, әлде бұрын аңшылардың айтқаны есінде ме – екі көзін көкжалдың көзінен алмайды. Айғайлайын десе, үні шықпайды. Құдайдың сақтауы ма, әйтеуір зілде қасқыр екі иығынан тырп еткізбей бар салмағымен басып тұрды да, бір мезетте бір-ақ атылып қас пен көздің арасында жоқ болады. Сол екі ортада тырағайлап шауып, басқа жылқышылар да жетіпті. Жас жігітті орнынан тұрғызып алса, тіл жоқ, тұла бойы қалтырап, есі

шығып кеткен, екі көз ғана алақтайды. Содан төсек тартып ұзақ жатады. Жақында ғана тілі шығыпты. Тегі кекеш боп қалатын түрі бар деседі.

Бұрынғы бұрынғы ма, малды қойып, енді адамға да шаба бастаған қасқырдан жұрт шын сескенейін деді. Қайтсе де бұл бірішек көпірдің көзін құртпай тыныштық болмайды. Қанша әккі, күшті дегенмен адамнан жеңілмейтін хайуан жоқ.

Осыдан былай ол Бірішек атанды.

Наурыздың орта кезі еді. Бұл айда жылдағыдай ұдайы түтейтін ақ боран болмағанмен, жиі-жиі қар жауып ашылып, желсіз тымық күн маужырап тұрады да, ойда жоқта жел көтеріліп алдап соғады. Ақпан-қантардағы ызғарлы боран емес, жабысқақ, жауа еритін жылы май боран. Осындай боранның бірінде Бірішек арлан жылқыға тиіп, буаз торы биені жер қаптырған. Ішін жарып жіберіп, ішек-қарынын ақтара тартқанда, биенің жатыры жыртылып, әлі түгі жетіле қоймаған, бүк түсіп тыныс алған шалажансар, қызылшақа, жылы құлыншақ тырбаң етіп бірге шықты. Қанша малдың қанын жүктеп жүріп, тап мынадай ғаламатты көрмеген Бірішек ыр етіп бас салды да, қауып-қауып асай бастады. Қызылшыл бөріге қаны сорғалаған жас еттің бәрі дәмді, бірақ тап мынадай жұмсақ, тәтті етті көрген жоқ. Шайнамай жұта берді. Анда-санда «ғырғыр» етіп құныққан үннің қай көмейінен шығып жатқанын ашқарақ көкжал аңғармады да. Құлыншақтың аппақ шеміршек тұяқтарына жеткенде барып, сала құлаш тілімен омырауына баттасқан, езуіне шашыраған қанды ұзақ жалап кетірді де, желдің өтіне қарап ырылдап, тырнауыштың тісіндей ырсиған азуларын ақситып, есінеді. Арандай аузына ұсақ киыршық қар тигенде барып есіне түскендей жалма-жан ұлпа қардан асап-асап алды. Содан соң екі-үш рет аунады да, созыла керілді. Қалың көк ала қылшықты арқасына, жонына жабысқан сықпа қардың әр жері жентектеле ашылғанда, дүр етіп қатты сілкініп-сілкініп қалып, бабына келген Бірішек енді бұл арада аялдамай, сөлендеп жорта жөнелді.

Торы биенің иесі желінің құты боп саналатын қасиетті малын боран ашылған соң тауып, шашын жұлды. «Неге ғана жылы қорада ұстамадым екен» деп шөбі аз биылғыдай жылы қыс бойы ұстау қиын екенін біле тұрса да, бармағын шайнады. Кәрі биенің етін ауылға алып келіп, итке беруге де кимай жерге көміп еді, Бірішекті соғуға жұлынып шыққан аңшы қайтадан алдырып, бұрынғы орнына апарғызып тастады. «Неше жерден ақылды қасқыр болса да, бәрі бөрілігін жасамай қоймайды,

кайткен күнде ол өлімтік жатқан жерге екі, не үш күннен сон қайырылып соғады, басқа аң жеп кетсе амал жоқ»,— деген.

Аңшының айтқаны келді. Үшінші тәулікте, түні бойы Бірішек ұзақ жортып өлімтікке оралды. Қасында қаншығы бар. Салаңдап соңынан еріп келеді. Арланның қасында қаншық сияқты емес, әлі үйіне жетпеген бөлтіріктей. Жылқылы елдің сөзімен айтқанда, Бірішек қазір құлынын ерткен бие сияқты.

Таң жана сарғайып ата бастаған. Дала әлі ұйқыда. Түн ортасына дейін қыламықтап жауған қар ескі шымыр қардың үстін жұқа ақ мамық көрпемен бүркеген. Екі бөрі ақша қарға жаңа айқын мөр басып, өлімтіктің қасына сықырлата кеп тоқтағанда жапан тұз тым-тырыс үнірейе қалды. Үстін ұлпа басқан тенкиген қоңыр өлімтікті көргенде, сілекейі шұбырып ұмтылған қаншық арланның көрлі қиыс көзінен қаймығып, жұтынып, кипактай берді. Өлімтіктің жатысынан секем алған әккі Бірішек маңайда андушы жоқ па деп, тоғай жаққа ұзақ қалшып сезіктене қарап тұрады да, мүмкін өлтіретін бірдеме сепкен шығар дегендей тұмсығын жақындатпай жиі тартып алып, өлімтікті алыстан иіскелейді. Торы биені екі-үш рет айналып шыққан Бірішектің өзі одан әрі шыдай алмады. Екі күндей жапан түзде, терен сай ішіндегі тау-тау биік үрдісін қардың арасында ұйығып, қатты ойнақ салып қарындары қабысқан аш бөрілер бір кезде лап беріп кірісіп кетті. Үш күн далада жатып қатқан өлімтіктің үстіне шығып, табандарымен басып, торы биенің қабырғаларын шірей тартып айыра бастады...

Бірішек пен молақ қаншықтың бір-бірімен табысканына биыл үшінші қыс. Ең алғаш екеуі осы арадан үш-төрт жүз шақырымдай жерде жырақ жатқан Теке көлінің маңында кездескен.

Қаншық үйіне жетіп, толысып, жаңа ғана беймаза бір күйге еніп, әлденеден мазасыздана бастаған еді. Тұла бойы ұйып, жиі-жиі есіней берген қаншықтың соңынан бір күні топ қасқыр түсіп, ұзақ күнге қалмай қойды. Бөрі де өзінің ұяластары. Қаншық сәл бөгеле қалса, қасқырлардың әрқайсысы жанамалай беріп бір иіскеп кетеді. Алғашқыда әлденеден қыдығы келген қаншық жақтырмай аяқ етіп, қайсы бірін қауып тастап жүрді. Сүйтсе де олардың ешқайсысы ашу шақырып, қаншықты зәбірлеп көрген емес. Тек бір-біріне айбат шегіп, ырылдап, кейде өзара таласып қалады. Бірақ талас ұзаққа бармайды, орнынан жылжи берген қаншықтың соңынан тағы да жұбын жазбай еріп, сөлен-сөлен жорта береді. Үстіп жүріп арландардың әрекетіне қаншықтың да еті үйрене бастады.

Бұрынғыдай емес, енді алды-артынан ойқастап, жанасып, аузынан, жонынан жалаған бөрілерге айбат шекпей, үнсіз тұрып қалады. Әйтсе де тым бойы үйрене келе, кейбір ұяластары еркінсіп асыла бастағанда, қаншық жақтырмай тағы да ілгері оза береді. Ұяластардың осы бір әрекеті күшік кездеріндегі асыр салып алысып ойнағандарына ұқсамайды. Бұрын ойнап жүріп, жанына аса батырмай қауып алып, қансылатып та қоятын. Ондайда күшік мұнын шағып, енесінің бауырына тығылып, ұзақ қыңсылап жататын да, артынша-ақ ұмытып кететін. Қазіргі күйі одан бөлек. Ұяластардың ойыны да бөлек. Олардың көздері қызыл шоқтанып айбат шекпейді, әлденеге мүләйімсігендей жасаурап, бірдеме дәметкендей болады. Алды-артын орағытып еркелетіп, орталарына алып, жортса, алдына шықпай, тек соңынан ерген ұяластардың ішінде өзінің беделінің артқанын аңғарды. Бір енеден шыққан ұялас күшік қана емес, енді өзінің ұрғашы – қаншық екенін сезді.

Қаншама әуре-сарсаңға салып, екі-үш күн ұдайы жортып, бір топ қасқырды соңынан салпандатып қойған қаншықтың қарны қабысып аштық біліне бастады. Қызылшыл анның есіне ет түскенде ашығып, тамақ іздегендей болса да, ештемеге зауқы сокпайтындай, аузын арандай ашып есіней береді. Күннен-күнге іші өргеніп, әлдебір қызыл жалынның өткір ұшы тұла бойын жалап барады. Сілекейі сор татып, шөліркеген қаншық енді бір кезде беті мұздақ қабыршық қарды жалап-жалап алады да, аузын сақ еткізіп қиыршық қарды өршелене асап-асап жібереді. Іштегі жалын одан сайын күйдіре түсіргенде шиыршық атып, өз күйрығын өзі тістеп шыркөбелек айналады.

Не істерін білмей аласұрған қаншық үшінші тәулікте тұмсығымен қарды тесіп, қорылдата біраз тартып, иіскелеп тұрды да, жан ұшырып, алдыңғы екі аяғымен бұрқыратып қаза бастады. Артын борандатып жіберген қаншық қар астындағы өлі шөбіне жеткенде барып дамылдап, дымқыл жерді ұзақ иіскеп, әлденені енді өзі шын дәметіп, іздеп, иісініп, сұлық тұрып қалды. Осы сәтті күткен ұяластардың бірі бөксе жағынан келіп асыла бергенде тұла бойы дір етіп тітіркенген қаншық басын көтеріп алып, бұлтын етті. Жонынан сырғып түскен ұялас қайта ұмтылып асылғанда қаншықтың манаурап, буалдырланған көзіне он қапталдан құйғытып келе жатқан арлан түсті. Зу етіп жеткен көк шулан жат арлан әлгі ұяласты кеудесімен қағып жібергенде әлсіз жас қасқыр екі-үш домалап барып, аяғынан зорға тұрды.

Бұл келген Бірішек еді.

Ойда жоқ жерде тап болған омыраулы, биік көкжалға басқа ұяластар ұмтыла бере қаймығып, тосылып қалды. Сіңірлі аяқтары бала қайындай сом, белі бүкіш, мойны жуан, алқымды – бар бітімі ерекше Бірішек әй-түйге қарамай қаншыққа асыла түсіп еді, төтеден келіп өңмендеген бөтен бөріні жатсынған нәзік аш қасқыр бұратылып, танауын тыржитып, қайырыла берді. Арлан ұяластардай емес, аса қайырымсыз екен, арс етіп желке тұсынан азуды салды да, сілкіп-сілкіп қалды. Тіс тиген жер тыз еткенде тұла бойы шымырлап, көзі карауытқан қаншық әлуетті күшке мойын сұнып, тілерсегі дірілдеп, буын-буыны қалтырап, жонын бұра бергенше ойран-топан болды да кетті. Әлгінде зәбір көрген ең ашулы, қайратты ұяластың бірі Бірішектің алқымына қарай атылып еді, қалғандары да тарпа бас салды. Арылдап, ырылдап алысқан бөрілер ұмар-жұмар боп, қар құйындатып, борандатып жіберді. Қайсысы қайсысын талап жатқаны белгісіз, шаң-шұң. Екі-үшеуі қыңсылап, сытылып шыға берді. Бірішек ә дегенде-ақ екі-үшеуін домалатып түсіріп еді, қатты айқасқа әлі тәжірибесіз болса да, жонына, сауырына кірш-кірш кадалған жас бөрілердің тістері етін удай ашытып, шын ашуға мінді. Алғашқы ұялас қос аяқтап тік қарғығанда Бірішек арандай аузымен алқымнан асай алды да қиран еткізді. Екі-үш рет толғап, мытып-мытып жібергенде тынысы тарылған ұяластың шошандаған құйрығы да жығыла берді. Жағы қарыспай тұрып аузын тез босатқан Бірішек желкесіне жабысқан тағы бірін оқыс сілкіп қалып, жұқа шап етін алмастай азуымен жарып жіберді. Өзі оның үстінен тез қарғып, сытылып шығып, қайта бұрылды. Шалқасынан үйелеп, әлі құрып жатқан ұяласқа қайтадан міне түсіп, түгін қалдырмай паршалап талады, талаған сайын құнығып, арылдап, жемтік жегендей өлерменденіп, кесек-кесек етін жұла берді. Қызыл ала қанға бөккен жас арланды көргенде жас бөрілер де тағылығын жасамай тұра алмады. Бөрінің көзі қанталап, бас салып, өз ұяластарының денесін парша-парша етіп, бөліп-бөліп әкетті.

Анадайдан мағынасыз қараған қаншық не істерін білмей, біраз уақыт есенгірегендей мәңгіріп тұрған. Аздан соң өз бетімен мақсатсыз жортып, көз ұшындағы жотаға қарай кете барған. Осы кезде ғана қаншықты аңғарған Бірішек маңындағы бөрілерді тастап, соңынан құйындай ұшты. Қаншықта зәре жоқ. Көзі жасаурап, жалтақ-жұлтақ етеді. Бірішек зор тұлғасымен күдірейіп, алдын кес-кестеп тұра қалғанда құйрығын шабына тығып, шоңқиып отыра кетті. Бірішек екі-үш рет айналып келіп шабынан искегенде әр түгіне дейін қалтыраған қаншық

мүләйімсіп, басын созды. Бірішектің құйрығының дәл жуан тұсын шайнап тастаған, бір тал шеміршекке ілініп, салбырап, үзілейін деп тұр. Бүкіл денесінде тіс тимеген жер қалмапты. Қаншық енді осы жараларды қалай жалай бастағанын өзі де аңғармай қалды. Әлден уақытта ұмтыла беріп Бірішекке бата алмай артта қалған ұяластарын біржола тастап, әлуетті, айбынды арланның қасына ілесіп, шоқырақтап келе жатқанын бір-ақ сезді. Сол түні жапан түзде екеуі алғаш рет ұйықты да...

Содан бері Бірішек пен қаншық жұбын жазған жоқ. Үлкен таласқа түсіп қатты жараланып, күшпен тартып әкеткен жас қаншық аса ыстық. Әйтсе де тым асыр сап ойнап, еркелетіп, бойын үйретпейді, үнемі суық, салқын. Қатал арлан өне бойын жаралап, туғалы алғаш рет талаған дала бөрілеріне де кәрлі. Олармен үйір қосып бірге жүрген емес.

Бір тал шеміршекке ілінген құйрығы тілерсегін соғып бөгет болып, оның үстіне кара қотырланып жазыла бастағанда қатты қышып, мазасын алған. Бір ашулы күні қайраңға шыққан шабақтай қайырыла беріп, оқыс қауып алған да, үзіліп түскен өз құйрығын өзі шайнап-шайнап тастаған. Содан бері бір тұтам ғана құйрықпен қалды. Көктем шыға Жамансорға асқан Бірішек тұзды суды екі-үш рет жалдап өткенде денесіндегі жаралары да сорығып, қабыршақтанған қотыр түлеген жүнмен бірге түсіп, орны қылшықтанып, тез жетіліп кетті.

Содан былай екі жыл қатарымен қаншығын қасына ертіп, бейғам елдің малын қыра берді. Тау-тасы аз тоғайсыз жалаңаш адырлы жалпақ түзде ойларына келгенін істеді. Жылпос қаншық та арланның қасында ысылып, малдың қай жағынан шығып аңдуға, қуғыншы болса қалай қашып құтылудың амалына төселіп, әбден тәсілденіп алды.

Қанша дегенмен, «көп жүрген жылан да аяғын көрсетеді», кейінгі кезде қос бөрінің соңына түсіп, ізін аңдушылар да көбейіп кетті. Алғашқы күшіктері жаңа ауыздана бастағанда шетінен сетінетіп, бірер айдың ішінде түгел соғып, көзін құртты. Келесі жылы шүпірлеген сегіз күшік те құтаймады. Бауырларын көтеріп, жарғақ құлақтары жаңа қатая бастағанда үш-төрт аңшы келіп, түтін салып, шашалып-қақалып апаннан шұбыра шыққан бөлітіріктердің тілерсегін қиып, қапқа салып әкеткен.

Екі аяқты адам баласына әбден өшігіп, ауыл түбіндегі малдарына дейін жарып кетіп жүрген қос бөрі бір күні шын бақытсыздыққа тап болды. Бұлар қалың шіліктің арасымен жайбарақат келе жатыр еді. Қаншық ит жон оппа қардың үстінде

өліп жатқан қоянды көрді. Әшейінде арланнан бұрын кимылдамайтын жасқаншақ қаншық түлен түртіп қоянға ұмтылды. Бара аузын сала берем дегенше ақсақ ойылған қар астынан әлдебір суық нәрсе оң аяғын сак еткізіп қауып алды. Зәресі ұшқан қаншық аузындағы жемін тастай беріп, қаң етіп көкке қарғығанда салдыр-гүлдір етіп күртік астында жасырынған темір қақпан бірге шықты. Жанталасып бұлқынып, қайранға шыққан балықша бүктетіліп аласұрған қасқырды шынжырлы азу жіберер емес. Қысқан үстіне қысып, тартқан сайын қайырымсыз болат тісін батыра түседі. Жігіттің жігіті ғана табанымен басып тұрып зорға ашатын сом шаппа сүйегіне дейін жеткенде қаншық бар даусымен қансылап жіберді. Жапанды жанғыртқан ашы дауыс арланның жынына тиді. Жан-жағына алақтап ашуланған Бірішектің зәрлі көзі шегірейіп, жалы тікірейе берді де, өзі аяғынан ілініп, ғарып болған қасқырды бас салып домалатып, талап тастады. Өз кінәсін мойындағандай қыбыр етпей жатып, жалбарынышты үнмен болар-болмас қынсылаған ұрғашысын тастап кетуге кимаған ашулы арлан олай-бұлай шауып келді де, бір кезде қақпандағы аяққа салды ауызды. Аяусыз шайнап-шайнап тастады. Әлден уақытта оң аяғы жеп-жеңіл боп шыға келген қаншық шоқан-шоқан етіп қиралаңдай жөнелді. Ақ қардың үстінде дірдектеп аққан қан жосылып келеді. Шіліктің қалың жеріне жетіп кұлаған қаншық шолоқ аяғын ұзақ жалап, аянышты үнмен тұншыға қынсылай берді...

Содан былай қаншық шолоқ боп қалды.

Үш аяқпен шоқырақтаған ол Бірішекке енді серіктікке жарамай масыл бола бастады. Екі рет аңшылардың қолына түсіп қала жаздаған қос бөрі ақыры бұл жақтағы адамдардан зәрезап боп, тауы шағылып, күздің қара суық, қатқак кезінде, өліараның қаранғы қарлы-жауынды түні ұзақ жолға шығып, жер ауған.

Бірнеше күн нәр сызбай, күндіз жатып, түнде жортқан қасқырлар ақыры Сырымбет, Имантау, Айыртау, Сандықтау, Зеренді, Бұқпантау, Жыланды жерін жайлаған ағашты, тау-тасты елге жетіп паналады. Бұл өңірде де мыңғырған мал, бұл жақта да еркін жайылған жылқы, анда-санда жеке шыққан саяқтарын жеп кетсе аса іздеп, аттан салмайтын марғау жұрт, кең халық. Бірақ адамға өшігіп, кектеніп алған ашқарак бөрі ондай сыпайылықты қайтсін. Бейғам елдің малына келе ауызды салды. Салған сайын құныға түсті. Аз күнде тиген жерін алағандай бүлдірді.

Қалың ағаш арасындағы неше жылғы шөбі шіріген ескі шөмелені қуыстап, екеуі үйшік еткен. Бірішек күнде бір жерден мал жеп қайтады да, артынан қаншығын ертіп, өлімтікке сілейте тойдырып алып қайтады. Қауіпті кезде ертуге запыс болған...

Міне, қазір де сол әдетімен бұдан екі-үш күн бұрын жығып кеткен малдың үстіне қос бөрі өлермендене түскен.

Бір кезде етке тойып езуін жалай бастаған Бірішек басын оқыс көтеріп алды. Екі құлағы тікірейіп, кеудесін кере ұмтылып, көзі шегірейіп, әлденені тесіп жіберердей алысқа қадалып тұр. Қаншық та қалшиып, қыраулы кірпігін жиі қағып, арланына бір, алға бір қарайды. Бірішектің құлағына маңк етіп үрген ит үні шалынды. Жер астынан талықсып шыққандай әлсіз. Бірішек таза ауаға тұмсығын төсеп біраз тұрды да, алыстан жеткен жат иісті сезді. Таңғы ауада дабырлап сөйлеген адам үні де құлағының түбінде дүнгірлегендей болды. Танауы жыбырлап тыржия бастаған Бірішек алдыңғы аяғымен қарды тырмалап, ызалы қынсылады да, өлімтікті бір айналып, бағанағы келген жағына қарай жорта жөнелді. Қауіп атаулыны арланының әр қимылынан, көзінің жанарынан ұғатын молақ қаншық зып етіп алға түсіп, шоқырақтай жөнелді.

Алғашқыда үздік-создық бірінен-бірі озып отырған екі қасқыр бір қыр асқан соң, бір топ қурай түбіне сарыды да, оңға қарай күрт бұрылып, бірақ көсіле шапты. Алқымына қар кептелген, іші күртік ағаш арасына кірмей, аланқаймен келеді. Арлан алдында.

Бұл кезде күн де көтерілді. Аппақ қардың бетіндегі сан мындаған ұсақ жұлдызшалар жалт-жұлт етіп, неше құбылып, көзді аштырмайды. Ерегіскендей күнде тынымсыз соғатын жел де жоқ. Шапқанда сыза түсіп отырған тырнақ ізіне дейін сайрап жатыр. Қос қасқыр қалың ағаштың тасасымен өте бергенде тоғайдан шыға, үркіп кері қайтқан қоян ізін, бір-екі жерде шоқырақтап секіріп, ұшып кеткен сауысқан ізін көрді. Таң сәріден тұрып ін-іннің арасында жортатын ақ тышқанның қыбырлаған ұсақ ізі де жатыр. Әншейінде тарбиып жататын қасқыр ізі, жосылып жататын елік іздері жоқ.

Екі-үш қыр асқан соң қос бөрі бейғам күйге ауысып, әдеттегі жайбарақат жортысқа түсті. Қарны тоқ молақ қаншық сөлен-сөлен бүлкілдеген Бірішекке еркелеп бір-екі рет асылып, ойнағысы да келді. Ондай кезде күдіс арлан күжірейіп тоқтай қалып, көзінің астымен жақтырмай қарайды да, мойнынан сырғып түскен қаншығын кеудесімен қаға-маға алға озады.

«Асықпа, алысатын уақыт алда, әуелі мекенімізге жетіп алайық» дегендей тағы жортады.

Бұл кезде екі ит ерткен, өңкей қаншырдай қатқан жарау ат мінген бес аңшы өлімтіктің қасына жеткен. Өлімтікті жармысына дейін жеп, қалғанының да әр жерін қажалап, маңайдағы қарды опыр-топыр шиырлап кеткен қос қасқыр ізі келген ізімен қайта шұбатылып, сайрап жатыр. Келгендегі іздерінің арасы жақын, қайтқан іздерінің арасы алшақ.

Аңшылар көп аялдаған жоқ, сүйреткен сойылдары қар сызып, жеңіл шоқырақпен аң сонынан салдырта жөнелді. Қасқыр алып әбден үйренген иттер жылмың қағып, жиі-жиі жер иіскеп, оқтай атылып аттылардың алдына шығады.

Суыт жүрген аңшылар күн тұсау бойы көтерілген кезде көз ұшында кетіп бара жатқан екі қарайғанды көрген. Олар да сезіп қалса керек: шоқ ағаштың тасасына түсіп, ғайып болды.

Бірішек құлағын тікірейтіп артқа бір қараған да, көсіле тартқан. Бұл белгіні білетін молақ қасқыр алдына түсіп алып зымырай жөнелді. Үш аяққа әбден төселіп алған. Жарымжан аяғын көтеріп ап зытқанда кез келген қуғыншыға капелімде жеткізе қояр түрі жоқ.

Бірішек енді адымын қысқартып, жеңіл шоқырақтап аялдай берді. Мұнысы қаншығы мүгедек болғалы істеп жүрген әдісі. Молақ көз көрім жерге ұзап, қуғыншылар жақындап қалғанда арлан жалт беріп, бір бүйірге қиыс тартты. Талай рет осы айламен аңшыларды алдап, соңына түсіріп, қаншығын құтқарып қалған.

Жоқ, бұл жолы олай болмады. Біраз жерге ұзап барып, артына бір қайырылып еді, аттылар тура қаншығы екеуі айырылысқан тұсқа жұптарын жазбай жеткен екен. Тізгіндерін тартып кідірді де, көлденендей бұрылған кері аттын үстіндегі біреу қолын сілтеп, қасындағыларға бірдеме дегендей болды. Содан соң-ақ аңшылардың үшеуі молақтың соңына түсіп, екі ит ерткен екеуі осылай қарай құйғытты. Бірішек өзіне сенімді. Онша қауіп ойламайды. Бірақ қаншығының күні не болады. Қуғыншылар да, жобасына қарағанда, жолай кездесіп қызық қуған жүргіншілер емес, әдейі сайланып шыққан аңшылар сияқты. Көп сұрқылтайды көрген көзі жіті, тәжірибелі арлан аттардың түр-түсіне дейін, үстіндегі адамдарының киім киісі, сүйреткен сойылдарына дейін анық көрді. Әсіресе туа қастасқан қас жауы иттердің түс тұлғасын анық байқады. Бірі түрқы ұзын күдірейген сары ала ит те, екіншісі мүше бітімі жинақы қара қасқа ит. Екеуі де ауыл ішінде мықтымсып көп үретін бар-

кылдактардай немесе қасқырға айтактаса-ақ көрсін-көрмесін арсылдап, далақтап жарыса шабатын майбасар төбеттердей емес, иелеріне қарап, солардың сынайын аңдып, бұйрығын күтетін есті, алғыр иттер тәрізді. Бірақ олардан да онша жүрегі шайлығып, ыға қоятын арлан жоқ.

Бірішек тағы да бағытын өзгертіп, қайтадан қаншық кеткен жаққа қабырғалай салды. Не де болса оның ізінен адастырып, бар аңшыны өзіне бұрып алмақ.

Көз ұялтатын шағырмақ қардың бетіне түскен ұлылықішілі аңдардың ізі көбейіп қалыпты. Түнгі ұйқыдан соңғы жауған қардан кейінгі күндегі тіршілік.

Ойкастай шауып біраз лекітіп-лекітіп алған Бірішек аз уақытта қаншығының қарасын көрді. Алғашқы шабысынан болжырап қалған екен. Бағана түлкідей құлдырап жөнелгенде аяғының ақсақтығы сезілмегендей еді. Енді қанша жанұшырып баққанымен басы қалтаңдап, артына әлсін-әлсін жалтақтап, шоқырақтап барады. Екі-үш жыл серік болған молаққа арланның жаны ашыды. Бірақ енді көмек етер дәрмен жоқ. Қиқуды салып қуған үш атты жан-жағынан қаумалап, жақындап қалған. Бір амалын тауып, жалтарып ағашқа еніп, жол тауып кетпесе, төнген ажалдан енді құтылуы неғайбыл.

Үстіп келе жатқанда Бірішек өз сонынан дүрсілдеген ат тұяғын сезді. Мойнын бір бұрып қалып еді, қазір соғып алатындай қолындағы сойылын оңтайланып, әудем жерде ұшыртып, таяп қалған күрең қасқа аттыны байқады. Кер атты соңында — алысырақ келеді. Түстері сұсты. Екі ит те тым айбарлы.

Денесі сәл қызынып, буын-буыны жазылып, бабына келген Бірішек енді бұдан әрі жақындатудың қауіпті екенін сезіп, көсіле тартты. Ә дегенде-ақ қанатты күстай ұшқан арлан қуғыншыдан сытыла жөнелген. Енді артына бұрылған жоқ.

Бауыры қарға тиер-тимес боп, күзендей бүктетіліп шапқан бөрі өзінің күшін бір байқайын дегендей, түс ауғанша тоқтамады. Шапқан сайын қарқыны үдеп, екі құлағының түбінен жел гу-гу етеді.

Көкше жерінде ит мұрыны өтпейтін қалың қарағайлы, шаппақ тасты кіші-гірім әсем таулар қанша көп болса, айдын көлдер, жайылма, қара сулар, шалшық, томарлар да қисапсыз. Қары қалың, жауыны мол жылдары ойдым-ойдым шіліктің маны да суға толып, кейде күзге дейін тартылмайды. Жерден су көп сияқты көрінеді. Бірішек қазір көгілдір мұзды айдын көлдерден, шок-шок қызылдан, үстінен қалың қар жүрген сай-

жыра, кара сулардың талайынан айналып өтіп, ирелендей берді. Қаншығынан айрылып жалғыз қалғандай сезініп, бар өшін жер танабынан алатындай қуырып келеді. Не де болса бұл маңнан ұзағырақ барып, ұрғашысының қайғысын алыстағы бір ауылдардың малымен өтемек.

Ойдым-ойдым өскен шок қайындардың ара-арасымен күйіндай ұшып, шұнақ көкжал кен жазыққа шықты. Алыста Сырымбет тауы бұлдырайды. Дәл төбесіне дейін сынсыған карағайлы көгілдір таудың бауырында арлан талай рет болған. Қысы-жазы тынбай тас арасынан бүлкілдеп ағып жататын ақ бұлақтың көусәр суын талай малшылаған. Оң капталындағы қалың қамысты көлдің ығындағы қолдың саласындай ақ балтыр қайынның арасы жыпырлаған қоян. Арлан анда-санда қоян да аулап, талайының танын айырып, қан-жоса қылған. Әсіресе көжектері қандай тәтті. Бас сүйектерімен қоса бытырлата жегенде дәмі ауыздан кетпейді. Көмей суырады. Осыны ойлағанда Бірішектің езуінен сілекейі шұбырды. Таң ата жеген өлімтіктің тоқтығы тарап, енді қарны шұрқырағандай болды.

Түс ауа арлан Сырымбеттің бергі сілеміне ілікті. Тау да алыс емес. Енді асықпаса да болады. Жау қарасын үзгені қашан. Оның үстіне өрге қарай көтерілгенде, жол ауырлап, ықтасынға түскен күрткі қардың кей тұсы ақсақ ойылып, Бірішектің құлағының түбі жіпсігендей болды.

Қалың тоғайдың шетінде өскен жалғыз қайынның түбіне омбылап барып, бір айналып аяғын көтере берген арлан көзі шатынап тұрып қалды. Шын ба, өтірік пе? Қалың қырау басқан сирек кірпігін қайта-қайта қағып, келген жағына үрке қарады; басын қалың ұлпа қар көмген меніреу тоғайдың бауырынан қылт еткен бағанағы кер аттылы аңшы ұшыртып келеді. Қасында сары ала иті де бар. Бірішек шала сарып, бұтына ағызып-тамыза жөнелді, тумысында зәресі ұшып қатты үрейленгені. Осынша ұзақ шауып, кара үзіп кеткенде сонынан бір елі қалмаған қуғыншыны кездестіргені осы.

Арлан жан дәрменде қайта қарқындап, тоғайдың тасасына айнала тартты. Бұл жолы құлағының қалай жымып кеткенін де аңғармады. Аңшының сұсы жаман. Осынша жерге қажымай жеткен ат пен иттің тұқымы басқа болар. Сасқалақтап қалған қасқыр тоғайдың дәл түбінен өте бере, бір қырындай келіп, оң жағына ышқына қарғыды. Сирек өскен екі-үш түп ағаштың бауырындағы күрткікке түскен бөрі тағы қарғып барып, екінші тасаға түсіп, күйіндай ұшты. Бұл – ізінен жаңылдырардағы қасқыр әдісі. Із қуып аңқылдатып жеткен аңшы, әдетте, аттын

басын күрт тоқтата алмай, екпінімен өте шығады. Қайта бұрып келгенше, не іздін өзін жоғалтады, не үзілген іздін ұшығын таба алмай лағып кетеді. Ең болмағанда, қашан тапқанша, сол арада айналшықтап, ұзақ күйбіжіктеп, бөгеліп қалады.

Бірақ Бірішектің бұл әдісі де сәтсіз болды. Жалт бұрылып бағытын өзгерткен Бірішек енді ойға қарай тоңқандай шапқанда, артында ажал елесіндей боп қалмаған кер аттыны гағы көрді.

Бұл жолы Бірішек аянған жоқ. Қайтсе де құтылудың камын ойлап бар күшін салды. Ғұмыры бұлай зымырап көрген жоқ шығар. Енкейе бастаған қысқы қызыл күнге қарай кар боратып кұйындай ұшты. Ұзақ шапты.

Жоқ, бәрібір кер атты қалар емес. Қайта бұрынғыдан аралары жақындап, тақымдай бастады. Сары ала ит қана артта ұзанқырап қалды.

Өне бойы түгел бусанған Бірішек енді бір кезде терлей бастағанын сезді. Ана жылы көп бөрінің ортасынан шыққанда осылай бір малшынып еді. Жараларын жалап отырып, аузына келген кермек ашы дәмнен тұшырканып, қайта-қайта кар асап шөлін басқан. Енді бір кезде тура сол ашы дәм тіліне тигендей болды: тұла бойынан акқан тер көзінің түбінен де саулай бастаған екен.

Әлден уақытта тандайы кеберсіп, өз тілі өз аузына симады. Аузын арандай ашқанда сала құлаш тілі жантәсілім берердегі сиырдың тіліндей салбаң етті. Бірішек енді сәл жүгірсе қызылмай боп алқынып қалатын ауылдың сабалак иттеріндей қайтып тілін жинай алмады. Ол ол ма, аздан соң жүрегі дүрс-дүрс соғып, басы айнала бастағандай болды.

Ат тұяғынын дүрсілі күшейіп, жақындап қалған сияқты. Аншы мен екі арасы уақыт өткен сайын қысқарып, тарылып келеді. «Осынша ұзақ шабысқа қажымайтын мұндай да дүлдүл мал болады екен-ау. Қандай ұшқыр аттардың өзі бас салып куғанда құйрық тістесіп келсе де, біраздан соң шанын көре алмай шатқаяқтап қалушы еді. Ал мына албасты шапқан сайын үдей бере ме, қалай...». Бірішектің көзі алайып оң жағына үрейлене қарады. Кер ат басына бой бермей ала-ала қашып, қапталдап келіп қапты. Тіпті озып барады.

Жоқ, Бірішектің өзі екен ойыса бастаған. Басы-көзін тер жуған арлан енді өзінің шауып келе жатқанын, немесе биік жарға шыға алмай тырбандап, өрмелеп келе жатқанын түсінбеді. Жүрісі өндімей қойды. Тілерсегінің сіңірі тартқандай адымы тарылып, буын-буынынан әл кетіп, талыкси берді.

Көкжиекке жақындаған қып-қызыл күн біресе он жағынан, біресе сол жағынан шыққандай боп, көзі бұлдыраған Бірішек енді бір кезде тілі салақтап шоқырақтаған сары ала итке тура салып келе жатқанын көрді. Сонда ғана өзінің қашаған малдай бұлтындап, кер аттылынын айдағанына көніп, бір арада шыр көбелек айналып жүрген мүшкіл халіне көзі жетті. Қатты қысылып шын ышқынған арлан жандәрменде жалт бұрылып, ақтық күшін салып, жақын арадағы тоғайға төтелей тартты. Кер атты ағып өтіп, басын қайта бұрғанша қалың омбы қарлы қызылдың ішіне қалай қойып кеткенін де аңғармай қалды.

Жал-жал күртікті кеудесімен сүзіп, бір-екі қарғып, шоқандап, омбылап, ағаш ортасындағы алаңға әлсіреп шыққан Бірішек қуғыншы жаққа қарсы қарап жатып алды. Ендігі жаулықты қайтсе де осы арада күтіп алмақ. Бұдан әрмен кашуға мұрша жоқ. Екі өкпесін соғып, тілі салақтап, еңтігіп жатыр.

Ұзақ шауып, еті қызып, еліріп алған кер ат есік пен қарлы қылтадан өтпей үркіп, ауыздығымен алысып шыр көбелек айналады. Қасқыр жаңа аңғарды. Қысқы жүні қалындаған кер құла жас мал. Мұндай жылқының жұмсақ етін талай жеген арлан оның жас мал екенін бірден айырды. Екінші ата жауы – сары ала ит. Ол кер аттай емес, алқынып, шаршаған. Қазіргі өзінің халі секілді. Төрт аяғы төрт жаққа кетіп, қолбандап жана жетті. Ат үстіндегі иесі ағаш ішін сілтеп, «ал, Басарала, ал?» деп даусы саңқ еткенде, ол да қалың қардан шоқырақтап, малтығып өтіп, тайсалмай тура ұмтылды.

Аз да болса тыным алған арлан сәл сейіліп, сергіп қалған сияқты. Бойына қуат біткендей серпіліп, гүр етіп түрегелді. Күн шыққаннан бергі қасқырдың қарасынан көз жазбай қуып, мүлдем өшігіп, зығыры қайнаған алпауыт сары ала иттің екі көзі от шашып қанталап кеткен. Сырт түріне қарағанда әлді төбеттерге де, қарны қабысқан биік тазыға да ұқсайды. Омырауы алқам-салқам, күдірейген жуан мойын, арт жағы шөмиінкіреген, белі күдіс, аузы жырта қарыс ит алдында кесе-көлденең жолбарыс тұрса да қаймығып, іркілетін түрі жоқ. Бұрын тап мұндай өлермен итпен ұшырасып көрмеген Бірішек бір қырындап ығысып, орнынан жылыса бергенін өзі де сезбей қалды. Мысы басқан ит алдында тайқақсып жасықтық жасап алғанына ызаланған арлан лезде бойын жинап, атылайын деп келе жатқан азулы ажалға қарсы бұрылды. Бұлшық еттері жиырылып, жалы тікірейіп шиыршық атқан Бірішек сәл бүгіле беріп, үстіне төніп қалған алпауытқа қарсы қарғыды. Екеуінің әдісі де бірдей екен. Кез келген жауын бір қаққанда жұлындай


ұшыратын темірдей қос кеуде бар екпінімен кеп серіппедей соғылғанда, екеуі де шалқалақтап барып қайта түзелді. Ар-ар еткен ызалы үн шығарған қос дұшпан енді алдыңғы аяқтарымен тік шапшып бірін-бірі кеудеден, алқымнан тіреп, қосаяқтап тұрып қалды. Ауыздарын арандай ашып ұмтылғанмен бастары жетпейді. Іштен шыққан ыстық лептері ғана беттерін шарпыды. Екеуінің де сояу-сояу ырсиған аппак азулары бірдей. Сәл мүлт жіберсе, алмастай өткір азу кәдік. Тиген жерін орып түседі. Осыны аңғарған екеуі де садақтың оғындай өткір, зәрлі көздерін бірінен-бірі алмайды. Біреуі сәл жасықтық жасап, көзін бұрса, екіншісі қағып тастамақ. Бірішек те, Басарала да тегін жаумен кездеспегендерін ә дегеннен-ақ ұқты. Саусақтары салалы, сіңірлі аяқтары да бірдей. Оңай берісетін дұшпандар емес. Екеуінің де бүгін түгі қалмай талануы хақ. Бірақ біреуі өлуі керек. Ажалсыз айырылысуға жол жоқ. Бұл – екі сырттанның арасындағы бітіспейтін жаулық заңы.

Бір-бірінің қапысын аңдыған қос арлан бірдей қимылдады. Алдыңғы аяқтарымен көз ілестірмей қаққанда екеуі де екі жаққа ұшып, қайта атылды. Бұл жолы ұмар-жұмар боп ұзақ алысып кеткен Басараланың тамағына ұмтылған Бірішектің аузы қара езуге ілікті. Бірақ терен қамти алмады. Қалын шеміршекті шайнап, қасқырды тұқырта беріп еді, жыланша бүктетіліп шиыршық атқан Бірішек жауырынмен қағып, ұшырып жіберді. Омақаса барып тұра берген Басараланың үстіне сасық күзенше атылып жабысқан бөрінің азуы желкеге тиді. Бұл жолы қапсыра тістеді. Бір аяғын иттің үстіне артқан Бірішек жерден мықты тиянақ таппай, дұшпанның кен қолтығына әлгі аяғын тығып жіберіп адамша шалып алды. Басарала үстіне қонжыған қасқырдың шабына қарай мойын созып еді, желкеден сығып толғаған азу босатар емес. Батып барады. Басарала жерге жабыса бере көкжалды үстінен асыра лақтырды. Бір айналып барып дік етіп, қайта бұрыла берген бөрінің шабынан алып, тағы да көтеріп тастады.

Ағаш арасындағы қардың беті шынылтыр да, асты күпсек. Кесек-кесек қар томырылып, әлгіндей болмай опыр-топыры шықты. Кей тұсы қара жеріне дейін көрініп, жұлынған жүн, аққан қанмен мидай араласып қара-қошқыл түске айналған.

Кер дөненнің ақылды, үлкен көзі бадырайып, үрейленіп, шылбырын үзердей жұлқынып, үрке берген соң, аңшы оны алыстау апарып байлаған да, ағаш арасында тұрып, қан майданды бақылаған. Басында иті жеңіп бара жатса, иірі сөті деп ұмтыла түсіп, қасқырдың азуы

569699



аяп тұрса, біраздан соң үнсіз мелшиіп қалды. «Қайсысы жеңсе де, әйтеуір, тең аяқас. Шіркін, жекпе-жекке келіп, өз теңімен алысып өлгенге не жетсін» деп, ойлы караған жігіт бір кезде табиғаттың ғажабына қайран қалды. Бұл екі арада шанырақтай үлкейген кешкі күн балқыған темірдей қызарып, дөнгелей домалап көкжиекке құлаған. Селдір тоғай арасынан шашырай түскен өткір сәуле дүниені қып-қызыл бояуға малып алды. Қарсы беттегі селдір карағайдың ара-арасында әдейі қолмен екендей араласа өскен көп терек бар. Күзде үзіліп түспей әрі бұтағына ілініп аман қалған бірен-саран қызыл жапырақтары күн сәулесіне шағылысып, шоқтай жайнады. Қожырмағы аз қайынның аппақ балтырлары, ақ қар, сұр қасқыр, сары ит – бәрі де оттай жанып, қан-қызыл түске енді. Қып-қызыл от ішінде арсылдап, жыланша бұратылған қос арлан дауыл ішінде дүрілдеп кеп ұмар-жұмар аяқасып, бүктетіліп, қайта шапшыған биік жалын сияқты. Сумандаған жалын отты тілімен бірін-бірі жалап, лап етіп шалқып, қауып-қауып алады. Бір сәт жерге сылқ етіп құлап, шиыршық ата домалап, қайта шалқиды. Дүние қызыл от, қып-қызыл қан. Дәл ортасында тіршілік үшін жан алысып, жан беріскен қос арлан. Үлкен ойлы көзін қадап, қайын арасынан бақылаған аншы:

Дүние жалын, дүние от,
Дүние ыстық, дүние шок, –

деп әр сөзін қайталап, бөгеле берді: «Дүние жалын, дүние от...».

Күні бойы шауып зорыққан ит пен қасқыр жекпе-жек кездескенде бойларына қуат бітіп, ашуға мініп лезде шириғып алған еді. Бірінің етін бірі жаралап, қалың терілерін қарулы тістерімен шүберекше жыртып ұзақ алысқан арландар бір кезде алқынып, тілерсектері қалтырай бастады. Құлақтан, ездуден, жұқа шаптан дірдектеген қан әлсіретіп тастады. Бірін-бірі оңайлықпен ала алмаған соң, көздері бұлдырап, енді айлаға көшкен.

Неше бір әдіс жасап бірінің астынан бірі сытылып жүргенде Басараланың аузы Бірішектің тамағына тиді. Ең соңғы күшін салып асай қапқан ит сіресіп жіберер емес. Енді босатса осы халге өзінің келетіні айдан анық. Көзіне өлім елестеген Басараланың әр түгіне дейін қалтырап, қасқырдың кеңірдегін қыса түсті. Бірішек ақтық рет бұлқынып еді, тамағынан ыстық қорғасындай басқан зілдей салмақ төмен қарай тұқырта берді. Тынысы тарылып, қылғынып, көзінің алдындағы қызыл от

күренітіп сөне бастаған арланның алдыңғы аяқтары шалысып, жас талдай майысып барып гүрс етіп құлады. Бір-екі рет ышқына серпілген аяқтары, әлден уақытта жан-жаққа тарбия жайылып, қимылсыз селтиіп қалды.

Бұл кезде күннің қызыл бояуы ағаштың ұшар басына қарай асыға өрмелеп, ысқаяк көк күмбезге сіңіп, лезде ғайып болды. Серейген рабайсыз ұзын көлеңкелер де ақ қардың үстімен кара жыландай жер бауырлай жылжып, ұмтылған сайын асығып барады. Әлден уақытта бар көлеңке бас қосып, бүкіл алапты қоныр сұрқай көрпесімен бүркей салды. Әлгінде ғана жалындай шапшыған Бірішек арлан да, шоктай жайнаған терек жапырақтары, бар алап сөніп күлге айналғандай бозара қалды.

Басараласы мауқын бассын деп, маңына жоламаған аншы екі жол өленінің жалғасын жаңа тауып, басын біріктірді:

Тіршілік нәрін сепкен күн –
Дүние жалын, дүние от,
Тіршілік бойдан кеткен күн –
Сөнген шала, өшкен шок.

Бұл — атығай-карауылға, бүкіл Көкшетау өңіріне аты жайылған аншы, саятшы сері жігіт, өз жанынан шығарып айтатын әнші, суырып салма ақын, Қорамсаның Ақаны еді. Азан шақырып қойған шын аты Ақжігіт. Үй іші, ауыл-аймақ еркелетіп Ақан деп кеткен.

Содан бері ел Ақан дейді.

Ғаң атқалы ат үстінде отырып тершіген Ақан Басараласы майдан салып жатқанда қанжығаға бүктеп байлаған жеңіл ықшам қасқыр ішігін алып үстіне жамылған да, басындағы жұқа малақайын ауыстырып, ердің жырымына байлаулы жасыл шибарқыттан тыстаған қырдың қызыл түлкісінен тіктірген жекей тымағын киген. Саптама етігінің қонышынан асатын ағаш ішіндегі қарды омбылай, Бірішектің тамағына аш күзенше қадалып, жағы қарысып қалған итінің қасына келді. Титықтап шаршаған Басарала иесін сезер емес. Тыныштық алып, қалғып кеткен сияқты. Әйтеуір, кеудесінде жаны барын қар соғып қимылдаған сыптырықтай қысқа құйрығынан, толғап-толғап жұтынған тамағының бүлкілінен ғана айыруға болады.

— Жә, жетті, Басарала. Жарайсын, Басарым, енді дем ал!— деп иесі итін еркелетіп, жүресінен отырды да, желкесінен, жонынан сипалады. Жынын құстырып, бабымен жаратқан иттің денесінде бір жапырақ арам ет жоқ. Салалы, ұзын сау-

сактарымен аңшы бұлшык еттерін ұстап еді, буылтык-буылтык болып тастай катып калыпты. Ақан ұзақ сипап, тартылған сiнiрлерiн, буын-буынын жұмсақ алақанымен укалап, босата бердi. Әлден уақытта барып қарысқан жағы ашылған Басарала тәлтіректеп тұрып, екi-үш аттап сүрiнiп, жата кеттi. Денесiнде сау-тамтық жоқ. Тумысында алғаш рет қатты жараланған ман төбет қатты әлсiреп, есенгiреген. Талықсып, басын көтере алмайды. Иесi шолақ тоннын кен қалтасында шүберекке ораулы бiр кесек күйрық майды зорлап жұтқызды да, қасқыр iшiгiн үстiне жауып, тер қатпасын деп қымтап тастады.

Алып Бiрiшектiн созыла түсiп жатқан ғажап iрiлiгiне тан қалған Ақан бiраз уақыт көзiн алмай тұрды да, «ауылға осы күйiнде жеткiзсе» деп күйрығынан көтердi. Қырда еркiн жүрiп, ойына алған малдың аппақ қардай семiз, борықтай жұмсақ етiн жеп сүйегi ағарған арлан зiлдей екен. Аттын үстiне екi-үш адам болмаса, көтерiп салу да қиын. Бiрақ жәй ойлағаны болмаса, ұсақ аң емес, сойылмаған бiтеу қасқырды атқа өнгерсе, жүйрiк аттын бағы қайтады дейтiн ырымды бiлетiн аңшы қынындағы кездiктi суырды...

* * *

Ақанмен аңға шыққандар бағанағы күрең қасқа атты төре тұқымынан Жұпының Әлжаны мен оның жылқышысы, ақынның қасынан соңғы кезде бiр елi қалмайтын қалжыңқой серiгi Шәкей, әншi жiгiт Сұлтанмұрат едi. Түнеугүни Бiрiшектiн жайратып кеткен малы – осы Әлжан байдың құтты биесi. Зығыры қайнап, талай сайланып шыққанмен арланды ала алмай мысы құрыған бай Ақанға қолқа салған. Бiр жетсе Құлагер мен Басарала жетер деп үмiттенген. Неше күндей аттарын жаратып, иттерiн баптаған аңшылар қазiр қасқырдан да, қуғыншы Құлагер, Басараладан да көз жазып, орта жолда қалды. Бағана молақ қаншықты қуған Шәкейлер онша қиналған жоқ-ты. Мүгедек ақсақ қасқыр қара үзiп ұзай алмай, қарулы, әдiсқой Шәкейдiң қак сойылымен түмсықтан бiр ұрғанынан қалмай, әлiп боп түскен.

Ал Әлжанның ұшқыр, жарау, күрең қасқасы ә дегенде қасқырды бастырмалатып, суырылып шыққанмен, ұзақ, үрдiс шабысқа шыдай алмай түске таман босанси берген. Содан бiраз жер өткен соң, жана бусанып, жазыла бастаған басы қатты Құлагердi тежеңкiреп отырған Ақан бiр кезде еркiн қоя бергенде, ақ көбiк боп терлеген күрең қасқа

барлығып, айдалада қалған. Аңшының ізімен шоқытқан ат күн енкөйе жүруге жарамай, сағалдырық түбінен бастап, қолтық, шабы сабынданып, аяңға түскен. Қара қасқа, төрт көз иттің де күні сондай.

Қазір Әлжанға Шәкейлер қосылған. Ұзақ жерге дейін Құлагердің ізімен келген аңшылар аттары болдырып, әрі бара алмады. Аттарынан түсіп, ағаштың бауырына жайғасып, насыбайларын атып, ай туғанша отырды.

— Апырай,— дейді Әлжан,— бұл Ақан білмейтін нәрсе жердің астында шығар. Қыз қылығы түгілі, қасқыр қылығын да біледі. Іштен туа үйренген бе?

— Не білетінін айтасыз?— деді Сұлтанмұрат.— Ақан ағанын білетінін санай берсеңіз шашыңыз жетпес.

— Жок деймін-ау. Далада жатқан өлімтікке қайырылып соғатынын қайдан біліп қойды?

— Қасқырдың екі мекені болады дейді Ақан,— деп сөзге Шәкей араласты.— Ол екеуін үнемі алма-кезек ауыстырып отырады. Мал жарып кеткен қасқыр өлімтікке екі-үш күн өткен соң қайткенде де бір айналып соғатын көрінеді. Ол — соның үшінші, уақытша мекені. Ал мына қаншықтың сонынан бізді қалай біліп жіберді дейсіз ғой? Былтыр Арықбалық көлінің ық жағындағы бір тоғайға жеткенімізде жалғыз арлан ағаштан шығып жөнеле берді. Тұра ұмтылып ек, Ақан біреуімізді ғана жіберіп, қалғанымызды тоқтатып тастады. «Анау алдамшы қасқыр, әдейі еліктіріп кетіп барады. Дәу де болса осы ағаштың ішінде бөлтіріктері бар»,— деді. Айтқаны тура келді. Ағаштың жан-жағынан баспалап кіріп, қаумалап жүріп, алты күшігін соғып алды. Бағанағы көкжалдың қашысы да тура соған ұқсайды... Жазда қасқырды қашанда көлде күту керек екен. Және аттан түсіп отырсаң, алыстан көрген бөрі онша елеі қоймайды. Сосын, әлбетте, бір топ қасқырдың әуелі бөлтірігін соғу керек. Үйткені олар қашуға айласыз, әрі әлсіз болса, оның үстіне арлан мен қаншық оларды тастап ұзай алмай, төңіректей береді. Әбден күдерін үзгенде ғана кетеді...

— Бір топ қасқыр дейсің, тұра тұр, Шәкей,— деп Әлжан аузын қақты.— Сонда қалай? Егер бөлтіріктері үйіне жеткен ірі қасқырлар болса, оның қаншығынан, арланынан қалай айырасын? Сен де айтасын-ау!

— Әуелі сіз тұра тұрыңыз. Аңшыға оны айыру қиын емес. Оның әдісін де Ақан үйреткен. Егер қасқырларды күндіз көрсеңіз, бөлтіріктері мейлі есейіп кетсін, ылғи алдында жүреді. Ал кешке көрсеңіз, ылғи артынан ереді.

– Не дейді, құдай-ау! Мұның бір қызык нәрсе екен,— деп Әлжан басын шайқады...— Әй, тоқта, біреудің даусы шыға ма, қалай?

Бәрі елендей қалды. Ақ каска да басын көтеріп, қыңсылап, иесіне тығыла береді. Тегі, май табаны тоңа бастаса керек, аяқтарын алма-кезек көтеріп, бүрісіп тұр.

– Акан!

– Аканның даусы,— деді бәрі қосыла.

Алыстан салған ән түнгі ауада қалықтап анық естіле бастады. Сар желдірген аншы өзінің бағанағы ізімен салдыртып келеді.

– Акан ағам көңілді сияқты, Бірішекті соккан-ау,— деп еді Сұлтанмұрат.

– Әй, қайдам, әшейін бізге дыбыс беріп келе жатқан болар,— деп Әлжан қашан көзімен көргенше сенімсіздене сөйледі.— Бірішегің онайлықпен қолға түсетін неме емес-ау.

– Акан көзге көрінген қасқырды сокпай қойғанын көргенім жоқ. Егер ондай сәтсіздік болса, ол бұрынғы ізімен кері қайтпауға тиіс,— деді Шәкей.— Ал өлен дегенді Акан көңілді кезінде де, ренжігенде де айтады. Оның менен кейінгі ең айырылмас серігі өлен ғой,— деп, қалжынын араластырып, сирек ірі тістері аксиып, жымия күлді. Ай көтеріліп қалған. Әлгіндей болмай Қабанбай шоғының теріскейінен кер дөненді Акан да қылт етіп көрінді. Басараласы қасында. Кер дөнен жиі пысқырынып келеді.

– Ой, сабазың-ай, өзі де атым-ақ екен. Әлі тың ғой, қарағым,— деп Әлжан, тіл тимесін дегендей тұфа-тұфалап түкірініп жатыр...

Тұрқы ұзын кер дөнен көлденендей кеп тоқтағанда, аншылар айналасына шығып қаумалап кетті. Көкжалдың терісімен қоса басын бітеу сойып алған, Бірішектің азулары ырсыып, көзі ашық күйінде қалыпты.

– Әһ, атана нәлет, сен ғой ақ адал малымды құртқан, езуінді ұрайын!— деп қалың тері шалбарлы Әлжан басынан теппекке аяғын көтере беріп шалқасынан түсті. Аншылар ду күлді. Ұялғанын сездірмейін деп, тұра салып, аттың үстінен Бірішектің шолақ құйрығын іздеп жатыр.— Өзі шынымен сол ма, иә, иә, сол, мына қара, шолтандаған құйрығынды ұрайын!..

– Жігіттер, ал жүрейік. Аттарға да, иттерге де тер қатпасын. Өздерін де онша бапты емес шығарсындар. Ана шок жұлдызға қарай жүрсек, ел жобасын табармыз. Жолай кездескен ауыл болса, тамактанып алармыз,— деп Акан алға түсті.

Әлжан — төре тұқымынан шыққан аксүйек болса да, мұндай жерде көп шіренбейтін кішіпейіл, онын үстіне аңғал адам. Бірішекті өзі сокқаннан бетер қуанып келеді. Талай-талай оқыс сөздер сөйлеп, жол бойы аншыларды күлдірді.

Қара қасқа иті де, күрең қасқа аты да болдырған төре атын қос өкпеге тепкілеп, Ақанға қатарласты:

— Ақан, осы мен бір нәрсе ойлап келе жатырмын. Осы бар ғой, бәріміздің де атымыз қаншырдай қатып жараған. Бірақ біздердікі болдырып қалды. Ал сенікі қалай болдырмайды?— дегенде, Ақан күліп жіберді:

— Оны үйдегі жеңейден сұраныз,— дегенде, аншылар қарқылдап тұрып күліп, даланы басына көтерді.

— Әй, Ақан-ай, сөзге ұстасын-ау. Біздікі әйтеуір қыңырсыңыр, қисық-шойтық бола береді,— деп тағы күлдірген Әлжан Ақанға жақындай түсті.— Жок дейім-ау, менің түсінбейтінім, осы қаншыр деген сөз не сонда?

Жігіттер де елен ете қалды: «Расында да не сөз?»

— Қаншыр деген — арыстанның ұрғашысы,— деді Ақан.

— Арыс-тан-ның?! Оны қазақ қайдан біледі? Көрген де жоқ қой.

— Неге көрмесін. Бір кезде болған шығар. Әйтпесе арыстан деген атты қайдан қойды дейсіз.

— Рас, рас, жаны бар сөз.

— Ал сонда арыстанның қаншыры, қасқырдың қаншығы дегенде, ұрғашы ит деп неге атайды екен, ұрғашы қасқыр демейді ғой,— деді Сұлтанмұрат та ойланып.

Ақан оған да жауап берді.

— Кейінгі кезде біз ескі сөздердің көбін ұмытып бара жатырмыз. Ол біздің кінәміз. Менің естуімше, иттің ұрғашысын қазір қаншық десе, бұрын итақай дейді екен. «Иттің итақайына дейін басынды-ау» деген сөз адамдардан қағажу көрген біреудің «қатындарға дейін басынды-ау» деп, ашынғанда шығарған сөзі болса керек. Ал мегежін, кәнден иттерді итаршы деген. Үлкен төбеттер абалап жатқанда, тапитак иттер де шаужайдан алады. «Итаршыланбай былай тұр», «итаршыланып не жоқ» деген сөз содан шықса керек. Мәселен, шегірткенің ұрғашысын «өлекшін» дейді. Ал аюдың ұрғашысын не дейтінін білесіндер ме? Көкшетау жерінде бұрын аю көп болған ғой.

Аншылар біріне-бірі қарасып жауап ката алмады.

— Аюдың ұрғашысын кірекей дейді.

— Кірекей дейді?

— Кірекей. Ой, ағай!— десті жігіттер.

– «Кірекейді өлтірме, конжығы жетім қалмасын» деген сөз бар. Сондағы «конжығы» дегені баласы екен,— деді Ақан.

Қатты аянмен келе жатқандар әр кездескен сайын жаңа бір сөз, дәріс, өнер үйрететін Ақанның жан-жағынан шығып ынтыға тындайды. Ара-арасында сұрақ беріп, аз сөзден көп мағлұмат алғысы келеді. Аң мен малдың төнірегіндегі ұсақ сөз болса да, тілдегі бұрын естімеген, аңғармаған нәрсеге ақынның мән бергіштігіне, ұғымталдығына қайран.

– Аюдың кірекейі, конжығы дегенді бірінші естуім. Біз ғой аюдың ұрғашысы, аюдың баласы дейміз.

– Ендеше,— деді Шәкей еліре күліп,— мысықтың баласы, тышқанның баласы деп әлдеғандай ғып адам баласына теңестіріп тәлтендетпей, оларға да бір ат табу керек екен.

– Бұрын аты жоқ болса, ойдан қоя салу қиын-ау,— деді Ақан басын шайқап.— Бұл айтқаның да, ойласаң, қызық нәрсе. Тегі, үй ішіндегі мақұлұқтарды солай атаса керек. Сыртта жүрген иттің баласын күшік дейді. Тек адамды жерлеп ұрысқанда ғана иттің баласы дейді. Ал «иттің күшігі» деген соған қарама-қарсы қалжың, еркелету ретінде айтылады. Мәселен ит күшіктеді, сиыр бұзаулады, бие құлындады десе, енді үйдегі мақұлық: мысық пен тышқанды мысық балалады, тышқан балалады дейді. Ойлай берсең көп қызықтар бар. Әттен не керек... Қызылжарда оқыған кезімде аңғардым — осындай сөздің бәрі орыс мектебінде, орыс ғылымында зерттеледі екен. Біз ғой мұндайды әңгімелеудің өзін ұсақтық санаймыз. Одан да кімнің соғымы семіз, неше елі — соны мұназәре еткенді ұнатамыз.

– Айтам ғой, Ақан жеті қат жер астындағының тілін біледі. Осы сен аттын да, иттің де тілін білетін шығарсың, Ақан,— деп Әлжан өзінше қалжындаған боп кенкілдеп күлді.

– Неге білмеймін, білемін,— деді Ақан да жұлып алғандай.— Бағанадан бері атыңыздың аяғына оралып, құйрығын шабына тығып қынсылап, жүре алмай бұралып келе жатқан итіңіздің не деп шағынғанын түсіндіңіз бе?

– Не деп шағынсын, шаршап келе жатқан да.

– Жок, сіздің сарандығыңызды Басаралаға айтып, бетіңізге салық қып, кінәлап келеді,— деді Ақан атының басын тежеп.

– Тек, сарандық демеші. Менің жомарт, сарандығымда иттің шаруасы қанша.

– Не дейді сонда?

– Не дейді?— деп, басқалары күліп, ақынды қолқалай жөнелді. Ақан сәл ойланып, аз үнсіз келе жатты да:

– Иә, сөзін жаңа құрадым. Ол былай дейді, — деп, бір ауыз өленді қолма-қол суырып салды:

Жонымда бір жапырақ ет қалмады,
Жүретін аяғымда еп қалмады.
Көженің қоюы да тимеген соң,
Қасқырға қарайтұғын бет қалмады,—

деп келеді.

Аншылар қыран-жапан күліп, қайта-қайта қайталап, «Осы бай атаулының бәрі сараң ба қалай?», «Сараң болмаса байымас та еді», «Әй, Әлжеке-ай, бір итіңізді тойдыра алмасыңыз бар, оны ұстап қайтетін едіңіз, ол ішетін көжені өзіңіз ішетін шығарсыз, тым құрмаса өз сыбағаныздан бөліп бермейсіз бе», — десіп, Әлжанды іліп-қағып, ішек-сілелері қатты. Әлжан да еріксіз езу тартып қосыла күліп, ақыры Ақанға жанасалап, жалына бастады.

– Айналайын, мына өлеңді менін итіме айттым дей көрмеші, ауыз бастырық үшін ертең бір семіз тай сойып шақырайын. Елге тарап кетсе, мазақ етеді ғой... Айналайын!..

– Оны ана жігіттерге айтыңыз. Ауыздан шыққан соң ол енді менін өленім емес, жұрттікі, — деп Ақан манайлатпай келді де, әлден уақытта өз-өзінен ыңылдап аншылардан бөліне берді. Ит туралы әңгіме оған жаңа бір ойлар салып, бір ырғақты қайталай береді. Қабағын шытынып, кейде үнсіз қалады. Ақан көптен бері «Ит үрген» деген әннің күлдіргі сазын, қайырмадағы иттің үрген үніндегі қызық әуенін тапса да, сөзін ұнатпаушы еді. Енді сөзі де, әні де табылғандай көңілінде сайрап, бір-біріне үйлесіп, жараса бастағандай. Әнші көп ыңылдады, кей-кейде даусын шығарып та айтады. Мұны аңғарған жолдастары өзді-өзі күбірлесіп, ызың озып барады. Олар да жаңа әннің дүниеге келгенін сезіп, бөгет болмауға тырысады.

«Ит үрген» осы далада, аншылықта жүріп туған ән еді...

Бір кезде бұлардың артынан кіку салған көп дауыс шықты. Ақан жалт бұрылып артына қарағанда, маң-маң басып жай келе жатқан Құлагер де елең етіп, құлағын қайшылап, ойқастай берді. Жаңа ғана өздері өткен жол мүйісіндегі қалың шоктын тасасынан тасырлата шауып шыға келген төрт-бес атты үздік-создық құйғытып кікуын салып жақындап та қалды. Ұзақ шабыстан қалжырады ма деген кер дөнен енді тықыршып, ең алдыңғы атты құйғытып өте шыққанда жұла тартты. Атты кинағысы келмеген Ақан тізгінін іркіп еді, екінші адам қатар-

ласқанда шыдай алмай, бір жағы бұлардан жөн сұрап қалайын деп атының басын қоя берді. Денесі тоназып, буын-буыны қата бастағанмен бабындағы кер дөнене шиыршық атып жұла тартып, лекіте жөнелді де, көсіле түсіп, бүктетіліп, әудем жер ұзап кеткен алдыңғы аттылыны басып озды. Басы қатты дөненнің тізгінін шірене тартқан иесі, әлгі аттылы алдыңғы қарқынмен тағы қатарласа бергенде шылбырынан ұстай алды. Екеуі де шоқырақтата түсіп, бүлкілдетіп, ақыры аяңға ауысты.

— Оу, шешелерін ұл тапқандай қуанып, түн ішінде еліріп жүрген кімсіңдер?— деп Ақан бейтаныс аттылының бетіне еңкейе түсіп үнілді. Басына екі құлағын артына қайырып байлаған түлкі тымақ, үстіне ақ сенсен қойдың терісінен әдіп жүргізген шолақ тон киген он бес, он алтылар шамасындағы бала күлгендей болды. Мұрнына дейін түбіт бөкебаймен тартқан баланың екі көзі ғана жылтырайды.

— Тауып айттыңыз, ағасы. Шешеміз ұл таппағанмен жеңеміз ұл тауып, соның қуанышымен жүрміз,— деді бала сыпайы ғана. Сәл еркелеу ме қалай, аузын толтыра компандап сөйлейді. Оның үстіне қалың бөкебай астынан даусы да анық естілмейді.

— Е, сонда бұларын не, бәйге ме, өздерің бесеу-ақсыңдар,— деп Ақан алға ұзаққырап кетіп, аттарының басын тежеп, шоғырланып бара жатқандарға қарады.

— Жок, аға, бәйге әлі алда, біз мына көрші ауылдарға хабар беріп келе жатыр ек, ел жақын қалған сон жарысып барайық дегеніміз ғой,— деп бала жайын айта бастады.

— Ол кім жана босанған, бұл кімнің ауылы еді?

— Тастан деген адамның ауылы, сонын жамағаты, естуіңіз бар шығар?

— Е, білемін, Бақтыбайдың інісі Тастан десейші. Онда бағытымыз дұрыс екен.

— Ал өздеріңізге жол болсын, аң аулап келе жатырсыңдар ғой тәрізі,— деп бала кер дөненнің жаясынан екі жакка салбыраған қасқыр терісіне қарады.— Кім боласыздар?

— Иә, аң аулап келеміз. Қоскөл жақтыкіміз.

— Байқаймын, олжалы көрінесіздер, сауға.

— Ал, ал,— деді Ақан,— ана кейінгі атта бір қаншықтың терісі бар, соны байлан.

— Ол қаншық болғанда, мынау арлан болды ғой, байлаған соң арланын байлаңыз.

— Ай, өзін қулау баламысын деймін. Сендердей бозбалаларға қасқырдың арланынан көрі қаншығы жақсы, қаншыққа үйір болатын кездерін емес пе,— деп Ақан қалжындап күлді.

– Сіз де бұрын аншылықты қаншықтан бастап па едініз, – деп бала да іліп түсіп, сынғыр етіп күлді. Күлкісі тым нәзік екен.

– Женілдім, женілдім. Менікі жай әншейін қалжың ғой. Шынымды айтайын, байлар едім, біраз мұнын сыры болып тұр. Бұл өзі осы өңірді шулатып жүрген арлан. Әдейі елге апарайық деп ек.

– Бірішек шолақ емес пе?! – деді бала жұлып алғандай.

– Иә, дәл түстің үстінен. Немене сенбейсің бе, танырқап қалдың ғой?!

– Жо-ок, Бірішекті соққаныңызға сенем, сізді танымағаным танырқап келемін. Сіз... сіз Ақжігіт... Ақан аға емессіз бе? Астыңыздағы кер дөнен ғой?

Ақан таң қалып балаға бетін бұрып, ат үстінде жамбастай отырды.

– Сен оны қайдан білдің?

– Бала аз ойланып, әлденеден қысылғандай бөгеліп, күмілжіңкіреп барып жауап берді.

– Мұндай бөрінін сырттанын Ақан ағайдай жігіттің сұңқары, кер дөнендей жылқының тұлпары ғана соға алады деп топшылағаным ғой.

– Ойдоу дерсін, бізді әулие ғып аспанға бір көтеріп тастадың-ау, Қалқа бала! Сенің атың кім өзі?

«Қалқа бала» Ақанның ең бір жақсы көргенде, ұнатқанда айтатын сөзі еді.

– Атым өзіңіз айтқан Қалқа бала, – деп күліп жіберді де, «ерсілеу болды ма мұным» дегендей іле Ақанның өзіне жармасты. – Аға, «бұра сөйлеген күлкіге жақсы деп», өзіңіз сөзді бұрып әкеттіңіз-ау. Сауғаңыз арлан бола ма?.. Қаншық па? Маған байламай-ақ қойыңыз, ана жана дүниеге келген нәрестеге байлаңыз. Ол да еркек кіндікті азамат қой, ол да жігіттің сұлтаны болар ма екен.

– Балақай, өзін жас та болсаң, сөзің түйеден түскендей екен. – Жарайды. Тастанның өзі болса, байламақ түгіл, бір қылшығын сипатпас ем, сәби ғой. Байладым. Ал сен өзін бір сырттанды емес, жүз сырттанды байлауға тұрарлық жігіт екенсің, Қалқа бала.

– Бәсе, – деп бала күліп жіберді, – сізді ақын ғана емес, жұрт сері дейтін болыпты. Сері осылай жомарт болса керек-ті. Әйтпесе серінің серілігі қайда.

– Сен өзін мені сынап та келе жатыр ма ең? Егер менің серілігімді шын сынағың келсе, аң аулағанда сынама...

– Қыз аулағанда сына дейсіз бе?..
– Әй, ку бала, өзін көп нәрсенің ретін білетін сынайын бар.

– Аға, сіз қыздарды жақсы көресіз-ау деймін?

– Еһ, сен жақсы көрмейтін шығарсың!

– Дегенмен сізді тым бейімірек тұрады дейді. Сіздің «Мақпал», «Кепсер», «Бәтима қызға», «Ақмарал», «Торыны таң асырып мінген қандай» деген әндеріңізді айтып жүреміз. Бәрі де қыз туралы ғой.

– Оларды да білемін де, ку бала. Дұрыс-дұрыс, жастық шағында ойна да күл, жанған шам, жағылған от бір күн сөнер. Өнге, сөзге құмарлық жастық көңілге ынтықтық, жақсыға, сұлуға құштарлық – нағыз жігіттіктің белгісі... Сіздің ауылда қыздар көп пе?— деді бір кезде Ақан төтесінен.

– Бар, жетерлік. Бүгін шілдеханада боласыздар ғой. Көресіз. Өздеріңіз құтты қонақсыздар. Бірақ қандай қыздарды сұрайсыз, аты қыз болса бола ма?

– Айттым ғой, Қалка бала, сен өзін бір болайын деп тұрған бала екенсін. Дұрыс айтасың. Менің сұрап келе жатқаным шотылар емес, тотылар,— деп Ақан риза көңілмен сұрады.

– Қалай-қалай дедіңіз, түсінбей қалдым.

– Қыз жақсысын тоты, қыз жаманын шоты дейді. Ал ер жақсысын жігіт, ер жаманын мігіт дейді.

Бала күліп жіберді.

– Дегенмен жаманын деменіңші, Ақан аға, кім жаман болам, кім кем болам дейді.

– Жок, жаман дегенде аяғы ақсақ, көзі соқыр кемтарларды, не беті бұжыр, мұрны пұшық кемсіндерді айтып тұрғам жок, жаны жадағай, көңілі кір, мінезі тік, ойы тайыз мүгедектерді айтам,—деп Ақан ұғындыра сөйледі.

– Ендеше, Ақан аға, жаман қыздар қандай, жақсы қыздар қандай болады.

– Ой-бой, ол бір сөзбен бітпейтін қияметтің қияметі ғой.

– Білем, аға, сіздің қыздарды сипаттап шығарған өленіңізді білемін. Әйтсе де, тағы қандайлары болады,— деп бала ынтыға сұрады.— Тым құрмаса, қыз келбетін айтыңызшы.

Бұл кезде артта келе жатқан Шәкейлер де болдырған аттарын тебіне түсіп қатарласқан. Олар да Ақан не айтар екен дегендей құлақтарын түріп, үнсіз келеді. Ақан сөзін неден бастарын ойлап, жүрексігендей, не талай ойдың бұлтына камалып, қай жерінен шығарын білмей санылау іздегендей, ат үстінде дұрыс отыра алмай қайта-қайта қозғалақтады да,

котанданып тұрған айдан көмек сұрап, шабыт тілегендей ұзақ тесіле, сүзіле қарап келе жатты. Енді бір кез сол айдың өзімен тіл табыскандай, содан қуат, нәр алғандай шешіле сөйлеп кетті.

– Бар әлемге, бар ғаламға атың таныс, жарық ай, сол әлемге бірде келіп, бірде кетіп, көк жүзінде күлім қағып сыланған, көк аспанның ортасында тана көздей, алтын, күміс тенгедей, қарағанның көзі тоймас, ойлағанның ойы жетпес сен де бір қыз қызықтырған пендені. Бір сызат жоқ аппак уыз балбыраған жүзінде, жиі үркерден, шок жұлдыздан бұлғақтаған шок үкін, күсжолынан жыпырлаған алка сәнін күс төсіне қондырған, ерке күліп, еркін жүзіп, көзге түсіп, қолға түспей, іш күйдіріп ойқастайсын алыстан; тыпырлатып төрт аяғын ақ жұлдыздан ақ боз атты ойнақтатып босағана қойсан да, темірқазық – ертең барар жана жұртын суық қарар алыстан; торуылдап сені жалғыз түсіре алмай уысқа, біреу емес жеті жігіт – қарақшылар күнде арманда қалысқан; таң атқанда мақпал шапан етегінің бір жалт етіп оқасы, ақ отауға мың бұралып кіргендей, арманда ғып, шерменде етіп тағы ғайып боласың; күншығыстан кірпік қағып, күлімдеп, шыға келген таң шолпаны сенің гауһар сұлу, нұрлы көзіндей. Екіншісін нұрлы көздің ылғи қысып, жылы жүзді назбенен, әлде жұртты емексітіп, үміт беріп жүрегіңе күйдірердік, өртеп жанды лаулатып, жалыны мол, қызуы көп шок тастап, күнде келіп, күнде кетіп жүретұғын аспанында жігіттің, сырың да көп, мінезін де қызық-ай, өн бойында, тал бойында көп құпия, көп жұмбақ, жерде тұрып, бірге күліп, бірақ іште сыр бүгіп жүретұғын қыздардай.

Ақан сәл бөгелді де, айға үнсіз тесіле қарап, тағы да жалғады:

– Кейбір кезде шарбы бұлттан перде салып бетіне, сәуленді ұрлап, қызықтырып, көз талдырып ұзақ шықпай бұлт астында жүзесің, бірақ жүзің торғын жібек астынан көрінгенде жүрек тербеп, ұзай алмай қасыңнан, қалай ғана алыс кетіп, қалай күдер үзесің. Бұлт астынан ақша маңдай бір қылт етіп көрінсе, өзен бойын бойлай өскен жасыл талдың ішінде жасырынбақ ойнап жүрген ерке назды сұлудай, мамық төсін толқынға ұрып, бірде бұрып, бірде бұрмай маңғаз аппак мойынын, бірде сүнгіп, бірде жүзіп ақ маржанды домалатқан иығынан, жонынан көзге ыстық көрінесің көлдің ерке құсындай;

Кейде алыста бұлт астында бір орнынан тапжылмай, жүзі сынық, көңілі жадау көрінгенде мұнайып, көңіл сүймес, жан қаламас алыс-суық сапарға аттанатын кісендеулі арудай. Жолаушы да жалғыз жортқан жабырқап, тыныс бітіп, қапырық

тылсым далада жылы орынға тез жетуге асыққан, қаяу көңіл, дел-сал болған аурудай.

Тас қараңғы кейбір түні бұлт басқанда аспанда бір көрінбей, белгі бермей, тым кұрмаса, сығаламай жабықтан, тас бекітіп кара кұрым есікті жауып алған өкпешіл бір қыздардай зарықтырып шықпай қойсан күмбезіне жігіттің, ұзақ жауған ақ жауыннан көз жасындай сілбіреп, әр тамшыдан бетке тиген тілгілеп жігіт көңілі мұздап кетер қалтыратқан аспандағы ызғардай. Біз, жолаушы, бұл өмірде аз тіршілік сапарында өтетін, сен шам-шырақ жолын оның жарық ететін. Сен болмасаң жолаушының көңілін де түн басып, әлденеге ұрынады-ау байқамай, сен барында жетпесе де саған қолы қуат алып, жарығыңнан ұзақ жолда талмай жортып шаршамай жүре берер ұшын іздеп үміттің, нұр себелеп, жебеп көңілін жігіттің аспанында тұра берсең — тілегім сол, қалқам-ай!..

Өзін-өзі ұмытып, шалқып-шалқып алған Ақан енді қайтадан сабасына түсіп, бұрынғы қалпына келгендей. Әркім өз ойымен әлек. Бірі жымыып, бірі мұнайған жүргіншілер үнсіз. Әлден уақытта алдан ай сәулесіне шағылысып теңіздей жалтыраған қыр астынан ит үрді: «алыстан жолаушылар келе ме, қалай?» деп бейғам ауылға дұдамалдау хабар берген сак иттің түншыға шыққан қысқа, енжар үні.

— Ауыл да енді алыс емес. Рақмет, Ақан аға, көңілге көп ой салдыңыз. Күнде көріп, көңіл бөлмеген ай жарығынан, көп жұлдыздан мүлдем жаңа сәуле көргендеймін. Көп нәрсенің мол сырына қанбақ түгілі, ештеме сезбей дүниені бір-ақ қырынан қарап жүреді екеміз. Әттен, қасыңызға еріп, сөзіңізді жиі тындасам, осынау кең дүниенің де, адамдарды да ақын көзімен көріп, ақын жүрегімен ұғынуға үйренер ме ем. Бірақ...— деп бала әлдебір сөздің ұшығын жасырып, тосылып қалды. Атының суық жалынан сипап, еңкейіп өз сөзінен өзі қысылғандай болды. Бағанадан бері аса аңғармай, онша елемей келе жатқан Ақан «Қалқа баланың» даусынан бір жасандылық сезгенде, түлкі тымағының маңдайынан түскен көлеңкеден көмескі көрінген бала жүзіне тағы қарап еді.

— Ал енді мен сіздерден озып, елге хабар берейін,— деп бала атын тебіне берді.

— Сәл бөгелші,— деп қасына бұрынғыдан да жақынырақ таянып, аттарын қабырғаластыра жанасқан Ақан бағанадан бері көңілінде ұққан құпиясын, басқаларға естіртінкірмей, баяу

ғана айтты.— Балақай, байқаймын, сен зерделі жастардың бірі сияқтысың. Сырға да берік боларсың. Осы ауылда Бактыбайдың Ақтоқты деген қызы бар дейді...

Бала Ақтоқтының атын естігенде селк етіп, шошып кетті.

— Әй, сен соншама неге үріктін. Өзіннің бір шатағын жоқ па?— деп Ақан жымыып күлді.

— Жо-оға. Бірақ ол қыз атастырылып қойылған, басы бос емес қой.

Ақан қабағын түйді.

— Иә, білем. Сүтемгеннің Жалмұқанына айттырыпты деп естігем. Сүтемгеннің болашақ келіні болғанмен, Ақтоқты оның желілеген құлыны, көгендеулі қозысы емес.

— Ол рас қой. Бірақ, Ақан аға, біреудің ауына түскен балықты алып, пәлесіне қалып қайтесіз.

— Ау Жалмұқандікі болғанмен, балық Есілдікі емес пе?!

— Есілдің Ақтоқтыдан басқа да ақ сазандары көп қой.

— Әй, бауырым-ай, көбінің дәмін татып жүрміз-ау, су татыған жүзінен бал татитын бірі артық,— деп ақын айға қарап күрсінді.— Балақай, сөз жарыстырып қайтесің, тоқ етері сол, Ақтоқтыны бір көруге армандамын, оның себебін сұрама. Өзім де білмеймін. Бұл ауылға келіп көруге сылтау таба алмай жүруші ем. Бүгін сәті түскен сияқты. Тек енді сен ағана қол ұшын бер. Шілдеханаға әкелуге мұршан келе ме?

— Е, Тастан ағасы емес пе. Өзі де келетін шығар.

— Әйтсе де.

— Жарайды, қисынын табармын. Бірақ,— деп бала басын қисайта қарап күлімсіреді,— алдын-ала ырымын жасаңыз. Көрімдігі кейін.

— Апырай, сен тоның суланбай жатып, тонауға кірістің-ау.

— Өзіңіз біліңіз. «Қалмады белде белбеу, баста бөрік, женгесін қызды ауылдың сыйлай-сыйлай» депті ғой.

— Егер сен жеңгелікте тұрып, жігіт көңілінен шықсаң, жан пидә,— деп Ақан атын тоқтатты да, сүк қолына тағып жүретін қадірлі бұрама сақинасын алып,— шеш, биялайынды,— деді.

Биялайын шешкен бала аса бір ептілікпен Ақанның қолындағы сақинаны жып еткізіп алды да, жылы саусағына өзі киді.

— Бұл нешінші сақинаңыз, ағасы, кендеу екен?

— Әй, өзін қылжакбастаусың ба, қалай. Алтын сақина ұсына беретін алтын Ақтоқтылар көп деп пе ең!

— Ғафу етіңіз, Ақан аға, әшейін сөздің ретімен... Әйтсе де есіңізде болсын, жүйткіген жүрек болмаса, желіккен жел

көңілге жеңгетай бола алмаймын,— деп жұмбақтаған бала оқыс тебініп қалып шаба жөнелді.

* * *

Тастан осы өңірдегі байлығы шалқыған аты шулы ірі бай болмағанмен, дәурені жүріп тұрған іргелі байлардың бірі. Ағасы Бактыбайдың Дәмелісіндей мұның үш әйелі де аса ұқыпты, қолы берекелі, жокты бар, барды көп етіп көрсете алатын ердің құты. Әйтсе де, осынша маңдайы ашылып, шын ырысқа кенеліп отырған Тастанның ішін жегідей жеген қайғысы да жоқ емес. Ол кіші тоқалы Қадиша жайы. Осы босағаны аттағалы нәресте көтермегені өз алдына, кейінгі кезде оның қайсыбір оғаш қылығынан секем алған Тастаннан маза кеткен. Бірақ тайға таңба басқандай дәлелі болмаған соң, іштей мысы құрып, белгісіз намыстан жарылып кете жаздағаннан басқа істер амалы да жоқ. Өткен күзде бір секем алған адамы Қорамсанын Ақаны. Енді, міне, сол Ақан осы үйге келе жатыр.

Тастан алғашқыда жыланша жиырылып, ытырына қалса да қартайғанда көрген ұлына жоралғы жасап, дала арланын байлапты дегенде аздап жібігендей болды. Оның үстіне бүкіл атығай-қарауылға аты шулы Бірішек екен соққаны. «Иншалла, менің осы ұлым да жігіттің сырттаны, нағыз қасқыр болар» деп ырымдаған Тастан келген қонақтарды аттан өзі түсіріп алған.

Мыңғырған малы бола тұрып астына тулактан басқа салмай, бұтына киген дамбалы өрім-өрім боп жыртылғанша жанартпай, үстіндегі тоны бой-бой боп сөгіліп қақырағанша ауыстырмай жүретін сараң, сасық байлардай емес, Тастанның үй, киім-кешек, жиһазы да бөлек. Қалың қайынның бауырына бөренеден қидырып салған сегіз бөлмелі санғыраған ағаш үйдің ішіндегі жасаудан көз сүрінеді. Жазда болмаса, қыста үш әйелін де осы бір қоранын астында ұстайтын Тастан аңшы, әнші жолаушыларды шілдеhana өтетін кең сарайдай бөлмеге кіргізген.

Күні бойы ат үстінде аң қуудың қызығымен жүрген аңшылар қарағайды маздата жакқан жылы үйге кірген соң маужырап, өздерінің әбден зорығып, қатты шаршағандарын жаңа сезді. Аттарын сыртта таң асырып, Басараланы ұядай қораға кіргізіп жайластырған соң енді кең көсіліп жатып, шілдеhana басталғанша сәл мызғып алуды ұйғарған. Кір, қоныс үйге жоламайтын, тұмысынан кірпияз кінәз Ақан мына

мұнтаздай таза үйге көңілі көншіп, аппак мамык жастыққа қисайды. Шәкей мен Сұлтанмұрат та астарына бірсалар салдырып, төрдегі ақыннан төменірек, жылы пешке такала жатып, лезде қалғып кетті.

Ақан қанша қажығанмен көпке дейін ұйқтамады. Төбедегі қобыздап салған сырлы тақтайға қарап ұзын, қайқы кірпіктерін жиі қағып, өз-өзінен күлімсірейді. Күндегідей ойлап жатқаны тағы Ақтоқты: «Апырай, бұл қай бала болды? Бұл ауылдың үстінен талай өтіп жүріп қыз дегенге көз де салмапты-ау. Бірақ ол кезде Ақтоқты күлдін арасынан көрлен шыныаяқтың сынығын жинап, матаның кикымынан қуыршақ жасап ойнап жүрген, тұлымшағы желбіреген бала шығар-ау. Оған қалай көз тоқтатып, қыз деп қарарсың. Шынында да әйел бала ер баладан гөрі тез жетіліп, тез піседі-ау. Көрінбей-көрінбей келіп бір-ақ жылда қылт етіп, қырдың қызғалдағындай құлпыра қалады. Бір суық сокқан күні сол гүлдін жапырағындай бүрісіп, тез солады да. Тегінде жұрттың қызды гүлге балайтыны да содан-ау». Ақтоқтының аты да былтырдан бері осы өңірге тез жайылды. Ақан алғашқыда жай ғана сырттан бір көруге құмартып, осы ауылға бір-екі рет келіп кеткенмен, көре алмаған. Бірде әдейілеп Тастан үйіне сылтаумен келіп, байдың жас токалы Қадишаны зорға көндіріп, Ақтоқтымен кездеспекші болған. Бірақ ол жолы Ақтоқты үйінен шықпады. Елден аттанып бара жатқан Ақанды түнделетіп жеткен Тастанның көзі шалып қалып, сонына түскен. Құлагер болмағанда кім екенін бай аңдап қалатын еді. Бір абұйыры жүйрік аттың арқасында жігіт құтылып кетті. Содан бері Ақанның құмары арта түскендей. Енді, бүгін Ақтоқтыны көрудің сәті түскен сияқты. Әлі күнге дейін ештемеден беті қайтып, тауы шағылмаған сері жігіт Ақтоқтыны сырттай иемденіп, қолына қондырып аялап ұстайтын, тәрбиелеп баптайтын өз құсындай кәміл сенімде жатыр.

Тәтті қиял ұшығына жете алмай, ұзақ сабырсыз оймен көзі іліне берген Ақан мызғи да алмады. Сыртта абыр-сабыр боп дабырлап үйге біраз адам кірді. Олар — осы мандағы Тастанның құрбылары, жасы егде тартқан шала байлар. Ортасында Тастанның ағасы, Ақтоқтының әкесі Бактыбай, Мырзалы баласы Мұқанәлі, кезбе Су Құсайын да бар. Бүгін дүниеге келген нәрестенің — қарауыл ішіндегі малтабардың болашақ азаматының тойы өз алдына, Ақан келіпті. Бірішек қасқырды соғып әкепті дегенді естісімен тағаты қалмай тез жеткен. Іргелес отырған ауылдың адамдары, баланың тойы ертен басталады дегенге қарамай, «той десе қу бас домалайды» дегенді сылтау

етіп, шақыру күтпей-ақ тан атқанша тоқтаусыз ағыла берді. Той дегенде қазаққа мезгілдің ерте-кеші жоқ.

Жиналғандардың әңгімесі алдымен Бірішек жайы болды да, оны сокқан Құлагер, Басаралаға ауды.

– Өй, көсеген көгерсін, Ақан балам, малдан мал, жаннан жан қоймай, берекемізді кетіріп еді осы бір көкжал, ақыры алдымызға сұлатып салдың-ау, бәтірі!—деп Бактыбай сөзге араласты. — Қарағым Басаралан күні бойы шапқанда бір талмайтын не деген мықты неме еді! Өзі қай жердің иті?

Үй іші толған сайын, өңкей байлар, төрелер төрге шығып, орындарынан созалан тұрған шала ұйқылы Шәкейлер төмен қарай сырғып, ақыры есіктің тұсына жақындап қалған. Тап бүгінгідей күні жас та болса алыс ауылдың баласы болып құрмет көрмеген Шәкей, іштей зығыры қайнап, әр сөзге әдейі араласып, шалыс сөйлеп отырған. Бактыбайға жауапты сол берді:

– Басарала – өзіміздің жұрағатымыз: карауыл, карауыл ішінде есембай, есембай ішінде малтабар.

Жұрт ду етіп күліп, басыла қалды. Шәкей әдейі Бактыбайға тигізіп, бұра сөйлеп еді. Қисық сөзді ұнатпай қалған Мұқанәлі қабағы түксиіп, үнемі ұшықтан арылмайтын сілекейлі аузын бір сүртіп:

– Сондай да қалжың бола ма екен. Үлкен адам жөн сұрап отырғанда беталды қылжақтай берудің не орны бар,— деп, енді төрде жымия күліп отырған Ақанға бұрылды.— Шынында жүйрік ат, ұшқыр ит, алғыр құсты қайдан тауып аласың? Сенің итіңнің қандай қасиеттері бар осы?

Ақан Мұқанәліні суканы сүймейтін. Ол карағанда жүзін басқа жаққа бұрып отырды. Әйтсе де әлгі Шәкейдің сөзі Бактыбайға ретсіздеу тиді ме, «ит те болса көктабан дегендей, Ақтоқтының әкесі ғой» деп әңгіме бетін басқаға аударып, жуып-шайғысы келді.

– Менің Басараламның бойында қасқыр алатын итке тән үш қасиеттің үшеуі де бар. Алдымен – кеуделі, мұз бел, бүкіш,— бұл күштіліктің белгісі, одан соң көзі отты, қабақты, танауының қарасы мол – өжеттіктің белгісі, үшіншіден – аяқтары сіңірлі, саусақты, тырнағы ұзын – жүйріктіктің белгісі. Иттің қалған қасиеттерін, кем-кетігін өзін де білесін ғой,— дегенде үй ішіндегілер тағы да мырс-мырс етіп күліп жіберді. Ақанның бір кіші-гірім жиында Мырзалы байдың балаларын Сауытбектік сарала итінің күшіктеріне тенеп:

«Бісмiллә, Мырзалы,
Піскен басы Сералы,
Сары токалың Сердалы,
Котыр ауыз Мұканың,
Көнек ауыз Нұралы,
Баялы, Жанәлі —
Сауытбектің Сарыала итінің балалары»—

деген шоктай мыскылы ауыздан ауызға тарап кеткен. Содан бері әсіресе осы Мұқанәлі Ақанға тісін қайрап-ақ жүр. Бірақ шалып түсер онтайлы кезең таба алмай-ақ қойды. Қазір де екі беті долырып, тұтана қалған ол не дерін білмей, сасқанынан қалтасындағы шақшасын алып, саптама етігінің өкшесіне тықылдатып қаға берді. Ашу шақырып бірдеме десе, Ақаннан бұрынғыдан да ашырақ таяқ жеп қалуы ықтимал...

Шай келді. Бетін оюлап сырлаған жималы дөңгелек столдар екі-үш жерден құрылып, астау-астау аппақ ыстық бауырсақтар шашылып, табақ-табақ сары май, суық еттіктен жаңа әкелген шыртылдақ май, құрт, ірімшік, туралған тонжелін қазы, қарта қойылды. Тастанның бәйбішесі бауырына қысқан ала дорбадан екі-үш уыс шақпа қантты үлкендердің алдына аса қасиеттеп, санағандай етіп ырғытып-ырғытып тастады. Тоқбас жіліктің басын өткір балтамен жанкалап шауып, жұртқа кемік үлестіріп шебердің қолынан шыққандай ұп-ұсақ шағылған қантқа алдымен қолдарын салған шалдар жағы кәрлен аяққа жұқтыра құйған қою шәйді сораптай тартып, әңгімені қайта жалғады.

— Апырай, әлгі Бірішегің көрінген қотандағы төбет түгілі, қасқырға салып жүрген айтулы иттеріннің өзі ала алмайтын дәу бірдеме ғой. Өзін ат қалай көтеріп келген,— деп отырғандардың бірі, жана осында келгенде, қорада ілулі шұбатылған шикі теріні тамашалап көргені есіне түсіп, тағы да арланды әңгіме етті.

— Өзі қайдан келген неме екен?— деп тағы бірі сұрап қалып еді.

— Қап, тірісінде сұрай алмай қапы қалған екенсіз ғой. Керей жақтан келіпті,— деді Шәкей күліп.

— Керей дейді?

— Әй, керейдің қасқыры екен!— деп төрден есікке дейін танырқаған аңғал жұрттың сөзі жүгіріп өтті.

— Иә, керей көрінеді,— деп Ақан да көзінде күлкі ойнап құптады да, ойға қалды.

Атамзаманнан бері қазақ жұртына індет боп жайылған ру, ата тартысының қанқұйлы сорақылықтары кейінгі жылдары

карауыл мен керей арасындағы босағаға жыланша оралған. Іргелес, коныстас отырып-ақ бір-біріне араласып әр елдің алтын босағасынан табалдырық аттап өте берсе-ақ, әлгі сары аурудай сары бас жыландар кез келгеннің алдынан ысылдап шығады. Не үрейлендіріп шошытып, жолатпайды, не кері кайтқанында бойына ұзақ жылдар айықпайтын дертті уын кұйып жібереді. Екі ел бір-біріне құда түсіп қыз алыспайтыны былай тұрсын, жақсы өнеге, өнер атаулыны араластырмай, жиіркенішпен қарайды. Думан, той бола қалса қарауыл керейді, керей қарауылды керек етпейді. Бәрінен қауіптісі – осы бір санасыз тірлік, сорақы, сұмдық қараңғылық қанаттанып, өштік қаныпезерлікке, жиреніш жауыздыққа айналып, елге салт, атадан балаға мирас болып, өскелен нәсіл келешегіне қағылған кара қазық беки түседі. Осыған кінәлі кім? Әр адамға арам қан егуші кім! Сері жігіт әлі бұл сұрақтарды жүре ойланып, оның жауабын көп іздей де бермейді. Бірақ, әйтеуір санасындағы бұлдыр, көмескі ой кейде есіне түскенде, осылар кінәлі-ау деп әлдекілерге қаны қайнайды.

«Күндестің күлі де күндес» дегендей мына отырғандардың «керейдің қасқыры» дегенге сенбесе де, сол елдікі екен деп айыздары қанып, елендей қалғандары мынау. Ертегіні де шындай көріп тындайтын қауымға Ақан сайқымазақ бір әңгіме айтып беруге бекінді.

– Иә, – деді қаршығадай түйіле түскен Ақан иығын ашулы бір қозғап. – Керейдің бөрісі екені рас. Басараланың қысқаштай қысқан аузынан босатып алып, шала-жансар арланды соя бастағанда тілге келді.

Отырғандар бір қызық әңгіме айтыларын сезіп, бәрі күлімсіреп қозғалақтап, жайғасып отырды. Бағанадан бері есікке кептеліп, бірінің иығынан, бірінің қолтығының астынан сығалап, бері өтуге жасқанып тұрғандар босағадан орын алып, қайсыбір кемпірлер кимелей өтіп, «әрі отыршы-ай, қағынғыр, сөз тындайық» деп, жастарды ығыстырып жатыр.

– Алғашқыда майысқак тобылғы қол қамшыны екі бүктеп, арандай ашылған аузына кергіш салып тастайын деп ем, «қайтесің кергішті, қорықпай-ақ қой, астында жығылып жатып, тістейтін қатын емеспіз ғой, тұрмастай боп бір жығылған соң енді қауқар жасамаймын. Атын да, төбетін де өзіне сай ажалыма туған жігіт екенсің, соңғы сөзімді тыңда» дегені бар емес пе. Ұстарадай лыпып тұрған жалақтаған кездікті қынымнан алып, қасқырдың жанары сөне бастаған көзіне қарап отырып қалыппын. «Неге отырсын, соя бер, мен айта берейін, шын арлан

терісінен ажырағанша өлмейтінін білмеуші ме ең» деді. Кездікті қалың теріге қадап, қолмен де іреп сыпыра бастадым, ол сөйлеп жатыр: «Үйіме жетіп, мал жаруды үйренгеннен былай қыр елінің жылқысынан жылқы қоймадым... Қысқартыңқырап айтайын, содан алдыңғы жылы ғана қапы соғып қақпанға түстім. Бір абұйырсыздығы ұлы дәретке отыра беріп, нақ қыл күйрықтан түскенім. Шайнап тастайын деп бұрылсам, аузым жетпейді. Жан ұшырып, аласұрып жатқанымда бір топ аттылы шокпарларын сүйретіп, сау ете қалмасы бар ма. Істер амал, қылар дәрмен жоқ: шоңқиып отырып қалдым. Аңға емес, тойға шыққандай сәнді киінген бір адам маң-маң басып келіп, «аһ, атана нағлет, түстің бе қолға, тимендер, өзім өлтірем» деп анадай жерден тұрып, сойылын онтайлана берді. Көзіне көзім түскенде тани кеттім – бірер жыл бұрын түнделетіп жүріп көргем – болыс Азнабай екен. Ғұмыры жалынып, жалбарынып көрмеген басым, мүсәпір боп отырғанда қоқаңдап батырсынып тұрған болысқа не істерсін, бөрінің де бір айласы болады, ажал көзіме көрінгенде тілім шықты. «Азеке, болысеке, дат!» дедім. Алдына тізе бүккенге масаттанатын мансапқор болыс маңындағыларға мақтана қарап қойып, «Не датың бар еді, айт. Жазықсыз малды неге қырасың, сволыш!» деп қойды. Соңғысы болыс болғалы Омбыдан жана үйренген сөзі болу керек. Сөз таластырып жататын күш қайда, жай-жапсарымды майдалап, түлкі тілмен, ара-арасында дөрекілеу бөрі тілімен түсіндіріп бақтым. «Азеке-ау, екеуіміз де құдайдың құлы емеспіз бе? Сізді алла тағала момын қара халықтың үстінен күн көруге жаратқанда, мені тілсіз қара малдың есебінен күн көруге жаратпап па еді. Сізге керек тұрмыс маған да керек». Өзі де иттің тілін судай білетін хайуан екен, лезде шүйіркелесе кетті. «Әй, тұрмыс дейсін. Сенің тұрмысың менен артық қой. Шыныңды айтшы, неше қаншығын бар?» деп, нәпсіге жаратылған майлы көзі жылтындап, күншіл неме жұтынып-жұтынып қойды. «Ой, Азеке, біздің тұрмысымыз қайдан бірдей болсын, сіздің төрт қатыныңыз бар. Менде бар болғаны бір-ақ қаншық, оллахи, беллахи! Оның өзі жарымжан, ақсақ, байғұс... Егер... алам десеніз оны да берейін, тек босата көріңізші»... деп күмілжідім. «Жарайды, оны кейін көрерміз»— деді ұрғашы атаулыны бос жібермейтін болыс одан да дәмеленіп, — «ал, датыңды айтшы». «Датым сол— мені өлтіргенмен сізге түсер пайда не, өзіңіздің көп бөрілеріңіздің бірі құрлы еңбегім сінер, мені жауыңызға жұмсап, қасыңызға салып көрмейсіз бе? Сізге азусыз момын жүз тобырдан жақын іздегенше, азулы қаныпезер бір бөріден дос тапқаныңыз артық

емес пе?» дедім. Азнабай болыс шалбарының терен қалтасынан күмістеткен мүйіз шақшасын алып, бір шөкім бұйра насыбайды ерніне баппен салды да, шырт еткізіп бір түкіріп «сөзіннің қисыны бар. Егер еркек боп уәденде тұрсаң босатайын, бірақ бұйрығымды орындамасаң құйрығыңды бұраймын» дей бергенде, «айтыңыз, бәрін орындаймын, мен де өзіңіздей еркекпін» деп жеппелете жөнелдім. «Бұйрығым сол, менің үлкен жауымның бірі – іргедегі керей деген көп жылқылы қалың ел. Соның малының, бас-көз демей, кез келгенін алқымынан алып қыра берсең, менің де қолым солардың алқымында болғаны. Ал енді еркінсің» деп қақпанға түскен құйрығымның дәл түбінен шорт кесіп қоя берді. Зытып отырдым. Ұзай бергенде Азнабай: «Әй, айтқандай қаншығың қайда, бұйрықты ұмытпа» деп айғай салды. Босап алған соң ішінде қызғаныш оты ойнайды екен. «Қаншықты қатқатқа қуып ұстарсың. Бұйрығың орындалмаса, құйрығым қолыңда ғой, бұрай бер» деп зымырай жөнелдім.

Анда-санда ду етіп, өткінші жауындай жаппай күліп, оқыс тыйыла қалған жұрт, әңгіменің осы тұсында гуілдеп кетті.

– Аһ, қаныпезер Азнабай, қарашы қасқыр екең қасқырға дейін жұмсауын.

– Тек жатқан елде не өші бар екен ала алмай жүрген, өлде ғана. Екі елдің арасына іріткі салатын осылар екен ғой.

– Әй, тілеуің бергір, Бірішек. Әлгіні айтқан ана қорадағы тері ме-ей?!

– Кетерінде мықтап кеткен екен, – деп кемпірлер бірін-бірі шымшылап мәз боп жатыр.

– Тұра тұрындар, ар жағын естиік, – десіп гуілдесіп алып, тағы да Ақанның аузына қарасты жұрт.

Ақан Біржан салдың басына жазықсыз қамшы үйіртіп, зәбірлеген Азнабай болысты осылайша бір шонқитып алып, ендігі әңгімені өз ішіндегілерге қарай ойыстырды.

«Бірішектің сөзіне күліп отырып пышағым тайып кетіп еді, арлан қикаң етіп «байқасайшы, батыреке-ау» деп ыр етті. «О не, пышак етіңе тиіп кетті ме» деп ем, «жоға, етімнен ет кессен де қыңқ етпейтін қасқыр емеспін бе, теріні кесіп алдың ғой, бүлдірмесейші» деп, Бірішек әрі қарай сөйлей берді. «Содан не керек, ұзын сөздің қысқасы, әлгі сөзіме шамданған Азнабай бар атқамінерлерін соныма салып, күн көрсетпеген соң, бір күні қасыма нақсүйер жалғыз молақ қаншығымды ертіп алып, керей еліне қарай жорттым. Екі жылдай жақсы тұрмыс құрып ем, ол жақта да Жанбота деген бір сұм бар екен, сол соныма

жарык алып түсіп, күн көрсетпеді. Абалаған талай төбетін жұмсап: «тіршіліктен үміті болса, бұл арадан кетсін, карауыл жағына барып паналасын» деп қайта-қайта сәлем айтып, мазамды ала берген соң, құйрығым қоныс таппай, Сырымбет қайдасын деп тартып бердім. Сүйтсем, карауылдың нағыз қалың шетінен бір-ақ шығыппын ғой. Құдай біледі-ау, керей іздеп кергітіндей, карауыл іздеп қарғитындай Азнабайдың, Жанботанын жыртысын жырта жүргем жоқ, бәрі күн көріс қамы ғой, даяр ас болса болғаны — келе ауызды салдым малға. Шынын айтқанда, кедей-кепшіктің жалғыз-жарым арық-тұрағына тимедім, ғұмыры жасық жеп көрмеген мен де төре тұқымы секілді асылдың сынығымын, байлардың былқылдаған биелері мен байталдарына бастым азуды. Мынау қай ру, қай ата деп қарағам жоқ, жылқы малы, бір жақсысы, үйірге бөлінсе де, руға бөлінбейді ғой, көшейдің Назар, Тілеубай деген ағайынды байларының, төреден Уәлі балалары Шепе, Махмет, Қозыкейдін, атығайдан көшкіл ораз Тұмырзанын Мұқаны, көшкұлы Бока, бораншы Сасықтың Токсанбайы, Қисықтың Исанбайының, малтабар, құлтабар, көшей, көлдей, көбей жұртының шаруасы мығым байларының малын қынадай қырдым. Тіпті бір боранды күні Кемел баласы саудагер Сүлейменнің қызыл шатырлаған сиыр қорасына дейін түстім. Қорқайын ба!»

Күнде естіп жүрген кісі аттарын естігенде есік жақта шүпірлеген жастар жағы мәз боп күліскенмен, тор жақта отырғандар енді үнсіз тымырайып, өздеріне де қолайсыз тықыр таянғанын сезіп, жөтеліп, қозғалақтай бастады.

«Сен қорқайын ба дейсің, әлгілерін, жарайды, ерлік болсын, бірақ түнеугүні Кемелдің Нұртазасының жылқышысын неге аттан жұлып алып, есін шығардың. Ол малайдың не жазығы бар?» деп ем, Бірішек басын көтеріп алды. «Тұра тұр, тұра тұр. Малай, малай» дейсің, сол малайға не жоқ итаршыланып, «байдың асын байғұс қызғанадының» кері. Жыным келіп аттың үстінен әдейі жұлып алдым да, өнменінен басып тұрып: «Әй, онбаған малай-ау, жалшы, сорлы неме, сен ғой таң қаранғысынан көзін жыртып тұрасың да боран демей, шашын демей күні-түні салпақтап, Нұртазаның малын бағасың. Сондағы алатынын не? Әлі бауырына басқан қаншығың да жоқ, ә-ә, қатының дегенім ғой. Егер ертемен тұрмай ғөр. Бір күн ұйқтап қалсаң қаражүрек Нұртаза үстіне мұздай су құйып, шошытып оятады. Тағы, ол аз дегендей, тепкінің астына алады. Ал, сен болсаң, мынғырған малдың біреуін жегенге желігіп, менін

соңыма түсесін. Маған күш көрсеткенше, ана Нұртазаға бір ауыз қарсы сөз неге айтпайсың, сен туғанда да қалжа жемеп пе еді. Өй, адам болмайтын ынжық неме деп, бір нұқып, қарға нығарлап кетіп қалдым. Тіл-аузы байланып, зәресі ұшқан өзінен көрсін, жасық неме. Мен оны жеп қояды деді ме екен, қуыс қурай»,— деп езуін ыржитты. «Ал енді Бақан, Тастандардың малын неге жеп жүрсін, олар мандайы шылқыған бай емес қой» дедім.

Өз атын естігенде Бактыбай селк етіп, ыршып түсті:

— Қой, айналайын, менен аулақ. Сол Бірішек жеген бір биеден ырысым ортаймас. Жеймін десе, тағы жесін мейлі!— деп ат-тонын ала қашты.

Отырғандар ду күліп:

— Айтыңыз, айтыңыз, Бірішек не деді?

— Бака, сіздің малыңызды Бірішек енді қайтып тіріліп кеп жемейді,— десіп жатыр.

Тастан тымырайып, күренітіп отыр.

Бірішек не десін. «Ай, өзін де қызық жігіт екенсің,— деді тыржиып.— Бақан мен Тастан қыздарын балиғатқа толартолмаста, құтылуға асыққандай жанталасып, ұзатып, балаларының көз жасымен байып алған жоқ па. Талай өлтірінін ішінде біреуі маған бұйырмай ма?»

— Өй, қарағым, мұны айтқанда қасқырыңнан жан кете бастаған ғой. Әйтпесе, алжыған ба, өлтіріні пайдаланып, жаныма басып қалыппын ба, қасқырға жем қылатын өлтірі жоқ,— деп Бактыбай ағынан жарылып, жұртты тағы күлдірді.

Содан не керек, қасқырдың терісін басына келтіріп айналдыра бере соңғы жауап алдым: «Ал енді сүттен ақ, судан таза бола тұрып, осы жүрісін не? Далада ордалы қасқыр жұбын жазбай бірге жортады. Сен болсаң үнемі жалғыз шабасын малға. Қаншығыңнан басқа серігің де, досын да жоқ. Бөрілермен аразбысың?» «Дүниедегі ең мықты да, ақылды да адам дейміз. Оның да аласы мен құласы бар,— деді Бірішек.— Сен мені кінәлама. Мен түгілі бір Шөбектен тараған Бегалы, Мырзалы балаларын карашы. Қасқырдан бетер емес пе, бір-біріне атарға оғы, қабарға азуы жоқ. Бөрі менен сұрағанша, адам боп жүрген солардан сұра. Оларға не жетпейді?! Керей мен қарауыл, сендерге не жетпейді?»— деп Бірішек көзін жұмды.

Ақан суыңқырап қалған қою қара шайды табакқа құймай, шыныаяғынан ұрттап, үнсіз отырып қалды. Күнде ауыл арасында кешқұрым ермек үшін айтылатын жын, пері, дию жайындағы адам иланбаса да, жұмбақ бір өмірге жетелейтін

кызыкты ертегілер естіп жүрген жұрт Ақан әңгімесінен жана, тын нәрселер ұқкандай. Өз ауылдастарын қосып, дала бөрісінің аузымен талай сырдың ұшығын ұқтырған мына әңгімеде үлкен астар да бар. Оны әркім өз шамасына қарай топшылап, бірі күлкілі жағына ғана ырза боп, сөзді келістіре білетініне ден қойса, енді кейбіреулері оның мысқыл, ажуа жағын басымырақ бажайлап, неше бір арам, сұмдық ойға түсіп кеткен. Торсиған жұмсақ, жылы бауырсақ пен сары алтындай майды көсіңкіреп алып қарбыта жеген жұрттың ойы әр сақта. Үнсіз отырып шайды ұзақ ішті.

Шыныаяқтар шикылдай төңкеріліп, шай жинала бастағанда, босағаға таяу отырған бір кемпір тыныштықты бұзды:

— Айналайын Ақанжан, жүрген жерің думан ғой. Көңілімізді бір көтеріп тастадың. Енді, қарағым, бір-екі ауыз лебізінді тындасак па деп отырмыз.

Шайдың аяғына қарай мал сойылған қорадағы шаруасына кеткен Тастан есікке жақындай бере кемпірдің сөзін естіп, қабағы түксиді. Ауыл адамдарының үлкен-кішісіне өктем сөйлейтін ол:

— Әй, кемпір, ішер шайынды іштің ғой. Енді жаспен жас болмай, ана қазандық жакка барсаңшы. Бақа аға, сіздердің де үлкен үйге кіріп отырғандарын дұрыс болар,— деп басқаларына да әкімшілік етті.

— Үй кең ғой. Біз де өлең тындайық,— деп Бактыбай қарсылық білдіріп еді, Тастан қынжылып, алақанын жайды:

— Мына арада жастар келіп тұр. Кіші бөлмелерге сыймайды. Балалармен қалай араласып отырсындар. Ақтоқты да келді. Осында отырамыз дейді.

Жел қағып, тотыққан Ақанның жүзі Ақтоқтының атын естігенде ду ете қалғандай болды. Бұрын-сонды қыз алдында аса қымсына қоймайтын ерке, сері жігіт тап осы арада бұлай өзгере қалғанына өзі де қысылғандай, ыңғайсыздана берді.

— Қой, онда болмас, үлкендер өзіміз жеке кетейік, ал мына дәмге бата қайыр,— деп Бактыбай ас ішіп осы үйден біржола аттанып бара жатқандай қасындағы кара сақалға қарады.

Қара сақал енгезердей шалдың даусы да гүрілдеген жуан екен, күректей алақанын жайып жаттанды батаны сыдырта жөнелді:

— Бай қылсын, бақтылы қылсын, Сүлеймендей тактылы қылсын, арқардың мүйізіндей шакшалы қылсын, Кенесары, Наурызбайдай ақшалы қылсын, Аққошқар-Сайдалыдай жылқылы қылсын, жамандық ойлағанның құлқыны құрсын.

Қоныпсыз қоранызға қоныр күзден, қойларыңның қиы бар жалпақ тізден, бата бізден болғанда, тілек сізден, не тілейсіз, ей, балалар, енді бізден. Астырсын да тастырсын, сыйлы адамға бас тұрсын, осы үйге қастық еткенді қара таспен бастырсын. Аллаһакбар! – деп әндете қайырып, бетін сипады.

Үлкендер кетісімен ауыз үйде ұйлығып тұрған ауыл жастары кең бөлмеге лық толды. Ақанның күтіп отырғаны Ақтоқты. Келіп жатқан қыздардың ішінде мынау сол болар дейтіндейі жоқ.

Бір кезде жұрттың сонын ала Ақтоқтының маңдайы жарк етті. Өзі де айтса, айтқандай-ақ екен. Тоқсан түрлі шөптің ішіндегі раушандай жайнап, көздің жауын алғандай, Тостағандай қаракат көзі анадайдан жарқырап, бір-ақ уыс беліне қиылған жағасыз қамзол қыналып, аппақ ұзын мойынды, жасы он жетілерге келген қыз маңындағы құрбыларынан ерекше көрінеді.

– Ақтоқты, жоғары шығындар, – деп бозбалалар да аса бір жылы ілтисиппен орындарынан сырғып жол беріп жатыр.

– Жок, мен отырмасам да болады, өз үйім ғой, – деп даусы сынғыр етіп, босағаға сүйеніп тұрып қалып еді.

– Онда біз де отырмаймыз.

– Сен отырмасан кетеміз, – деп ауыл-үйдін жастары жапатармағай бәйек болған соң барып, Ақтоқты қасындағы қыздарымен бірге өтіп, он қатардан орын алды. Жүріс-тұрысында еркіндік, өз жұртының алдында бір келісті еркелік бар.

Бала күнінен бері Сарыкөл, Қоскөлдін жағасында асыр салып, жұмыртқа іздеп, құс аулап ер жеткен Ақан келген қыздарды құсбегі саятшыдай сынай қарап, біраз отырыстан соң әрқайсысына өзінше ат қойды. Маңындағыларға көзінің қиығымен ғана маңғаздана қарап, қақ-соқта жұмысы болмай сабырлы отырған толықша, мол кеуделі, бұғақты қараторы қыз барылдауық қоныр үйрек сияқты; келгелі сыбдыр шықса елендеп, жан-жағына жылтыр, өткір көзімен алақтаған қара қамзолды, ақ көйлегінің кестелі жағасына үлкен тана таққан қыз сүңгуір қасқалдақтай, ытырынған, киімі де, өні де сұп-сұр, түсі суық көк көз қыз сұқсыр үйректей; жаңа ғана той-думанға араласып, өздерінше шашын жылмита тарап бой түзей бастаған, әлі ешкімге елеусіз, лактын асығындай жүдеубас шарқы қыздар бір-ақ уыс еті бар шүрегейлер секілді, олардан да жастау, кірпігін жиі қағып қонақтарға тосырмай қарап босаға жақта томпия қалған сап-сары уыздай екі егіз қыз әлі қанаттанбаған қаздың сары балапандарындай. Ал Ақтоқты болса солардың

ортасында мойнын иіп тастап балдыр сүзген, ерке, сұлу аккудын көгілдіріндей.

Бұл жаққа таңсық – аспалы ондық шамды Тастан Қызыл-жардан алдырған. Дәл ортаға ілінген шамның бір сымын қысқартып, кіші жас тоқал жоғары ілді. Ақан Ақтоқтыдан көзін алмай отырып, жолда кездескен Қалка баланы ойлады: «Неғып келмей жатыр. Дегенмен жігіт екен – айтқанды орындады. Өзі қайда жүр?»

Жастар отырар-отырмастан-ақ бір жігіт орамалды бұрап есіп:

– Көрші ойнаймыз, аяқтарыңды тарта отырыңдар,– деп босаға жақтан бастап, жоғары өрмелеп, жастардың апшысын қуыра жөнелді. Есік жақтан әлі де ұзай қоймаған бағанағы кемпір:

– Әй, көкшешек, Құлмақ, ойының осылсын! Ойнауға таң ұзақ, жетеді, әуелі өлен айтқызбайсың ба? Қонақтардың лебізін тыңдайық,– деп тағы да ескі сарынына басты.

– Апатай, көкетай, шешетай, шакшадай сабыр ет. Құлағынан тартса дарылдай жөнелетін сіздің үйдің қол диірмені жоқ бұл жерде. Әуелі жұртты, былай тоғыстырып, табыстырып дегендей, екшеп алайық. Сосын, сіздің осы тұрысыңыз не? Бәрібір ойынға қоспаймын, дәмеленбеңіз,– деп Құлмақ қуланып «көршіні бастап» кетті...

Талай алақандар күйіп, талай қыз орнынан ауысып келіп, ақыры Ақтоқты Ақанның қасына отырған. Сол кезде, осы сәтті аңдып отырған Шәкей:

– Оу, жігітім, Құлмақ деді ме сенің атыңды? Енді біраз өлен айтып, ауыз жақта күтіп отырған қарттардың да көңілін аулайық,– деп қолқалай сөйледі.

– Дұрыс айтасын. Ол да болсын. Бірақ мұның арты «жаман үйдің иесін қонағы билейді» болып кетпесін. Бір арызыңды орындаймын. Ал ана сығыр кемпірлер біздің барылдаған даусымызды күнде естіп жүр, олардың ынтығып, жылтындап жүргені Ақан ағай ғой. Тұра тұр, әлі біраз жалықтырармын оларды. Әуелі, кәне, ауылдың алты ауызын бастаймыз. Женеше, жеңеше, тұра-тұр,– деп аузы-аузына жұқпай сөйлеген Құлмақ жиі кіріп-шығып жүрген Қадишаны тоқтатып алды...– Сіздей кеме тұрғанда қайықшыға орын жоқ.

– Нағыз кемешілер мына аңшы қонақтар ғой. Біз де бүгін қайықшының ескегін алып судан тайып тұратын шығармыз,– деп күлген Қадиша ауылдың алты ауызын айтар-айтпасын білмей бөгеле берді.

Қадиша Тастанның кіші тоқалы. Жасы жиырмаларға жана келген жас келіншек. Осы үйдегі Ақтоқтыдан кейінгі әйел жынысының көріктісі. Басына тартқан жеңіл ақ жібек шалысы болмаса, ауыл-үй қыздарының бірі деп ойлайтындай. Әлі уылжыған жас, үлбіреп тұр. Ақ қағаздай бетінің ұшындағы қызылы бүгін бұрынғыдан да ерекше нарттай. Ақан келгелі осы жаққа той камының сылтауымен көп кіріп жүр. Маңдайы кере қарыс, қаршыға көз, әсем жінішке, қою мұртты жүзі желге тотыққан қара торы жігітке қараған үлкен, сұлу көзінде албырттық та, мұң да бар. Ұзақ уақыт көз алмай тұнжырап тұрып қалатынын өзі де аңдамайтын сияқты.

Алка-котан жайғасқандардың бәрі Қадишаға қарап үнсіз отыр. Қадиша ыңғайсыздана түсті.

Осы кезде есіктен қарап зілденген Тастанның бәйбішесі қабағын керіп, тосын мінез көрсетті:

— Әй, Қадиша, сенсіз де осында өленшілер жетеді ғой. Жастармен жас болмай, шаруаңа жүр, — Қадишаның екі беті шиедей болып кетті де, теріс қараған күйі:

— Сізбен жарысып қайтем, аяқ-табаққа өзіңіз де жетесіз ғой,— деп, Сұлтанмұраттың қасына барып отырды да, өлен бастады.

Ақанның әні — «Мақпал». Бертін шыққан ән лезде ауыздан ауызға тарап, қазір бүкіл Көкше жеріне мәшһүр болған. Жиынтой «Мақпалсыз» өтпейді.

Ақан басын сәл ие түсіп, ойлы тыңдап қапты. Қадишаның ақжарқын, ашық мінезіне қанық акын оның әнші екенін жана естіп, қайран қалды. «Үйірі қысырақтың мақпал қара» деп, екі жолын жүрексініп, әрі бәйбішенің әлгі сөзіне намыстанып, босандау бастап еді, өленнің екінші буынында жұмсақ, таза үнмен еркін шырқады. Көп жерлерде айтылып жүргендей емес, Қадишаның аузынан шыққан ән жана бір өрнек, кесте тапқандай. Ақан әнін бұзып айтқандарға қабағын шытынып, жаратпай, қашан аяқтағанша шыдамсызданып бітетін. Немесе, мына жерін былай айт деп өзі түзеп, тіпті болмаса, «әннің аузын жалақ, арқасын жауыр етпеші, әлі мұның үлкен сынға түсетін кездері болады» деп айтқызбай қоятын. Қадишаның айтуынан өзі де байқамаған бір сезім толқынын аңғарғандай болып, аса тебіреніп, ұйып тыңдайды.

...Алыстан ат аямай келгенімде,

Ей, Мақпал, қырындамай бермен қара.

...Алыстан ат сабылтып келдім іздеп,
Бір көріп қайтайын деп, Мақпал сені,—

деген сөздер тап қазір Ақанның Ақтоқтыға айтып отырғанындай. Жігіттің қызға ренжімей, наз ғып айтқан «қырындамай» сөзі мен қиылып, ағынан жарылған «қайтайын» деген сөздерін толқыта, екпіндете айтады. Осы екі жолдағы ақынның айтайын дегені де осы екі сөз, әндегі үзіліс жасап, жеке бунакпен, жаңа нақышпен оймышталатын тұсы да осы ара. Қадишаның әнді әшейін дауысын көрсету үшін барынша зорланып айтатын әншілердей емес, оның сыр-мәніне қарай нақыштап, айшықтап айтатын әнші екеніне көзі жеткен Ақан дән риза. Қадиша ақынның қасындағы жас қызға айтар сөзін әнмен жеткізгендей көрініп, Ақтоқты тура өзіне арналған жігіт назынан қысылған күйде отыр.

Қадишадан соң ешкім қолқаламай-ақ Сұлтанмұрат Құлмақтың қолындағы тұмар тағып күмістеген мойны ұзын домбыраны алып, қатты бұрап, кара шертіске салып, лекітіп, біраз бабына келтірді. Содан соң Ақанның «Майда қонырына» басты. Бұл ән де ақынның бозбалалық, жігіттік өлендерінің ішіндегі аса бір сырлы, күдіретті әні еді. Бұғанда аса шебер әнші болмаса, ауыл арасындағы «ұялмаған өлеңші болады» дейтін көрінген адамның қолынан келе бермейді. Ақан осы әнді Сұлтанмұраттың айтуын қалап, бір жиында «Майда қонырды» сенін меншігіне бердім дегені бар. «Жігіттің падишасы Әмір-Темір» деп, соңғы «Әмір-Темірді» ширатып-ширатып, толқыта көтергенде, Сұлтанмұраттың саңқылдаған ашық, ұранды даусы ағаш үйді жаңғырықтырып жіберді. Күн ұзын далада жаураған жігіт жылы үйге келіп, қою шайды қана ішіп, енді жастардың ортасына түскенде канаттанғандай, аруақтана, еркін сілтеді. «Ахахау майда қоныр» деп, домбыраның жоғары пернесіне барғанда да, тынысы тарылмай, бұйраланып неше құбылған ұзақ толқымалы қайырманы еркін, бір деммен аяқтайды. Әннің әр буынының ара-арасында домбыраны шертіп-шертіп жіберіп, кеудесі көрікше бір көтеріліп, бір басылған жігіттің даусы үдей-үдей соғады. Бұрын Сұлтанмұраттың атын естігенмен, өзін көрмеген, даусын естімегендер бағана «Ақанның қасында жүретін әнші жігіт» дегенде, қазанның түп күйесіндей кара жігітті қорашсынып, «осы ма мақтап жүргендері» деп, іштен мысқылдай қараған. Сұлтанмұраттың әніне риза болған Ақан бірде: «Шіркін-ай, тосын көрген баланың жүрек қабы

жарылатын жүзінді теріс каратып қойып, бал татыған әнін­ді тындай берер ме еді» деп еркелете күліпті, «Ақан етінің каралығын кетірем деп Сұлтанмұратты Сарыкөлге апарып, үш иіс сабынмен жуыпты» деген кұрдасының қалжыны елге аңыз боп тараған. Осыны естіген кейбір жастар алғаш көргенде айтса-айтқандай екен деп, біріне-бірі сыбырлап күлісіп қойған. «Қараның іші сара» дегендей, кара жігіт аузын ашқан сайын, көмейінен маржандай ән, меруерттей таза дауыс, қия тастағы жанғырықтай үн шыққанда, өні де өзгере түскендей. «Күлімдеп, жаркылдаған тұрымтай көзі, дүрдие біткен қызыл ерні, дөңестеу мұрны, жел қағып, күн күйдіргендей шөген өні ер жігітке лайық екен...» деп, «Ат ерінді, ер мұрынды келсін» дегеннің өзі екен»,— деп, жастар енді іштей ұнатып, әрі-беріден соң қызыға түскендей. Бойындағы бар жылылық қасиетін, жібектей созылған мінезін әнімен танытқан өнерлі жігіт «Майда қоңырды» қоңырлата аяқтағанда, үй ішінде де майда самал ескендей.

— Пау деніз!

— Әлеу деге-ен!

— Шіркін-ай!

— Туһ, не деген үн!— деп қайран қалысқан дауыстар әр жерден шықты. Босағаға үймелеп, ән тындаған ақ жаулықты, кимешекті кемпірлер де бастарын шайқап:

— Айналайын-ай, тусан ту!

— Бір айтқан әнін бір қаралық екен.

— Көсеген көгерсін!— деп баталарын беріп, тағы өлен айтуын қолқалап жатыр.

Мұндай кіші-гірім той, шілдеханада «Көрші», «Хан мен уәзір», «Мыршым-мыршым», «Ат жүзігім, ат» сияқты ұлт ойындарын ойнап, көбінесе бұғыбай айтысатын жастар, бүгінгі түні ән тындаумен болды.

Сұлтанмұрат пен Қадидша кезектесіп айтып, бір кезде «Екі жиренге» қосылып кетті. Екеуінің даусы да қоныраудай сынғырлап, бұрын да талай рет бірге өлен айтып жаттыққандай бірдей шығады. Бұрын қыздардың қосылып ән салатынын, немесе жігіттер мен қыздардың екі жақ боп бөлініп жар-жар айтатынын білетін жастарға Қадидша мен Сұлтанмұраттың мына өнері тосын, әрі қызық боп көрінді. Ақан болса, бірнеше дауыспен айтылатын ән де шығару керек екен деп көптен көкейінде жүрген мақсатын ойланумен отыр...

Үлкен үйге келісімен Мұқанәлі әлгі Ақанның қылығын он сакка жүгіртіп, біраз шенеді:

— Осы Қорамсаның баласынан кейінгі кезде түңілейін дедім. Жұрт астына көпшік қойып, Ақан, Ақан деп дәріптеген сайын құтыра түседі. Мұның арты жақсылыққа саймайды. Айтқанын келді дерсіңдер: Қарауылдың Азнабайын шеней отырып, өз елін де былғаған жоқ па?! Қыз-қырқын жетпегендей үлкендерге ауыз сала бастапты. Түбі, аузың жаман демендер, бәріміздің ата-тегімізді лайлап, бабаларымыздың көріне дейін копарады. Сендер де оны мадақтап күлдіңдер. Неменелеріңе жетісіп күлесіңдер!

— Енді күлмегенде қайтейік, күлмесіне кояр емес,— деп кара сакал гүж етіп, тағы да әлгі әңгіме есіне түсіп, күліп жіберді.— Аман калған мына Әлжан ғана, басқамызды бір сыбап алды ғой.

— Мені де жетістірген. Маған айтатынын жолда айтқан. Сыбағамды алғам,— деп Әлжан зілсіз күлді.

— Иә, саған не дейді. Неғылмайсың дейді? Тиіспеген адамы калмапты ғой,— деп Тастан Әлжанды да қайрап, улай түсті.

— Қой, айтпаймын. Отыз тістен шыққан сөз отыз руға жетеді, ертең мазактағыларын келеді ғой.

— Айтпасан да Ақан айтқан сөз жерде калмайды. Қасына ана бір Шәкей дегенді салпактатып ертіп алыпты. Ол да бір аттыға жол, жаяуға сөз бермейтін керауыздың өзі. Ертең-ак елге жаяды. Өнкей есер, әңгүдіктердің жүрген жері онушы ма еді,— деп Мұқанәлінің зығыры қайнай түсті. Шәкей деп мензеп отырғаны Су Құсайын еді. Ол да ертең ел аралағанда айтар сөзін ішке түйіп, үнсіз отыр.

— Әй, айтқандай, Мұқанәлі-ау, Ақанның сендерді итке тенегендері калай, басқаға тенесе де, Сауытбектің сары ала иті сендерге ұксамайды ғой,— деп Бактыбай не сөйлерін білмей кыстырыла кеткенде, үйдегілер жарылып, ду күлді.

Мұқанәлі ғана түксие түсті.

— Немене, сонда Сауытбектің итінен баска итке ұқсай ма екенбіз. Сол да сөз болыпты-ау. Сізді де жана жетістірді. Қай кызыңыздың калынына байып едініз. Ақанның сөзінде шындық болса, Тастан екеуініз де байитын жерді тапқан екенсіңдер. Бәсе, бәсе...

— Жарайды, Мұқанәлі, шамына тиетін сөз болса, манындағылардың бәрін тырнауыштай коса әкететін не жының бар

осы. Сенін көнектей аузынның ұшығына дейін айтқанына жұрт кінәлі болып па, – деп Тастан да қармыжысын жібермеді.

– Онын Шөбек балаларына жұлдызы карсы.

– Қой, онда Ералыға апасын ұзатар ма еді. Сердалымен де әмпей сияқты еді, кайдам, – деп Әлжан басын шайқады. – Сендер түгілі төре тұқымы бізге тиісті ғой. Онда не тұр. Елдің бір еркесі. Не айтпайды.

– Еһ, сендер не, сонда аспаннан аяқтарын салбырап түсіп пе едіңдер. Осы «төре-төре» деп, шөре-шөрелегендерінді кашан қоясындар. Замандарын өткен жоқ па! Тымақтарыңды алшысынан киіп, кекірендеулерін жетпеді ме, – деп Мұқанәлі Әлжанға да тиісіп еді, анау да тарпа бас салды.

Қыздым-қыздымға келіп, өзді-өзі айтысып кеткенін де білмей қалды. Ақан айтқан бұл әңгіме бұл үйден шықпай осындай болып жатыр. Ертең елге тарағанда не болмақ.

Аяғы дауға, жанжалға қарай ұласа бастаған шуыл, қатқыл, зілді сөздерді Тастан басты. Бұл кезде Қадидің Біржанның «Жайма шуағына» әуелете салып еді. Жастар жағында шырқаған дауыс үлкен үйді де жанғырықтырып әкетті. Бүгін тым еркінсіп алған токалына қалай тиісерін білмей мұрны шуылдап, зығыры кайнап жүрген Тастан:

– Жетті, енді доғарындар. Осы үйге нәрестенің қызығына келіп пе едіңдер, әлде айтысқалы келдіңдер ме? Бір есердің оттағанын сонша күндап... Әй, Құсан, Құсан-ай, бері кел, – деп ауыз үйде ойнап жүрген шолжың ұлын шақырып алды. – Ана қатынға барып, жаман керейдің әнін айтпасын де. Бар, тоқтат!

Өзіне үлкен міндет жүктелгеніне әжептәуір болған тентек бала мұрнын бір тартып, екі жауырынының ортасына таққан киелі бураның алқым шудасы желк-желк етіп, көптің арасына қойып кетті. Бара, женгесінің шалысын жұлқып-жұлқып қалды. Алғашқыда жай әншейін еркелігі шығар деп, Қадидің оны құшақтап өзіне тартып, өленін тоқтатпай айта беріп еді, басындағы шалысын жұлып алды. «Әй, тұра тұр, Құсан, Құстай» деген бозбалаларды теуіп жіберіп:

– Әй, қатын! – деді Тастан құсап, – жаман керейдің өленін айтпасын дейді. Айтпа!

Ән үзілді.

– Енді сен қалып едің осы үйде басынбаған, – деп Қадидің үніне булыққанда, Ақтоқты қып-қызыл боп, немере інісіне ала көзімен қарады. Әлі де женгесін жұлмалап жатқан ерке бала өзі қаймығатын қатал апасы:

– Әй, кетемісің,– дегенде барып етегінен тартқан жігіттің бетіне бір түкіріп, ауыз үйге шығып кетті.

Жұрт тым-тырыс. Үнсіздікті Ақан ғана бұзды:

– Шәкей, домбырамды әперші,– деді, өні күренітіп.

Қайда шыкса да қасынан тастамайтын бүктемелі домбыраны үйге келісімен қабынан алып, жұкаяқтың үстіне кептіріп қойған. Ешкінің ашы ішегінен жуандау етіп сыдырған қоңыр ішек кеуіп, дынылдап тұр. Аяз сорған домбыра шанағы жылы үйде бусанып, енді ғана жасанғырай бастаған. Ақан құлағын бұрап шертіп қалғанда майда, қоңыр үнмен күмбір ете қалды. Жұрттың көзі ақында. Бір кезде салалы саусак домбыра сағағына дейін орай жүгіріп, әнші қайың қақпақты Тастанның мандайын шерткендей қатулана шертіп-шертіп алды да, ұзақ тартып зарықтырмай, жұртты жалықтырмай, «Біржанның әнін тындамайтын неме екенсің» дегендей, шалқытып кеп «Адасқакка» басты. «Созады Біржан даусын қоңыр қаздай» деп толқытқанда, бағанадан зорға тізгіндеп отырған көмейдегі үн домбырамен бірдей күмбірлей жөнелді. Айғайға басып, дауысқа салып айтатын биік әндердің өзін домбыраны бос бұрап айтқанда Ақанның үні аса майда, жанға жайлы тиеді. Отты көзі бір араға кадалып, түйіліп кеп:

Жасым бар жиырмада жасырмаймын,
Басымнан дұшпан сөзін асырмаймын.
Басымнан дұшпан сөзі асар болса,
Сен түгіл, басқаға да бас ұрмаймын,–

легенді тура Тастанға арнағандай зілмен, қаһарлана айтты да «ах-а-ау» деп көтере шалқып, үннің неше бір бұрылыстарымен зергердей нақыштап барып, баяулата қоңырлатқанда, әнші енді: «Қойшы, сендей надандармен надан боп қайтем» дегендей, тісі аксия күліп, жайдарыланып, бетіне қан жүгірді. Сұлу, көрікті енді ақын: «Біржанның тырнағына тұрмайтын сендейлер, бір әнінің садағасына кет, мен түсінетін қауымға, жастарға айтып отырмын» дегендей, айналасына күлімсірей қарап тоқтады.

Ауыл-ауылдан келіп жатқан адам аяғы түн ортасына дейін саябырсымады. Тағы бір топ адам сықырлап кеп, ауыз үйге сырт киімдерін үйіп, ән шыққан жакка ұмтылды. Тойды атқарып жүрген даяғатшы жігіттер әр бөлмеге бөліп, қонақтарды жасына қарай реттесе де, көбі көнер емес. «Ақан қайда?» «Мына дауыс Ақандікі ғой», «Біз тамақ іше келді дейсің бе» десіп, жастар жағына сығылыса кіреді.

Ақан қай ауылда болмасын – Ақан. Енкейген кәріден енбектеген балаға дейін біледі. Жана ауыл-аймаққа шапқылап, Тастанның үлкен токалы ұл тапты деп жар салған балалар хабарласпайтын елдерге дейін барып, «Ақан келді ауылға», «Ақан келділеп» әнші серінің келуін ұлы жаналық қып, қуана жеткізген. Көрінген той-томалаққа еліге бермейтін кәрі-құртандарға дейін жалғыз атына міне салып асыға келіп жатқан себептері де сол.

Ақан келгендердің де көңілі үшін, Біржанның аса шебер әншіні керек ететін, қиын, айшықты «Мәті-Дәулен», «Сырғакты», «Ақ тентек» әндерін нақышына келтіре айтып берді. «Гей, геги-гек-гек, гей-геги-гек-гек» деп келетін «Ақ тентектің» сұлу қайырмасын бипылдата жорғалатқанда, жастар жағы іштей қайталап, ән ырғағымен бірге қозғалып теңселіп, қара камзол, ақ көйлек, сары көйлек киген қыздар ырғалғандай болды. Күн ұзақ мал жайлап, отпен кіріп, күлмен шығып, шаруамен салпақтап, қажыған қарттардың тұла бойы шымырлап, балқып, кейбірінің көзінен жас сорғалайды. Қуаныштан, тебіреністен шыққан рақат көздің жасы.

Әнге ұйымаған, қайта іші күйіп, бұрынғыдан бетер ашуға міне түскен жалғыз Тастан. Әттен, жұрт өз қызығына жиналып отыр. Ақанды қошаметтей келсе де, әйтеуір жаңа дүниеге көзін ашқан сәбидің шілдеханасы сылтау ғой. Әйтпесе, бұрын төріне ойнақ салмақ түгілі, босағасынан сығалауға бата алмайтын мына тобырды ауласынан жүргізбес еді. Ал Ақан жайы басқа. Ол аса бір сүрінетін ұрымтал жерін таппасын, жеңіл-желпі ашуына бой бермейтін өткір, алғыр жігіт. Егер оған орынсыз қызбалық көрсетсең, жұрт алдында ашы тілімен маскара ғып, қайтып тұрмастай етіп кететін бір бет, шешен. Қанша жас болғанмен, бұл өлкенің үлкен-кішісі одан қатты қаймығады. Ал Тастан деген кім? Тастан Ақанмен салыстырғанда өзінің кім екенін іштей жақсы біледі.

Тастанның жанына тиген, әсіресе, Қадиша қылығы. Сұлу, жас келіншек бұл үйдің әйелі емес, алыстан қонаққа келген жат адамдай сыландап, бар өнерін салып, жұрттың көзіне түсіп отырғаны анау. Тіпті, әдейі қыр көрсетіп жүрген сияқты.

Ақан Шәкейге иек қакты:

– Шәкей, енді сен біраз домбыра тартшы.

– Е, сіздің де өнеріңіз бар екен ғой. Тартыңыз. Өлен айтыңыз.

– Апырай, қонақтардың бәрі әнші екен-ау!– десіп жастар жағы Шәкейге қарады.

Шәкей шынында да әнші, әсіресе, домбырашы жігіт. Ақанға ершіп, ел аралағаннан бері әнге де, күйге де бұрынғыдай салғырт қарамай, жанға қорек, елге керек өнер деп ұға бастаған.

Шәкей Сұлтанмұрағтын тізесінде жатқан сырлы домбыраны алып, өзінің еркін орындайтын кара шертістерін мың құбылтып, құйкылжытып тартты да, бір кезде домбыраны қайта бұрап алып, Ыкластын «Ерден күйін» сарната жөнелді. Одан сон Дайрабайдың «Ала байрағын», жан жүйкені қозғайтын Тәттімбеттің шертпе күйлерін салды.

Шәкейдін домбыраны ойнатып, төбесіне, артына қойып тартуы жұртқа аса қызық боп көрінді. Елде бақайымен тартатын да не бір талапкерлер болғанмен, мына домбырашының тартысы бөлек. Сырлы домбыраны біраз желдіртіп алып, енді ол өленге көшті. Ақан отырған жерде тым ауыр әндерге жоламайтын әнші әдейі, жеңіл айтылатын күлдіргі өлендерге басты. Бұл жолы да Ақанның «Қыз сипаты» деген өлеңін маңындағы қыздарды қабағымен, иегімен, ымдай отырып айтып, біразына тидіріп, одан сон «Ағаш аяққа» басты. «Ала жаздай нәр татпай іздегенім қыз болды, ойбай, қыз болды-ай! деп ойбайын салып, өтірік жылап, көзіне жас алғанда үйдің ішін қыран-топан күлкі кернеп кетті. Енді бір кезде «Өленді жатып та айтам, тұрып та айтам, тым еліріп, есіріп алғанымда жорғалап құйрықпенен жүріп те айтам» деп құлағын, құйқасын қимылдатып, отырғандардың ара-арасымен босағаға қарай жорғалағанда қыздар, кемпірлер тырақайлап қашып, жастар ішек-сілелері қатып күлкіге батты. Шәкей тоқтаған жоқ. Жұрттың назарын өзіне аударып алды: Ақанның елеусіз отырып сөйлесуін қалап еді.

Ақан қасындағы Ақтоқтыға бір қырындап, көзінің қиығымен ғана қарап отырған. Қараған сайын мінсіз сұлу мүсінге тойымсызданып, ынтыға түскендей. Бір кезде Ақан өз-өзіне іштей күбірлеп, қап-қара қою қасы бір түйіліп, бір жазылып, қайта-қайта бір өленді қайталай берді. Өні өзгеріп, өзін-өзі ұмытқан жігіттің даусы да оқыс шығып кеткенде, бағанадан бері үнсіз отырған Ақтоқты, мәрмәрдай аппақ мойнын бұрып күлімсіреді де, бетіне қан жүгіріп, сыпайы ғана үн қатты:

— Ақан аға, сіз құран оқып отырған жоқсыз ба!

— Жоқ, дұға оқып отырмын,— деп Ақан да қып-қызыл ернінің арасынан аппақ тістері түгел көрініп күлді. Екі сұлу көз бір-біріне алғаш қадалғанда, Ақтоқты кірпігін төмен түсірді. Жігіт көзіндегі оттан жүрегі дір ете қалғандай болды.

— Ол қандай дұға, біз тыңдауға болмай ма?

— Махаббат дұғасы, тыңдасаң айтайын.

— «Яман ұйғы, яман ұйғы» — ол ұйқтар алдында айтылмаушы ма еді.

— Жок, менің дұғам мезгілге қарамайтын, көңіл күйіне бағынышты өлеңмен айтылатын дұға:

Ақан басқадан өлеңін қызғанғандай тек Ақтоқтыға ғана сыбырлап өз-өзінен толқып кетті:

«...Жаудырап екі көзін отырасын
Тұндырған шай секілді құмандағы.
Көзіме мұнарланып көрінесін
Түлкідей тұра қашқан тұмандағы.
Сен болсаң ал қызыл гүл, асыл еркем,
Мен бұлбұл сайрап тұрған иран бағы.
Құрбына назарыңды бір салмайсың,
Кер тағы сияктанып құландағы,
Қия тас қиынына қонсан дағы,
Қайшылап канатымды бұрам дағы.
Жеме-жем қиын қыстау болса дағы,
Тәуекел майданында тұрам дағы».

Ақтоқтының екі беті алаулап, тағы да күліп жіберді. Қызғалдақтай үлбіреген ерні дір-дір етіп:

— Ақан аға, бұл қай қызға шығарған өлеңіңіз? Жамалға ма, Зағипаға ма, Ақшабаққа ма, Макпалға ма, әлде Шамшиқамарға ма?— деді.

Ақанның да екі беті оттай күйіп, Ақтоқтының қаздың қауырсынындай ұзын саусағына тесіле қарап:

— Қалай дедің, қайталап айтшы, — деп көзін алмай отырып қалды. Ақтоқтының аты жоқ қолында — өзінің бұрама алтын сақинасы. Бағана аннан қайтқан жолда кездескен Қалка бала осы Ақтоқты еді. Жасынан ер балаша киініп еркекшора боп өскен қызды ақын танымай қалған. Женгетай ырымымен алған сақинаны Ақтоқты тастамай, әдейі киіп келіпті. Ақанның көріп қойғанын аңғарған Ақтоқты да енді:

— Ақан аға, сіз қыздарды жақсы көресіз-ау деймін, — деп жолдағы Қалка баланың даусына салып сөйлегенде, Ақан басын көтеріп ап, Ақтоқтыға жалт қарады:

— Еһ, сен жақсы көрмейтін шығарсың?!

Екеуі де оқыс күліп жіберді.

— Ей, Қалка бала, Қалка бала-ай, — деп өзінің жолдағы жігіттік сөздерінен қысылған, жас қыздың алдауына түскеніне

ұялған Ақан басын шайқай берді.— Мен Қалка бала қайда жүр деп елегізіп отырсам...

— Ол қасыңызда отыр екен ғой,—деп жымыып күлгенде Ақтоқты, шынында да, өзімен қалжыңдасқан ерке, шолжын баладай Ақанға тым жақын боп көрінді. Бұрын кездесіп, ойнап-күліп, әзілдесіп жүрген қыздарға Ақтоқты үксамайды. Бір сөз айтсаң, екі сөзбен жауап қайыратын сыпсықай да емес, бір көргенде-ақ жігітпен өліп-өшіп ашық қалжыңдасып, шүкіркелесіп, үйіріле кететін көңілшек те емес, жігіт алдында қысылып, қылымсып үні шықпай қалатын сикыр да емес, еркекпен еркекше сөйлесетін алдың-дұлдың дарақы да емес, әшейін қарындасындай, не інісіндей ағасымен зілсіз ойнап, еркелейтін бала сияқты. Ақан да енді еркін сөйлесіп аннан қайтқан жолда онын қыз бала екенін қалай білмегенін айтып, ұзақ күлді, Ақтоқты да күле отырып:

— Шынында да мені қараңғыда көрген адам ер бала деп қалады. Жасымнан еркекшора боп өскендікі ме... Ер бала боп жүре бергенге не жетсін, шіркін...— деп жеңіл күрсініп қалды...— Ақан аға, сіз кешіріңіз, өзі ойламаған жерден болды. Сіз ер бала құсатып сөйлескен соң, мен де... Мына сақинаныңызды алыңыз, тек кешіре көріңіз!

— Жок, айналайын Ақтоқты, бұл алғашқы қызық кездесуіміздің белгісі болсын,— деп Ақан саусағынан ұстай алды.— Және мен мұны саған емес, Ақтоқтымен кездестіретін Қалка балаға бергем. Егер қайтарып берсе, сонын өзі қайтарсын.

Екеуі де бір-біріне қарап, көздері ғана күлімсіреді...

2

Мамыр. Биыл бұл айдың басы жиі-жиі төпелеп жауған өткінші жауынмен басталған. Көпке дейін былтырғы қатан қыстың салдарынан айырылып-айырылып кеткен кара жердің тоны енді ғана жібіп, жана бусана бастаған еді. Дүркін-дүркін күн күркіреп, үсті-үстіне селдеткен жауын суы қырат-қыраттардан жылай ағып сай-сала, жыраларды аузы-мұрнынан шығарып шүпілдетіп жіберген. Бір күн ішінде тебіндеген көк, енді қаулай өсіп, дала түсі масатыдай құлпыра қалды. Тау бөктерінде қызғалдақ, түзде сарғалдақ жайқалып, бүршік жарған қайың жапырақтары алақандарын жайып, көктем самалына дірілдеп тұр.

Қалын нөсердің артынан шайдай ашылған аспан жаңбыр суымен тазарғандай мөп-мөлдір. Көкжиекте аккумуля тізілген акша бұлттар шуақтап жатқан тәрізді, бүлк етпейді.

Көкшетау өңірінің дер шағына келіп, бой түзеген қыздай сыланған кезі бұл.

Қыстан қысылып шыққан жатақ ауылдар да аркасын қарыған аяздан арылып, белін жаза бастапты. Шағын үйлі Қантай ауылының маңында арық-тұрақ малдар көкке кенеше жабысып, қазыққа арқандап қойғандай ұзай алмай жүр. Манайдағы көлшіктерді қанағат тұтып жайлау іздемейтін қысқа жіпті жатақтар жер үйлерінің сыртына — қарға адым жерге қараша үйлерін тігіп жатыр. Киізі кем кедейдің үйі де кем — бірінікі керегелерінің артқы жағынан он шақты уықпен көтерген тонқайма болса, енді бірінікі екі туырлықты, уығы қысқа, үзіксіз жаба салма.

Күн сәске түс еді. Жер үйдің төбесіне төсеген терінің үстінде күннің шуағына мандайы жіпсіп, салқам-салқам болған екі керегелерін қайтадан көктеп отырған кара шал ұнғысын тастай салып алысқа көз тікті. Қасындағы әнші баласы Сұлтанмұрат та орнынан ұшып тұрып:

— Мынау бір үлкен көш қой, қай ауылдікі болды екен, — деп танырқай қалды.

Шағын ауыл әлгіндей болмай аяғынан тік тұрып, бәрі де көш жаққа қарасып тұр.

Ұзыннан ұзын шұбатылған көш ауылды жанай дабырлап өте берді. Адам да, мал да аралас. Кісінеген жылқы, маныраған қой. Көш алдында биік атанды бұйдасынан жетектеген мес биенің үстіндегі кемпірдің ақ шағаладай күндігі бұлғақтап барады. Қаздай тізілген он шақты түйенің қомына артқан жүк адам айтқысыз. Ішін жүнмен тығындаған аттың желдігі сияқты екі өркешке кигізген жадыны айналдыра салған текемет ортасында мойны қылқиып шулаған кебеже, ораулы текемет алаша, кілемдер теңселіп, маң-маң басқан түйе ырғағымен бірге ырғалып, тербеліп барады. Көш айналасында ат үстінде бірін-бірі қуып, ойнап жүрген жастар, құнан мінген бозбалалар, тай жарыстырған жас балалар. Бәрі үлде мен бүлдеге оранған. Айыл-тұрман күнге шағылысып жарқ-жүрқ етеді. Көштің дәл орта тұсында екі жағына ерттеулі екі бос ат жетектеген су жана кара пәуеске кетіп барады.

Көш соңында радуанға, екі аяқты шикылдауық ағаш арбаға жеккен аттың басында мәсілі аяқтары салбыраған әйелдер де отыр. Арба ішінде киіз үйлердің дестелеп салған сүйегі. Ара-арасында қырық жамау жүдеу киінген бала-шаға, күнге шағылысқан жез самауыр, леген, қазан-ошак. Бұлар мал бағатын бакташылардың, есікте жүретін малайлардың үй іші болса

керек. Олар да өздерінше масайрап, көктемнің жарқын күнінде алыстағы жайлауға шыққандарына қуанып бара жатқанға ұқсайды.

Ауыл маңында көбелек қуып, асық ойнап, топай атып жүрген балалар да ойындарын тастай беріп, көшке араласып кетті. Жүндері түлеп, жоны жылтырай бастаған иттер де көздері шатынап, көштің о жерінен бір, бұ жерінен бір сумандап, арбап кіріп, жат елдің иттеріне айбат шегіп, шабаланып жүр. Қайсыбір шыдамсыз кемпірлер жаулығын ала жүгіріп, бұрын көрмеген бөтен адамдардың шаужайынан алып:

– Бұл кімнің көші, кімнің малы?

– Қай жайлауға барасындар?– деп, ынтығып сұрап жатыр.

– Бұл – Бәкеннің ауылы.

– Бактыбай, Тастан, Шағатайлардың көші,– деп ат үстіндегілер де жүре жауап беріп, өтіп кетті.

Иә, бұл – Бактыбай көші. Мандайына жүздеген актылы-каралы мал бітіп – шала байып, тандайы ағарғалы оның кан жайлауға тұнғыш шығуы. Бұрын жайлауға қорадан шыға көшетін Бактыбай биыл мамырдың аяғында ырғалып-жырғалып, сән-салтанатпен үдере көшіп келеді. Оның сыры бүкіл қарауылға мәлім. Атақты бай Сүтемген күрдасы биыл жайлауда қатар қоныстайық деп, жылда барып жүретін Сасықкөлдi інісіне беріп, әдейі Мезгілсорды қалап алған. Қызылжар шәріне апарар кең қара жолдың екінші жақ бетіндегі інісі Шәлтіктің Ақшасорын биылша Бактыбайға сыйлады. Тап көшер алдында Ақтоқтының төлемі – қалың мал да келген. Қалың мал болғанда да малдың өңкей сұрпы – биыл туған төлдерін ерткен балаулы қырық жеті. Бөтен елге келген қонды мал қыстан көтерем боп шыққан Бактыбайдың малын менсінбегендей үйір-үйірімен асылдың сынығындай ерекше көрініп барады.

Ақтоқтыға жасалған жасаудың ішіндегі ең қадірлісі – ресорлы қара күйме көштің бел ортасында. Күйме ішінде үш адам: Бактыбай, әйелі Дәмелі, қызы Ақтоқты.

Тығыршықтай келген кіші-гірім тегенедей ғана бұлтиған қарны бар, қонқак мұрын қысық көз Бактыбайдың аузында дамыл жоқ. Жаңа ғана көшті аралап келіп, кереге жал қара айғырын жетекке байлап, күймеге отырған. Отыра сала танергеннен айтып келе жатқан «гөй-гөйіне» басты:

– Әлі күнге дейін сенбеймін, осы, шынымен, құдайтағала Сүтемгенге құда қылды ма?– деп шыбық сисадан тіккен көйлегенің түймесін ағытып жіберіп, шілдеде басынан тастамайтын сенсен бөркін алып, тершіген бұғағын, кеудесін

сүртті.— Аллатағала жарылқайын десе бір-ақ күнде екен-ау. Тәубә, тәубә!

Бактыбайдың бойы сәл қалқынқы, дене бітімі тік, ақ сары бәденді Дәмелі шалқая біткен жінішке қасын одан сайын керіп, еріне жактырмай қарады:

— Немене, соншама түк көрмегендей қайта-қайта өзеурей бересін. Сүтемгенмен құда болғанға құдаймен құда болғандай. Бір айтқаныңды бүгін жүз айттың ғой.

— Батыреке-ау, енді өтірік пе? Сүтемген кім, біз кім?

— Қой әрі, жоқты айтпай. Немене, сонда көрінгенге берердей, далаға тастай алмай жүрген баламыз бар ма екен. Ақтоқтыдай күніме Сәменнің Сүтемгені түгілі, уыз емген хан баласы құда түсер. Бір мезгіл жұрттан үялсайшы, жерден жеті коян тауып алғандай болмай!— деп, Дәмелі жағасыз сарт шапан жамылып, күйменің бір бұрышында қысылып, бүрісіп жатқан қызын ымдады.

— Ей, жұрттан үялғанда не сонша, мен ұрлық жасаппын ба, біреудің ақ адал малына қиянат етіппін бе! Мал алсам, алақаныма салып үлбіретіп өсірген қызымның қызығына алып отырмын. Жұрттын мәж топай қыздарына балаулы қырық жеті түгіл, балаусыз қырық жетінің өзі түгел келмейді. Келсе, арық-тұрақ, қотыр торпақ бірдемелермен, әйтеуір оты, орнын толтырады. Осы отырған күйменің өзін сонау Омбы-Томбыдан солар әперген жоқ па? Сенің қай әкең мұндай солқылдақта отырып еді? Іші күйгендер мейлі тұз жаласын. Ішіне кара пышак неге сұғып алмайды.

— Жарайды аспай-ақ кой, — деп Дәмелі кимешегінің жағын саусағымен түзеп, бетін сыртқа бұрды.— «Бай мен бай құда болса, арасында жорға жүреді, кедей мен кедей құда болса, екеуі де амалы жоқ зорға жүреді» деген. Әркім өз қызығын өзінше, қадари халінше базарлайды, несіне есіріп, есін шығып әулекілене бересін.

«Әулекі» деген сөз Дәмелінің аузынан әбден шыдамы таусыла бастағанда шығатын. Бұдан әрі «сыбағанды беремін, енді доғар» деген емеурін тұратын. Ақылды, әрі бір бет жамағатынын бұл сырын білетін Бактыбай мұндайда әңгімені көп көпіртпей қысқарта қоюға әккіленген. Және қысқартқанда сөзден мүлдем тыйылмайды, бос сөзге жаны құмар сөзуар, бір мақтанса түбі түскен шелектей бөсе беретін кеппе, әшейін, сөздің бетін ғана желдің өтінен бұра қояды. Қолма-кол әйеліне жағынудың шарасын ойлап, ашу үстінде теуіп жібергендей анадай жерге ұшып барып төрт тағандай түсіп, иесіне құйрығын

бұлғап қайта келетін жасық мысық құсап қибыжықтап, көзі кілегейлене қалады.

Шаруаға қылап, ұстаған асына берік, ыдыс-аяк, көрпе-жастық, киім-кешегіне бір қыл жұқтырмайтын таза, алысты жақындатып, жақынды туыс етерлік тілге де бай, дәм-тұзы да әсте ортаймайтын қолы берекелі – нағыз бес аспап дейтін түз елінің әйелдеріне айтылатын мақтаудың бәріне Дәмелінің ісі сайма-сай. Ақылына өні, көркі сай. Бүгін күндегі шаруаға қиетін киімдерін түгіл тастап, алыс жерге, тойға барарда қиетін бір киерлерін іліпті. Неше құрсак көтерсе де сары қарын тартып құрсағы кенімеген келбетті әйелдің жеңіл қимыл шапанының ішінде белі қыздың беліндей қиылады. Бір қолына арасына маржан салған шарбақ жүзік, бір қолына бауыры тұтас, құс тұмсық күйма жүзік салған. Жағына мөрі таймаған сары қиғаш шытыра, бетіне, омырауына қызыл маржан қадаған кимешек ішінде ақсары жүзі бал-бұл жанып, рені кіріп, ерекше құбылып отыр.

– Бактыбай енді әйеліне бүгін көргендей өзеуреп, жұтына қарады да:

– Бәтір-ау, өзін күндегіден құлпырып, ителгінің балапанындай боп отырсың ғой. Тіпті көз тоймайды,— деп сығырая қалды.

– Ителгісі несі!

– Е, сүйгенін шұнағым демей ме?

Бұл – өзінше қулығы, жағынған түрі. Осылайша сөз аралатып барып, тағы да күпсігісі келіп, орайын күтті. Үндемей қалуға да болар еді, бірақ мына көш, сән-салтанат қайта-қайта жұлын құрттай жыбыршытып, іштен түрткілеп, желпінбеуіне қояр емес.

Тап көшер алдында Дәмелі:

– Мына малды несіне қотанға иіріп қойдың. Жайлауға алдын-ала жібере берсен де болмайтын ба еді,— деп ерінің не ойлағанын сарапқа салмай, әшейін сөз арасында айтқан.

Мақтанарға келгенде бүкпесі жоқ, қолқ етпе Бактыбай бар ойын актара салды.

– Дәмеш-ау, биылғы жыл құдайтағаланың бізге құты түскен жылы емес пе? Мына көбейген малды бөлшектеп шашыратқанша, топтап бір-ақ айдасак, көзге түседі. Соның тап ортасында өзін кетіп бара жатсаң, ырғалып-жырғалып. Алдын-ала айдасаң, мына дөденнің малы екенін кім біледі, құр айтқанға сене ме осы күнгі жұрт,— деп Бактыбай кеудесін қағып-қағып қойды.

Ә дегенде «не айтып келеді осы» деп түсінбей тұрған Дәмелі ерінің қолы кеудесіне қарай көтеріле бергенде-ақ «е, әшейіндегі бөспе ауруы екен ғой қысып отырған» деп, әжімсіз, толық, салалы саусақтарын тарбита, қолын бір сілтеп кетіп қалған.

Қазір көш ортасында айғай-шуға, жеңіл де болса көп малдың аяғынан көтерілген шанға қамалып келе жатқандары мынау. Бірақ оны елер Бактыбай жоқ, қайта масаттанып, бағанағы сөзіне қайта оралды:

– Амандық боп биыл Токтымды құтты орнына қондырсақ, сосын Сүтемгенмен бірге көрге кіргенше қызықты бірге көрсек. Енді, кемпірім, бұрынғыдай үйде отыру жоқ, шақыратын адамдар да көп, баратын жер де көп. Сүтемгенмен ана шынжыр балақ, шұбар төс Шынғыс әулетінің де қарым-қатысы жақсы. Ол жақсы болды дегенше, біздің де тереземіз тенелді дей бер.

– Қой енді, тап төре тұқымымен терезем тенеледі дегенді аузына алмай-ақ қой. Бір кетсең, тым алысқа шауып кетесің-ау, шалым, – деп Дәмелі енді жұмсара сөйледі.

– Еһ, тенелмейтін несі бар. Биыл қысқы соғымға бір үйір жылқы соямын. Алысты да, жақынды да шақырып, құдай берген ризықты бір шашып көрейік. Дөденнің байлығы жетеді оған. Бұрын Шынғыс, Мұсаларды шақырудың қыбын таба алмай жүруші ем, енді сылтау бар, аллаға шүкір. Сүтемгеннің мың жылдық құдасымын. Токтымды осы жайлауда отырып ұзатамын. Осы Омбы өңірінде неше болыс бар, сегіз бе, он ба – бәрін шақырам. Мейлі, ішсін, жесін, ет пен қымызды мелдегінен келтіріп, ауыздарынан шығармасам, атым өшсін. Ықылық атып отырып, «Бақанның майы бетінде томырылып жүзген сары қымызындай қымыз ішіп көргем жоқ» деп аузын аша бергенде кеңірдегінен келген қымыз езулерінен ағып жатсын. Кекірігі азып, кеңірдегі сасыған жампоз мешкейлер, өмір бойы аузынан тастамай «Бақанның қолынын кені-ай, ондай ас та төк асты ғұмырымда көргем жоқ, содан бері асқа қарай алмай қалдым, майдан біржола шығыппын» деп жүрсе, шіркін. Тұра тұр, бәйбіше-е-е, биыл осы қан жайлауды қан сасытпадым бар ғой!.. – деп, Бактыбай тағы да бірді айтып, бірге кете берді.

«Жаманның айтқаны келмейді, сандырағы келеді» дегендей Бактыбайдың айтқандарының көбі шындыққа сая бастаған. Ақтоқтыға құда түскен Сүтемген биыл жайлауға іргелес шықты. Бұл – ауылы ауылдас, қойы қоралас болудың алды. «Болған жердің қызы» атанған Дәмелі Бактыбайдың табалдырығын аттағалы біртүрлі басылып, бұрынғы сауық-сайраннан айрылып, үнжырғасы түсіп жүруші еді. Жиын, тойға, құдалық

шақырған жерге алдымен шақырылса да, Дәмелі жұрт тарарда бұрын кететін. Ақыл, накыл сөзге шоркак, әрі мақтанарға келгенде алдына жан салмай, төпелей жөнелгенде, Дәмелі жұрт көзінше байының бетінен ала алмай әдеп сақтап мысы құрып отыратын. Үйде де, түзде де әйелінен ғана жасқанатын Бактыбай енді ешқандай қақпай көрмеген соң, «е, мен түзу айтып отыр екем ғой» деп, ішек-сілесі катып, мазақтап отырғандардың сынайын түсінбей, масаттанып, өрескел бірдемені қойып қалғанда, Дәмелі үйіне кара жердей боп қайтады. Енді аталы елге, атакты жерге қызын ұзатқан соң әлгі Бактыбай айтқан жақсы мен жайсандарға бұрынғыдан да молырақ араласарына көзі кәміл жетеді. Соны ойлағанда «әлі талай шашымды ағартарсың-ау» деп отырды да, Дәмелі «қой, күл болмаса, бұл болсын, жатырынан шыға жамбастай жатып жайыла сөйлейтін Бактыбайды қартайғанда жөндеймін бе, одан да ендігі қалған ғұмырымда жақсылармен араласып, дүниенің қызығын көрейін, басыла-басыла болдым ғой» деп, ері айтып отырған қуанышка іштей ортақтасқандай болды. Қыстыгүні жеңіл көшәбаға танауынан құшак-құшак буы бұрқыраған қос атты парлап жегіп, ат тұяғынан ұшқан боран ішінде қалың қасқыр ішікке оранып алып, сыдыртып жүріп жақын-жұрағаттарды, құда-құдандаларды аралағанға не жетсін! Кен сахараның осынау бір тамаша салтанатын ойлағанда Дәмелі қызыкпен кешкен өмірге тойымсыздана беріліп, құныға түседі.

Бактыбай көші күн қайта маңында шок ағашы көп, суы мол томарға кеп аялдады. Бұл араға әлі ешкім шықпапты, кімнің жайлауы екені де белгісіз. Шөбі шүйгінді, суы тұшы жайқалған томарға түнеуді ойлап, жалшыларына бай бұйрық берді.

— Әй, мұндар, бүгін осы арада түнейміз, қос тігіндер,— деп көшті аралап кеп, шөктірген түйелерінің бас-басына жеке келіп, әрқайсысының бұрауын байқап көрді.— Мына ақ шелек келгірлер аунап қоймасын, байқап отырындар. Әй, ант атқырлар, қыруар малды тышқак тигендей қуа бермей, иіре оттасандаршы... Ана ала айғыр құданың көк айғырымен тебісіп қалмасын...

Күймелі арба жолдан шығып, жердің тонқылдағымен жүріп, томардан әрірек кеп тоқтағанда:

— Әй, бейбак, томарлы жермен жүруін қарашы, құдайдың мидай даласы тұрғанда. Көзіне қарасаншы, анау көз бе, қотыр ма? Күйменің күпшегін сындыратын болды-ау. Әй, жексұрын, андағы казак арба деп тұрмысын, күбернатор мінетін бәуеске

емес пе, көрсоқыр!— деп Бактыбай аттарды жетектеген атқосшы баланы анадайдан жерлеп келеді. Дәмелі күймедегі қызына:

— Токтым-ау, ақ тоқтым, бір мезгіл тұрып бой жазсаң етті арбада жата бермей. Мұның не — шықкалы бүрісіп жатып алғаның,— деп, басынан сипады.

Өз қайғысы өзінде боп, іштей күйіп жатқан Ақтоқты шешесіне үн қатпады. Елден аттанғалы бұрын ауылдас боп отыратын Ақан ауылынан ұзай бере, енді мүлдем көріспейтіндей болып, артында қалып бара жатқан асыл мекеніне көзі жетпесе де, аландап қарай берген. Оның үстіне жол бойы әкесінің айтқан сөздері, басын қанша түмшалап алса да, құлағына келіп, әбден мазасын кетірді. Ертең келін боп түсер жерін ойламаса да, жүрегі кобалжып, тілемеген, қаламаған сұрғылт күндердің жақындығын сезіп, көңілі енжарланып, екі күннің ішінде көзі кіртііп, қатты құлады. Бетін ашып қараған Дәмелі ақмаралдай қызының қуқыл тартқан, сынық өнін көргенде шошып:

— Ботам-ай, өңің қашып кетіпті ғой, ауырып қалғаннан саумысың. Қай жерін ауырады, басын ба?— деп алақанын кең маңдайына басты. Қызының маңдайынан ыстық білінбеген соң, айналып-толғанып, тағы да сұрақты жаудыра берді.— Әлде арбасы бар болғыр соғып тастады ма, әлде ішің ауыра ма?..

— Иә, мазаламашы, апа,— деп, басқа жауап бергісі келмеген қызы басын сарт шапанмен қайтадан түмшалап, бұрынғыдан бетер бүк түсіп жатып алды.

Дәмелі шын шошыды. Тап кетерде келген қалың малмен бірге, жаясына маса тайып жығылғандай былқылдаған арда емген семіз тай өлтіріге келген. Өлтірі, әдетте, қалың малдан кейін келеді. Кейде бір шалағайлықтан, не күйеу жағынын тағатсыз асығыстығынан болмаса, өлтіріні қалыңға қоспайды. Қоса қалған екен, не малды, не қызды жасырады. Қашан өлітірінін етін жұртқа таратқанша қыз қалың малды көрсе, оған іш ауру — кірне жабысады. Бактыбай әлгі тайды елде соймай, жайлауға шыққан соң, жаңа қоныстың тойына екі бозқасқамен қоса жұртқа берем деп, көп малдың ішіне қосып жіберген. Қазақтың ғұрпын жақсы білетін ырымшыл Дәмелі, «қызым малды андаусызда көрген екен, құдай-ау, ауру жабыспаса игі еді» деп қатты абыржып, арбадан түсті.

Бактыбай қосты елден ала бөтен томардың бір шетіне тіктірді. Дәмелі: «қызым ауырыңқырап келе ме қалай» деген соң, байдың зәресі ұшып, айқай-шу, абыр-дабырдан бөлектеп, аулаққа қондыртты. Алдында бір түн болса да биіктеу, әрі кең болсын деп шаңырақ салмай тіктірем бе деп еді, енді

жанталасып, өзі де жүгіріп, соңғы түйенің үстіндегі туырлықты тез ала бастады.

Туырлықпен ғана тігілген шанырақсыз қос қашан ақ киізбен жабылғанша Ақтоқты үнсіз жата берді.

Бір кезде өң бе, түс пе, құлағына ыңылдап салған ән келді. Ақтоқты шошып кетті: «Бұл не, түс көріп жатырмын ба, әлде шынымен ауырып қалғаным ба?» Жоқ, ән тағы қайталанды. Ақтоқты басын жұлып алып, құлағын басты. Ән ызындағандай, алыстағандай болды. Қайтадан ашып еді, күйменің оң жағынан жақыннан шықты. Ана жолы Тастан ағасының үйінде отырып Ақан айтқан өлен:

«...Кия тас киынына қонсан дағы,
Қайшылап канатымды бұрам дағы»,—

деген сөзін анық естіді. «Апыр-ай, шынымен канатын бұрғаны ма, осы араға келіп қалды ма» деп, Ақтоқты күйменің жібек пердесін ашып қалғанда анадайдан ат үстінде баяу ғана ән салып, белгі беріп, тісі ақсия күлген Шәкейге көзі түсті. Ақтоқты көрген соң Шәкей енді бөгелмей, тебініп қалып, бұлаң құйрықпен алға қарай оза берді.

Ақтоқты күймеден қалай домалап түскенін өзі де білмей қалды. Есі шыққан адамша төрт тағандай құлап, арбаға қайта бұрылды. Үстіндегі судыраған көк бұрса көйлектің көлдей етегі бірдемеге ілігіп қап, жібермей жатыр. Дірілдеген қолы икемге келмеген Ақтоқты оны ағыта алмай әлек.

Қос тігілісімен мамық төсек салып, Ақтоқтыны жатқызбақ боп күймеге қарай беттеген Дәмелі қызының мына түрін көріп зәресі ұшты. Жан ұшырып кеп, қолтығынан демей берген ана байғұстың көзінен жас ыршып кетті.

— Күнім-ай, жарығым-ай, не болды?!

— Апа, ештеме болған жоқ,— деп бетіне қан үйіріле қалған қызының жарқ етіп өзіне бұрылғанда барып ерні кемсендеп, күліп жіберді.

— Тәубә, тәубә! Жазылдың ба, кішкене, жарығым?! Айықтың ба?!

— Жазылдым, апа... Бірақ... Басым зеніп тұр, біраз серуендеп, сейіліп қайтпасам... апа, атқа мінетін киімдерім жақында ма, әперші.

— Қазір, қазір. Бәсе, сүйтші, құлыным, әлдекім құсап сарғайып жата бермей,— деп Дәмелі күйменің алдыңғы жағындағы қол сандықты ашты.

Жылда қан жайлау түгілі, он-он бес шақырым жердегі қысқа жайлауға шыққанның өзінде атқұмар Ақтоқты ертеден кара кешке жорға үстінен түспейтін. Бұл жолы үстіндегі қыз киімін де ауыстырмай, таранып, сыланбай, жол бойы езіліп жатқаны әлгі...

Ақтоқты күйменін ішінен жұтынып шыға келді. Басына құндызы жалпақ қайырма бөрік, аяғына сал жігіттер киетін қонышының аузын тіс-тіс қып көк, қызыл жіппен жиған табаны түзу шонқайма етік, жеңіл кимал шапан, белінде гауһар тасты кәмөр белбеу, қолында бүлдіргелі тобылғы сап қол камшы. Ерінін қасын кара ала кавказдатып күмістеген, қызыл атанымен тыстап, шым кестемен оюлаған кестелі тоқымды, айыл тұрманы жарк-жүрк еткен ақ боз атқа ер балаша лып етіп отырды. Кешеден бері айналасындағы әрлі-берлі шапқылап жүрген аттарға оскыра карап, оскырынып, әлсін-әлсін көлденендей басып, делебесі қозып, шылбырын үзердей көкке қарғып, жетекке зерігіп, құтырынып келген ат Ақтоқтының тақымы тиер-тиместе ала қашты. Ат құлағында ойнап өскен қыз қысылған жоқ, жұрттын көңілін аудармайын деп, тізгінді іле жиып алып, атты аянға түсірді. Ауыздығын қарш-қарш шайнап тізгінді сүзе тартқан ақ боз ор текеше орғып, желігіп келеді.

Сыртынан карап қалған шешесі қызына әрі қызығып, әрі масаттанып, көңілі өсіп тұр. Бөріктегі бұрама балақ үкісі бұлғактаған Ақтоқты алыстан жығалы қоқы киген сымбатты бала ханға да ұқсайды. Қызының әп-сәтте өзгеріп, ерекше бір көңілді күйге енгенінен жанашыр ана түк секем алған жоқ.

Ақтоқты Шәкейді анадайдан көріп, сонынан еріп келеді. «Ақан жіберген ғой, не сәлем айтты екен, хат берсе, жаңа тастап кетпес пе еді, мұнысы несі?!» деп, көштен ұзай бере ат тізгінін босатты да, сар желдіріп кеп, хабаршысымен қатарласты. Шәкей аса аңғармаған болып, бір ғана көз тастады да, «сонау шок ағашқа» деп камшысымен андаусыз белгі беріп, өзі басқа жаққа қарай шоқыта жөнелді.

Қазақта: «Қызға қырық жерден тыйым, қырық үйден карауыл», «қыздың жолы жіңішке» деген сөздер бар. Бұл жол қыз кәмелетке толып, бойжеткен шағынан басталады да, қашан келіншек боп жат жерге түскенше ирелендеп, таусылмай жүре береді. Айттырылып қойған қыздың күні одан да жаман, жолы одан да жіңішке — Ақан келіп кеткелі ешкім туралап ештеңе айтпағанмен, бойдақ, сері жігіт пен қыздың көз қарасын аңдап қалған жұрт әлденеден секем алып, екеуінің арасындағы жақындықты нобаймен жобалап, түспалмен сөз қылған.

Сыпсыкай өсектің кейбірін құлағы шалған Ақтоқты ойында ештеме болмаса да, сак жүріп, андап басатын. Ақаннан келген жасырын хаттарға жауап бермесе де, өз-өзінен көңілі толқып, хат үзілсе тағатсыз күтетін. Ақанның жазатыны, көбінесе, өлен хат. Ақтоқтыға арналғанмен кейбірінде, аты аталмай, жалпы қыз атаулыға бағышталған ашықтық хаттар сияқтанатын. Ауыл жастары оны өлен етіп айтып, кейбірін өздері шығарғандай, сүйген қыздарына жазып жіберетін. Бірақ қанша атсыз болғанмен, кейін ол өлендердің Ақандікі екенін біліп, жұрт Ақанның «Ой, қалқа, біздің көңіл қайда жатырын» айтшы, «Қарағым, қарақаттай көз жанарымын» айтшы, «Қарағым, жіберейін сізге сәлемі» қандай жақсы деп, ауыздарынан суы құриды.

Ақанға Ақтоқты қатты ұнаған. Оның көркі ғана емес – жолда кездескендегі балалық ерке мінезі, қатар отырып сөйлескендегі еркін ашықтығы. Бірақ акын хат арқылы көңілін түспалдап білдіргенмен, өзі жолығып, жеке отыра алмаған. Секем алған ауыл ішіне келіп, көзге түсе беруді лайықсыз көрген, әсіресе, Ақтоқтыға сөз ермесе екен деп өзін-өзі ашық жүруден тыйған. Рас, бұған дейін әншіде мұндай мінез жоқ еді. Жасынан атастырып, әкесі алып берген атақты Шомат қожанын қызы, алғашқы қалыңдығы Бәтима араларын жиілетіп екі перзент көтеріп, қайтыс болған соң, екі-үш жылдай жігіттік серуен дегенді ойламай, жастығын аңшылықпен өткізген жігіт, келе-келе той-думанға араласып, ән айтып, жұртты аузына қаратып, сауық құра бастаған. Қайда тәуір қыз, қыз ұзату, үйлену тойлары болса Ақан елігіп тұратын болды. Ол жүрген жер думан, қызық. Ойын-күлкі, бозбалалық құрудан сері жігіт те әсте тартынған жоқ. Ал Ақтоқты жайы Ақанға бөлек көріне береді. Басында көп қыздардың бірі сияқты қырындап жүрермін деген әнші енді бұл қырындаудың басқа қырындаудан бөлек екенін өзі де сезе бастады. Ақтоқты ауылы жайлауға шығады дегенде Ақан да қасына Шәкейді ертіп, осы көшті алыстан жанап отырған. Ақтоқтыны қайтсе де бір көріп, жеке сөйлеспекке бел байлаған. Ақтоқты да осы ойда еді. Ақанның соңғы хатын алған ол, үнсіз жатқанына іштей ұялатын да. Ақан ол хатын өкпелеп те, наз ғып та жазыпты.

«Нұсқамен өлен жаздым, ей қалқатай,
Көргенде дидарынды көңілім жай.
Алмайсын бір сөзімді ілтипатқа,
Қыз жоқ па әлде сендей әкесі бай.

Тұрайын ұнамаса өз жайыма,
Жок болса айтқан сөзін жұбайыма.
Обалың өкпелесен маған емес,
Жаратқан жақсы қылып құдайына.

Ақмарал маканын бар биік жерде,
Мен жүрмін колым жетпей тілдесуге.
Ылайық жанабына жарасуға,
Ылдидан аяғымды бастым өрге.

Осылайша бір-бірін көрмекке ынтығып, ұзақ уақыттан бері сағынып ұшырасқан екі жас оңаша шок ағаштың бауырында кездескенде көпке дейін тілдесе алмай, үнсіз күлімсірей берді. Аттарын алшағырақ байлап, ағаш арасының көленкесіне енгенде барып жас бозбаладай ыңғайсызданған Ақан өкпелі үн қатты:

– Сіздің ауыл молдасы көп ауыл деуші еді, қағаз, қалам табылмағаны қиын болған екен.

Аппақ тістері ақсия күлген Ақтоқты, қыстағыдай емес, өні аққұбаланып, мұрты қап-қара көмірдей боп, бұрынғыдан да сұлулана түскен, сұңғақ бойлы, мойны ұзын, иықты жігітке тура қарады:

– Ақан аға, хат жазуға шорқақпын. Сосын не деп жауап беремін. Сіз аға, мен бір қарауылдың ішіндегі қарында-сыңызбын. Айыбымды арқалауға әзірмін. Соны Құлагердің үстіне жапсам ба деп ем,— деп жұқа желбегейінің ішінен бүктелген сары жібекті ала берді.

– Атка жапқанын қалай, Кербестінің айыбы не?

– Ең алғаш сол Кербестімен қуып жетіп, шылбырымнан ұстап едіңіз. Ол болмағанда...

– Ол болмағанда жаяулап қусам да жетер ем ғой,— деп, Ақан да күліп, Ақтоқтының қолынан алған жібекті жазды.

Көл-көсір жаңа жібектен тіккен ат жабу екен. Ақанның көзі жайнап, Ақтоқтыны қолынан ұстап жетелеп, артқы тұяғының ұшын салқын жерге қадап, бір жамбасына қисая, сүлк тұрған Құлагерге жүгіре басып келді.

– Қалғыма, марғауым, міне, саған Ақтоқты жабу әкеп сыйлап тұр. Жамылшы, Құлагерім – канатым!— деп аттың үстіне жабуды үлбірте жапты.

Құлагер де иесінің көңілді ыңғайын танып, ақ қайынның бұтағына артқан иегін алып, аялы үлкен көзін бір төңкере қарады да, төрт аяғына бірдей салмағын салып, түзеліп тұрды. Үстіне жабу жауып Ақан шегініңкіреп қарағанда, Құлагер де

күлағын кайшылап, үстіндегі жабуға сол жағына бір, он жағына бір мойнын садакша иіп қарады да, кайтадан иегін бұтаққа артып, керіле түсті.

— Ой, марғауым менін. Аздап мақтаншактығы да бар өзінің,— деп Акан атын еркелетіп, мойнынан какты.

— Серінің аты да сері болуға тиіс кой, Акан аға.

— Сонда калай, сері — мақтаншак дегенің бе?

Актокты күліп жіберді:

— Егер мақтана білмесе, сері болмас еді, жарасымды нәрсе ғой. Орынды мақтаныштың өрескелдігі жоқ па деймін.

— Сөз тапқанға колка жоқ,— деп, Акан жымындап, жабуға карай берді. Аттың тілерсегін жапқан жылт-жылт еткен шымкай сары жібектің етегіне айналдыра таққан кан кызыл кою шашак бұйра шашасына дейін түседі. Айналдыра шетін екі елі етіп шым кестемен оюлаған. Оның асты-үстінен араларын бір сүйемдей етіп жалтылдаған кигаш, бөртпе, күмырска бел шытыраларды меруертпен араластыра калаған. Сарыға сарының жарасатынын Аканның түңғыш көруі. Аттың екі жамбасына келер түска балалардың бесігіне, шапанына қадайтын есек тас, жылан бас тастарды дөңгелете қадап, тап ортасына кып-кызыл асыл тас кондырыпты. Аттың екі кабырғасына «Қаракай», «Қаракай» деп хадымша кызыл жібек жіппен калың кестелеп, ірі етіп жазған. Бұл — атығай-карауылдың ұраны. Оның астына екі жол өлең ұсак әріппен жазылған: «Керіні таң асырып мінген кандай, үкілеп әсемдетіп жүрген кандай». Қалған екі жолы екінші жақ кабырғасында: «Ауылына өлендетіп сен кайтасын, бәйгеден атын келіп шаттанғанда!» Акан өзінің «Торыны таң асырып мінген кандай» деген өленінің баскы екі жолы мен сонғы екі жолын, атты бір айналып шығып, кайта-кайта окыды.

— Акан аға, ұрса көрменіз. Өленіңізде аз ғана өзгеріс бар,— деді Актокты киылып.

— Жок, калкам, тіпті дұрыс өзгерткенсің. Құлагердің үстіндегі жабуға торыны деп жазса, бөтен біреудің дүниесіндей көрінер еді. Ал, сонғы жолдағы «шаттанғандай» дегенді, аттын озып келген шағына ауыстырған екенсің. Тілегіңе мың да бір ракмет. Өзін акын екенсің ғой, Токтым!— деп калды Акан. Акындығыннан акылдылығың көрінгендей.

Актокты кызарандап, үңсіз төмен қарады.

— Сіздің акындығыңыз дарымаса да, бәрімізге дәйім ортақ болса, көңілге сол да демеу болар еді...

Қыз сөзін назар сала тыңдай калған Акан:

– Жаксы айттын-ау, Токтым,– деп тағы кайталап, ат үстіндегі жабуға кызыға, тойымсыз көзбен күлімсірей карап тұрды да, тебіреніп кетті:

– Ауызымен құс тістеген дүлдүлім, каз мойнынды тағы иіп, мөлдіреген миуадай, төнкерілген тостағандай көзінмен, Сарыарканын самал желпіп, алтын күні аялаған етек-жеңі кең көсілген сағым сары беліндей, шашағымен жер сипаған үстіндегі жабуыңа тағы, тағы карашы. Неше күндер, неше түндер бота көздін нұрын салып, ак сүйріктей саусақпен, шым жібекке төккен екен қыз өнерін аямай. Ак жанбырдын тамшысынан мөлдіретіп, құлыншактын ак тісіндей тізілтіп, ак моншакты, жылан басты қадаған, шығар күннің шапағындай, зерлеп ока жүргізген жабуыңа бір айналып карамай, өтер екен кай адам. Құжынаған талай топтын, аңыздаған көп жұрттын көшесінен «Қарақайлап», үздік келіп өткенде, екі көзден жас домалап, жүгірермін сүрініп, сонда алдымнан тал шыбыктай бұратылған, тобылғыдай майысқан қалка тайдын жүзі шығар елестеп. Құлте құйрық манмангерім, жабу салып көлбендетіп, аянға сап жетелеп, окшау шығып желдетіп, қуаныштан ән салғанда, көкейімде, көзімде домбыранын шегіндей, көбелектің канатындай дірілдеген сезімде сен тұрарсың күлім қағып, қуат беріп, қарындасым Ақтоқтым! Манмангерім, Қурайкерім, Құлагерім, тұлпарым, ерге канат, жерге жанат, елге шырақ сұңқарым, үнсіз жүріп, мың ділмардан артық көңіл білдірген, көп ұйқысыз түндер бөліп, мың ділдәдан артық шапан кидірген, жаны – ақын, көңілі – әнші, сәнді, сұлу өлендей, асыл туған бекзат бала, қарындасым Ақтоқтыға тәжім ет!

Үйретілген Құлагер иесінің соңғы сөзін естігенде, бұрылып, бір тізесін сәл бүгіп, басын қайта-қайта шұлғып, Ақтоқтыға тәжім етті.

Ақындықпен өзін-өзі ұмытып шалқыған Ақан қасындағы Ақтоқтыны бас салып, ақша маңдайынан қалай шөп еткізіп сүйіп алғанын да аңғармай қалды. Ақтоқтының екі беті алаулап кетті.

Қайта қырындаған Құлагер екі көзі мөлдіреп иесіне өкпелегендей қылыш мойнын бұрып карағанда барып Ақан басын шайкап күлді де, өзі икемдей берген атының маңдайынан барып сүйіп, мойнынан какты. Құлагер өкпесі тарқағандай иегін бұтаққа қайта артты. Ақтоқты мына кереметке таң қалып, көзіне жас үйіріліп, ақынға бір, атқа бір жауаңдап қарай берді.

– Қанатым менің. Өзі қызғаншақ-ақ. Біреуді сүйгенінді қорсе, ол да мандайын тоса береді,— деп аңғал акын не айтқанын байқамай қалды.

Көз жасына булыққан Ақтоқты оқыс күліп жіберді:

– Онда, Ақан аға, Құлагердің көнілін қалдыра берменіз. Тегі жиі қалдырасыз-ау деймін.

Осы кезде «ыһе-ыһе» деп жөткірінген дауыстан Ақан да, Ақтоқты да бойын жиып алды. Құлагер, «бағана көргемін» дегендей көзінің қарашығын ғана бұрып, ағаш ішінде жасырынып, тісі ақсия күліп тұрған Шәкейге ұнатпай қарады.

– Сен кашан келіп едің?

– Әлгі әзірде. Жастар жан-жаққа шапқылап жүр. Осы жаққа келіп қалса, үшеу болып тұрғанымыз жақсы ғой. Пой-пой, мынау не деген керемет-ай, өй, Құлагер, енді той жасау керек, той,— деп жап-жалпақ жауырынын қозғап, Шәкей Құлагерге таянды.

Ақан аз үнсіз тұрды да, ағаштын күнгеі бауырына қарай жүріп, қасындағы Ақтоқтыға бұрылды:

– Ақтоқты, жаңа сенің «Құлагердің көнілін жиі қалдыра бересіз-ау» деген сауалынды жауапсыз қалдырдым ба? Осы сұрақты бұрын да қойып едің. Есінде ме «Сіз қыздарды жақсы көресіз-ау» дегенін. Менің өлеңдерімнің де көбінше қыздарға арналатынын айтқан ен.

– Ақан аға, оны әшейін әзіл деп ұғыңыз. Ол кезде мен Қалқа бала едім ғой.

– Аз әзілде де бір мысқал шындық бар,— деді де Ақан жүресінен отырып, бір топ шөпті уыстады.

– Мына қарашы, Ақтоқты. Мына қос уыс шөпте бір-біріне ұқсамайтын неше түрлі балауса бар. Сырттай қараса түрі көп емес сияқты. Ал зер салып қарашы, осында тоқсан түрлі шөп бар. Мынау бүлдіргеннің жапырағы, мынау раң, мынау қымыздық, ат құлақ, жылан қияқ, мына бірі коза сияқты, енді мына бір нәзіктерінің аттары қалай екен, көл шетіндегі өлең шөпке де ұқсайды, бірақ өлең емес, ол бұл жерде өспейді. Мынау шөлпей, түйемойнақ, сүттіген мына бір гүл жара бастағаны, әлі үкісі жоқ бакбак. Ағаштын бауырына не бір жұпар шөптер араласып өседі? Мұның маңында сая да, күн де, көленке де, ылғал да жетеді. Ал гүлдердің сан түсті бояудан көйлек киген неше түрі бар емес пе, қарашы. Көкше өңірі жалпақ түз осындай бәйшешектей балауса қыздарға да бай. Ана ұшып жүрген араны көрдің бе. Акын да сол ара сияқты. Неше бір көздің жауын алған рауғашқа да қонып шырын жинайды.

Гүлсіз ара, арасыз түз гүлі болмаса, акын мен қыз күні де сондай. Біріне-бірі дем беруші, өсіруші, жетілдіруші. Акын да арадай бағбан. Ол гүлдің канатын сындырмайды, аялайды, арадай ұшып жүріп ән салып, гүл жырын, әсемдік жырын жырлайды. Менің гүлім сендерсіңдер – балауса қыздар. Маған әрқайсының бір тал шашың, кірпігің, айындай ашық көзіннің жанары, селт еткен қабағың, қиылған қасың, ыстық лебің, лүпілдеген жүрегін, күрсінген демін, дірілдеген ернің – бәрі де жыр. Мен соны жырлаймын, өмірдің көркін, қуанышын жырлаймын. Әттең шамам келіп жырлай алсам, бар сұлулықты өнге қосып шырқай алсам, екі дүниеде арманым болмас еді, – деп Ақан екі алақанын аузына қалқалап, айғай салды: – «Аһ-ау. Мен сұлуларды жырлаймын. Жырламайсың. Жырлайсың, жырламайсың!»

Әр жерге өскен шок-шок ағаштар: «Жырлайсың, жырламайсың», – деп жаңғырығып, бірінен-бірі іліп алып, алысқа әкетіп жатыр: «Жырлайсың, жырламайсың!»

– Әне, көрдің бе, Ақтоқты. Жаңғырық не дейді. Не айтсан, соны қайталайды. Жаңғырықта ой да, ес те жоқ. «Жырлайсың» деп тұрып, қолма-қол «жырламайсың» дейді. Жұртшылық арасындағы өсек те сондай. «Ақанда тұрақ жоқ, әр қызды бір өнге қосады, әр қызға бір көңілі ауады, алдамшы, тұрақсыз десе», өсекқұмар құлақтар соны құйып алып, санасына жүгіртпестен жаңғырықша қайталайды. Ал мен болсам, өлеңім де, сұлулық та кісендеусіз азат болса екен деймін... Айтқан жұрт айта берсін, бәрібір жасыарым жоқ – қыздарды жақсы көрем, Ақтоқты.

Ақтоқты көзі жаудырап, баладай қуанған акын мінезіне танырқап, акын сөзін ойына жүгіртті.

– Ақан аға, кешіріңіз, мен балалық жасаған екенмін. Кейін өзім де жанағы сіз айтқандай ойлап ем. Ойым дұрыс боп шықты.

– Онына рақмет, Токтым. Мен мүлдем ұмытып кетті ме деп ем.

– Ақан, Ақан, – деді осы кезде сондарынан жеткен Шәкей, – анад қарашы. Бұлар да ұя салайын деп жүр-ау.

Бір-бірімен алысып-алысып екі шымшық торғай, ұмар-жұмар боп, ағаш арасында ойнап, бұлардың алдындағы бір қайыңның бұтағына қонды. Шик-шик етіп сөйлескендей, жақтарын таяп сүйіскендей болды да, қайтадан таласып, ойнап, ұша жөнелді. Шыр көбелек айналып жүріп, шырылдап ағаштың арасына сүнгіп кетті.

– Біреуі ұрғашы, біреуі еркек, – деді Шәкей күрсініп, – олар да адам сияқты.

– Сыртынан андушы болмаған соң еркін қауышып жүрген азат күстар ғой,— деп Ақан соңдарынан ұзақ қарап тұрды.

– Әй,— деді Шәкей қуланып,— дәу де болса әлгі ұрғашы шымшық бар ғой, әлі тұрмысқа шықпаған қыз.

– Қой сен енді бүлдірейін деп тұрсын.

– Нені бүлдіремін. Мен бүлдіреді деп қорықпай-ақ қой.

– Жетеді деймін енді,— деп Ақан аттарға қарай бұрылды.

Шәкей Ақтоқты екеуінің сонынан қалмай, сөйлеп келеді:

– Жок, деймін-ау, менің ойлап тұрғаным, бұлар да қыздарын айттырып қоя ма екен, әлде сүйген торғайына берер ме екен?

– Түһ, саппас екенсін,— деп Ақан да, үнсіз жымыған Ақтоқты да қатты күліп жіберді...

3

Жайлауға орныққан Бактыбай, Тастан, Шағатай ауылдары көңілді. Қонсы қонған үйлер қыстан қалған сүрлерін кебеже түбінен, азбыншы үндарының арасынан шығарып, бір-бірінен сыбаға жесіп мәре-сәре. Жасы бес-алтыға келген еркек кіндікті бала атаулыны ауыл қожалары шетінен сүндеттеп, кішігірім ат шаптырған тойлар да өтіп жатыр. Қыз-бозбала күні-түні сауық құрып, қызойнақ салып, алтыбакан теуіп, ақсүйек ойнап мәз.

Шұрайлы жердің шүйгініне тойынған мал да токмейіл. Алысқа тентіремей, ауыл маңында жайылып оттаған мал сонындағы бақташылардың да жағасы жайлау.

Жолда жүзі сынық тартып, ауырыңқырап келе жатқан Ақтоқты күрт өзгеріп, қабағы ашылып жадырағалы бай үйінің де көңілі жай.

Осыншама масайрап, масайған ауыл салтанаты бір-ақ күнде су сепкендей басылды.

Жайлау арасы жақын болғанмен, Сүтемген, Бактыбай құдалар әлі бірін-бірі шақыра алмай, екі жастың алғашқы қауышу сәттерін күтіп жүрген. Жалмұқан күйеу жолымен ұрын келсе, содан кейінгі арадағы ырым-жырым басталып, той жабдығына екі жак та қамданбақ.

Бактыбай аулының қыз-желендерінің көзі төрт боп, алғашқы кезде ұры күйеуді көре алмай қалмайық деп, күнде Сүтемген аулы жағынан шыққан қарайған болса, желігіп тұратын. Ерке өскен Жалмұқан қанша тентек атанса да, қызды ауылға келерде жүрексініп, кешеуілдей берді.

Актоқты оны ойлаудан қалғалы қашан. Қыздың есіл-дәрті Ақан. Жатса, тұрса ойлайтыны да сол. Көкейінде сайраған әні де – Ақанның әні. Жадында жатталған сөз – Ақанның сөзі.

Ақан да кейінгі кезде бұл ауылды көп торуылдап, кейде ойын-сауыққа да араласып жұрт көзіне түскенмен, Актоқтымен жеке сөйлесіп, сөз байласудың қыбын таба алмай жүр. Серіге шын жаны ашитын сенімді адам бұл ауылда екеу: жігіттен Құлмақ, әйел затынан Қадиша. Актоқтыны жеке шығару Қадишаның ғана қолынан келеді. Сезікті елдің көзіне түсу – үйлену тойын жеделдетіп жіберетін қауіпті жол.

Құлмақ болса, Ақан мен Актоқты арасын әлі де біле қоймайды. Оның білетіні Қадиша. Ақан бозбалалық әуенімен сұлу келіншекке, кәрі байдың солқылдаған жас талдай тоқалына ара-тұра келгенде оны шығарып беретін, жеке табыстыратын осы жылпос жігіт Құлмақ еді. Енді өрімдей боп түрегелген Актоқтыға көңілі біржола ауып, өмірлік жар етуді қалаған. Ол ниетін Қадишаға қалай айтар, әдейі шақырып алып, бұрынғы әдетпен келген дәмелі келіншектің ынтық көңіліне қалайша кара пышак сұқпақ. Ақан өткен ісіне өкінді, Актоқтының жеңгесі Қадиша болғанына қатты қиналды. Бәрібір ағынан жарылмаудың реті жоқ, кейін басқа біреуден естісе әйел жүрегіне түсер одан асқан жара жоқ.

Ошақ басында сүт қайнатып, тамақ пісіріп жүрген Қадишаны Құлмақ сыртқа оп-оңай алып шықты.

– Ақан жолығып кетсін дейді, ана өзек жақта күтіп отыр, – деп біраз жер еріп келіп, бағытын сілтеп жіберген соң Қадиша көп аялдамады. Бәйбішесінің қасынан келген Тастан күн батысымен ас піскенше мызғып алайын деп төсекке киімшен қисайған. Үстінен жүріп өтсең оянбайтын ұйқысы қатты бай киіз үйді басына көтере қорылға басқан. Күнұзын малының манында болып, шаруасын жайғасып, түн болса үш әйелінің көңілін қалай табам деп егде, мосқалдыққа беріскісі келмей, үш керегенің арасында жанталасатын шаруақор бай үнемі ұйқылы-ояу маужырап, қалжырап жүреді.

Жастыққа басы тисе-ақ кәрі денесі ұйып, ұзақ, тәтті қорылға басатыны да содан. Күйеуінің ұйқылы сәтіне қуанған Қадиша Ақанның атын естігенде тағат таппай айдалаға қарай қалай дедектей басқанын да аңғармай қалды.

– Қай арада күтіп отыр, қасында кім бар, жалғыз ба, ешкімнің көзіне түскен жоқ па, – деп сыбырлап сұрап келе жатқан Қадиша Құлмақ шегіншектен қалғанда барып, есін жиғандай болды. «Апырау, мен осы несіне мәз боп келем, не

десем екем, бұ дүние не боп кетті» деген келіншектің аяғы шалысып, жүре алмай қойды. Жүрегі алып-ұшып барады. Көз алдына аяулы қайын сінлісі Ақтоқтының жүзі келді.

Анада жайлауға көшіп келе жатқан жолда Ақтоқты Ақанға жолығысымен өзімен сырлас жеңгесіне бар сырын күн аралатпай қолма-қол жеткізген.

– Қайдан білейін, еркем, – деп Қадиша Ақтоқтыны еркелетіп, қалжындаған: – Қордың қызына бардың дейін десем, өзін де қордың қызысын. Перінің жігітін көрген шығарсың, әлде Жалмұқанды көрдің бе?

– Қойшы, Қадиша, – деп бұртиған Ақтоқты ілезде қайта жадырады. – Перінің жігітінен де, он Жалмұқаныннан артық адаммен, жігіттің сұңқарымен кездестім. Саған айтпай жүрген бір күпиям бар еді. Кешіре гөр, женешетай. Тұңғыш кездескелі араға айлар аралап, ұмытармын, ойламасын деп салқын тартып үнсіз жүруші ем. Бүгін өзін көргенде жүрегімнің терең қалтарысында қалғып кеткен жастығымның қуаты қайта оянды. Сүю деген қандай тәтті дүние еді, сүйгенінді ойлау не деген ләззат еді. Қарашы, женешетай, менің көзіме. «Мың бір түн» хикаясындағы махаббат шарабына мас болған қыздардың көзіндей емес пе! Бүкіл айдай әлем қазір әдемі бір көгілдір түске бөленгендей, адамдардың бәрі де күле, қуана қарайтындай. Тамаша бір түс көріп, тәтті ұйқы құшағында жатқандаймын...

– Ол кім еді, еркем, бұл манда мен көрмеген ол қандай сұңқар, айтшы ынтықтырмай.

– Тап, өзін тап, осы өңірде кім бар еді одан басқа. Онымен тенесер қай жігітін бар. Соны да білмейсің бе? Айтқын келмей ме? Айтшы өзін.

Алғаш махаббат дегеннің не екенін түсініп, қуанған сәби қыздың мына қылығына Қадиша қызыға да, қызғана да қарады.

– Әдейі айтпайсың ғой, ә, Қадиша. Білемін, атын өзі атасын деп тұрсын ғой, білем, білем, – деп жеңгесінің алма мойнынан құшырлана қысқан Ақтоқты ыстық демімен Қадишаның құлағына сыбырлады, – Ақан, Ақ-а-ан!

Қадишаның жүрегі мұздай боп кетті. Ақтоқты оны сезген жоқ, жеңгесінен құшағын жазбай сөйлей берді, сөйлей берді.

– Сен байқайсың ба, Қадиша. Ақан биыл келіп кеткеннен бері мен де сөзшен болып барамын. Тегі жұғады білемін. Ділмарсып сөйлей бергім келеді. Ақандай болмасам да, көкейіме бір сұлу өрнекті, ұшқыр сөздер құйыла беретін сияқты. Сүю деген не деген бақыт еді, тіпті неге сүйгенінді білмесен де бақыт екен, шаттық екен! – деп күліп, құшағын

жазып жеңгесінің бетін өзіне бұрған Ақтоқты тосылып, үлкен көзі шарасынан шығып, аянышпен карағандай болды. Қадишаның көзінен ыстық жас сорғалап тұрған. Жүзін жасырып, бүркегісі келмеді. Бетін жыбырлата жорғалаған мол жасты біржолата шығарайын дегендей, Ақтоқтының алдында қыбырсыз тұрып, ағыл-тегіл жылады. Жанындай жақсы көретін, сүйкімді қайын сінлісінің қуанышын естігенде, жүрегіне байланған ғашықтық дерті сыртқа шығып, тыйылмай, көзінен тоқтаусыз аға берді. Екі бетін жас бұлап, үнсіз егілген Қадиша тамағына әлде не кептелгендей булығып, зорға шыдады.

– Саған не болды, Қадиша, неге бүйттің, жаным, женешетайым,— деп Ақтоқты екі бетінен алма-кезек сүйгенде барып:

– Қимаймын сені, күнім, сен де бір күні мені тастап кетесің бе?!— дегенді ықылық атып зорға құрады. Көңілінде «Ақан да менен біржолата кетеді» деген үзілген арманның ұшығы тұр еді.

– Жыламашы, көкетайым, мен әлі кеткен жоқпын ғой,— деп еркелей жұбатқан балғын Ақтоқты жеңгесінің көңіліндегі қасіретін сезген жоқ.

Міне, енді Қадиша Ақанға келе жатыр. Бұл келістің басқа келіс екенін де түсінеді. Ақанның көңілінде әлі жарылмаған қауын, аршылмаған жұмыртқадай Ақтоқты екенін де біледі. Бұған салса, Ақанды тірі пендеге кимас еді. Бірақ ондай иеліктің аулы тым алыс. Тастандай байдың қолына түскен келіншек жастық шағын, арманда қалған махаббатын жасырын жолмен өткізіп қапысын таппаса, одан басқа жол бітеу, тас қаранғы меңіреу. Оның үстіне Ақтоқтысының бақытына қалай қол сұғар. Енді Ақанмен арадағы жібек жіпті үзіп, көңіл суытып тыйылмасқа амал жоқ. Қадиша осыған бекінді.

Өзекке қарай таяна бергенде:

– Қадиша, Қадиша,— деп сыбырлаған дауыс шығып, алдынан екі қарайған көрінді.

Ақанның да жүрегі дүрс-дүрс соғып, жазықсыз келіншектің алдында не деп ақталарын да білмей, кінәлі адамның қалпында ұялып отыр еді. Қадиша қасына келгенде бұрынғыдай еміреніп, жылы құшағына да ала алмай, ұмтыла түсіп мүдіріп қалды. Қасындағы Шәкей аттарға қарай кеткенде де, аузына лайықты сөз түспей, үнсіз тосыла берді. Жігіт бойындағы ыңғайсыздықты сезген Қадиша араларында бұрын ештеме болмаған әшейін бір ауыл адамдарындай жарқылдап, өткен іске елеусіз қарайтын жеңілтек әйелдердің мінезіне салып, сөйлеп кетті.

– Иә, бұл жүрістеріне жол болсын, түнделетіп қыз аулап жүрсіндер-ау, ә, қулар. Ақан, өзің айтпасаң да білем, әйел жаны сезгіш келеді, тоқтымды аңдып жүрген қасқырсын ғой, жасырмай-ақ қой,— деп сықылықтап күлген болды.

Бұрын бұлай өктем, өрескел сөйлемейтін Қадишаның күлкісіндегі жарықшакты да аудармай таныған Ақан жас келіншектің жеңгетай кейпіне түскен жасанды қылығын аяп кетті.

– Қадиша, айналайын, менде қазір дәрмен жоқ. Жер дүниеде маған қорек болар жалғыз ғана тоқты қалыпты. Жақсыларды Тастекен сияқты аш бөрілер қоя ма,— деп сөзінің артын қалжыңға бұрған Ақан екі иінінен қапсыра ұстап еді, Қадиша иығын оқыс тартып алды.

– Ақан, алшак тұрып сөйлесейікші, біз енді жеңгетай мен күйеу баламыз ғой,— деп шегініп тұрды.

– Өкпен орынды, Қадиша, қайтейін.

– Не өкпе ол? Менің саған еш өкпем жоқ.

– Қадиша!..

– Ақан... серім, сенен сұрайтыным, арада жастықтың қылтын-сылтын кездері болса, оны ұмытайық. Ондай-ондай кімде болмайды. Өткен істі жаңғыртпай-ақ қой. Ал енді айтарын Ақтоқты ғой.

– Иә, ретін тауып, бүгін жолықтырсаң.

– Жәрәйді, бұйрығыңыз орындалады. Енді жүре берейін бе? Қазір тауып әкелемін,— деп Қадиша асығыс басып кете барды. Бұдан артық бөгелсе, сөз де көбейіп, өзінің шыдамсыз жайға түсетініне көзі жетті.

Сөзі де, күлкісі де асығыс. Бұрын бұлай сөйлеп көрмеген Қадишаның үні де, кимыл-тұрысы, бар қылығы Ақанға ерсі көрінді. Оның себебін де жақсы түсінген ақын, «шіркін-ай, дүниеге жана көзін ашып, бүршік жара бастағанда жокшылық құрбанына шалынып, қор болған қыз-ау. Өз теңіне қосылсаң, бір деген азаматтың жары болатын асылсың-ау!» деп қала берді.

Қадиша алтыбақанда жүрген Ақтоқтымен біраз сауық құрып, өткеншекте тербеліп ән салып, ауыл жаастарынан бір қаға берісте сыбыр етіп, үйге қарай алып кеткен. Былай шыққан соң, Ақандар жаққа кілт бұрылып, жана өзі келген жерге дейін әкеліп, кері қайтты.

Бір бұрым етіп өрген Ақтоқтының қалың шашындағы шолпысы сынғырлап, ұзақ зарығып күткен жігіт қасына жеткенше аялдаған Қадиша, ауыр бір күрсініп үйіне қарай беттеді. Мойнына ақ білегін артып тұрғанда, аш белінен

күшактап, ыстык лебімен аймалап, көзінен, ернінен үлбірете сүйетін сымбатты, сұлу Ақаннан ұзап, еміреніп, толғану жаратылысына жазбаған, жай шөппен бірге қыр гүлін де тілімен бір-ақ орап, комағайлана шайнайтын мүйізді хайуандай Тастанға қарай амалсыз аяқ басқанда Қадишаның екі иіні салбырап, ұнжырғасы түсіп, көңілі жаси берді. Жұпар иісі шыққан кен далаға өздері де жұпардай екі жасты, тең-кұрбыларын қалдырып, Тастанның түнгі тамағын алдына тосып, аяғын жуып, қасына жататынын ойлағанда өз тіршілігінен жерінгендей жүдеп, налып келеді.

* * *

Есік алдындағы оты маздап жанған жер ошақтың басында екі адам қарандайды. Ауыл-үйдін жігіттері. Тілі бір жақ ұртынан шығып жантәсілім еткен қойдың басын үйітіп отырған кара жігіт оттын жалынынан бетін қорғалап, тілін жалактатып, шалқалай береді. Тура қолындағы шала үйітілген бас құсап, Қадишаны көргенде тісін ақситып, үнсіз күлді. Білегін сыбанып алған сары жігіт – Құлмақ сабына дейін қызыл-ала канға боялған пышақты жас терінің үстіне бұтарлаған семіз еттің арасына тастай беріп, белін жазды.

– Иә, бұл ненін құрметі бейуақта, – деп сөйлеп келе жатқан Қадишаға аузын басып, «дауыстама» деген белгі беріп, Құлмақ сыбыр етті:

– Үндеме, женеше. Қонақ келді, қонақ.

– О, кім ол? Қандай қонақ мезгілсіз жүрген?

– Ұры қонақ. Қадірлі қонақ, – деп жігіт жымындағанда, Қадишаның жүрегі су етті: «Ұры қонақ!»

Енді кейін шегінуге сылтау жоқ: жігіттер көріп қойды, әйтпесе жасырынып барып Ақтоқтыға хабар берер еді.

Үйге беттеген Қадишаның алдынан жарма есікті сықырлата ашып, Тастан шықты. Үстіне жамыла салған жеңіл желбегейінің етегін жайқап, «бері жүр» деп әйелін ошақ басына әкелді.

– Күйеу келді, бар көріп шық. Сосын әлгі Токтым қайда, алтыбақан жақта ма, бір-екі қыз ертіп, тез алып кел. Ел-жұртқа сездірме, сен келген соң мен кетермін, – деп қысқа ғана бұйрық берді де, ошақ басындағы жігіттерге бұрылды.

Құлмақ үй иесі шыққанша қойдың қан-жынынан басқасына тимей, етін жеке-жеке мүшелеп бөлген. Тастан жүрелей отырып етке көз тастады да:

– Семізін-ай жарықтықтың. Өзі де күйеуге бұйырған бағы бар кой екен,— деп кулық айтқансып, түсін қайта суытты.— Жігіттер, ауыздарына сак болындар, ата ғұрпымен ұрын келудің еш сәлекеттігі жоқ. Оның ұры күйеу болуы да ата дәстүрі. Мұндайда жар салмас болар.

Бастын күйкасын лөкет пышакпен кырып, қайта отқа апара берген кара жігіт таңдайын қакты:

– Атаманыз, бала дейсіз бе, осы маңда қыбырлаған тірі тышқан білмейді,— деп ыстық жалыннан кіржиіп маңыздана қалды.

– Неге білмесін, құлактанбағанмен иісін сезгендер бар,— деп Құлмак қуланып кабак шытқан болды.

– Ол кім тағы? Бұл ауылдың өсекшіл қатындары білмей қоюшы ма еді. Иісшіл емес пе!— деп Тастан сары жігітке қарады.

Құлмак әлі де түсі жібімей, қиналған боп:

– Иісшіл болғанда қандай, ой, антұрғандар-ой, көш жерден біледі ғой, кілем үстінде жатқандай, өне шынтақтай түсіп жайғасуларын қарашы,— дегенде, кара жігіт жана түсініп, оқыс баж ете күлді.

Жер ошактан әрірек, көздері жалтылдап, жылы каннан дәметіп, қатар-қатар тізілген ауыл иттері селк етіп, орындарынан атып-атып тұрды.

– Әй, Құлмак-ай, әйтеуір, керейдің қу Сүлейменіндей-ак барсын-ау, мен қатындар дегенде сенгенімші,— деп Тастан да екі иіні селкілдеп, көзі жасаурай күлді де, бір жерге үйген жау жұмырды шетінен алып: «Мә, сыбағаларың, мына Құлмак ағаларың айтпаса, ұмытып кете жаздаппыз»,— деп құлаштап лактыра берді. Көк бауыр, ашы ішекке таласқан иттер әуелі ырылдасып, одан әрі шайнасып шаң-шұң етіп, қынсылап, түнгі ауылды көтерді.

– Сіздің жомарттығыңызға риза боп, қуанғаннан ішек-сілесі қатып құлулерін қарашы,— деп Құлмак, сойғанда байқамай жіберіп алған сан еттегі арам тамырды сылып тастады.

– Кулық айтам деп отырып, етті арамдай жаздапсын ғой,— деп Тастан төстің астындағы жетім шеміршек ат жүйрікті алып, бір түкірді де ерінбей тұрып есік маңдайшасына барып сарт еткізіп жабыстырды...— Ал етті түгелдей қазанға сала беріндер. Қонақтар дем ала тұрсын ет піскенше, үйге кіріп мазаламаныздар.

Тастан бай ауылының мырза баласының өз үйіне келіп ат басын тірегенінен іштей күрсініп, сыртқа қарай желпініп келуге кетті.

Үй ішіндегілерге дем алу кайда. Бұрын күйеу кәдесімен босаға аттамай бірден ұрын келген Жалмұқан кашан қызды көргенше жүрегі тағат таппай, шынында да ұры адамдай үйден шыға алмай, қасындағы жолдасымен күбірлесіп, кашан шолпысы сынғырлап сұлу қыз сыпайы басып кіріп келеді деп, оюлы есікке қарап телміріп, елегізіп отыр...

Қадиша үлкен көлдің қыркасына құрған алтыбақан жаққа із тастап барды да, сонынан андыған ешкім болмаған соң жалт бұрылып Ақтоқтылар жаққа қарай ұшты. Көк шалғынды кен өзектің екі қапталы қыраттау, аланқы. Шок-шок қалың изен мен кей тұстарда тобылғылар ұшырасады. Алғашқыда қыз бен жігіттің бағытын білетін Қадиша оп-онай тауып, қайын сінлісін тез ертіп келем ғой деген. Енді ай даланы жанұшырып шарлаған сайын, үрейлене берді. Ақан мен Ақтоқты – жер жұтқандай зым-зия.

Қадиша еңкейе түсіп қарайды да, асығыс басып анадайдан биік көрінген қарайғанға келсе, бір шок ши, немесе қурай боп шығады. Жүгіре-жүгіре өкпесі өшкен онын мандайынан шыпшып тер шығып, шын қысылайын деді. Бір-екі рет, амалсыздан, «Тоқтым», «аһ-оу, қайдасындар» деп әлсіз ғана дыбыс та берді. Ешкім жауап қатпайды.

Енді біраз жүрген соң тағы бір қарайған көрінді. Құшақтасып тұрған екеу. Қадиша қуанып кетті. Әйтсе де қуанышынан гөрі бағанадан қызылмай боп іздеген ашуы басымдау боп, анадайдан сөйлеп келеді:

– Дүниенің қызығын сендер көріндер, мен байғұсқа түсер сонда не пайда. Тіпті өздерін құлақтарыңды бітеп алғансындар ғой, – деп ыза аралас ашық қалжыңмен жақындай бергенде, әлгі қарайған қатты пысқырып қалды.

Қадиша енді шын қорқайын деді. Ел жаққа қараса, тым ұзап кеткен. Ауыл оттарының өзі көмескі сығыраяды. Алтыбақан басындағы жастардың үні де естілмейді. Аспанда жұлдыз жиі, көңілді болғанмен, дала үнрейген қап-қара, үрейлі. Ескі ай жұқара тозып, жана ай әлі туа қоймаған – өліара. Қадиша біраз уақыт алқынып басып, жайылып жүрген жалғыз атты ес көріп, тың тындап ұзақ отырды. Қыратты жерді шарлап жүріп өзектің шет жағына қиыстап түскен екен – бұл ара қалың көк орай.

Бір жамбастай отырған Қадишаның жадау көңілі әлденеге босап, жабырқай берді. Есіне алыста Үлкен Қараой жақта жатқан елі, төркін жұрты түсті. Ол жақта да қазір тыныш өмір, бейғам тіршілік. Онда да жастар. Олар да қазір екі жағын тал көмкерген жінішке сұлу өзен бойындағы жайылымдарға,

жайлауға шыққан шығар. Онда да алтыбакан, онда да ойын-той. Үйелмелі-сүйелмелі қызыл қарын жас балалары көп момын шаруа — Қадишаның ата-анасы қазір не күйде.

Ана жылы осы былтырғыдай қыс қатты болып, аязды күндер ғана емес, қалың оппа бар ағашты өлке Айыртау, Сырымбет жағын көміп тастады да, жылқы қарға омбылап, малтығып, өз тұяғымен теуіп оттай алмай, титықтай бастаған соң, қайсыбір байлар қарауылдың төрт руы — атқы, жауар, мөңтік, сары жайлаған осы өлкенің, сонау Текеге дейінгі жақын-жұрағаттарын, құдандалы жамағайындарын сағалап, тоғай-бұтасыз адырлы кең жазық далаға малдарын төккен. Со жылы Қараойдың қары жұқа, қамысты аралына түскендердің ішінде Бактыбайлардың да жылқылары келді. Жылқышыларды бастап келген Тастан. Со жылы Қадишаның әкесіне Тастанның құты түсіп, қарамағына жылқышылыққа алып, ауыздарынан ақ май ағызды. Ақыры, жер аяғи кени келе, қыстан арық шыққан жылқыларынан қалың мал беріп, ағайындарының малымен қоса балалардың ең тұңғышы Қадишаны да ала кетті. Он жетіге жаңа келген қыз, өзіме ойнап-күліп жүретін құрбы-құрдастарымен де қоштаса алмай, бір түнде жат елге бодан боп, аттанып кете барған. Содан бері шаруасы мешел ата-ана төрт-бес күншілік жердегі қызына келген жоқ. Не Тастан барған жоқ, не арада құдалық ырымдары жасалмады. Екі жақ та бірін-бірі ұмытқан сияқты. Қадишаны аларда өзінің тең құрыбысындай әкесінің алдында сызылып, күйеу қалпын сақтап оғаш мінез көрсетпеуге тырысып, жалпақтап, асты-үстіне түскен Тастан енді оның атын ауызға алуға намыстанады. Екі сөзінің бірінде «көрер ем ана күнін көре алмай, битін сығып, қанын жалап отырған үйінде отырсаң. Мол байлыққа күп етіп түсе қалған соң шалқақтайсың ғой!» деп бәйбіше тарпа бас салып, кедейлігін бетіне басса, Тастан оған ара түсіп бір ауыз сөз айтпайды. Қайта Қадишаға бәйбішеден бетер түнере түсіп, «өгірік пе, тәубенді ұмытайын деген екенсің, жалшының қызы» деп көзіне зекиді. Елін, жұртын сағынып, туған бауырларын, әке-шешесін көргісі келге Қадиша бір жолы бала құсап қыңқылдап еді, Тастан беттен алды: «Сені іздеп отырған шығар олар. Керек етсе, бір рет болса да ат ізін салар еді ғой. Ана шұбырған балаларын асырай алмай, миката боп жүрген байғұсты сағынып, соған да шынымен ішін елжірей ме? Барарым жоқ. Ал сен барам десең, осы үйден біржола кет!»

Жас келіншектің қазіргі күйі мына саяқ жүрген жылқының халіндей. Бактыбай жұртында ең жақын тартып сыр

ашысатыны, өзімен құрбы сияқты ойнап күлетін Ақтоқты ғана. Араларындағы айырмашылық та үш-төрт жас. Енді осы Ақтоқты кетсе, Қадишаның күні не болмақ. Он екіде бір гүлі ашылмай келген қыз, тұңғыш рет шын еміреніп жақсы көру дегеннің не екенін Ақаннан біліп еді. Ол үшін әшейінгі бозбалашылықтың әуеніндей көрінгенмен, Қадишаға сол келіп-кетіп тұрғанының өзі бір ұмытылмас қуанышты сәттер еді.

Жүнді балақ Тастанды қанша жақтырмай, қараңғы қапаста, уайымда жүргенмен, Ақанмен кездескелі дүниенің бір жарық сәулелі алтын есігі алаулана ашылып, сол саңылаудан бар әлемді тегіс көргендей тіршілігіне шуақ түсіп, жадыраған Қадиша енді қайтадан тұңғыққа батып бара жатқандай сезінеді. Бірақ оған Ақанды да, Ақтоқтыны да кінәлаудан аулақ. Ақан тұңғыш рет бал-шырынды ұмытылмас түнді бірге өткізгенде де, қыз бен жігіт арасында болар құрғақ уағданы айтып, үміттендіріп, жалған жұбатып, емексіткен жоқ. Екеуі де бір-біріне ауадай қажет адамдар екенін айтпай-ақ түсінді. Ұрланып келіп, тәтті мерзім, қызықты, қуанышты сәттерді бірге өткізу екеуіне де жеткілікті еді. Енді сол сәт, махаббат билігі жанындай жақсы көретін қайын сінлісінің қолына ауды. Әрине, Ақтоқты жеңгесі мен Ақан арасындағы жақындықтан бейхабар. Ол кезде түк түсінбейтін сәби еді. Жана қылтиып көрінген қайынның бір тал сабағындай еді. Енді бала қайындай толып, бойлап жетіліп, тамырлана да, жапырағына да күннің жылуын мол тілей бастаған өсімтал шағы. Өсе берсін, өне берсін. Ақтоқтыдай адал құрбыға Қадишаның тілері шын бақыт қана. Әттең, көз алдынан кететіні ғана Қадишаның жанына батады. Ертең Ақтоқты ұзатылып кетсе, ол да бұл жаққа жоламайды. Сонда жұртта, көң-қоқырдың арасында елеусіз жатқан кәрлен кесенің сынығындай Қадиша жалғыз қалмақ. Тым құрмаса ермек қылар, басқа тіршілік күйбенін ұмытарлық бойына нәресте де бітпей қойды. Екі жылдың ішінде ауыл арасында «бедеу» деген атқа ие болса, былтырдан бері жұп-жұмыр болып тола бастағаны да оны уайымға салды. Еріккен көлденең жұрт оны да сөз қылып өсекке таңды.

Ат тағы пыскырынды. Ол да Қадишаны елемей, жалғыз қалдырып, ұзап кеткен екен. Он жақ бүйірден бөдене «бытпылдык, бытпылдык» деп түннің ауған бір мезгілін хабарлағандай тықылдады да, ол да жым болды.

Қалын ойдан лезде айығып, бойы тез сергіген Қадиша орнынан ұшып тұрды. Есіне ұрын келген күйеу, жоғалған қыз жайы қайта түсті. «Апырмай бұлай болмаса игі еді ғой. Әлде мен бұрыс

кеттім бе» деп елге қарай жүгіре басқан Қадिशаның көңіліне мына тастай қаранғы түнде қорқыныш пен күдік қатар енді.

* * *

Бактыбай намаздыгер кезінде ақ үйінен талтандай басып шыққан. Өрістен қайтқан малдарына, желі басындағы биенің соңғы иіндісін сауып, құлындарын қосақтап, түнгі отқа ағытып жатқан малайларына ұзақ қарап тұрды да, көлдің басына барды. Қамысты көлдің бұл арасы аланқы, ашықтау. Аз күнде көп мал су ішкендіктен, бір қарыс болса да кейін шегінген көлдің жағасы шүрк-шүрк. Жылқының жалпақ тұяқтары мен койдын айырбақай жіңішке, өткір аша тұяқтары батқан. Қорысқа айналған батпақты судан мал қиынын күлімсі иісі шығады.

— Жарықтық малдың иісі-ай, кеңсірігінді жарып, көкіре-гінді ашып жібереді-ау,— деп, үстінде қорасаннан қалған дағы бар, борықтай домаланған мұрнын көтеріп, әлгі иістерді Бактыбай біраз уақытқа дейін мейірлене тартып тұрды да, көлдің жарқабақтау тұсына келіп, мал баспаған көгалға иығындағы жайнамазын жайды.

— Ал, енді дөденді қарандар,— деп екі құлағын ұстап, батысқа қарап намаз оқи бастады.

Бес уақыт намазын қаза қылмайтын Бактыбай әр уақытта неше бас барын әлі күнге білмейді. Әйтеуір «Аллаһақпар, аллаһақпар» деп бастап, шала жаттаған «пайғамбар сөзін» бірнеше қайталап құдайына сиына береді. «Шолақ кайырмаса болды. Қазақ оқығаннан күнә болмауға тиіс» деп ұғады.

Ол бүгін күндегіден ұзақ оқыды. Қас қарайып, аспанда жұлдыздар бадырайып көріне бастағанда жайнамазын жиып, молдасоқынып отырды да, көлге қарап жымындай берді.

— О, Бактыбай, Бактыбай,— деді онаша отырған өзіне-өзі.— Сені ғой қазір алты алаштың азаматы түгел біледі. Сүтемгенмен құда болды дегенді сонау алтай-қарпық, мына жағы Түменнің керейлері, оң жақтағы қыпшақтар, сол жақтағы қоңырат, мандайдағы қаржас, шекедегі қанжығалы, жалпақ жатқан қуандық, шалқып жатқан сүйіндік, бегендік, шегендік, ту-ту айдабол, бәсентиын, тобықты, мына тұрған қарауыл, ана тұрған атығай — естімеген ел қалмады. Мына көлдің қамысын тындашы өзін, қамыс екеш қамысқа дейін не деп сыбырлайды. Ә, тындашы деймін, тындашы. Ә, бәлем, жана түсіндің бе, түсінерсің әлі. «Бактыбайға бақ конды, бақ конды» деп сыбырлайды. Ал, жұлдыз не деп жымындайды. Қатын үйде күлімдейді, жұрт

сыртта күбірлейді, жау күндейді. Ә, солай ма екен. Бақан қай шешеніңнен кем. Баканның тілі де шықты, үні де шықты. Тұра тұр әлі, бәрі де шығады. Әй, Бақан, жаса. Бақа. Ө-өй!

Бактыбай жападан-жалғыз өзімен өзі болып айғайлап жіберіп, өз даусынан өзі шошынғандай тыйыла қалды:

— Бақа, сап, сап! Сен сабырлы едің ғой. Ертең Сүтемгендермен төрдің нақ төбесінде тізе қағыстыра отырғанда жеңілтектік жасауға болмайды. Жұрт сынай қарайды.— Енді сен сасыған надан бай емессің, шалқыған байсың. Е-һе,— деп, Бактыбай өз санын өзі бұрап алып, ішек-сілесі ката күлді.

Қуаныштан не істерін білмей болдырғанша сөйлеп, үйге қайтқан Бактыбай киіз үйдің төріне тағы ұзақ отырып жасиғы оқыды. Намазын аяқтаған соң шаруамен жүрген кемпіріне де бұрылып карамай, тізерлеген күйі отыра берді. Жана жайлауға келген соң Дәмелі ақ зонттан кең көйлек, дамбал тігіп кигізген. Жерге тиген қолқылдаған шапандай мол көйлектің етегін басып-басып қойып ойға кетті. Тағы сөйлейін деп еді, кемпірінен қаймықты. Екі тізесінің арасындағы күйектей кең ауын шұқылап, жынды адамша жымың-жымың етіп отырды да, көйлегінің астына қолын жүгіртіп, дамбалының бауын шығарды. Кең шалып байлаған салақтаған добалдай баудың ызындысына бұрынғы әдетімен ұзақ тесіле қарап, бір кезде белін қиып бара жатқандай болған соң тартып қалды. Бауы босаған белдігі кең дамбал қап құсап майлы мықынынан түсіп кетті. Толқында тербелген ақ шағаладай осы отырысы өзіне қатты ұнап, кеудесін, иығын сипап орнынан тапжылмады.

Әлден уақытты оның есіне Ақтоқтыға келген қалың мал түсті. Өз малынан гөрі бір күнде ауыл қотанына толып кеткен балаулы қырық жеті Бактыбайға көктен жаудырған құдай тағаланың құтындай көрінген. Енді ол сол малдың он жылда қанша болатынын ойша есептеп еді, ерні жыбырлап, саусақтарын бүгіп санағанмен шатаса берді. Сосын балаулы дейтін құлын, торпақтарын алып тастап, қырық жетінің өзін жеке есептеді. Бәрін ұрғашы мал санатына қосты. Сонда да есебін шығара алмады.

— Әй, Дәмелі,— деді бір кезде, салқын қымызды үлкен шараға сүзіп отырған әйеліне.— Қырыққа қырықты қосқанда қанша болады осы?

— Е, оның не керегі бар, намазың қаза болды ғой, жарықтық-ау, сөйлемесенші.

— Намазды оқып болғам,— деді бұрылмастан.

— Сексен болады, соны да шығара алмай отырсың ба?!

– Оған жетіні қосқанда ше?
– Сексен жеті болады да.
– Оған жетіні қосқанда?
– Сексен жеті демедім бе.
– Жо-жоқ, тағы жетіні қос.
– Тағы жеті,— деп Дәмелі де саусағымен есептеп, тез шығарды,— тоқсан төрт.

– Тоқсан төртке тоқсан төртті қосқанда ше?
– Өй, қожанасыр сол, басқа ермек табылмады ма? Қойшы әрман, сен құсап ерігіп отырғам жоқ.

– Жәрәйді, батыреке, ендігісін өзім де шығарам,— деп Бактыбай жыбырлап, тағы санай бастады. «Пой-пой, не деген көп мал. Ақтоқтының қалыны екі-үш жылда-ақ мыңғырып түрегеледі екен-ау. Қыз құт деген ып-ырас. Тоқсан төрт, тоқсан төрт. Оған тоқсан төртті қосқанда...» Бактыбай намаз оқыған адамша аузы жыбырлап, күбірлеп отыр.

Осы кезде үйге асығыс кіріп келген Тастан кара мұрты жыбырлап жан-жағына қарады да, бозарып кетті. Дін жолынан қатты қорқатын ол ағасының намазын бұзбайын деп, Дәмелі жеңгесіне сыбырлап сөйледі:

– Ақтоқты қайда?

– Немене, тағы бірдеме боп қалды ма, жүрген шығар алтыбақан жақта,— деп Дәмелі Тастанның үрейлі өніне мән бермеді. Қадишаны зәбірлеп, ренжіткенде ылғи Ақтоқтыны іздеп келетін әдеті. Бірге өскен құрбыдай Ақтоқты жеңгесінің көңілін тауып, ойнап-күліп уататын. Тастанның да сыбағасын беретін.— Ол, енді Қадишаға ұрысса, бармаймын. Жетер енді,— деп ашуланып жүрген, барар деймісін.

Бактыбай үнсіз, өз ойымен отыр.

– Ойбай-ау, женеше-ау, кейін айтам деп ем, бағана інірде күйеу бала ұрын келген, біздің үйде,— дегенде, Бактыбай құлағы елең етіп, қуанғанынан ұшып кете жаздап, әрең шыдады. «Қой, сабырлық етейін» деп жымындап, тыңдай берді.

– Е, онда Ақтоқты қайда кетті дейсін, жүрген шығар, оны іздеп қайтесін, жеңгесі бар емес пе? Сен осында отыр, жастар өздері еркін ойнап-күлсін,— деген Дәмелінің аузын қаққан Тастанның даусы қатқылдау шықты:

– Қадишаны жібергелі не заман. Қадиша да, Ақтоқты да жер жұтқандай жоқ. Іздемеген жеріміз шамалы. Менің жүрегім бірдене сезетін сияқты. Бетін аулақ қылсын. Бағана жастардың арасында аш қасқырша тіміскілеп Акан жүр деген. Ол да жоқ...— дей бергенде көзі ақия бастаған Бактыбай баж етіп, атып тұрды.

– Ойбай, құрыдык, ойбай, аттан!– деп есікке қарай айғай-сүрен сала жүгіргенде, аяғына сыпырылып түскен дамбалына сүрініп, қайта тұрды.

– Тұра тұр, даурыкпай, жұрт естімесін,— деп кеудесінен итерген Тастанға болар емес. Домаланып есікке қарай, алыса ұмтылған Бактыбай, аяғына оралғы болған дамбалын да бақайымен бір серпіп, лактырып жіберді.

– Аттан, аттан! Ойбой, ат-та-ан!

Тастан ағасының аузын басып, Дәмелі байының етегінен тартып жүр. Бактыбайдың есі шығып кеткен, жөпшендіге көнер емес.

– Ойбай, аттан! Жау шапты, аттан!

Жазғы түндегі дауыс қандай ашы. Жұқа үйдің шанырағынан көтерілген үрейлі дауысқа елендеп, жер ошак манында сүт қайнатып, қой сауып жүрген әйелдер «не боп қалдылап» Бактыбайдың үйіне қарай ұшты.

Үйге алдымен кірген жас келіншек, әуелі дым түсіне алмай бедірейіп тұрды да, бетін басып, ата жөнелді. Тастан ағасының қолтығынан сүйреп төсекке қарай дырылдата әкетіп бара жатқанда тыр жаланап май құйрығын көрген кемпірлер «бетімау, байекене не болған абұйырын ашып» деп еріндерін сылпылт еткізді.

Бетіне жапқан көрпенің астында тыпырлап: — Аттан, аттан, Ақтоқты, Ақтоқты, құрыдык, құрыдык,— деп тұншыға барып, Бактыбайдың үні өшті.

* * *

Ақан мен Ақтоқты түнеугүні шок ағаштын бауырында бірге болғалы, бір-біріне үйренісіп, сағынысып көріскен жақын ағайынды адамдардай, бірге өскен құрбылардың мінезімен шүйіркелесе кетті.

Әдеттегі амандық сұрасу, хал-жай білісуден соң, Ақтоқты ақындық жайына көшкен:

– Ақан аға, бізге деген тағы қандай жана өлеңдеріңіз бар. Ел жастары бұл күнде Қоскөл жаққа елендеп, жаңа әнге құлақ түретін болыпты. Бұрын сіздің ауыл жақтан Сарыкөлдін қамысының сыбдырын, Қараталдың шуылын ғана естісек, енді тамаша ән самалы есетін сияқты.

Ауыл арасында көп ұшырайтын іліп-шалма тілімен қалжыңдасатын қыздардай емес, Ақтоқтымен сөйлесу Ақанға жеңіл, әрі көңілді. Сөз арасына кейде тұрпайы, ұшқары сөздерді

де жиі араластырып, қисынды-қисынсыз жерінде де мақал-мәтелдеп, қызыл тілін орынды-орынсыз безей беретін кейбір келіншектерден ығыр акын сөзінің тигісін жатқыза, барынша мәнерлеп, орынды сөйлеуге талпынатын Ақтоқтыны қызыға тыңдайды. Жас та болса түйсігі мол, жаны нәзік қыздың салған жерден сұрағаны да өлен, өнер. Қазақ жұртында есендік-саулық сұрасудың түрі қисапсыз мол болғанмен, тап ән-күй, акын көңілінен көкала үйректей ұшқан өлен жайын көп адам сұрай бермейді. Ақтоқтының мұнысы өз құрбыларынан ерекше, зерделі екенін көрсетсе, акынға жан-сезімімен де үйлесетін жақындықты білдіреді.

Ақан кейінгі кезде шығарған төрт-бес өленін әуелі сөзімен, Ақтоқты қолқалаған соң, баяу ынылдап әнімен айтып берді.

Ауылдан алысқа ұзап, еркін күліп, ара-тұра дабырлай сөйлескен екеу, түн тыныштығын бұзып, ұрланып табысқан қыз бен жігіт екенін де ұмытып кеткендей.

Түннің бір уағында Ақан:

– Көңілімде сайраған, домбыра пернесіне түспеген тағы біраз әндерім бар, бәрі өзіне арналған, қалқам,— деп әңгіме бетін бұрды.

Осы кезде ғана үйі есіне түскен Ақтоқты үрейленіп:

– Ақан аға, қыз жолы жінішке екенін білесіз ғой, бұрынғы еркекшора кез емес, осы күні андушының торына түскен қамаудағы күстай күйіміз бар, енді лұқсат болса, мен кетейін,— деді.

Бозбалалық құрып жүрген кездерінде, қыз атаулыны өзіне тез бейімдеп, қаршығадай іліп түсетін Ақан Ақтоқты алдында ондай оғаш мінездерінен тосылып, ынғайсыздана береді.

– Ақтоқты, айналайын, асықпашы, барасын ғой, біраз жүре тұрайықшы,— деп қиылғаннан бөтен сөз таба алмады.

– Сізбен жер шетіне дейін жүре беруге жалықпас ем, бірақ...— деп Ақтоқты да көмейіне тірелген сөзін айта алмай бөгеліп қалды.

– Иә, иә, сөзінді аяқташы, қалқам. тосылмашы, аз көріссек те көп біліскен екеуіміздің арамызда жасырын сыр болмаса екен, айтшы, жасырмашы.

– Қорқамын, Ақан аға,— деді Ақтоқты жүрексініп, даусы дірілдеп.

– Неден қорқасын? Айтшы, түсінбедім ғой. Неге қорқасын?..

– Күн өткен сайын, ұзақ зарығып, қыбын тауып кездескен сайын мүттем сізге бауыр басып, үйреніп барамын. Әуелде аға леудін де, Ақан леудін де есебін таба алмай күбіжіктеп, аузыма

лайықты ат түспеуші еді. Енді түн баласына көз ілмей жатып, іштей айта беретін, қайталап жаттай беретін сөзім де басқа. «Яман ұйғы, яман ұйғы» деп махаббат дұғасын үш қайтарғанда, сіздің атыңызды неше рет іштей айтатынымды өзім де білмеймін. Енді іштей емес, сол бір демеу болатын сөзді сырттай да айтып, тек өзіңізге ғана сыбырлап жеткізгенше асық бола бердім, Ақан аға, серім,— деп Ақтоқты соңғы сөзін жаздың майда, жылы желінен де қызғанғандай сыбырлап, тұнғыш рет ауыздан шыққан лебізден ұялып, ақша мандайын Ақанның төсіне басты.— Қыз бала әу баста жат жұртқа жаратылғандықтан ба, әйтеуір ерте есейіп, өзінен мүшел жас үлкен адаммен теңесіп, ересек тарта қалатынына қайранмын. Қазір сіз екеуіміздің арамызда шек жоқ сияқты, қайта мен өзімді үлкен санайтын секілдімін.— Ақтоқты басын сүйеген қалпы күліп жіберді.

— Мен де танмын, күлкінен айналдым!— деп Ақан да оның қолан шашынан еркелете сипап, балаша ағынан жарылды.— Жас болса бұрынғы жиырма бес емес... қалған ғұмырды ел аралап, ат үстінде жүріп «ахахаумен» өткізетін шығармын, бозбалалық етсем де, шын сүйерлік жүрек жоқ шығар, жүрдек те, тілек те шау тартып есейіп кеткен шығар деуші едім. Сені көргелі бір тіршілік қасиетін жана үккандаймын. Сен мені ұян, балаң жастығыма қайта шегердің. Мендегі жастық жүрек ыркынан айрылған шығар, кісенделген болар деуші ем. Енді, міне, сол жүректің тізгінінен енді өзім айырылып қалғандаймын.

Ақан Ақтоқтының жұмыр иығынан құшақтап тұрып, қара түнде ештеме көріп жасқанбаса да, өз-өзінен қымсынғандай, өз сөзінен өзі қысылғандай, екі көзін жұмып, терең тұнғыық сезіммен айтты. Өз сөзін өзі ести алған жоқ, тек жүрек дүрсілі ғана тым-тырыс даланы жалғыз кезген ат тұяғының дүрсіліндей асығыс соғып тұрды.

Мұндай жас жандар мерзіммен санаса ма! Жаздың сүт пісірім қысқа таңы жақындаса да, өздерінің қайда екенін ұмытып, үнсіз, ұзақ тұрып қалды. Әлден уақытта барып, көп, бұлдыр ойдың, рақат бір сезімнің құшағында маужыраған Ақан бағана бір айтқан Ақтоқтының сөзі есіне еміс-еміс түсіп кеткенде басын көтеріп алып, оның түнгі салқында тоназыған бетін етсіз, сіңірлі алақанымен қаздың балапанындай үлбірете ұстап, өзіне бұрды да, анық көрмесе де, өзіне танық қарашығы баданадай тап-таза көзіне ынтыға, құмарлана қарады. Сәл жымия күліп, қайтадан құшырлана құшағына қысты да:

– Айтшы, аккүсым, сен осы неден қорқам дедің! Бір-бірімізге бауыр басып, үйреніссек оның несі қорқыныш?– деді Ақтоқтының бағанағы сөзін қайталап.

Ақтоқтының қаранғыда күнгірт тартқан сүйріктей ақ саусақтары Ақанның иығынан төмен түсіп, кеуде тұсына келгенде сәл дірілдеп тұрып қалды. Оны сездірмейін дегендей серінің өңірі ашық шапанының түймесін салалы саусақтарымен қозғап, ыңғайсызданған Ақтоқты әлденеге батылы жетпей жүрексініп, тағы да сыбырлап үн қатты:

– Менің қорқатыным... он жақта отырып жат жұртқа бодан болуға бет бұрған қыздардың, көптің үркуі емес. Ол қорқыныш әрі кеткенде, жүрексінуден аспас еді. Менің қорқынышыма үрей бар. Ол – тыныштығы бұзылып, мазасы кеткен жүректің, бұрынғы Ақтоқтының емес, жаңа Ақтоқтыдағы жүректің үрейі. Ол жаңа жүрек өзіңізді көрген күннен бастап пайда болған. Содан бері бұрын ештемені білмейтін, әйтеуір бөтен елге барам ғой дегенді алыстағы бір сағымдай ғана сезетін, ырықсыз, ынжық жүрек жаңа талпынып, алысқа ұмтылып, шарқ ұрған қанатты жүрекке айналған. Мен қазір сол қанатпен мүдірмей ұшып келемін, қайда барамын, не боламын? Оны ойлауға мүршам жоқ. Өзіңіз айтатын, бейіштің бағында тек жаным ғана ұшып келе жатқандай, өң мен түстің арасындағы рақат бір дүние. Осылайша кете барсам не болам. Алдымда не күтіп тұр. Жартасқа соғылам ба? Күзға құлаймын ба? Мен одан өлем деп қорықпаймын, әлгі жаңа жүрегімнен айырыламын, содан қорқамын. Ендігі жерде сізден бөтен адам да, бөтен ұя да жат... Не деген үрейлі еді. Неге ғана кездестік екен. Бұрынғы қалпымда, көптің бірі болып кете бармас па ем!– Ақтоқтының тұла бойы қалтырап, үзіп-үзіп күрсінді.

– Жаксы айттын-ау, жаным! Бұрын көзсіз сүйіп, шарапқа мас болғандай елтіп, есім ауып жүрсе, енді сен сол махаббатыма мағына бере бастадың. Өз сезімімнің алдамшы емес, нәрлі сезім, болжамы дұрыс, ойлы сезім екенін түсінгендеймін. Тек сұрарым болсын, кездескенімізге өкінбеші.

Ақтоқты тағы күрсінді. Бүгін өзінің ашыла сөйлегеніне іштей риза боп, көңіліндегі бар сырын ақтарғысы келді.

– Құдай-ай, неден ғана қыз баланы осынша шідерлеп жаратты екен. Жүрегін, жанын кімге дәрі, ол түгілі, әр қадамын санаулы. Әр аттаған сайын жалтақтап, құры адамша жан-жағына қаранумен боласың, қарманарын жоқ. Бү дүниеге біреу үшін, басқаның қызығы, мазағы үшін ғана жаратқан сияқты. Бала-шағаның қолындағы қуыршақ не, қыз не. Күні бірдей.

Естіп, көріп білмеген адамынның жетегінде жәрменкеде алған жылқыдай бүлкектеп кете барасың. Жынды ма, накұрыс па, ойлы ма, жігерлі ме, таз ба, соқыр ма – оны да білмейсің. Білсен де тулауға дәрменің жоқ. Көнуің керек, не мойнына түскен бұғалыққа қылғынып өлуің керек. Ал ол сенің бас-аяғың бүтін бе, кеміс пе – карамайды, кейде ұнамаса да зорлықшыл әкенің аз тіршілігінің күйкі есебі үшін ала салады. Кейін, тағы бірін, тағы бірін. Ал сен...

Елден тым ұзап кеткен Ақан Ақтоқтының иығынан қапсыра құшақтап, кері бұрылып жүріп келеді. Қазір өз тағдырын, сүйгенінің тағдырын ойлаған ғашықтай емес, қыз атаулының мандайына жазған айықпас сорын ойлап, Ақтоқтымен бірге киналып, егіліп келе жатқан құрбысы, не ағасы тәрізді.

Шығыс жақ есінеген жылқыдай ақ таңдайланып, қараңғылық сейіле бастады. Ұзақ, үнсіз жүріп келіп, тағы да Ақтоқтының жүзін өзіне бұрған Ақан, кинала тұрып ойын айтты:

– Ақтоқты, қалқам, кетсек қайтеді бірге. Аттар да дайын.

Ақтоқты әдегенде төбесінен жай түскендей, ләм демей үнсіз мелшиіп қалды да:

– Не дейсіз, Ақан?— деп мағынасыз қарай берді.

Бағанадан еңкендей басып, жоқ іздеген адамдай жиі шокандап, бір отырып, бір тұрып келе жатқан ауыл жігіті тап қастарына келгенде, беттеріне үніле түсіп:

– Ә, Ақтоқты мұнда екен ғой, бәсе...— деп мінгірлеп, сөйлеп барады.— Қараңдағанға оттап жүрген мал екен десем...

Екеуі дәл тұсына жете бергенде, бір топ шидің түбінен состиып шыға келген ақсақ әйел күйбіжіктеп:

– Бұлары кім еді тағы, жапанның жалпақ түзінде де жөндеп отыра алмайсың,— деп кейіген боп, қираң-қираң етіп ауылға қарай о да елбектей жөнелді.

Бұл кезге дейін ауыл кәдір түнін күткендей ұйқтаған жоқ еді. Ұрын келген күйеуді Тастан жасырғанмен Бақтыбайдың «ағтандаған» айғайынан сон-ақ жұрт тегіс құлақтанып, жайлау үстінде сыбыр-сыбыр сөз лезде су жыландай жүріп өткен.

– Жалмұқан келіпті.

– Ақтоқты қайда?

– Жоқ дейді. Таба алмай жүр.

– Бір жаққа қашып кетпесе игі еді.

– Ойпырым-ай, маскара болды-ау!— дескен ауыл адамдары істің артын күтіп, бір-бірімен жиі хабарласып жатқан.

Суық сөз Жалмұқандарға да жетті. Қалыңдықтың ұзақ келмеуінен секем алған күйеу бала жолдасын жұмсап, Ақ-

тоқтының қайда екенін біліп келуге жіберген. Алтыбакан басына қараңғыда көрінбей барған жігіт жастардың аузындағы үрейлі сөзді естіп, Жалмұқаннан жаскана отырып айтқан. Ақтоқтыны жоғалтқан Тастан да қашан табылғанша бетінен басып, үйіне келмей қойды. Бағана көрініп кеткен жас тоқал да жоқ. Жер ошак маңындағы екі жігіт те отты көсеп, жиі есінеп отырып, жас талдан жасаған істікке жас еттен түйреп біраз күйкалық жеген де, кетіп қалған.

Таң біліне келген Тастан мен Қадишада өң жоқ. Күйеулердің көңілін аулайын дегендей, көздері ұры мысықтың көзінше жылтындай күліп, қайдағы бір қисынсыз сөздерді айтып қалжындаған болады. Бірақ түстері келмейді.

Қадиша түні бойы бүркылдап қайнап, сүйегінен сыпырылып түскенше жидіген қой етін табаққа салып әкелді. Сығырайған май шамның астында бөсен инені сабақтай алмаған сулы көз кәрілер құсап үй иелеріне сығалап қараған күйеу жігіттер табаққа қол салмастан тысқа шықты.

— Күйеу бала, бір сәтсіз күнде келуінді қарашы. Ақтоқты қатты ауырып жатқаны, жайлауға келгелі тымау-сүзбеден айыға алмай жүр байғұс бала. Әйтеуір артын қайырлы қылсын, — деп Қадиша Тастанға көзінің астымен ұрлана қарап, өзінше тапқырлық жасаған.

Жалмұқан ләм деп жауап қайырмады, түнерген күйі босағадан аттап, қолын да шаймастан аттарына келді. Үй маңында қызық көруге жылтындап жүрген бір-екі қыз бұларға әдейі естірте сөйлеп тұр:

— Әлгі күйеу бала ғой, сойы қайнап, киіз үйде таң күзетіп отый.

— Енді қайтсын байғұс, қалыңдықтың қызығына батам деп келген ғой. Иә саған, қызыққа белшеннен батарсын.

— Ақтоқтының өз қызығы өзінде. Дәу де болса Ақанмен кетті, көйейсін. Кеше ұйқы ашайда қатай отыйған түйлейі жаман еді.

— Бәсе, бәсе, менін де мына жаман көңіліме сол келіп еді. Ақан ағай тиген жерін ойып түспей, аман жіберер ме.

— Күйеу сойлыға несі қалады. Құямай қапты-ау, сойын күйғый, Сүтемгеннің жалғызы. Өзі де тиі пендені менсінбей кекіендеген жел кеуде деуші еді. Сол кейек, шок-шок! Өй, ана аттайдың қасында биеу қаяндай ма, — десіп, ағараңдаған таң сәулесінде анық көрсе де, танымаған боп сықылықтай күлген қыздар үйді айналып жүгіріп кетті...

Ел қалың ұйқыда шығар деп, Ақан мен Ақтоқтының кәперлеріне түк келмей, ауыл тұсына жақындап кеп тоқтағанда, таң да аппақ боп атқан.

Ажырасуға бірін-бірі кимаған екі жас, кете алмай бөгеле берді.

— Ақтоқтым, жаным, не істейміз! Сені қашан ұзатқанша жіпсіз байланып, дәрменсіз отыра бермекпіз бе?!— деген Ақанға:

— Ақан аға, сәл шыдайықшы. Күзге дейін әлі көп уақыт бар емес пе? Мүмкін басқа бір шарасы болар,— деп Ақтоқты қиыла қарады.

— Не шара, қалқам, менде қазір басқа шара қалған жоқ. Елге салып, ата-ананың алдынан өтетін хал жоқ. Сенің тағдырың сырттай шешілген. Барар жерің анық. Енді, не де болса тәуекелге бел байлап, қол ұстасып, бірге кету ғана қалды. Егер сен осыған тұрсаң, мен жазмыш салған ауыртпалықтың қандайын болса да көтеруге бармын. Аянып, тартынып қалар жай жоқ. Оқ тиіп мәңгірген құстай сенделіп өтер ендігі уақытқа шыдар дәрмен жоқ. Тек қана сенің бір-ақ ауыз сөзің керек.

— Жан аға, Ақан аға, бір жолға шыданызшы. Күзге дейін өзім бір хабарын берем. Барам деген әлгі жолыңыздан да қалмаңыз. Одан тартынсаңыз, ренжимін. Сізбен бір тілдеспей, үнсіз кете барсам, ант ұрсын. Анталаған қасқырлардың ортасындағы сорлы әкем мен аяулы анамды аяймын. Тым құрмаса, соларды иіп көрейінші, қанша қорқып, үрейленсе де мүмкін өз балапанын түсінер, илігер. Көнбеген күнде басқа амалын жасармыз. Асықпаңызшы, Ақан аға!— деп көзіне жас кеп қалған Ақтоқты Ақанның мойынынан құшақтап тұрып қалды.

Тап осы кезге дейін әр киіз жаппаның ішінен сығалаған көп андушы сарт-сұрт еткізіп есіктерін жауып алғанда барып Ақтоқты мен Ақан селк етіп, бойларын түзеді.

— Хош бол, Ақан аға, енді қашан көрем, хош,— деп Ақтоқты да ұзай берді.

Бұлардың бар қимылын алыстан болжап Тастан үйінің сыртында түтіккен Жалмұқандар да аттарына қонып, қара жамылғандай түнеріп, беттерін терістікке бұрып, жүріп кетті.

Ел орынға отырғанша көрші ауылға тығыз шаруамен жүгіртіп барып келе қояйын деген Еркімбай айдалада

ербиген біреуді көріп атын бұрды: «Тегінде, болдырған көлігін шалдырған жолаушы болса керек». Сар желдіріп жақындай берген Еркімбай тізгінін тартып, қасына арсалаңдап, лекітіп келуді лайықсыз санап, бұлан құйрықпен таяна берді.

Жолаушы елен етер емес. Басы салбырап кеткен. Атының тізгінін де жимайды. Біреу өлтіріп жансыз тұлып денені ер-тоқымға шандып, байлап тастағандай міз бақпайды.

Еркімбай үрейленіп, не де болса көрейін деп, ердің қасына енкейе қарап жеткенде бір-ақ таныды: Су Құсайын. Жамбасы жалақ кәрі шабдар ат. Қанжығаға байлаған атамзаманғы ала қоржын, үстінде түйе жүн жартық шекпен. Бәрі баяғы қалпы. Бәрі Су Құсайынның өзімен бірге жасап келеді. Еркімбай қуанғаннан жарылардай боп: «Ау, Құсеке» деп айғайлап жібергісі кеп, өзін зорға тежеді. Су Құсайын қалың тәтті ұйқыда екен. Аузынан сілекейі шұбырып, жапан түзді басына көтере қорылдап, ара-арасында «айт, айт» деп қояды. Бұл қызықты бұрыннан білсе де, Еркімбай мырс етіп күліп жіберді.

Жасынан әке-шешеден жетім қалып, жоқшылық тауқыметін тартқан жетім бала байлардың қойын бағып, қозысын жайып күнелткен. Жігіт болып есейгенше осы кәсібін талшық етті. Мінезі момын қойшының бойындағы бір қасиеті аса ертегішіл. Ертегінің неше атасын біледі. Келе-келе өзі де жанынан шығарып әңгіме де айтуға дағдылана бастаған. Әңгімесі әрі қызық, әрі шылғи өтірік. Қызық өтірік айтатын тазша бала құсап, қисынын келтіріп соғатын Құсайынды жұрт аузын ашып, көзін жұмып тындайды. Ел күземде отырған кез болатын. Қара суықта қотанға иіріп тастайтын қойды күзететін де осы Құсайын. Өзінде құстың ұйқысындай ұйқы жоқ. Түн баласына көзінің шырымын алмай, қойды айнала жүріп, дала бөрісіне сес көрсетіп, айғайлап шығады. «Айт, айт» деп жағы тыным таппайтын Құсайын күндіз де жамбасы жерге тиіп, ұйқтап көрген емес. Жұрт таң қалып, «Құсайын-ау, осы сенің ұйқын қайда, түн болса қой күзетіп, ит айтақтап шығасың, күндіз болса, тыным таппай ел ақтайсың» десе, «Е, ұйқы деген өліммен тең нәрсе. Өлім қайда қашар дейсін, мен тіршілікке аса құштар адаммын, бір күн ұйқасам өзімді тірі өлікке санаймын, ұйқыны сендерге-ақ бердім» деп күлетін. Бір күні ауыл жастары қой маңында ұйқы ашар жасап жүріп, Құсайынның өтірігінің үстінен шығады. Бір-екі қыз бен жігіт сырласып, қойды айнала келе жатса, таяғына сүйеніп, селтиіп тұрған Құсайынды көреді.

Түн қараңғысында жасырынып келіп қорқытпақшы болып қылжақбастау жігіт қасына таянса, қойшы түк сезбейді. Сүйтсе, ұйқтап тұр екен. Және ұйқысы бір жосын. Қатты бір қор ете қалып, демін алғанда, «айт» деп қояды, тағы қорылдап, тағы «айт!» дейді. Жастардың ішек-сілесі қата күліп, келесі күні жұртқа жаяды. Сүйтсе, жасынан қой бағып, көзі шыққан Құсайынның күндегі кәсібі осы екен ғой. Ұйқтап жатып та, қалғып тұрып та ит айтақтау әбден терісіне сіңген әдет екен. Ел содан бері бұрын да өтірік әңгімелер айтатын Құсайынды «Су Құсайын» атап кетеді.

Су Құсайын – әлі үйленбеген адам. Алдында бір тұяғы жоқ жетімге кім қызын беруші еді. Бірақ оған қынатын ол жоқ. Ұрғашы затынан гөрі өзінің шабдар атын артық көретін сопы адам. Орта жасқа келгенде белінен құяң болып, алыс ағайынының қолында біраз төсек тартып жатып қалған ол, кейін байлардың малын бағудан да қағылған. Содан бері басқа кәсіпке ауысты. Ел арасындағы өсек-аянды қағып алып, құлақтанбаған алыс ауылдарға барып мәнерлеп, қисындырып жеткізетін өнер шығарды. Келе-келе бұған да жаттығып, машықтанып алды. Маңдайына басқан жалғыз атымен қыдыратын. Су Құсайынға әбден үйреніп, жұрт сағынып көрісетін халге жеткен. Ол келе жатқанда-ақ құлақтары елендеп, елегізіп отырған өсек құмарлар қолға тигізбей қағып әкетеді.

Еркімбай да осындай зеріккен өсек құмарлардың бірі. Су Құсайынды көргенде «қап!» деп, біраз тұрды да, «қой, шаруа өлгенде ғана бітер, жау шауып бара жатқан жоқ, ертең барармын. Бүгін мына ұзынкұлақ қу көсені үйге апарып, өз құлағыммен ел жаңалығын тындайын, кейін естіген өсектің дәмі жоқ» деп ойға кеткен Еркімбай:

– Ау, Күсеке, Суеке! – деп айғай салды.

Су Құсайын оянар емес. Шабдар ат қана, «қарағым ерікпей, жөніңе кетсейші, ұйқыдағы адамның мазасын алып не жұмысың бар» дегендей басын көтере жаратпай бір қарады да, бөтен аттылы кете қоймаған соң, «тфу, ұятың жоқ саппас екенсін» деп, танауы делдие қатты пысқырып, қайтадан оттай берді.

Су Құсайын он шақты күн тынымсыз ел кезіп, өлердей шаршаған. Қарауыл жайлаған қалың елдің бір шетінен түре түскен ол, қазір екінші басына зорға жетіп, мал өрістен қайта Жекебояқ жайлауына құлады. Астындағы арбиған биік жалқау шабдар аты тонқ-тонқ етіп өнімсіз бүлкілдеп, ішін ауыртқан соң аяңға түсірген.

Он шақты күннен бері Су Құсайынның тамағы ток. Өсек сөзге, жаналыққа жаны құмар еріккен жұрт жол бойы қонағасын мол беріп, мелдегінен шығарған. Күнде ат үстінде жүрген онда еш уайым жоқ, тек ағаш ер қажаған жері ғана удай ашып, ұзақ уақыт екі жамбасына алма-кезек қисая отырып, мазасызданып, орын ауыстырып келеді. Біраз жүрген соң еті қызған Су Құсайын ол қайғыдан да арылды. Енді жиі кекіріп, көмейінен келген тәтті қымыздың иісіне мас болып, самайынан тарамдана тер ағып, маужырай бастаған. Аянға түскен адымы кен шабдардың үстінде түйе өркешіндегі жазыдай ырғалып, басы салбырап, қалғып кетті. Иесіне сыралғы ат өзіне таныс қорыл шыққанда жалғыз аяқ жол жиегіндегі қалың көдеден жұла оттап, қыл шылбыр сусып алдына түскенде жолдан шығып, қалың қауға жабыса қалды. Ауыздығымен оттап үйренген шабдар бозғылт қаудандай қалын қияк жалы бармақтай ноғаласы бар көзіне түсіп, шөпті тамырымен жұла жайылып, жолдан ұзай берді. Желсіз тымық ауада кешкі бозторғай ұзақ шырылдап, ашық аспанда қанаты жыбырлап, ән салады. Сары гүлдердей титімдей шымшықтар қалын шөп арасында өзді-өзі сөйлескендей шикылдап, тыпын-тыпын еткен шидей аяқтарымен тынымсыз жорғалайды. Тарыдай көздерімен шабдар атқа қызыға қарап, еті үйренген сайын тұмсығына жақындай түседі. Белінде отырған шүйкедей иесінің салмағына үйренген ат оны жаңқа күрлы көрер емес. Келесі күнге дейін жүре берсе ауырсынар гүрі жоқ. Бабымен мініп, жиі оттатып, аузынан жем-суды айырмайтын иесіне риза шабдар жиі пыскырып, қарнын бүрістірген артқы қайыс айылдан ғана тынысы тарылғандай анда-санда ыстық леппен ішін тарта күрсініп, басын жерден көтермей, жылжи берді. Қасына келген салт атты адамды керек қылмады. Жақындай бере оқыранған бөтен атқа да мойнын бұрып дыбыс бермеді. Шабдар ат өз қожасынан басқаны менсінбейтін маңғаз. Ғұмыры үйірлі жылқыға қосылып көрмеген саяқ. Жал-құйрығының түбіндегі аздаған қышымасы қозғанда ғана өзі секілді бос жайылған жауыр атты тауып алып, айқасып тұрып ұзақ қасынағыны бар. Онда да қышуы қанған соң, «жарайды, біраз күнге жетер» дегендей, әлгі атқа қайрылмастан кете баратын тәкаппар.

Анда-санда мазактағандай «айт-айт!» деп қойып қорылдаған Су Құсайын мен керенау шабдар аттын мына қылықтарына ыза болған Еркімбай енді ай даланы басына көтере:

– Құсайын, Су Құсайын, сутәк Құсайын!– деп жәрменкеде орыстардан үйренген сөзін араластыра дәл құлағының түбінен баж ете қалды.

Бұл жолы басын оқыс көтеріп алған шабдар ат шын жаратпай, «өй, жүрегінің қабын жарайын деп пе ең, есін дұрыс па өзіннің, үйбай кайтеді, шайқы болармысын, өзінді тістеп алайын ба!» дегендей ноғалалы айран көзімен ұзақ едірейе қарады да, құлағын жымитты.

Қатарласа тоқтаған Еркімбай Су Құсайынды иығынан сілкіп-сілкіп қалғанда барып қорылып басқан. Біраз пысылдап, айтағынан жанылған ол сәл бұрылып, бір көзін ашты. Өзі әлі үнсіз отыр. Кең ашылған көк көз кірпік қақпай өзіне ұзақ қадалғанда Еркімбайдың зәресі ұшты. Жүзіктің бетіндегі тозған гауһардай көз өңменінен өтіп, ішіп-жеп барады. Еркімбай сасқанынан:

– Оу, Құсеке, мен ғой, Еркімбаймын, танымай тұрсыз ба! – деді.

Енді Су Құсайынның екінші көзі ашылды. Бірақ әлі мәңгіріп, түк түсінбей үнсіз қадалып отыр.

– Ассалаумағалейкүм, – деді Еркімбай.

Ұзақ отырып, әлден уақытта аузын кере есінеген Су Құсайын:

– Әлікімссалам, – деді...

Еркімбай үйіне кенген сон Су Құсайын ширап кетті. Ауыл адамдарының біразы жиналып қалған. Киіз үйдің сыртына төсеніш жайғызып, дәл ортаға молдасқұрып жайғасқан Су Құсайын әуелі біраз бұлданып ширатыла түсті:

– Еркімбай, сен ана әйеліне алдымен қазан көтерт, тамақтың иісі мұрныма келмей, сөзімнің нәші де келмейді; сосын самауыр қойғыз, мына күннің ыстығында барлығып, таңдайым кеуіп отыр. Кірпіш шайларың бар ма еді, ет піскенше жеңіл-желпі күймақ күйғыз қойсаң да жаман болмас еді. Е-е, өздерің тауық та ұстайды екенсіңдер ғой, – деп, үйден алысырақ жерге төккен күлге аунап жатқан қарала-торала ақ тауықтарға қарады. – Самауыр ішіне он шақты жұмыртқа тастай салыңдар. Бірақ тым қатты пісіп кетпесін, сол бәлекеттің аршуы қиын. Бәрінен оңайы – соны қаймақ қайнатып пісіргендерің жөн болар. Сосын ана шабдар атты отқа қойғызсаң. Жарықтық өзіме тартқан тамақсаулау неме.

Еркімбай – Ақтоқтының апасы Ақботанын күйеуі. Шаруасы мығым бұл үйдің иелері қонаққа да барын беретін қолы ашық, қонақжай жандар. Бұл ауыл үстінен өткен адам мұнда ат басын тірмей кетпейді. Кер маралдай керілген аппак Ақбота ақ жібек жаулығы, көк атылас кең етек көйлегі көлбедеп бәйек болып жүр. Сықпа құрт, ірімшік жайған шидің биік қазықтарына

кактаған койдың жас етін қазанға жуып салып, астына даладан терге қанылшық тезекті қалап, әп-сәтте ду еткізді. Сыртына орыс патшаларының суреті оймышталған жез самауыр да оттығынан қызыл жалыны шығып, кебу түйміштер шытырлай жанып, гүжілдей жөнелді.

Тер сінген атамзаманғы сырмалы тақиясын алшысынан киіп, масаттанған Су Құсайын әлі де маңғазданып, шабдар атын тармақ қададан шешіп, үзенгіге аяқ артып жатқан жалаң аяқ балаға өмір етті:

— Әй, балақай, мына тұрған көлге жетектеп барсан да болмай ма? Алыстан келген атты қинап кайтесің. Ауыздығымен су ішкізіп жүрме. Ерді байқап ал. Шоқтығында жарасы бар, беті алынып қалмасын. Ана жырымда байлаулы тұсамысты көремісің, тым алысқа ұзамай-ақ көлдің бергі қабағына жіберсең де болады. Суарған соң аунатып ал, түнде аунаймын деп үйелеп қап, көзімді ағартып жүрмесін. Құнын төлейтін әкеннің артық аты бар ма еді, — деп шылбырынан жетелеген қонақуар балаға қарап, басын шайқады. — Өзінің ат жандысына не берерсің, құйтымдай боп ап.

Ел арасында еркін сөйлеп, ерке боп алған Су Құсайынның аузына шал-кемпірлер жұтынып қойып қарап отыр. Биыл қыста Ақанның Бірішек жайындағы әңгімесіне жамау-жасқауды көбірек қосып, Нұртазаларды оңдырмай сілейтіп, әжуалағалы бұл маннның адамдары аузының суы құрып жүретін. Бір кезде ол ерніне насыбай салып әңгімесін бастамаққа қозғалақтады да, жер ошак басында күйбендеген Ақботаға тағы қарады:

— Айналайын, ана самауырдың түйміші кайың-ау деймін. Кейін оттығын қағарда күлін төге көрме. Осы үйде үккіш бар ма еді. Насыбайым таусылып қалыпты.

— Бар, бар. Мына көрші үй алып кеткен, алдырамыз ғой, — деп Еркімбай да жөппелетіп жатыр.

— Ал, енді тындандар, — деп, бар мұқтажын жайғастырып алған Су Құсайын сөзге кірісті. — Апырай деймін-ау, бұлай болар деп кім ойлаған. Тап Сүтемген бұлай маскара болам демек түгілі, үш ұйқтаса түсіне кірмеген шығар. Аузы күншығыстан бір-ақ келді. Мейманасы тасып, қара қазақты менсінбей, төрелердей аскактаған неме белі шойырылған қасқырша шонқиып қалды. Бәлемге сол керек. Онымен иық тенеітірер қазақ тумалы деп жүрген шығар. Енді көрсін қалай екенін».

Ақтоқтының болашақ атасы Сүтемген құда жайындағы суық хабарға Еркімбайдың көзі шарасынан шықты. «Оған не боп қалды. Токтым аман болса игі етті» деп елендеген Ақбота да

кебісін ұшымен басып, аяқ астында тапталған сарғыш шөптесінге бір жамбастай сылқ етіп отыра кетті.

– Еркімбай, сен де бөтен емессің. Ақтоқтыға бір адамның жаны ашыса, сенің жаның ашыр. Жасы балиғаға толар-толмаста ана Сүтемгеннің катынсыз жүрген Жалмұканына атастырып, қартайғанда Бактыбай да алжыды ғой. Бірақ ол байғұс та қайтсін, күштінің арты диірмен тартар деп, ана Сүтемген екі құлағын басып отырып зорлықпен көндірген жоқ па? Және мал да көздің құрты ғой, қызықпайтын пенде бар ма!— деп Су Құсайын ерніндегі насыбайын баппен алып шертіп жіберді де, сыздыктата бір түкіріп, ерніне тағы да жана насыбай салды.

– Осы бір насыбайдың ашуы жоқ па, әлде күлінен болды ма, қоға татиды.

– Айтсаңызшы, тезірек, Ақтоқтым аман ба, құдай-ай, тағы не боп қалды.— Жаулығының шетімен жасын сүрте берген келіншекке күле караған Су Құсайын:

– Еһ, Ақтоқтыға не болсын, қағанағы қарық, сағанағы сарық, қасында ай мен күндей жігіті бар,— деп шырт түкірді.— Асықпа әлі қызығы алда. Жакында Сүтемгеннің баласы ұрын келген. Сол күні Ақтоқты жоқ боп шықты.

– Иә, қайда кетіпті?!

– Қашып кеткеннен сау ма?!— десіп кемиек кемпірлердің иектері бүлкілдеді.

– Қашып кетіп қайда барсын. Аттандап, бүкіл ауылды тік тұрғызған Бактыбай әкең ел болып іздеу салады. Алдында ғана алтыбақанға тербеліп ән салған қыз ұшты-күйлі жоқ. Басқа ауыл қыздары түгел. Бақаң қайта-қайта келіп, қыз-қыркын, келіншектерді шетінен тізіп санайды. Бәрі түгел. Зәресі ұшқан жұртқа ұрын келген ұры күйеу де қосылып іздеу салады. Айсыз түнде көзге түртсе көргісіз екен. Ауыл малын торып, манайда өріп жүрген қасқырларды көргенде үрейлері ұшып, жұрт жылап-сықтап, дауыс қылып, Ақтоқтыдан күдер үзе бастайды,— деп, Су Құсайын әңгімесін аздап қорқыныштылау етіп қойды.— Кейбір қыздар «Ақтоқты тысқа үнемі жалғыз шығатын» деген сайын Бақанда ес қалмайды. «Ойбой, даланы кезіп жүрген бөрілер қағып әкеткен екен ғой» деп, Дәмелі де ойбайын салып, шашын жұлады. Сол екі арада таң да атады. Қарбаласып жүрген ауыл адамдарымен бірге Жалмұқан да ақыры қалыңдығын табады ғой. Тапқанда қайдан тапты дейсіндер ғой... ал өздерін табындаршы.

Су Құсайын күлімдеп, маңындағыларға қарап, отырып қалды. Ақбота «Уһ, аман екен ғой әйтеуір» деп ауыр бір күрсінді.

Шал-кемпірлер көздері алақтап, «қайдан білейік» дегендей нықтарын қозғайды.

– Құдыкка түсіп кеткен бе?— деді Су Құсайын.— Әлде суға кеткен бе? Аю алып кеткен бе?

Ақбота қайта үрейленді.

– Қасқыр жеп, сүйегін қалдырған ба?.. Әлде ат теуіп мерткітіріп кеткен бе?

Әбден ызасы келген Ақбота:

– Ойпырмай, айтсаңызшы, тірі ме?!— деді.

– Аман-сауын бір құдайым білсін,— деп әлі де жұмбақтап отырды да, ток етерін бір-ақ айтты.— Ондай сұлу қыз құдайға жанын тегін берсін бе? Сүйтсе, бұрыннан көңіл қосқан жігітімен бірген жүрген Ақтоқтыны терең сай ішіндегі қалың қурайдың арасынан тауып алыпты.

– Не деп отырсыз?!— деп Ақботаның жан даусы шықты. Еркімбай қызарактап, жер шұқыды.

– Жігіті кім екен?

– Ол маңда тап ондай жүрек жұтқан кім болды?— десіп, шалдардың көзі жылтындап, құмарта түсті.

– Ол кім болушы еді. Қарауылдың ардагері Ақан,— деді Су Құсайын.

– Ақан?

– Онымен кашаннан бері көңіл қосты екен?

– Апырай, Ақан да қыран-ау алыстағыны көзі шалатын, тегі көптен-ақ ілген-ау құсын.

– Итім білсін ол жағын. Әйтеуір былтыр қыстан бері бір-бірімен табысып, шариғат жолына түскен деседі ғой,— деп Су Құсайын қабағын керді.

– Онда бойына бірдеме бітіп қалған шығар-ау?— деп бір кемпір сыбырлап, күлім қағып, шик етіп күліп жіберді.

– Е, бітпегенде, жігіт пен қыз сай ішінде омпы ойнап жүр дейсің бе? Қазір шермиіп, қамауда отыр. Ақанға енді қалай бермес екен.

– Жетті енді, доғарыңыз сөзді. Осыны айтуға келіп пе едініз!— деп Ақбота тамағы кеберсіп, даусына булықты.

– Әлі жеткен жоқ. Қызығы бар. Қарғам, ана самауырын сөніп қалды ма, одан да от салғаның жөн болар еді.

– Ендігі қызығынның керегі жоқ, естімеймін. Сіздер де тараңыздар,— деп Ақбота ашу шақырып, маңындағыларға үлкен көзімен от шаша қарағанда ауыл-үй адамдары орындарынан сүйретіле тұрып, жылыстай берді. Миықтарынан күліп барады.

– Қалғанын кейін айтам, – деп жалғыз шокиып қала берген Су Құсайын, солқылдап жылап үйге кірген Ақботаны уатуға кеткен Еркімбайға үй сыртынан айғай салды. – Әй, Еркімбай, мында кел, басқа бір қызық айтайын. Қарағым Ақбота, қыз күнінде сен де сондай болған шығарсын. Есіне түсіп кетті-ау, шырағым! Ақандай жігітке кім күштар емес дейсін. Бағы ашылып қосылып кетсе жарар еді.

– Намыстан өлердей боп, өксіп-өксіп жылаған Ақботаның даусы күшейе түскенде Су Құсайын қазандық астындағы сөне бастаған отқа қарап күбірлей берді:

– Қарағым-ау, соған да жылайды екен-ау. Шын сөзді айтқанға кінәлі боп қалдым ба? Е, бірақ оның несі айып. Жігітпен түнде сайран құрған қыз жүкті болмағанда қайтушы еді. Оң жақта отыр демесең, Аканнан алтын асықтай ұл туса, Дайыршасы өлген Бактыбай да немерелі болмай ма? Әу, қарақтарым, – деді енді Су Құсайын дауысын көтеріп, – қазандық, қазанды-ық сөні-п қалды. Самауырда да дыбыс жоқ. Әу, қарақтарым! Өздеріңнен гөрі самауырды ызындатындар!

Су Құсайын күйген томардай шокиып, қас қарайғанша отырды. Оты сөне бастаған жер ошақ маңы да, шам жағылмаған киіз үй іші де үнірейіп суық тарта берді. Өлгінде ғана жарқылдап отырған үй иелерін де қараңғы түн басты. Ойнап жүрген балаларын ерте жатқызған үй маңы тым-тырыс. Қонақтың барын да ұмытқан сияқты.

Су Құсайынның бұл екінші рет көрген тауқыметі. Биыл «Бірішек» әңгімесін өсіріп айтам деп, сонына салып қойған Нұртаза болыстың әумесер бір жігітінен таяқ жеген. Пісейін деп тұрған мына астан бірінші қағылуы.

Әлден уақытта барып орнынан зорға тұрған Су Құсайын ашық есігінен от көрінген басқа киіз үйге қарай үнсіз аяндады.

5

Күн етекке қарай еңкейіп, байи бастаған. Шала сарғайған дала сілтідей тынып тұр.

Атақты Зілқараның Әлібегінің аулы. Аты шулы батырдың ауылы. Арасын ел көшкендей етіп алшақ-алшақ далита тіккен қарасы жиырма шақты ақ шаңқан үйлердің маңында бейсауат жүрген адам, жайылған мал жоқ. Қотаны кең ауыл көшесінің қалың шөбі де әлі жапырылмаған.

Қыркүйекке қарай ауған тамыздың соңғы күндері екіндіден былай күз нышанын білдіріп, салқын тарта қалады. Құрғақ

габаға қуырған бидайдай күнұзақ көде арасында дамылсыз ыршыған көкала, коныр шегірткелер, тынымсыз жортқан құрт-құмырска, көбелек атаулы бұл кезде шөп арасындағы жылы орнына жайғасып, тым-тырыс күйге енеді. Мал өрістен қайтатын кез болса да, мөңіреген сиыр, кісінеген жылқы даусы естілмейді. Оларға бұл ауыл қотанында орын жоқ. Әлібек аулы тыныштықты сүйеді. Данғаза-айғай ғұмыры естіліп көрген емес. Батырдың қабағы қалай көтеріледі, солай ауыл түндігі ашылады. Қалай қабағы түседі, солай да жабылады. Әсіресе батыр бас косты дегенше, ел аяғының ұшымен, асыра айтқанға төбесімен жүреді. Бұл әдетке жаздағы табиғат жәндіктері де үйренгендей. Қазір шок-шок ағашы бар әсем, ен дала — бар табиғат жымжырт. Ауыл түбіндегі жатаған көк төбеде әңгіме дүкенін құрған бес-алты адамның сөзін тындау, аузына қарап, ұйып қалғандай.

Отырғандар москал адамдар. Ұзақ, қысыр кеңестен соң, сөз аяғы бұл арадан шалғай жатқан жат елде өтер бір асқа кеп тірелген. Еріндеріне ширатылған көк бұйра насыбай салып түкірген, өңкей барқыт шапан киген елдің өзім деген бектері, бұл арада қателесіп кетпейін дегендей аңдап сөйлейді. Өздерінің үстінен қараған, өңкіген Әлібек батырдың алдында қымсына береді. Сөзге доғалдау болса да, қисық сөзді, көкейге қонбайтын былжыр ақылды тез аңғарғыш Әлібек күндей күркіреп, «өй, ішінді ұрайын, ақылыңды да...» деп үлкен-кішіге қарамай зекіп тастауына шөк жоқ. Сондықтан да бәрі бас изесіп:

— Дұрыс кой ол, мұныыз тапқан ақыл,— дегеннен бөтен ештеме алып-қосарлары жоқ. Отырғанда ана-мына түрегеп тұрған тапал адамның бойымен барабар алып Әлібектің сол жақ тізесінің үстінде көлденең түсіп «патшадан алған» сарала қылышы жатыр. Ол қынынан суырылып шығып, біреудің жазықсыз басын қағып түспесе де, Әлібек әйтеуір осы бір суық қаруын қасынан әсте тастамайды. Бауырын көтергеннен бері, тірі пенденің етегінен алып көрмесе де, тіктеп қарағанда қызыл көзі өнменнен өтетін тайыншадай сарала иті он жақ тізесіне басын салып ол жатыр. Осының бәрі Әлібекті ертегінің батырынан да сұстылау етіп көрсетеді.

— Сонымен сөздің тоқ етері, бұл асқа ешкімнен жылу жинамай-ақ өзім-ақ жеке сауын апарамын,— деді Әлібек күректей алақанымен сараласының басын сипап.— Ішінді ұрайын, атығай-қарауылдың шіріген байларына салық салып қайтемін. Шақырған екен атымды атап, ендігі салмақты Әлібек қарақан басы жеке көгереді.

— Ол дұрыс кой, бірақ, Әлеке, елдің елдігі, казактың казакшылығы болмаушы ма еді,— деп күлімсіреді отырғандардың бірі,— сіз екі елдің атынан ұзақ сапарға аттанғалы отырсыз, жәрәкім алла, иншалла жолыңыз болады екен.— Бағанадан бері бір тал шөптін сабағымен тісін шұқып отырған кемиек, шарқы шал енді мұрнына жүгіртіп жібергенде бырс еткізіп түшкіріп салды да, «Иә, иә, мен де бір қартайғанда сәбимін ғой, жолын болады екен, қарағым» деп көзі жасаурай қалды.— Иә, айтпағым сол, Әлеке, жалғыз сізге ауыртпалық түсіріп, біздің де бейғам қалғанымыз жарамас, айтыңыз, азаның малын біздің де қосқанымыз жөн ғой.

— Керек емес! Мен ол үшін шақырып отырғаным жоқ, өз байлығым өзіме жетеді біреудің қалтасына қол салмай-ақ. Менің кеңесейін дегенім басқа,— деп Әлібек сәл бөгелді.

Жаңағы бір шөптін қырсығынан әлі де мұрны жыбырлап, аузын ашып, мандайы тершіген кемиек түшкірігін басайын деп, жөппелете сөйлеп, қыстырыла кетті.

— Иә, қарағым Әлібек дұрыс айтады. Өлім «бардың атын шығарам, жоқтың артын ашам» деп келеді екен, с-с-сол а-айт-қан-да-ай, а-аһ-атпшу!

— Әй, шал, түкірігінді жұртқа шашпай, әрі қарап отыршы өзін,— деп Әлібек тыжырынып, жақтырмай қалды. Сарала да басын көтеріп, шалға бір қарап қойды.— Менің сендерден сұрайын дегенім — осы асқа апаратын жігіттер жайы, жүйріктер жайы. Күреске кімді, бәйгеге нені апарамыз. Әрине, жігіт те, ат та көп, бірақ ана жылғы іштегі астай маскара боп қалмауымыз керек. Ойланындаршы, ал сен қағазынды алып, жазып отыр.

Әлібектің қасындағы жігіт төс қалтасынан бүктеулі сары қағазын шығарды. Бәрі қабақтарын түйіп ойланып, тандаулы-тандаулы деген атығай-қарауылдың жігіттерін есіне түсіре бастады.

Тым-тырыс мүлгіген дала осы кезде бір сәт селт еткендей елен етіп, қайтадан демін ішіне тартып, әлденеге құлақ түре қалғандай болды. Отырғандар да бастарын оқыс көтерісіп, батып бара жатқан қызыл ала шар жаққа қолдарын көлегейлеп, «бұл кім?» дескендей қарасты. Алыстан әсем ән естілді. Жанға жайлы, жаймашуақ ән қоныр, жұмсақ дауыспен еркін басталып, кешкі ауада толқып барады. Жазық даланың қалтарыс-бұлтарысы аз даңғыл жолына салып жібергендей, өзі де кең жазылған жазық ән көмейден еркін шығып, бірте-бірте күшейіп, жақындап келеді. Бала қайынның қожырсыз қабығынан қайнатқан қаймақ-сағыздай созылған қайырмасында

көтерілген көңілдің, тауы шағылмаған албырт жастықтың күйі аңғарылғандай. Не деген келісті әсем ән, не деген әнге лайық сұлу үн. Қысылмайды да, аптықпайды да, бетегенін шашағындай жайқалып, осы өңірді тербеп келеді. Әнші ат үстінде сияқты, ырғағы аттың ырғағымен бірге баяу шайқалып та қояды.

Әлден уақытта ауылдан бір шақырымдай жердегі қызылдың қалтарысынан қылт етіп аттың басы көрінді, ат тізгінін бос қоя беріп, көгілдір аспанға қарап, келісті шырқаған әнші көрінді. Соңында жүген-ноктасыз екі құр ат құлын құсап еріп келеді. Бар алап, бар ағаш, көк күмбезге құлақ біткендей. Қыбырсыз тындап қапты. Ауыл үйлерінен асыға шыққан қатын-қалаш киіз есіктерін көтерген қалпы ауыздары ашылып, үй сыртында уыққа ала құрттап аяқ бау есіп отырған кәрі-кұртан белін жазып, самауыр тұтатқан бойжеткен түймішін оттыққа апарған күйі қолын қайтып алмай, тұрып қалыпты. Әңгімелері үзілген Әлібектер де үнсіз. Кемиек те түшкіруді ұмытып, насыбай салған ернінен сілекейі шұбырып отыр. Қайықтай қалқыған ат, сол жүріске арналған ән. Жакындай бере, әншінің қайталап салған сөзі де естіле бастады:

«Маңмангер, кекілін келте, жалың майда,
Жүйрік жоқ сенен озған құнан, тайда.
Жүрісің желмаядай, жануарым,
Көрейін қызығынды осындайда».

– Оу, мынау Ақан ғой, – деді отырғандардың бірі.
Жұрт гуілдесе жөнелді.

– Бәсе, бәсе, бұл кім десем Қорамсаның Ақжігіті екен ғой. Ана соңындағы аттарына жол болсын. Мен арда еміп жүрген тай екен десем, ересек жылқылар ғой.

– Е, олар құр аттар. Ақан үйретіп қойған екі ат қайда барса да сонынан салпақтап еріп жүреді деуші еді, рас екен-ау.

– Бәсе, бәсе, ел іші Ақан деген атына сері дегенді қоса бастапты. Өзі де сері жігіт екен-ау.

– Ақанның киім киісі, бар қалпы жұрттан ерек. Ақындық та қонған ғой, тегі. Өзінің аруағы бар деседі қозып кететін.

– Әй, өзі де сері десе, сері-ау. Аңада бір жиында көріп ем.

– Бүкіл қарауылдың мандайына біткен асылы болайын деп тұр.

– Қарауылын не, бүкіл арғынға десейші.

– Бүкіл қазаққа десең де сияды, әшейін сөздің рәсімімен айтып жатқаным ғой.

Үндемеген Әлібек қана. Ол не десін. Ақанды әлі көрген жоқ. Оның үстіне әшейінде сыпайышылық сақтап батыр алдында үндері шықпайтын манындағылардың қарғаша шулай қалғандары шамына тиіп отыр. Әнші ауылға жақындап қалды. Әні тоқталмайды, үдей түседі, пысықтап келе жатқандай қайталап-қайталап айтады. Жана ән-ау, тегі...

«Бәтір-ау, мұнысы несі? Қанша әнші, сері болса да, Әлекеннің қотанына айғайлап ән айтып кіргені қалай? Апыр-ау, тоқтатар емес. Ауылдың шетіне кірді!» Манадан бері ән ырғағымен бірге ырғалып, елтіп отырғандар, енді шошып оянғандай көздерін ашып алып, Әлібекке үрейлене қарады. Осы сәтті күткендей, жалпақ, терісі қалың шойын беті одан сайын күреңітіп, әрқайсысына қойдың тобығы еркін сиятын қос танауы желпілдеп, батыр орнынан гүр етін түрегелді. Маңғаз төбет те «ғ-ғыр» етіп ұшып тұрды.

— Бұ не деген әдепсіз, бассыз неме еді, шауып тастайын басын!— деп Әлібек те ұмтыла берді.

Бұған ерегескендей, әнші де:

— Ах-а-ау, жігіт ері,
Дерсін мені,
Деп салған
Маңмангерге
Ақан сері»,—

деп, қотанда тайпалтып, тура Әлібектің ақ үйіне келіп тірелді де, атын белдеуге байлай салып, жып етіп үйге еніп кетті. Екі бос ат басын төмен салып, айналып жүр. «Маймангер, ән қосайын жүрісіңе, Дер екен қалқа қалай келісіме» деген әнші жалғыз отырған Ақшабақтың үстіне кіргенде, Әлібектің тынысы тарылып, булығып, жүрісінен жаңылды. Аяғы алға емес, арқа сүйрегендей, шалысып келеді. Үйге жақындай бере, қынапқа салды қолды. Көкжиекте мандайы ғана көрінген қызыл күннің соңғы сәулесіне алмас қылыштың жүзі жарқ етті. Сонынан ілесе бере іркілген мәжілісқорлардың да көздерінің оты жарқ еткендей зәруелері ұшып, үрпиісе-үрпиісе тұрып қалды.

Жасынан атжанды, аңшы, саятшы Әлібек белдеудегі атқа карамай өте алмады. Тұрқы ұзын кер ат иегін дөдегеге салып, танауы делдің, керіліп тұр. Қасына таянған сұсты адамға отты көзінің қиығымен тосырқай, үрке қарады. Бірақ иегін дөдегеден алған жоқ. Іалтайып тұрған құлабестінің бұтына көзі түскенде

Әлібек тандайын қакты. Салбыраған ұмада қатқан қан ізі бар, жақында ғана піштірген екен жануарды.

Аттын тұрысынан-ақ шын жүйрікті таныған сұңғыла батыр: «Аһ, атаңа нәлет, сендей тұлпарлар тұқым алмай қалған еліннің екі дүниеде гандайы ағармас» деп тістеніп, басын шайқады.

Ақан есіктен аттай бергенде-ақ, алыстан салған даусынан танып, қашан жеткенше дегбірі кетіп, жүрегі лүпілдеген ұзын бойлы, қызыл шырайлы, көзі сәл бадырайғандау, он жеті-он сегіздердегі қыз алдынан шығып бас салған. Мойнына асылып, қатты қысқан қарулы, ерке қыздың құшағынан босай алмай, қапыда қакпанға түскен андай, ә дегенде, Ақан сасып қалды. Қара көленке үйдің ішінде ешкім жоғын аңғарған соң ғана жүрегі орнына түскендей боп:

– Ақшабақ, айналайын, жіберші,— деп, бірақ өзі денесі толысып, найкалып тұрған арда емген құлындай уыз қыздың екі иығынан қапсыра құшақтап, бауырына басты.

Ақшабақ Ақанды бертін ғана біледі. Былтыр Бекқұлыда күземде отырған нағашыларына барғанда түнгі күзеттегі қыз-қырқынның ұйқы ашарында көрген-ді. Содан бері қайда кездесе қалса-ақ ашық, тентек қыз Ақанды «ағалап» бас салады. Бірақ өзге ағаларындай емес, ақын ағасының «туыстығы» бөлек секілді. Құшақтай алғанда-ақ Ақшабақ тұла бойының қалай дір ете қалғанын сезіп, бетіне ыстық қан жайыла береді. Ақан құшағында өзін жып-жылы ұяға кірген балапандай сезінеді, сол ұяда бұйығып, тұра бергісі де келеді. Қазақ жұртындағы «аға», «қарындас» деген сөздің септігінің тиетін жері көп-ау!

Қылышын жалактатып Әлібек кіріп келгенде екеуі құшақтарын ажыратып, сескеніп, шегіншектей берді. Сыртта қанды бұт Құлагерді көргенде алғашқы райынан қайтып қалған Әлібек қотанында ән салып басынғаны аздай енді өз табалдырығынан уыздай қызын еліктіріп тұрған отыздарға таянған келбетті жігітті көргенде қайға ашуға мінді. Тісін қайрап, қылышын көтере бергенде «Көке» деп Ақшабақ шар ете түсті. Бірақ әкенің морт мінезіне қанық қызы, шамына тиермін деп жақындамады. Үстіне қара бұлт жамылған албастыдай төнген батырдан шын зәресі ұшқан Ақан қыз даусы шыққанда барып бойын жинап алды:

– Ағасы, дат! Дат, тақсыр!

Басы төмен салбырап, ұрлық жасаған кінәлі адамдай шегіншектеген жігіт енді басын көтеріп алып, өткір көзін қадай қалғанда Әлібек қылышын көтерген қалпы іркіле берді.

– Не айтарын бар еді. Бол, тез!

– Айтарым емес, сұрағым бар. Сосын, талша мойным кылша.

– Сұра, бол!

– Мені не үшін өлтірмекшісіз?

«Иә, не үшін өлтірмекші». Батыр ағаттау кеткенін жана аңғарды, әйтсе де бір тосылтып, бетін қайтарып алғысы да келді.

– Бейбастақтығың үшін!

– Қай бейбастақтығым үшін. Түздегі ме, үйдегі ме?

– Түздегің үшін де, үйдегің үшін де.

– Тым арзан емес пе?

– Неге арзан?

– Неге екенін айтайын.

– Әй, сенің сұрағың да, жауабың да көбейіп барады ғой. – Әлібек қылышын төмен түсірді. Ендігісі баланың ойынындай көріне берді.

Дегенмен, жұрттын аузының суы құрып жүрген ақын не айтар екен деп тыңдағысы да келді.

– Үлкен адам «неге?» деп сұрап тұрғанда, сөзін жауапсыз қалдырып, шаһит боп кетсем, ұят қой. Сіз де артымда армансыз қаларсыз. – Ақшабақ мырс етіп күліп жіберді.

– Түздегі бейбастақтығым – қотаныңызға өлең айтып кіргенім шығар, – деп, енді сері жігіт қауіп бұлтының сейілгенін сезіп, еркін көсіле жөнелді. – Мен сіздің қотаныңызға дауыс айтып, үн салып, қаралы хабармен енгенім жоқ, әнмен ендім. Соғыссыз жатқан батырдың бейбіт аулына ән, думан жат емес шығар деп білдім. Қала берді, алты алашқа өзінің билігімен қоса «Жиырма бес», «Токсан бес» сияқты әсем әндерімен мәлім Зілғара Әлібегінің аулы әннен үрікпейтін шығар, шошымайтын шығар дедім. Оның үстіне, менің Маңмаңгерімдей жылқыға мінген адам өзін пыраққа мінгендей, айналасында аузынан жалын шашқан әбжыландар емес, жемісін көтере алмай сабағынан үзілердей майысқан миуалы бак ішіндегі хор қыздары жүргендей сезінер еді, сондай пейіштің ішінде, пырақ үстінде келе жатқан пенде жар астынан шығар жау болар деп көперіне де алмаса керек.

– Жетті, екінші бейбастақтығыңды айт! – Әлібек ақын сөзіне қызыға түсті.

– Екінші, үйдегі бейбастақтығым – Ақшабақты бауырыма тартып құшақтағаным шығар. Жалғыз отырған қызға жігіт құштарлығы бозбалалық әуені болса болар, бейбастақтық болмас. «Қызға сөзді кім айтпайды, қымызды кім ішпейді» дейтін бозбала аңдушыны әкеден күтпеуші еді. Егер әке көре қалғанда,

көп болса, жігіт құлағын бір бұрап жіберер еді, бірақ қынабынан қылыш суырмас еді. Және, сөздің шынына келсек, Ақшабақ алдымен қыз қылығымен назданып шықпай, қарындас мінезімен еркелеп келіп, ағалап құшақтаса, Қоскөлдің сүйірігіндей қарындас білегін Шалқардын жел өтіндегі кара қоғасындай майыстырып, ағасы қалай кері қайтармақ.

— Нобайына карағанда тіршілігің жаман емес сияқты. Ендеше өлімінді арзанға байлайтының қалай?

— Жоқ, мен өз өлімімді еш уақытта арзанға бағаламақ емеспін. Сіз үшін арзанға түспей ме дегенім ғой. Егер жанағы өзіңіз айтқан «бейбастақтықты» Хазіреті Ғалы істеп, сонын басын алам деп ұмтылсаңыз, сіздің батыр атағыңызға лайық: ерлік пен қымбатқа түскен өлім болар еді. Сіз үшін мені өлтіре салу не тәйірі. Арзан өлім болмай ма деуім осы еді.

— Ә, жігітім, жар-райды... Жаррайсың, ішінді ұрайын. Қорамсаның ақын, әнші Ақжігіт деген ұлы бар деп естігелі бір көрсем бе деп жүруші ем, айтса айтқандай екенсің, бетіңнен жарылқасын, отыр, қонағым бол, айыбымды арқалауға әзірмін, ішінді ұрайын!— деп Әлібек өзіне ұсынған Ақанның қолын алды.

Үй сыртында үзіктің етегін қайырып, сулы көзі жылтындап, жабықтан сығалаған кемиек шал басқаларын ішке бастап кірді.

Қазақ даласында хандық жойылып, сұлтандық дәуірдің күні өткенде бұрынғы ел батырларының да дәрежесі төмендеген. Батыр деген ат «мықты, жүректі» деген сөзге айнала бастаған. Әлібек — сол өткен батырлардың жұрнағы. Ел жауға салып қайратын көрмесе де, бұрынғы рәсіммен батыр дейді. Әлібекке де осы ат ұнаушы еді. Түс, тұлғасы, о жар тік мінезі батырға лайық ол да өзін батырларша ұстайды. Осы мінезіне сырттай қанық Ақан да оның ық жағына келіп, көңілін дауалады.

Сері жігіттің жауабына, батырға тәжім еткендей сыпайы, әрі алғыр сөйлеген сөзіне мейлінше риза болған Әлібек дөнен қой сойдырып, ақынды қолына түсіре алмай жүрген сыйлы қонағындай күтті.

Ел орынға отыра жиналған ауыл ақсақалдары Ақанға ән салдырып, дуылдасып, таңға дейін тараған жоқ.

Жиын сонында, елге аттанар кезде Ақан Әлібекке келген себебін айтты:

— Әлеке, алыс сапарға жүргелі қамданып жатқан көрінесіз. «Асқа барсан, асып бар» дейді, тегінде, азаға апарған мал, ас-судың молдығы ғана емес, бұл сөздің төркінінде «сән-салтанатың, айтар ән, тартар күйің де озық болсын, жиналған жұрттан кем қалма, кем түсерің бар— бекерге тыраштанба»

деген мән жатса керек. «Көрген жерге бой сый, көрмеген жерге тон сый» дегендей, киген киім, жүріс-дұрыс та бөтен елде сын болса керек. Сырттай бағдарлауым бойынша, тойға, асқа барам деп көңіліңіз өрекігенмен, тойға жіберетіндер жіберсе барарсыз,— деп салмақпен сөйлеп, езу тарта қарады.

— Айтқаныңның бәрі дұрыс. Бүгін мына шалдардың басын қосып, ақылдасқаным да астың жайы еді. Көктемде топтанып ұшқан құзғындарша бас шұлғысқаннан басқа қосары жоқ өншен меніреулерден бір аталы сөз, ақылды кеңес ести алмай қор боп ем. Жас та болсаң көпті аңғаратын жігітсің ғой, сөзің ұнап барады. Не ақылың бар қосар? Тойға жіберетіндерің кім? Сонынды түсіне алмай қалдым. Ішінді ұрайын, мені ұстап тұратын кім бар. О не дегенің?— деп Әлібек те соңғы сөзді ауыр алып қалған сынай білдірді.

— Асқа барамын дейсіз,— деді Ақан,— көп болса, бір-екі жүйрігіңіз, бір үйір жылқы, ашытып жатқан қымызыңыз бар шығар. Көкше өңірінен Зілгараның Әлібегі келді дегенде, кез келген сасық байлардың жемімен ғана келген сізді көріп, ел не дейді. Көкшенің өні қайда, Бурабайдың сәні қайда демей ме? Сынмен қараған елден мінмен қайтпай, үлгі-ұлағат көрсетіп, артыңызға белгі қалдырып, мереймен оралғаныңызды тілер ем.

— Міне, міне, ей, ішінді ұрайын, осы емес пе еді көңілімде сайраған. Тап үстінен түстің, бәсе, ай, серім-ай, адамның құйқа тамырын шымырлатар перісің бе, жынсың ба?!— деп қарқылдады Әлібек:

— Олай болса, осы жолға мен де жақсының шашпауын көтеріп барсам ба деп ем. Құнан, тай жарысында үздік шығып жүрген кербестінің бағын сынап, ұлы тойға салсам ба деп ем. Әнші-күйші, балуан — жиырма жігітім бар. Қалжыңға, әзілге алмастай өткір, отырса отырысқа жарайтын, жүрсе жүріске шыдайтын бес аспап қылшылдаған жастар. Құран шығарып, бас шұлғып қана қайтатын өлекселер емес, Көкшенің өні мен жырын таратып, жат елдің өнерін еліне әкеп жаятын, ездікті көтермей, ерлікті сөз қылатын ардагер азаматтар. Асқа барып бас жеп қана қайтпай, жақсыны, ұлағатты істі паш ететін өрендер. Мен солардың атынан келіп отырмын,— дегенде:

— Па, па!

— Қалай, қалай сілтейді!

— Әй, айналып кетейін!— деп отырғандар дуылдасып кетті.

— Жарайды, Ақан, көңілімді бір сергіттің. Ылайым барар, қайтар жолымыз осылай болсын. Енді өз көңілінде не бар, айт,

тартынба. Тағы кімдерін бар, ертетін. Бердім тізгінді колына,— деп Әлібек жадырап, шаттана түсті.

— Басқа апарар әзірге ойымда ешкімім жоқ. Ал тізгінді өз колыңыздан шығармасаңыз да болады. Батыр колы қуаттырақ қой,— деп әлденеге мезгеп тұспалдаған Ақан енді басқа бір тосын сөз айтып, асқа барамыз деп күмпілдеп дәмеленген ел ақсақалдарын, байларды ренжіте сөйледі.— Сізден сұрар бір ғана тілегім бар. Әлеке, егер маған салсаңыз, «өлімді жерде молда семіреді» дегендей, ас десе қалмайтын, «ас ішіп, аяқ босатарларды», құран шығарып, аят оқып, шариғат айтатын қожа-молдаларды, кісесі үзілгенше шіреніп, арқандай ширатылған дүңгірлеген қуыс кеуде бай-ма-наптарды ертпесеңіз. Ондайлар қыпшақ елінен де табылады. Сіздей батыр осы өлкеде біреу-ақ болса, соныңызға ерткен топ та сондай елден ерек болса екен. Жана тілек, жана мінез көрсетіп қайтсақ екен деген ойымды қабыл етсеңіз, одан басқа қосарым жоқ. Қалған билікті ел ағасы өзіңіз-ақ шеше берерсіз.

Құғы түскен батыр маңындағыларға қарап ойланған да жоқ, конк етті:

— Ішінді ұрайын, қыпшақ шақырса, осынау атығай-қарауылдан басқа біреуді көрмеп пе. Ендеше мен ерткен барады, ертпегеннің ішін ұрайын! Болды, мақұл! Батырда екі айту жоқ...

Арада бір жұма өткен соң уағдалы күні Ақан сері жиырма жігітпен ауыл қотанын дүрліктіріп, шықката ән салып, Әлібектің үйінің алдына кеп түсті.

Бұрын қотанында ән салдырмақ түгілі, жұртты аяғынын ұшымен жүргізетін, жалған сыпайылықпен басы жерге жеткенше жастарды тәжім еткізетін төрелердің салтындағы меніреу, өлі ауылдың үстіне жана жарық сәуле құйылғандай, мүлгіген, сылбыр жұрттын енжар көңілі сергіп, шырт ұйқыдан оянғандай болды.

Үйден атыла шыққан Әлібек те тісі аксиып күліп тұр. Анадайдан қарағанда жиырма ақ боз атқа мінген жиырма жігіттің түрі-түсі, үстіндегі киімдері біркелкі. Өңкей қаракөк шапан, бастарында пұшпақ бөрік. Қолдарында үкілі домбыра. Жетектерінде жүйрік ат. Ақан тәрбиесінен өткен жас әншілер Сұлтанмұрат, Аяған, Бәтжан, Нұралылар сырнайды құлаштай гартып, әнге салғанда дауыстары бір кісідей сынғырлайды. Ат үстінде аяқтары жерге салбыраған Ожымбай, Қойкүзет балуандар да беттерінен нұры шығып, жайнан қағады. Жастардың ішінде Су Құсайын да жүр.

Ертеңінде Әлібек те әкесі Зілғараның сары ала окалы офицерлік киімін киіп, қылышын тағып шыға келді. Полковник эполеты күнге шағылысып жарк-жүрк етеді. Қала киімімен сәнді киінген Ақан сері екеуі қос күрен каска арғымақ жеккен қара пәуескеге отырды. Асқа баратындай әдеттегі кәрі-күртан, бай-манап емес, жиын-тойға, сауыққа баратын кілең жастар Көкше аспанын әнге бөлеп, артында қол бұлғағандарға биіктен қоштасып ұзай берді.

Ақан бастаған жаңа топ алыстағы қыпшақ еліне қарай жаңа салтанатпен аттанып барады.

6

Жайлаудағы Бақтыбай, Тастан, Шағатай ауылдары ұйқы-күлкіден қалғалы не заман.

Ақтоқты қаралы келіншектей үйден шықпай, жұрт көзіне көрінуге бетінен басып, жатып алды. Қасына анда-санда ата-анасы келіп, ақыл айтып, қыз көңілін аулайын десе де, маңына жуытпайды.

— Сөздерін керек емес, мені аямай-ақ қойыңдар. Ұл орнына ұстап жүр екен десем мал орнына ұстаған екенсіңдер, армандарыңа жеттіңдер енді. Несіне мүсіркейсіндер, — деп жанындай жақсы көретін шешесі Дәмелінің де бетін қайырып тастады.

Еше күндей нәр татпай жатқан кездері де болды. Женгесі келгенде ғана басын көтеріп алып, «не хабар бар, айтсайшы» дегендей мұңайып, Қадиданың жүзіне жалбарынғандай қарайды, үй ішіндегі адамдардан қаймыққан жеңге тіс жарып ештеме айта алмай басын шайқағанда, дәрменсіз мүгедек жанның мүшкіл халіндегі Ақтоқты қайта қисаяды. Қадидиша бір қаға берісте сыбыр етіп, Ақанның алыстағы бір асқа кеткенін айтқан. Одан басқа хабар жоқ. Тастан қолынан жетелеп, тоқалын алып кетті. Көп араластырмайды.

Бақтыбай үйінің маңы күні-түні күзетте. Үш ауылдың ер азаматтары кеш түссе-ақ қой күзеткен боп, қолдарына қару ап, бай үйін кезекпен торуылдайды. Ұйқтар кезде Дәмелі қызын аймалап, сүйген боп, іргесіне алып жатады.

Ең арты түн ішінде тысқа шықса да әр жерде қылтиып, сосиып жүрген қарауылшылардан Ақтоқты әбден ығыр болды. Ашуға булығып талай рет жыларманға келіп, қыбын тауып қашып кетейін десе де қыз баланың қылдай жолы жібермейді. Және қашқанда қайда бармақ? Ақан аулына өзі іздеп жетпек пе? Жоқ, мұндай ой әлі басына келген емес.

Қамаудағы басыр күндер керенау жылжып өтпейді. Үй ішінде аяқ-табак та салдырамай, күрбы қыздары да қатынай алмай, не сырттан, не іштен жылы қабак көрмеген Ақтоқты аз күнде сары ауруға шалдыққандай көзі кіртііп, өңі жадау тартты.

Күнде тыста селтиіп, Сүтемген аулына көзі талғанша сығырая қарайтын Бактыбай кешке аһылап-уһілеп келіп, құмалақ тартады. Өз-өзінен күбірлей отырып, Дәмеліні қасына шақырып алып айтатыны бір сөз:

— Мына қарашы, құмалақтың жатысы қандай жақсы. Он жағы да, сол жағы да тұйық, маңдайы ашық, босағасы берік,— деп құмалағын уыстап алып қайта шашады.

— Аһ, бәрекелде, құдай жарылқады ғой, қатын, мына кара, аттың басын босағаға тіреді, құйысканы берік, енді ар жағын айтып керегі жоқ, күйеу бала келе жатыр, қамдана бер. Тұра тұр, тұра тұр, мына біреу кім болды екен, апырай өзі атын кара терге малындырып, жанұшырып келеді ғой.

Ақтоқты құмалаққа да, сәуегей әкеге де сенбесе де, тап осы тұста «Ақан болмаса игі еді» деп болымсыз үмітпен басын көтеріп алады. Бірақ Бактыбай тағы да оның көңілін су сепкендей басады.

— Е-е, білдім, білдім, бұл келе жатқан құдалардың хабаршысы екен ғой. Пой-пой, жүрісіне болайын, құйысканының сартылдауын қарашы, әй қатын, өзі шөлдеп келе жатыр екен, таңдайы кеберсіпті байғұстың, қымыз әзірле, қымыз,— деп жынданған адамдай іштегі арманын құмалаққа айтқызыған шалына аянышпен қарайтын Дәмелі:

— Байғұс-ау, әуелі келсінші, кәне, кеберсіген таңдайы қайсы?— деп шалының көңілін жықпай, құмалаққа үңіледі.

— Дәмелі-ау, сен де қыз күнінде құмалақшы едің, қартайайын дегенбісін. Мына ортадағы таңдайы, мына екі жақтағы сыңар құмалақтар ат үстінде салбыраған екі аяғы емес пе? Өзінің жаны жайлау, жағасы бос. Пой-пой, өзі де серейген ұзын адам екен... Әй, ол елде мұндай ұзын бойлы кім бар еді?.. Е-е, білдім, таптым, бұл Тулақ болды, Тулақ. Ұста Тулақты білмеуші ме ең. Әй, ерін-ай, екі өкпесін қолына алып ұшқан екен-ау, қайтсін... Дәмелі, Дәмелі, мына қарашы, мына жатқан құмалақ күйеу баланың жүрегі. Әй, айналайын, жүрегіннен. Өзі жүрегі күптілеу ме қалай... Е, енді қайтсын, алғашқы қызығына келе жатқан баланың жүрегі күпті болмағанда, қайтсін. Баяғыда сені аларда менің жүрегім аяқ қаптай болған... Жарайсын, құмалағым, жарайсын. Енді жинап қояйын. Қайталап тарға берсен,

күмалак алжып кетеді,— деп өзі де алжи бастаған Бактыбай бір-бірлеп теріп, жинай бастайды.

Бірақ келеді деген күйеу де жок, құда жағынан естілер хабар да жок. Қос жайлаудың екі арасын аспан мен жерге тірескен көк шымылдыкпен бөліп тастағандай қыбырлаған адам көрінбейді, кісінеген жылқы үні естілмейді. Құда жағы өлі даладай тым-тырыс.

Бір күні Бактыбай ұзақ қайғыға түсіп, егіліп жылады. Түн іші еді. Дәмелі де, Актокты да үн-түнсіз. Әрқайсысы өз ойымен әлек боп түндігі жабулы тастай қаранғы киіз үй ішінде ұйқтай алмай жатқан. Өз-өзінен сынсып жылаған Бактыбайдың үнінен екеуі де шошып кетті. Алғашқыда, ұйқысырап жатқан болар деп үндемеген Дәмелі күйеуінің үні үдей түскенде, «бастығырылып қалған екен» деп:

— Бісмиллә, бісмиллә, сухан алла, сухан алла, сүфу, сүфу, кет, бәлекет, кет!— деп жын-шайтанға алыстан айбат шегіп үшкіріп,— Бактыбай, Бактыбай!— деді.

Бактыбай жаны ашыған кемпірінің даусын естігенде одан сайын үдей түсті:

— Құдай-ай, мына байғұсқа не боп қалды,— деп жылы орнынан іш киімі ағарандап тұра жүгірген Дәмелі жұмарланған көрпеге аяғы ілініп, ұшып түсті. Қаранғыда серен етіп құлаған әйел одан сайын зәресі кетіп қайта-қайта жерге түкірініп, дұға оқып жатыр.

— Инна ағытайна кәлкәусар, пәсәлли лирапбика, оныхар инна шанияка өллә бітәр. Сүфу, сүфу!

Актокты мырс етіп күліп жіберді де, қайта томсырайды. Жасынан ауыл моллаларынан неше түрлі дұғаны жаттап өскен ол биыл Ақанның: «Сіздің ауыл молласы көп ауыл деуші еді: қағаз, қалам табылмағаны қиын болған екен»,— деп өзімсініп, өкпелегені есіне түсіп, қайтадан қалың тұман ойға кетті.

Дәмелі әр жерді сипалап, жыпылық шамды таба алмаған соң, боздай бастаған шалының қасына барып:

— Бактыбай, Бактыбай, саған не болды,— деп иығынан жұлқылап еді, мұрны бырс-бырс еткен Бактыбай:

— Ж-ж-жатшы қ-қ-қасыма, ж-жатшы,— деп ықылық атты.

— Не қорқып жатырсың ба?

— Қ-қ-қорқып мені қ-құ-дай а-а-алар дей-сің бе?

Бактыбай көпке дейін өксігін баса алмай, үнсіз жатты да, әлден уақытта барып, басын көтеріп, көрпеге көзін сүртті.

— Өзім де біліп ем,— деді сосын, жылаған даусы өлі де түзелмей кемсендеп.

– Нені білдің?

– Бүкіл малымды жаудай шауып, өзімді жұрдай ғып тонап кетерін білгем. Өлетін бала молаға қарай кашады деп, Қожахметтің әулетіне қайдан килігіп ем.

Ертең анау Баймұрзасы, Жалмұрза, Есмұрзасы аяғынан тік көтеріліп, жаудай шауып алмай ма? Шетінен шіренген бай, болыс та, би де солардан. Қалындығына келмей жатқанында сыр бар. Бір-ақ күнде атой сап, түп-тұянағымды қоймай өртше жалап кететін алапат емес пе? Қыз тумадың, қырсық туған екенсің ғой!

– Тек, қайдағыны айтпай. Сондай сөзге аузың қалай барады. Қайдағы жоқ сұмдықты қайдан шығарып отырсын. Биыл күзде той жасаймыз деген. Қамданып жатқан шығар. Несіне асығасын. Ақтоқтының да көңілі Ақаннан суыған сияқты. Шыдасаншы, бақыр-ау, байбаламды сала бермей.

– Мен шыдамаймын дейді дейсің бе? Бірақ шыдамның да шыдамы бар. Түсімнен қорқам. Жаңа жаман түс көрдім.

– Е, түс түлкінін қиы емес пе? Не көрдің соншама?— деп түске сенгіш, ырымшыл Дәмелі де басын көтеріп отырды.

– Түсімде... Өнімде дейінші...

– Қой, жаман түс болса, өнімде деме.

– Иә, айтқандай түсімде, аспан қап-қара құрымдай бұлт екен деймін. Күн жарқ ете қалғанда жалбай етіп, ақ сақалы желкілдеген бір қарақұс құлдилап келеді екен. Тұмсығы қонқиған тобан аяқ бір кәрі әтеш құрқылдап қашып барады. Қарақұс найзағайдай жарқылдап, олай бір, бұлай бір жанап өтіп, қағып әкетейін деп жүр. Әтеш жан ұшырып, шыбын-шіркей боп жанталасып, қайда тығыларын білмейді. Бір кезде қарақұс сорғалап кеп, іліп кетті. Әтеш байғұстың кик еткен ғана даусы шықты. Екі аяғы салбырап, аспандап кетіп барады. Жүні ұшып, қарша жауады. Астағыпыралла, саған өтірік, маған шын, әлден уақытта байқасам, әтеш өзім екем де, қарақұс Сүтемген екен... «Өй, әкеңнің» деп ашы тырнағын батырғанда, қабырғам сытырлап, екі өкпем қыса түсті. Аузымды ашып, бірдеме дейін десем, тілім күрмеліп сөзге келмейді. Бір кезде, екі-үш рет шыр айналып, аспаннан тастап-ақ жіберді. Енді өлдім-ау, өлдім-ау деп жатқанда шошып ояндым.

Дәмелі күлген жоқ:

– Қойшы әрі, мен одан басқа бірдеме түсіне енген екен десем... Мына бұлтты күннің амалына көрінген ғой,— деп жуып-шайып жатыр.

Актоқты күлерін де, жыларын да білмейді. Өз қызынан өзі құтыла алмай, әуре-сарсаңға түскен сорлы әке мінезіне ашулана да алмай, өзінің қыз боп туған бакытсыздығына іштей күйінді.

Өз үйі өзіне жат бола бастаған жас қыз ыстық төнін пысынатқан ауыр көрпені серпіп тастап, ауыр дем алды. Жан-жағын түмшалап, бүркеген тас қапастай қапырык үйдін ішінде тынысы тарылып барады. Кеудесінде дірілдеген ып-ыстык бауырдай тып-тығыз қос анарын сығымдай ұстап: «Құдай-ай, бұл қапастан қашан кетем. Жылы ұя емес, азынаған көрдей болды ғой. Тентіреп кетсем екем»,— деп қараңғыда көзіне жас алды...

Көп ұзамай Ақтоқтының тілегені болды.

Түн ортасына дейін жасырын бас қосқан ата-ана, туыстары кеп қызын киіндіріп алды. Есік алдына қос арғымақ жеккен талдан тоқыған жайлы қорабы бар трэшпенке тоқтаған. Ешқайсысы тіл қатпастан қызды қалың шөп салған жеңіл арбаға отырғызды. Ақтоқты «қайда барамын» деп сұрағысы келді де, Тастанның сұсты жүзін көргенде, қара аспан жамылып жүрген пасық ағамен тіл қатысып сөйлесуге намыстанды. «Мейлі, әйтеуір, осы бір бейбақтардан, өншен үркек елден кетсем болды Қайда барсам да мейлі!»— деп Ақтоқты үнсіз кеп трэшпенкеге отырды.

Арба манында сойыл сүйреткен төрт-бес салт атты жігіт бар. Ләм деп олар да аузының жігін ашқан жоқ. Ұйқыдағы ауылға да сыбысын білдірмей аттанған жолаушылар түн жамылып, белгісіз бір жаққа қарай шөптесін сүрлеумен ұзай берді.

7

Сүтемген ауылы. Ну орманның үзілген жеріндегі айдын көлдің жағасын жайлаған қалың елде жылдағыдай салтанат жоқ. Малшы төлін аяқтандырып, малын жайып, қойын құрттап, ұрғашы атаулы құртын қайнатып, жібін иіріп, жер ошақ манында күнұзақ үнсіз шоқиып, әр адам өз шаруасының күйбенімен әуре. Жастар жағы да бұрынғыдай ән айтып, сауық кұрудан қалған. Бір-екі рет алтыбақан теуіп, аксүйек ойнаймыз деген қыз-қырқынды үлкендер жағы тыйып тастаған. Ауыл қаралы ауыл сияқты.

Түнеугүні Жалмұқанның қайнына ұрын барып, масқара боп қайтқан сол түні Ақтоқтының Ақанмен серуен кұрғанын

естіген аталастар намыстан жарылып кете жаздап, іштен тынып жүр. Аз күнде бүкіл атығай-қарауылға, қала берді іргелес отырған керей жұртына тегіс тарап, Үрім мен Қытайға жайылып бара жатқан бұл қорлық – жалғыз Сүтемген емес, Қожамбеттен тараған бүкіл Баймұрза, Жалмұрза, Есмұрза әулетіне түскен жара. Елдің еркек кіндік азаматы қорланып, түнеріп алған. Биылғы қан жайлауда осы елдің басын біріктіріп отырған ұйытқысы, пайғамбардай Сүтемген ақсақалдың баласын үйлендіріп, қашан қыстауға қайтқанша қырық күн ойын, қырық түн тойын өткіземіз деп лепірген жел көңіл су сепкендей басылып, жайлау үстінен тілсіз жау – өрт алапаты өткендей.

Жалмұқан болса Бактыбай аулынан қайтқалы еліне көрінуге бетінен басып, басы ауған жаққа кетіп қалған. Өз елінде алдынан ешкім шықпай ерке тотай боп өскен бұла жігіт ок тиіп қансыраған жаралы андай сенделіп, бөтен елде жүр. Жүйрік ат та, алғыр қыран, сұлу қыз да өзінікі болып, еркін иемденіп, ешкімнен қағажу көрмеген Жалмұқан есейгенше үйленбеген. Ештемеден беті қайтып, тауы шағылмаған бозбалаға қыз атаулы ұнамады. Ақыры бір тойда осы Ақтоқтыны көріп, есі шығып құлай сүйген. Бұрын сүю-күю дегенге күле қарап, мысқыл, әжуамен айтып, «шынымен ғашықтық деген бола ма екен? Әлде күйрек, осал жандардың бұл да бір бойына біткен айықпас дерті, ауруы ма екен» дейтін. Ел арасында айтылатын ертегі, хиссаларды естігенде ашықтық жолында опат болған қыз бен жігіт жайындағы дастандардың әшейін қызықты оқиғасына елікпесе, олардың жастық сезіміне албырт көңілі онша ұйи қоймайтын. Әшейін бір аусарлық, ессіз құмарлық деп қана ұғатын. Ал Ақтоқтыны бір-ақ рет, онда да алыс отырып көрген Жалмұқан сол хиссалардағы албырт жігіттердей өзгеріп, күннен-күнге күлкі ететін дертке шалына бастағанын сезгендей. Бұрынғыдай алдың-дұлдың бос селтекбай ойсыз кезбелік жоқ, жатса-тұрса бір көрген Ақтоқтыны ойлаумен әуре. Басында «қыз емес жын, пері шығар менің басыма пәле боп жабысқан» деп, ойламауға тырысса да, күн өткен сайын өз дертіне дауа таба алмайтын күйге ұшыраған. Жүзін қайда бұрса да, тек Ақтоқтының аулы, Ақтоқты жүрген, Ақтоқты күлген жақ қана қызықты, ыстық көрініп сол жаққа барғысы келеді де тұрады. Бірақ өзі барып сөйлесудің қыбын таба алмай, ақыры ұятты қойып ағайындарына сөз салып еді, олар бірден мақұлдап, көп ұзамай құдалыққа барып, Бактыбаймен оп-онай келіскен. Олай болмас деп Жалмұқан да ойлаған жоқ. Бірақ тап мынадай сүрінермін деген ой үш үйктаса түсіне кірмеп еді. Құдалық

түскен соң көңілі жай тауып, атастырған қызды өзінің меншігіндей көрген жігіт, оң жақта отырып сайран салған қалыңдығының қылығына кара жердей боп өліп кете жаздады. Бұдан кейін елін көріп, әркімнің сырттан айтқан пыш-пыш өсегін тындап, өзі менсінбей жүрген қыздарының алдында маскара болғанша, қанғырып өлгенді артық көрді.

Сүтемген болса баласынан әрі қан жұтып төсек тартып жатып алған. Сарыарқаны жайлаған иісі казакқа мәлім мыңғырған малында, сән-салтанатында кисап жоқ, тасы өрге домалаған атақты бай картайғанда көрген баласының қызығы үстінде осындай казаға ұшырармын деп ойлап па?! Оның үстін кім басынып отыр. Ел ішінде мазаққа айналып, топас, надан атанған, жаман Бактыбай. Не деген маскара! Қазақта ең көп дау не — жесір дауы, жер дауы. Жер үшін неше бір қырғын қан төгісті басынан өткермеді. Сол касиетті жерге де тарылмай, өзім дегенге кең қол Сүтемген жаман Бактыбаймен кұда болған соң, жат жұртқа қыр көрсеткендей, інісінің жайлауын беріп, көрші қонып еді. Енді іргесіне келіп алып қызын басқанын кұшағына қосып, ойнақты өз жайлауында салып отыр. Екі аяғымен жер тіреп, төбесімен көк тіреп жүрген Сүтемгенге бұдан артық қорлық, бұдан асқан мазақ бар ма?!

Табиғатында мінезі сабырлы, әр нәрсенің қыбын ақылмен тауып, аптықпай пішетін саясатқа жүйрік бай осы тұста сен сокқандай қатты алдырып қалды. Сөз көтере алмайтын кіді, қайғыны жеңе алмайтын күйрек боп, күннен-күнге төмендей берді. Үйінің маңынан бала сөйлеп өтсе де, алыста біреулер күлсе де, қабағын тыржитып, ашу шақырады. Тіпті босағасында тұрған сабаны да шығартып тастады. Көрші киіз үйден күмпілдеген піспек даусы шықса да, «токтатындар, миымды шағып бара жатыр» деп кейиді.

Жақында байдың көңілін сұрап, сәлем бере келген Бекболат, Көбен билер Сүтемгеннің қайғы отына май кұйғандай, бұрынғыдан бетер еселеп кетті.

Елдің игі жақсылары әдейі ат басын тіреген соң Сүтемген аса сыр білдірмей, жылы ұшырап қарсы алған.

Қылды карауыл Көбен бас қосқан жерде көрінгенге тиісіп, аузымен орақ орып ұрынып отыратын ұшқалақтау еді. Аурудың көңілін сұрап, ел арасының жайын біраз әңгімелеген соң енді Сүтемгенді көңілдендірейін деді ме, әлде әшейіндегі аланғасарлығы ұстады ма, ұрынарға кара таба алмай бос сөзге көп үйірлігі жоқ байсалды Бекболат биге тиісе бастады. Ретті,

ретсіз жерде сөзбен іліп-қағып сайқымазаққа салып, момын Бекболаттың әбден мойнына мініп алды.

Ел арасында түтін шыкса елендеп, сылтау іздеп қымыз ішетін, тоқ жерді сағалайтын бір-екі қартаң адамдар Сүтемген ауырғалы жиі келуге бата алмай жүр еді. Қонақтарды сылтау-ратып, осы үйге бас сұғып, тамақ андып айналшықтап отырған. Көбейдің уытты сөздеріне мәз боп, көздері жыртия күліп, қолпаштап қояды.

Көбей бір кезде Бекболаттың өткен қыста іш тастап, жұтка ұшыраған малына тиісті. Былтыр көк салпақта, кара жауын жауып, артынан біраз күн үскірік соғып, соқталанған қалын қар көк мұздаққа айналған. Тебінде жүрген үркердей аз жылқы шашасы қиылып, аузы жарып оттай алмай жүдеп, буаз биелер шетінен құлын тастаған. Шағын шаруалы Бекболат елден ала-бөтен жұтап, кедейлікке тап болды. Көбен осыны табалай сөйледі.

— Беке-ау, Беке,— деп ыржалақтай күлген Көбен соры кайнап Бекболатты ашы мысқылдады,— биыл өзіңіз тым жақсысыз. Қыс ішінде қымыз ішіп шекеніз қызарыпты. Биелеріңіз ерте құлындаған соң семірейін дегенсіз бе қалай?!

Бекболат та шыдай алмай мырс етіп күліп жіберді. Қанша ашуға мінсе де, биязы тілмен, жұмсақ сөйлей отырып, қанын шығармай бауыздайтын тапқыр шешен би басын оқыс көтеріп алып:

— Дұрыс айтасың, Көбен,— деп өткір көзін қадап, тапмақтай жөнелді,— жер қарада даланың сызы болды, қар кетерде екі елі мұзы болды. Мұз болған соң биеде іш бола ма, ішті болған жалғыз-ақ Қылдының қызы болды.

Шалдар жымың етіп тыйылды. Көбен төбесінен жай түскендей көгеріп кетті: осы өткен қыста Күләйім деген қызы оң жақта отырып жүкті болып, өз үйінің шымылдығында босанған. Жұрт мұны түгел біледі. Бекболат тап осы масқараны айтар деп ойламап еді, Көбен би кара жердей боп түтігіп, басқа жауап қайтара алмай, асқа да қарамай, тез арада аттанып кетті. Тура сөзге дау айта алмай, іштей күйініп, кектеніп кетті.

Бекболаттың мысқылы Сүтемгенге де туралап атқан оқтай, жанды жеріне тиді... Болашақ келінін тұспалдап айтқандай көрініп, жүрегі өртеніп, бұл да сызданған қалпында қалды.

Қонақтар жөнелісімен Сүтемген екі-үш жігітті жан-жаққа аттандырып, баласына іздеу салған. Оның үстіне Қоскөл жақтан келген жансыз адам жеткізген суық хабарға мазасызданып, ұйқы-күлкіден қалған.

Бүгін орнынан ақ балақ кәрі бүркітше түрегеліп, түнеріп алыпты. Мүйізбен оюлаған ағаш төсекте, артына үш-төрт жастық тастап, шалқалай отыр. Ұшы қып-қызыл бетінің қаны сұйылған, жағы суалып, үлкен қой көзі шүңірейіп, ерте ағарған күмістей ақ сақалы сирей түскен сияқты. Ірі, сұлу денесі де кішірейіп, еті таралған. Көзінің қиығымен ғана қарап, босаға жақта малдас құрып жер шұқыған баласына зеки сөйлеп отыр.

— Міне, табаны жалпақ үш ай болды, үйіннің қарасын көрмей кеттін. Бүкіл елге бобылық жариялап, ат шаптырып, тінту салып зорға тауып алдык. Өзінді ойламасаң да, жалғыз әкенді, ата-бабанды сыйласаң еді. Кім бар бұл Арқада менін аруағымды аттап, бетіме келген. Сен ғана ат атандырып, сүйек сындырып отырған,— дегенде төрдегі ағасы Шәлтік бай, оның үлкен баласы Сапа, ауылдың екі-үш ақсақалы Жалмұқанға көзінің астымен үнсіз түйілді. Әкесінен аумайтын ат жақты, қызыл шырайлы, шалғысы ұзын қияк мұртты Жалмұқан басын көтермеді. Әшейінде әкесіне ерке сөйлеп, еркін жүрсе де, мұндай ашу үстінде қарсыласпауды жөн көрді.

— Жаман Бақтыбайдың қызын тапқан өзін. Мен зорлаппын ба сені. «Ақ тоқтыдан, ақ лактан басқаны алмаймын» деп құдайдың зарын қылып көкке ұшып, жерге түскен өзін емес пе едің. Әйтпесе ана Шыңғыс әулетінен Жүсіп төренің қызын да, болысынның, оязынның қызын да әпермес пе ем. Енді төрдегі басымды есікке сүйредің. Бақтыбай кім? Қашан оның терезесі менімен тең келіп еді. Қайбір ол кісі танып, қадір білетін адам. Қолындағы жалғыз қызына билігі жүрмеген сұмбайы сорлы менімен құда боп қалай теңеспек.

Жалмұқан қозғалақтап, қызарактай бастады.

— Қыз құтырды екен деп, ауыл сыртынан қайтып тентіреп кеттін. Көтенге өкпелеген құл болармысың.

— Сонда тартып әкел деп отырсыз ба, әке?

— Жок, тартып әкел, алып қаш деген кім бар. Сәмен тұқымына кезінде қыздарын жұрт өзі әкеп беретін. Ал, сен болсаң, құса боп, ел кезіп кеттін. Ләйлі мен Мәжнүн болармысыңдар. Сені мен ынжық, жасық етіп өсірген жок ем. Қорамсаның ұлы қырындады екен деп құйрығын шабына тыққан үй күшікше ауылға зыттын. Жүйрік ат өрге салған сайын өршелене шабушы еді. Шын болат қайраған сайын өтеді. Пайғамбар жасына жеткенше сағым сынбап еді, енді Сүтемгеннің келіні оң жағында жүкті болыпты деген атакқа сен қалдырайын деп пе ең!

– Әке!– деп қалған баласының жүзіне де қарамаған Сүтемген үнінен булығып, өңі қуарып, қаһарлана түсті:

– Сендей қылшылдаған жігіт күнім болса, тізгінімнен тартқызып, кеудемді баскызбак түгілі, ала шылбырымнан, атымның қыл құйрығынан ұстатпас ем тірі жанға. Енді қалыңдығына мен баруым керек пе? Ана, Ақан дей ме, көкіген екен. Ел әнін айтып, сөзін сөйлегенге бойы жетпейтін жерге ауыз сала бастаған екен. Оның әні де, тұқым-жұрағаты да енді мен көз жұмғанша бұл ауылдың жауы. Қартайғанша көрем бе деген қызығымды ойрандамаққа қасақана килігіп отыр. Бұдан өткен дұшпандық бар ма? Қорамсаның ұлы басынатындай Жалмұқан шірік болса да, мен алдыма шығара алмадым. Басындырармын. Тірі болсам, есесін қайтармай қоймаспын. Ал сен, құдай қосқан қосағын, қырық жетіні қырқа матап берген қалыңдығынды осы босағадан аттатпай көзіме көрінбе. Содан соң көк есекке көлденең салып, тор төбелге теріс қаратып гөркін жұртына қайтарып жіберсең де өз еркің.

– Енді маған қайт дейсіз. Ертең әкелейін бе?– деп дүңк ете қалды өзі де намыстан жарылардай боп жүрген баласы.

– Маған ертеңің керегі жоқ. Күйеу боп барып, құдай жолымен күйеу боп әкел. Сүтемгеннің баласы далада қанғырып жүрген біреуді көлденең басып, атқа өңгеріп әкелмейді. Әуелі мына жігітті тыңда. Сені таптырып алғаным да осы хабаршының сөзінен. Әй, жігіт, мына ынжық күйеуге айтшы, не сұмдық естіп келдің.

Жалмұқан басын көтеріп алды. Ақтоқтыға бірдеме боп қалған жоқ па деп үрейленіп отыр.

Сопак бет сары жігіт – осы ауылдың тыншысы. Қорамсаның ауылына барып, жансыз жүріп, бүгін суық хабар әкеп отыр. Жігіт сайрай жөнелді.

– Ақтоқты көптен бері Еркімбай деген жездесінің үйінде, гу, ту Ащылы, Жекебаяқ жайлауында екен. Бактыбай Ақандардан запыс болған соң, ешкімге сездірмей сол жаққа жіберіпті. Жанында андушылары да бар дейді. Соны Ақандар естіп, қазір жолын тосып жүрген көрінеді. Осы ертең, арғы күндер Ақтоқтылар елге қайтады деп естідім. Ақандар жолда алып қашпақшы көрінеді. Жігіттері онша көп емес, сосын...

– Жарайды, жетті. Бар енді, жүре бер... Естідін бе? Егер қалыңдығынды жолда алып кетсе – қолыңнан тартып әкеткенмен бірдей. Бактыбай сен үшін қызын ұстап отыра алмайды, оған құдіреті де жоқ. Бүгін ел азаматтарын жиып, сайлап қойдык. Түнделетіп жетіндер. Егер қыздан айы-

рылсандар, бүкіл ауылын шабындар. Аузынды ашып ай қарап отырғанда жұрт сені тірідей көміп, басыңа намаз оқудан таймайды. Намысыңды қорға. Әкенді дұшпанның табанына салма. Бастаған екенсің бір ойыңды, қызығын өзің көр, өзің аяқта. Қалғанын көре жатармыз. Бар, жолың болсын!

Жалмұқан бірдене дейін деп оқтала беріп еді, шал сіңірлі қолын бір сілтеп, теріс қарап жатып алды. Басқалары да сөз қосқан жоқ. «Байлау осы дегендей» үнсіз түнеріп шығып кетті.

8

Түні бойы суыт жүріп отырып, жолда үш-төрт жерге аялдап, қалың ағаш бауырында ат шалдырып, қоржындарындағы тоңжелін етпен тамақтанған жолаушылар еш ауылға бұрылмастан келесі түнде Жекебояқтағы Еркімбайдікіне жеткен.

Тастан, Бактыбай, Дәмелілердің ақыл қосып, тапқан амалдары еді бұл: «Былтырғы Бірішек сияқты жалғыз шабатын қасқыр Ақан бір қапысын тауып, Ақтоқтыны алып қашудан таймайды»,— деп үрейлері ұшқан олар құда жақтан хабар болмаған соң, «Ақтоқты да мүлдем қажып, жүдеп кетті. Бүйте берсе, ауруға шалдығар. Біраз уақыт көз көрмес, Еркімбай ауылына жасырын жібере тұрайық. Ақботаны сыйлаушы еді. Апасы бізден көрі сыр айтысып, қоян қолтық сөйлесе алады. Мүмкін, райынан қайтарып, ақыл салып балалықпен желіккен жел көнілін тияр. Ақтоқты да бөтен елде сергіп, біраз желпінсін»,— деп ұйғарған.

Ақтоқтыға желпіну қайда... Көресіні осы ауылдан көрді. Жалмұқанның ұрын келіп, маскара боп кеткенін түгел естіген Ақшасордан мойны алыс ел Бактыбайдың қызы келісімен пышпыш әнгімені гулетіп жіберді. «Ойбай-ау, әлгі Ақтоқты келіпті», «Өні жүдеу көрінеді, мұрнының үстіне нокта түсіпті», «Өзінің іші көрінбейді, бәтір-ау», «Бірінші балада көбінше солай болады. Өлі тар құрсақ емес пе», «Мүмкін түсік тастаған шығар», «Мұнда неге келді екен, тегі, Сүтемғеннің баласы алмайтын болған ғой», «Әй, өзі де Ақтоқты десен дегендей-ақ, Есілдің талындай таралып, сұлу боп өскен екен», «Сорлы баланы Ақан да мазақтап, тастап кеткен екен-ау, шіркін, серінің серігі болар-ақ адам» дескен жұрт, күні-түні жоқты сылтауратып Еркімбайдың үйіне ағылды. Өзіне сынай қараған, тұла бойын тіміскіп тінте қараған неше бір сұм көздерден қорланған Ақтоқты ел ішіндегі бозбалалардан да көрді көресіні.

Бұрын қос тұлымы желкілдеген титімдей күнінде талай рет жездесінің үйіне келген қызға ауыл балалары қонақ деп қадірлеп қараушы еді, енді бір-екі рет бастанғы, алтыбақанға барғанында ел ішіндегі өсекке қанған кез келген қылжакбас жігіт орынды, орынсыз қалжыңдасып, акмаралдай сұлу қыздың бойынан бір жеңілтектік іздейді. Бәрі де өздерінше үміткер, дәмелі. Отыра қалған жерде алаңғасар бозбалалар тарқылдап күліп, жөн-жосықсыз тиісіп, тіпті кейде қолын жүгіртіп ойнағысы да келеді.

Ақтоқты өткір тілімен беттерінен қайырып тастайын десе де, сөзді қор қылып, ушықтырғысы келмей, көп бөрінің ортасына түскен тоқтыдай көзі жаудырап іштен тынады. Ақыры көп тәлкекке түсіп, мазаққа шыдамаған абұйырлы, намысқор қыз бұл ауыл көшесіне де қайтып шықпай қойды.

Келген бетте өзінің бойынан бәлендей өзгеріс таппай көңілі орныққан апасына жеке отырып бар сырын жасырмай түгел ақтарған.

— Өнім жүдеу ғой, бір жерін ауыра ма?— деп алыстан орағытқан Ақботаға:

— Өнім жүдеу болмай қайтейін. Өншен балық көз надандардың ортасына қамалған соң, амалым не? Бірақ өнім жүдеу болғанмен, жүрегімде тұтанған үміт оты сөнген жоқ, Ақбота,— деп сөз сынайын түсінген Ақтоқты да тура жауап берді.

— Токтым менін, қайтейін, әлі баласың ғой, сендей кезімде мен де біраз әуреге түсіп, ғашықтық жолында өзімше өлердей болғамын, әлі бәрі ұмыт болады,— деп әке-шешесінің тапсырмасын ә дегеннен орындауға көшкен Ақбота, акын, серілерше айшықтап сөйлеген сінлісінің сөзіне онша мән бермегенсіді.

— Жоқ, Ақбота, мен өле-өлгенше ұмытармын деп ойламаймын. Тіпті одан басқаға барармын деген ой да жоқ менде. Өзің есіңе түсірші, ғашықтық деген қандай болады. Мен бұрын түк түсінбеуші едім. Әлі де сөзбен айтып жеткізер мұрша жоқ. Неге екенін өзім де білмеймін, Ақанның қасына ерсем, бар дүниені ұмытып, жұрттын өсегін де елемей, бірге жүре бергім келеді. Қайта ел көрсе екен деп көңіліме бір мақтаныш, қуаныш оралады. Ол көзіме түспегелі бір күннен бір күн ұзақ көрініп, бүгінгі сағынышым кешегіден басым тартып, бірде оның көзі, бірде қасы, кірпігі, мұрты, күлгенде көрінер тісі көз алдыма елестеп, соны ойлаумен жақсы күнді өткізем. Ер адамға мұнша қызығармын, сүйермін деп ойлаппын ба?— деп екі көзі мөлдіреп,

аппак жүзіне қан жүгіріп, Ақанның бұрама сакинасын сипап отырып қалды.

— Түсінемін, жаным, сенің жаныңды мен түсінбегенде кім түсінеді, Токтым,— деп бірден шошытпай, сінлісінің көнілін жықпаған ақылды, әдісқой келіншек Ақтоқтыны құшақтап мандайынан сипады.— Бірақ сен мынаны ойлап көрдің бе? Сол Ақанды не үшін осынша сүйдің, несімен қадірлі ол саған. Рас, Ақан серідей көрікті, сөзге де, әнге де ұста, сегіз қырлы жігіт ілуде біреу болмаса, жиі кездесе бермейді.

— Мен тіпті соның көркін де, өнерін де басқамен салыстырып көрген емен. Оның бойындағы бар қасиеті әйтеуір маған жұғымды, ұнамды. Бәрі-бәрі өзімді шын баурап алған жұмбақ сыр. Кейін бір жайлауда жеке кездескенімізде Ақан: «Есінде ме, жаным, сен екеуміз Тастан үйіндегі шілдеханада қатар отырғанда қалың қарағай ішінде бір-біріне сүйене өскен қос қайындай едік. Тек сенімен отырғанда ғана өзімді бұрын болмаған бір сиқырлы күйге, жайсаң күйге еніп, көңілім Көкшенің күніндей өсіп отырады» дейді. Менің көңілімде де тілмен жеткізгісіз осы ой бар еді, соның дәл үстінен түсті. Ендігі жерде қатар бүршік жарар егіз қайын сол Ақандай ғана көрінеді.

Бұдан әрі Ақбота талай кикалакка салып, көнілін суытатын талай әдісті сөздерге ауысты.

«Егер сен ұзатылып қоймасаң, жағдай басқа. Сүтемген елі, қала берді қазақ ғұрпы мұнында дұрыс дей ме»,— деп бір көрді де:

— Ақан сері сенімен ғұмырлық жар да болмайды, кейін жел көңіл ақын басқа сұлуға ауысып, саған салқын тартары хақ. Оған жазғыруға болмайды. Үйтпесе әнші, сері де болмас еді.

Басқасын былай қойғанда, әйелі өліп, екі баламен қалған адам қалай, Сүтемгендей шалқып отырған байдың ұлына барып, дүниені сапырып отырған қалай, ғашықтық та жақсы, бірақ түбін де ойлаған теріс емес. Бұл жерде ешкім жоқ, ана шешеміз бен әкеміз тең бе? Бірақ одан анамыз не қысастық көрді, өмір бойы ішкені алдында, ішпегені артында, Құдайға шүкір біздей ұрпақ өсіріп, өрісін кең жайып отыр.

Егер олай-бұлай болып кетіп, Жалмұқан сені алмаса, әкеннің қалған ғұмыры итшілікпен өтеді. Сүтемген жұрты кек алмай тұрмақ емес. Тым құрмаса, сорлы әкенді аясаң етті.

Сосын, Жалмұқан кімнен кем... Жігіттің төресі. Түр десең түр, ақыл десең ақыл бар. Бойға да, ойға да қораш емес. Ол да қыз менсінбей, таңдап жүрген жігіттің бірі. Ақылы болмаса, түнеугүні қалынын төлеген басы байлы қалыңдығым еді деп,

сені басқа-көзге төпелеп алып кетпес пе еді. Ондай аусар, есалаңдар да көп. Көзі соқыр, басы таз емес, тап-таза мүрсіндей бала. Осында Жанәбіл дегеннің қызы қыпшақ елінің бір байының без тамақ ұлына да барып отыр. Айта берсең ондайлар көп. Әрине, ондай жарымжан, жарыместерге сені ешуақытта кимас ем. Өзім-ақ ара тұрар ем. Ал мынадай ердің басын қорламас болар. «Асты қорлама, құстырар» деген сөз бар.

Есінде болсын, бұл – қорқытқаным емес. Жакында бір суық хабар естідім. Қожамбеттен тараған бүкіл мықты елдің атқа мінер еркек кіндікті ер-азаматы зығыры қайнап, Ақанға кіжініп отырған көрінеді. Бір сәтсіз күні зақым қылуы да мүмкін. Сен екеуінді қосып, қол қусырып отырар дейсін бе? Тым құрмаса, осыны ойла, Ақан – саған ғана емес, бар жұртқа керек Ақан. Шын сүйгенің рас болса, серіні ая. Оның әлі де талай айтып, еліне, нәсіліне қалдырар әні, өлеңі мерт болмасын. Мезгілсіз қаза бар өнерді, бар жақсылықты ешкімге бұйыртпай суық көрге ала кетерін білесің ғой. Тек бетін аулақ қылсын. Күйеу елінің сұсы жаман деседі. Пышак жүзімен тілдерін тіліп ант етiскен намысқой жігіттер бар көрінеді, сенен әулие қыздар да казак салтына түк қыла алмай, арманда өлген. Айға шауып, мерт боп қайтесің,— деп Акбота бүгінше осы да жетер дегендей, Ақтоқтыны аз сөйлетіп, сөзді дауға айналдырмай ғана, талассыз доғарып, тысқа шығып кеткен.

Содан бері сінлісінің миына ақылды сыздықтап құйып, күнде бір күдер үзер сөздер айтып сініріп қояды.

Ақыры Ақтоқты қарсы сөйлер дәрмені болмай, көп сөзден, көп кенестен басы айналып, есалаң күйге түсе бастады. Акбота үйі де, жайлаудағы бөтен ел де жонын теріс бұрған жат мінезге ауысып, он жетідегі жас қызды жабырқанқы күйге ұшыратты. Енді қайда барып паналар.

Бұл кезде Көкше даласы да көркінен айрылып, кең далада күз желі азынай бастаған. Ауыл манының сарғайған шөбі жапырылып, көп тұсы тақырға айналыпты. Үйілген тезек, күл аралас көшенің шаңын суыра сокқан кара жел, кейде дауылдатып, құйындатып, ашық есіктен үйге кіріп, жын-ойнақ салып өтеді. Бауыры сиырдың құйқасындай бұйраланған карала бұлттар тырс-тырс еткізіп, ірі тамшыларымен желпілдеген түндіктерді шертіп, жақында ұзақ жауамын, камсыз болғаныңа рахымым жоқ дегендей түнере түседі. Ақтоқтының да көктем базары тарқап, көңіліне жалбыр бұлтты, ызғарлы күз түскендей камығып, «не болса да, енді осы әурешілік тез бітсе екен» деп өмірден, қызықтан торыға берді.

Үстіп жүргенде Қыпшак еліне барып, астан үлкен атак, зор абыроймен оралған Ақан сері, Әлібектің жер жарған данкы ауыл-ауылға лезде тарап, Жекебаяққа да жетті. Үш жүз аттан озып серінің Құлагері үздік келіпті. Оған «Үркеккер» деп ат қойыпты. Онысы несі екен? Көкшенің балуандары да белдескенін шетінен жығыпты деп гу-гу етеді. Бұл хабарды осында жеткізген Су Құсайын. Бұл жолы асығыс жеткен ол, «әуелі осы ауылдан бастаймын, түнеугүні Еркімбайдың қонағасын жей алмай кетіп едім, енді соның үйінде отырып түгел қызықты айтамын. Еркімбайдай тындай алмайсындар, ол отырған жерде сөз өз-өзінен туындап, иесін табады» деп шеткі бір үйден сәлем айтып жіберіпті. «Еркімбайдың құлағының күйма алтыны бар ма екен, оның құлағы да қалқиған кәдімгі жұқа шеміршек» дегендерге, «солайы солай-ау, бірақ тамақты Ақботадай етіп дәмдеп беретін бұл өңірде әйел заты жоқ» деп сырттан көпшік қоя сөйлеп, жол тауыпты.

Су Құсайынның бұл сөзінде де есеп бар. Оны ешкім сезбейді, ішкі пікірі ішінде: Ақтоқтының осы қайтатынын естіп, бірақ тап қай күні шығатынын біле алмаса керек. Содан осы Су Құсайынды «сен ел аралап, үйреншікті болған сезіксіз адамсың, бүгін барып, қашан қайтатынын, қасында неше жігіт барын қыбын тауып біл. Біз жол тосып жата тұрамыз» деп жіберген. Ақаннан сөз үйреніп, оны жанындай жақсы көретін Су Құсайын оған сөз қайырған жоқ. Оның үстіне Ақтоқты жайында біраз ғайбат сөйлегеніне іштей ұялып, немен жуып-шаярын білмей жүретін. «Екеуінің қосылуына өртке қанатымен су сепкен қарлығаштай себебім тисе жарар еді» деп қуанған Су Құсайын кәрі шабдарын тебініп бүгін жеткен. Басқа жүрдек ат мінуге көзі үйренген жұртқа сезікті болар деп қорықты.

Ақтоқтының кейінгі кезде Ақанды да, басқаны да ауызға алмай, үнсіз жүргеніне «е, күдер үзген екен, әлі бала ғой, алғашында түсінбеген ғой, енді ұққан екен» деп қуанған Ақбота, үй шаруасымен айналысып жүріп, сінлісіне ертең келін боп түскендегі неше түрлі құйтырқыларды, енеге, атаға, күйеу, қайындарға қандай инабат көрсету керек екенін үйретіп, салт-сана әдетке сінген көп жоралғыларды ұғындырумен әлек.

«Бір жылдай ана-енеңе жүзінді көрсете бермей, далаға шыққанда басына ылғи сарт шапан жамылып шығасың»;

«Үйдегідей еркінмен ұзақ ұйқтамай, еріңнен қашан да бұрын оянып, шаруана тұрып кетесін»;

«Төсек жиғанда бәрінен де аяқ қабыңа ұқыпты бол. Шұлығың, не іш киімін шашылып жатпасын. Артығы болса аяқ қапқа салып, мүкият бол»;

«Қайындарыңа өзін лайықтап ат қой. Бадырайтып атымен атап жүрме. Атаң аты Сүтемген екенін білесің ғой. Оның есімін аңдаусызда атап қалма. Сүт деген сөзді айтқын келсе кашанда «ак» немесе «сүме» деп, «бұзау емді», «құлын емген» дегенді «бұзау сорды, құлын жұтты» деген сияқты сөздермен жаттыға бер».

«Жат жерге келін боп түскен сон бәрі, бәрі сын: сөйлеген сөзің, артық күлкің, біреуге қарасың, шай құйысың, ең арты жүріс-тұрысыңа дейін сын. Ақтоқтым, үлгі-өнегеден кемсін емессің. Әйтсе де, кашан үйренісіп кеткенше «ақырын жүріп, аңдап бас...».

Әшейінде ұғымтал Ақтоқты талай рет шешесінен естіген мына сөздерге құлақ қоймаса да, әшейін бас ізей береді.

Танда Ақтоқты еліне жүрмек. Бүгін жөнелу жоралғысына Еркімбай семіз тай сойған. Көңіл жақын туыстарды шақырмақ. Жайрап жатқан етке шаң түспесін деп, шағын қос – ас үйде етті мүшелеп болған Ақбота Ақтоқтыны жетелеп әкеп, соңғы сабағын пысықтап отыр:

– Мынау қазы, қарта, жал, жая – бұларды білесің ғой. Жылқының ең қадірлі мүшелері. Он екі қазы ішекке салғанда алты қос қазы делінеді. Мынау – жығылар жағы. Мынау – белдеме – омыртқа мен жаяның арасы, бұл – алтыға бөлінеді. Мына жатқан екі талдан төрт кіші қабырға – тасты. Кейде бұл қазы орнына салынады. Міне – бұғана. Бұл да еті қаттылау болғанмен қадірлі мүше – құдаға салады. Ал мынау – омыртқа. Жылқыда он жеті омыртқа болады. Бұларды кашанда іркіп, сыйлы қонаққа бір-бірден салып отырады. Көптен дәм татпай өкпелеген адамның «үйіннен бір омыртқа жегем жоқ» дейтіні осыдан шыққан. Омыртқа таусылса, оны төспен алмастырады. Мына қабырғаның басы – қазының омыртқадан шығатын жағы, мұны қатаған басы дейді. Қатаған басын ішекке қазымен бірге салады. Ал жілік санда үшеу, қолда үшеу. Сандағы ортан жілік, асықты жілік, жамбас. Жамбасты да жілік деп санап, табакқа жеке салады. Қолдағы – тоқбас, кәрі жілік, жауырын. Жауырын да жілікке саналады. Бұл мүшеге жүреді, бірақ етті көбейту үшін салатын жанама мүше. Қазының шетін телшік дейді. Мұны жылқы сойған күні салады. Телшіктің ұшын кесіп алады. Оны мықын дейді. Мынау төс қазы. Жас малда, арық малда етегі болмайды. Семіз жылқы болмаса бұған май ілікпейді.

Сондықтан қонаққа жарамайды. Мынау қарын, мына жатқан бұдырмақсыз тәттісін қара қарын, бұдырмақтысын жай қарын дейді. Қартаға таяу қадірлі қарынды жінішке қарын дейді. Ішек — жуан ішек, жінішке ішек болып екіге бөлінеді. Жуан ішекке қазы айналдырады. Жінішке ішектен шұжық істейді. Бауырға жабысып тұратын мына бір жұмсақ етті жетім бауыр дейді. Мынау қолқа. Сабағы барын тұздап, айналдырып, құдандалы адамға сақтайды. Ал сабағы жоқ жүрек қолкасы — бала мүшесі. Айтқандай, жамбас үшке бөлінеді. Ортада шұқыршағы қалады. Екі жақ кемік басын қадірлі қонаққа береді. Кәрі жіліктің басын білесін бе? Мұны толарсақ басы дейді. Мұны «етігін қисаяды» деп балаларға, «толғағың қатты болады» деп әйелдерге бермейді. Мына жатқан өкпе. «Өкпе жетер көпке» дейтін осы. Бұл қуырдан басқаға жарамайды. Сондықтан сойған күні келген адамға мол ғып қуырады. Мүшелі тамақ емес. Мынау — жалбыршақ қарын. Мұны қазір итке тастаймын. Жалбыршақ, көкбауырдың бәрін «жау жұмыр» деген сөз содан шыққан,— деп келін боп түсер Ақтоқтыға ас-су ұстаудағы жөн-жосықты үйретіп жатқанда, тыстан күйеуі кірді.

Су Құсайынның осы үйге қонақ болғысы келетінін Еркімбай осы еттікте отырып, әйеліне жұмсарта жеткізген.

Ақбота Су Құсайынның атын естігенде ытырынып, көкке ұшып жерге түсті:

— Сағынып отыр ем жаманғатты. Ол суайтты енді төрім түгілі, осы үйдің маңына жолатармын ба? Кетсін әрі. Қарай гөр, ұялмай тағы келем деуін,— деп күйеуіне ұрсып тастады.— Сен де желігесін де отырасың, бар, тындағың келсе. Өтірікке жанын құмар ғой.

Араға Ақтоқты түсті. Су Құсайын Ақанмен бірге асқа барыпты дегенді естігенде, «апырмай, серім туралы бірдеме айтар ма екен» деп елегізіп, апасына жалынды:

— Ақбота, Су Құсайын ел ақтап, тілімен күн көріп жүрген жетім адам ғой. Оның сөзін ауыр алып керегі не. Айтса ол, шындықты айтады. Аздап тұздықтайтын шығар, қайтсін байғұс. Осында келгелі әбден зерігіп өлетін болдым. Тым құрмаса, сөзін тындап көңіл көтерейінші. Келсін, ертең кететін адаммын ғой. Мені де ренжітпе, енді бір-бірімізді көріскенше кім бар, кім жоқ,— деп сөзінің аяғын ауыр бітірген соң:

— Тек олай деме. Жарайды, Еркімбай, шақыр. Бірақ ол суайтқа қалай қолымнан ас берем. Қап, сен болмағанда,— деп қынжылды.

Шам жаға үйге «Кеш жарық, койын сарық, тоқтың арық, ассалаумағалайкүм» деп күлімдеп кірген Су Құсайын, көтеріп келген ер-тоқымын босағаға гүрс еткізіп тастап, төрге өтті.

— Қойын сарығы нес!— деп жактырмай теріс бұрылды ыдыс-аяқ сүртіп отырған Акбота.

— Бұл жаңа шыққан сөз. Сарық деген койдың жаңа түрі бар, Атбасар базарына казак-орыстар әкеледі екен. Кейбір жұрт «сәрік» дейді. Итім білсін. Әйтеуір жаңа шыққан сөз. Өй, сен қайдан жүрсін,— деп қара көленкеде жаңа аңғарған Құлмаққа таңырқай қарады. Қасында үш-төрт жігіт бар Құлмақ Ақтоқтыны алып кетуге келген.

— Қарауылдың қарауылдары,— деп Ақтоқты кекете күліп еді, Су Құсайын түсінбей қалды.

— Қарауыл екенін білем ғой, бұл жақта не ғып жүр дегенім де.

— Сіз неғып жүрсіз, сіз жүрген жерде біз жүре алмаймыз ба?— деп бір жігіт жөнін айтқысы келмей жалтарды.

— Е, айналайын, жүре бер, жер де, ел де көтереді. Мен болсам ел жаңалығын айта келген адаммын. Жұмыссыз күр селтендеулерің келіспейді дегенім де.

Су Құсайынның бұрынғысын ұмытып, тағы да еркінсіп отырған қышыма тіліне зығыры қайнаған Акбота бір тұқыртпай көңілі көншімеді:

— Суете, сізді осы үйге шақыртқан мына Ақтоқты, әйтпесе сыбағаңызды бір ондап берем ғой деп жүр едім,— деп ызалана күлді. Су Құсайын да есесін жіберген жоқ.

— Білем ғой, күнім, сенің сыбағаны ондап беретінінді. Әуелі, онда, Ақтоқтының сыбағасын жейік, асықпа, сосын сенің сыбағанды жермін бұйыртса,— деп үйді бір күлдіріп желпінтіп алды...

Кешке тай сойған үйге көп адам жиналған. Шақырылмаған кейбір пысықша сұғанақтар да келіпті. Қазақ жұртында мұның айыбы жоқ.

— Арада үш-төрт қонып таулы, тасты Жыланшыққа да жеттік. Өңшен көк қыл-қыбырдан шапан, күндыз бөрік киген, кілең ақ боз атқа мінген өрімдей сал жігіттер сырнай-кернейлетіп, шок қарағайдың бауырына қаз-қатар тіккен үйлердің ең ортасындағысына кілем үстімен өткенде, он екі дуанның азаматы тамсанып, ауыздарының суы құрыды,— деп масаттана сөйлеген Су Құсайын, Қарасал деген марқұмның қажылыққа сегіз жыл қатарынан барғанын, артында тоғыз ұлы, жер қайысқан малы қалған байлығын, жүз он үш жасқа келген

Хақім ақсақалдың асты басқарып, көрсеткен сый-сыйпат тәрбиесін, Ақанға ерген Сұлтанмұрат, Бәтжан, Аяған, Жанділде, Шәкей, Нұралылардың елді аузына қаратқан әншілігін ұзақ жыр ғып, күресті біраз баяндады:

— Бізден, барған жерін орып тастайтын малтабар Ожымбай, дөңгелек, көркем Көбей Қойкүзет, ақ табан атанған балуан Ошандар ортаға шығып отырды. Бір кезде он жігіттің ортасында жұлынып, өкіріп, үсті-басы қап-қара жүн дәу шықты. Бұл Қарабұқа деген қыпшақ елінің балуаны екен. Қарсы қарап Ожымбайды көргенде бір кезде аю алған батыр атанған Қарабұқа маңындағыларға «апыр-ай, денем қалтырап бара жатқаны несі» депті. Бас балуан да осы екеуі еді. Ол жақтың күресі де қызық екен. Кезекпен ұстасып, күш сынасады екен. Бірінші кезек Қарабұқаға тиді. Ожымбайды келе бүрген алпауыт олай лактырды, бұлай лактырды. Ожымбай дік-дік түсіп бой алдырмады. Кезек Ожымбайға тиді. Қарабұқа да сіресіп міз бағар емес. Екеуінің де мерзімді уақыты бітіп, енді бірдей қимылға көшті. Биенің екі сауымындай алыскан екеуі әбден титыққанда, Ожымбай «Малтабар» деп ақырып кеп, көтеріп әкеп иықтан асыра пергенде Қарабұқаның жамбасы сынды... Одан кейін шыққан Қойкүзет те, Ошан да жықты, — деп тағы да біраз сырлап, тойды мәнерлеген Су Құсайын келесі күнгі ат жарысты ұзақ жырлады...

— Сонымен не керек үш жүз аттын алды боп, Құлагер келді. Бірақ бір кеселі сол, жапа-тармағай ұмтылған қалың нөпірден үріккен ат, басына мінген алпамсадай Шәкейге бой бермей, қарақшыдан әрі бұрылып, тауға қарай ала қашты. Әлібектің ұшқыр қара бедеуіне мінген Ақан жанамалай салып, ысқырып шақырады. Құлагер үш келіп, үш кетті. Жұрт шулап тұр. Сол кезде ұран сап екінші ат, одан кейінде ас берген үйдің Қызбел деген аты, Қарабурыл қарашыдан өтті. Қып-қызыл дау осыдан басталды. Жұрттың жарымы «бас бәйге кері аттыкі» десе, жарымы бой бермейді: «Жок, ол қарақшыдан өткен жок, қиыс лағып кетті» деп жосықсыз қиянат салып, дүрліге жөнелді. Қып-қызыл төбелес. Сарт-сұрт етіп, бірін-бірі сабаған ел шанды аспанға көтерді. Бірді бір айырып болар емес. Кімді кім ұрып жатқанын да аңғару қиын. Қым-қуыт қызыл кенірдекке салып, той ішіне мен де қойып кеткем. Қылыштарын жалаңдатып стражник, өредниктер де шырылдап жүр. Байқаймын, бәрі де патша киімін киген Әлібекті жақтайтын сынайлары бар. Әлібек те шыдай алмай, білегін түріп жіберіп, дырау қамшымен ат үстінде кез келгенін шықпыртып, ысқырып келеді. Ғұмы-

рымда төбелесіп көрмеген мен де қиғылықты салып, Әлібекті арқаланып, алдыма түскенін тымақша лақтырып, баудай түсіре бердім. Әлден уақытта тура кара құсымнан диірменнің тасындай бірдеме сарт ете қалғанда, есімді жия келсем, киіз үйде айнала қоршаған өзіміздің жігіттер отыр. Көзімді ашып алғанда бәрі ду күлді. Сүйтсем, ет қызуымен кез келгенді басқа-көзге төбелеп келе жатқан Әлібек екен, мені бөтен біреу деп гүрзідей жұдырығымен ұрған. Есім кіре сұрағаным, «Құлагер бәйгені алды ма?» бопты ғой. «Алды, алды» деп шу ете қалды. Тағы да талықсып, құлай бердім. Келесі күні жұрт Құлагердің атын «Үркеккер» қойып кетті. Қарақшыға таяна берген Шәкей қызбалықпен камшы басқанда, байкамай қанды бұтқа ұрған екен. Жана кестірілген Құлагердің ала қашып, басына бой бермей тулағаны сол екен. Содан не керек, бар бас бәйге біздікі боп мерейіміз өсті. Батыр Әлібек болмағанда Құлагерге бас бәйгені беруі неғайбыл еді. Көріне көзге қиянат жасамақ. Сүйтіп, Ожымбай медал балуан атанды. Құлагердің кекіліне жарқыраған алтын медал тағылып, хукіметтен атты күтіп баптау қазнадан болсын деген қағаз алып, екі-үш күн тағы да той-думандатқан соң, өлеңдетіп елге оралдык.

— Қазнадан деймісіз. Онысы кім?

— Қазна дегені қазіргі болыс, ояздар да.

— Әй, қойыңызшы, Қүсеке, аздап қосып жібересіз-ау.

— Қосқаны несі! Айналайын, сенбесең мен сені сендірейін деп зорлап отырғаным жоқ. Тындамайды екенсің, жөніңмен жүре бер. Шырк бұзба, карағым!— деп Су Құсайын шамданып қалған соң, жас жігіт кешірім сұрап, әлхалдап зорға құтылды.

Су Құсайынның түн ортасына дейін айтқан қызық, дәмді әңгімесін үнсіз тындап, бас шұлғысқандар енді жапа-тармағай сұрақ жаудырып жатыр:

— Әй, бәйгені қайттіндер, кім алды!

— Бәйге бір үйірлі жылқы еді. Ақан мен Әлібек «асқа мал жия келгеміз жоқ» деп; үш ту биені үш жүздің үш ақсақалына берді де, қалғанын Бәтжанның алдына салды. Бәтжан төрт жыл бойы сүйген қалынын ала алмай, қайын жұрты қызын «басқа біреуге береміз» деп жүр екен. Ақан: «Қалын беріп қыз алғанды суханым сүймеуші еді, амал не, сүйгеніннен айырылып, арманда қалма» деді.

— Пау, шіркін, сері десен сері-ау!

— Бір үйірлі жылқыны жалынан ұстата берді ме, ай?

— Е, ұстатпағанда ше? Ол түгіл сонынан ерген сал жігіттер киімді қайдан киді дейсің. Қорамса сауда адамы. Үйінде Қызыл-

жардан әкелген тай-тай мата көптен жатады екен. Ақан әкесіне колка салып, Шұнғыршаның тамам қызын отырғызып қойып, бір күн, бір түнде тіктіріпті.

– Ал саған керек десең!

– Өзі дүниенің ажарына қарамайды екен-ау!

– Ондай жомарт болмаса, сері бола ма?

Ақтоқты осы тұста қызарактап, саба түбіндегі апасының қасында ыңғайсызданып, ұялып отырған. Еркімбайдың туыстары Ақан аты естілгенде жөткірініп, қозғалақтап, әнгіме бетін басқаға бұрғысы келіп кибыжықтаған. Әлгі сұрақты беріп отырғандар, серіні мақтасқандар – төтеден қосылған келгінбайлар. Солардың бірі тағы да Су Құсайынды тақымдап, Ақтоқтыға көзінің астымен ұрлана қарап қойып:

– Ақан серінің көңілі көтеріңкі екен ғой. Елге шалқып, толқып келген екен сабазың сол. Қазір қалай, қуанышты ма?— деп сөзді тірілте түсті.

– Е, бәйгеден аты келіп, үш жүзге мағлұм болған адамның көңілі өспеуші ме еді.

– Құлагерің тұлпар шығайын деп тұр екен, өткен қыста Бірішекті алғанынан-ақ сезіп ем,— деп Еркімбай жағы сөзді тағы басқаға бұрып еді, Су Құсайын осы арада қыздың жүрегін де бүлк еткізейін деп, әнгімені қайтадан иіп әкелді.

– Құлагерге бәріміздің де көңіліміз тасыды-ау. Бірақ Ақан астан қайтқанда бір түрлі ұнжырғасы түсіп, көңілсіз оралды,— деп бастап:

– Ас пісіп қалды, ендігісін кейін айтарсыз,— деп орнынан тұра берген Ақботаға қарамай сыдырта жөнелді.

– Жолда ұйқы жоқ, уһілей береді. Жүзінде қайғы бар. Жолда түскен жерде мұнайып, айдалаға жеке тентіреп кетеді. Бір күні кешкі мезгіл еді, ортасы қалың қоға, шеті айдын бір көлдің қасына кеп түнегенбіз. Аттарды отқа қоя беріп, биелерді сауып жүргенде, Ақан тағы да көл жағасына шапанын жамылып жалғыз кетті. Біраздан соң Әлібек ымдаған соң, екеуіміз соңынан бардық. Ту сыртынан келген бізді аңғармады. Көл жағасындағы ұсақ малта тастарды уыстап алып, бір-бірлеп суға секірте тастап, ыңылдап отыр екен. Уілдеген даусында мұң бар. Тымық көлдің беті де шолп еткен тасқа шымырқанып дір ете қалады. Тас түскен жер де жасын сығып алған ботаның көзіндей сақиналанып барып жұмылатын сияқты. Қасына кеп отырған Әлібек: «Шырағым, Ақан, сенде осы не сыр бар, тым тұнжырап кеттің ғой, айтсаншы»,— деді. Біздің соңымыздан ілби басып, басқа жігіттер де жеткен екен. Бәрі де іштен тынып Ақанға үнсіз

егіле қарайды. Бәрінің де жандары ашитын сияқты. Ақан ұзақ үнсіз отырып, «Шәкей, домбырамды әкелші. Әлеке, көптен бері көңілімді бір ән мазалап жүргені» деп жабырқанқы жүзі күліп, сәл жымиғандай болды. Бәріміз де Ақанды қоршап, көл жағасына отыра кеттік. Сері домбырасын бос бұрап, шерлі баяу үнмен «Тағыбырын» деген бәйітті күн батқанша ұзақ айтып берді. Жас жігіттің ғашығына қолы жетпей жүргендегі зарлы арманы екен. Күрсіне түсіп қоңыраулатқанда, майда жұмсақ үн жүрегінді қозғағандай. Күн бата жігіттердің күреніткен жүзі жадау тартып, бәрі де мұңға батты. Жолбарыс жүректі Әлібекке дейін үнсіз тындап, бәйіт аяқталғанда орамалымен көзін сүртті.

Алыстағы белгісіз бір айдынның жағасында күрсінген серінің, суға басын иіп мұнайған қалың қоғаның түсі көз алдына келгенде, Ақтоқтының көзінен де бір тамшы жас үзіліп түсіп, сырт айналды.

– Өлеңі қалай сонда, сөзін білесіз бе, айтыңызшы, – деді үнсіз тындаған келгінбайдың бірі.

– Сөзінің жалпы сүйегі есімде. Бірақ бұзып айтқым келмейді. Ақан ондайды ұнатпайтын ақын ғой. Кейін жазып алып, таратармын. Ал, бірер ауызы жадымда, айтып көрейін.

Су Құсайын Ақанша ыңылдап отырып, орта тұсынан бастады:

Райхандай безіп өстің гүл бау шарбақ,
Гүл жүзін, зифа бойың, етің шәрбат.
Әуелден көңілімді бердім саған,
Нәзік бел, қиғаш қасты, қалам бармақ...
Сәулем ең жат пиғылдан аман жүрген,
Жоқ болсын уағдалы сөзден қалмақ.
Әшейін анау-мынау сүймесінді
Жіберген емес пе едін сөзбен алдап,
Тұңғыық шыға алмасак кеттік суға,
Тәуекел дариясына түстік жалдап,
Жас күнде қызылға қол көп сермедім,
Бір жеуге өлексені дерт көріп ем...
Бұл күнде көңіл суып, қызық тозып,
Таза жүрек, шын сөзбен серт беріп ем.
Нәпсіме жүрегімді сұлған қылып,
Тоқтатып өз бойыма ерік беріп ем.
Жолыққан таңдап жүріп таңдағаным,
Сен едің бойға лайық қамдағаным...

Көрікті сіздің гүлді бек жаратып,
Басқаға өзіңе аян конбағаным,
Зат біліп, ырық берсең мен де сендік.
Көргем жоқ пиғылыннан қазір кемдік.
Сізден соң басқа қызық керек емес,
Егерде осы жолы кетсе теңдік.

— Осы тұстары ғана есте қалыпты.

— Ойпырмай, мына сөзіне қарағанда, шын құмартқан адам ғой!

— Өмірлік жар етуді қалаған ғашықтың сөзі,— деп үйдегілер сыбырласып кетті.

— Содан елге келген соң, Әлібек «Айналайын Ақан-ай, менін Акшабағым да, Ғайнижаным да бір адамға татитын, ерге серік болатын-ақ қыздар. Қайтейін, ант-су ішіп, ата жолымен беріп қойған жерлерім бар. Әйтпегенде тандағаныңды алар ең, енді тым құрмаса өкіл күйеу бол» деп, ұшқыр кара бедеуін, Қараторғай деген қыран бүркітін алдына тартты.

— Өй, ерім-ай!

— Батыр ғой.

— Бірақ қыздарына билігі жүрмегені қалай?

— Ата жолын, казак салтын бұзатын ақымақ деп пе ең. Және батыр бір айтқанынан қайтқан ба?

— Жарайды, тұра тұрындар, Ақанның ол қыздарды ала қоятынын қайдан білдіңдер,— деп гүпілдескендерді тоқтатқан Су Құсайын Ақтоқтыға андаусыз ғана бір қарап қойды.— Ақан Әлібек үйінде отырып, атығай шалдарына, «Ішінде Орта жүздің жүрмін шалқып» деген өлеңін айтып берді. Құлагерін сипаттай кеп:

Бөйгеде үш жүз аттан озып келдің,
Артынан жете алмаған талай тұлпар.
Астынан сен жалаудын өтпеген соң,
Ат қойған Үркеккер деп тәмәм жұрттар,
Зілғара Әлібегі ырза болып,
Бір бедеу сыйға берді және сұңқар...
Аттанып соныменен кейін қайттық,
Ән салып, сырнай тартып, қызыққа іңкәр,—

деп жұртты өнге тойдырды. Ал енді астарыңды өкеле бер,— деп әңгімесін тәмәмдаған Су Құсайын жастыққа қисая кетті.

Су Құсайынның аузынан көптен бері шын әңгіме естіп, алыс елде мерейі үстем болған ағытай-қарауыл елінің өнеріне сүйсінген жұрт ас ішіп, кеш тарады...

Түн жарымда Су Құсайынға калын күстөсекті көпірте салып, киіз үйдің оң жағына жатқызған. Қашанда өлік шығаратын жаққа ұйқтағысы келмей зырылдап тұратын көсе, бұл жолы қарсылық білдірген жоқ. Ақтоқтымен қалай онаша сөйлесудің қыбын ойлаумен болды.

Үй ішінің әлі жататын түрі жоқ. Келген қонақтарға да төсек салынбады. Бактыбай ауылының жігіттері даладағы аттарына кеткен. Еркімбай, Ақбота, Ақтоқтылар да көрші ас үйге кіріп-шығып ұзақ уақытқа дейін келмеді.

Бүгін бір жақсы әңгімеге өзінің де айызы қанып, тамаққа мелдегінен келе тойып алған Су Құсайын кебеже үстіндегі май шамға қарап жатып, көзі ілініп барады екен. Ақырын күнкілдеген дауыстан оянып кетті. Көзін ашып алғанда байқағаны Еркімбай әйелімен екеуі екі-үш қоржынды ортаға қойып, Ақтоқтыға соңғы ақылдарын айтып жатыр.

Су Құсайын көзін тарс жұмып, ынырана аунап, теріс қарап жатты. Күнкілдеген сөздер анық естіледі. Тындаған сайын жүрегі мұздай берді: Ақтоқты таң жарығымен еліне жүріп кетпекші.

Бір кезде есікті сықырлатып сырттан Құлмақ кіріп еді:

— Аттарыңды әкелдіңдер ме?— деді Еркімбай.

Су Құсайынның жүрегі зірк етті.

— Алысқа ұзап кеткен екен, жақын әкеп, көлдің қабағына тұсап жібердік,— деп Құлмақ босағада ілулі қамшысын алды. Сыртта басқа жігіттер қамыт-саймандарды салдыратып, арбаны есік алдына қарай сүйретіп, дабырласып жүр.

— Кеше де ұйқтамап едім. Көзіме ұйқы тығылып тұрғаны. Ертең жайланып жүрмейміз бе, таң қаранғысында от ала келгендей асығып не әкетіп барады осы,— деп Құлмақ кейіп еді.

— Ештеме етпейді, айналайын. Жас жігітке ұйқы деген не? Мынау ауыл иттерін бөріктірмей-ақ, ешкімге көрінбей жөнелгендерің дұрыс қой. Аттарын тың, алла амандық берсе ертең-ақ ел орынға отыра жетіп қалмайсыңдар ма? Жүрдек аттарға қоналқы жер. Ана жақтағылардың да жүрегі күпті боп отырған шығар,— деп Ақбота қиылғандай сыбырлап сөйледі.

«Ауыл иттері» дегені ауыл адамдары ма, «ана жақтағылары» Бактыбайлар ма, әлде Сүтемгендер ме— оны ойлап жатуға мұршам келмеді, «ойбай, жеген етке, ұйқыға мәз боп ауызымды ашып жатыр екем ғой, енді қалай үлгердім» деген Су Құсайын

шошып оянғандай, жалма-жан атып тұрды. Көрпесін серпіп тастап, шалбарын, аяқ жақтағы етігін асығып-үсігіп, жау кеп қалғандай киіп жатыр.

Көздері бақырайған үй іші түк түсінер емес. Су Құсайынның ойынан да бейхабар.

– Ау, Күсеке, түсінізден шошып ояндыңыз ба, мұныңыз не?!— деп танырқаған Еркімбайға үн қатпастан, мұрны пысылдап жүріп мұздай киінген Су Құсайын:

– Ойбай, сұрама, көптен жас етті сағынып жүр едім, тайдың етін көп жеп жіберсем керек, ішім бүріп әкетіп барады,— дегенде, ұйқы қысқан басқалары да, үйді басына көтере күлді.

– Ішіңіз ауырса, шапаныңызды жамылып, желбегей-ақ шықсаңыз да болмай ма?

– Жок, карағым, мен алысқа барып отырамын. Ішімді жел кармап қалады,— деп, белбеуін шірене тартып, тымағын бастыра киді де, босағада жатқан ер-тоқымын алды.

Үй ішіндегілер одан сайын күлді.

– Күсеке-ау, ұйқысырап жүрген жоксыз ба? Ер-тоқымның керегі не, жаяу-ақ баратын жер емес пе?— деп Еркімбай үнсіз бүкшендеген қонағына қарап, түк түсінбей, көзі жыпылық атты.

Бұған қалай жауап беруді ойланбап еді, Су Құсайын да көзі жыпылықтап, ерді алдына өңгерген күйі ыржалақтай берді. Сүйте тұрып табан аузында сылтау таба қойды:

– Жана жатқанда есіме түсті. Түнеугі асқа барғанда қыпшақтың бір жігітіне көп ертеқ айтып, бір аттын құнындай күмістеткен әдемі шакшасын қалап алып ем. Сол түсіп қалыпты.

– Ойбой-ау, оны енді қараңғы түнде қайдан табасыз. Ішім ауырды дегенше соныңызды айтпайсыз ба?

– Білем түскен жерін. Жолда атымды шалдырып, далада біраз мызғып алған ем, сол жерде қалтамнан сусып түсіпті.

– Е, онда ертен күн жарықта барып аларсыз.

– Ә, қуын қарашы, менен бұрын барып тауып алайын деп тұрсын ғой,— деп көзі күлімдеген Су Құсайын үйден шығып кетті.

– Қайтсін байғұс, қатын ала алмай жүрген салт басты адамдар дүниеқор келеді. Жетім бейбақ қой.— деп қала берген Еркімбай көңіліне еш түйткіл алған жоқ.

* * *

Су Құсайын тан қараңғысында Жекебояқтан шығысымен жалқау атын борбайлап, камшы басты.

Жайлаудағы ауылдан бір нәрсе ұрлап, қашып бара жатқандай артына дамылсыз жалтақ-жалтақ қарайды. Таңқылдаған күзгі қара жол да «кетіп барады, қашып барады» деп тыныш ауылға үрейлі хабар бергендей. Қайрақтай жолға тиген ат тұяғының тарсылымен бірге Су Құсайынның жүрегі де қашан ауылдан ұзағанша дүрс-дүрс етеді.

Бұрын-сонды мұндай үрдіс қимылды көрмеген шабдар ат қайта-қайта пысқырынып, басын шайқап, көпке дейін көңіге алмады. Ақыры иесі алға қарай қолпандап, қоймастан-қоймастан бүйірлей берген сон, буы бұрқыраған біраз жылы құмалақ тастап, тайлақ құсап тайранға басты. Күн шыға еті қызып алған ақ көз шабдар бұрын-сонды болмаған желіске салып, жел өтіне қарсы тайпалтып келеді.

Жалғыз атын бар затынан артық көретін Су Құсайынның тап осы жолы есі шығып елірген жандай аяусыз қамшылауында үлкен гәп бар. Осы сарыала күзге дейін зорға шыдап, төзімі таусылған Ақан сері Құлмақ достары арқылы Ақтоқтыға жансыз адам салған.

— Ақтоқты, жаным, менде енді төзім таусылды. Ғашықтық оты дегенді сезсем де, анық білмеген, көзбен көрмеген бимағлұм құпия сыр сияқты талып естілген үні, не бір ертегіде айтатын таңғажайып жұмбақ дүниедей ғана бұлдыр елесі ғана тұла бойымды шарпығандай болушы еді. Ал қазіргі күні, сол шарпыған жалынның, күйдірген оттың ішінде жүрмін, саған деген жаным күнде махаббат шоғында шыжылдай жанып барады. Бұл от мезгілсіз өлтіретін, тәніңді күлге айналдыратын от емес, ауруға шалдықтырар, дертке айналдырар, тілсіз жауға ауысып келеді. Енді шыдар менде күш, қауқар, тіпті ұят та жоқ. Мен бәрінің шегін бұзып, өрескел бір қимылға басармын, ел алдында сенің де, ата-ананың да абұйырын төгермін деп қоркам. Бұл біреуді қорқытқаным емес. Егер енді екеуіміз қыбын тауып қосылмасак, байлам біреу-ақ!

Бұл Ақанның Ақтоқтыға жеткізген сәлемі еді.

Ақтоқты зәресі ұшты. Ақан жазым болар деп үрейленді. Ол үшін ешкімді жазғыра да алмады. Бірақ тосыннан тауып кетер айла, амалы да жоқ. Көп ойланып, толғанар да уақыт жоқ. Сері жіберген жансызға айтқан бар жауабы:

— Ақан аға, менің күйім де қайбір күй дейсіз. Мен сіз айтқан отқа жанып болғанмын. Менде қалған сұлдер ғана. Сол сұлдерде титімдей ғана жалғыз жүрек қалған. Қос қанаты сынған өлмеші көбелектей. Бір тоқтап, бір соғып талмаураған әлсіз жүрек — сіз деп соғар жүрек. Ол да қажыды, бітті. Енді әрекет етсеңіз

де, қарсылық етер менде дәрмен жоқ. Тек, бұрын айтқанымдай, әлі де бір сұрарым: дала кең ғой, үйден әкеткенше, түзден әкетсеңіз екен. Қашып кеткен қыздай болмай, алып қашқан қалыңдықтай болсам етті. Сорлы ата-анамды сормандай етпейік деген тілек қана! Ал оның реті келмеген күнде не салсаңыз да көндім. Менде де шыдар шыдам жоқ!

Ақтоқты ылғи сұрай беретін осы бір тілегінің реті осы жолы келіп-ақ тұр. Қыз өзі сұраған жоқ. Жездесінің үйіне апарған басқалар. Егер содан қайтар жолда алып қашса, Ақтоқты мен Ақан серінің ертеден ойлаған әдісі екен, келісімі екен деп ешкім дұдамалданып бос жорамал айтпаса керек.

Міне, осы жолы Ақтоқтылардың қашан қайтатынын анықтауға ел арасындағы сезіксіз. Су Құсайынды жіберуі де осыдан. Тап осы жолы Ақан серінің бір өтінішін, үлкен тапсырысын орындау Су Құсайынға да өзінше орны толмас, ғұмыры ұмытылмас арманындай еді...

Имантау маңындағы қалың тоғайға жете бергенде Су Құсайыннан ес кетті. Ағаш бауырынан қылт етіп көрінген жалғыз салт аттыдан айырылып қалатыннан жаман, жамаулы, молақ құлақ малақайын шешіп ап бұлғап, айғайға салып келеді.

— Аһ-ей, аһе-ей!

Қасқыр тартқандай жан даусы шыққан адамды алыстағы аттылы ағаш бауырында тұрып тосып алды.

— Масқара болғанда ұйқтап қала жаздаппын. Ақтоқтылар бүгін шығайын деп жатыр,— деп дабырлап сөйлей жеткен Су Құсайын жігіттің өніне де көз тоқтатып қараған жоқ.— Ақан қайда, тез сайланындар.

Бөтен жігіт алғашқыда аңтарылып қалды да, Су Құсайынның Ақандар жіберген жансыз екенін сөз ынайынан тез ұғып:

— Мына жалғыз аяқ жолға жүріңіз,— деп алдына Су Құсайынды салды.

— Құданың күдіреті, мына түрлеріңмен Ақтоқтыларды аңдамай өткізіп алады екенсіңдер. Мен болмағанда... Ай, өзім де тапқышпын-ау: шақшамды сылтауратып тайып бердім. Шабдарым да есті ат қой. Менің асыққанымды түсініп, желмаядай есті. Ғұмыры мұндай сұрқылтайды көрмеп еді. Қанжыны араласып кетер ме екен. Тоқ ет қой. Бірақ Ақаннан аяған малды ит жесін. Тәубә, тәубә! Оу, Ақан, тұрындар,— деп ағаш арасымен дыбдырлап сөйлеп келе жатқан аңғал Су Құсайын отау орнындай кара көлеңке қуыста от жағып отырған бір топ жігіттің үстінен шыққанда да ештеме аңғармады. Атынан түсіп:

— Әй, балакай, мына атты жеке апарып байла, баска аттармен тебісіп қалмасын, аттарыңды мертіктіріп тастар, мұның тегеуріні тым қатты. Уһ, әуелі жылынып алайыншы,— деп, шабдар аттың үстінде қоқандап, пысынап жетсе де, каннен-каперсіз маңғазсып кеп қызыл шоқтанып сөне бастаған отқа қактанды.

— Ақтоқтыны бүгін алла жазып Қараталға апарып, отауға енгізсек тойдың қак төрі менікі шығар. Солай емес пе, Ақан, еңбегім сінді ғой,— деп, бетін шарпыған ыстық қоламтадан кіржиген Су Құсайын ер-тоқымға шынтақтай түсіп, сызданып жатқан жігітке бұрылғанда, қисайған жақ сүйегі одан сайын қисая түсті. Көзі жасаурап:

— Өй!— деп, жылайын деп тұрған баладай, иегі дірілдеді.

— Иә, айта бер, Ақтоқтыны қашан апарамыз?— деді әлгі жігіт қабағын шытынып.

Бұл Жалмұқан еді.

— Сені елшілікке жіберді ме, тыншылыққа жіберді ме? Жана Ақандай келдін. Ал, не хабарын бар, айта отыр, біз де тыңдайық,— деп күйеу жігіт жарылардай тырсия түсті.

Жан-жағына алақтап, ағаштарға сүйеулі тұрған сойыл, шокпарларды көріп, өзін жеп жіберердей төнген қарақшылардай түнек жігіттерден зәресі ұшқан Су Құсайын кімдерге тап болғанын жана түсініп, жынды адамдай ыржалақтай береді.

Белінде окшантайы бар енгезердей біреу орнынан ауыр қозғалып Су Құсайынға келді де, әр саусағы келінің сабындай жүндес қолымен тамағынан қылғындыра ұстап, тік көтеріп алды:

— Айт, жаның барында, Ақтоқты қашан шығады? Ақандар қайда?

Бұл күмістен мылтық соғатын аты шулы ұста Тулақ еді.

Көзі алақтап қылғынған Су Құсайын көгеріп-сазарып қалды. Тулақ қолын босатып жіберіп еді, сылқ етіп құлап түсті. Көзі аларып, жатып алып, енді жымысқы айлаға да көшті. Өзінің бүлдіріп алғанына өкініп, қателігін жөндемек. Талып қалған боп үнсіз жата бермек еді ойы. Бірақ Тулақ жатқызбады, құйрықтан бір теуіп, тұрғызып алды:

— Қаярсыма, өлмейсін. Айт бол!

— Өй!— деп орнынан атып тұрған Су Құсайын аузы-аузына жүкпай сөйлей жөнелді. Ендігі ойы — бұларды сөзбен бөгемек. «Ақтоқтылардың қара жолмен өткенін көрмей қалсын» деген арам ой. — Қане сені қылғындырып көрейін — өлер ме екенсін, өлмес пе екенсін. Өнесі-ей, мені шүрегей деп тұрмысын

мойнымнан тұзақтап қанжығаға байлай салатын. Үйбай-ай, күйрыктан тепкені несі өзі қан жалақ боп қажалған немені одан сайын айғыздап. Ойбай-ай, ойбай!

– Әй, сөзді бұрма, тура атып тастаймын осы арада,— деп Тулақ сүйеулі мылтығын иегімен нұсқады.

– Туеке, сенін мерген екенінді айдай әлем біледі. Екі сажын жерде тұрып мені атып өлтірсең, ертең саған жұрт к... ашып күлмей ме. Одан да мен бір шақырым жерге шығып қашайын, ер екенсің, малақайымды атып түсірші.

Жігіттер шыдай алмай мырс-мырс етіп күліп жіберді.

– Неменеге күлесіндер, бұл жаман оған дандайсып, құтыра береді,— деп Тулақ тағы да бүре түсті.

Осы кезде хабаршы жігіт жетті:

– Жекебояқ жақтан аттылы арбалылар шықты!— Жігіттер алас-күлес тұрып, аттарына жүгірісіп барады.

– Әй, жігітім, менін атымды әкеп бер,— деп Тулақтың қуатты қолынан босаған Су Құсайын оттын қасына отыра кетті.

* * *

Түс мезгілінде Жыландыға жете берер тұстағы жалпақ жазықтың үстін кику басты.

– Әкетті, әкетті.

– Қуындар, ұстандар!

– Е-ей! Е-ей!

Танертеннен бері маңайында үш-төрт аттылы торуылшысы бар жалғыз арбалыны алыстан бағып, әр бұта, жылғаны, шок-шок ағаштарды, қыраттарды бүркеніп, көз жазбай баспалап келе жатқан Жалмұқанның жігіттері әр тұстан қаптай шығып, күзгі сұрқай даланы қою шаңға көміп жіберді.

Бұларды сезбей бейғам жортқан бір топ аттылы тосыннан шыққан айғайдан үріккен үйірлі киіктей тұра шапты. Ә дегенде-ақ оқша атылып, сытылып шыға берген қара бие құлдырай тартқан. Үстінде екі адам. Бұл — қарауылшы жігіттерді ұрмай-соқпай байлатып тастап, Ақтоқтыны алдына отырғызып алып қашқан Ақан еді.

Алғашқыда қалын тоғайға қарай салған Ақан ол беттен де сойыл сүйреткен бес алты атты шыға келген соң, киыс бұрылып, жалт берген. Бірақ бұл жолы да сәтсіз болды. Қарсы беттен анырата шапқан он шақты аттылы ұшыртып келеді. Ақан тағы да жалт бұрылды. Бұл жолы енді екі жақтан қапталдай шыққан екі топтың қыспағына түсті. Жер астынан шыққандай

көлденендей салып тағы бір топ гасырлатып келеді. Қашаған аттай жан-жағына жиі бұлтақтап, санылау іздеген сері ол қыспақтан да аман өтті. Ақанның астындағы Әлібектің Қарабедеуі еді. Қуғыншы біреу-міреу бола қалса, ақпа, үшқыр бие құтылуға жақсы деп әдейі мінген. Дегеніндей болды. Қарабедеу найзағайдай жаркылдап, тар қыспақтан жайдың оғындай өте шықты.

Карусыз, қауіпсіз жайбарақат жортқан серінің серіктері шокпарларын басынан асыра ойнатып, бастырмалатқан тұтқиыл қуғыншыдан зәрулері ұшып, жан-жаққа бытырай қашқан. Әр бұтаның түбін паналап, жасырынып қала берді. Қарсылық көрсетпеген соң оларға қуғыншылар да аялдаған жоқ. Дүрия көйлегінің етегі желбіреп, Ақанның құшағында бара жатқан Ақтоқтының сонына түсті.

Киікше зымыраған Қарабедеу көзден бұлдырап ұзап кетті. Қуғыншы арты сұйылып, шашырай берді. Тек үзеңгі қағыстырып қатар аққан екі бурыл ғана алғашқы қарқыннан үдеп, бір қыр асты. Бұлар — Жалмұқан мен Тулак.

Кен жазықта Есілді бетке ұстап құйындай ұшқан Ақан өкініп келеді. Ақтоқтының маңындағы адамдарының аз екенін естіген соң, оңай алып кететіндеріне көзі жеткен. Қосар ат алып шықпай, қазақ ғұрпымен Ақтоқтыны алдына өңгеріп әкетпек еді ойы. Бұл — еріксіз кеткен қыздың белгісі: Ақтоқтыға жабылар жаладан күтқарар жалғыз жол. Әр тоспадан тұрып тосыннан шығар жау боларын күтпеп еді. Енді үшқыр Қарабедеу ұзақ шабысқа жарамай, үстіндегі екі адамды ауырлай берді. Бірнеше қыр асып, ұзаған сайын адымы тарылып, қалжырай бастады.

Қатар шапқан Жалмұқан мен Тулак та барған сайын қашқындардың бойын көріп шым-шымдап жақындай түсті. Енді біраздан соң, болдыртып соққан түлкідей, желіп отырып-ақ жепек.

Жоқ, Жалмұқанның жүрегі аузына тығылып, зәресі ұшты. Көз ұшында белдеуленіп Сары ми жатыр. Баланың енбегіндей былқылдаған Сары миға жетті дегенше, айырылдым дей бер. Толарсақтан келер ашылы жер ат түгілі, адамды зорға көтереді. Қарға адым жер жүре алмайтын атты тастай беріп Ақан мен Ақтоқты жаяулап кетуінде шәк жоқ. Жаяуды жаяудың қуып жете алмауы хақ. Оның үстіне, Сары мидың ар жағында қол созым жерде Есілдің жінішке бір саласы ағып жатыр. Жағалауы ит мұрыны өтпейтін қалың тал. Оның қай тұсынан өткенін, қайда жасырынғанын табу қияметтің қияметі. Оған жетті деген

сөз – қыздан айырылып, бүкіл атығай-қарауылға мәңгі маскара болумен, әке атын кара жерге тірідей көмумен барабар.

Жалмұқан жыларманға келіп қамшы басты. Қабағы қарс жабылған Тулақ та лекітіп, бастырмалата түсті. Қарабедеу титықтай бастаған. Көзіне саулап тер құйылып, шатқаяқтай берді. Төрт аяғы жан-жаққа бытырап, өгіз шабысқа, одан сон ит бүлкекке түсті. «Қап, асау қайыратын ғана тыз етпе тығырық екен ғой» деп тістенген Ақан қос өкпеге телкілесе де, Қарабедеу қарқынынан айныған үстіне айни берді. Алда жарықтық Сары ми жатыр көлденен түсіп. Енді бір аз ғана Қарабедеудің қауқары болса, оған да жетеді. Ар жағы Ақанға да мәлім.

Міне, міне жетіп те қалды. Қарға адым жер – қылкөпірдің үстіндей. «Құдай-ай, жеткізе көр» деп Ақтоқты да көзі жаудырап, бар тілекті Қарабедеуден тілеп, Сары миға үміттеніп карап келе жатқанда, үстерінен жай түскендей болды. Сондарынан шаңқ еткен мылтық үнімен бірге, Қарабедеу де омақаса құлады. Ақан мен Ақтоқты мұрттай ұшты.

– Енді құтылып кететін болды, ат!– деп қалғанда, Жалмұқанның бұйрығын күткен қолмерген Тулақ бурыл атты оқыс қарғытып тоқтатқан да, Қарабедеудің тілерсегінен ала ақ мылтықпен басып салған. Орнынан ақсандай басып тұрған Ақан Ақтоқтыға жетіп, басын сүйей берді.

– Токтым, жаным, бір жерін ауырып қалды ма?!

– Жок, серім, өзің амансың ба?!– деп көзінің жасы сорғалаған Ақтоқты Ақанның кеудесіне басын салып жылап жіберді.– Шын бағы ашылмаған сор мандай екенмін. Бұдан да мерт болып өліп кетсемші.

Сері ғашығының мап-майда салқын бетін бетіне басып қатты қысып отырып қалды. Дүниеде не боп жатыр – онда шаруасы жок. Мең-зең. Ақтоқтының көзінен аққан ашы жас жылай ағып, Ақанның ерніне құйыла берді...

Арада бие сауым уақыт өткен, Жалмұқанның жігіттері тегіс жетіп, қоршап алыпты. Ақанның серіктері де алыстан торуылдап жүр. Серіні мерт қылар ма екен деп үрейленіп, бір-екеуі жақындағы ауылдарға шапқыншылап кеткен.

– Жігіттер, екеуін екі айырып, байлап тастандар!– деген Жалмұқанның үні зәрлі шықты.

Орнынан ұшып тұрған Ақан қынынан сары кездігін суырып алды:

– Осыдан маңыма бір табан жақындасандар, Ақтоқтыға да, өзіме де пышақ салам. Жалмұқан, Ақтоқты саған да, маған да жок, тілегенің сол болса!..

Актоқты да орнынан тұрып Ақанға жабыса түсті. Аттарынан түскен жігіттер бата алмай, Жалмұқанның қас қағысын андып, ошарылып тұрып қалды. Бәрі де өндірдей-өндірдей өңшен жас. Бәрі де Ақанның әнін айтып, жаттап өскен бозбалалар. Қайсы-бірі әнін сырттай естігенмен өзін бір көруге құмартып жүрген ел серілері. Көмейлерінде күмбірлеп, көкейінде сайраған сол ән иесі қазір сынық канатымен балапанын қарағұстан қорғаған дәрменсіз құстай орталарында тұр. Ақан серіні бұлай кездестіреміз деп ойлап па. Қазір Баймұрза, Есмұрза, Жалмұрза әулетінен тараған санасыздар баяғыда қанқасы құрып қалған аталарының намысы үшін кек жұтып, Сүтемгеннің өз қолымен қайраған ұстаралай лыпып тұр. Шаш ал десен, бас алғалы тұр. Бір қарауылды сегізге, сегізді он алтыға, он алтыны отыз екіге көбейтіп, таратып, бастары біріге қалса жақ-жақ боп болымсыз айтыспен қырық бөлек қырық руға бөлініп өліспей беріспейтін ұсақ, пасық салттын мұрагерлері ата дақпырты үшін өз асылын қиып жіберуге даяр. Ертең өкіне білсе де, бүгін ойлай білмейтін шел көздер тарпа бас салып, өз әнін, өз сәнін қасқырша таламаққа даяр. Олар қазір өз жүрегі қалаған ғашығы үшін күйген Ақан сері дегенді ұмытқан. Ру, ата намысы лайлаған жау тұр деп қана түсінеді. Бөлтірікше баулынған жаужүректер қазір қыл арқанды жазықсыз жандардың мойнына бұғалық етіп тастап, қарауыл қотанында әулекіленіп, дырылдата сүйретуі де ықтимал. Ата намысы дегенді ел намысы деп түсінген зағиптар, айнала қоршаған азулы бөрілердің ортасында ертең өздерінің де осылай тұратынын ойламай, озбырлықтың жыртысын жырта жүргені кәперлеріне кіріп шықпайды. Қабактарынан қан жауып, ата-бұтасынан қалған асыл мұрасын Ақан ұрлап әкеткендей қуып келіп, меншікті дүниесін қолтықтарына қысып, тақымдарына басып кетпек. Ақан — бүкіл қарауыл атын, қала берді қазақ атын аспанға шығарар ардагер емес, әрқайсысының әкесін өлтірген қаныпезер сияқты. Төніп тұрған көп тобыр, қапысын тауып айдалада жалғыз Ақанды қанға боямақ.

Актоқты көптің көзінен осыны көрді. Жан-жақтан садақтың оғынша қадалған мейірімсіз көздер адамдық жанардан жүрдай, бәрі де қанды ауыз қасқырдың көзіндей ажал шашады.

Актоқтының зәресі ұшты. Қапылыста қаза табар Ақанының тағдырын ойлап, мына қара нөпірдің, қара күштің алдында амалсыз жуасып, бас иді. Ақбота апасының «Ақанды шын сүйсең, басын сыйла, текке аяқ астында мерт болмасын, Ақан көптің Ақаны, елдің Ақаны» деп басу айтса да асыл айтқан есті сөзі есіне түсіп:

— Ақан аға, кездігіңізді маған беріңізші,— деді. Ақтоқтының бетін қайтарып көрмеген Ақан ештеме ойламастан қолына ұстата салғанын да байқамады. Ақтоқты кездікті шапанының ішіне тықты.— Ақан аға, хақ тағала сіз екеуімізді қосылуға жазбаған екен. Мен үшін жүдеп, мынадай ессіздердің алдында қор болмаңыз. Ақтоқтылар көп, Ақан сері біреу қарауылда. Мен сізге татымайтын сол көп Ақтоқтылардан аса алмаған бір бейбақ екенмін. Сізбен бірге өлу қолымнан келмеді. Бұғалыққа мойынсұнар көп жасық қыздардың бірі ғанамын. Өмір бойы енді сіздің адал жүрегіңіздің, махаббат періштесінің қарғысы атсын мені. Мен енді сізбен еркін серуен құрар азат Ақтоқты емеспін, көгендегі басыбайлы қара тоқтымын,— деп соңғы сөзін әрең құрап жылап жіберген Ақтоқты Ақанның мойнына асылып, көкірегіне соңғы жасын төгіп-төгіп жіберді.

Енді көзінен үшқын атып кейін бұрылды да, тура қарай алмай жасқаншақтап тұрған Жалмұқанның алдына барды:

— Сен жендің, Жалмұқан, түс атыңнан!

Жалмұқан аттан қалай түскенін де аңғармай қалды.

Тізгінді қолына ала беріп, үзенгіге аяғы тиер-тиместе бурыл айғырға лып етіп қонған Ақтоқты:

— Ал енді керектерін Ақан сері емес, Ақтоқты ғой. Еріндер сонымнан, өңкей ұйыққан ұялас бөрілес,— деп оқша атылып, шаба жөнелді.

9

Салқын түсе күземнен қыстауына ерте оралған Бактыбай ауылының үсті абыр-сабыр. Күйеулер келген. Ақтоқты ұзатылайын деп жатыр.

Бактыбайдың ойы өткен-кеткен кінәсін, қызының жеңілтектік жасап, қылтың-сылтың жастықтың әуенімен бүкіл елге салған қара таңбасын жуып-шаю үшін ұзату тойын айта қалғандай етіп жасау еді. Күні бұрын ет жақын туыстарына, көрші-қолан, ауылдастарға, мойны кашық Қызылжар, Атбасар жағындағы құдандалыларына, ат жетер жерге түгел хабар салып атығай-қарауылдың игі жақсыларын түгел жиып, қызының да, елінің де сағын сындырмай жөнелту еді ғой. Бұлай кеңес берген алдымен, інісі Тастан! Оны жамағаты Дәмелі де қостап, «Токтымнан аяған мал мен жаны құрысын. Жат жұртқа барғанда жүдемесін құлыным, тым құрмаса тойын жақсылап атқарайық дегенін аузыннан шыққан бір тәуір аталы сөзін екен, шалым.

Енді барынды аяма. Шашып қал, жұртты риза ет. Тым құрымаса ашылған абұйырды шашылған ризықпен жабайық» деп көзіне жас алған. Осы ойды Бактыбай ауылының бетке ұстар азаматтары да құптап, «елден ұзатылар қыздың аттану салмағы бәрімізге ортақ» деп төрт-бес күн ойын-той өткізуді ұйғарысып, аттарын жаратып, балуандарын дайындап, көл жағасына қаз-қатар жер ошақтар қазып тастаған. Сойылатын малдар да тізілді. Құдалармен ойнап-күлетін қыз-желендер білектерін сыбанып, әдетке енген сан-сапалақ ырым-жырымның салтына дайындала бастаған.

Бәрі аяқ астынан өзгерді.

Күн түске тармаса күйеу бала Жалмұқан елу шақты жігітпен келіп түсті. Басында көп адамның қарасынын көрген Бактыбайлар қуанысып: «бәрекелде, бәсе, осылай болса керек еді. Мына келе жатқан салтанатты құдалар ғой. Ал, енді құдаларды аттан түсірісімен қолға алындар. Естерін шығарып жіберейік» деп, келіншектер жағы қалта ақтарып кәде алуға асығып, ел жігіттері аяқтарын асуға, шикі кой терілерінің арасына айран құйып үйге кірерде құлатуға, арбаға жегіп әурелеуге дайындалып тұр еді. Олары болмады.

Күйеу жігіттері өңкей «мен атайын, сен тұр» дейтін ығай мен сығай. Шетінен ұстараның жүзіндей қылпылдаған жастар. Ішінде шокша сақал біреуі ғана бар. Жұптарын жазбай сар желдіріп келеді.

Қарсы алушы топ алдынан жүгіріп шығып, іркіле берді. Жас құдалардың түсі суық. Қыз алуға келе жатқандай емес, өрт сөндіргендей түнеріп, ауылды шабайын деген барымташылар сияқты. Ауылдың ер-азаматы бас шұлғысып салқын амандасқан құда жігіттерді аттарының шылбырынан алып түсірді де, жеке тігілген сегіз қанат ақ үйге енгізді:

- Бұлары несі, өндері жаман ғой?
- Қыз алуға келген адамдардың сынайы жоқ.
- Біреулері өліп, қаралы болған шығар, кім біледі.
- Е-е. онда кейінірек келмес пе еді.
- Уағдалы күн болған соң, амалсыз келген ғой.
- Қой, онда шапқыншы жіберіп, хабарласпас па еді.
- Енді бұларға не болды?
- Не болды дерің бар ма? Тіршілікте не болмайды.
- Бәріміз оң жақта отырып қылмыс жасаған қалыңдығы болармыз ба? Тіпті сәлемдері түзу емес.
- Сәлемді қайтейін деп ен. Амандықты білмеген надандықтың белгісі. Одан біздің неміз кетеді, ішін ұрайын.

– Әй, текке таусылмайық. Біздің де қайбір айдарымыздан жел есіп тұр. Жазықты екенсің, жұртты жазғырма. Не де болса артын күтейік: бұл – онша жақсы келіс емес...– десіп күйеулердің келісін қырық сакка жүгіртті. Әшейінде онша сыйлай қоймағанмен, той иесі – Ақтоқтының ата-анасының қасқабағына қарап, ешкім естіртіп ештеме демейді. Бәрі сыбыр сөз.

Қызыл шырайлы шокша сақалдың аты Сапа. Бұл – Сүтемгенмен бірге туған Шәлтіктің үлкен баласы. Жалмұқанның немере ағасы. Ақтоқтыға құда түскенде бас құда болып келген. Сүтемген де, Шәлтік те Бактыбайға кеп үлкен бастарын июге қорланып, Сапа да жетер деген.

Қазір де, отырар-отырмаста Сапа Бактыбайды шақыртып алып, ауыл сыртына аяндап кетті.

– Ұлы жүз үйсін елінде қызылбөрік деген ел бар. Ол елде құпия-сыр айтысканда топтанбай, екеу-екеу бас қосып, ауылдан жырақ бір дөнеске шығып алып онаша сұқбаттасатын көрінеді. Оны қызылбөрікшілеу дейді екен. Сол сияқты, құда өзіңізбен қызылбөрікшілеуге тура келіп тұр.

– Айт, айт! Қызық екі жаққа да бірдей. Көңілдерінде не бар, жасырмандар. Біз бәріне дайынбыз, айт, айт, – деп түсіне бермейтін Бактыбайдың «айт, айт» деп айтатқандай болғанын жаратпай қалған Сапа көп мәймөңкені қойып ток етеріне көшті.

– Бақа, өзіңізге мәлім, құдалық жасап, сән-салтанатпен жүретін жарастықтан екі жақ та айырылып отыр.

– Тек, қарағым, олай деме, құда мың жылдық деген. Сүтекен екеуімізді құдай айырмаса, адам айыра алмайды енді.

– Оны болашақ көрсетер. Тап осы ауқымда қыздың ұзатар тойын да, қалыңдық түсірер тойын да мадақтап өткізер сіздерде де, біздерде де бет жоқ.

– Бет күйінкіреп қалды, иә!

Бактыбайдың мұны салқын айта салғанына Сапаның жыны келді.

– Күйінкірегені не, бырысып қалды демейсіз бе? Кімге қарайтын бет бар?!

– Иә, иә, сөзін дұрыс, менде бет жоқ. Мынау әшейін жансыз көн тері ғой тұзға піскен, – деп Бактыбай екі бетін шымшып-шымшып алды.

– Ендеше, біз асығыспыз. Осы кеште Ақтоқтыны өкетеміз. Сән-салтанаттың қажеті аз – бұл Сүтекеннің бұйрығы. Сосын, есіңізде болсын, қашан Ақтоқтыны ұзатқанша бұл маңға анау Үлкенкөл, Қоскөл жақтан тірі пенде келмесін. Ақан мұнда аяғын қия баспақ түгілі, аты аталмасын, бір өлеңі айтылмасын.

– Жок, айтылмайды, айтылмайды, о не дегенін.

– Олай болса, уәде! Қыздын жасауын әзірлей беріңіз. Түнделетіп жүріп кетеміз. Мәгәркім, осы уәденің бірі орындалмады, өкпелеменіз!..

«Токпағы мықты болса киіз қазық та жерге кіреді». Бактыбай да төбесінен гүрзімен ұрғандай мөңгіріп, мыжырайып тұрып қалды. Салмағымен жер ойғандай боп, кең, нығарлай адымдап, Сапа кетіп барады. «Сен жаманды ма, тұра-тұр, қалындықты елге апарайық, содан кейін алдына талай келтірермін. Кісі сыйлай білмейтін, қадір түсінбейтін надан!» деп бара жатқанын Бактыбай күдірейген желкесінен аңғарды.

Сапаның хабарын әйеліне үрейлендіре айтайын десе, одан қаймығып, жай-жапсарлап жіптіктей ғып жеткізейін десе, ондайға қыбы жок Бактыбай не жаумай, не қоймай тұрған күздің мына беймаза желді, бұлтты күніндей іші алай-түлей боп аулақта жалғыз өзі селтиіп қапты. Күздің қара суық желі тынымсыз соғып, бүрінен айырылған жусанды, сүмбіленін ұзақ жауынынан түбі шіри бастаған бетегені етпетінен жығып, үрлеп тұр. Бауырында қой бүлдіргеннің жапырақтары, сарғайған қурай аралас бір түп қалың селеу сиреп, сидан тартыпты. Жел өтінде дір-дір етеді. Бірін-бірі қуып ен далада рабайсыз тонқандап, жосыла жөнкілген ірілі, ұсақты қанбақтардың бірі осы селеуге келіп, ілігіп тұрып қалды. Тарбиған әлсіз аяқ-колынан ұстап, жалбаңдаған етегінен тартқандай, жібермейді. Қанбақ қалтырап, ышқынып, бұлқынғандай болады. Тосқауылға кеп тіреліп, қанбақтай анырып дәрменсіз күйде тұрған Бактыбай да шапанының өңірінен, жеңінен үрлеген суық желге тоназып, қалтырап кетті. Қураған ебедейсіз қанбақты бір теуіп босатты да, мықынын бір көтеріп, отауға қарай томпаңдай жөнелді.

Окшауырақ тігілген отау үйде ауылдың бетке ұстар қыздары ханшанын нөкерлерінше жиылып, Ақтоқтыны киіндіру камында еді. Дәмелі, Қадишалар да бірнеше пысықша қатындармен бірге қыз жасауын дайындап, құдаларға көрсететін киім-кешек, кілем-алашаларды тау-теңіз ғып ортаға үйіп, санап салып жатыр. Қайсыбір келіншектер жүк аяқ үстіндегі сары ала абдырадан Ақтоқтынын киімдерін алғанда, жайып, көтеріп қарап, тамсанып тұрып қалады.

– Апырмай, мына пұшпақ ішіктің тамашасын-ай. Өңкей қызыл түлкінін жонынан тіккен-ау!— деп таңырқаса:

– Мына кимал ішігі қандай әдемі еді,— деп етегіне төрт елі құндыз ұсталған, оның үстінен оқа жүргізген бой ішікті тамашалайды.— Мына алтын қаптырмалардың жарқырауын-ай.

– Өзі, неше ішік тіктіргенсіздер?

– Ойпыр-ау, мына бұрса көйлектері не деген көп еді?!– деп, біресе жалт-жұлт етіп судыраған катты жібектен тігілген сары, көк, қоңыр көйлектерін созбалайды.

Тұс киіз, алаша, текемет, кілемдерді үйгенде тіпті ауыздарының суы құрып:

– Шіркін-ай, Ақтоқтының да арманы бар ма екен,— деп кейбір даракы әйелдер дүние жаңылдығын көрсетсе, Ақтоқты жаратпай қарап, тыйып тастады.

– Ақандай жары, Жалмұқандай күйеуі бар адамның арманы болушы ма еді?!

– Әй, қойындаршы сендер, жоқ жерде сөз шығармай,— деп шешесі де әйелдерге ұрсып тастайды.— Одан да ана ас жаққа барындаршы өздерің аяққа оралғы болмай!

Дүниенің ісін тындырып келгендей Бактыбай сырттан айғайлай кірді. «Қызың киініп жатыр, тұра тұр» дегенге қарамай, «е, өзімнің балам емес пе, киіне берсін» деп баса-көктей кіріп, күйіп-пісті.

– Ойбой, жау алғыр қатындар! Әлі ырғалып-жырғалып, түк бітірмепсіндер ғой.

– Еһ, не бітіруіміз керек, сен едің ендігі жетпегені,— деген Дәмеліге Бактыбай бас салып, кара аспанды жаудыра жөнелді.

– Не бітіруіміз керек, не бітіруіміз керек. Сендер бітіргенше аналар біздің шаруамызды бітіреді.

– Не боп қалды тағы?!

– Сапа құда бүгін түнде жүреміз, тездетіндер, «ешқандай қызық-шыжық, той-мой керек емес» деп жатыр.

– Сонда не? От ала келіп пе? Не сандырақтары ол. Кергімесін әрі. Сол да сөз болыпты-ау. Апаш-құпаш аттандырып, қанжығасына байлап жіберетін қоянның көжегі деп отыр ма?! Сен де байбаламды салып, дамбалыңды қолына ала жүгіргенің не сонша!— деп көп ашуланбайтын биязы Дәмелі шын ашынып тесіле сөйледі. «Дамбалыңды» дегенде жаздағы Бактыбайдың дамбалсыз қалған қызығын естіген қыздар жүздерін бұрып, еріксіз мырс-мырс етіп күліп жіберді.

– Әй, жуас түйе жүндеуге жақсы. Сорлы-ау, мені төмпештей бергенше, аналарға неге айтпайсың?

– Сен еркек емессің бе? Әке емессің бе?

– Оларын болайын деп тұр ма? Еркек-еркек дейсін қит етсе, сол еркекті саған-ақ бердім, шырағым, қызыққаның сол болса. Еркек те сен, әке де сен. Бар, айтшы, тілін жетсе.

– Басынбасын әрі. Қыз үйден аттамай жатып, о неғылған коқан-лоқы.

– Сен оны айтасың, тойда Ақан болмасын, әні айтылмасын, ол елдің азаматы келмесін дейді.

– Әй, Ақан деген сөздерін қойсын енді. Ол байғұс та құса боп жатқан көрінеді. Ондағы шаруалары қанша.

Тойға анау келсін, мынау келмесін деген о не билік. Бар, айт, қызды қалай ұзатамыз – ол біздің еркіміз! О несі екен-ай, елде-күнде жоқ бүйректен сирақ шығарғандары.

– Мен бармаймын. Ал не істейсін. Мықты болсаң өзін барып көр... Ойбай-ау, олар ертең шауып алудан таймайды, сақалымның сорасын ағызып... ендігі көрмегенім сол еді, – деп Бактыбай жыламсырап отыра кетті.

– Әке, – деді Ақтоқты, – сенің жаның менен қалса, өзім-ақ сөйлесейін. Қорықпай-ақ қой. Қадиша, соңғы жақсылығын болсын, әлгі Жалмұқанын шақырып берші. Шақыршы!

– Күнім-ау, күйеу баланы шақыртқаның ретке келмес. Қазақ ғұрпында, жоқ нәрсе. Өз рәсімімен келгенде, бір-бірінді көре алмадыңдар...

– Апа, мен қайбір ғұрып іздеп тұр дейсін. Жарайды, барындар. Үйден шыға тұрындар. Сөйлесетін сөзім бар, – деп Ақтоқты үйден шыға қоймағандарға зекіп тастады. – Сендер не, күйеуіммен сөйлестірмейін деп пе ендер!

– Е, сүйтші, сүйтші, қарғам, күйеуіңмен сөйлесші, – деп Бактыбай тібін белбеуі мықынынан түсіп, бүкшендеп шыға берді.

Жалмұқан Ақтоқтының хабарын естігенде шын сасайын деді. Қыз қылығы есіне түскенде намысы козып, «тұра тұр, колыма түсерсің» деп кіжініп, елінің, әкесінің мықтылығын арқаланып, бұрынғының батырларыңша сайланып жеткен жігіт енді қалындығын көрерге келгенде ыңғайсызданып, не істерін білмеді. Сапамен ақылдасып еді, ол:

– Қайдам... Өзің қалай көресін. Неге шақыртқанын күдайым білсін. Барсаң бар, тығылып отыра беруші ме ең. Қайта еркін жүріп, еркін ұста өзінді. Сен несіне қаймығасың, қылмыс жасаған сен емес... – деп неше толқып, екі ұшты жауап берді.

Тек жігіттердің сөзі шын ширатып жіберді.

– Әй, Жалмұқан, байқа, өзінді онашада жарып тастамасын, кім біледі, – деп бірі қалжындап, шамына тисе:

– Не болса о болсын, өзін жеке жерде бір жәукемдеп алшы, – деп екінші дөрекілеу бірі тісін қайрайды.

– Және өзі жеке келсін де пе ай?! Зарығып отырған ғой. Қайтсін,— деп қызға ренішті жігіттер алаканына түкіріп сырттай мықтап жатыр.

Жалмұқан мен-зен боп ағаш үйден отауға қалай жеткенін білмеді. Ойы он сақта. «Неге шақырды? Сөзді неден бастар екен? Мен не дейім?» деген ой мазалап келеді. Оның үстіне ауыл адамдарының бәрі маскара болған күйеуге сүзіле карап, әр жерде үдірейіп, көздерімен ұзатып тұр. Тұла бойын аяздағы қыраулы темірдей қарыған мысқылды, ажуалы, кекесін көздерден өтіп, Жалмұқан киіз үйге кірді.

Актоқты оң жаққа салған төсегінің үстінде мамық жастыққа бетін басып, қисайып отырған. Оюлы кос есіктің топсасы сықырлап ашылғанда да тапжылған жоқ. Жалмұқан жөткірінгенде барып басын көтерді.

– Актоқты, амансыз ба?

– Ә, саламатсыз ба,— деп қабағын керіп, тура караған Актоқтының жүзі ашулы еді. Барынша білдірмеуге тырысып, инабатпен сөйледі:— Төрлетініз. Отырыңыз.

Өзін-өзі қайрай келген жігіт үйілген киімдердің арасымен аттай өтіп, төрде төсеулі бітпестін үстіне қалай отыра кеткенін байкамай қалды. Енді аңғарса, қыз биікте, өзі төменде қалған. Басын көтеріп сөйлесу қандай ыңғайсыз. Қайтып тұрудың реті жоқ, қыбын таба алмады.

– Актоқты, сіздің бұйрығыңызбен келдік. Не айтпағыңыз бар еді. Айтып қалыңыз...

– Кейін кеш болады демексіз ғой!

– Жо-жок, енді өз босағанызда айтқаныңыз дұрыс қой,— деп Жалмұқан күмілжіп қалды. Әшейінде ауыл қыздарына айтпағанды айтып, тілін де, қолын да жұмсап естерін шығаратын ерке жігіт Актоқтының алдында тосыла берді. Қыздың мысы басатын сияқты.

– Қай босағада қалай сөйлесетінімізді болашақ көрсетер. Ал қазір бір сұрағым бар еді.

Жалмұқан үнсіз құлақ түрді.

– Сіздер осында неге келдіңіздер?!

Күйеу селк етті: «Бұл не, кекеткені ме, мазағы ма?»

«Сені қатын етіп алуға келдім» демекке октала берген Жалмұқан қалындығының еліктің көзіндей мөлдіреген сұлу көзі қадалғанда өзін тежеп, зорлана отырып, қалжынмен жауап берді:

– Осында көптен ала алмай жүрген Токтым бар еді, соған келдім.

— Болса болар. Адам емес, мал ала келгендерін көрініп тұр.
— Ақтоқты, тұспалдамай-ақ тура сөйлесетін кезіміз жеткен жоқ па осы. Мен де бір елдің қолқандай жігітімін, кашанғы қорлай бересін.

— Кім кімді қорлапты? Тура сөйлескін келсе, ауыл шетінен түспей жатып, не бұл басынғандарын. Менің әкем саған қолжаулық болып па. Әке, әке деп әкенді арқаланып жүргенін адамға да, құдайға да аян. Әркімнің өз әкесі өзіне.

— Кім қолжаулық етіпті?

— Оны менен сұрағанша, себебін өзін неге айтпайсың? Қалындықтың аттанар жоралғысын ата-анасы билемей, күйеу, құда билегенді қай заманда көріп ең!

— Бізде қайбір жетіскен жоралғы қалып еді. Жоралғы жасаймын деген жолым ынғай қырын кетіп, ақ жолмен келіп, қара жолмен қайтқаным өзіне аян емес пе. Оны еске салып қайтеміз.

— Айтарыңды ірікпей түгелдей осы арада айтып арылып қал. Ішінді күйдірген шала болса, өтеп ал. Кейін бықсымауға жақсы болады.

— Мендегі шала өртеніп болған, қазір ішім толған қап-қара түтін. Бетім күйе, жүрегім жара.

— Соншама қара аспанды жаудыратындай не күн туыпты басыңызға,— деп Ақтоқты жұмсара сөйледі.— Кетіп бара жатқан қызды қалың топ қара күшпен тартып алдыңдар. Міне, бүгін аяқ-қолын жерге тигізбей әкетейін деп отырсындар. Енді не армандарың бар?!

— Иә, ел көзіне мазақ болған жігітте не арман бар екен?— деп Жалмұқан қияқ мұрты дірілдеп, сұрлана түсті.

— Онда ең алдымен мазақ болған сен емес, мен емеспін бе? Ондай қызды несіне аласың, екінші рет мазақ етіп, өз мазағыңнан арылғың келе ме?

Жалмұқан не дерін білмей тосыла берді. «Шынында да, қазір бармаймын, сүйген адамым бар деп отырып алса, қалай еріксіз өңгеріп әкетпек. Онда екінші қорлыққа ұшырау ғана қалады. Бұрын берген қалыңына қалың қосып, Бактыбайды шауып кеткенде не өңбек. Бәрінен бұрын Ақтоқты, қайран Ақтоқты. Мұндай періштені түсте ғана көрерсің. Шынымен тағы айырылам ба» деген Жалмұқан қалыңдығына қиыла қарап, өз-өзінен жасып, жер шұқыды.

— Байқаймын, қимайсың-ау деймін? Айтшы шыныңды.

Тергеуге алғандай батыл сөйлеген, қажырлы ақ маралдың алдында мойындамасқа дәрмен жоқ.

— Рас, басқаға кимаймын, Ақтоқты,— деп Жалмұқанның даусы да дірілдеп шықты.

— Олай болса, басқаға кимағанда, болашақ жарынды өсекке қалай қиясың?— деп, үнсіз құлақ түріп, қыздың сөзі жағымды естілген. Жалмұқаннан бетін бұрып, Ақтоқты жасына булығы отырып ұзақ сөйледі.— Мен жігіт басынды кемітпеймін, қорламаймын. Саған да ұнаған шығармын. Содан болар, қанша оқталып келгенмен, әлің жетсе де, маған да, Ақан ағаға да қиянат жасаған жоқсың, онына рахмет! Бірақ қай өнеріммен, қай қылығыңмен маған базына айтасын. Сырттан бір көрдім екен деп әкеңнің беделін салып, құда түсірттің. Біраз көріп, сөйлесіп не мен, не сен бір-бірімізге сыралғы болған жоқпыз. Әйтеуір, сырттан ен тақтың да, Бақтыбай ауылында құлағы кесілген бір тоқтым бар, піскесін алам, алдарына жайратып салам деп бар ғаламға жар салдың. Мен де тағдырдың жазуына, қазақтың салтына мойын сұнып жүре бердім. Малдың төлеміне баратын көп қыздың бірі едім. Ауылыма Ақан келді, ақ пейілді, ақ жүректі Ақан келді. Ұйқылы-оаяу, мең-зең боп, алдым да, артым да қаранғы дуадақша құр далбақтап, атқа шауып, соқыр жапалақша жарбандап жүрген кезім еді. Ақан жарыққа алып шықты, көзімді ашты, қыз ертең басына жаулық салар қалыңдық қана емес, ердің қасында серігі, кісі сүйер жүрегі, тебірене білер сезімі бар адам екенін үйретті. Мен Ақаннан қыз қалай аунатсаң көне беретін күлді көмеш емес, күннің сәулесін, жаздың шуағын сүйетін, аялайтын алақанға, ұрық шашар ұрпаққа жаратылған нәзік гүл екенін түсіндім. Жігітке ерлік, өнерліге талап, акынға жыр, әншіге күй беретін қыз екенін түсіндім. Қыз адам екен, құдаға, күйеуге, сыйлы қонаққа тартар соғымның мүшесі емес, жалпақ ел, қалың жұрттың белді бір мүшесі екен. Ақан шын сүйді. Сол себепті ол өз сүйгенін жамандыққа бұйырмады. Ол ғашықтық жарасын жанға салғанмен, тәнге салған жоқ.

Жалмұқан осы тұста басын көтеріп алып, шын ба, рас па, не айтып отырсың дегендей, көзі жасаурап кетті.

— Сен болсаң алмай жатып, елдегі сасық ауыздарға қосылып, бірге байбалам салдың. Мені сыйламасаң да, өзінді сыйласаң етті. Намысына тиген екем, намысына тимейтін басқаны іздеуің керек еді. Намыс жолында кегінді алатын мен жауын емес, егеске тұратын жігіт емеспін. Менің атым қыз емес пе? Ақанның ашса алақанында, жұмса жұдырығында жүрдім. Ол не десе де тартынар менде хал қалмап еді. Қыз абұйырын сен үшін сақтайын деген ой болған жоқ. Мені сақтаған Ақан — акын жүрегі. Оның сендердің бәріннен артықтығы сонда. Тым құрмаса, соның жүрегін, адал

жүректі жараламасандар етті. Жасырмаймын, тағы да айтам, сені кемсіткенім емес, бірақ саған шын сүйіп қосылып отырғам жоқ. Олай екен деп кейін қорласан онына да көнбеймін, Әкеннің, қараңғы әкеннің, бұрынғы салған ескі салттың құрбанымын. Сол үшін ғана кетіп барам. Айтарымды айттым. Басқамен сөйлеспеймін. Мені алатын сенсің, сенімен ғана сөйлестім. Бар қауіпін, жанынның жарасы – қыз тәнінің жарасы екен. Егер оған Ақан жазықты болса, ертең көк есекке теріс қаратып жіберсең, ренжімеймін. Ал, аттанар тойымда, мен не істесем, соған көнесін. Ақылсыз топас қалыңдығымның айтқанына көнбеймін деп шіренсең, онынды қазір айт.

Жалмұқан осы сөзді күтіп отыр еді.

– Ақтоқты, айналайын, мен қайтейін, ел көп қой. Көп айтқан соң өсекке ергенім де шын еді. Онымды кешіре гөр. Көзім жаңа жетті. Енді неңе болсын көнейін, Ақтоқты. Бірақ өтінерім сол болсын, бүгін ана жақтағы ел де күтіп отыр. Мүмкін болса тойдан соң аттанып кеткеніміз жөн болар.

– Мен де бұл арада сауық-сайран құрып жатқым келмейді. Менде де масайраған көңіл жоқ. Бірақ өз елімнен қыз күнімде, Ақтоқты атыммен кетсем деймін. Егер, есінде болсын, ана әумесер жігіттерін қара ниеттік жасап, шырк бұзса, мені бұл арадан енді күшпен әкете алмайсын. Оған мына Ақанның кездігі куә,— деп Ақтоқты жастық астындағы анада өзі әкеткен сары кездікті шығарды.— Уәде осы! Келгеніне мың да бір рахмет!

...Жалмұқан орнынан шұбатыла тұрып, күнәдан пәк Ақтоқтыны құшақтағысы кеп оқталды да, бата алмай, шыдамын тежеп шығып кетті. «Мен не істесем де көнесін» дегені несі? Оны Ақтоқтыдан сұраған жоқ.

10

Күн көзі өтпейтін қалың қарағайдың санылау-саңылауын қуалай, жыландай ирелендеген жалғыз аяқ былқылдақ жолмен Ақан Құлагерінің тізгінін бос жіберіп тіке өрмелеп келеді.

Осы жолмен сонау жылдары бала кезінде жүрегі дүрсілдеп әлденеге қуанғандай, қашан тау төбесіне шыққанша асыға жүгіргені бар. Онда Қызылжардан елге оралған беті еді. Қорамса мен Жаңыл барып алып қайтқан.

Қызылжарда Уәли-ахун медресесінде оқыған үш жылдың соңғы жылы Ақжігітке шүйкедей созылған бітпейтін ұзақ сергелдендей көрінген. Жаратылысында бір айтқанды екі айтқызбай қағып алатын ұғымтал, зерек бала мұсылман оқуын

медресе дәрісінде тез игеріп, муридтердің алды болды. Келе-келе күнде қайталайтын жаттанды сабақтан жалығып, құжырлар ғана емес, бүкіл медресе іші ел тірлігінен аулақта қалған суыр ініндей сұрқай тартып, қапас үйдін іргесі қабырғасын қысқандай тынысы тарыла берді. Бұрын өзі жасия етіп, тарз тұтатын халфелердің білімі енді өзінен саяз көрініп, медреседегі тіршілік тамамдалғандай сияктанды. Кішкентайынан ән құмар, домбырашы Ақжігіт құжырада шалқасынан жатып алып, өлең шығарып, ән айтатын мінезге басты. Бұл мінезін халфелер ұнатпап еді, әнші бозбала ұлықсатсыз қала аралап, талай күндер медресе бетін көрмей кетті. Қазақ қыздарындай емес, өздерін еркінірек ұстайтын татар бойжеткендерімен сауық құрып, сырнайға қосылып, қазақша, татарша ән салып, сылқым келіншектермен тең айтысып, Қызылжар ішін аузына қарата бастады. Көп ұзамай бұл да жалықтырып, Ақжігіт елін сағына берді. Медресе тәртібін бұзған шәкіртті Уәли-ахун шақырып алып жазаламақшы да болған. Бірақ тілге шешен, құран-сүрелеріне, пайғамбар хадистеріне жүйрік шәкірт қаскиып тұрып, шалдырмаған.

— ...Мен алмаған қай сабағыңыз қалды. Енді медреседе тірі өліктей салбырап, құр салпақпен жүрерім жоқ. Тіпті молда болар жайым да жоқ. Бұдан былай зіркілдемеңіз. Медресеннен де, мешітіннен де біржола кеттім!— деп Ақжігіт теріс айналып жүре берген.

Қалаға саудамен жиі келіп тұратын Қорамсадан баласының оқу-жамбас ақысын, жыл бойғы жұмалық есебін малдай да, ақшалай да мол алатын Уәли-ахун пайдалы шәкірттен қанша айырылғысы келмегенмен, Ақжігіт бұдан былай мүлдем өзгеріп, тындаудан кеткен. Енді өз абұйырынан айырылмауды көздеген ол қолы ашық ауыл саудагерлерінен де біржола ажыраспаудың камын ойлап, Қорамсаны хатпен шақыртып алған.

— Ақжігіт зур-зерделі малай! Үзеннен гыйлемгә хиреслеге, сүзге осталығы, моназараларда үзі дәрәсләр алған остаздарынан өстенләк ала. Әйтсәдә, күңіліңізгә килмәсін, адан мулла шықми, мәмкән түгел. Көңілі башқада. Ир, уләнгә күңілі бик ауған. Татарча һәм қазақча ғына түгел, ғарапча да, фарсыча да зур-зур әсәрләр ижат итәріне күмәнім юк. Нисі бар, алай итәргә де булар, кулын қакпағыз!— деп Қорамса мен Жаңылды үйінде қонақ етіп, Ақжігітті оқытқан ұстаз Уәли-ахун тағы да көп ақша алып, көп көпшікпен шығарып салған.

Ақанның сыңайын байқаған Қорамса да одан молла шықпасын сезіп, ендігі орнын басар саудаға баулу еді. Бір

жұмадай ұлын қасына ертіп, Қызылжар саудагерлерінің дүкендерін аралатқан. Әке баласын байлыққа қызықтырмақ болды. Бірақ одан да ештеңе өнетін емес. Аңызактай тыншу қала тіршілігінен тез құтылып, ауасы кен сахараға асыққан Ақан бірде:

— Әке, ата-бабамыз осы саудамен байыған жоқ. Қор тіршілік қой мынау. Жібі түзу бір досынды көре алмадым. Өншен көздері жылтындап, жүзі күліп, іші жібімейтін тас жүректер; қайтсем артық алам, алдап алам деп тұрған қу мүйіз сүркиялар ғой, тамұқ отын көсеген өзیرهйлдер ғой мыналарын,— деп, бір дүкен ішіндегі маталарын жайып, былғары бұйымдарын созбайлап, Қорамсанын асты-үстіне түскен саудагерлердің қылықтарын беттеріне басқан.

Сонда да үмітін үзбеген әке енді басқа жолын қарастырып, елден келген бір топ жолдас-жораларының көзінше:

— Ақанжан, енді жас емессін, ер балаларымның тұңғышысың. Осы жолы бір дәйдін қызына құда түсіп кетсек қайтеді,— деп Қызылжардағы аты шулы татар байларын санап шыққан.

Көбінің қызын Ақан біледі. Біледі де, бөрінен түніледі. Қазак қыздарын пайдалы жерге ата-ене икемдесе, татар қыздары ондай болашағы зор атакты жерге өздері икемделіп, жігіттерді өздерінің аулайтыны бар. Кейінгі жылдары ауыл байларының, атакты саудагерлердің не бір жақсы ұлдары қармаққа түсе бастаған. Ақан мұндай күйкі тірліктен де жиренді.

— Жоқ, әке, ол айтқан татар саудагерлеріңіздің қызын аларым жоқ,— деп салды.

— Ойбай-ау ертең мына қалада шылқыған бай атан болса, арманың не? Жігіттің үш жұрты болады. Соның бірі — қайын жұртың емес пе? Әшейін шалжие-е-еп жатасың,— деп ел жігіттерінің бірі қосылып еді.

— Шалжиып жатам ба, қалжиып қатам ба, оны сендерден сұрамаймын. Ертең біреудің дүкенінде есеп шотын сыртылдатып, матаны дар-дар айырып, түз өлшеп тұрсын дейсін ғой,— деп Ақжігіт балалық көңілімен ағынан жарылды.

— Е, өзін дүкенші болам деп қорқады екенсің ғой. Қатының жақсы болса, татар саудагерінің бар иелігі өз қолында,— деп әлгі жігіт тақымдап қоймаған соң, Ақжігіт:

— Иә, білем, білем, татар қыздарын. Татар саудагерлерінің қыздары қазақ жігітіне тигенше қойнына құмартады, тиіп алған соң мойнына құм артады,— деп мақалдап, бөрінің шек-сілесін қатырды.

Сөз осымен тамамдалып, бұлар ауылға жүріп кеткен...

Күн шыға Сырымбетке жеткен жолаушылар Шынғыс ауылына бұрылуға дәті бармай, тау бауырында аттарын шалдырған.

Күймелі арбадан қарғып түскен Ақжігіт алды-артына қарамай, Сырымбеттің биігіне өрмелей жүгіріп еді. Жолындағы қалың қарағайды сырғандай екі қолымен алма-кезек жасқап, жалғыз аяқ жолмен еңкейдей басып жан ұшырған талдырмаш бала жалаңаш шоқыға шыға келгенде көзі жайнап сала берген.

Сырымбет – андағайлап алыстан көз тартар аса биік болмағанмен, етегінде жарқыраған көл, баурында сыллырап аққан қаусар бұлақ, сынсыған қалың жынысты әсем шоқы. Ең биігінен қарағанда Көкше даласының көп тұсы алақанға салғандай анық көрінеді. Екі өкпесін қысқандай еңсесін басқан қала қапырығынан, аядай жерде аят оқып, күні-түні сарнап, күніренген мешіт тіршілігінен Ақжігіт жалаңаш төскейге шыға келгенде, бар азаптан құтылған қамаудағы адамдай тынысы кеңіп сала берді. Ентігін басқан бала айна көлдерге, қалың орманға, алыстан мұнартқан көгілдір тауларға дейін тойымсыздана қарап, арқан бойы көтерілген жазғы күндей жүзі жайнап:

– Аһа-hey, а-hey!— деп қалай айғайлап жібергенін аңғармай қалды. Бар алап саңқылдаған бала дауысымен жанғырып, орман ішінде, көл бетінде сынсыған бүкіл құс атаулы дүрліге үшкандай болды.

Көңілі тасыған бала өзін осы өлкенің иесіндей, тәңірісіндей санап, құлақ күйі келген шешен домбырадай күмбірлеп:

– Аһа-hey, А-hey... жанғырып айқай десе, бірге ұрандап, жүйрігін тосқан тоспадан ат көпір боп жиналған қалың жұрттай, делебесі қозған, алға ұмтылып кимелеп, тұлпарын күтіп мойнын созған қазағымдай қалың жыныс қайың, терек, қарағайынан айналдым, айхай, дала!— деп аз кібіртіктеп тұрды да, шешіле жөнелді. — Айдыныңнан шалқарыннан құс жырттыла айрылған, сұлу көлдер, әсем өзен, көк белдер тар қапастан шыққан мұңлы-шерлі ұлынды айықтырар алып батпан, зілдей зұлмат қайғыдан. Көк зеңгірдей мөлдір аспан, күмбезінде жүз құбылтып, сұңқылдап, әнге салып күн астында кикүлап, жүйке тамыр тұла бойды балбыратып, сынғырлап ұшып жүрген аққу, қазын тілін бассаң сыбызғыдай сызылтып, күй төгілген көмейінен сырнайдай, тасасында қоғажайдын жасырынып, тығылып, қырғи, лашын, қаршығадан үрейленіп бұйығып, балдыр сүзген момын, жуас құстарын ақ моншағын аспанға атып, су астында сәуле қуып өзді-өзімен ойнаған, жасағанның ақ күніне, жасыл жаздай жас күйіне тоймаған, ақ шабақтай ақ балтырлы, аршын төсті қыздардай. Айхай, дала, қайқаң бел, өркеш-өркеш мұнартқан көк төбелер, киіз үйдей, көк түбіттей сонадайдан көрінген, сағымда ойнап, қатар жүзген кемедей – әне Көкше, әне Имантау,

міне Айыртау, іргемде Сандықтауым, Зерендім, ар жағында Жыланды, Акан тауы, Жалғыз тау, айналайын Көкшем сенін жеріңнен, күншіліктен жолаушыға қол бұлғап, басын иіп, қол қусырып қарсы алар меймандосты, қолы ашық қарттардай, қайдан келдің? Кімсің өзің?— Аты-жөнінді, мекенінді сұрамай, орын берер ең әуелі қасиетті иманындай төрінен, Айхай, дала, қайқан бел, шықтан күміс тағынан, гүлдер жұпар жағынған. Әр бетеген, әр шөбің, күнмен ойнап шағылысқан айнадай әр өзенін, әр көлін, жиған жүктей әр ағашын, әр тасын шетін бассан күмбір етіп күй шерткен тұнып тұрған, ұйып тұрған әнсің-ау! Тәтті өмір, жастық шак бұдан былай бірге өтер сенімен, ит жүгіртіп, күс салып жазығында, белінде, әуілдеген жұдырықтай құсындай жүрегімді алып ұшып қашан демім біткенше, босағанда, төрінде, сұнқылдаған аққуындай, бұлбұлындай сайраған тәтті әніне бар әнімді қосармын. Мандайымнан, кекілімнен сипайтын анашымның жылы алақанындай самалына, жібек торғын желіне күй тербеткен домбырамның қос ішегін тосармын. Айхай, дала, қайқан бел, жері жомарт, құшағы кең асыл ел!

Осылайша сонау жылдары сағынып, жеткенде арнасына сыймай тасыған әндей бар сұлу келбетімен қарсы алып, жас ақынды тебірткен Көкше жері қазір салқын сұсты. Аспанды торлаған қара ала, торы ала бұлттан басқа биікте канат серіпкен тірі құс та жоқ. Алыстан мұнартатын әсем таулар, сұлу шоқылар да сұр далада еңсесі түсіп бұғып қалғандай. Жапырағын жайған жасыл орман да қазір үсті-басын қырау басып, түнеріп суық қарайды. Күзгі ымырттағы қарағайлы қалың орман найзаларын шошайтып қабак түсіп, мұз құрсанған қалың қол сияқты. Сүтемген аулынан белгі болса-ақ найзаларын оқтанып, атой салып, қоршап алар иін тірескен қалың қарулы ғаскердей. Ызындаған жел өтінде, Сырымбеттің төбесіндегі жаланап таста отырған Аканның бойы тоназып, қалтырағандай болды. Ауық-ауық күрсінген сері сонда да ағаш ішіне ықтасынға кірмей, жел ызынына домбырасын қосты. Сүйгеніне қосыла алмай, жалғызсырап, иесіз тауда оңаша отырған әнші саусағы домбыра пернелерін бойлап, төменгі сағақта ұзақ дірілдеп тұрып қалады. Қоңыр бұралған қос ішек те, ақын қайғысын бөліскендей мұнды үнмен егіліп, баяу күрсініп, сынсығандай болады. Акан үзіп-үзіп, талықсыған шерлі ән айтып отыр, шарасыз дәрменсіздік ішін өртеп, ызадан булығып:

Аулым қонған Сырымбет саласына,
Болдым ғашық ақ сұңқар баласына-ай,
еркем-ай...

Аулым конған Сырымбет жел жағына,
Артық туған бала едің ел бағына-ай,
еркем-ай,—

деп келіп «Қарындас-ай, енді есен бол» дегенде көз жасы төгіліп-төгіліп кетеді.

Бүгін кешке Ақтоқтының ұзатылу тойы. «Тойға Ақан аға келсін. Аужарымды өзі айтсын. Тым құрмаса соңғы әнін алыс сапарға жылы қымтап алып кетейін. Сол да болса, дәтке қуат, көңілге медеу. Қайғылы шағымда да, қуанышты кезімде де жебеушім, демеушім болсын», деп Ақтоқты Құлмақтан сәлем айтып жіберген.

Ақтоқты сөзін кимаса да, өзі көзінен аттандырып салуға дәті бармай, сен соккандай сенделген ақын Құлагеріне мініп, Сырымбетті бетке алып жүріп кеткен.

Әлгінде қантарулы Құлагер әлденені көргендей оқыранып еді, артынша ағаш ішінен сыбдыр естілді. Домбырасын құшактап ыңылдаған шерлі Ақан құлақ қойған жоқ. Жөткірініп белгі беріп, үш-төрт жігіт қарағай ішінен шықты. Бұлар Ақанның ізімен жүріп, іздеп келген Ожымбай, Сұлтанмұрат, Шөкей, Бәтжандар еді. Әншінің жеке күніренген мұңлы үнін, домбыраның өксігін естіп, ағаш арасында бөгеліп, ұзақ отырған.

Бұлар қасына кеп, ымырттай түнеріп, үнсіз жайғасқанда да Ақан селт еткен жоқ. Мойнына жағын сүйеп құшактаған домбырасын алдына қайта алып, әлгі әнін баяу тарта берді.

Қараңғы түсе бар тұлғасы бұрынғыдан да ірілене көрінген Ожымбай, қияда қомданған алып бүркітше, екі иығын қозғап қойып сөз бастады:

— Ақан аға,— деді күмілжіп,— сізді Ақтоқтының тойына шақырғанын естідік. Жалғыз барып қала ма деп, соныныздан еріп мазалағанымызды сөге көрменіз.

— Тойға бару кәдік. Бүкіл Есмұрза өулетінің сойыл соғар жігіті жиналып келіпті,— деп, Шөкей де қосылып еді, ызалы Ақан бетінен алып тастады.

— Сонда неғыл дейсің, ін түбінде қарап жатар ақ тышқанша омалып, елге көрінбе дейсің бе, әлде ін аузында бетін тырнап жылар суырша алыстан зарла демексің бе. Одан басқа сендердің қолдарыңнан не келеді?!

Жігіттер үнсіз тосылып, жер шұқыды. Ақан жазықсыз жолдастарына зекіп, бөрі ашуын тырнадан аладының кебін кигеніне назаланып, енді сабасына түсіп, жұмсара сөйледі.

— Өзім де білмей отырмын не істерімді. Аттандырып салып, артында сынсыған жеңгесіндей қала бергенімше көрінбегенім де абзал ғой.

— Иә, Ақан аға, біз әйтеуір соңыңыздан бос салпақтаған қуыс қурай екенбіз. Әттен не керек,— деп басын көтерген Ожымбай өкінішпен тісін қайрады.— Ақан аға, бізді де бір тындаңыз. Сіз бармаңыз, біз барайық, егер қол көтерер болса, бір-екеуін ала өлерімде шәк жоқ. Сәлеміңізді біз жеткізейік. Бас көрсетпегеніміз қорлық болар.

— Арандап қалар болсаңдар, сендерге де лұқсат жоқ.

— Біздегі шаруасы қандай олардың?!— деп Сұлтанмұрат Ақанға қарады.— Жаңағы әніңізді ертен соңынан жел жеткізгенше, той үстінде өзім жеткізейін...

* * *

Таң қылаң бере елінен аттанған Ақтоқты әке-шешесімен де, ел-жұртымен де қалыңдық ғұрпымен қоштасып, жылап-сықтаған жоқ. Ақан серінің жолдастарымен, Қадияша жеңгесімен ғана үнсіз құшақтасып, Жалмұқанның қара күймесіне өзі келіп отырды.

Күзгі қатқак жолмен аулынан ұзап, жат елге қарай бет бұрғанда ғана ыркынан айырылып, көз жасын тия алмады. Күйме жақтауына жағын таянып, үнсіз егілген Ақтоқтының есінен Ақан айтқызған аужар кетер емес. Таң алдында серіден күдер үзіп отырғанда сау етіп кіріп келген Ожымбайлар, жұртты баса-көктей төрге өткен де, Ақтоқтыны қоршай отырып аужарға қосыла салған:

«Кеткенін бе, Ақтоқты, шынынменен, жар-жар,
Талай мейіз беруші ең тіліңменен, жар-жар,
Алысқан қол бар еді, айтысқан серт, жар-жар,
Ант етіп ең айнымас дінінменен, жар-жар!» —

дегенде, антында тұра алмаған осалдығына, жасықтығына күйінсе,

«Өз үйінде патшадай қарындасым, жар-жар,
Шәһизаға басынды балаушы едім, жар-жар,
Күміс тұрман, алтын ер, боз жорғамен, жар-жар,
Қырық ауылдан көшінді жанаушы едім, жар-жар!»—

дегенде, жаз жайлауда Ақанмен кездескен жастық шағы, бақытты күндері мәңгі келмеске кетерін ойлағанда, серіні күтіп есікке алаңдаған бота көздерінен жас сорғалаған.

Жалмұқанның кимылын бағып, іштерінен тынған күйеу жігіттерден жасқанбай Сұлтанмұрат домбырасын өксіте тартып:

– Ал, Ақтоқты, Ақан аған келмесе де, саған арнаған әнін жіберді тойына, – деп сағыныш зармен, кимас мұнмен «Сырымбет» әнін салғанда, тойдағылар да күрсініп, тебіреніп кетті...

Енді мына ақ тандақ дала да, сыңсыған орман, гулеген жел де сол әнді салғандай Ақтоқты құлағынан «Сырымбет» кетер емес. Бозамық тартқан аспанда қалың қара бұлт арасында шудаланып көшкен бір ақ бұлт ілесіп, қалмай келе жатыр еді. Ақтоқты соған қарап, көзінен жас парлады. Ақ бұлт ішінде Құлагерін желдіріп, алыстан ойкастап, «Сырымбетке» салып Ақан келе жатқандай. Ақ бұлт түнерген қара бұлтқа кіріп, бірде жоғалып, бірде қайта шығады. Ән бірде алыстап, бірде тап құлағының түбінен естіледі. Әсем қоныр үнді Ақан даусы. Талай рет қасында отырып тындаған серісінің шерлі үні...

Қыламықтап алғашқы қар ұшқындады. Ақ бұлт алыстап барады. Әлден уақытта аспан асты жыбырлап, ақ көбелектер саулап құйыла берді. Жапалақтап қар жауып кетті. Ақ бұлт бар тілеуін Ақтоқтының алдына шашудай шашып, көзден ғайып болды. Ақан да, Құлагер де жоқ. Алдан жат тіршіліктің суық желі ғана еседі. Ақтоқты енді басын түмшалап ап, күйменің бұрышына қисайған. Ақан әнін іштей айтып, көз жасын бұлап келеді.

Ат үстінде үнсіз жортқан күйеу жігіттердің де құлағында Ақан әні. Қанша ұмытайын дегенмен, естерінен шықпай қайта-қайта түсе беретін құдіреті күшті «Сырымбет» жүрген сайын әр көкейде жатталып келеді. Қалыңдық Ақтоқты болса, жасауы «Сырымбет». Есмұрза әулеті бір-бірінен ажыраға алмай екі асылды аулына бірге әкеле келе жатыр. Ақтоқты күймеде, «Сырымбет» көңілде:

«Аулым қонған Сырымбет саласына
Ғашық болдым Ақсұнқар баласына...
Қарындас-ай, енді есен бол», –

деп амалсыз ән ыркынан шыға алмай, іштей қосылып салған қалыңдық көші бір белден асып, Сүтемген аулына құлай берді.





Екінші бөлім

ҚАРАТАЛ ҚОЙНЫНДА

*...Басты гой қайғы-қасірет мен пақырды,
Дүниеден арманда боп сәулем кетіп»*

Ақан сері

I

Күздің кара суығында кең кара жолға таласып, Қызыл-жардан таң сәріде шыға жарысқан өңкей сүліктей қос кара арғымақты төрт-бес пәуеске жолда бір қонып, мал өрістен қайтар мезгілде Сүлеймен аулының қыркасынан қоныраулатып салтанатпен түсе берді. Қалың карағайдың бауырына қаз-қатар салған ағаш үйлерден манк-манк үріп өре шапқан өңкей ұзын күйрық ұялас қызыл иттер алдыңғы күймені танып, қапталдай шауып, арсаландап келеді. Әр үйден жүгіре шыққан қыз-желен, бала-шаға есік алдында үйіріліп, кенеттен қайтқан жолаушыларды алыстан күтіп тұр. Ескі бөренелері сұрланып, шөге бастаған шатырлы жалпақ үйдің алдындағы тарбиған қалың бұтақты, қабығы аршылған аппак мама ағашқа қос ат ұшыртып кеп күрт тоқтағанда, пәуеске ішінен қоныр мауыты кен шапаны желбіреген ұзын бойлы біреу түсті. Жаңағы иттер жапырласып төсіне, аркасына асылып, еркелеп жатыр.

– Өй, кайтеді, мына мұндар!– деп иттерді етегімен жасқаған енгезердей сары кісі шапанын шешіп, шаңын қақты да, қайта киді. Иесіне жеңсігі басылған ұяластар енді жан-жағына шоқиып бірдеме дәметкендей жолаушының әр қимылын бағып,

жұтынып отыр. Жолаушы төс қалтасынан алтын бауы салақтаған қақпалы сағатын алып, өзінен алыстата қарады.

– Пой-пой, жануарлар-ай, мына жүріспен жер шыдамайды екен-ау,— деп, қайтадан салды да, ұйыған аяғын баса алмай тәлтіректей түскен, жасыл барқыт шапанды әйеліне «үйге бара бер» дегендей ым қағып, соңынан лекіте жеткен басқа пәуескелерге қарсы жүрді. Кереге көз белдеулері жарқыраған шағын қол сандықты ала түсіп, үйге беттеген іркілдеген сабадай семіз әйелдің соңынан қызыл иттер шұбырып барады. Есік алдында шүпірлеген балалар да әйелдің шаужайынан тартқылап, аяқтары шалыса үйге таласа-тармаса кіріп кетті.

Бұл — осы өңірдегі атакты көпес, миллионер Сүлеймен. Бір жұмадай Қызылжарда болып, апарған бұйымдарын өткізіп, екі күндей базар аралап мол түсіммен оралған беті. Соңынан жеткен жолаушылар да осы төніректің кіші-гірім саудагерлері. Оның ішінде базарға әйелі Жанылды апарған Қорамса, ол-пұл дүние алуға қала шыққан Сүлейменнің інісі Нұртаза, кіші інісі Әнәпиялар. Қорамса бұл жолы құдасы Ыбырайды да ерте барған. Басында шашақты бөркі бар, түріктерше киінген еңкіштеу, қаба сақалды Ыбырай басқалардан кейіндеп қалып, күймеден бірге түскен Жанылға Сүлеймен аулын қолмен нұсқап сөйлеп тұр.

— Сіздің, бірінші көруіңіз болса, бұл ауыл басқа ауылдардан бөлек. Көрдіңіз бе — үй салысы, көше тәртібі бәрі басқа. Қазір бүкіл Көкшетау өңірі, бұрынғы хан тұқымдарынан гөрі осы Сүлекеннің тұрмысынан үйренеді. Үй жиһаздарына дейін еліктейді. Бұл кісінің қора-қопсысына дейін басқаға ұқсамайды. Оған ерем дегендердің таңы айырылады, сіздер ғана болмасаңыздар,— деп Ыбырай Жаныл құдағиына күле қарады.

— Ой, бізге сұндай тұрмысқа жету қайда,— деп, әлі пәлендей ештеме көре қоймаса да, Сүлейменнің байлығын сырттай еститін Жаныл, жан-жағына тамсана қарап тұр.— Тәубә, тәубә, мұндай тұрмысқа да жетерміз, балалар аман болсын!

Жаныл ішке кіргенде үй жасауына тіпті қайран қалды. Бір-бірін қуалай салған едені, төбесі, әйнек кәсектеріне дейін түрлі бояумен сырланған бөлмелердің іші дүниеге тұнып тұр. Қабырғалардан көз сүрінеді. Түрлі-түрлі қалы, масаты кілемдер шашағымен жер сызып, құлпырып, аспалы шам жарығында неше құбылады. Үлбіреген ақ торғын шымылдықтардың толқындаған желбіректері суда жүзген аққу төсіндей. Әр пердесіне сақиналандыра ұстаған алтын білезіктер шымылдық қасына жүргізген сары оқалармен жарасып, жалт-жұлт етеді. Үй ішіндегі ағаш

бұйымдар да өзгеше. Өңкей сирактары бұрама, қызыл столдар қала тәртібімен жиналған. Қорамсамен неше барып жүріп, атакты казак, татар көпестерінің үйін сыртынан ғана тамашалап, ішіне әлі кіріп көрмеген Жаныл Сүлейменнің мына үйін солардың үлгісімен безендірілген-ау деп шамалады.

Бөлме іші құлак күйдіргендей қыз-қыз қайнайды. Күз түсер-түспесте кент тәртібімен салған пенітерге ақ қайынды қалап, қашан жаз шыққанша үзбей жағатын үй іші сырттағы кара суықта желден тонып келген адамға ұядай. Қонактар кіре бергенде қазандық жақ бөлмеден ыстық тамақтың мұрын жарған иісі шыққан. Жолаушылар жылы сумен беті-қолдарын жуып, төрге төселген бөстектерге отырар-отырмаста-ақ алдарына шай келді. Ауыз жақтан ызындап ән салып жеткен үлкен сары самауырмен бірге жалғанның жартысындай кең столға екі-үш кара таба келді. Ұзын лөкет пышақты алып, Сүлейменнің өзі аузын бүрген тегенедей-тегенедей бәліштін қақпағын ашқанда күс етінен жасалған таңдай суырап дәмді тағамның буы бүрк ете қалды.

— Ал, кой сойылып, ніскенше не заман, әзірше бой жылыта тұрайық, — деп қонактардың алдына сары қасықтарды тастап, көрлен шыныаяқтарға құйылған қою шайды Сүлеймен өзі жылжыта берді.

Қақ-соқта жұмысы болмайтын, топқа түскенде сирек сөйлейтін сөзге саран Қорамса, жүрг дуылдасып отырғанда, шәйді ұзақ ішіп, тершіп, аркасына жамылған шапанын қымтай түсіп, көптен көкейінде жүрген ойын ойлаумен болды.

Иегінде бір уыс қою сары шокша сакалы бар, көзі көкішіл, еңгезердей, жауырынды Сүлеймен қазақша, татарша мақал-мәтелді араластыра есіп отыр. Қорамса мен Жаңылдан басқа осы үй ішіндегілер өңкей аталас туыстар. Сүлеймен, Нұртаза, Әнапия — үш ағайынды — Кемел балалары. Ыбырай болса, Ақан қызын алған Шомат қожаның баласы. Бәтимаға Ақан ұрын барғанда ауылдан жырақ киіз үй тігіп, қарсы алатын осы Ыбырай. Білімдар, оқымысты адам: панисламист, түрколог. Біліміне тілі сай — шешеннің шешені. Бәтима қайтыс болған соң, есейгенше менде болсын, оқытамын деп, жиендері — Рахия мен Ыбанды өз қолына сұрап алған. Шомат қожаның әкесі Бокан мен Кемел әріден қосылатын туыс. Олардың арғы аталары Қазаннан көшіп келіпті дейтін де сөз бар. Десе легендей, Нұртаза мен Ыбырай болмаса, қалған тұқымдары Сүлеймен тақылеттес өңкей ақ сары, көк көзді, қушық шекелі. Үй ұстау, жүріс-тұрыстары, сауда-саттыққа бейімділіктері де татар байларына ұқсайды. Ал, түп төркіні — кожа.

Шетінен мен атайын — сен түр. Шомат кожа болыс болса, Бокан балалары Балапай, Қалақ та — ірі шонжарлар. Кемел баласы Нұртаза да болыс, нағыз кисық, қыныр шонжар. Бұлардың ішіндегі ең жуасы — Әнапия.

Акан Ақтоқтысынан айрылғалы бір жылдай сүзек ауруына шалдыққан наукас адамдай, кәріптікке түсіп үйден шықпай жатып алған. Биылдар ғана бас көтеріп, ел аралап, бұрынғы желігіне, бозбалалық қалпына қайта түскендей. Соңына он-он бес жігітін ертіп алып, күнде ауыл аралап, ән салып, сауық құратынды шығарды. Ақтоқтыдан аузы күйген Қорамса, баласын бірдемеге сок болар ма екен деп, іштей күйзеліп, аяғына бұғау салуды ойлады. Соның есебін кейін тапқан сияқты. Қызылжарға саудамен барған сайын, жолда осы Сүлейменнің үйіне бір конбай кетпейтін. Ескі құрдасының үйінен соңғы аттанар жолы екі беті татардың сары тоқашындай уылжыған жас қызын көріп жүреті бүлк еткен. Егер Сүлейменмен жұрт жаңғыртып құда түссе, одан артық тілек бар ма. Мал кумай, ән-күй, сауық-сайран қуып желігіп жүрген Аканның аяғы шідерленіп, шаруаға бет бұрар ма еді. Сүлейменмен тізе қосып біріксе, Қорамсанын да саудасы түзелген үстіне түзеліп, Қызылжарды билеп отырған Қарағайдай болар еді. Кеше тері, май заводы бар ірі көпес қозған Қарағай Сүлейменмен ғана саудаласып, Қорамсаны көзіне де ілмеген. Бай байға, бай құдайға жетем дегендей, бір кезде татар көпесі Ғабардың дүкеншісі болып, өзінің пысықтығымен алдына мал салып, басына үй тігіп, саудасының арқасында байып алған Қорамса, енді осы Сүлейменнің дәрежесіне бір жетіп алуды да іштей ойлайды. Соның сәті түскен сияқты.

Анада бір жолы жылқыдан өншен ақ боз аттарды ұстап мініп серіктерін қасына ертіп ел ақтауға кетіп бара жатқан Ақанын үйге шақырып, Жаңыл екеуі ортаға алған.

— Аканжан, мына шешен екеуміз саған бір шүйкебас тауып қойдық, жақында құда түспекпіз,— деген.

Акан шошына қарап:

— Бір рет дегендеріне көніп ем, енді қалың беріп қыз аларым жоқ, мені әлі де бала деп жүрмісіндер,— деп шыға берген.

— Тұра түр... Акан, жасың болса жер ортасына келді. Ол қыз біреудің әлпештеген ортан қолдай бүлдіршіні. Әлі бере ме ол, бермей ме,— деп Қорамса қыздың беделін көтере түскен.

— Ол кім еді соншама қалыңға қыз бермейтін. Қай қазақ ол — қызының көз жасын саумалдай санап жүрген?

— Естісең өзін де мазамызды алар ең. Сүлейменнің қызы, атакты Сүлейменнің.

– Қай Сүлеймен?

– Неше Сүлеймен бар еді. Кемелдің Сүлеймені де.

– Ә, Сүлейменнің көк көзі десейші, – деп, Ақан қарқылдап күліп, шығып кеткен.

– Апырай, Ақанжанның жер бетінде білмейтін қызы болсашы...

– Ата балаға сыншы, мен білсем Ақан онша кет әрі емес, құлағына құя бер, қайда барар дейсін. Баяғыда да ерін бауырына алып тулап-тулап ақыры көнген, – деп Қорамса Жаңылға ескерткен еді.

Осы жолы, не де болса Сүлейменмен құда түсу – ойлары. Ол үшін Ыбырайды да әдейі ертті. «Сүлейменнің Гүлшарасы – қарындасын Бәтиманың жақын сінлісі. Ертең ана балаларға да қолайлы. Еш сөлекеттігі жоқ. Осыған көмектесе көр» деген сөз Ыбырайдың да көкейіне қонып, келіскен: «Өзінің қарындасын алған Ақан серідей ел ардагерінің туыстықтан жатсынып, жырақ кетпеуіне жақсы». Ыбырай келісімін берісімен, көп ұзамай Сүлеймендерді де алыстан орағытып құлақ қағыс қылған. Жұрт арасында улы тілімен Кемел балаларын да Ақан ажуалағалы Сүлеймен Қорамсамен де төңтерістеу жүретін. Осы жолы қайтадан жібіген сияқты. Бірақ Ақан жөнінен бір ауыз сөз айтпады. Өзін ештеме естімеген, білмеген адамдай ұстап, әшейін құда мың жылдықтың кебімен ғана жүрген сияктанады. Дегенмен екі жақ та әңгіме үстінде көздерімен арбасып, құдалық жайындағы сөздің басталуын үрейлене күткендей.

Қызылжар шәрінде біріне-бірі қонағасы беріп, Сүлейменнің әйелі Наушарбанмен тез тіл табысып кеткен Жаңыл, шай ішіліп болысымен ерлердің сұқбатына араласпай, тамақ пісіріліп жатқан қазандық бөлмеге кеткен. Болашақ келіні – Гүлшараны көргенше тықыршыған ол, құдағиымен қатар отырып алып, ұзақ әңгімеге көшкен.

Жаңыл – осы өңірдегі аты шулы әйелдердің бірі. Қорамса алыс-беріс, сый-құрметке сараңдау болса, бұл қонағасына қолы ашық, жақын-жұрағаттарын ерінің төңірегіне топтап ұстай білетін, табиғатында біреуге зекіп көрмеген, не айтса да көкейіне қондыра, зердесіне құя айтатын ақылды, көпшіл бәйбіше. Ойын-той, ырду-дырдуға жаны қас Қорамса шақырған жердің өзіне көбінесе сылтау тауып бармай қалса, Жаңыл ондай жерден тартынбайды. Барған жерін өзінің ойлы сөздерімен, ұлағатты қалпымен баурап, еркін билеп алады. Ел арасындағы өсек сөзді қаламай, үнемі тәрбиелі сөзге бұрылып, сыпсықай,

жыртакай әйелдерді қас-қабағымен үйіріп отыратын сабырлы, нұрлы жүзді Жанылдың тұла бойынан шуақты күннің лебі ескендей. Бұрын үлкен тойларда ғана сырттай көріп, алыстан иек қағысып амандасатын тәкаппар, менмен Наушарбан да кояң-колтық араласа келе Жанылдың алдында өз бойын қораш санап, өз ойын олақ көріп, қалай төменшік тарта бергенін аңғарып, енді онысына іштей намыстанғандай бойын жиып ала қойды. Осы жолы құдалық ниетімен қара жолдан әдейі бұрылғанын ерінен естіген Наушарбан ұзақ сөзден соң салбыраған иінін көтеріп, тіке сыр тартпаққа көшті.

— Сіздің ана екі ұлыңыз әкесіне тартқан шаруақор, деген үй ұстайтын азамат боп келеді деп естиміз. Ақаныңыз кімге тартып жеңілтектеу болды екен, ана кішісін әлі ауызға алмаймын, жас қой,— деп сөз арасында жанына тие сөйледі.

— Иә, балаларымның көбі жиылып бір төбе болса, Ақанжан өзі бір төбе ғой,— деп Жаңыл қырын жауап беріп, ақырын миығынан күлді.— Қолдағы бес саусак та бірдей емес, бір анадан ала да, құла да туа бермей ме. Шаруаға қыбы жоғы рас. Бірақ, бойына аллатағала ерен өнер құйған ерекше бала ғой. Айбергенім де ағасына тарта ма деген үміттемін.

— Құдағи, өзіңізбен жақын сырласып, аз күнде абысын-ажындай боп кеткен соң айтамын, көңіліңізге келмесін, Ақан ән шығарады екен, онысы жақсы делік, біреудің атастырылған қызына, елдің алды боп жүрген ақсақалдарына ауыз салатыны-ақ жараспайды. Мінезі сізге тартпаған-ау.

— Кім білсін, Қорамсанын әйелі болмай, Ақандай жігіт болсам, мен де сүйтер ме едім,— деп Жаңыл қасын кере езу тартты.— Біреудің атастырылған қызына қараса, өзіне лайық, тең іздейтін шығар. Ал, елдің алды дегенде, бұл күнде елдің алды кім, арты кім оның нарқын алтыны көп шешпейді, ақылы көп шешсе керек. Алтыны көпті көрсек те, ақылы көпті көруге әлі қырағылығымыз жетпей жүрген жоқ па. Зерделі Ақанжан соны бағдарлайтын болар.

Наушарбан өз-өзінен сақылдап күлді:

— Құдағи-ай, әйтеуір, қанына тартпағанның қары сынсын деуші ме еді, әшейінде періштедей әділ, балаңызға келгенде сіз де тура жолдан таяды екенсіз. Тіпті құс қондыратын түріңіз жоқ. Әнші-күйші дегендеріңізге құдайтағала өнер бергенмен ақыл бере бермейді ғой. Әкесінің бар малын кидусуди ғып, көрінгеннің астына, кез келгеннің үстіне дегендей, шашып-төгіп жүрген баланы әңгі дермін, бірақ есті дей алмадым.

«Соншама несіне таусылып отырсың, өзін ондай ұл таба алмаған соң аузына келгенін оттай береді екенсің» деп шаптыға түсетін ауыл арасындағы қатындардың тығырыққа тірелер тұсы келіп-ақ қалғандай. Бірақ, күйеуі сияқты есіп сөйлейтін алдыңдұлдың әйелмен сөз жарыстыруды Жаныл бойына шак көрмеді. Жуас отырып қана жуадай ащы мысқыл айтты.

— Әкесінің малын шашса одан ризық кемімес, бәрі бала үшін жинаған дүние емес пе. Есі кіре тоқтар, бірнеше баланын анасы болған біз де әлі еске жарып жүргеніміз шамалы. Адам баласы қартайған шағында кейінгіге кашанда міней, шеней қарайтын пендешілік әдеті емес пе. Әйтпесе, елдің ең ақылды қыздары Ақанжанға дегенде құты түсіп тұрады. «Ел мақтаған жігітті қыз жақтайды» деуші ме еді. Сылқылдаған қыз күніміз болса, ондай жігітті біз де құтқармас ек-ау,— деп қалжың, күлкімен есік жақтан көрінген қызға қарады.

Бойы Наушарбаннан да қалыңқырақ, аяқ-қолы балғадай, шашы сап-сары, көзі тұздай қызды «Гүлшаһра осы боларсың-ау» деп шамалады. Кеудесіндегі биік қос анарын еркін жіберген, дене бітімі жалпақ, қайқы төс, қайқы еріндеу қыз. Алшандай басып, ауыл үйдің келімді-кетімді кемпірлерін менсінбейтін менмен мінезіне салып, үстіндегі суық киімін жұла шешіп тастап, қазандық ернеуінен бірдеме іздеп жүр. Еңкейген сайын теңкиген — үлкен бос бөксесі бұлғақ қағады.

— Гүлім, мына апана сәлем бермейсің бе,— деді Наушарбан қызын еркелетіп.

Үлкен көк көзін жалт етіп бұрған Гүлшаһра, бір сәт тіке қарап:

— Есенбісіз,— дей салды.

— Амансын ба, қарағым,— деп Жаныл да, бір көргенде-ақ болашақ келіннен денесі мұздап қоя берді.

— Бұл апаң біздің құдағиымыз, өздерін өнін айтатын Ақанның шешесі дегенде,— дегенде:

— Ә-ә,— деп қайта бұрылған Гүлшаһра жасанды биязылыққа басты.— Амансыз ба, апа, Ақын ағайдың анасысыз ба?

Гүлшаһра езу тартып, ірі аппақ тістерін көрсетіп күлгенмен, көгілдір мұздай көзі суық қалпында қалды. Суыққа тонып көгерген беттей долырған жүзінде күлкі табы жоқ. Жанылдың есіне Ақан айтатын «Қыз сипаты» деген өленінің бір аузы түсті:

«Алтыншы бір қыз келер толық сары,
Бойына тең келмейді жанның бәрі.
Лайықты өзіне тең таппаған соң,
Кетпейді көкіректен қайғы-зары...»

— Қой, ана жаққа барайын, шалым іздеп жатқан шығар,— деп Жаңыл жіп-жіңішке оқа жүргізген кимешегінің жағын түзеп, төр жаққа беттеді.

Ол кетісімен Гүлшахра семіз құнажындай ырғалып келіп, шешесін бас салды:

— Апа, ана кісі шынымен Ақанның шешесі ме?

— Иә, қимай тұрмысын.

— Неге? Өні Ақаннан аумайды екен, жасында қандай сұлу болды екен.

— Ақанды көріп пе едің?

— Көрмегенде ше. Ана жылы Ақтоқтымен әуей болмай тұрып, бір тойда көргемін. Қасына да отырғанмын,— деп Гүлшахра шұбырта жөнелді.— Қыздар қырылысып, өліп қала жаздаған. Ақан қарасын ба. Ешкайсысын да менсінбей, жиналған қыздарды сипаттап өлен айтқан. Мен қасына ұзақ отырғанмын.

— Өзі жұрт мақтағандай жақсы жігіт пе, әлде жұрт әншейін әншілігін ғана мақтай ма?

— Түһ, апа, сен әлі көрген жоқсың ба?

— Бәтиманы алған кезінде көргенім бар. Күйеу бала болған соң онша көз тоқтатқан жоқпын.

— Ондай жігіт бұл өлкеде жоқ қой, апа. Түр, сымбат, ән айтқандағы даусы, сөйлеген сөзі ешкімге ұқсамайды. Ақтоқтының бағы ашылатын еді ғой.

— Еһ, ол Сүтемгеннің баласынан не қорлық көріпті?!

— Қорлық көрмегенмен Ақанның орны бөлек қой.

— Солай еді де. Ендеше мына Қорамса мен Жаңылдың неге келгенін білдің бе?

Гүлшахра әлдебір алыстағы үміт шырағы жылт етіп жанғандай көзі жыпылық атты:

— Қайдан білейін?!

— Құдалыққа түсе келіпті,— деді Наушарбан төтесінен.

— Кімге, қай баласына,— деп үрейленгендей көкшіл көзін кең ашып, шешесіне сенімсіз қараған Гүлшахраның беті оттай күйіп, қызарып кетті.

— Кімге болушы еді, Ақан серіге... Немене үлкенсініп тұрсың ба?

Көзі жасаурап, көмейіне бірдеме тірелгендей жұтына алмай тығылып қалған Гүлшахра шешесіне көзінің жасын көрсетпей, құшақтап алды:

— Ол не дегенін, апа, Ақанды кім үлкенсінуші еді. Бірақ рас па, рас па осы айтқанын,— деп қуаныштан ықылық атты.

— Расы рас-ау. Бірақ ана әкең келіссе жарайды әлі.

Жана тапқан асыл тасты жүзікті саусағына кие бергенде біреу тартып алғандай, Гүлшаһра түсі бұзылып, басын көтеріп алды.

— Келіспегенде мені сиырдай ғып үйде ұстап отырайын деп пе еді,— даусы ашулы шықты.

— Түменнің бір байына берем деп жүрген.

— Егер Ақанға бермей көрсін осыдан, тура асылып өлейін,— дегенде иегі дірілдеп кетті.

Көн етіктіге бермей, көк етікті кездеспей үйде көп отырып қалған қызына Наушарбан аянышпен қарады:

— Ойнап айтам, қызым. Егер қаласаң Ақанға бергіземін, әкең бүгін көнбесе, ертең көнгіземін. Бүгін, енді асатпай жатып құлдық деп, айтар-айтпаста қолқ ете қалмайды ғой, әрине. Оп-онай келісіп, бағанды түсірмес.

— Баға-саға деген не ол. Ойпырмай, осы мал базарлағандай шіреніп, сондай кулықтың не керегі бар,— дегенде, Гүлшаһраның жүзі бір қуарып, бір қызарды.

Бұл кезде үлкен үйде құдалық жайы айтылып жатқан. Ыбырай ұзақ сөйлеп, кестелі сөзбен орағытып отырып Қорамсаның құда түсу ниетін айтқанда Сүлеймен басын салбыратып, қызын жат жұртқа қимайтын әке қалпымен дөн мұрнын сипалап ойланып қалды.

Қонқак біткен дөн мұрны болмаса, түсі Сүлейменнен гөрі Ыбырайға көбірек ұқсайтын көмірдей қара қаба сақалды, көзінің қарасынан ағы көп алақөз, жауырыны күдірейген, кеудесі шалқак Нұртаза тісін шұқып отырып, жиренішпен мырс етті.

— Ақан серін басында тәуір жігіт еді. Есейе келе сері болмай пері боп барады ғой. Ана жылғы өзі сокқан Біршегіндей елді алатайдай бүлдіріп болды. Бір қарындасымызды өлтіріп еді, енді екіншісіне ауыз салды ма.

— Қой, олай деме, Бәтима ажалынан өлді, ажалға кім араша тұрушы еді?— деп Ыбырай Нұртаза сөзін ұнатпай қалды.

— Әй, қайдам, ортамызда жайқалған гүлімізді тамырымен жұлып алып, ертең, көрінгенге көз салатын көрсеқызар әумесер, обалына қалмаса!

Қорамса ішінен тынып, бүкжиіп, үнсіз отыр.

— Нұртаза қарағым,— деді Жаңыл, Ақан серіге тигізген дөрекі сөзіне шыдай алмай,— еркек отырып әйел сөйлегеннен без деуші еді, дегенмен реті келгенде, баласы жайында қолайсыз сөз айтылса анасының да сөзден сыбағасы бар шығар, құлынына ара түсер бие құрлы, балапанына арашашы тауық құрлы

жопыз ба. Сені ел басқарған, көш бастаған ерім бар деп жүр елін. Аталы сөз айтып, ағаның билігін айтатын жасқа келдің. Өз еліңнің асыл азаматын кемітіп, асылыңды шеттен іздейсің. «Болар елдің баласы бірін-бірі батырым, болмас елдің баласы бірін бірі қатыным» дейдінің кері осы емес пе. Қарындасыңды кимасан, үйге кірген жыланға да ақ құйып шығармаушы ма еді, жылы сөзбен аттандырсаң біреу бермесінді тартып әкетуге келген жок кой. Ақан есер болса, жаман қап тесерлер де бар шығар – соны сарапка салып қайтеміз.

Қорамса безерген қалпы, әлі үнсіз түнеріп отыр. Әйелінің сөзін құптағанын да, жаратпағанын да білдірмейді. Сөз есесін жіберуді өзіне ар көретін, оның үстіне әйел затынан тұнғыш рет мынадай еселі сөз естіген Нұртаза тісін теренірек шүкі түсіп:

– Бәсе, бәсе, Ақан сері кімге тартқан десем, жатқан жатырын жаңа көрдім ғой, аттылыға жол, жаяулыға сөз бермейтін ауыздыксыз алып-қашпа қайдан жаратылды десем, жана ұқтым ғой, – деп ызалы күлді.

Жаныл тағы да есесін жібермеді.

– Жаман құлын айғырында енесімен ойнайды, менін жатырыма жеткен көзің көз-ақ екен, шырағым!

Сөз аяғы қоюланып бара жатқан соң, Ыбырай киіп кетті:

– Ойпыр-ой, құда мен құдағи қалай шарпысады, көптен кездесе алмай жүр екен ғой. Кезенге шыққан кос жүйріктей сілтіседі ғой, батыр-ау, – деп жуып-шайған болды.

Ешкім бұған сөз қосқан жок. Ас үстінде де екі жақ үнсіз арбасты.

Сүлеймен де басын көтермей отырып:

– Қореке, асығатын не бар, жата-жастана ойланып-толғанып көрерміз. Қыз ұзату онай мәселе емес, – дегеннен басқа Сүлеймен ештеме демеді.

– Жата-жастана дегенге Ақан көнсе жарайды. Тым ұзатып жіберуге жүрегім дауаламайды, – деп, тұспалды сөзден көрі тура сөзді ұнататын Қорамса да қайтып колқаламады...

Жамбасқа жайлы мамық төсекке көміле түсіп жатса да бұл түні қонақтар да, үй иелері де ыстық үй тыншу болғандай, аунақшып-дөнбекшіп ұйықтай алмады. Әсіресе Гүлшаһра ұзақ таңды көзімен атырды. Жастыққа басы тиісімен қор ете қалған Нұртаза ғана.

Әшейінде аз ұйықтайтын сергек, құс ұйқы Қорамса мен Сүлеймен таң ата тысқа бір мезгілде шықты. Женіл трөшпанға ат жектіріп, шаруасына жүргелі тұрған Сүлеймен Қорамсаның

шығатынын білгендей күткен. «Құдалыққа қарсы емес екенімді әзірше емеурінмен білдіріп, күдерін үзбейін» деген оймен, құдасын тез киіндіріп, бірге ала кетті:

— Талай келіп көре алмай жүр едініз, бүгін сәті түскен екен, жүрініз, байлық көзін көрсетейін.

Аулынан екі шақырымдай жердегі қалың қарағайды айнала бергенде күн шыққан. Қорамса өз көзіне өзі сенбей таңырқап келеді. Кішігірім бір көлдің аумағындай қалың қарағай бауырында тізілген жүз қаралы үй Қызылжардың ой қаласы сияқты. Жатаған жер үйлер тегі шымнан қаланған болса керек, терезелері жермен-жексен, табалдырық астынан басын жартылай шығарып сығалаған мысықтың жаңа көзін аша бастаған қызылшақа балаларындай жыртиып әрен көрінеді. Сыртын май балшықпен сылаған қараша үйлер күзгі жауыннан зәрезап болғандай құнысып, мықшиған көпей күшіктер сияқты. Ауыл шетінде ұзындығы ат шаптырым, қызыл шатырлы үйді көргенде, аты шулы сиыр қорасы осы екен ғой деді Қорамса. Сол қораның алдынан табын-табын боп шыққан мал да өріске қарай ұзай берді. Сүлеймен құдасын әдейі осында әкелді. Сиыр, өгіз, торпақтар қора алдындағы кең алаңда күзге дейін жатады да, қыс түсе қораға кіреді екен. Қора іші адам айтқысыз. Бөлек-бөлек қоянның жымындай ғып, су ағарымен салған асты тактайлы мал қора тап-тұйнақтай. Сиыр сауып, шелек-шелек сүт көтерген келіншектер иіліп сәлем беріп, анадайдан-ақ жол кеспей күтіп тұрған. Сүлеймен олардың сәлеміне жауап қатқан жоқ.

Мал қорадан арман тағы бір ағаш үй тұр екен. Жақындай бергенде гүрс-гүрс соғылған үннен құлақ тұнады. Қорамса үйге бас сұққанда бір-ақ түсінді: қаз-қатар тізілген өншең бойжеткен қара домалақ қыздар білектерін түрініп алып, піспе пісіп жатыр.

— Бүгінгі май — соңғы бөшкенін сыбағасы. Ертең кірешілер Шеләбіге тартады, — деді Сүлеймен.

Ол үйден әрі екі жүз қадамдай жерге биік ашалар тұрғызып шатырмен жапқан. Жиегінде су ағар. Шатыр асты десте-десте қаланған жылқының, қара малдың, қой-ешкінің терілері, тайтай ғып бұған үйдей-үйдей жүн-жұрка.

— Бұлар Қызылжарға өткізгеннен қалған жүн, терілер, — деді Сүлеймен. Сонау қара шым үйлердегі жатақтардың тері илеуші, мал бағушы, сиыр сауып, піспе пісуші, ел ақтап тері жинаушы, күз шөп шабушы, отын тасушы, мал жайлаушы малайлар екенін Қорамса сонда түсінді. Қансымасын деп ернеуіне дейін шүпілдете су құйған кісі бойындай төрт шенді

ағаш бөшкелер. Жанағы шатыр астында, шет жағында, адам айтқысыз мал сүйегі үюлі жатыр.

— Мұны неге жинағансындар,— деді Қорамса сүйек жайын топшыласа да анықтай түсейін дегендей.

— Қореке, жалқау қазағым тоқпақ жіліктің кемігінен басқа сүйекті далаға шашып, қыруар дүниені ысырап етіп жүрген жоқ па. Бұл — Омбының сабын былғайтын заводына май боп кететін саудыраған тегін сүйек, сылдыраған қалта-қалта сөлкебай.

— Иә, иә, айтқандай солай екен ғой. Баяғыда бір жұт жылы ел осы сүйек майың қара көжеге қатық етіп, жан сақтаған.

Бұдан әрі қалың қарағайдың бауырына сұғындыра ағаштан киып салған көш құлаш үйдің жармысы тұр. Ортасын шымшытырық бөле берген. Үйдің табанын Қызылжар, Омбы көпестерінің үйіндей таспен көтеріп өрген.

— Үй қалаушылар қазір шөп тасуда жүр. Ана маяны көрдіңіз бе?— деді Сүлеймен оң қолдағы ағаш арасын көрсетіп. Бағанағы қызыл қайыңның ішіне үйген екі мая шөп ұланғайыр. Манында қос-қостан атан түйедей биік өгіздерді жеккен көп көк арбалылар, айыр, бастырық, арқандарын салып, шөп тартуға жүрмек боп жатыр.— Биыл бұл үйді бітіре алмайын деп тұрмын. Амандық болса, көктем шыға қауырт қолға алып жіберсек, бір-екі айда дайын болғалы тұр. Омбыдан әкелген мәскүрлерім бар еді, олар да көктемге келмек боп уәделесіп кетті. Ал бұл не үй дейсіз ғой. Жүріңіз, енді ішін араласайық,— деп есіктерге қалдырған ашық орындардан кіріп, алға бастады.

— Мынау — май айыратын бөлме. Піспе майың қанша сорғытқанмен базарда арзанға кетеді. Қаланың қу саудагерлеріне берсең, сіресіп су тегін алады. Үш бөшке ақ майың бір бөшке шыртылдақтың құнына тұрмайды. Қыстай сауылатын төрт жүз сиырдың, жыл бойы сойылып жататын қойдың іш майың айырмасаң қайда сактайсың. Мына бір бөлме тері тұздап, илейтін, кептіретін жер... Бері жүріңіз. Ал мына бөлменің сыры бөлек. Мына пеш орындарын көрдіңіз бе, мұнда тай қазандар тұрады. Омбы, Қызылжарда орыс-татарлардың қыста қиетін ұйық сияқты киіз байпақтарын көргеніңіз бар ма? Оны пима дейді екен. Қазақ баласы әлі киіп көрмеген зат. Бұл — сол пима басатын орын. Жарты жылдай Қызылжардың бір-екі татарын ұстасам, киіз басып үйренген жігіттеріміз, қалыңка салып өздері-ақ ертең мәскүрленіп алады. Сонда бұл ғұмыр бойы пайданы шаш-етектен келтіретін көнермейтін кәсіп болмақ. Қарағайдай жылы пимаға дөнігіп алса, ел казактарына мұнын

біреуін бір койға бермейсін. Шығыны да аз — құдайға шүкір казак жерінде жүннен көп неме жок... Бері жүріңіз. Енді мына бөлме — дүкен. Мұнда татар мәлішшілері әкеліп бұлдап сататын айна-тарақ, қасық, ожау сияқты көр-жер, керек-жарактар, маталар тұрады. Есіңізде ме — ана жылдары қатарымен екі-үш жылда Фахруддин дейтін татар мәлішшісі күзде келіп, екі жәшік айна-тараққа екі-үш мая жүн жинап әкеткені. Не деген тегін байлық десенізші. Ел байлығын сыртқа төккенше, өзіміз пайдалансак болмай ма. Ел жарықтық тегенедей май құйрық, батпан құйрық, жапан түзде теп-тегін жатқан құйрық емес пе, тек, борсықтай сора біл,— деп Сүлеймен бүгін құты түсіп, байлық көзінің біраз құпиясын ақтарды.— Ал мына ең шеткі пешсіз бөлме — үн қоймасы. Қар түсісімен Омбыдан, Қызылжардан қыс бойы кіре тартып, үн жинайтын кәсібім бар. Ертең — жуанның жінішкеріп, жінішкенің үзілер шағы — ұзын сары келгенде, үнның бір пұды — бір жылқы, бір қадағы — бір кой.

Қорамса бұрын сырттй естісе де, енді Сүлейменнің пайда табар шым-шытырық жолдарын өз көзімен көріп, құлағымен естігенде шын таңырқады:

— Е-е, біздің саудамыз әшейін баланың ойыншығы екен ғой. Апырмай, осының бәріне жете беретін не деген ми!

— Отағасы-ау, ақша көздің құрты емес пе. Бір құныкса бұл жарықтықтың қат-қабат жолдарын адам баласы көзсіз-ақ көкірегімен сипалап табатын көрінеді ғой.

Сүлейменнің көп саудагерлер арасында шәһарде тұрмай, шашылып жатқан тегін байлықтың ортасында — қалың елдің ішінде тұратын себебін Қорамса жана ұққандай.

— Сіздің жасыңыз біразға кеп қалды ғой, Қореке. Сізді қажытатын шаруа ғой бұл. Ана Ақан сері баланыз ақылды, алғыр жігіт деп естимін. Пайдасыз ән салып, сауық қуғанша, мына заманға қарай бар ақылын саудаға салса, лезде игеріп-ақ кетер еді. Менің қасымда бірер жыл болса, алдына жан салмайтын, миллионды уыстап шашатын, деген көпестің өзі болар еді. Өзі орысша, татаршаға да жетік дейді ғой. Шіркін, тілінен де, қолынан да келетін ондай жігіттер, орыс, татар саудагерлерінің бөркін теріс айналдырар еді,— деп арбаға отырған соң, Сүлеймен болашақ күйеуіне, «болар еді, тұрар еді» еділеп, көп үміт артып, ауылға қайта бұрылды.

Жолда түндегі әңгімені қысқа ғана қайырып:

— Қореке, ана Нұртазаның мінезі доғал, тентектеу ғой. Жеңгей екеуі де шәлкем-шалыс боп қалды. Бұл жолы олардың көзінше әңгімені қайта тірілтпей-ақ қояйық. Ұл иесі сіз де,

кыз иесі менмін ғой. Жакын арада тағы бір айналып соғарсыздар. Жеке отырып, өзімізше тон пішейік,— деп сөзді осымен доғарды...

Со күні ертеңгі астан соң, Қорамсалар да жүріп кетті.

Ауылдан ұзай бере-ақ Жаңылдың Қорамсаға айтқаны мынау болды:

— Кыздың түркіні қолайлы-ақ-ау. Бірақ қалыңдығынан шошиын дедім. Алдың-дұлдындау екен...

— Біреудің әлпештеген қызы емес пе, еркелігі бар шығар.

— Еркелігі ештеме етпес-ау, бір келіннің еркелігіне жарылып кетпеспіз. Тіпті өні, жобасы келіспеген екен. Қоянның бойын көріп, қалжасынан түнілдім. Көрерсің — Ақан оған пыскырып та карамайды. Екі ортада біз ұятты боламыз әлі. Несіне осынша асыға қалдын...

Бұлар ауылдан ұзай бере-ақ Наушарбан да Сүлейменді шаужайдан алған.

— Осы сен де әйтеуір бұлданбайтын жерде шірене каласын. Баланың бағын байлайын деп пе ең. Ақан дегенде өліп тұр қызын. Ана сері жігіт мұны естісе, ерегісіп, енді қайтып жоламауы да кәдік. Оның үстіне шешесінің сөзі де ұнамады. Ол да байын айныта салуға бар.

— Пішту дерсін. Қорамса айнитындай кім деп тұрсын. Бала-сымен келісіп, шегелеп келген адам, енді мазанды күнде алмасын де. Кішкене шалқая түсейін, тегін жатқан бала жоқ... Бірақ мен де оншама кеудесінен итергенім жоқ. Үміткер етіп жібердім.

— Ай, қайдам, он жакта ұзақ отырып қалған бір қыз: «Қашан шымылдық ішінде отырып күйеудің білегінен ұстағанша сенбеймін» депті ғой...

Ел құлағы елу дегендей, қайдан естігенін кім білсін, сол күні-ақ Сүлеймен ауылында, одан көрші ауылдарда Қорамса мен Сүлеймен құда болыпты деген сөз де дүңк ете қалды.

2

Күн нөсерлетіп құя-құя салды да, тасырлата өткен жауын ұзай берді. Қарсы беттен соққан салқын жел алқымы іскен кара бұлтты тағы да айдап келеді. Дымқыл тоғай шулап тұр. Үстінен төнген қалың жанбырдың канаты тағы да суылдап келеді.

Кержалқау күрен биеге мінген Сұлтанмұраттың үсті мал-мандай. Қанжығадағы қос түйіншек пен қоржындағы омырыл-малы домбырасын қымтай береді.

Өнменнен өтер кара жел жұқа шапанның өңірінен кіріп, тұла бойын аралап, қалтыратып жіберді. Жамаулы жұқа көйлек қоңылтасып, пана болудан қалды. Жауын өткен сайын етегіне дейін суланып, денесіне жабыса түседі. Қазір Сұлтанмұраттың үстіндегі бар лыпа жауыннан қорықпай емес, дене тітіркенер көп көлбаның дымқыл терісінен тіккен жиіркенішті жабысқак бірдеме сияқты.

Мана алдан жалғыз жолаушы көрінген. Биік донғалақтары қисаландаған шикылдауық екі аяқ қазақ арбадағы суық торғайша бүріскен адам жеткізер емес. Ұзап та кетпейді. Артына қайырылып мойын да бұрмайды. Ағаш арасындағы үш аяқты бұралан ескі сүрлеумен бірде көрініп, бірде көрібей жай аяндап барады.

Сұлтанмұрат мына үңірейген салқын далада жалғыз жолаушыны ес көріп, жол қысқартпаққа қуып жеткісі келіп еді, онысы болмады. Қанша бүйірлесе де, аяғын кібірткітеп үнемдеп басқан мес қарын қулық бие шырығар емес. Иесі ашуланып қос өкпесіне екі өкшесін қалай тебініп, қамшы басса, тоңқ-тоңқ бұлкектей беріп, күрт аяңға түседі. Тағы бір ашы қамшы сауырына тиіп еді, күйреңін шыбын еткізіп, артын көтеріп, мөңкіп қалды. Бұдан әрмән қайран болмасын білген жігіт, енді аяқ артар сырлығы жалғыз көлігінің әдетіне көндігіп, қанша ұмтылса да адымын аштырмай қажытқан қулық биедей ту кедейлігін есіне алып, мұнайып, өз ойын еркін серік етті.

Сұлтанмұрат – Қантай аулының жатағы Байбосынның жалғыз ұлы. Жасынан домбыра тартып, ән салып шаруаға мойын бұрмай еркін өскен бір үйдің еркесі. Жасы жиырмадан асқанша ата-анадан қырын қабақ көрмей өз бетінше сауық құрып, Ақан сияқты атакты серіге еріп, ел аралап, жұрт танып жүрген әнші еді, бір-ақ жылдың ішінде ол заман келмеске кеткендей болды. Былтыр көктемде көптен дімкәс анасы көкірек ауруынан дүние салды. Аурулы-сырқаулы болса да, ілініп-салынып жүріп аз дүниені берекелі ұстаған шеше кетісімен, жып-жылы ұядай шағын жер кепені ұлыған суық кернеп, азынап сала берді. Бір уыс жұтан шаруасын жалғыз өзі түйіртпектеп, әнші баласына салмақ салмай бетінен қақпаған әке де қабағы кірбін тартып, кейінгі кезде кіді мінездер шығарар халге жетті. Ауыл аралап, қыз қуып, ән салып құр салпақпен айлап жүретін Сұлтанмұрат үйге оралғанда, ағаш жонып, айыл-тұрман жасап кәсіп ететін әкенің шүйкедей боп тұқырандап, қазандық аузында отырған күйкі жайын көріп іші ашиды. Бұрын жайрандап үйге енгенде, ыңылдап ән салып, масайрап қарсы алатын әкенің енді көңілді жүзін емес, қатпар-қатпар әжім басқан қайғылы желкесін ғана

көретін күйге ұшырады. Бұрын қарны ашып, арсаландап жеткенде шешесі қойған жылы-жұмсақ буы бұрқырап алдына келуші еді, енді қақпағы сүйеулі жамаулы қара қазанның ішінен темір қырғыштан басқа ештеме көре алмай әлем тапырық ішін жылан жалағандай болады. Бұған әке кінәлі ма? Әйелсіз үйдің берекесін алмай орнықты біреуді кіргізе қоюға — даяр тұрған кім бар?! Үйсіз-күйсіз, баласыз бір бейбақты әкелсе — жер ортасы жасқа жеткенде сыр алмаған жат адаммен табысып, үйлесіп кете қойса жақсы. Соңында шүпірлеген бір қора баласымен шұбыртып байсыз қалған бір жесірді әкелсе — біреудің жетім-жесірлерінің бабы табыла қойса жақсы? Ал, сонда, бұған кінәлі Сұлтанмұрат па? Әкенің кір-қонын жуып, шешеден қалған аз дүниені ықтияттап ұстайтын бір шүйкебас алатын кез жетті. Бірақ оны кім беріп тұр. Қай қазақ қалынсыз қыз берген. Айналасы бір-екі қара, төрт-бес ұсақ тұяқты қалынға бергенде, одан кейінгі күйлері не болмақ. Тағдыр салмағына көніп, елдегі ең бір бағы ашылмаған сормандай ақсақ-тоқсақ біреуді қалынсыз ала қойғанмен жүрегі құрғыр тыным тапса жақсы. Әйел қолына жылы су құятын басыбайлы күн емес, қойнына жылы нұр құятын асыл жар емес пе?!

Міне, табаны жалпақ екінші жылға ауып барады, бір үйдегі әке мен бала — екі бойдақ — екі жетім. Салт басты сомаладай екі еркектің тапқан-таянғанында береке жоқ. Бұрын жалғыз ердің тапқаны қалай жеткен? Әйел — үйдің қазығы екен ғой шіркін. Қазықсыз үй жел айдаған қанбақтай. Сәл жел тұрса-ақ сықырлап, қалтырап, дауыл соқса домалай жөнелетін қуыс кеуек. Әке күйін қабағынан, үй күйін қазандығынан аңғарған есті жігіт бұрынғы сауықты бос селтенбайлық деп, енді кәсіпке айналдырған. Бүгін Қызылжар бетіндегі қалын атығайды бір жұма аралап, ән салып, азбыншы олжамен оралған беті.

Көп ойдың шырмауынан шыға алмай салы суға кетіп, әрі қалтырап тонып келе жатқан Сұлтанмұрат қалын тоғайдың қалтарысында тұрған арбалыға қалай жеткенін де білмей қалды. Бұл ара ық екен. Жолдан бұрылып шыққан арық ат, желком қамыты мойнына кетіп, ағаш бауырындағы биік қалын шөпте ауыздығымен оттап тұр. Жолаушы — әйел. Ескі текеметке ораған бір бума теннің үстінде мойны салбырап үнсіз отыр. Қолындағы делбесі жерге шұбатыла түскен. Сұлтанмұрат сияқты бұл да терең ойда. Ештеме сезер емес.

Әнші жігіт өз көзіне өзі сенерін де, сенбесін де білмей мүдіріп, ұзақ тұрды да, әлден уақытта барып:

– Қадиша, – дегенде, көнетоз жібек шалымен шымқанған әйел селк етіп, басын көтеріп алды.

– Жаным-ау, сен шын Қадишамысың?!

«Жаным-ау» деген жылы сөзді естігенде өзі көңілі босап келе жатқан әйелдің аялы сұлу көзінен жас парлап қоя берді. Бетін жуған көз жасы екенін де, жауын суы екенін де аңғармаған Сұлтанмұрат атынан қарғып түсіп, үсті-үстіне сұрақты жаудырып, сөйлей берді.

– Иә, жол болсын! Бұл не жүріс жападан-жалғыз? Қай жаққа барасын? Атың болдырып қалған ба? Бай аты да болдырады екен-ау! Күн ұзақ өзінді әрең қуып жеттім ғой.

Көзі жасқа толған Қадиша қайғылы жүзін бұрып, шалысының шетімен жасын сүртті.

– Жаным-ау, өзін... өзін жылап отырғаннан саумысың?! Мен... әшейін байқамай... Не болды, Қадиша?

Қадиша әлі де үндемеді.

Сұлтанмұрат одан сайын бәйек болды. Аттың делбесін көтеріп, көтермесін, камыттың сұпынын тартып көріп, сөйлеп жүр:

– Қадиша, қай жаққа барасын? Кәне, бірге жүрейік, – деп, аттың шылбырынан тартып, жолға түсірді.

Жалғыз өзі жолға шыққан бай әйелінің мына жүрісі жұмбақ көрінген Сұлтанмұрат енді не айтарын білмей жанамалай беріп еді.

– Қайда бара жатқанымды өзім де білмеймін, – деді Қадиша күрсініп.

– Не дейсін, не дедің, – деп қатарласа құлақ тосқан Сұлтанмұрат бұрынғыдан бетер қайран.

Ақтоқты Жалмұқанға кеткелі бақандай екі жылға таянды. Содан бері қайтып еліне ат ізін салған жоқ. Келіні табалдырық аттағалы Сүтемген құдалық ырымын жасамақ түгіл, Бақтыбаймен жүз көрісіп сәлемдескен емес. Өздері елеп шақырмаған соң, Бақтыбайлар да біраз уақыт өкпелі боп үнсіз жатып алып еді, қыз алған жақ одан сайын тон-теріс сыртын беріп, қарым-қатынасты біржола үзді. Сүтемгенге күш көрсетер Бақтыбайда шама қайда? Ағайынды үшеу тек өзді-өзі жұлқысып, бөрі ашуын тырнадан аладының керімен көп уақытқа дейін жақ-жақ боп жүрді. Ақыры бірі «қыз жат-жұртқа жаралған кісі адамы» деп өзіне басу айтып, енді бірі «Ақтоқты шіріген жұмыртқа болды» деп ызасын ішке бүкті.

Бірақ «екі ортада шыбын өледінің» кері Қадишаға келді. Бұрын да кит етсе шамырқанып, бетінен түгі шығатын Тастан

жас тоқалды мүлдем тізгіндеп алған. «Отырса онак, тұрса сопақ» деп, өзінің мазағы аздай, сонына екі бәйбішесін салып қойды.

Биыл ескі жайлауға шыққалы Қадидша тірі жанның жүзін көрмей өзіне тігілген шағын боз үйде іш құса боп өлетін халге жеткен. Не сырттан, не іштен ешкім қатынамайды. Не үй ішінде ермек етер бауырына басқан баласы жоқ. Анда-санда бәйбішелер орап жіберген тамақты талшық етіп, күнде егілін жылаумен күні өтін барады.

Кеше өз өзінен шыыршық атып, «бүйтіп басыла бергенше ел-жұрттын бетін көрейін» деп, сергігісі кеп жадағай арбамен көрші ауылға шілдеханаға кетіп бара жатқан Құлмақтарға ілескен. І үні бойы думандатқан жастармен отырып, ұмытыла бастаған әндерін еске алып, көңілі бір жадырағандай болған Қадидша таң алдында Құлмақтың жас келіншегімен қойындасып жатып, мызғып алған да, ертеңіне еліне оралған.

Жолай Құлмақтардың арбасынан түсіп қалған Қадидша үйінің алдына келгенде жүрегі су етті. Жарма есіктің шығыршығына байлаған ала жип шепілген. Аанадай жерде жатыр. Гүндікті жауып кеткен еді. Оны біреу ашыпты. Қара желге жалп-жалп етіп, шанырақты сабалайды. Гүндік бау бос жатыр.

Қадидша өз үйінен қорықпаса да әлденеден жүрегі секем алып, есікті баяу ғана сықырлатып ашып, әуелі басын сұқты. Қара көленке үй ішінде отырған ақ жаулықты екеуді көргенде шошып кетті. Сайтан ба, адам ба? Қадидша басын ғартып алып сырттан үн қатты:

— Кім бар үйде?

Ешкім іштен тіл қатқан жоқ. Құлағын есікке таяп аз уақыт тыңдап еді, біреу күрк етіп жөтелді. Тастанның жөтелісі. Қадидшаның іші мұздап қоя берді. Бір сұмдықтың боларын сезген ол, енді бағыл басып үйге кірді. Оң жақта төсеніш үстінде тізелерін құшақтап, қакшиған қалпы екі бәйбіше отыр. Қат-қабат көрнелердің белін майыстыра түсіп қомілген Тастан сүйекті ағаш тосектен екі аяғын салбыратып жіберген. Белі құнысын, түнеріп алған.

Ешкім бір ауыз тіл қатқан жоқ. Бұл — Қадидшаның жынына тиді.

— Бұл не «жым-жырт» ойнағандай?!— деп қайла өгерін білмей босағада тұрып қалған Қадидша айнала шолып, ашумен қарады.

Үлкен бәйбіше бойына жаңа ғана жан біткендей, толық денесімен ырғала бір қозғалды да:

— Біз жым-жырт ойнамағалы қашан, қыз ойнақ қуын жүрген сен болмасаң,— деп Тастанға көзінің астымен бір қаран қалды.

— Еһ, үйде омалып отырсандар жым-жырт түгілі, көрге түк көрмей кірерсіндер,— деп үлкен шайкастын боларын сезген Қадиша не де болса тайсалмай, ашық кетті.

— Сен секілді салт басты бедеу емеспіз селтендеп ел ақтайтын. Бағып отырған баламыз, күтіп отырған байымыз бар, күдайға шүкір,— деп екінші бәйбіше іліп түсті.

— Қызғанғандарын сол байларын болса, бердім сендерге!— деп қалай аузынан шығып кеткенін білмеген Қадиша тысқа бұрыла берді.

Осы кезде Тастан басын көтеріп алып:

— Қайда болдың түні бойы?!— деді қарлыққан зілді үнмен.

— Болдым ғой әйтеуір бір жерде.

— Ана бүлікшіл Акан тағы да қыз алып кашыпты, тағы да сен шығарып берген шығарсың?!

— Акан сені неғып тастап кеткен?!— деп қос бәйбіше қосарлана сөйлегенде, Қадишаның үстіне жай оғы түскендей боп, теңселіп кетті. Бойын тез жиып алып, окты көзін қадаған Қадиша:

— Әттең, Акан сері алмайды ғой, біреудің қалған-күтқанын қайтсын. Әйтпесе бұл үйдің төрінде жатқанша, серінің босағасында өлуге бақыл болар ем,— деп теріс айналып, есікті аша беріп еді, қос бұрымынан жұлынып, ұршықша үйіріліп барып қалай төрге мүрттай ұшқанын білмей қалды. Сол-ақ екен Тастанның бұзау бас етігі ішке, арқаға жауып кетті. Басын қорғаштай берген Қадиша көзі қарауытып, созыла берді. Кедейлігін, осында келіп байлыққа күп ете түсіп құтырғанын, күні-түні суық жүріс жасап сайқалсуын айтып, асты-үстің түгел қазған Тастанның балағат сөздерін де түгел ести алмады. Құлағы шыңылдап, есі ауа берді.

Содан түс ауа көзін ашқан. Үйде Тастан мен үлкен бәйбіше ғана отыр екен. Қадишаның тұла бойы көтертпейді. Үнсіз түнерген екеуге білдірмей орнынан тұрды. Бәйбіше алдында жатқан Қадишаның киім-кешегін лақтырып жіберді:

— Мә, ки мына кебіндерінді.

— Сосын шық осы үйден құтты қонысымды лайламай!— деп Тастан зірк етті.— Далада ат-арба тұр. Қидым саған. Төркініңнен әкелген шокпыттарың буулы жатыр. Бір сабак жібін керек емес. Батыр қаранды. Қайда барсаң ерік өзінде. Төркініне барамысың, әшнажайына барамысың, енді боссын, талақ! Талақ еттім, зән талақ!

Қадиша тез киініп алды да, түк сыр білдірмей ширақ басып, үнсіз тысқа шықты. Есік алдында екі аяқ арбаға жегілген арық

ат мөліп түр. Кара суықта қолтығы дір-дір етеді. Қадиша да табалдырықты аттай бере қалтырап, арбаға сүйретіліп зорға мінді...

Бар болғаны осы. Қадиша қасында отырған Сұлтанмұратқа бәрін бүкпесіз айтып берді.

— Енді, сұрастырып отырып жол табармын, еліме барамын. Қорлық, мазақ арқалап барамын. Қайтып келді деп жұрт әкешешемнің де бетіне салық қылар. Қайтем. Жазу осылай болды. Бірақ, титтей де ренжімеймін. Ата-ананын айтқанынан шыға алмай амалсыз қолға түсіп ем, ол тұнғыықтан ғұмыры өлмей шығам деген ой жоқ еді. Енді аяқ астынан құтылғаныма құдай алдында ризамын, Сұлтанмұрат,— деп жасты көзін көтергенде, жанары жайнап, жүзіне қайтадан күлкі ойнағандай болды.

Сұлтанмұрат та жадырап:

— Жол таба алмаймын деп қорықпа. Екеулеп шықсақ, адаспаспыз, әуелі біздің үйге барайық, тынығып ал, төркінге бару қашпас,— деп аттын басын Қантай аулына бұрды...

Байбосын кешке дейін төрт ешкісін іздеп әуре-сарсаңға түсіп, табанынан тозды. Таңертеннен бері ала жауын көктем жауынындай анда-санда төпеп кетіп, жиі ашылып тұрған аспан түс ауа тұтасып алған. Аспанда жөңкілген қарала-торала бұлт алаботанын түтініндей аунақшып, ауыл үстін бауырымен сыза көшіп жатыр. Жел қиыстай-қиыстай келіп терістікке бұрылған да, жел ызғар шашып көшкен бұлтты қайта ықсыра айдаған. Бүкіл ғаламның сұр бұлты қазір тек Қантай аулының үстінде ғана сияқты. Өткір желмен қоса кара жауын соғып тұр.

Басына киген күләпәрөдан аққан су иығынан сорғалап, жыртық шекпеннің етегінен құйылып келеді. Күздің соңғы өрісінен қайтқан малын іздеген ауыл адамдарынан сұрастыра жүріп, ақыры көз байлана Аю алған жұртынан төрт ешкісін тауып алды. Жаз бойы лактары емшектерін созбайлап тартқан ешкілер жақында ғана суалып, аса қондана алмаған. Кара жүндерінен шөмеле үстінен жорғалағандай су тамшылап, иесіз қоранын ығында бүрісіп, біріне-бірі жабысып тұр екен. Байбосын тауып алғанда қуанғанмен, айдауға көнбей ыға берген ешкілерді енді ұрсып келеді. Өмірі аузынан қатты сөз шықпаған момын адам әбден зығырданы қайнап:

— Ой, кебенек келгірлер, сорға біткен сорлы мал. Құйрықтарың шошандап не іздеп келдіңдер бұл жаққа. Аяқтарыңды көктен келтіріп, тегіс сөйіп алайын ба? Бәрібір жарылқанып жатқаным жоқ. Жеті атанның аузын ұрайын, қу өмір, бірде адамға бетін, бірде сыртын береді деуші еді. Бетінді берер күнің

болмағаны ма. Шек былай, топалаң келгірлер, шек, шек,— деп зекіп, қараңғы түсе үйіне зорға жетті.

Жол бойы тұра-тұра қашып, бой бермеген төрт ешкіні қақпайлап жүгіріп, әбден өкпесі өшіп, сілесі қатқан Байбосын қораға енсе, өрістен қайтқан кәрі қызыл қасқа сиыр есікті мүйізімен жасқап қораға өзі кірген екен. Ашаға байлаулы бұзауының қасына теңкие түсіп, пыс-пыс күйіс қайырып жатыр.

Байбосын үйге кіріп үстіндегі шылқылдаған шекпенін босағаға іле салды да, қолқылдаған кең шапанын киіп, май шам алып қараңғы қораға қайта шықты.

Қасқа сиыр жалғыз болғанына қарай — сүтті, қанша қартайғанша әлі сүтінің маңызы кемімеген. Күзгі кезде желіні бұтына сыймай, жарылардай боп талтандап, емшегінен сүті ағып зорға жетеді. Осы үйдің жалғыз құты осы. Байбосын тісі-тісіне тимей дірілдеп тонса да желіні айырылып кетер деп сиырын аяп, сауып алмақшы болды. Шамды қансыған ескі кебеженің үстіне қойып, сиырының сауырынан қағып еді, пысылдап орнынан тұрар емес. Тағы қакты. Сиыр ыңыранып, күйіс қайырып жата берді. Сол кезде ала коленке сәуледен бұзауға көзі түскен Байбосын сілейіп тұрып қалды. Әшейінде ағаш шелекті көргенде енесінің алғашқы иіндісін борпылдатып сорғанша асығатын бұзау ашаны шырк айналып бас жібін ағытқанша аласұрушы еді. Қазір ол мінез жоқ. Маңғазданып, ол да енесіндей күйіс қайырып, тапжылмай жатыр. Аузынан бүрк-бүрк ақ көбік ағады.

— Қап, әттеген-ай,— деп қапаланған Байбосын қасқа сиырды алақанымен сартылдатып ұрып-ұрып жіберді. Бір-екі изендеп барып орнынан ауыр тұрған сиыр иесіне жазықтымын дегендей көгілдір көзі жалтылдап, мойнын бұрып ыңыранды. Желге үрлеген қуықтай тырсылдап тұратын әжімсіз желін жаңа сойған жылқының жалбыршақ қарынындай қатпар-қатпар боп солып қалған. Күзге қарай кіші-гірім тайыншадай болып, бұла өскен сом бұзау енесіне жанасып, түк қалдырмай еміп қойыпты.

Байбосын бос шелегімен салы суға кетіп үйіне кірді. Май шамның өлеусіреген жарығында үңірейген үй іші азынап тұр. Май шамды тапал қазандықтың кенересіне қоя беріп, бір қолымен қазандық қақпағын көтерді. Ішінде ештеме жоғын білсе де, әлденеге дәмеленгендей үнілді. Кешке сүт қайнатармын деп қаспағын қырып, жалтыратып жуып қойған қазан түбінде шегелеген тана көздей мыс жамаудан басқа түк жоқ. Сұлтанмұрат кейде бұрынғы әдетімен қақпакты жұла ашып,

біраз үнсіз тұратын да ауыр күрсінетін. Бұл жолы Байбосын өзінің қалай күрсінгенін байқамай қалды.

Қазандық асты аузы-мұрнынан шыққан күл. Алдында қасан екі қой терісі жатыр. Маңы ыбырсыған ағаш жонқалары, құранды қокан ерінің қасы мен екі қапталы, лепіл ағаштар, ерші саймандары — шаппа шот, үскі, аталғы шот, тышуыр, бұрғы, қуысқұлақ, ыңғыру, балта, балғалар есікке дейін шашылған. Қазандық астындағы маздаған оттың алдында маңдайы тершіп ынылдап ертеден қара кешке ер жасап отыру Байбосынның ежелгі әдеті еді. Тамақ істеп жүріп, «ойпырмай, сен бір, басқа жер табылмайтындай аядай жерге қыстырылып, аяққа оралғы боласың да отырасың» деп кемпірі күнде кейитін. «Оу, кемпірім-ау, сенің қасында отырмасам жұмысым өнбейді, әлі отың басылмаған жас қыздай емессің бе маған» деп Байбосын өз-өзіне көзін қысып, қуланатын. «Сок өтірікті, соншама емешегін үзіліп отырғаны, одан да жасымнан қазандықтың қаспағын жалап үйренген мешелмін десейші» деп қара кемпірі де көзі күлімдеп, шалының қолына бір аяқ үйеме ботқаны, не күрт көжені мөлтектетіп ұстата берер еді. Кемпірінің саңқылдаған ашық даусы құлағына келген Байбосын: «Оуһ, дүние жалған десейші» деп жүрегі қарыс айырылардай оқыс күрсінгенде, тұла бойы түршігіп, қалтырап кетті. Екі тізесі мұздап, жауырын ортасы сіресіп барады. Суық әбден өтіп кетсе керек. Бұрын да күннің амалында тұла бойы құрыстап ауыратын Байбосын, оқыс шалқайып қалып еді, бел омыртқасы күтір етті. «Апырмай, ауырайын деп тұрмын-ау, үйде бала да жоқ» деп өз ауруын өзі тамыршыдай қолмен қойғандай алдын-ала білетін Байбосын кейіп, қазандыққа от жақпақ болып еді, даладағы суда қалған тезегі есіне түскенде амалы құрып, төсекке беттеді. Биыл өлмешінің қамын жасап, кемпірінен көргеніндей сиырдың жас кепесін күрекпен көнге аунатып қомдаған. Кепкен кезде ит арқағып қораның сыртына үйе салған еді. Кемпірі су өтпесін деп оның сыртын жас қимен сылап тастайтын. Байбосынға олай ету қайда. Қазір мына аласапыран қар жауында тезектен не қалды дейсін. Құдайдың мына іргеде тұрған қалың ағашынан да қиып әкелу жоқ. Баласы екеуі оны де күзге қалдырған.

Байбосын қабағынан қар жауып, қатты мұңайып ағаш төсекке аяғын шешіп шықты да, кемпірдің терсінді қалын көрпесін жамылып, бұйығып жатып қалды...

Қалың тоғай арасының ми батпағына арба доңғалағы күпшегіне дейін батып зорға жылжыған Сұлтанмұраттар ауыл шетіне ел орынға отыра өліп-талып әрең жеткен.

Дір-дір етіп тонса да үйге арсаландай кірген Сұлтанмұрат әкесін жұлмалап жатыр.

– Тұр, тұр, әке! Әлден жатып қалғаның ба, әлі қызыл інір, тұр, әке, тұр!

Көзі ілінбей, денесі күйіп, науқастанып қалған Байбосын баласы жан алқымға алып болмаған соң:

– Не боп қалды, соншама,— деп теріс қарап бүркене түсті.

– Тұр деймін, қонақ келді, лұқсат сұрап тұр, жауында жаурап қалатын болды-ау!

– Жаураса кайтейін, мұнда жауынның астымен келмей үстімен келіп пе?!— деп көзі қызарып қанталаған Байбосын баласына жақтырмай қарады.— Қонақ келсе кіргіз, ана бір қора ешкіннің үш-төртеуін сой да, әйеліне қазан көтерт, маған қайт дейсін.

Қаранғыда әкенің ашулы, сырқат жүзін көрмеген Сұлтанмұрат ренжіп:

– Қит етсе әйеліне-әйеліне дейтінің бар екен. Айналдырған төрт ешкінмен неше әйел алайын,— деп, тысқа қайта жүгіріп кетті.

Байбосын баласын ренжіткеніне іштей қынжылса да, орнынан тұра алмады. Денесі ауыр тартып үйи берді. Қолы қысқа болса да мейманды құшақ жайып қарсы алатын қонақжайлығына салып, басын көтерейін деп еді, тарамыстай ілектіре-ілектіре салған қырық жамау көн етіктей құрысқан дене жібермеді. Сүйтіп жатып қайран қалды. «Қонақ келді, лұқсат сұрап тұр дегені несі! Лұқсат сұрайтындай біз бір төре тұқымы ма екенбіз. Өзінде тіпті ес жоқ қой. Ақан сері емес пе келген? Қой, ол болса, лұқсатсыз-ақ келіп сәлем берер еді... Ойбай, келіншек болды!».

Үйге Қадидша кірді. Қатты жаураған. Су сорғалатып шалысын шешіп тастады. Байбосынның қуаныштан жүрегі бүлк етті. Енді ауруын ұмытып, көрпе астынан сығалап жатыр.

Келіншек барқыт шапанын да шешіп тастады. Қара ала кавказдатқан алақандай-алақандай қалың қапсырмасы жарқырап, Сұлтанмұратпен күнкілдесіп, әбігер боп жүр. Қазандық аузындағы саймандарды жиыстырып, қазанға су құйып, күл алып, жүгіріп далаға шығып кетті. Лезде тезек әкеп, отты маздатып жіберді. Сұлтанмұрат сарайдан қалған-құтқан бірдеме әкеп, күнкілдесіп жүріп қазанға салды. Өздері мәз боп күліседі. Жарасып-ақ тұр.

Бір кезде қорадан гүжілдеп самауыр кірді. Тоспалаған жималы дөңгелек стол жасалып, дастарқан жайылды.

– Тұр, әке, енді тұр,– деп бағанағы өкпесін ұмытқан Сұлтанмұрат қасына келгенде, шақыру күтіп жатқан Байбосын орнынан ширақ тұрды. Мандайы жарқыраған, көзі күлген сұлу келіншекке ұяң ғана амандасп, қолын шайып, дастарқан басына отырды. Сұлтанмұрат от айналған көбелекше ұшып, әкесінің арқасына күпі әкеп жауып, қымтап әлек.

Бір шыныаяқ шайды ұрттай бергенде мандайынан тер бүрк ете қалған Байбосын өз-өзінен жымындай берді.

Үй іші лезде жылынып кетті. Шай құйып отырған Қадиша шағын ағаш үйдің ішін көзінің астымен шолады. Төбесін тақтаймен қобыздап жапқан аласа үйдің қазандығы жарма пешпен бөлінген. Үй жасауы тым жұпыны. Ыдыс аяқтың көбі ағаштан ойылған, көне аққұман мен бір-екі кәрлен кесе сыммен шандылған. Дастарқан да жұтаң. Тура Үлкен Қараойдағы өз үйі сияқты. Тек ағаш бұйымдар, төсек, есік, терезе көсектері, төбе тақтайы шебердің қолынан шыққандығы көрінеді.

Киім-киіс, отырысы болған жердің адамына ұқсайтын алтын сырғасы, жүзігі жарқыраған келіншектің кім екенін түсіне алмай Байбосын қайран. Қазақ ғұрпымен қонақ жайын сұрайын десе, келмей жатып тым өлермендегісі келмейді, әрі көніліне ұялаған қуанышынан айырылып қалам ба деп қорқады. Үшеуі де шайды үнсіз сораптады.

Әлден уақытта Қадишаның көзі сандық үстіндегі беті жабулы ер-тоқымның үзеңгісіне түсті. Оны аңғарған Байбосын:

– Сұлташ, ана ердің үстіндегі желкомын алып тасташы,– деп себеп тауып, сөз бастады.

Бүркенішін сыпырғанда қасы жарқ ете қалған жаңа ер-тоқым көздің жауын алғандай еді. Қасының мандайын қара ала кавказдатып, айнала жиегіне, окпанына күміс шеге қаққан ер-тоқымның алды құлпырып, неше құбылады. Қастың тап ортасына келтірген бармақтай асыл тас пен оның айналасындағы төрт кішірек меруерт екен шам сәулесіне құбылып тұрған.

– Біздің жайды Сұлтанмұраттан естіген боларсың. Атанның осындай кәсібі бар. Жұрттың бұйрығы бойынша ер, айыл-тұрман жасайтын, аздаған ағаш жонатын, темір соғатын кәсібім бар, қарғам. Сұлтанмұрат әнге, мен ұсталыққа болмасам, шаруаға қыбымыз жоқ, әйтеуір өлмешінің күнімен жүрген жандармыз. Кемпір өлгелі, үйдің түрін көріп отырсың, екеуіміз де бір сынық шөпті көтеруге қыбымыз жоқ, епсіз бейбақтармыз, ыбырсып жатқаны мынау. Әйтеуір өзің қолың тиіп, осы үйдің бар дүниесіне жан бітті. Әйтпесе бәрі де біз сияқты тірі өлік еді.

Қадиша ақжарқын мінезбен аппақ тістері аксиып күле тыңдап отыр. Кей-кейде Тастаннын етігі тиген жерлері ауырсынып, қабағын шытынып калса да сездірмеуге тырысады.

Бұл күні Байбосын үйіне жұмақ орнағандай болып, шалдың құрыстаған белі жазылды, ошак басына құт келгендей өзгеріп, үшеуінің бетіне де қан жүгірді. Шөкімдей етті мол табактай көріп тоя жеген Сұлтанмұрат қазандық түбіне кептірген домбырасын қолына алған.

— Әке, мына Қадиша қызыңыз ерен әнші. Қазір көресің,— дегенде, Қадиша көзі күліп:

— Әуелі өзін ауылдың алты ауызын айтпайсың ба,— деп әннен тартынбайтынын білдірді.

Ретсіз қылымсымай көптен үйренген жақын адамдай еркін сөйлеп, еркін күлген Қадишаға Байбосын қызығып, ынтыға қарай береді: «Шіркін-ай, келінім болар ма еді» деген арманын ішінен дұғадай қайталай береді. Енді әнін тындағанша асық.

Ән айтылмай қалды. Қуанышты түннің шырқын терезе қағып сырттан келген ел жігіті бұзып кетті.

— Бүгім-ай, кіре бер, есік ашық,— деп Сұлтанмұрат іштен айғайлаған соң, сырттағы жігіт етігі күрпілдеп, жүгіріп кірді де асығыс бірдене айтуға оқтала беріп еді, сәнді киімді, жат келіншекті көргенде көзі жыпылық атты.

— Есенбісіз! Әй, Сұлтанмұрат, қайда жүрсің көрінбей, не естіп, не білдің?!

— Қайда жүрейін, ел ақтап келдім,— деді Сұлтанмұрат қабағын шытып,— отырсайшы. Шайға кел, аптығынды басшы әуелі.

Мыжырайған кен шұлғауымен кобыратып босағаға сілке тастап, жалбыр тымағын лақтыра салған жігіт, жалаң аяғымен сып етіп шайға отырды.

— Иә, не боп қалды?!

— Естімегенің,— деді жігіт кесені ала беріп.

— Естісем айтпай-ақ қой, бұлданбашы, шырағым,— деп мезгілсіз уақытта жоқ өсекпен келіп, көтерілген көңілді бұзған жігітті ұнатпай қалды.

— Сен Ақанмен бірге болған шығарсың. Жасырып отырғанын сол ма?

Ақан аты естілгенде Қадиша да, Сұлтанмұрат та селк етісіп біріне-бірі қарасты.

— Иә, Ақанға не болыпты, айтсайшы тез, зарықтырмай.

Сұлтанмұраттың түсінен жасырын ештеме көрмеген жігіт «осы шын айтып отырмысың, ештеме білмейсің» дегендей ежірейе қарап отырды да, төпелеп соға жөнелді.

– Ойбай, өздерін түк естімепсіңдер ғой: ана ағакемнің үйінде Су Құсайын отыр. Сол айтты: Ақан тінәлі қажының Ұркия деген қызын алып қашыпты.

– Не дейт!

– Ұркия Кемел баласы Әнапияға айттырылып қойған екен ғой. Анық-танығын кім білсін, әйтеуір, Ноғай карауыл Балташ дегенге де құда түсіпті. Содан не керек, Кемел тұқымы түгел көтеріліп, Нұртаза, Сүлеймені бар,— бәрі іздеу салып жатқан көрінеді. Ақанның қайда кеткені белгісіз. Қараталға бармапты. Нұртаза болыс бар жігіттерін құмырсқаша өргізіп, қапталып жіберіпті. Қазір Көкшетау өңірін түгел қасқырша тіміскілеп, сүзіп жүрген көрінеді. Оязнайдан, қару-жарақ асынған ғаскер алып, қазір Ақан аулын қоршап тастапты. Тапқан жерде Ақанның басын алындар деп ақсақ оязнай Қанабалдың өзі бұйрық беріпті. Қазір сексен болыс деді ме, сегіз деді ме, әйтеуір бар дуанның жуандары, игі жақсылары Қоскөл жақта, әр ауылға бөлініп түсіп жатқан көрінеді. Баяғы кегі бар Сүтемген де, Ақтоқтының әкесі Бактыбай, Шөбек балалары, бүкіл Қожымның ақсақал, қарасақалы — бәрі сонда дейді. Не керек үлкен ду болғалы жатса керек. Ұркия деген қыз да, ай, үріп ауызға салғандай, Ақанның қолы, серіге дәйт дейді ғой! Бұдан аман қалса Ақан сері жүз жасайтын шығар,— деп жігіт ұшып кетердей қопандап, суық хабардың ұзын-ыргасын келте-келте қайырып, сөзінің аяғын Су Құсайыншылап тәмамдады.

– Құдай-ау, елдің ардагер ұлына бір сұлуды кимағаны ма, қашанғы соңына сойыл алып түсе береді,— деп Байбосын кейіді.

– Қолға түсіп қалмаса жарар еді!— деп Қадиша, әлдебір жасырын мұнмен баяу күрсінді.

– Иә, соны айт!— деді Сұлтанмұрат та.

3

Бурабай тауының күзгі түні аса сұсты. Бір-біріне мінгесіп, иек артысқан түйе өркеш, ит жон таулар, состыған шыңдар мен құзар басындағы жақпар-жақпар сандық тастарды жарып шыққан қарағайлар қазанның түп күйесіндей қара бұлтпен астасып, тұтасып алған. Жазда айнадай жарқырап жататын момақан сұлу көлдерде тыным жоқ. Су иесі Сүлеймен үлкен ожауымен біріне-бірін кұйып сапырып жатқандай, күні-түні ақ көбігін аспанға атып бір сарынмен сарылдап, гүрілдейді. Тау ішінің қалың орманы да күзгі жапырағын ұшырып шулап тұр.

Түн ортасында ку бұтақтарды жалпак табанымен бытырлатып, биіктегі тас үңгірге баспалап жеткен кара аю ақырып-ақырып жібергенде үнірейген шатқалдар жанғырығып, тау дүр сілкінді. Бурабайдың әр тасы бірінен-бірі жанғырықты қағып алып, әр қуысына үлестіріп әкетті. Оқжетпестің басына шөккен момын піл ішін тартып, ысқырып, Шортандының құбыласында шалқасынан түсіп жатқан ұйқыдағы алып батыр ауыр күрсінгендей болды. Үңгірдің алдындағы карағайларға байланған аттар тап тұсынан бұрын естімеген айбатты үн құлақ жарғанда оқыс оскырып, жанталасып, көздері шатынап, танаулары пырылдап, шылбырларын үзердей көкке қарғығанда, оғ алаулаған үңгірден шыға келген адам екі рет қатарымен мылтық атты. Аюға үйренгенмен, мылтыққа үйренбеген тау жыртқыштары гүрс етіп шын құлағандай селк етісіп құлақтарын қайшылады. «Не боп қалды» деп жарбаң етіп ұшқан жапалақтар көздері бақырайып, көр тоғай ішінде кезіп жүр. Шында мүлгіген кәрі бүркіт те шаңк етіп, қайрақ тұмсығын тақылдатты. Тау қолтықтарында шайқалған көлдер ғана кемерін құжынаған шағаладай ақ көбігімен сабалап, бір қалыппен шулап жатыр.

«Кенесары үңгірі» деп аталатын киіз үйдің ішіндей тас үңгірдің ортасында лапылдаған от. Отты айнала қоршап ку жапырақтарды жастанған жігіттер елен етісті.

— Әйтеуір аттарға абай болайық, аш аю жарып кетуден танбайды,— деп Акан серіктерін аса үрейлендірмей сақтық айтып еді, сырттан кірген балуан Ожымбай кара аюдай жай басып, мылтығын тасқа сүйеді:

— Аюға намаз үйреткен таяқ деуші ме еді? Оған да жан керек екен, бастан құлақ садака деп зытып берді.

— Ә, адамнан, мылтықтан қорықпайтын мақлұқ жоқ қой,— деп, Акан әңгімесін жалғады.

Күні бойы тынбастан жауған кара жауын астында қалған жігіттер, үңгірге дірдектеп жеткен. Келе ку бұтақтарды жинап алып, өртеп, жакканда үңгір іші ұядай жылынып сала берген. Қазір үсті-үстіне үстемелеп жаккан оттан жакпар тастар ысып, үңгір қайнап тұр. Әр жерге салбырата ілген киімдерден бу шығып, кебе бастаған. Бәрі көйлекшен пысынап отыр. Акан алдында бұйығып, қалың кара шашы серінің тізесінен жерге төгілген Ұрқия ғана іш киіммен көрінуге ұялып, шапан жамылып жатыр. Отқа қарап балбырап көзі мөлдіреген сұлуын құшқан Акан ку мекиенде сонынан қуғыншы күткен үрейлі адамдай емес, арманына жетіп шалқактап, өз үйінің төрінде баппен әңгіме дүкен құрған көңілді сері қалпында. От алауында

кызарып, екі ұртына ғана жеткізіп басқан қою мұрт астынан көрінген аппақ тістері ақсиып, әжімсіз беті манаурайды. Бұдан екі жыл бұрын Ақтоқты қайғысымен күрт түсіп кеткен аяулы ағаларының жанары жалтылдап қайтадан жігіт қалпына келгеніне қуанышты Бәтжан, Ожымбайлардың да көздері күлімдейді.

— Содан, Құдайкүл атамыз уағдалы күні сал-серілерімен алыстағы қанжығалы еліне барса, тура қыз-ойнақтың үстінен түседі. Жарықтық Кенжебике анамыз топ қыздың ортасында үкілі домбырасы бұлғақтап, бүкірейіп ән салып отыр екен. Құдекең аттан түсе бере тарпа бас салып айтыса кетеді. Содан бір-біріне жеңістік бермей рауандап таң атқанша айтысып, ақыры «үй қапырық болды, таңғы бозторғаймен үн қосайық» деп тысқа шығып, белдеудегі таң асқан аттарына мініді. Қосалқы бір ат бар екен, оны Кенжебике мініпті. Жиындағы жастар: «бұл да бір көрмеген қызық болды, серілердің жаңа үлгісі болар» деп сондарынан ереді. Құдекең қасындағы жігіттері өз аттарына мінген. Ел адамдарына дайын ат қайда, бәрі жаяу шұбырады. Сөз арасында сері бұрынғы айтқан уайымын қайталап: «өттең, колым қысқа, әйтпесе сендей артық туған бұлбұлға он қыздың қалыңын беріп әкетер ем» деп зарлайды. Сонда қыз: «мал байлығы болмаса да сөз байлығы бар емес пе, сөзбен жеңсең мен сендік» деп қосады. Олардың екі жағын қапталдай жүріп шұбырған жұрт ол сөзге мән бермепті. Ел аралаған сері Құдайкүл бүкір қызға әдейі келіпті деп қайдан ойласын. Бүкір болса да ақындығына ақылдылығы, сөзіне көркі сай екен... Не дегенмен қалыңсыз қыз қайда? Соны түсінген қыз да, айтыса-айтыса келіп ауылдан әбден ұзағанда жаңа шыққан күн астында оттай жанып, құрбыларына былай деген екен: «Ал бауырларым, қарауылдың қара бүркіті ауылыма іздеп келіп, шүйлығып еді, ала алмады. Енді мен де бір әкенің бұлғақтап өскен азаматы едім. Ұрғашылық жасады деп мына қонақтар сөкпесін. Енді өзім барып Көкшенің бауырында айтысамын. Қайтып еліме келмесең,— жеңілгенім, қайтып келсем,— жеңгенім, «хош болындар!» деп желе жортып, топ жігітпен кете барған екен. Аңырып тұрып қалған қанжығалылар Құдайкүлдің Кенжебикені алып қашқанын сонда ғана біліп, сандарын соғыпты. Үш күндей ұрлана жүріп алғаш жасырынған жері осы біз отырған үңгір екен.

— Ой, ғажап-ай!

— Шынымен осы үңгір ме?— деп таңырқасты жігіттер.

— Иә, иә, осы үңгір. Соңынан қуып келіп, тауып алар қуғыншыдан қауіптенбей еркін жайғасқан соң, уағданы бұзбай,

екеуі осы үнгірде баска жігіттердің алдында тағы да ұзақ айтысыпты. Ақыры атамыз Құдайкүл жеңіп, анамыз Кенжебикемен осы үнгірде алғаш рет табысқан екен.

От жарығының астында, Бурабайдың қалың карағайындай қою өскен, ұзын кірпіктері жалп-жалп етіп тыңдап жатқан Ұркия осы жерде мырс етіп күліп жіберді. Баска жігіттер де қосылып, ду күлді.

— Бұл онда құтты үнгір болды ғой.

— Құдекең сияқты сіздер де ұрпақ жаярсыздар!

— Аумин, айтқаның келсін,— деп беттерін сипаған жігіттің бірі:

— Шынында ақындық сіздің арғы атаныздан дарыған екен ғой, бұрын да бір шала-шарпы естіген ем, о кісі сіздің нешінші атаныз?— деді.

— Төртінші ата ғой. Құдайкүл, Құдайкүлдан — Бекназар, Сапақ, Жаназар, Бекназардан — Жарқын, Жарқыннан — Қорамса, Қорамсадан — мен, Рамазан, Мұхаммед, Әйберген... Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу деп, Құдайкүл атамыз бен анамыз Кенжебике тұзы жарасып, артына осынша ұрпақ жайған екен,— деп Ақан өз-өзінен толқып, жігіттерден именбей бауырына қысқан Ұркияның жұқа қос қабағынан ұзақ сүйді.— Енді, Бәтжан, «Ләйлі — Мәжнүн» хиссасын айтшы, бәрібір ұйқы жоқ, біраз сергір ме екенбіз.

— Ақан аға, соның кей тұсынан жаныла берем,— деп Бәтжан отқа үстемелеп бұтақ тастай беріп, сәл қысылып еді.

— Ештеме етпейді, қайта осындай жерде жаттығып ал, ұмытқан тұсыңды өзім есіңе салып отырамын,— деп Ақан кеспелтек бір бұтақты домбыра орнына ұстата берді.

Көкше өңіріне жаңа тараған мұнды дастанды Бәтжан қоныр үнмен бастап кетті...

Қасында серігі бар, түнделетіп жасырын жортқан Шәкей Шортанды станциясынан ұрланып өтіп, Бурабайдың шетіне таң біліне іліккен. Қалың жыныстың арасымен суға малынып, ұзақ жүрді. Тағасыз аттармен құмалақша шашылған малта тасты жалғыз сүрлеумен жоғары қарай зорға ілбіп, кигіз үйдін шаңырағына өрмелеген құмырсқаша титықтап келеді.

Тау іші салқын, әрі дымқыл. Таң ата бүрікпе жауын толастап, ашылғанмен, қалың карағай ішін соқыр тұман басқан. Анда-санда жерде тұман сиреп, кей тұсы ашылып кетеді. Шәкейлер ондай алаңқайда деміккен аттарын тоқтатып, аз да болса сарығып, тынықсын деп аттың белінен жерге түседі. Тау етегінен көз тастаса, соқыр тұманнан түк көрінбейді. Алды

ашық сияқты. Бірақ аса сұсты. Тау басына дейін қою шықтан түнерген күзгі қарағай найзаларын көтеріп, үнсіз белгі күткен қалың қол, мың-мың ғаскер секілді.

Сарғайып таң атты. Тоғай ішіне бозамық таңдай болып боз тіршілік келді: түнгі ұйқыдан ояңған тау құстары бір-біріне енжар дыбыс беріп, қысқа үнмен хабарласып жатқандай. Бейуқытта жүрген жолаушыларды танырқағандай, иә мүсіркегендей қарағай бұтағына қонған сауысқан таңдайын қағып біраз шықылықтап отырды да, қалақ құйрығын созып, жыпың етіп, ұшып кетті. Жакын арада қарағай қабығын аршыған тоқылдақтың үні келді. Күн шыға тау үстінде ала бұлт көшіп жүрген. Бауыры қанға боялған күз бұлтына, қызыл күн алтын жебелі жүздеген оғын қатар атты да, қылт етіп, биік өркешгін ортасынан маңдайын көрсетті. Қайтып күн көрінбейді. Құбыладан қаптаған тұтас алапат бұл күннің көзін қайтадан сірестіріп басып алды. Тоғай іші қайтадан сұрқай тартты.

Шәкей тау ішіндегі достарына белгі беріп, ыңылдап ән айтып жеткенде, «Кенесары үнгірінен» түні бойы ұйықтамай, ауыл жақтын хабарын үрейлене күткен жігіттер де үнірейіп-үнірейіп шыға келген. Бәрі жолаушыларды қаумалап, аттан түсіріп алды.

Құлақтарын тігіп, небір суық хабарды естігенше асыққан Ақандарға Шәкей сыр білдірмейді.

— Өйдейіт дерсің, өздерің тіпті жұмақтың төрінде отырғандайсыңдар ғой, туһ, дүниенің рақаты осында ғой,— деп маздаған оттың алдына жүрелей түсіп дәу қоржынның бауын тартты. Ұрқия түндегі орнынан әлі тапжылмай серінің құшағында отырған.

Ұрқия, шашың жібек, қанжар қасың,
Көрінер тамағыннан ішкен асын.
Жаманға сені қор ғып қия алмаспын,
Тірлікте аман болса ғазиз басым,—

деп ыңылдап Ақанның әнін айтқан Шәкей, шиеленген ызынды бауды зорға шешіп,— Оу, Ұрқия, көтер кәне басынды, өз қолыңмен жай қане, дастарқанды — асынды,— деп тақпақтап, қоржын ішінен тақталап бүктеген мол ақ дастарқанды шығарды.

Ұрқия басын көтеріп алғанда, қолқылдаған кен шапанның ішінен кәдір түнінде ашылған аспан қақпасындай аппак аккумулят бір жарқ етті. Тез қымтана қойған қыз бұрала басып, Шәкейдің қолындағы дастарқанды оттың іргесіне жайды. Ақ

білегін түрінген қыз қолына кесек-кесек ет әперіп жатқан Шәкейдін аузында дамыл жоқ. Тістері аксия күліп, сөйлеп отыр:

— Мынау, Жаңыл шешейдің, сенін болашақ алтын енен, Үркия, сонын әдейі пісіртіп жіберген тоқтысының еті. Дастарқанды алмаймын, далада жүрген оларға не сән керек деп едім, шешей болмады. «Өзім көрмесем де, қолымнан алғаш дәм тататын қызымның дастарқаны мол болсын,— деп ырымдап, тоқты етінің бір жапырағын тигізбей түгел салды, мына біреу сенің төсің, келін шырақ. Ой, апам деген алтын ғой, шіркін, анда-санда көзіне жас іркіп алып, «мына құдайдың күні де бір ашылмады, жауын астында Үркияжан жүдеп қалатын болды-ау» деп, маңында ешкім болмаса да, құлағыма: «Олар қайда жүр, бір баспана тапты ма, Үркияжанымды жүдетпендер әйтеуір» деп сыбырлап, Ақанынан бұрын сені аузына алады. Қайтсын! Бірақ, сендердің қайда екендеріңді апам да айтпадым. «Амандық болса көрерсіз, келініңіз ай мен күндей, ішкен асы тамағынан көрінеді, ақыл деген бір қап, алған бетінен қайтпайтын қайсар, не керек серінің нағыз серігі, Ақан неше жыл іздеу салып жүріп, темір етігі тенгедей, темір таяғы тебендей болғанда, тапты ғой ақ арманын» деймін... Ал, мынау, күлше нан. Апам әдейі арнап, жұмыртқаға илеп, саған пісіріп жіберді. «Наннан үлкен ештеме жоқ, алдымен өз қолыммен пісірген осы күлшені жесін»,— деді,— деп, бетіне ағаш қасықтың басын айшықтап-айшықтап батырған сап-сары күлшені ұсынды.

Үнгір іші Шәкей келгелі бұрынғыдан бетер жылынғандай. Дастарқан үстіндегі тоқтының басынан бастап, әр мүшесі үюлі жатқан тонжелін етке қарап жұтынып, кешеден бері нәр татпаған жігіттер пышақтарын жалаңдатып даяр отыр.

— Ал мына жағында тамаша нәрсе бар,— деп ортасынан тендеп буған қоржынның екінші басын ағытқан Шәкей, ішінен салақтатып бір торсық қымыз суырды. Оның артынан шағын бұқар құманы мен екі сырлы тостаған шығарды. Содан соң тұқыраңдап, ішкі бешпентінің терен қалтасынан алып, қадымша жазылған, сарғыш кітап қағазына ораулы жұдырықтай бірдемені Үркияның қолына ұстатты.— Мынаны апам әдейі жіберді. Шай. «Қарағымның бойы жылынсын, далада тоңып жүр ғой, балапаным!»— дейді. Қайдан білсін ол балапанының ұядай үнгірде балбұл жанып, сері балапанының ыстық құшағында отырғанын,— деп жігіттерді бір күлдірген Шәкей,— ал, сендер тамақтана беріндер,— біз енді қабығызды кептіріп алайық,— деп, сырт киімін шеше бастады.

Түні бойы «Ләйлі – Мәжнүн» хиссасын айтқызып, өзі де ертең сол екі Мәжнүн құсап осы үнгір аузында қалатындай сәл ұнжырғасы түскендей болған Ақан Шәкей келгенде, артындағы бар туысы, өзін сый тұтқан бар ауылы көшіп келгендей жадырап сала берген. Шәкей Ақанға жолдас қана емес, енді қайнаға болмақ. Ақтоқтыдан соң құлазып қалған сері қайғысын бірге көтерген Шәкей арада екі жыл өткен соң, жасы он жетіге жана жеткен, ақылға да, түрге де бай өзінің немере қарындасы Ұркияны сырттай таныстырып, досына лайықтаған. Ұркиямен екеуін алғаш кездестіріп, табыстырған да Шәкей. Араға айлар салып бір-біріне қатты құмартқан екі жастың ғашықтығына көзі жетіп, Ұркияны үйден алып шыққан да Шәкей. Қу тілді, пысық Шәкейге қарап, қияметтің қыл көпірінен де бірге өтуге даяр досының ақжарқын мінезін қызықтап отыр. Шекесіне таңған ақ орамал шетінен қан білінеді. Көзінің алды көкпеңбек. Сокқы көрген адамның сынайы бар. Бірақ оны ешкім сұраған жоқ. Сұратуға келтірген де жоқ. Үсті-басы малмандай су боп, ұзақ жолдан, түнгі ұйқыдан қажып жетсе де, ешкімге міндетсініп, бұлданып сыр білдірмейтін Шәкейдің бойынан қазір Ақан қиындыққа, қайғыға төзімді, досқа дегенде қол етін кесіп беретін, отқа-суға айдасаң да қыңқ етпей жүре беретін, сүйтіп жүріп аузынан қалжыны, көмейінен әні түспейтін өз жұртының, өз халқының ең жақсы қасиеттерін, үлгілі мінездерін көргендей. Өз елінің ішінде, өз қауымының ортасында өз бағасын да танығандай. Өттең... Күншілдік пен жауыздықтың таспасынан қамшы оретін аз топтың ел шркын бұзып, жуастыққа жуандық, меймандыққа айуандық көрсететіні-ақ батады. Әйтпесе, қазақ даласы, сахара тіршілігі ән, күй шуағында тербелген шалқар теңіздегі азат кемедей ғой...

Жігіттер ас ішіп тоғайып алған соң барып Ақан:

— Ал енді әңгіменді айтшы, не көріп, не білдің?— деген.

Шәкей ел ішіндегі үрейлі хабарды, кабак шыта отырып жай-жапсарлап жеткізді.

- Жағдай жаман, Ақан. Ел іші бүлініп жатыр. Біз Ұркияны әкеткен күннің ертеңінде-ақ Кемел тұқымына хабар жетіпті. Нұртаза мен Сүлеймен намыстан жарылардай боп бүкіл отыз ауылдың жігітін атқа қондырып, аттан салып іздепті. Көбі адасып, Қызылжар жағын, туу Түменге дейін сүзіп шықса керек. Оязға барып, ғаскер де алдырыпты деседі. Ақыры амалдары құрып, оязға бобылық жарияла деп шағым айтса, Коновалов ел арасындағы жер, жесір дауын билер сотымен шешіндер, солардың шешімімен іс қылындар. Мен соны

қолдаймын депті. Сонымен, қазір, Нұртаза атығай-қарауылдың игі жақсыларын, атқа мінер шонжарларын, молла, кожа, шорт-мазараттарын түгел шақырып, Қоскөл маңында әр ауылға бөлініп түссе керек. Күнде шапқылап, елді түгел жиып, босып жүр. Түрлері кісі өлтіргендей екен. Мен андаусызда қолдарына түсіп қаламын деп, біраз таяқ та жеп алдым. Бұл жолы Ақанның қасында болғамын жоқ, білмеймін деп, бір күн қамауда отырып, зорға құтылдым. Келесі күні айтқан тапсырмамен Әлекене бардым. Зілғара тұқымына хабар салмаған екен. Әлекен естісімен: «Ішінді ұрайынға барамын, сынайларына қарай көрем, тіпті икемге көнбей бара жатса Әлекен күш көрсетуден де танбайды» деп уағдасын беріп қалды. Содан із тастап жүріп, Қараталға барып, сәлем-саухаттарын алып, түнделетіп шықтық. Екінші күн дегенде зорға жеткеніміз осы.

От қызуына жазық маңдайы жіпсіген Ақан басын төмен салып, ұзақ ойланып қалды. Әлден уақытта барып ұйқыдан қызарған үлкен көзінен от шаша жігіттерге бір қарады да:

— Ұрқияш, бері келші,— деп, биік өкше етігі сықырлай басып, қасына келіп бір жамбастай отырған Ұрқияны тағы да бауырына қысып, шашынан сипады.— Не көрсек те енді жазу біреу, көрдік, көндік. Солай емес пе, қалқам! Басымды ажалға тіктім! Қолымнан беріп, қоншымнан басып тіршілік етер енді менде хал жоқ... Қалған өмір сенімен ғана өтпек.

Ұрқия да көзі мөлдіреп, Ақанға қарап оның сөзін құптағандай жымыып күлді. Тұнық көлдің иіріміндей шұңқыра қалған екі беттен алма-кезек сүйген Ақан:

— Екі беттің шұңқырында екі періште. Қоғадай майысқан әр кірпігінде бір-бір періште. Өзін де періштесін, жаным,— деп емірене, еркелете құшақтап, жігіттерге белгі берді.— Ал, киініп тысқа шығындар. Ұрқия да кебу киімдерін ауыстырсын...

Отты сөндіріп бәрі далаға шққанда, аспан сызданып, жаумай тұр еді. Тау іші, аспанды торлаған бұлт ауа буланып, бар табиғаттан дымқыл сыз білінеді. Таң алдында шыққа қалың түскен ақ тұман төмен қарай жылжып, етекке тұрып қалыпты. Бурабайдың қазіргі тұрқы Нұх пайғамбардың кемесі, немесе иесіз арал сияқты да, жан-жағы түпсіз тұңғиық топан су сияқты.

Көкшенің басындағы ну орманның арасынан тапаяқ асықтың бауырындай ғана боп көрінген сырғанақ шайтан тасқа көзі түскенде Ақанның тұла бойы түршігіп кетті. Ертерек заманда құдай алдында күнаһар болған жанның үкімін шығарған дін иелері, оны сол тастан лақтырып, жазалайды екен дегенді талай естіген. Оның оң жақ, сол жақ қапталындағы жалаңаш

таулардың арса-арса тастары, беттерін әжім басқан кемиек шалдар сияқты. Қайсыбірі көздері үңірейіп, тістері аксиган бағы заман адамдарының кураған бас сүйегіне де ұқсайды. Қашан келсең көз тоймайтын сұлу Көкшенің казіргі өнінен адам шошырлық.

Құлагерге мінген Ақан, алыстағы ауыл жағына карап:

— Апыр-ай, ел жақтың түсі қандай суық еді. Анау бұғып жатқан қараңғы тұманның астында қалың қасірет, мың батпан мұн жатыр-ау. Елге лаң, ерге қайғы салған тоң мойын надарлар тағы да сол тұманның астында сойыл сілтесіп, тіл безесіп, майдандасып жатыр-ау. Тым құрмаса бір рет ана қара тұманға тау үстінен, биіктен қарайтын күндері болмағаны ма?.. Ай, сейілер түрі жоқ, не деген ұсқынсыз тұман еді,— деп біраз толқып тұрды да, жігіттермен коштасты.— Ал, достарым, бауырларым, тілектеріне, шын жүректеріне мың да бір рақмет! Сендердей қамқор паналары болмаса, жалғыздың үні де шықпас еді. Неше күн, неше түн ұйқы-күлкісіз дала бейнетін бірге тарттыңдар. Енді, салтанат құрып, топтанып жүрер жағдай жоқ. Апандай ашылған ажал аузынан аулаққа шығарып тұрсыңдар. Елге оралыңдар, ауылдарына бөлек-бөлек жасырын кірерсіңдер. Ұрқия екеуміз үшін жаза тарта көрмендер. Тіршілік болса, әлі-ак көрісерміз. Қарауылға қырын қарар қалың керейдің ішіне кеттім. Онда тиянақ таба алмасам, аспан асты кең, бүкіл үш жүздің жері — менің жерім. Хабарды Шәкейден білерсіңдер. Ал, жол болсын, хош, бауырларым!— деп, Ақан, Ұрқия, Шәкей үшеуі Окжетпесті бетке алып ылдилап жүріп кетті.

— Жолыңыз болсын, Ақан аға!

— Ылайым, қуанышпен көрісейік.

4

Күні кеше Сүлейменмен құда түсіп, жылы емеурін көріп көңілі судай тасыған Қорамса баласының төбесінен жай түсіргендей лаңын естігенде қатты шөгіп қалды. Екі күн нәр татпай, күннің амалына қарай ескілігі де ұстап, тас-түйін оранып жатып алған. Қасына отырып, басу айтқан Жаңылға да тіл қатпады, тер ұстап, денесі от боп қызған Қорамса құдалықты кейінге қалдырып созбайға салған Нұртаза, Сүлеймендерге ерегісіп, Ақанға Ұрқияны әдейі өзі алдырғандай іші де өртеніп барады.

Үшінші тәулікте Қорамса орнынан зорға тұрды. Зорлап тұрғызған Нұртазаның поштабай, атшабарлары. «Егер еркінмен

бармасан, аяқ-колынды байлап апарамыз, бұйрық солай»,— деп дікіндеген соң, өйтіп мазак болмайын деген Қорамса кейіп жүріп амалсыз киінді:

— Құдай-ай, бала бермедің, басыма пәле берген екенсін ғой. Сакалым ағарғанда тілегенім осы ма еді. Көрсеттің ғой, көрсеттің ғой!..— деп кісесін таға алмай қолы қалтыраған шалына:

— Жарайды енді, болары болды. Сүлейменнің қызын алмады деп құрыстама. Одан да балаларының тілеуін тіле. Ана қасқырлардың ортасына барғанда, құйрығыңды шабына тығып, панасыз екі пақырды қосыла кінәлап, алдарына жығып берме. Басын кетсе де, басынды сақта!— деп, Жаныл ұнжырғасы түскен ерін біраз қайрап жөнелтті.— Мен де соңыннан барармын...

Аттың жеңіл бұлкегімен ұзақ жүріп, Баялы ауылына Қорамса інірде жетті. Мөр басқан қағазбен шақыртқан соң жан-жақтан құйылған бек, шонжарлар Мырзалы балаларының канаттаса қонған ауылдарына бөлініп түскен. Бүгін бәрі Баялы байдың ағаш үйіне бас қосып, жиналған екен.

Үйдің маңы бықырлаған адам, қаз-қатар тізілген айылтұрманы бірінен бірі асқан өншен қабырғалы семіз аттар. Қорамса келгенде үйден кіріп-шығып жүргендер бір-біріне «келді, келділеп», қаралы кісіні көргендей үнсіз бас изесіп, үрейлі көзбен қарсы алды. Бірі мына суық жиынның арты немен тынар екен деп жүректері алып-ұшп, ара түсуге қауқары болмаса да басы-қасында болып кара көрсетейік деп келген жанашырлар, енді бірі аты жиын десе жақсылық па, жамандық па, әйтеуір қызық көрейік деп ұмтылатын далақпайлар, қайсыбірі сойылып жатқан малдан дәм ауыз тиіп қалуға жұтынған өлмеші қарттар мен катын-қалаш.

Баялының ала көленкелеу дағарадай кең үйінде өлік шығаруға дайындалғандай мүлгіп, екеу-екеу боп күнкілдескендер Қорамса кіргенде тына қалған. Жақында ғана жарқылдап сөйлесіп, төс тақасқан құда болмақшы ниеттегі Сүлеймен, Нұртазалардың бетін көруге жүзі шыдамаған Қорамса жасқаншақтанып басын көтере алмай, жұрттың шетін ала отыра кетті.

— Оу, отағасы, ассалаумағалейкүм,— деп орнынан гүрілдей қозғалақтаған біреу сәлемдескенде, Қорамса даусынан таныды. Әлібек батыр екен. Оның артын ала біраз адам жамырса амандасып жатты: Бекболат би, Сасықтың Тоқсанбайы, Жантайдың Маканы, Бегалының Кенжеболаты тағы басқа игі

жақсылар екенін даусынан шырамытты. Тура қарауға бет жоқ. Сонда да жиынның жарым-жартысы сәлемдескеніне, үндеріне карағанда іші жылып қоя берді. «Біз саған теріс қарамаспыз» деген шырай байқалады.

Түсте жиналған билер өзді-өзі біраз шарпысып, әлгінде ғана тамақ ішіп алған соң аз тыныстап отыр еді. Қорамса келген соң сөз қайта тірілді. Оязнай Коноваловтың айтуы бойынша билер жиналып, бір сөзге байлам жасауы керек екен. Олардың шешімін Коновалов заң жүзінде орындамақ. Мұнда екі жақтан шығып айтысар би болмағандықтан, бар болыс, билердің сөзіне төрелік айтатын қазық би етіп, орталарынан Көшқұлы Сұрағанды сайлапты. Ең төрде отырған сол. Оның екі жағында Бекболат би мен Көбен би.

Қорамса келген соң, қара бурадай жұлынған Нұртаза тісін қайрай түсіп қайтадан сөйледі.

— Міне, менін жауым келді. Қас жауым. Іргемде жымысқы жүріп жағадан алған жауым,— деп шұйлыққанда, Әлібек шыдай алмады.

— Оу, Нұртаза, сенің келінінді тартып әкеткен Қорамса емес, Ақан сері емес пе еді. Әй, отағасы, өзін салың суға кетіп неғып отырсың, енсен неге басылады,— дегенде, Нұртаза жақ бір-біріне қарасып, жөткірініп қалды. Әшейінде көлденен кіріскен адам болса бетінен қауып алатын Нұртаза Әлібекті қағып тастай алмады. Қазір Әлібек Зілғараның ғана Әлібегі емес, батырлығына, сүйегіне сай, арқа тірер аюдай ақырған атығай ішіндегі тегеурінді болыс інісі Ережеп бар, алда келе жатқан болыс сайлауына түсетін Акбұзау інісі отыр қасында.— Сен де, Нұртаза, жау шаптылап, байбаламдамай не тілейсің, сонынды айтпайсың ба, ішінді ұрайын!

Шақырусыз келген Әлібекке бата алмай, зығыры қайнаған Нұртаза айылын жиып, сәл баяуласса да, тізгінін тартпады.

— Жау демегенде не дейін. Ертең көрер қызығымды ойрандаса. Талай жыл бұрын ақ адал малдың басын мүжіп, енді бүгін адам басына салып отыр азуды. О заманда бұ заман қайта шапқан жау жаман деуші еді, Ақанның лаңы жетті енді. Ана жылы Сүтекене ауыз салып еді. «Жарайды артын күтейік, қояр» деп, ел болып үнсіз шыдап едік. Шыдамның да шыдамы бар, енді басымызға секіріп болды ғой бұл Ақан. Оны істетіп отырған мына сығыры әкесі Қорамса. Әдейі істетіп отыр. Құтырайын деген екенсін. Жо-оқ, жарандар, бәріне айтарым сол — Ақанға бобылық жариялатып, ұстату керек. Жердің тесігіне кіріп кеткен жоқ. Сосын ит жеккенге айдату керек. Оған дейінгі сұра-

рым — Акан табылғанша әкесін кепілдікке Ояздың қолына тапсыру. Өйтпей тынарым жоқ, жандарал күбернаторға дейін барамын. Аяғым жетеді,— деп көзі аларып барып тоқтады Нұртаза.

— Осы менің түсіне алмай отырған бір нәрсем бар,— деді қаба сақал, қасқа мандай Жантайдың Мақаны. Бұл — қолы қысқа кедейлеу болса да ел арасында әділ билігімен аты шыққан, аздап өлең шығаратын, бір бет, шақпа тілді ақпа би еді.— Жарайды, Аканға бобылық жариялатып қашқын, бұзақы ретінде ұстатып ит жеккенге, тескен тау өткізіп, Қырым мен Қытйға, ертегінің барса келмесіне батамызды беріп аттандырайық. Жә, дедік. Сонда Ұрқияға қандай жаза әзірлейміз. Алып келіп аман-есен Әнапияға қосамыз ба? Әлде оны да Аканмен бірге жөнелтеміз бе, мұрындары үсіп өлсін бәлемдердің, ә? Осыған жауап беріңіздерші. Өзін айтшы, Нұртаза?

Тығырыққа тірелген Нұртаза тап-тақыр жұмыртқадай басын сипап, көмек сұрағандай жан-жағына қарап тамағын қыра жөткірініп еді:

— Ойбай-ау, Ұрқияны тауып алса, қалыңдық берген күйеуіне қоспағанда, саған берер дейсін бе,— деп біреу кик етіп күлді. Қорамса жана аңғарды, Сүтемгенді сағалап, соның ығында жампандап отырған Бактыбай екен.

— Әрине, Әнапияға қосамыз. Сол да сөз боп па!— деп Нұртаза да жеңілденгендей болды.

— Екінші бір сауалым, Нұртаза, Ақанды ұстатамын деген Қанабалын осы оқиғаның жай-жапсарын, Акан серінің кім екнін сұрады ма?

— Сен де сұрамасты сұрайды екенсін. Акан кімнің шікіресі еді, оны сұрап қайтеді Коновалов, оған қылмысты адам болса болды, одан басқа не керек,— деп Сүлеймен кіжіне жауап берді.

Мақан қайтып үндеген жоқ. Кейін сөйлермін дегендей «Ә-ә» деп, миығынан күліп, жалпақ маңдайын сипай берді.

Нұртаза зығыры қайнап, «аузына құм құйылып отыр ма» дегендей қасындағы Көбей биге алара қарады. Әшейінде ауыз жаппай ақкөт торғайша шыбжын қағатын ол мына топтың алдында тосыла берген. Ана жылы Сүтемген үйінде Бекболатқа тиісіп, сыбағасын алған жеңілтек бидің қызы Күләйім бетіне салық болған. Қырық рулы ел естіп, ауыздан ауызға тарап кеткелі Көбей жер дауына араласса да, жесір дауы, қыз дауы дегенде тілі күрмеліп, үнсіз кететін. Бұл жолы Нұртаза әдейі дайындап әкелген соң сөйлемеуге әдді жоқ — аз мүдіріп барып сөйлеп кетті:

– Оу, жамағат, осында жиналған бәріміз де бір-бірімізге бөтендігіміз жоқ, атығай-қарауылдың ұрпақтарымыз. Барды бардай, жоқты жоқтай бөліп-жарып әркімнің өз үлесіне, құдай берген ризығына қиянатымыз жоқ кіндігі бір елміз. Сол себепті осында келгенде ара ағайын боп, бір-бірімізге зәбіріміз болса, зорлық етіп, қорлыққа салсақ біреуді, соған араша түсер ағайындығымызды көрсете келдік. Иә, бүгін арамыздан зорлықшыл, қиянатшыл жан табылып отыр. Қорланған жұрт содан қармыжысын сұрап отыр. Зорлықшыл, сотқар Ақан. Бүкіл атығай-қарауылдың, қала берді Орта жүзді жайлаған ат жетер жердегі арғын, найман, қонырат, қыпшақ, керей, уақтың бір қызы бұйырмап па. Ылғи ауызды біреудің қалыңдығына салады. Кешегі өзі соғып алған Бірішек сияқты ел арасын бүлдіріп барады. Салмаған таңбасы, батырмаған бармағы қалмады.

Осы бір тұстан ағындап өте шығармын-ау деген Көбеннің ойы болмады, ең қауіптенген зәрәзәп жерден ұстап, гүж етіп Әлібек тура қотырдың бетін тырнап алды.

– Сенің қызына да батқан Ақанның бармағы ма еді, байғұс-ай,— дегенде төрдегі Токсанбайға дейін шыдай алмай күліп жіберді.

Бұдан әрі Көбей де кібіртіктеп, адымы тарыла берді, беті оттай күйіп, сөзінен жанылып, не айтып, не қойғанын білмеді.

– Иә, иә... Ақанды жазалау керек. Ол кімнің шікіресі деді жана. Иә, сол кімнің шікіресі, кімнің әулиесі?! Басындырмау керек. Ертең оның жолын басқа қуса, бара-бара қазақтығымыздан қаламыз. Елдің салты, атамыздың дәстүрі бұзылмақ. Алдыңғы арба қайдан жүрсе, соңғы арба содан жүреді. Ақан найсап ел ішіне у сеуіп отыр, ертең бар жасымыз сол умен уланады. Бүгін ауыздықтамасаң, ертең тізгіннен айырыласың. Бұл бір кесел, елге деген індет. Оған алдын ала шара қолдану керек. Ауыл шетіне қарғаша салып, өрттей қаулап келе жатқан індеттен сақтану керек. Оның емі – аластау, ағайындар, аластау!

– Дұрыс айтады, дұрыс, бұл кімді бүлдірмеді. Осы күнге дейін құдай қосқан құдам Сүтекенмен де арамызды ашып қойған Қорамсаның жетпегірі емес пе,— деп ұсақ сөйлеп, тағы бірдеме деуге ұмтыла берген Бактыбайға Сүтемген қызыл көзімен жаратпай қарап, бірдеме деп зекіп тастады.

Осы тұста Қорамса да басын көтеріп алып зірк етті.

– Аузыннан бір аталы сөз естімей-ақ кеттік-ау. Қатын-басшыланып саған не жоқ.

Қорамса сөзіне Нұртаза ытырына қалды:

– Мұнда біз сөз таластырып қағысқалы жиналғанымыз жоқ. Әркім өз кесімін айтсын. Тоқа, енді қыз әкесі не дер екен. Кемел тұқымының қалыңмалын астына басып, қызын қашыртып жіберіп, өзі тасада қалыс қала ма, әлде онын да мына жұрттың алдында берер жауабы, тартар жазасы бар ма?!

Жұрт Тінәліге қарады. Сақал-шашы қара бурыл, отырғанда көбінен мойны ұзын, денесінде арам ет жоқ қағылез, өні жуас қажы кінәсін мойындай сөйледі.

– Мен не дейін, қызымды қолымнан жөнелткен жоқпын. Әке ризашылығын алмай кеткен қыз, үйден өз бетімен кеткен адам. Өз бетімен кеткен қыз сүйгеніне, өз қалағанына бармақ. Қалағаны Ақан болды. Жасы балиғатқа толмай тұрып атастырып, мал алғаным рас. Пайғамбар жасына келіп өтірік айта алмаймын, бар малымды мұсылманшылық жолына құдайы етіп, қажылыққа құрбан шалғаным рас. Қызым соның бәрін тәрк етіп, көнегімді керегемнің басына іліп кетті. Қайтейін. Ешкімді даттауға да, қарғауға да аузым бармайды. Ондайға әу бастан жоқпын, дау-талас, қырғи қабақтыққа да жоқпын. Әлі бүліне қойған ештеме жоқ... Әнапия Үркияны осы күнге дейін көрген емес. Әйтеуір аты Үркия демесен, кіші қызым Үржаным бар. Құдай алдында құдаларыма ант беріп ем. Айтқаным айтқан – Әнапия Үржанымды алсын, – дегенде жұрт қалың өткінші жауыннан соңғы шайдай ашылған көл бетіндегі дүр сілкінген күстардай болды. «Мынау табылған ақыл», «аталы сөз», «екеуі де бір құрсақтан шыққан – айырма не» деп, гуілдесіп кетті. – Менің тілерім, халқым, жұртым, тыныштық. Егер сол тыныштықты бұзған бір қызым болса, татулыққа әкелер екінші қызым бар. Құдай алдында шыным, сол екеуін бір-бірінен айырмаушы едік. Екеуі де егіз қозыдай... Менің әкелік сөзім осы, жарандар.

Тінәлі Қажыны Мұқанәлі молла бас тарпа бас салды:

– Оу, Тінеке, Кемел тұқымымен құда болған күні періштелер шариғат хақымен сіздің Үркияңыздың есімін жазған. Үржаныңыз өз тілеуі, өз бұйрығы бар мүлдем бөлек фәндә. Адамды алдағанмен, Тәңіріні қалай алдаймыз, Алла тағала өзін кешіре гөр, сұбхан Алла, сұбхан Алла... Және де Үржаныңыз әлі кәмидәға толған жоқ. Ертең ол жетілгенше тағы біреу оны да ат сауырына салып алып кетсе, Кемел балаларына бұл фәни жалғанда ай қарап отырмақ па? Жоқ, мұныңыз пайғамбар жолына қайшы, күпір, күпір!

– Әй, Мұқанәлі, өзін бір көнек аузыннан көбік атып, шыбжықай інгендей жұртқа жынынды шаша береді екенсін,

ішінді ұрайын!— деп Әлібек екі көзі отша жайнап шыға келді.— Сеніңше, немене сонда, Ұркия Кемел балаларына айшықтап таңба салған жылқы деп отырмысың. Ол қазір Ақанның қатыны. Ал саған керек болса. Әке берем деп отырған уылжыған Ұржанын қоспағанда, біреудің қатынын әкеп телиін деп пе едің. Сен де мән айтқансисың-ау к... қысып отырмай!

Өр сөзді ұрдажық бетті Әлібекке батып ешкім ештеме дей алмады. Нұртазаның жақтастары сұрланып, қарсыластар күлімдеп, жымындап өзді-өзі күбірлесіп кетті. Ұзақ отырып бір бәтуаға келе алмай тіресіп, әркім әрқалай сөйлеп жатыр. Сөз артын тосып, сөз сынағын салмақтап отырған Жантайдың Маканы шықты желпініп.

Әділдікпен аты шыққан Мақан сөйлегенде досы түгілі қасы еріксіз тындап, оның ойлылығына, қысылшан жерден алып шығартапқырлығына ден қойып, ел арасында көп уақытқа дейін оның кесімі сөз болып жүруші еді. Бұл жолы да жұрт көптен күткен Маканның аузына қарасты. Аса діндар болмағанмен қолынан үнемі сары жұмыр тасты таспиғын тастамайтын Мақан жұрт сөйлеген шақта да, саусағының арасымен тартып іштей күбірлеп отырған. Көнетоз бешпентінің түймесін ағытып, ақ сиса көйлегімен суырыла шыққан қасқалдақтай, қоныр, нұрлы көзі, ойлы күлімдеп, таспиғын кең қалтасына салды да, асықпай ғана жұмсақ үнмен сөйлеп кетті.

— Әлгінде Нұртазаға екі сауал қойдым. Сауалыма болыс көңіліндегі жауабын алдым. Шамданбай, шамырқанбай отырып айтылған жауап жалғыз Нұртазаның емес, шаршы топқа даумен, таласпен түсіп гәділ кесім іздеп, шындыққа бой ұсынған бүткіл кемел ұрпағының сөзі деп үктым. Осы дауға, ел ішінің, ағайын арасының бұлініп, қырғи қабақ болуына екі жас кінәлі. Қызды алып қашқан Ақан ғана емес, оған еріп кеткен қалыңдық та жазықты. Ақан жазаға тартылар болса, сол жазаның екінші басы Ұркияның үлесі. Оның жазасы, жаңа Нұртаза айтқандай Әнапияға әкеп қосу екен. Оу, жамағат, бұл өзі бұдан он шақты жыл бұрын Ұркияның сәби кезінде кесілген жаза емес пе. Ендеше Ұркия ұзатылған күйеуден ғана емес, сол сыбағалы жазадан қашпады ма? Ақан болса — жазалы жанды бауырына басып паналатушы. Егер сол паналатушыны ит жеккенге айдатсақ, соған себеп болған Ұркияның да ендігі үлесі — сол ит жеккен. Ит жеккен — екі жастың осы тірліктегі жанын өртер тамұқ. Сол тамұқта екеуінің де жаны бірге өртенбек. Оу, ағайын бұл — екі дүниеде бірге боламыз деп ант етісетін қос ғашықтың тілек-арманы емес пе? Онда біз қанша айырғанмен, ол екеуінің

сапары, жұбы айырылмасқа, ажырамасқа кеткен екен. Ендеше ол екеуін жазалағаннан түсер пайда, Нұртаза, саған да, Сүлеймен, саған да, Әнапия, саған да жоқ... Екінші сауалым – оязнай туралы еді. «Ақанды ол біліп қайтсын, даудың басын түсініп қайтсын» дейсің Сүлеймен. Онда Қанабалға шағым етіп барғаның, қазақ баласын көзсіз талап алумен бірдей болғаның ғой. Ақанның кім екенін білмей тұрып, сендердің дегендеріңді орындай саламын деген адам тілі, діні жоқ, шүріппесін тартсан атыла салатын дүлей ақ мылтық қой. Ол ертең, Нұртаза, сені де, Сүлеймен, сені де ойланбай-ақ қан қаптырмасына кім кепіл. Өйткені оның салауатты ойдан, ел тағдырына, қазақ ғұрпына ашитын жаннан жұрдай қанап ал ғой.

– Мақан, орыс ұлығына тиіспей-ақ, өзіміз де жетпейміз бе? Ол сенің ойыншығың емес қой, – деп Нұртаза зіл тастап, сес көрсетті.

– Иә, Нұртаза, – деді Мақан, – менің айтпағым да осы еді. Ол рас, ойыншық емес. Бірақ қазақ қауымы қуыршақ па екен. Бобылық жарияла деп Ақанды елден шыққан сотқар етіп көрсеткенде, сотқарлықтың төркінін іздеп, дініне бағынбаса да, күні соған түскен елінің ортасына келіп ақ пен қараға көзі жетпей ме? Оның орнына билер сотына итеріп, өздерің шеше сал, ар жағын көрермін деп алыстан сес көрсетеді. Билер соты дейтін қазір не қалды. Жапырағынан айырылған селеу-селеу кәрі бұтақтың басында қарқылдаған тозған қара тағандай сөзі де, басы да бірікпейтін бізде енді не қауқар қалды. Әділ билік те түтеленіп барады. Аз жылдың өзінде ел билігі шабағы тозған арбаның доңғалағындай арса-арсасы шықпады ма? Кеше хандығынды дәріптеп, дәурені өтпей жатып сұлтандықты көтеріп еді, енді бүгін болыс, ауылнай деген құжынаған көп әкім шығыпты. Әкім көбейді дегенше, қасым кетті дей бер. Бір кезде байтақ жерге алғыр қыранша қалықтап қараған сұлтандардың қазір елден де, жерден де жырақ кәрі шынның ығында мүжілген тұмсығымен өз санғытын шұқып, жерден тиянақ табар құйрығынан айрылып отырған жоқ па. Ертеңгі күнің не болмақ. Арбаңның доңғалағы бар шабағынан айрылса, күпшегіңмен жер сызып жолың кесіліп, барар жерің қысқарды дей бер.

– Оу, Мақан, бұл арада қазағынның болашағы емес, екі қашқынның ісі емес пе, қайдағы бір өрең жетпес өрге неге өрмелей бересің, – деп, болыс Шоғырмақ тыйым салып еді.

– Айтсын, айтсын, әй Шоғырмақ, маңқаланбай, тыншына отыр, – деп Әлібек те тағы қарсы шапты. – Өтірік пе ана

Шынғыстың, менің ағам Мұсанын қазір бүрге өлтіретін қауқары жоқ. Олардың сұлтандық сесінен мына билердің сөзінен, болыстың тышқан ізіндей басқан мөрі артық, ішінді ұрайын!

— Өрен жетпеске дейсін, Шоғырмақ, қайдан менің өрем жетсін, өрелі жерлерге сен сияқты өресіз, жетесіздерді қойса,— дегенде, болыс атаулы орындарынан бір қозғалды.— Екі сотқардың ісі дейсін, иә, екі сотқардың ісі, Ол екі сотқарын, қазақтың ендігі жасы, келешегі емес пе. Біз Ақан мен Үркия ісі емес, бүкіл қазақтың ұлы мен қызынын болашағын қарап отырмыз. Ақандай ардагерді місе тұтып, белі қайыспас түгіл, теріс қарап бауыздай салатын Қанабалдарың, ертең бәріннің ұл-қызынның ісін өз қолына алғанда не болар екенсің. Асықпа оған да жетесін. Ендеше, әзір билік қолда болса, айтарым сол ауыл арасындағы жесір дауынан гөрі алысқа көз тігетін мезгіл жетті. Ақан болса Үркияны Әнапияның жылы қойнынан суық қолымен әкеткен жоқ екен. Ендеше қаз балапанының бір-бірінен айырмасы не? Көрмей Үркияға ғашық болған Әнапия Үржанға да көзсіз мас болатын шағы емес пе. Әке айтқанына тоқталайық. Өнімсіз даудан талас тудырмай, өнімді даудан қалас қалмасак екен. Даудың бетін жауға бұратын мезгіл жетпеді ме. Қашанғы іштен іздеп, өз інімізді тереңдеп қазып, топырағымызды, көрімізді көбейтіп, өз қоксығымызды, қордамызды молайта береміз!

Мақанның сөз әлпетінен Әлібектен басқаның бәрі түршікті. Әсіресе Нұртаза үркіп, бұл сөзді әрі қарай тірілтіксі, созғысы келмеді.

— Ал намаз уақыты болып қалыпты. Енді әділ билік Сүрекенде,— деп орнынан тұра берген Нұртаза інілеріне «бері жүріндер» деген белгі беріп, үшеуі жұрттан бұрын тысқа шығып кетті.

Баялы үйінің ту сырты қалың қызыл. Талай жылдан бері өлі толыспаған бала қайындар қабығы мүжіліп мезгілсіз тозып барады. Жаз шыға кей тұсына қаз оты шығып, әр жерден қылтиып шие, бүлдіргеннің жапырағы, шидиген жас шыбықтар бой көрсететін еді. Кейбір ауыл үйдің адамдары, қыз ойнақ салған жастар, көлеңке іздеп үйездеген жылқылар топырлап, арасы тақырланып қалған. Тамыры тапталған майысқак қызылдардың жапырақтары да жылдан-жылға сиреп, семіп барады.

Нұртазалар осы қызылдың орта тұсына кеп, бір жамбастай жер сүзе жығылған жінішке қайынның үстіне отырды. Әнапия

ғана жазықты адамдай мойнынан су кетіп түрегеп тұр. Шок іші дымкыл, тастай қараңғы.

— Ал жұрттын сөзін естідіңдер, не дейсіңдер?— деді Нұртаза ашулы үнмен.

— Не дейік, сөздерінің сұрқы жаман. Ана Әлібектер қайдан келген. Ақанды ұстап берер сынай байқамадым,— деді Сүлеймен солғын ғана.

— Оларды ешкім шақырған жоқ. Әдейі келіп отыр. Осы бір тұста бір шалып қалмақ қой ойлары. Бәрінен де әлгі Мақанның сөзін аңғардың ба. Жорта қияс сөйлеп отыр... Даудың бетін қалай аударды.

— Қияс сөйлегенмен Ұржанды аузына алды ғой, көке,— деп Әнапия қаймыға тұрып сөз қосып еді, Нұртаза арс етті:

— Сен немді түсіндің. Ей, сорлы неме, катыннан да, сөзден де жүрмей мақрұм қаларсың-ау!— деп зекіген Нұртаза, енді Сүлейменге бұрылды.— Мақан ежелгі құйтырқы қу түлкі емес пе. Тілінен май тамыза отырып, оязбен арамызға да май тамызғыны мол тастаған жоқ па. Сөзінің төркіні қандай жаман. Ертең Көкшенің игі жақсылары бас қосып ұлығына тіл тигізіпті дегенді естісе Коновалов мандайыңнан сипар деймісін. Әдейі жұртты жинап, осындай оғаш сөзді көңірсіткен Нұртаза деп шыға келмесіне кім кепіл. Егер олай бола қалса, катын түгіл бас қайғының кебін киесің. Коновалов жұрттын аңысын байқап, өз жақтастарының аузымен бір шешімге келіндер, ар жағын өзім орындап беремін деп еді. Енді, сөзді тым ушықтырмай алас-күлес бітіріп, Қорамсадан кек алудың тәсілін ойлау керек.

— Мен де соны ойлап отырмын,— деп кеше қызына құда түсіп, дүйім елге бауырсақтан шашу шашпай, мендуанадай ашы өсектен шашу шашып масқаралап кеткен Қорамсаға кектенген Сүлеймен де түйіле түсті.

Уыздай Ұржанды естігелі, он беске жана толған жас қыздан үміткер Әнапия ағаларының сөзінен үрейленіп, сонғы рет тал қармап қалды.

— Шынында осынша даудың не керегі бар. Маған Ұржан жетеді. Соны алып берсеңдер болады.

— Өй, жасық неме,— деді Нұртаза бетін тыржитып.— Қатынсыз қалармын деймісін. Үш бірдей қатының бар, әзір жерге қарап отырған жоқсың. Шыда. Кейін Ұржанын да, Тыржанын да өзім алып берейін. Қайда кетер дейсің. Қазір оған келіссең жеңілгенің. Жеңілдің дегенше бүкіл атағыңа, атына таңба басылды дей бер... Сүлеймен, менімше бұл жолы айлаға

айламен әрекет етіп, удың басын умен қайтару қажет. Зәкүнді алға тартып, Қорамсаны тақырға отырту керек. Ол үшін он жылғы қалыңның өсімін даулаған жөн...

– Дұрыс айтасын, менің де ойым осы еді.

– Бәтуә осы болсын.

– Болсын... Сұрағанмен алдын-ала сөйлесіп алайық. Онын да көмейі бар. Арба екеш арба да майласан жақсы жүреді.

– Жөн сөз...

Шок қайынның ішіндегі бұл бәтуаны ешкім естіген де, сезген де жоқ. Жасырын келісімде болған Әнапия ғана ағаларына тонтеріс қарап, атына мінген де, іші удай ашып, бетін еліне түзеген.

Қаздың етіндей дәмді, бұзаудың етіндей уылжыған жабағыны таң ата жеген жұрт дуылдаса отырып, ұзақ кеп тартты. Аспанды аунатып түсірердей боп зіркілдеген Нұртазаларды Ұржан арқылы оп-оңай жуасып тез илiктiге жорыған топ даудың артынын оңай сұйылғанына бiрi қуанып, бiрi шок-шок деп, iшкi пiкiрлерiн iштерiне бұккен. Ендiгi күткендерi қазық би Сұрағанның елге жария етер белгiлi билiгi ғана.

Бiрақ Нұртаза жуаси отырып сөйлеп, жұрт ойламаған дауды су тезектiң түгiнiндей бықсыта бердi.

– Ал, ара ағайын, бәрiннiң басынды қосып, ел бүлiгiн сыртқа шығармайын, орталарына салайын деп мазалағаныма көптен көп кешiрiм өтiнiп, мың да бiр рақметпен, кiшiлiк етiп алдарында басымды иемiн,— деп Нұртаза Әлiбектерге қарап iзет еттi.— Мен қазiр ел билеген болыс емес, бұл араға құныкер ретiнде, жоғымды жоқтап келген даукермiн. Дау иесi бiр-ақ жақ. Сондықтан билер алдына қояр тiлегiмдi, соңғы шағымымды тынданыздар: Ұрқия — ежелден келе жатқан ата жолымен, қазақ ғұрпымен, мұсылман iзiмен ақ адал қалың берiп Кемел тұқымының нәсiлiне қосылған басы байлы адамымыз едi. Қазақ дәстүрiн таптап, ел бiрлiгiн лайлап бiр суық қол сұғанақтықпен алып кеттi. Бұдан асқан қара таңба да, салар жара да жоқ. Туысыңның кеудесiн жарып, сөгiп, қолқасын суырып әкетсе, атой сап шапқан ағайының кiналамассыңдар. Ақанды ұстатып алып, жер аудартып жiберсек оған да күстаналар жан болмас. Бiрақ, ел бар, жұрт бар деп жарға тiрелгендей тоқтап, аптығымызды амалсыз басып отырған жайымыз өздерiңе мәлiм. Ел бiрлiгiн бұзбайын деп сендердiң де Ұржанға тоқтағандай сыңайларың бар. Мен де ел бiрлiгi үшiн — соған тоқтадым...

– Дұрыс сөз.

— Жөн сөз.

— Бәсе, бәсе, осылай болса керек еді,— десіп Әлібектер жағы қоғадай жапырылып кетті.

— Бірақ... бірақ...— деп Нұртаза кабак шытып, сәл бөгеліп қалды...— Қызды алатын мен де, Сүлеймен де емес, Әнапия ғой. Әнапиямен сөйлестік, маңына жуытар емес. Жуытқаны сол, мойнына кісесін салып, елге аттанып кетті. Ол үшін бірге туған бауырымды жазғыра алман. Сүйгені Үркия екен, ол бейбаққа Үржанды зорлықпен қалай тели саларсың. Басқаға жүрсе де, оның қалыңына, жүрегі қалаған сүйгеніне билігім де, ағалығым да жүрмейді. Екі дүниеде киянат арқалар жайым жоқ. Сол себепті ендігі қояр шартым мынау: мейлі Акан-ақ мауқын басып Үркияны бауырына бассын. Біз енді адал малымызды қайтарып алмақпыз. Өған адамның да, зәкүннің де қарсылығы жоқ. Тінәліге қолымызбен санап тұрып қырық жетіні байлап-матап бергелі міне табаны күректей он жыл өткен екен. Содан бері ол малды қайда шашты, қайда қойды: несиеге берді ме, ішіп-жеді ме — онда шаруамыз жоқ. Он жыл ішінде жалғыз бұзауды көбейтіп, тері-терсек, жүн-жұрқасымен Қорасаның байып алғаны өздеріңе мәлім. Қырық жеті бас бір бұзау емес. Есептеп отырсақ — он жылда қырық жеті бас ұлылы-кішілісі бар, елу сегіз мың бір дүз де жиырма сегіз бас болады екен...

— Өйдөйт дерсің!— деп қалды біреу.

— Мынауың бүкіл бір дуанның малы ғой.

— Әй, Нұртаза, он жылда осыншама өссе, сенің малың неғып Көкшенің даласына сыйып жүр,— деп Әлібек шыдай алмай қарқылдап тұрып күлді.— Әлгі қырық жеті малың өңкей ұрғашы табатын не деген асыл тұқымды немелер еді. Сүлеймен, Әнапия үшеуіннің қатындарың неғып ылғи қыз табады десем, өздерің де малдарыңа тартқан асыл екенсіндр ғой.

Әлібекпен қатар отырған біраз шонжарлар көздерінен жас аққанша күлді. Әлібек екі иығы селкілдеп, кенкілдеп күле отырып қара жердей боп тосылып қалған Нұртазаға тағы бір ащы мысқыл айтты:

— Бірақ, байка, Нұртаза, қанша ұрғашы дегеніңмен олар да айғыр, бұқасыз өспейді. Әлде сенің малың да, жаның да өңішен қызтеке ме еді?!

Лаң іздеп, әдейі соқтыққысы келген адам да бұдан зор ештеме айтпас. Құлақ жарар көп күлкіге тосқауыл бола алмай, қатты үрлеген қуықтай тырсылдап жарыларға жеткен Нұртаза көзін сығырайта қысып, долырып, тісін қайрай берді. Самайынан иегіндегі қою қара сақалына дейін ұстарамен күнде қыратын

көк беті тотияйындай талаурап, бүлк-бүлк етеді. Тобылғы сапты сары қамшысын олай бір, бұлай бір жосылта өтетін түс. Бірақ амал не, алдында аюдай ақырған Әлібек бастаған өншен шұбар ала жолбарыстар отыр. Қарқылдап күлген сайын өзіне қарай арандай ашылған ауыздардан көрінген ақ азу, сойдақ тістер қазір бас салып дал-дұлын шығаратындай. Ғұмырында түнғыш көрген маскара қорлығын амалсыз көтеріп, күлкі артын үнсіз тымырайып күтті.

Ақыры жұрт күлкісі басылып, сабасына түскен соң Нұртаза түтіге отырып сөзін тамамдады:

– Менің сұрағым сол, он жылғы малымды Қорамса өсімімен қайтарсын. Келін алып отырған мен емес, ол. Егер қайтармайды екен, ояз арқылы ертең бобылық жариялатып Ақанды ұстатамын. Оны ит жеккенге айдатып қана тынбаймын, малымды да қайтарамын. Екінші бірі, көнсе қолынан, көнбесе жолынан. Басқа келісім жоқ.

Жұрт ұзақ дағдарып отырып қалды. Өзара күбірлесіп, бір бәтуға келе алмай көп талқыға салды. Сондағы бәрінің ойыса беретіні – мал төлемімен дауды басу. Одан өнге Қорамсаны жақтар пышақ ұрар буынды жер табылмады.

Ең артынан билік айтқан Сұрағанның да сөзі осы болды:

– Дау иесі қалыңға берген малын өсімімен сұрағанында айып жоқ. Жөнге келейік. Он жылғы малдың өлім-жітімі бар, ара-тұра келетін жұт бар, бағушының жалы, мінушінің майы деген сияқты көп себептерді есептей келіп Ұрқияны алған Ақанның әкесі қорамса Нұртазаға бес жүз бас ірі қара, екі жүз бас ұсақ түйек берсін. Тінәліден барымтамен алған малдың тең жарымын Нұртаза қайтарсын. Екі жаққа да ойлануға екі күн пұрсатана. Екі күнде мал орнына түссе, Ақан мен Ұрқияға кеншілік, түспесе, қалған іс билердің билігінен кетіп, ояздың зақүнімен шешілсін.

* * *

Бұл түні – қара суық жанбырлы желкем түнде Қорамсаның екі ұлы Рамазан мен Мұхамбет жайлаудағы жылқы басындады. Бұрын Қызылжарда дүкенші боп, кейін елге оралған соң да саудамен жиі қала шығып шаһар тіршілігіне бейімделіп алған Қорамса ежелден-ақ жайлау дегенді білмейді. Қысы-жазы қалың қарағай бауырына бөренеден қиып салған ағаш үйінен артық жерұйық іздемейтін ол, екі ұлымен, маңында сағалаған жақын-жұрағаттарын қосып, жаз жайлауға жөнелтетін де, өзі Қараталда бертің «Ақан туған» атанған Сарыкөлдің ығындағы

мекенінде бірер сауын биесімен отыра беретін. Жайлаумен екі ортада сабылып, шапкылап жүретін кенжесі Әйберген ғана.

Бүгін сол Әйбергенді шапқыншы етіп ағаларына жіберген. Ағаларының бәрін ерке Әйберген екі аяғын бір етікке тығып, киімдерін ауыстыруға да мүрсат бермей, кештетіп алып жетті. Ақан жайын естіген інілері, әлде не боп қалды деп, әйелдеріне де көп сыр білдірмей өздері ғана келді. Төбелерінен түсер жай оғынан олар бейғам еді.

Екеуі де үйленіп, отау боп жеке шыққанмен сауда тиегін ұстаған Қорамса қанатының астындағы балалардың шаруашылықтары бір, қора-қора қой, үйір-үйір жылқылары, жүздеген қара мал ортақ. Бәрінің үстінен қарап, жөн-жоба айтып отыратын Қорамса оларға әлі енші бөлген жоқ-ты.

Күздің қара суығына төтеп берерлік бұттарына тері шалбар, үстеріне қабаттап күпі-шекпен киген ұқыпты балалары, белдерін босатып ыстық тамақ ішіп жылынған соң барып, бар іске кінәлі жан өзі құсап, басын тұқырайтып көтермеген Қорамса жүдеу қалыпта суық хабарды бастады. Табиғатында көп мәймөңке, көсіле тартатын шұбыртпалы астарлы сөзді суханы сүймейтін Қорамса ұзақ сонарға салмай қысқа сөйледі.

— Ал, Рамазан, Мұхамбет, сендердің басынды қосайын деп әдейі шақырдым. Сендер де мал иесісіңдер. Басымызға қара бұлт үйірілді. Бұл да бір келген зауал да. Ақанның Тінәлі қызын алып қашқанын естіген шығарсыңдар?..

— Иә, естідік.

— Естідік,— деді екі ұлы қосарлана.

— Бұл күнде тегін жатқан қыз бар ма. Соның қалыңын төлеу керек.

— Е, алып қашқан қызға не қалын. Ақан ағам қалынсыз қыз алам, малға сатылған қыздың керегі жоқ, демеуші ме еді,— деді Мұхамбет жастыққа бір жамбастай қисая түсіп.

— Ақан қашан басы бос қызға ұрынушы еді. Ойнақтаған тайлақ от басады деп Кемелдің Әнапиясына айттырылып қойған қалындығын алып кеткен жоқ па?

— Иә, солай деген.

— Ендеше солардың малын орнына салу керек.

— Салғанда... қалай енді... Тінәлі қажының ішіп-жеген малын...— деп күмілжіп Мұхамбет тақыр басын сипай берді.

— Тінәлі ішіп-жеген малды ғана төлеп қойсаң бір сәрі, өсімімен төлеуді ұйғарып қойды билер...

— Өсімімен?.. Билер?— деп Мұхамбет жастықтан иығын көтеріп алды.

- Не дейт?
- Не дейт?
- Ол кайта азайтқандары.

Қорамсаның өзіне тартқан жақ сүйегі кушықтау тарамыс етті Мұхамбеттің өңі бозарып, түсі бұзылып кетті. Етсіз, әжімсіз жазық маңдайлы, отырғанда орнықты мінезі момын Рамазан да сыр білдіріп қалды. Желге тотыққан қоңыр жүзіне қан теуіп күренітіп, мұрын желбезектері лепілдеп, қусырылып барады.

Ағайынды екеуі де күні-түні мал соңында жүріп, әсте кабак шытпайтын. Жылдан-жылға мал басы көбейіп, соңына шұбыртқан жас төлдерін ерткен сайын қуанысып, бір талын шашау шығармай қызғышша қоритын. Екеуі кейде от басында отырып күнкілдесіп, болашақ байлықтың көзін есептейтін. Төтенше айтпай келетін жұтқа ұшырап, құдайдың кәріне ілікпесе он шақты жылда орташа байлардың қатарына жететіндерін айтып, түнгі күзетке тәтті арман, игі тілекпен аттанысар еді. От аяғы өртке айналып кетпек. Тез сөндірмесе бүкіл көздің құрты – есіл малды түп-тұянағымен жалмап кетпек. Жок, ол болмас.

Мұхамбет қакқан қазықтай тіке отырды да, қалтасындағы шақшасын саптама етігінің өкшесіне жұлына қағып-қағып қалып, ерніне жарты уыс насыбайды тастап жіберді. Ашы насыбайды тілінің ұшымен бір жалап алып, ауыз үйге қарай жіптей созылта түкірігін шаптырды.

Әке балаға сыншы дегендей, қысылшанға келгенде тынысы тар екі ұлының алқымы ісе қалғанын сырттай бағдарлап, үнсіз шыдап отырған кірпияз Жаныл осы тұста Мұхамбетке зекіп тастады.

– Токтат әрі жынынды шашпай. Үйренген екенсің жақсы өнерді. Бар, ана жақтан түкіргіш әкел, өнерінді қатынынның алдында жаса! О несі-ай.

Мұхамбет окты көзімен шешесіне бір қарады да, адуынды анадан қаймығып, ештеме айта алмай, ауыз үйге тұра тартты да, босағадағы жез легенге ерніндегі насыбайын саусағымен көсіп алып, атып ұрды.

Сөзді неден бастарын білмей отырған Мұхамбетті осы кимылы ширықтырып жібергендей, төр үйге сыздана кіріп босағадан өте бере:

– Нұртазаға берер бір тұяқ жок. Жұрттын қалыны үшін жинаған мал жок,— деп сандық үстінде жатқан шекпенін, тымағын ала бастады.

— Гокта,— деді Жаныл, сен бермесен бермей-ақ кой. Әкен мен шешен береді. Ақанның да еншісі бар.

— Енші бөлсендер бұрын қайда қалдыңдар. Қысы-жазы шаруаның азабын тартатын Рамазан екеуміз, мал да біздікі.

— Оны қай жақтан әкеп едің?!

— Менің еншім де бар емес пе?— деп төтеден Әйберген де қосылды.

— Енді сен калып ен. Әуелі қатын алып ал,— деп Мұхамбет ала көздене қарап еді, Әйберген ыққан жоқ:

— Қатын алам ба, алмаймын ба, оны сенен сұрамаймын. Ал, еншімді аламын. Аламын да түгелдей Ақан ағамның калыңына беремін.

Өні Ақаннан аумаған есті кенжесінің мына сөзіне ана жүрегі толқып кеткендей болып, көзіне жас кеп қалды.

— Қатын, бала-шаға болмаған соң, әрине, саған малдың керегі жоқ, Ақан екеуің ел ақтап ән айтқаннан басқа қолдарынан не келеді,— деп қолындағы тымағын не киерін, не кимесін білмей Мұхамбет бөгеле берді.

Қорамса үнсіз.

— Жәрәйді, жетер енді қаршадай баламен тәжікелесуің. Қатын-баламды асырай алмай қалам деп қорқады екенсің ғой, о бейбақ. Рамазан, ал, сен не айтасын?— Жаныл ортаншы ұлына қарады.

Рамазан сәл күмілжіп, бүгежектеп, семіздеу денесімен ырғалып, ынғайсызданып отырды да, ағасына көзі түскенде мандайы жарқырап, басын көтеріп алды:

— Мен... мен енді не айтайын. Осыншама көп мал беретін қалыңды ғұмырымда естісем бұйырмасын. Ақан ағам бұл жаққа келмей қойса, не істер дейсін. Қар жауып, із басылған сон оралса...

— Қайдағы із басылған,— деп Жанылдың ерні дірілдеп енді шын жыларманға келді.— Екі-ақ күнге пұрсатана беріп отырған жоқ па. Егер екі күнде мал қолдарына түспесе Нұртаза бобылық жариялатып, Ақанжанды ояздың қолына тапсырмақ. Ертен Ақанды ит жеккенге айдатса, сендердің тірлігіннен, мал-бастарыңның амандығынан не пайда. Мал-бас садақа Ақанымның жолында, жан пида!

Бұл — мал түгіл ұлы, Ақаны үшін сұраса кеудесінде лүпілдеп соққан жүрегін де қанын сорғалатып суырып беруге бекінген ана сөзі еді. Мұны Қорамса да, Мұхамбет пен Рамазан да түсінді.

Ұзақ созбайға салып түн жарымына дейін шегіншектеп, бірде мөнкіп, бірде қарғып, жалына қол тигізбей дызылдаған

ұлдарын Жаныл күшпен тұқыртып, акыры жеңді де: Мұхамбет пен Рамазанға елу, елуден жылқы, біраз кой, ешкі қалады да, қалған мал – үш жүз елу жылқы, жүз елу сиыр, екі жүз кой-ешкі түгелімен қалың малдың төлеміне беріледі...

Келесі күннің кешінде өз сыбағаларынан басқа айтылған малды жеке бөліп алып, Рамазан, Мұхамбет, Қараталға қайта жетті. Әйбергеннің алдына салып, күл болмаса бұл болсын деп қалып қойғылары келіп еді, «осынша малды шынымен бермек пе, мүмкін, ойланар» деген мола басындағы түнгі шырақтай болымсыз жылтыраған соңғы үмітпен шұрқыраған жылқы соңынан қайта оралды. Қорамсаны сағалап, малын бірге бағысып жүрген бірер жекжаттары да коса ілескен.

Қаратал күздің кара суығында дауыл шақырып шулап тұр. Інір каранғысымен үнірейген қалың қарағай бауыры кісінеген жылқы, мөңіреген сиыр, маңыраған кой-ешкі үнімен азан-қазан. Топалаң тигендей топырлаған мал иірім бермей, жан-жаққа бытырай қашып, көздері алайып түк түсінбейді. Бар жануарды бір қыспаққа тығып, араластырып жібергенде енесінен айырылып қалған жабағы, тоқты-торым шапқылап, иін тірескен кара-құрым малдың арасына сыналай кіріп жанұшырады.

Баялы аулы жағынан көп жігітімен топтана жеткен Нұртаза тоқтап, жалы тізесіне түскен торы айғырдың үстінде шіреніп, малды саната бастады. Ысылдаған ұзын бишікпен кіріп, жылқыларды үйір-үйірімен бөліп, шыкпырта айдаған жігіттердің камшысы әр биеге, құнажын, байталдың сауырына тиген сайын Мұхамбет пен Рамазан өз арқаларына батқандай қайқан ете қалады. Неше жылдан бері құлынынан білетін түртүсі түгілі әр қайсының төбеліне, шашасына дейін айыратын жылқылары көзден бір-бір ұшып барады. Әне, биік кара айғырдың үйірі шықты бөлініп.

Басы айналғандай шыр көбелек сенделіп, көкке қарғып, аянышпен кісінеп жүрген – Әйберген жақында ғана үйрететін ала тай. Көп жылқыны қабырғасымен қағып, бытыратып жүрген асау тайға ашуланған бір жігіт алыстан бұғалық тастап, мойнын қылғындра тартқанда ала тай басын бұлғап-бұлғап төрт тағандап тұрып алды да, еріксіз сүйрегенде қатты бұлқынып көкке қарғыды. Артынан кимелей жеткен тағы бір аяусыз әумесердің қылыштай өткір бишігі шатыр етіп тілерсекті орай тигенде, арда емген тентек тай секіріп шалқасынан түсті. Алыстан бақылап тұрған Әйбергеннің даусы да шығып кетті. Бірақ мына ын-шынның арасында оны кім естісін.

Кезек көк биенің үйіріне де жетті. Өңкей әсем, мойындары құрықтай жиырма ақ боз ат күйрықтары күлтеленіп, көп жылқының ішінде ағарандап шыға берді. Бағанадан сыр білдірмей, үйінің қасында шапан жамылып тұрған Жанылдың да көзінен бір тамшы жас ытып кетті. Ертеден бас үйренген жуас сөйгүліктер ана жылы Ақанның жолдастары асқа барғанда мінген аттар. Біркелкі мауыты шапан киіп, жалдарын күзеген біркелкі жиырма көк аттың үстінде өрімдей сал жігіттер әндетіп ұзай бергенде Жаныл қуаныштан масаттанып көзіне жас алған. Биік көк айғырдың үстінде Құлагерін жетектеген Ақаны жиырма аттың алдында оқ бойы озып Әлібек аулына қарай беттеп, көзден таса болғанша қарап тұрып еді. «Құлынымның сәнін бүзды-ау, жауыздар» деп Жаныл кимешегінің омырауымен көзін сүртті. Енді бір топ жігіт қақ сойылдарымен сабалап, мүйіздерімен қағысып, аша тұяқтары сартылдаған жүз елу сиырды алдарына салып қуа айдап барады. Ұзын сакалы желбіреп, иір-иір мүйізін көтеріп алға бастаған биік ақ текенің сонынан топырлай ілесіп, жат елге қарай қой-ешкі де ентелей басып, жосып барады. Бөліп-бөліп алған мал көшкен бұлттай, жыртыла айырылып ұзай бергенде, алдыңғы аяғын соза тастап, басын тізесіне салып шірене тұрған торы айғырдың үстінде бір жамбастаған Нұртаза да тебініп қалып, қасындағы екі-үш шонжарымен жөнеле берді. Қорамсаға қайырылып келіп, қоштаспады да. Не мұқатып, не кекетіп бара жатқаны белгісіз. Жалпақ төсі қайқайып, шалқак отырған қалпы бір илікпей, ымырттай түнеріп кете барды.

Әлгінде ғана азан-қазан шулаған Қараталдың бауыры әп-сәтте құлазып, сап болды. Азынаған күзгі жел ғана енді құлақ түбінен ысқырып, шулайды.

Аттың жалына еңкейе жабыскан Мұхамбет «қарамға кеткен есіл мал» деп екі иіні дірілдеп, солқылдап жылап тұр. Рамазан мәңгірген адамдай есі ауып, безеріп қалыпты. Әр тұстан жиналған жыртық киімді ауыл балалары, кемпір-шалдар бір-біріне үнсіз қарайды. Ұзын ақ таяғына сүйенген Қорамса қой күзеткен түнгі қойшыдай жауырыны құнысып, қимылсыз қатып қалған.

Қаратал үстін қара түнек түн баса берді. әлгінде ғана шүпір-леген жарықтық ақ адал малдың ойып-ойып тастаған тұяқ іздері жердің миын шығарып кеткен. Қап-қара болған түл орын. Көп малдың орнында соңғы белгідей жас кидың ісі аңқиды.

Қаратал үстін торыған қалың бұлттан күзгі жауынның салқын, ызғарлы ісі білінеді.

Көз байлана бере қалын жауынның алды нөсерлетіп,
Қаратал үстіне селдетіп құя жөнелді.

5

Ақандар Қараталға қыс түсе оралды. Серісін сағынған ел-жұрт — жақын-жұрағат, дос-жарандар, қыз-қызқын, жігіт-бозбалалар, шын тілеулес жандар кішісінен көрісіне дейін күн-түн демей «Акан туғанға» құйылды. Келген күні-ақ басталған Акан — Ұркия тойы тойдан тойға ұласып, толастамай созыла берді. Қорамса қолында қалған аз малды аяған жоқ. Сырт көзге сағын сындырмай жарқыратып екі ту бие сойып тастаған. Шәкей, Бәтжан, Ожымбайлар болса, жана отауға тарту деп казак жоралғысымен бір-бір соғымды ақ сазандай тулатып босағаға байлаған. Ұркияның шешесі Ырысты да қызын көргенше асығып, бір малмен ол да жетті.

Қаратал бауыры қайтадан әнге бөленді. Кеше ғана өлік шыққан қаралы елдей түнерген ауыл көшесінде сабылған жұрт — қайта рені кірген сән-салтанаттың белгісі. Малы кем кедей ауыл болса да, Қаратал ән-жырымен, топырлаған жастарымен сауықшыл өнерлі ауылға айналып жүре берді...

Екі-үш күн қызы қолына онаша тимеген Ырысты төртінші тәулік дегенде барып Ұркияны жеке бөлмеге апарып, бауырына қысып, мауқы басылғанша аймалап, сүйіп, ұзақ егіліп жылады.

Екі бетінің ұшы қып-қызыл боп тұратын Ұркияның жүзі қазір кара торыланып, желге тотыққан. Күлгенде шұңқырая қалатын ақша бет сәл солып, қыр мұрны бұрынғыдан көрі пістелене түскен. Бүкіл тал бойының еті таралып, жүдегені білініп-ақ тұр. Қалын, ұзын кірпікті екі тана көз ғана бұрынғыдан бетер жарқырап, нұрлана түскен. Не дегенмен өз үйіндегі Ұркия емес, өзгерген, жат жұртқа мүлдем бауыр басқан бөтен елдің салмақты қызын көргендей аналық кимас көңілмен Ырысты көз жасын тия алмады.

— Апа, қой енді, бұл қуанышын ба, ренішің бе, — деп өзі де қоса жылаған Ұркия шешесіне басу айтты.

Ықылық ата отырып көз жасын сүрткен Ырысты даусы жарықшақтанып:

— Қуанышым да бар, ренішім де бар, жаным! Құтты орынға қонды, алдыннан жарылқасын! Мұнына қуанамын. Тек, айтпай кеткеніне ғана әкен екеуміз өкпеліміз. Жұрт алдында масқаралап кеткенін ғана батады. Қолына таспиғын тартып сопылық құрғаннан басқа әкенде не қауқар бар. Ана Нұртазалар

бар малды барымталап тартып әкетті. Одан артық не басын-гандық керек. Шәкейдін түрі анау,— деп көңіліндегі сөздерін тоқтаусыз айтып барып сәл іркілді.

Сөз сонын тосқан Үркия:

— Апа,— деп мұнайып бетін теріс бұрды.— Өкпе айтысып кайтеміз. Екі әйелдің үстіне Әнапияға атастырғанда сендер де менен сұраған жоқ едіңдер ғой... Ал Шәкейді құстаналамандар. Ондай аға жұртта бола берсе, ондай қарындастардың да арманы болмас еді... Мал десең, оның орны толар. Бұрын қалыңға алған малдарың ғой. Тірі болсақ бір оңтайын табармыз...

Айтқанынан қайтпайтын, ұзақ мәймөңкені сүймейтін бірбет қызының мінезіне сыралғы шеше:

— Жәрәйді, құлыным, әншейін оңашада өзіне бір өкпемді айтайын дегенім ғой. Енді айтсам, аузымнан айырылайын. Бүгін елге жүремін. Ақан екеуін жата-жастана бізге де келіп кетерсіңдер. Жолдастарыңды ерте келіндер. Сен де даладан кеткен қыз құсамй, үйде боп, тойынды өткізіп, жасауынмен аттан,— деп Ырысты батасын беріп, сол күні құдаларымен де қоштасып жүріп кетті.

Мұхамбет пен Рамазан «той жабдығына жаратарсындар» деп екі қой әкеп, үйге бас сұққан да, содан қайтып жоламаған. Өз шаруаларымен, өз бала-шағасымен болып, алыстан ғана сыйласатын ағайын сынайымен бұл босағаны аттамады. Інілерінің алдында бетті, уытты Ақан бұл тұста іштей кейігені болмаса, шақырып алып айтар сөз таба алмады. Бәріне өзі кінәлі. Не десін. Зорлықпен кеткен көп малдың соңынан қуынып, інілеріне қайтарып әкелмекші боп көріп еді, ел ішіндегі Нұртазаның жақтастары мен ояз Коновалов түгілі, көңілі жақын адамдарының өзі сөнген іс екенін аңғартты. Ғаділдік ауылының алыстап кеткенін сезген Ақан содан қайтып мал дауын, өнбес дауды біржола доғарған.

Қыс болса-ақ қыр елінің әдеті. Әркім өз қадари халінше соғым сойып, жақын-жұрағатын, құдандалы-тумаларын шақырысып, күнде бір-біріне ағылып жатқаны. Қалың қарға түскен тар жолда көсем салған қарағайдай қасқыр ішікті шаналы байлар, жоталы шонжарлар алыстағы ауылдарға сыпыртып, боран-шашынына, күн-түніне қарамай өздеріндей дәулетті адамдармен сауық құрады. Енді қайсыбірі әр тұста қылт етіп көрінген қырмызыдай жаңа бір қауыз ашылса, ауыздарын арандай ашып, бірі інісіне, бірі баласына дегендей, немесе қатын үстіне қатын етіп алмаққа жанұшырып шұбырады. Қыз он беске келді дегенше тұс-тұсынан тіміскіген аңшылардың андуына

түскен мүсәпір көжектің халіне ұшырады дей бер. Қай аншының қағуында кететінін білмей, көзі жаудырап, тұла бойы калтырайды. Елдегі болыс, билердің де өз әбігері өзінде. Алда келе жатқан ұлы сайлауды ойлағанда олардың да халі әлгі балиғаға толған қыздардың ахуалындай. Олар да әрісі Омбы, берісі Көкшетаудағы ұлықтарға шапқылап, қыстай шабуылдап, алдын-ала пара-шараның, айла-амалдың торын төрт қабаттап кұрып жүр.

Ел ішінде тыныш, бейғам тіршілікпен жанаса өтіп жатқан әбігер, тыншу өмір.

Ақан тобының – серіге ерген жастардың кәсібі өз алдына бөлек.

Биыл қар қалын. Қаңтардың ортасына дейін дамылсыз түтеген ақ боран тоғайлы өңірді белуардан көміп тастаған. Екі үйдің арасы көрінбейтін долы боран қаңтардың аяғына қарай жуасып, ақпан туа біржола басылған. Енді шынылтыр аяз басталып, шаңытқан аспандағы күн өне бойы екі жерден кұлақтанады да тұрады. Қайрақтай қатқан қалың қар мен кырауытқан қалын ағаш инедей кадалып, темірдей қарыған қызылшұнақ аязға шыдамай шытырлап жарылып жатқандай. Бүкіл ен дала сықыр-сықыр етіп, ызғар шашады. Осындай аязды ашық күндері Ақандар үнемі аң сонында. Бабындағы Құлагер, Басарала, Қараторғай дала анын қынадай қырды. Биыл қыс басында дала бөрісі ит етіне жеріп, ақ түтек борандарда ауыл котанындағы сабалақ төбеттерді қоймаған. Далада кезікпесе, мал қоралардың төбесінен түсіп, қармаққа ілінген шортандай тулатып өкетіп жүрді. Ішін талғақ өртеген қаншықтар ауыл шетінен ұзамай-ақ иттерді тон айырғандай дал-дұлын шығарып, жалап-жұқтап жейді де, мазақ етіп, кұйрықтарын қарға шаншып кетеді. Әр ауылдың тұсында шаншылған қара, сары, ақ кұйрықтар, шашылған сүйек, түлеген жүн, аққан қан боран астында із-түссіз қалып жатыр.

Екі ай бойы дала жүзін көре алмай аңсыраған Басарала, бауырын жазып көсіліп шаба алмаған Құлагер күн ашылысымен ойнақтап шыға келген.

Бұл жылы түлкі де адам айтқысыз көп. Алыс сапардан оралысымен жылы шошалада мүлгіген Қараторғайын Ақан бір ай баптап, қоясын түсірген қыранды жарыққа алып шыққанда, үш түлектегі бүркіт маржан таққан томағасын алғанша шыдамай, борсық терісінен киген биялайға қондырған иесінің қолында талпынып, шаңқ-шаңқ етеді. Қияннан көрінген түлкі болса, балтыры үсімес үшін жүнін ішіне келтіре қаптаған тері

балдғын алып, томағасын ағытар еді иесі. Ытқымға толмас сан етінің бұлшықтары шиыршық атып, болат тұяқтарымен тері қолғаптың сыртынан бүрістіре сығып ашуланған шәулі бүріт, басы ашылысымен дүр сілкініп, кайрақ тұмсығын такылдатып шегір көзі жайнап кетер еді. Шыжымын шешіп, серпіп жібергенде сыптығырдай құс қаршығадай лып етіп аспанға бір-ақ атылады. Ызғарлы көгілдір аспанда калықтаған қыран жал-жал оқапты қардың бетінде жан ұшырып бұлайда тартқан ызыл түлкіні жазбай таниды. Қызылшыл қыран көп ойланбайды. Көк аспанды матадай дар еткізіп, как айырғандай қос канатты сатыр еткізіп қағып қалып, жүзіктің шоктай жайнаған қызыл асылтасты көзіндей түлкіге садақтың оғындай құйылады. Мұндайда қызық көрген аңшылар аспаннан құдия сорғалаған шәулі канатының ысқырығын ғана естіп қалар еді. Қайда тығыларын білмей жанталасып, амалы құрып, аузын арандай ашып шалқасынан түскен түлкінің кеудесінде отырған Караторғайды бір-ақ көрер еді.

Ала көбеден аң аулап, қанжығаларын толтырған аңшылар қыраулы аттарын бұландатып, аязға нарттай қызарып, әзіл күлкімен көз байлана ауылға — Қараталға оралады. Ақан тобындағы аңшы серіктері де бір жосын. Қазак жұртында, аңшылық ғұрыпта бұрын-сонды болмаған жаңа топ. Ожымбай, Бәтжан, Шәкейлерден бөлек жаңа қосылған жастар бар. Олар өңкей жүйрік сәйгүлік мінген ерке қыздар тобы. Ұрқияның құрбылары — Нұралы қызы Ұрқия, Майкак қызы Үрім, Жүсіп төренің Жамалы, Шыңғыстың Күлзейнебі, Әлібктің Ғайнижамалы. Бірінен бірі өткен өңкей сұлулардың ортасында Ақанның Ұрқиясы. Ана жылы Ақтоқты мен серінін обалына қалған ұста Тулак, өз туысы Ұрқияны алған соң, өткен айыбым деп арнайы бұйырып сокқан күмістеткен мылтық әкеп тартқан. Алты қырлы оғы бар, сүйменді, перен мылтық Ұрқияның қолында. Үйреткенді тез қағып алғыш зерек, өжет қыз мылтыққа тез төселіп кетті. Тегі нағашыларына тартқан жаратылысына мергеншілік дарыса керек. Аз күнде Ұрқия құралайды көзден атқан мерген болып алған. Ақ қармен қар боп, көзге зорға іліккен салпаң құлақ ақ қояндар мергеннің алдынан құтылған емес. Шаңқ еткен мылтық дәрісінің түтіні тарамай жатып, тыпырлаған қоянды қос құлағынан көтеріп, тісі аксия күлген Ұрқияны аттан домалай түскен Ақан бауырына қысып, жұрт көзінше тойымсыз сүйер еді. Сері ақын асыл жары атып алған анды өзі құлатқандай қуанып, қашан елге жеткенше ыңылдап, көңілді ән салатын. Осындай көп ыңылдың артынан

Ұрқияға арнаған «Мылтық пен мергеншілік» өлені, әнімен қосарланып аншылықта туған еді.

Ан соында жүріп Ақан Ұрқиясының екі мінезіне риза боп, бір жағы қатты қайран қалды. Ұрқияның есінен де сол екі оқиға кетпей қойды.

Қыс ортасында қалың қар жауып сонарға шыққан Ақан тобы Қараталдан ұзап, шалғайдағы Сырымбет тауының баурайына жеткен. Күн екіндінің кезі еді. Сырымбеттің шығысындағы Шошқалы көлінің (кейін ел мұны Қылы деп те атайды) түс-тұсынан аншылар дара-дара бөініп түскен. Ұшқыр торы атпен жортқан Ұрқия сапанын бел ортасына дейін қалың қар басқан үкілі сары қамыстың жанынан жалғыз өте беді. Жайбарақат келе жатқан тор ат бір кезде оқыс оскырынып қап, шок басып алғандай шоршып, жалт бұрылып ала қашты. Андаусыз отырған Ұрқия сыпырылып қала берді. Оппа қарға құлаған мерген тай-тай жүннің үстіне түскендей тез атып тұрып, қолынан ұшып кеткен ақ мылтығын алды да, алыстау барып, құлағын қайшылап оскырған атына қарай малтыға аяндады. Жалт қараса, тұмсығына дейін қарға көміле жатқан қара қабан орнынан тұра берген екен. Жүрегі су еткен Ұрқия көзін қабаннан алмай шегіне берді. Сығырайған өлімтік көзін аншыға қадап, он шақты сажыннан андысқан қабан сулы танауы шұрылдап, былжырақ аусыл аузын салп-салп еткізіп, үнірейіп тұрды да, танауын тыржитып, бір-ақ атылды. Тоңқандап өлерменде шапқан қара албасты қар боратып, сойдиган екі аузын езуінен ақситып, тура Ұрқияның алдына төніп келіп қалды.

Бұл кезде көлдің екінші ығында жүрген Ақан мен Ожымбайлар да көрген. Көздері шарасынан шығып олар да күйғытты. «Қабан жете бергенде жалт бұрыл, жалт бұрыл» деп айтуға Ақанның тамағына тас тығылғандай бітеліп, іштей күбірлеп, дыбысы шықпай қалды. Оны айтуға да үлгермес еді. Шаңқ еткен мылтық түтінінің ішінде Ұрқия да, қабан лда көрінбей кетті.

Ақандар жеткенде тез сейілген түтін астында боп-боз боп тұрған Ұрқия мен тоңқалаң аса құлаған қабанды көрді. Өні қашқан сері де аттан құлай түсіп, Ұрқиясын бас салды:

— Қалқам-ай, амансың ба? Шошып кеттін-ау,— деп аяулысының аман қалғанына қуанып, бетіне қан жүгірді. Ендігі қорқынышы Ұрқияның бойына біткен бала еді. Көңілін жадыратып, тез ұмыттырайын деп Ақан сөз аяғын қалжыңға бұрды.— Бәсе, бәсе, менің Ұрқиям осылай болса керек етті. Не

деген жүрек, не деген мергендік. Қабанды жақындатып алып атуға қай еркегіннің жүрегі дауалар. Жүрегіңнен айналдым!

Қорғасын көп салған қасқыр оқ қабанның тап маңдайының мылжа-мылжасын шығарыпты.

Бұл жолы Ақан Ұркияның ерге бергісіз өжеттігін, батылдығын көрді...

Арада біраз уақыт өткен. Ара-тұра ашылып, алдап соғатын боранды күндердің бір толасында Ұркияның күрбылары келіп, аңға шығайын деп жатқан Ақандарға ерген.

Бұл жолы аңшылар Ахмет Сайының қабағындағы қалың шілік ішін аралап, қоянның жымына түсті. Сондарында иттер. Көзі шалғанды қағып түсер ұшқыр тазылар.

Сол күні аңшылық сәтті болып, бұлар көп қоян аулады. Ұсақ окпен оқтаған мылтықпен Ұркия да үш қоян атып алды.

Өттен төртінші қоян... Ақанның оң жағында қалың шілік арасында омбылап ұзақ жүрген Ұркия төртінші қоянды атқан. «Енді үйге қайтайық» дегісі кеп Ақан соған қарай жүрді. Ұрқи қарға малтығып оқ тиген қоянды ұзын құлағынан көтерген күйі мелшиіп қатып қалыпты. Төрт аяғы тыпырлаған жан-дәрмен қоянды бауыздап жіберіп, тілерсегінен тесіп беліне өткізе салатын Ұркия, қазір қолындағы қоян емес, шашынан көтерген адам басындай, немесе өзіне қарап ысылдаған жыландай үрейленіп, көзбен арбасқандай үнсіз тұр. Ақан да қарға малтығып жетті. Ұркия әлі үнсіз. Қолындағы семіз, жуан ақ қоянды не бауыздауға, не лактырып жіберіп, тұра кашуга батылы жетпеген адамның сынайы.

— Оу, Ұркияш, неғып тұрсың, енді кетейік,— деп сөйлей келген Ақанның көзі қабан атқан жолғыдай түсі кашқан Ұркияның өніне түсті. Аялы кең көзінің шарасы жасқа толып, бетіне тамып кетті. Қып-қызыл омпак ерні дірілдеп:

— Бе-ке-ер, атқан ең-екен-мін!— деп кемсендеп, жылап жіберді. Көзінен тарамдана аққан жасын тия алмады.— Обалына қалдым-ау. Байғұс көжектер жарық дүниені көре алмайтын болды. Не деген сұмдық! Не деген қатыгездік! Кім шығарды екен осы мылтығы құрғырды.

Ұркияның сол қолынан ақ мылтық түсіп кетті.

Ақан сонда барып көрді. Ақ қоянның өкпе тұсынан тиген оқ орнынан қан саулап, емшегінен бұрқырап аққан ақ сүтпен араласып, балтырынан тамып тұр. Аппақ сүт. Қанға араласқан аппақ ана сүті. Ұрғашы қоян айы-күніне жеткен буаз екен.

Бұл жолы Ақан Ұркияның жаны үлбіреген торғындай нәзік, жүрегі аянышқа толы екенін көрді.

Сол күні Ақан мен Ұркия Қараталға селсоқ оралған. Бірақ маңындағы жолдастарына көңіл-күйлерін сездірмей, ештеме аңғартпауға тырысып бақты.

Жол бойы бірімен-бірі жарысып, ойын-күлкімен жеткен жастар, «бүгін бір қоянның жас етін жеп, таң атқанша сауық құрамыз» деп Қараталға қас қарая түскен. Қорамса Ақанмен бірге еді. Қора-қопсысы көл-көсір, араны кең ағаш үйдің алдындағы биік күресін кардын ығында бірнеше ат тұр. Үсті-басын қалың қырау басқан таң асқан жүргінші көліктері қатарымен оқырды.

Жолаушылар үлкен үйде екен. Ақан жігіттерін бастап:

— Ассалаумағалейкүм!— деп сәлемдесіп, сонда кірді. Қыздар жағы Ұркиямен отау үйге енді.

Қонақтар — етектей сақалдары кеудесін жапқан өңкей қожалар: Шәміл, Шәмбіл, Мұхаммедрахым. Арасында төре тұқымынан Шепе, Ғабдрахман молла, Ақандардың сәлемін жамырса алған жолаушылардың бірі аузының ұшымен ғана қайырлы болсын айтты.

— Ақан бала, әйтеуір көп лаңмен жүріп құсынды қондырған екенсің, енді артын қайырлы қылсын!

— Айтсын, айтсын! Қайырлы болмағанда қашанғы жел өтінен шыға берсін!— деп жауапты Шәкей берді.

Шәмбіл Шәкей сөзін жақтырмай басы кекжең ете қалды:

— Қой, фәнде, асылық айтпа. Бұл фәни жалғанда құдіреті күшті құдданың кәріне ілектіре көрмесін де. Тәубә, тәубә де! Күпіршілік айтпа!

— Иә, соны айт,— деп түнеріп отырған Мұхаммед-рахым да қостады.— Аннан қайттыңдар ғой тегі. Осы күні қыздар да желігіп, мылтық атып аң аулайтын көрінеді, мал құлағы санырау. Аял бала мылтық ұстады деген не сұмдық! Алла, Алла! Әйтеуір қыз ойнақтарың жын ойнаққа айналып кете көрмегей!

Қонақтардың мына келісін сөз сынайынан аңғарған Ақан кара мұртын сипап, зорлана күлді де:

— Мылтық ұстаушы аял Ұркия, ақсақалдар! Жаз шыға сойыл ұстатып, қасқыр соғуға үйретейін деп жүрмін,— деп шамдарына тие сөйледі.

— Мейлін, шырағым, сойыл ұстатпақ түгілі гүрзі ұстатсаң да,— деп ұзақ сөзге шыдамы жетпейтін Шепе шінк ете қалды.— Ұркия өз иелігіндегі қатының ғой. Бірақ басқа қыз балаларды бүлдірмесен болады.

Ақан үнсіз түйіліп отырып қалды.

— Иә, Ақан карағым, жата-жастана айтармыз деп едік. Ел ішіндегі қыздардың бұлай бүлінуі жақсылық емес. Мұсылман жолынан кетіп, жайылып бара жатқан түрі бар. Тасып кетпей тұрып, басу айтпасаң, ел ішін жын-шайтан жайлап алуы ықтимал. Көпе-көрнеу отырып, үндемей қалсақ, ертең құдай алдында кұнаһар болармыз,— деп Шәмил де ұзақ сонарға түсті.

Бұдан әрі айтар сөздері белгілі. «Жастар бүлінді. Шарифат жолымен атастырған жеріне бармай, қашып кетіп жатқан қыздар көбейіп барады. Діннен безіп, қорку-үркусіз барам деген жеріне барып, айтам дегенін айтатын әйелдер шыға бастапты. Қатын бүлінді дегенше жатын бүлінді дей бер. Қыз қызықты дегенше, жігіт ұйықты дей бер. Әдептен айырылу — әдеттен айырылу. Қазағынның әдеті, ғұрпы, діні бұзылса, сөгілмеген қай іргесі, қайыспаған қай қабырғасы қалды. Желік ізін салушы Ақан. Бәрін бұзушы Ақан».

Бұл сарынды кейінгі кезде Ақан сері әр жерден ести бастаған. Естіген сайын ерегісе түседі. Ерегіскен сайын ел өсегі көбейіп барады.

Ақанның үнсіз түнерген қалпын көріп, қожалар сөзін аяқсыз қалдырғысы келмей Шәкей:

— Әй, Бәтжаң, осы көп мыжыған сөз не керек, кәне бірер ауыз өлең айтып, мына арқасы құрысқан шалдардың терісін жазайықшы,— деп, домбыраны алып, шертіп-шертіп жіберді. Тамағын кеней түсіп, ән бастағысы келіп еді, домбыра үніне тыжырынып отырған Шәмбіл аузын қақты:

— Әй, Шәкей! Әкең жақсы адам, осы сен қайдан жел өкпе боп туғансын?!

— Е, ақсақал, бір енеден ала да, құла да туа береді. Мен күземде, шешем бие сауып жүргенде жел өтінде туыппын, жел өкпелігім содан шығар,— деп Шәкей тісі ақсия күлгенде Бәтжан, Ожымбай, Аяғандар да қарқылдап күлді.

Қонақтар ытырынып отыр.

— Біз сенің күнде зар қақсайтын өленінді тындай келгіміз жоқ. Ән — әңгіліктің ісі, домбыра — сайтанның жынысы. Ақан, аз оқысаң да, көп тоқығаның бар деуші еді. Одан да ақиреттен сөйле,— деп серіге көзінің қиығымен қарады.

Әңгіме бетін дінге бұрып, Ақанды біраз сүріндіріп алмақ еді ойлары. Сөйтіп отырып жаңағы сөзді қайта қоздату.

Жолаушылап келгендей әдейі ат басын тіреп, өз үйінде басынып, жолына кесе-көлденең тұрған мына қожа-моллаларға Ақанның жыны түсіп, арқасы қозды. Сырттай кектеніп, зығыры қайнаған Нұртаза секілді ел билеген шонжарлар жұмсап

отырған қолжаулық, надандардың бетін қайтарып алмаққа бекінген сері көзі шоктай жайнап, Шәкейдің қолындағы домбыраны алды. Алды да бір-екі шертіп, қожаларға кекесінмен қарады.

— Ақиреттен сөйлеп, шариғат айтатын шамаларыңыз болса қағысуға мен даяр. Дүмше молла ел бұзар, күлше қожа ең бұзар, әуелі өздеріңіздің кім екендіктеріңізді, жолдарыңызды біліп алсаңыздаршы. Байқаймын, оттығуға емес, соқтығуға келген екенсіздер. Онда мен әуелі кім екендіктерінді мына жігіттерге таныстырайын,— деп Ақан домбырасын қайта шертіп, жыраулардың жеңіл мақамымен тақпақтай жөнелді:

Мұндайлар күндіз жусап, түнде өреді,
Ұрлықты түнде қылған кім көреді.
Жегені қожалардың адал емес,
Баланын шөтейімен күн көреді.

Жігіттер ду күлді. Баласынын уытты тілінен жасқанып, қожа-моллаларға тілі тиіп кетер ме екен деп, қабағын түйіп, құнысып отырған Қорамса да, Жүсіп төренің жұмсауымен Шәмбілдерге қосылған Шепе де шыдай алмай иіндері дірілдеп, күлкіге булықты. Жүздері қуарған қожаларға Ақан шүйліге түсті.

Білмей жүр қожа-молла кім екенін,
Қайдан келген, білмейді, әм мекенін.
Тентіреп Түркістаннан келіп едін,
Келе сала биледін қазақ елін.
Момын қазақ сендерді жетілтіп ед,
Семіріп көтермендер кеуделерін.

Қонақтар не тұрып кетерін, не мейман боп отыра берерін білмей сақалдарын салалап, жөткірініп төмен бұқты.

— Жігіттер,— деп Ақан енді көзі жайнап, шәкейлерге қарап, езу тарта жымыды да, сайқы мазақ мысқылмен бітірді сөз сонын:

Жігіттер, ең әуелі іс біліңдер,
Дем салып, қожа-молланы үшкіріндер.
Сүннәтін пайғамбардың көп айтады,
Алдымен осыларды піштіріндер.

Жігіттер қыран-топан. Шәкей шек-сілесі қатып, «пышағым қайда, пышағым»,— деп сөзін зорға құрап, ішін басып, отырған жерінде домалап қапты. Ақанға тиісем деп зәрдей сыбағасын алған қожалардың өні сүп-сүр.

Ауыз жақта сөз төркінін құлағы шалған Жаныл да езуін жия алмай, миығынан күліп есіктен басын сұқты:

— Әй, Ақанжан-ай, жұртты күлдірмесең отыра алмайсың-ау, ал, меймандар, ас пісті, қол жуыңыздар,— деп сөзді бұдан өрі ушықтырғысы келмей, тамақты сылтауратты.

— Ал, ақсақалдар, айыпқа бұйырмассыздар, ақиреттен сөйлегенім, бар білгені осы. Енді көп қышына бермейік, тәуір атты жауыр атқа айналдырып алармыз. Апа, мына сый қонақтарды әкем екеуің-ақ атқарарсындар. Бізге қоян етін салып па едің? Ана жақтағы сұлулар қоян етін жейміз деп отыр,— деп Ақан жігіттерін бастап, отау үйге кетті.

Орындарында мелшиген қожалар есенгіреп қалғандай, мәңгіріп отыр. Серінің бұларға айтқанын Шәкей қыздарға қайталаса керек, көрші бөлмедегілер үйді басына көтере күлгенде, «баланың шөтейімен күн көреді», «әуелі осыларды піштіріндер» дегенді қалай ұмытарын білмей, мына дардай адамдарды піштірудің сөлекеттігі елестеп ыңғайсызданған Шепе мен Қорамса тағы да жарылды. Артында батпандай зілі болғанмен, өткір әжуаға шыдай алмаған Шәмбіл, Шәміл, Мұхаммедрахым, Ғабдрахмандар да мырс етіп, иықтары селкілдеп күліп, алдарына келген жез легенге қолдарын зорға жуды...

Ұрқия осы босағаны аттағалы Ақан манына үйірілген қыздар — бірінен-бірі өткен, шетінен үріп ауызға салғандай он жеті, он сегізге келген. Есілдің талындай бұралған Көкше өңіріне әйгілі, атакты, әнші сұлулар. Бәрі де хат таниды, бәрі де саусағынан оймағы түспейтін ісмер Үрім, Ғайнижамал, Ұрқия, Жамалдардың атастырылып қойған жерлері бар. Соған қарамай, сері қасында серілік құрып жүр. Шынғыстың Күлзейнебі болса, Қызылжардың атакты көпесі Қарағайдың баласын менсінбей бармай отыр. Ұрқия құрбылары Ақанға еріп, ел салтын бұзғалы көркіне еркелігі барабар қыздардың көңілдері өсіп, арқалары кенігендей аз мерзімді еркін ойынсауықпен өткізгендеріне мәз. Іші күйгендер сырттан өсекке танып, ешкімнен зәбір көрмесе де бұлардың жүрісін қырық саққа жүгіртіп, Ақанды кінәлай бастаған. Әлгі қожалардың келісі серіге деген қаскөйлердің шабуылының алды еді.

Отау үй мұнтаздай таза, саңғыраған кең бөлме. Төрден есікке дейін тұтас төселген көк жапырақты жасыл кілем үстіне

айдында сыланған бір топ аққудай тізілген қыздар бірінен-бірі өтеді. Шұнғыма өзен жиегіндегі түй табан жалпақ жапырактардың бетіне шыққан аппак жауқазындардай. Жастар өзді-өзі ойнап, әлде не әзіл әңгіме айтып, жайнай күлгенде, әдепті үндері желідегі құлыншақтардың мойнына таққан қоныраудай сыңғырлайды. Бір-бірімен апалы-сіңлідей тату құрбылардың бойындағы жарастыққа Ақан тойымсыз көзбен қарап отыр. Бір-біріне ұқсамайтын, бірақ бәрі де Көкшенің жұпар иісті әртүрлі гүліндей әсем қыздарды мадақтауға ақын көңіліндегі әсерлі сөз жетер емес. Әннің де шамасы келер ме екен. Ертең жұптары ажырасып, «жел жеріне, жекен суына» дегендей өз қоныстарына кететін ел аруларына әннен тұмардай белгі қалдырғысы кеп, ақын толғанғалы қашан. Көмейіне тірелген не бір сұлу әуендер лықсып келсе де, бұларға арнаулы әнін қорашсынып, сыртқа шығара алмайды. Қазір де тілі жоқ, мақау Ыбанын алдына алып, баласының мағынасыз уілдеп, ыңыранған үнімен қосылып, Ақан әлдебір әуезді ыңылдап отыр.

Сыртта алдамшы боран тағы көтерілсе керек. Терезе түбіне жақын отырған ақын құлағына жарыққа ұмтылған көбелектей әйнекті дамылсыз сипалап, болымсыз ұйтқыған қар ұнтағының ысылы келеді. Бірде ән салып, бірде ортаға қос уыс асықты шашып жіберіп, бес асық, хан ойнап, қызыл асық алшы түссе талапайласып мәз болған қыз-жігіттерден оқшау қалған Ақанның көңілі өз-өзінен құлази берді. Оның есіне, күндегідей, тағы да Сұлтанмұрат түсті. Бұдан төрт-бес жыл бұрын Ақан мына Бәтжан мен Ожымбайды Құлагердің бәйгесінен қалың беріп үйлендірген. Төре есігінде жалшы боп жүрген Бәтжан еркіндік алып, өз алдына үй боп шықты. Бүгін өзімен бірге келген томпиған, бұйығы келіншегі қазір Ұркиямен бірге қазандық үйде ас қамдап жүр. Ожымбай болса, әйелі келе үш күрсақ көтеріп, төрт жылда өзі сияқтанған қалың ерінді, шот маңдай үш ұл тауып берді. Алдына аздаған мал салып, он жасынан бері қысы-жазы салпақтап баққан байдың малынан аз да болса мойны босаған. Екеуі де тәп-тәуір үй боп кетті. Шәкей мен Аяған болса әкелерінің аздаған дәулетінің арқасында серілік құрып үйленбей жүр. Ал Сұлтанмұрат ше. Шешесі өлген қолы қысқа әйдік әнші жігіт күн көріс үшін әр ауылды тентіреп әнін жалдап жүр деген. Қысқы соғымға кенеліп, кекірігі азған еріккен байлар шақыртып алып ән салғызады. Таң атқанша, даусы қарлығып зорыққанша хисса айтқызып арқасынан қағып, болымсыз тиын-тебен беріп шығарады... Кейін бұл төңіректе аты естілмей кетті. Қазір қайда жүр екен? Неге хабар-ошарсыз

кетті?.. Ақан үй-ішінің жылуымен қырауы еріген терезе шынысына қарады. Дала үңірейген қаранғы. Май боранның майда ұнтағы шыныны сипап, ішке енгісі келіп жалбарынатын сияқты. Ақын көзіне ар жағында даусы қарлыққан қырау кірпік Сұлтанмұрат телміріп тұрғандай. Ол да алақанымен терезені аймалай сипап, жылы үйге, достарына енгісі келетін сияқты... Ақын әнші шәкіртін сағынып, көңілі босады...

Әлгі бір әзірде сыртқы есіктен сықырлап, дабырлай сөйлеп біреулер кіргендей болып еді, өзі күткен Сұлтанмұратының даусын естігендей Ақан елегізіп қалды. Бірақ, көрші-қолаң болар – дыбыс қазан аспа жаққа жетіп, тез өшті. Әлден уақытта барып, білегін түрінген, белінде алжапқышы бар Ұркия асыға кіріп:

– Сүйінші, Ақан аға! Алыстан жолаушы келіп тұр! – деді.

– Ал, ал! Кім ол? Ойпырмай, Сұлтанмұрат емес пе? – дегенде Ақанның жүрегі атша тулап кетті.

Аузын жиған жоқ, қап-қара көмірдей бетінде аппақ тістері аксиып, Сұлтанмұрат кіріп келді. Жастар аяғынан тік тұрды. Ақан екеуі бас салып құшақтасып, көріскен адамша ұзақ айналасты.

– Апырай, сен үйге бағана кірген сияқты едің, неғып бөгелдің, – болды қуаныштан аузына сөз түспеген серінің алғашқы сөзі.

– Аяз би сияқты қара лашықта өскен мен де қарақұлмын ғой, қазан-ошаққа бұрынырақ тарттым, – деп Сұлтанмұрат қыз-жігіттермен қол алысып жүріп, әзіл айтты.

– О, құдаханна, мұндай да ғажап бола береді екен-ау, жаңа ғана сенің сыбдырыңды естіп, даусың құлағымнан кетпей, елегізіп отыр едім. Бұл жазуға дауа жоқ. Түнделетіп қалай жеттің, жалғызсын ба?

– Жоқ, жалғыз емеспін. Өй, Ыбыраймысын. Мынау Ыбан ғой. Қарағым-ау, дырдай жігіт бопты ғой, – деп, Ақанның етегінен ұстап, ығына жасырынған он-он бірлер шамасындағы серінің өзінен аумаған баланың маңдайынан сүйді Сұлтанмұрат. – Ал, Ақан аға, ана жақта тағы бір адам бар. Сізді көруге ұялып, рұқсат сұрап тұр.

– Не дейсің, Сұлтан, рас па? Келін болды ғой, кірсін-кірсін, лұқсат. Жігіттер, ана жақтан шашу әкеліндер, – деп, Ақанның жүрегі өрекіп, айғай салды. – Бәсе, көптен көрінбей, зарықтырып неғып жүр десем!

Көктен тілегенін жерден бергендей Сұлтанмұрат біреу емес, екеу боп келіп тұр. Ұлықсат сұрауының жөні солай. Келіншегі

болмаса да, болашақ қалыңдығы екені аян. Бірақ ел ғұрпында үйленбей жатып, ертіп жүру салтта жоқ. Не де болса, бұл жұмбақ қазір шешілмек. Ақан да, үйдегі жастар да көздері жаутан-дап, есікке телмірді.

Осы кезде екі көзі жауһардай мөлдіреп, мандайы он төртінде толған айдай жарқ етіп Ұрқиямен бірге үйге Қадиша кірді.

– Қадиша!– деп үй ішіндегілер тегіс шу етіп, таңырқап қалды.

– Қа-ди-ша!– дегенде Ақанның мандайынан суық тер бүрк етті.

Қадиша да Ақанға тіктеп қарай алмай, көзін бұрып әкетті. Мұны екеуінен басқа ешкім аңғарған жоқ.

Сұлтанмұрат жүгіріп шығып тыстан асыл тастармен әшекейлеген шошақ бас козы құйрық ер алып кірді.

– Ақан аға, мынау әкейдің Ұрқияға арнайы жіберген тартуы!

Онша әшекейлеп, әлеміштемегенмен қайыңнан құраған бір қолмен көтерерлік канбақтай жеңіл ер аса ұқыпты жасалған. Қара ала кавказдатып күмістеген құйысканы, өмілдірік, тартпаларын бірге қосып, былғары тоқым, желдік, тебінгілерімен бірге жіберген бітеу ердің қас мандайында бармақтай асыл тас. Жастардың көзі сол асыл тасқа ауғанда, Ақанның көзі асыл тастай жарқыраған Қадишаның көзіне ауды. Әзіл, оспакка жүйрік Қадишаның ашық үнмен санқылдай сөйлеп отырса да, әлде бір аяулсын жоғалтқандай ылғи мұнмен қарайтын көз жанарында жана бір ұшқын түскендей. Әсем басып, белі бұрала кетіп бара жатқанда сәл ырғалып, толқи түсетін толысқан денесі бұрынғыдан таралыпты. Жүзінде жадыраңқы кейіп бар. Қадиша мүлдем өзгерген.

– Ал мына жүрістеріңе жол болсын. Кеше қарындасын қызғышша қорып, жастай алған әйелін жұрт көзінен орынды-орынсыз қызғанып, Ақанмен сырттай жауыққан Тастан енді сол әйелін Сұлтанмұратқа қосып, жақсы тілеумен жіберіп отырғаны қалай? Ақан мұның мәнін сұрай алмады. Сұрауға батылы жетпеді.

Сұлтанмұрат ақын ұстазының қасына отырып, құтты болсын айтқанда, екінші жағынан Қадиша да қосылды:

– Сері аға, Қоскөлдiң көгілдірін іле алмай қапы қалып едініз, Аккөлдiң аққуы тұзағыңызға түскен екен, қайырлы болсын!

«Өзiң де Сұлташтың құрығына түскен екенсiң, қайырлы болсын!» деп әзілдеуге серінің аузы бармады. Бірден, екеуінің

арасы әлі жұмбақ. Екіншіден, жұмбақ ойлағанындай шешілген күнде, бұрынғы ісіне кінәсіз болғанмен Ақанның бетіне айықпас шіркеу түспек.

Әйтсе де жөн-жоба білмек боп, Акан алыстан орағытты:

– Ал, өздеріне жол болсын, құтты болсын айта келген көңілдеріне мын да бір рақмет! Екеуің қайдан қосылдыңдар?

– Тағдыр қосайын десе қиын ба, сері аға! Жасағанның жазуы қиыр-шиыр ғой,— деп астарлаған Қадиша сөзін Акан аса ұқпай қалды.

– Қадиша төркініне барып еді, екі-үш ай сол Қараой жақта болды. Мен атқосшы боп бардым, Акан аға,— деп Сұлтанмұрат та түсін ашып ештеме айтпады.

Сөз осымен доғарылды.

Қадиша өздерінен көп үлкен болмаса да, балауса, тең құрбы қыздар Тастан байдың әйелі орталарына келгенде жат адам тәтті отырыстын шырқын бұзғандай томсырая-томсырая қалып еді, тамақ ішіліп біраз отырған соң, қайта жадырап, араласып кетті. Оған Сұлтанмұрат пен Қадишанын сырнайдай қосыла салған әндері себеп болды.

– Сұлтанмұрат, Қадиша, көрмегелі көп болды, үндерінді сағындым ғой,— деп Акан қолқалаған соң, екеуі де іркілген жоқ.

Әуелі Сұлтанмұрат біраз шырқап, Қараой жақтан үйреніп келген өлеңдерін араластыра қарқындап алған соң, Қадиша алды кезекті. Аздан кейін екеуі қиулап ұшқан егіз қоңыр қаздай қосылып кетті. Ана жылы Тастан үйінде отырып қосылғанда көңіліне ой салған екеуі, Ақанның көкейінде көптен сайраған әнін қозғап жіберді. Екі дауыс жана әннің тұйыққа тірелген жерін ашып, қиналған пернені тап басқандай, сері баяу ыңылдап отырып іздегенін тапты.

Акан Сұлтанмұраттың кейбір әнін қабағы түйіліп, бет пішіні кіржиіңкіреп отырып тыңдаған. Әнші аузын ашқанда бүкіл тұла бойы балқып, алқымы ісіп, күре тамырлары білеуленіп кететін еді. Бірақ жүзінде мысқалдай қысылыс нышаны білінбейтін. Осы жолы қоңыр бетіне қан теуіп, күренітіп, қызбай жатып маңдайынан шып-шып тер шықты. Әнді бабымен созбай қысқа қайырып, тез айтып құтылғысы келгендей алқынып қалды. Үнінде аздаған қарлыққан дыбыс бар.

Ұстаз реніш білдіріп, біраз сөгіс айтайын деп оқталды да: «Ел аралап, көрінген жерде жосықсыз айғайлап, әнді кәсіпке айналдырған соң ешкімнен қағу көрмей, тек қолпаш көріп өз әнінен өзі ығыр болған ғой. Оның үстіне жігітшілік бабы келіскенмен, дауыс бабына күтім жоқ, бар салмақ, ауыртпалық

көмейіне түскен екен. Қазір бас салып ұялтпайын деп, оның үстіне шәкірт алдында өзін жазықты адамдай санап, тосылып қалды. Тек ән ырғағы, қайырмасы жөнінен бар әншіге ортақ ойын үлгі ете сөйледі.

— Жігіттер, қыздар, көптен сендерге айтайын деп жүрген бір сөзім бар еді. Сұлтанмұрат айтқан өлең сөзіндегі кейбір мүкіс жерлерін естігенде есіме түсті. Ол мүкіс бәрінде де кездесетін малдағы соқыр ішектей артық нәрсе. Ол қайырмада.

Ақан лұғат, кенес айтса зер салып, ынтыға тындауға машықтанған әншілер тегіс құлақ түре қалды.

— Жана бір өлеңінде, Сұлтанмұрат, «Сәулем-ай» деген қайырманы орынсыз қолданды. Бұл жерде «сәулем-ай», «қалқам-ай, қарағым» деген сүйгеніне құлаққағыс мазмұн жоқ. «Шіркін-ай», «дариға-ай, қайтейін» деген дәрменсіздіктен айтылған өкініш, жігері құм болған қайрансыздық бар. Ендеше бұл араға «шіркін-ай», «дариға» сөзі лайық. Сол сияқты өлең шумағынан соң тыныс алып, қайырылатын тұстағы, ән буынындағы «дүние-ай» деп мұн шағатын, «па шіркін» деп тасыған көңілді көтеретін, «ой, пәле, қыз бала» деп құйқылжытатын, қосымша сөздерді өз мәнімен жұмсай білу керек. Әнде бөлек-салақ, артық-тыртық сылыма жерлер көп болса, солғұрлым әсері кемиді. Ән сөзі октаудай жұмыр болмай, кедір-бұдырлы болса, салған ән де, бір жері жұқа, бір жері қалың жайылған етгін нанындай түйіртпектеліп, кебір жұтылады. Олақ әншінің көмейінен шыққан кіршен ән де, салақ әйелдің қолынан шыққан күлді-көмеш дәм секілді. Сондай-ақ «Ахау», «еһей», «гегигей», «ойхой», «халалау» деген үстеме бунақтар да ән, өлең мәзмүніне лайық, жатық келсе керек. Сендер Біржандай ән тәңірі туған Көкше өңірінің бетке ұстар әншілері екендіктерінді еш ұмытпаңдар. Сендер салған ән елге үлгі, болашақ әншілерге мәктәп, сабак болса деймін. Ән де балауса қайындай нәзік жаратылыс — қылт етіп көрінген шыбық кезінде бір жерін жаралап, не қисайтсаң, жетілгенде де сол жара қалып қояды. Әннің бапкері, тәрбиешісі әнші.

Сері біраз көсіліп алды да, әншілерге күлімсірей қарап:

— Жана Сұлтанмұрат пен Қадишаның қосылып айтқан өлеңдері көкейімдегі бір өнге жан бітірді. Толғағы басталғалы қашан, міне, енді дүниеге келді,— деп жана бір ән бастады.— Бұл өзі үш адамның даусмен айтылатын ән сияқты.

Ән аты «Үш тоты» еді.

— Мен бүгін ұйқтап жатып көрдім бір түс.
Көргенім Иран бакта үш тоты күс...
Тағы да ұйқтап жатып көрдім бір түс,
Шығыпсыз бір ауылдан үш тоты күс,—

деп өндері қызарып, қысылыс тапқан сұлу қыздарға карап отырып, өлең аяғын жұмбақтағандай, іштей Қадишаға да құлаққағыс етіп, бұрынғы өкінішті істен арылайық, ендігі жол — дос арасындағы татулық жолы болсын дегендей түйықтады.

Бір жақсы бір жақсыны өкпелетпес,
Жем жеген аксұнқарым қолдан кетпес,
Бұйырса тағдыр бізді татулықка,
Еске алмай мені дағы қапыда өтпес.

Толкымалы қоңыр ән бірде баяулап, бірде көтеріліп барып басылғанда, жастар қорғасындай балқып, толқып кеткен еді. Өнкей өнерпаз әншілер тез қағып алып, жылдам жаттап, екі-үш дауыспен мәнерлеп салғанда «Үш тоты» Иран бағындағы жүз құбылған тотыдай сайрап, құлпырып сала берді.

Бұл бір — Каратал бауырында туған, Көкше жұрты көптен күткен шоктықты, сұлу ән еді. Көрші бөлмедегі шалдар да нақысты жана әнге амалсыз құлақ түріп, тына қалған. Ұлының өнеріне іштей қуанып, әмәндә көңілі өсетін Жаныл шешей босағадан тындап, тебіреніп тұр.

— Ағасы, сонымен үш тоты кім болды. Үрім, Жамал, Күлзейнеп, Үркия, Ғайнижамал, Қадиша апайдың қайсысы. Айырып айтпайсыз ба,— деп раушандай сұлуларды қырмызыдай қызартып, Бәтжан жеңіл қалжынмен тосын сұрақ қойды.

— Өзің қалай ойлайсың?

— Өй, сен де бір... үш тотыға ең тағып қайтейін деп ең,— деп Шәкей Ақанды түйықтан шығарғысы келіп еді, серінін Үркиясы күлімсіреп, жолдасын біржола құтқарып алды. Ертеде бір хан болыпты.— Жастар көзіне жылт етіп ұшқын атқан Үркияға қарасты.— Ханның отыз кәнізәгі болыпты. Отыз күндес күнде қырқысып, қызғаныштын дертіне шалдыққан сон, хан отызына отыз алтын сақина соқтырып, әр қайсысына жасырып берген екен. «Бұл алтын сақина екі арамыздағы құпия болсын. Мен дүниеден сапар шеккен күні саусағына киерсін. Оған дейін сандығына салып, тереңде сакта» деп онашада бас-басына жеке айтыпты. Содан күндестер бұрынғыдай «төремнің ең сүйіктісі менмін, менмін» деп таласып, шапұр-шұпыр бола қалған күн

болса, үстіне келген хан бәрін тоқтатып: «Оу, жамиғаттар, текке таласып, жүз жыртыспандар. Бәрінді бірдей көрмейтінім рас. Менің ең сүйіктім,— алтын сақина кімде болса,— сол. Көңілім де сонда» дейді екен. «Е, хан тақсырдың көңілі менде екен» деп оғыз кәнізәктің әрқайсысы іштей мәз боп, тоқтайды екен. Сол сияқты Ақан ағаны бұл арада қинап қайтеміз,— дегенде жастар тегіс күлді.

— Ақылыңнан айналдым!— деп Ақан да сөз тапқыш Ұрқиясына мейірлене қарап, мәз болды...

Әдейі келген шаруаларын тындыру орнына Ақаннан таяк жеген қожа-молдалар ертеңіне зығырмен аттанған.

Тап жүрер алдында Шәмбіл қожа Қорамсаны жеке алып шығып:

— Кореке, бір-бірімізге жат адам емес, тілеулес ек. Шын жаным ашығасын айтамын. Үйіне жын-ойнақ орнаған екен. Ана қыздардың шімірікпестен, қымсынбастан келіп түней жатып, сайран салулары жақсылық емес. Түнемел қыздың ашуы қатты болатынын білесіз. Әдет бұзған әдепсіздердің үлгісі Қараталдан, сайтандай еліктіруші Ақаннан басталып отыр. Ел мұны аяқсыз қалдырмайды. Тез тыйыңыз. Тыймайды екенсіз, өкінесіз. Ақылым осы,— деп зіл тастап кетті.

Бірақ Ақан ешкімнен ыққан жоқ. Жаз шыға тіпті еркінсіп алды. Оны еркінсіткен ән сүйгіш сауықшыл елдің өзі. Қайда той, қайда жиын болса Ақанды кісі жіберіп шақырып алады. Аужар Ақансыз айтылмайды, қыз серісіз ұзатылмайды, жана туған нәрестеге әншісіз ат қойылмайды. Сері жалғыз жүрмейді. Бар тобымен жүреді. Сері тобы азаймайды, күннен-күнге көбейе түседі.

Үнемі Ақанмен бірге жүретін Ұрқиядай, Сұлтанмұратпен қосыла ән салатын Қадиша да жасырынбақ ойнай алмады. Күндердің күнінде Тастанның құлағына сұмдық сөз де, мұздай боп жетті. Ақан Ақтоқтыға ерегісіп Тастанның токалын тартып алыпты, Ұрқия екуі күндес екен» деген өсек бір шығып еді, іле «Ақан өзіне ерген жігіттерге елдің ең тәуір қыздарын алып береді. Қадишаны азғырып Сұлтанмұратқа қосыпты. Сұмдық-ай, бүйте берсе ұрғашы атаулы құтырған иттей көзі қанталап иесінен безер болар, қыз-қырқын әзәзілдік жолға түсер болар» деген алып-қашпа сөз су жыландай сүйрендеді.

Іші оттай күйіп, есінен танған Тастан өзі қуып жіберген токалынан қайтып өш аларын білмей, жұрт алдында маскара боп, ел бегін көре алмай запыран құсып жатып алды. Кек алудың жолын ойлап, қуарған қу шөптей халге жетті.

Өстіп жүргенде Қараөткел жактан серіге хабар келді. Үш жүздің басын қосқан Акқошқар-Сайдалының асы болғалы жатыр екен. Күннің ыстығында келер алдағы оразаға дейін өткізбек асқа Ақанды шақыртып, данқы жер жарған Құлагерін бәйгеге қоссын деп, арнайы шапқын жіберіпті.

Ақан бара алмайтын болды. аяғы ауыр Ұркияның күні таяу еді. Сері серігін тастап, сауық қуып кете алмады. Көзінің қарашығындай Құлагерін де біреуге сеніп аманатпен жібере алмады.

Шідерленген дүлдүлдей, топшысы қайырылған қырандай тобан аяқ боп отырып қалған тұлпардың тұсауын шешіп, сұңқардың томағасын ағытқан Ұркия болды.

— Ақан, сіз жалғыз менің Ақаным емессіз, ел Ақанысыз. Елсіз Ақан жоқ. Ақансыз жердің сәні, елдің әні жоқ. Жер сәнінен, ел әнінен айырылмасын. Мен десеніз бұл жолдан қалмаңыз. Дүниеде бала тауып, ана болған жалғыз мен емес. Менің қабағым кірбің тартсын демесеніз, ризашылықпен аттаныңыз. Өзіңізді екеу боп қарсы алармын,— деп соңғы сөзіне ұяла тұрып қиылды. Құлагердің ер-тоқымын өзі алып шығып, атқа салды.

Сөзден тосылған Ақан Ұркияның ақылына риза болып, тілегін қабыл алған. Құлагерін баптап, әнші-күйшілерін, балуандарын ертіп, салтанатпен аттанғалы жатқанда Ұркия Ақтоқтының белгісі — сары жібек жабуды үлбіретіп өз қолымен жапты Құлагерге.

6

Ішуге, жеуге дегенде қай заманда да сылтау көп болған-ау. Ақандар аттанысымен ауыл-үйдің қатын-қалаштары жиналып, Ұркияға тоқымқағар жасатты. Бір қойды сойғызып, өзді-өзі маз боп тарағандардың ішінде Мұхамбет пен Рамазанның әйелдері де бар еді. Биыл қыс бойы Ақан үйі сауықшыл жастардан арылмай, бәрі топтанып аң аулап, Қаратал бауырын думандатып жатқанда, ерінің қас-қабағына қарап, бұл жаққа аяқтарын қия баспаған абысындар алыстан қызығып, бір келіп кетуге құмартушы еді. Келін боп түспей жатып ата-енесінің алдында еркін еркелеп, қайнағасымен далада мылтық атып, құс салып бозбалаша бірге жүретін сұлу Ұркияны сырттай күндейтін. Өздерінің өңсіздігіне де іштей күйініп, босағаны аттамай жатып осы төңіректің ауызға іліккен ең сұлуларын маңына топтап, құрбы көбейтіп алған жас келіннің бақытын өзара қызғаныш

етуші еді. Оларды женге боп, үлкендік жолмен шақыртып алған да Ұркия.

Алғаш келгенде екі келіншек те аса сыр бермей, қатар отырып, қатар сызданған. Басқа әйелдер үйді басына көтере ән салып, дарақы күлкіге басып, көңілдері масайып тарағанда, бұл екеуі үнсіз тымырайып сұрланып қайтқан. Неге екенін өздері де білмейді, әйтеуір бар малды түп-тұйнақтай етіп қайғымен алған келіннің салған әні, сөйлеген сөзіне дейін қызықтап, аналып-толғанып мәз болған Қорамса мен Жаңылдың, өзінен бір-екі-ақ жас үлкен жеңгемен бірге туған апалы-інілі балалардай ойнап, жарасқан Әйбергеннің мінездері ұнамады.

Бірақ, сол бір барып қайтқан күннен соң, екеуі де ерлерінің көздерін ала беріп, бір қаға берісте Ұркия үйіне қарай томпандайды. Тоқымқағар арты бастанғыға айналып, жан-жақтан қыз-қырқын ағылып, серінің үйі келімді-кетімді кісіден арылмады. Бұлар барған сайын бауыр басып, өздерімен жылы сөйлесіп, үйіріп алған Ұркияға да үйренісе бастағандай.

Бір күні, ойда жоқта, екеуі отырып көңілдерінде жүрген сырын ақтарды.

— Әй, шынында да, сері ағам түгілі осы Ұркияға өзім ғашық боп барамын. Әйелге әйелдің құмартқаны қызық екен,— деп еді Мұхамбеттің әйелі Қайныкеш.

— Рас-ай, мен де солаймын. Пендешілік десейші, әуелде ағайынды адамдардың арасына сайтан кеп түскендей ытырынып едім, енді періште көргендей мен де құмартып барамын, өзінің кісі тартар сиқыры бар шығар, қажының қызы ғой,— деді кара қайыстай арық Уәзипа.

— Не сиқыры бар дейсің. Оның орнында біз болсақ, қызығына ортақтаспай жатқан қайынбикелер сыртымызды беріп, маңымызға жуытпас ек. Жаксының аты жаксы да.

— Иә, ақылды екен. Құдайтағала көңілі түссе көлдей-ау, бар жаксылықты бір басына үйіп берген. Сымбат, көрік қандай. Тіпті бар ғой, тым құрмаса ана жүп-жұмыр аппақ білегін бізге бермеген,— деп Уәзипа көк тамыры білеуленген көсеудей білегін кең жеңінен шығарып, қорашсына қарады.

— Не керек, сері ағам теңін тапты ғой. Қалай еркелетсе де тұрады. Киген киіміне дейін жарасып тұр, біздей кең етек сал бөксе емес.

— Оның рас. Бірақ, еркектің еркегіне де байланысты-ау. «Жібекті түте алмаған жүн қылады» деп кейбір еркектер алтын асықтай әйелдерін алмай жатып жүн қылып жібермей ме. Сері ағам бөлек жаратылған жан ғой. Малым кетті деп мойып,

кажыған ол жоқ. Қайта бұрынғыдан да құлпырып, Ұркияны катынындай емес, қарындасындай мәпелеп отырған жоқ па?!

— Иә, қызығын көрмеген малдан не пайда. Көбейген сайын көбейтем деп, қалтырап отырғанша, аз өмірінде сері ағам мен Ұркиядай тату-тәтті қызық көргенге не жетсін. «Бәрі азығы мен ер азығы жолда» демекші, тату, қызық өмір кешкен адам аштан өліп, көштен қалмайды. Шіркін, Ұркияштың не арманы бар екен?!

— Соны айт! Тек арманы баянды болғай. Сен естідің бе, осы, көре алмайтын күншілдер сері ағамды тағы да өсекке танып, шулап жүрген көрінеді ғой. Үйіне өнкей сұлу қыздарды жиып алып, хат жазысып айтысып, жастарды аздырып жүр дейді. «Әсіре қызыл тез онады, әлі Ақан, көрерсің, Ұркияның үстіне бірнеше әйел алады» дегенді шығарыпты.

— Е, әйел затының бағасын малмен өлшейтін тоң мойындар не демейді. Сері ағамның жанын қайдан ұқсын!— деп Қайныкеш қабағын шытты.— Басқа түгіл, кеше Мұхамбет те төсекте жатып бүйірімнен темірдей қолымен нұқып қалды. «Әй, сен қатын ана үйге барғыштап жүр дейді. Немене, жастығың есіне түсіп жүр ме. Саған сауық не керек. Шуынды шұбатпай, балаларынды, шаруанды бағып ал! Бұзылғын келмесе, енді аяғынды қия басушы болма!» деп теріс қарап жатып алды. Намыстан қорланып түні бойы ағыл-тегіл жыладым. Одан басқа не келеді қолдан. Мұхамбет аяп, тым құрмаса бір рет аймалар ма деп ем, сезген де жоқ. Түні бойы қорылдап, таң ата малға тұрып кетті.

— Иә, әй. Осы сері ағамның жүріс-тұрысын тек жамандыққа бұратындары қалай? Сүйтіп жүріп, бар жерде соның өленін айтады өздері...

— Жап-жас Ұркияның ақылына бұлардың тағы да бір көздері жетті. Асқа кеткен Ақандарға он шақты күн болған. Қасиетті ережеп айы өтіп, ауыз бекітер рамазан айы басталған. Екіндіге қарай екі күйме салдыртып келіп, серінің үйіне тоқтады. Ішінен Шынғыстың, Жүсіптің, Нұралының, Майкақтың ерке қыздары, тағы бір әйелдер түсіп жатыр. Ақанның «Үш тоты» әні шыққалы ел осы өңірдегі бес-алты бойжеткен сұлу сылқымдарды үш тоты атап кеткен.

Мойындарындағы ақ торғындары желбіреп үйге кірген тотыларды көргенде Қайныкеш пен Уәзипа да солай қарай жөнелді.

Қыздармен ере келген ұзын бойлы қара әйелді көргенде қос қайынбике бірін-бірі шымшып алып, бойжеткендермен зорға амандасты. Күлкіге булығып отыр. Жарылардай боп, бір-бірінің

құлағына сыбырлап, келіндерін байкаса да, байкамаған болып Ұркия құрбылары әкелген тартуларын көре бастады.

Қолдарынан өнер тамған ісмер қыздардың әкелген сыйлары көз тартады: өңкей асыл тас, тана қадап, оқа жүргізген қуыршаққа кигізерліктей алакандай шапан, үлбіреген көйлек. Ылғи жас нәрестенің киімдері. Бүгін-ертең деп отырған аяғы ауыр Ұркияға тарту — ақ ниетті жақсы ырым. Жұдырығына кигізген жасыл шапанды айнала қарап Ұркия күліп жіберді.

— Өздерін ырымшыл ғана емес, білгірсіндер ғой. Мына екі иыққа қадаған есек тас, жылан бас, жауырынындағы түйе шудасы көз тимес үшін қадалған-ау. Әжем айтып отырушы еді,— деп, бір кезде лып еткізіп Жамалдың алдына тастай салды.— Тығындар, апам келе жатыр. Ұят-ай, көріп қалмасын.

— Е, ештеме етпейді. Балаға алдын ала киім дайындағанның не оғаштығы бар,— деп қара әйел, сәби киімдерін алдына жиып алып, жарыққа көтеріп көре бастады...

Кешкі ауыз ашарға дейін мөре-сәре болған қыздар Ұркиядан серінің өлендері сақтаулы сандығын суырып алып, кешке дейін өлендерін көшіріп, бұрын қыздарға жазған ғашықтық хаттарын дауыстап оқып отырған. «Бәтима қызға», «Ақшабақ», «Шамши-камар», «Аксаусак», «Ғашық жарға», «Бибіғайша», «Ж...ға», «Зағипаға», «Базар қызға», «Жанатай қажының қызына» деген төтті өлендерді қабғын шытына отырып, жақтырмай тындаған қара әйел бір кезде ернін сылп еткізіп, кекесінмен күлді:

— Осы менің таным бар. Ұркияш, шынынды айтшы, Ақанның мына өлендерін естігенде қалай шыдайсың? Өніне қарасам, масайрап, шаттанып отырған адамның өні. Әшейін бер жағын болар. Әйтпесе қызғанбаймын дейсің бе? Бұрын желіккен жастығында жазған өлендерін енді неменеге сақтап жүрсің, жырғып тастамайсың ба? Бұл түгілі жұрт «Үш тоты» деп мына қыздарға шығарған өлеңіне күліп, сенің мінезіне қайран қалып жүр. Қалай басындырасың. Ұят-ай! Өзіміз болсақ...— деп ернін тағы да сылп еткізді.

Ұркияның да, басқа қыздардың да беттері өрттей жанып мосқал әйелге үнсіз қарай беріп еді, Қайныкеш шыдай алмады:

— Жұрт не демейді. Онда тұрған не бар екен. Сіз, не, осында араға от сала келдіңіз бе?!

Ұркия шамданған жоқ, беті шұңқырая күлді де, қасын керіп биязы жауап берді:

— Апай, мені аяғаныңызды түсіндім, рақмет! Бірақ серінің камын неге ойламайсыз. Егер сері сұлу қызға, жақсы құрбыға ән шығарып, өлең айтпаса кім болар еді. Қолынан домбырасын,

көмейінен әнін тартып алсам, менің де бұл үйге келуім бекер болған. Мен дүние жиған малшыға емес, жыр қуған әншіге тиген ем. Егер серінің бұрынғы өленін жыртып, ендігі өленін тыйсам, сері қуыс қурай біреу болып қалмай ма. Сіз бұл базынанызды өз үйіңіздегі сері ағайға жасасаныз етті.

Қайныкеш те, Уәзипа да қатарымен жарылды:

– Айтқандай, сіздің үйде де сері бар ғой.

– Әні жоқ, сәні жоқ неғылған сері.

– Сері емес, тыраш қой, – деп сөздеріне булығып, шек-сілесі ката күлгенде, кара әйел шыдай алмай үлкен үйге шығып кетті.

Екі әйелдің бағана кіре бере күлгендері де осы еді. Кара әйел бүкіл көкшеге әйгілі Ожан серінің жамағаты. Біржан, Ақан сияқты сал-серілерге «мен де олардан кем емеспін» деп еліктеп, әуре боп жүрген бір жан. Алдында мың қаралы малы бар Ожан неше түрлі әлеміш киімдерді киіп, ел аралайды. Барған жерінде аттан құлап, қашан үйге көтеріп кіргізгенше шалқасынан түсіп тырайып жатып алады екен. Үйге кіргендегі кәсібі де сол. Еліне аттанарда жұрт жабыла кілеммен көтеріп, қолтығынан демеп, атқа мінгізіп мазақ етеді. Жұрт мазағын шын көрген Ожан өзін сері санап ертеден кара кешке бүлінеді де жүреді. Не елге, не өзіне тигізер мысқалдай пайдасы жоқ, досқа күлкі, дұшпанға таба пенде.

Ақанның бірде: «Кейбіреулер қыз алдым деп, қызғаныш алады, онысы асыл жар емес, масыл қар боп шығады» дегені есіне түскенде серісін сағынған Ұрқия:

– Қазір келем, қыздар, – деп қора ішіндегі шошалаға кетті.

Күн де етекке жақындап, ауыз ашар мезгіл таянып қалған. Жаныл шешей Ұрқияның аяғы ауырлағаннан бері «келінімнің жүрегі айниды» деп қазан-ошақты үйден алыс ұстап, жаз шыққалы есік алдындағы жер ошақты қалың қарағай бауырынан қаздырған. Ауыз ашарға дәмді ас даярлап, алыста бүгежектеген енені көрген Қайныкеш пен Уәзипа да:

– Ой-бой, күн батып қалыпты-ау, әлгілер дігірікті сала келетін болды-ау, – десіп үйлеріне жүгірді.

Ұрқия Ақанмен отасқалы серісінен тұңғыш айырылысуы. Өзі лұқсатын беріп, қолқалап аттандырса да, аз күнде қатты сағынды. Есіне түсіп кетсе-ақ шошалаға жүгіретін әдет тауып алған. Онда екі бүркіт бар. Бірі томағалы Қараторғай. Екіншісі бала қыран. Биыл бауырынан сүті сорғалаған буаз қоянды атып алғалы Ұрқия ара-тұра түнде шошитынды шығарған. Бір күні түсіне тағы да қоян еніп, қос аяғы әлсіз тырбандаған қоян тыр жалаңаш әйелге айналып кетті. Құлағынан көтердім деп

тұрғаны қос бұрымы екен. Қарны шермиген әйел, сүтті қан сорғалаған қос анарын қысып, сөйлеп қоя берді: «Әй, Ұрқия-ай, сен де ертең перзент күткен мендей ана емессің бе. Күнәсіз сәбилеріме жарық дүниені көпсінгенін неғылғаның!» дегенде Ұрқия шошып оянып, солқылдап тұрып жылаған. Түні бойы көжекше бүрісіп, ықылқ атқан Ұрқияны бауырына қысып, аймалаған Ақан, көзінен, ашық иығынан, тұла бойынан сүйіп, уата алмаған. Келесі күні, «қардың басын қар алар, ханның басын хан алар» дегендей, аңның басын да аң алады, енді мылтық атпасаң, құс салуға үйретемін. Сонда қоянынды ұмытасын» деп, жақында екі балапан қыран алып келген. Біреуін келе қаптан алысымен ұшырып жіберді. Ұрқия:

– Одан да мынаны неге жібермедің, ананы алып қалу керек еді, – дегенде:

– Оның несіне қызықтың? – деп Ақан күлген.

– Мынаның көзі шағыр аттын көзіндей екен. Ананың көзі қап-қара мойылдай әдемі еді. Және мынадан үлкендеу, ірілеу. – Ақан одан бетер күлді:

– Оның көзі қара, сұлу болғаны – шата туған.

Ұрқия өрескелдеу қалжынға өкпелеп бұртия қалып еді, Ақан күлкісін тыйып, қара көз құс жайын шын түсіндірді.

– Рас айтам, Ұрқияш. Оның қара көз болуы – ұябасар бүркіт қарақұспен шағылысқан. Сол себепті мына шегір көздей ол әжет болмайды, жасық құс. Сосын ірі болуы, ол да ұябасар. Есінде болсын, қашанда адал құстың еркегі ірі келеді де, арам құстың ұрғашысы ірі болады.

Содан сон қанаты қатқан балапан бүркіттің балағына балдақ салып, шыжымдап, екі жақ басын қайысқа ілген әткеншек секілді жұмыр ағашқа қондырып, тербетіп қойған.

Мұны селкілдек дейді. Қашан қолдан тамақ жеп үйренгенше осылай тербетіп қажытады. Әбден қажығанда барып тамақ жейді. Тамағы ет. Мына істіктің басына қадап береді. Мен келгенше өзін бақыларсын. Кейін бұл сенің қыраның болады, – деп кеткен.

Ұрқия қараңғы шошалаға кіргенде томағалы Қараторғай бұрыштағы тұғырда мүлгіп, үнсіз отыр екен. Бала бүркіт жүнін үрпитіп, талпынып тамақ іздеп отыр. Ұрқия жалма-жан істіктің басына туралған етті қадап, Ақанша «кәл, кәл, ала-бас!» деп тұмсығына тақап еді. Шегір көзімен етке тесірейе қараған балапан бір кезде бас салып, бір-ақ қылғытты. Ұрқия тағы берді... Тағы берді. Өзі күндегісінше оңашада еркін сөйлесіп жүр.

– Алабас, Алабас. Сен Ақанды сағындың ба? Ә, айтпайсың ба? Мен сағындым. Бүгін ол кеткелі неше күн, білесің бе? Он бір күн... Өзін үндемейсің ғой. Қарның ашқан екен, ә! Биыл сені аңға үйретеміз. Сен менің колымда боласың. Ақанның бүркіті Қараторғай... Түсіндің бе. Мә, же, же. Ақан келгенше тойынып ал. Ол келісімен сені баулиды. Тыныштық көрем деп ойлама. Қасқыр алатын қыран ғып шығарады. Қазір ет жеп ал. Әлі қоянды түсірерде тұзды киіз де жұтасың, асықпа. Ақан, Алла амандық берсе, жақында келеді. Мен де күн санап жүрмін...

Ұрқия балаша сөйлесіп шошалалада ұзақ жүріп қалды. Бұл кезде күн де байыған еді. «Енді құрбылары есіне түсіп үйге ауыз ашарға бұрыла берген... Көзінің алды түк көрмей, басы шыр айналып кетті. Шыға берістегі ашадан қармана берген Ұрқия қалай бүктүсіп отыра кеткенін де білмей қалды. Мұнысы несі. Көзінің түбі суырып, басы шыңылдап барады. Қараңғы шошалалада көп айналып қалғандікі болар... Жок, құлақ түбі дүңгірлеп, жермен бірге өзі де шыр көбелек айналып бара жатқандай. Әлде тамақ ішпегендікі ме. Мына ораза да Ұрқияның жүкті кезіне дәл келер ме. «Өзің аяғың ауыр, ауыз бекітем» деп әуре болма. Зорығып қаласың. Одан да тамақты жақсылап іш» деп кеткен Ақан. Жаныл апасы да: «Қарғам, оразаның басында, ортасында, аяғында үш күннен ұстасаң болады. Ережеп айында ырымын жасадың ғой. Сол да үлкен сауап» деген. Бірақ алты жасынан бері ауыз бекітуге үйренген қажы қызы бұрынғы әдетін тастамады. Алғашқы ауыз бекіткен күннен былай асқа зауқы сокпай, тәбеттен айырылған. Қазір аш өзекке түсіп кеткен-ау. Іші де бұрап барады. Мең-зең боп шөгіп қалған Ұрқия бүктүсіп, бүрісе берді. Орнынан тұруға мұрша жок. Әлден уақытта, ессіз талықсып, күлап түсті. Бұл – толғақтың басталғаны еді.

7

Жыландының бауыры абыр-сабыр. Қонсы қонған көп ауылдың жастары лақабы жер жарып келе жатқан асыл қонағын қарсы алуға бір обаның басына жиналған. Үкісі бұлғақтаған қыз-қырқын, аттарын тайпалтып ерсілі-қарсылы жосылтып жүрген бозбалалар. Бәрі де әбігер. Бәрі де Ақан тобын күтуде. Алыстағы Қуандық жұртына – Аққошқар-Сайдалының асына барған Ақан сері бүкіл қауымды аузына қаратып, әнімен де, сал-сері достарын ерткен сәнімен де жұрттың құмарын, елдің айызын қандырған. Апарған балуандары жығып мерейі өссе,

Құлагері үш жүз аттын алдында кара үзіп келіп, алты алашты тағы да таң қалдырыпты.

Жыланды жері карауыл жұртының ең қалың отырған тұсы. Атығай-карауыл жайлаған өлкенің ашылар биік қақпасы. Астың хабары бұл араға күн құрғатпай жетіп жатқан. Кеше Ақандар осыдан бір түстік жердегі Ашылы жайлауына қоналқыға келді деген. Енді бұл ауылға сокпай өтпейді.

Күн етекке қарай еңкейе бастаған шақ еді. Тып-тымық далада Көкшетау жерінің о шеті мен бұ шеті. Айна көлге түскен жарқын сәуледей көрініп, ерекше құлпырады. Соңғы сағымға жүзіп, сол жақта Зеренді, Айыртау таулары, алыстан Бурабай мұнартады. Арт жақтан Имантау, көз ұшында сүйірленген Ақан тауы бұлдырайды. Бір кезде бар тау, бар алапқа үн біткендей жанғырығып, ең даланы қуанышты үн кернеп кетті.

— Әне, шықты.

— Ақан сері келеді!

— Көрінді, көрінді!

Жап-жасыл Жыландының белесіне шыға келген қалың топқа қарай жұрт лап қойды. Қатар тізіліп, аттарын ентелеткен сал жігіттер өздерін күткен лек-лек жастарды көргенде шырқатып әнге салды. Кешкі ауаға шымырлай шыққан ширатылған ән аспанға шырқай көтеріліп, Жыландының көк баурайын әсем күйге бөлеп келеді. Ежелден еркін тіршілік пен соның қоша-метшісі әнді жанындай сүйетін, дала бозторғайынан бастап көл патшасы акқу әніне дейін тұра қалып құлақ түретін қауым — дала гүліндей құлпырып, бар асылын киген жастар бір-біріне қуана ұмтылысты. Сынғырлаған күлкі, биязы амандықтан бұратыла басып, тобылғыдай майысқан бойжеткендер сал-сері жігіттердің шылбырына оралып, енді бір тобы Ақан мен үкілі домбыраларын көкке бұлғап ән салған Бәтжан, Сұлтан-мұраттарды ат үстінен кілемге түсіріп алып, ауыл шетіндегі көк шалғынға тіккен үлкен боз үйлерге қарай шұбыра жөнелді. Аккошқар-Сайдалы елінен оралғалы серілерге қосылған үш аттылы тізгіндерін бұрып, Жыланды жұртының ақсақалы Қарауыл Қылышпай қарттың ауылына бет алды. Бұл — екі жігіттің қасына ерткен алтайдың атакты байы Батыраш еді.

Талай аста үздік келіп жүрген Құлагердей дүлдүлді көргенде одан ұйқы қалған. Біреудің жылтыраған күміс шақшасын, сары ала қамшысын көрсе де қағып түспей көңілі көншімейтін Батыраш Көкшенің тұлпарына өлердей қызықты. Қызыққанын сұраудан жүзі жанбатын, оны не қалап, не қорқытып алғанша тыным да таппайтын ол Ақан серіге той артында қолқа салған.

Бірақ сері маңына жуытпады. «Бір үйір жылқы берейін» деп шын қиылса да болмады. Ақыры серіге керегі қыз ғой деп, «бүкіл қуандықтан тараған алтай руының өзіне қарасты жиырма ауылынан таңдаған сұлуынды қалыңдықсыз берейін» деп те салды. Сері сонда да етегіне отырғызбады. Әйтсе де әншінің көзіндегі күлкіден дәмеленген Батыраш түп етектен айырылмай, қарауыл жеріне бірге аттанған. Шығарып сап, құрмет көрсетіп, тағы да қиылмақ.

Осы жолы араға қадірменді қарт Қылышпайды салмақ еді ниеті. Айтқанын бұл өлкенің ер-азаматы екі қылмайтынын, Қылышпайдың кедейлеу тұратын қолы қысқалығын еститін Батыраш оған біраз мал беріп, Ақанды июді ойлаған. Бірақ орта жолдан кері бұрылды. Қылышпай бөтен ауылға бата оқырға кетіпті.

Ақан жиырма бес жігітімен өздерін қарсы алған, арасында ақсақалдары бар жастармен ауыл шетіндегі көлшіктің жағасына барып, киімдерін қағынып-соғынып, жуынып, көгалда дем алуға жайғасқан. Ел жігіттері бір саба қымызды осы араға жеткізіп, Аққошқар-Сайдалы асы туралы әңгіме-дүкенді енді құра бастағанда, алыстан сәлемдесіп Батыраштар да келіп, аттан түсті.

Шылбырына оралған меймандос балаларға Батыраш тізгінін ұстатып:

— Жакын жерге тұсай тұрындар, ерімен аунап қояр ма екен,— деп қуанып айтып Ақанның қасына теңкіе кеп отырды да, бір аяқ қымызды басына көтере сап, сөзге кірісті.

— Ал, Ақан, біз енді осы арадан тура елге қайтамыз. Асқа жиналған үш жүздің азаматынан өзіңнің мойның биік тұрған соң сақалды басыммен салпақтап, қошаметшің боп шығарып салдым. Арамызда айтылған оғда да бар еді. Қынқылдаған балаша мазанды алмайын дедім. Енді, міне, қарауылдың қара шетіне кірдік, серілігінді көрсетер кезің келді. Оғала — құдай сөзі деген,— деп тағы да бір аяқ қымызды жөремелдете қолына алды.

Елдің көзі Батырашта. Сөйлеген сайын жалпақ бұжыр беті жыбыр етіп, оң көзін оқыс қысып қалып зілдене сөйлейтін сүренсіз адамның жүзіне қарап отыр.

Ақан Батыраштың кішірек отты көзіне ұзақ тесіліп, үнсіз қалды. Батып бара жатқан күнге қарсы малдас құрған байдың бұжыр беті отқа ұстаған қаңылтыр кәкпірдің бетіндей. Әлден уақытта сері жеңіл мырс етті:

— Батеке, жасыңыз ғана үлкен емес, бір тайпа елдің бетке шығар тұздығысыз. Үлкен адам да жалған сөйлейді екен. Қашан уағыда беріп ем? Әлде құлағыңыздың қағыс еститін мүкісі бар ма?

Батыраш қолындағы ыдысын жерге қойып:

— Ойланайық дегенің қайда.

— Ә, ойлану мен уағданың арасы жер мен көктей емес пе. Мен сіз де ойлансын деп едім.

— Мен ойланатын не бар. Сен жә десең, неден болсын тартынарым жоқ, айтқаным айтқан, қуандық тұқымы екі сөйлеп көрген емес!

— Онда, мына отырған көпшілік естісін, не қалайсыз, естіртіп айтыңызшы,— деп Ақан жан-жағына қарады.

— Оның да болсын,— деп сараң езу тартқан Батыраш қозғалақтап алып сөзін жалғады.— Атадан балаға мирас боп келе жатқан қасиетті дәстүріміз бар. Ер азамат бір-біріне қолқа салады, ұнағаны болса қалап алады. Қартая бастаған шағымда мен де көңілім ауған соң інімнің атын қалап алсам ба деп едім. Талай жыл қызығын көрдің, енді Құлагерінді маған қисан...

Жұрт шу ете түсті:

— Не дейді?!

— Құлагерді ме?

— Мына кісі не айтып отыр?!

— Мен сұрасам сендерден емес, қолы ашық серіден сұрап отырмын,— деп Батыраш шулағандарға жақтырмай қарады.— Және алмақтың да салмағы бар, Құлагердің қармыжысы да олқы емес.

— Батеке,— деді Ақан.— Ел шетіне дейін үлкен басыңызды кішірейтіп шығарып салғаныңызға рақмет! Алда риза болсын! Сері деген ат халқым, жұртым берген ат, ол асқа тастар көпшік емес. Менің ашық қолдығымды Құлагерді алып, қанатымнан қайырып, сынамай-ақ қойыңыз.

— Серінің атына емес, мынау атағына ауыз салу ғой,— деп қалды бір жігіт.

— Атағына, атағына!— деп Батыраш ол жігітке сүзеген малдай шүйліге қарап, шытынай қалды.— Ақанның атағын ойласандар, оу, бүкіл қарауыл, күні кеше еліңнен бір сұлуды бұйыртпай, бәрің де серіні осырған сиырдай қылғандарыңды ұмыттыңдар ма? Енді қималарың қыши қалған екен. Арашашыл болсандар Ақтоқты кезінде қайда қалдыңдар. Мен Құлагерді сұрасам, төлеміне өзіме қараған жиырма ауыл алтайдың ішінен таңдаған қызын әперем. Серіге лайық сыйым ол. Қай қарауылдың қолынан келіпті. Қаласа, бір үйір жылқыны жасауымен қоса берем!

— Кеш қалдыңыз, Батеке!

— Білем, Ақан, дау-дамаймен жүріп әкеннің жиғанын төгіп, Тінәлі қызын алғаныңды да білем,— деп Батыраш жұмсара

сөйледі.— Бірақ ер жігітке әйел көптік етуші ме еді! Және қалыңсыз қатын болса...

— Егер мен таңдаған қыздың айттырылған жері болса қайтпекпіз, Батеке?

— Мын жерден айттырылып қойсын, әкесінің аузын ұрып, жұлып әпермеймін бе? Кім менің қолымды қағады, кесе-көлденен тұрып көрсін, кара суын теріс ағызайын!— деп Батыраштың отты көзі кени түсті.

— Әкесінің аузын ұрып алған қыз маған қатын болса болар, бірақ жар болмас.

— Әй, Ақан-ай, шырағым, жар-мар деген қайдан шыққан. Қыз алғанша жар, алған соң бәрінің аты қатын емес пе,— деп бай ырк етіп күліп жіберді.— Бір кезде жүз тенге ақша мен бір құлынды биеге алған атынды тым бұлдай берме. Далада жатқан қыз жоқ.

— Саудаласып отырған мен де жоқ.

— Әкен Қорамса дүкен саудасымен байып еді бір кезде, саған жұкпаған екен, сауданың құнын тақырға отырғанда ғана біледі бұл жұрт.

— Жәрәйді, Батеке!— Ақан төмен қарап біраз ойланып қалды. Жұрттың көзі серіде. «Апырмай, сері бір ру елдің сұлуына қызығып, шынымен құлайын дегені ме? Құлагерін құрбан етпек пе?» десіп, іштей қобалжып отыр. Әлден уақытта барып Ақанның отты көзі жарк етіп, томағасын ағытқан қырандай басын көтеріп алды.— Батеке, ойнасақ та біраз жерге шаптық-ау деймін. Енді мені тынданыз... Егер тілек біріктіріп, көңіл қосып, алтай ішінен бір қыздарынды алып кетсем алдымен атой салып, соңыма түсіп жолбарысша жұлынып, екі нығынды жұлып жеп өзін жетер ең. «Исі алтайға таңба салды, сағымды сындырып, барымды баса-көктеп, шаңырағымды ортасына түсірді» деп шокпарынды қалың қаруылға қарай көзсіз сілтер ең. Екі елді арасын шандатып, шамаң жетсе шімірікпестен жайлауын өрт, қонысын күл етер ең. Ал өз есебіне келгенде, біреудің бүлдіршіндей қызын бір мәстекке айырбастап құрбан етіп, алшандай басып, қарық болып, қаркылдап күлмексің.

Ақан ашынғанда сіз деп отырып жұмсақ бауыздамай, сен деп мiрдiң оғындай ататын мiнезiне басты.

Батыраштың өңі күреңітіп, қабарып кетті. Күн батып барады. Алаулаған беттің қызылы батқан күнмен бірге сөніп, күн ұясына кіргенде қара бұжыр бет оттан алып тастаған майысқан ескі кәкпірдей қарақошқылдана қалды.

– Қалын қуандық, «сенің атың тұра тұрсын, менің атым жүре тұрсын» деп елге көрсеткен жуандықтарыңды қашан қоясыңдар. Біреудің қолына құс қонса, қызыл көрген құзғындай жиналып, қашан шоқығанша шыр айналасыңдар. Сен мінер дүлдүлді мен неге мінбеймін. Сенің тақымың алтын да, жұрттың тақымы бақыр ма екен. Елдің салты дейсін. Өз пайдаңа келгенде ата салтын салт дейсін, егер ол салттан зиян шегер болсаң, салтыңды да, ата жолың қуар нарқынды да ант ұрады. Біреуден сұрағанда да, бермеске келгенде де қиянатшыл бетін бүлк етпейді. Зорлықшыл, зұлымдықтан басқа ой дарымаған сендердей қанылтыр бет қарауылда да көп, бар ауылда да көп. Талай көріп, талай кезіккен безерген беттерден безер күнім болса да, құтылар күнім болмағаны ғой. Қонағым боп келсең, қол қусырып қарсы алар ем, бар қызығымды тонағың кеп ерген екенсің соңымнан, енді көп тақымдай берме, хош бол! Аяусыз болсаң аянба. Ел жуаны, ендігі жерде зорлығыңа көнсем де, қорлығыңа көне алман! Азабыңды тартсам да мазағыңды тарта алман!

Кешкі тымық ауада Ақанның даусы қия таста отырған қыранның үнідей саңқылдады. Батырашқа шақырған ашуын бар қиянатшыл шонжарға арнап, ел аузынан ертең жетер өз жұртындағы Нұртазалардың да құлағына саңқылдағандай болды...

Орындарынан ширақ тұрып, тұсаулы аттарына қонған Батыраштар лекітіп келіп, отырған иынның тұсына жете бере тізгіндерін шірей тартты.

– Әй, Ақан, – деді Батыраш, – еліне дейін әкелгендегі берер сыйың осы екен ғой. Батыраш Батыраш болғалы таудан, тастан қайтпаған бетімді қайтардың. Аға боп созыған, ел боп ұсынған қолымды қактың. Жалғыз маған емес, қиелі ата қуандыққа тіл тигіздің. Өз жерінде де орақ ораған осы тіліңнен тартып жүрсін. Әлі сазайынды одан көбірек тартасың. Әттең не керек!.. Көлбендеп өткен қыз болса, көзінді салмай, бір ауыз өлен айтып қырындамай кетпеуші ең. Әйелге жарыған күнін жоқ еді. Бүгінде жетілген екенсің. Бір тышқақ атыңды әйел затына айырбастамаймын деп шатылды. Күпіршілік ұзаққа кетпес, бір зауалың тартарсың! Алтайдың аруғы ұрсын!

Бізаға булыққан Батыраш атын тебініп қалып шоқыта жөнелді. Жыланша ирелендей жортқан үш аттылы Жыландының бауырын бүркеген інір қараңғысына лезде сіңіп, көзден ғайып болды...

Үлкен боз үйдің іші шам жаға аузы-мұрнынан шығып лық толған. Көрші үйде жиналған ауыл ақсақалдарының ішінде біраз

отырып кеңес құрған Ақан келгенде жастар орындарынан өре түрегеліп төрге өткізді. Бағанағы Батыраштың өрлігіне ызалы жауап беріп, бетін оқыс қайтарғалы серінің түсі келмейді. Шалқая біткен шалғы қасы жығылып, үнжырғасы түскендей. Сері отырар-отырмаста ел жігіттерінің бірі:

— Хадиша, төрге шық, Ақан ағанның қасына отыр,— деп қалды.

Ақан басын оқыс көтеріп алды. Жерге төселген кілем, алашалардан басқа ішінде жасауы жоқ, қонақтарға арнайы тігілген кең үйдін оң жақ іргесіне қарай тұрған бүлдіршіндей жас қыз екі айтқызбады. Қасында отыздарға таянған толысқан ақ сары келіншекпен бірге жылжыған орта бойлы, талдырмаш Балхадиша шолпысы сынғыр етіп, талшыбықтай бұрала басып кеп Ақанның қасына отырды. Ел дәстүрімен, сыйлы қонақтың қасына батыл басып келген ел аруына риза болған сері өзін мазалаған мағнасыз ойдан бір сәт арылғандай болып:

— Аман ба, қалқам,— деп жылы амандасып еді.

— Армысыз, Ақан аға!— деп даусы да иығындағы шолпы-сындай сынғыр еткен Хадиша мөлдіреген құралай көзін бір төңкере сыпайы қарады да, ақ қағаздай мойнын қайта бұрды.

— Айналайын, осы ауылдың баласымысың, ныспың кім? Хадиша деді ме?

— Иә, Ақан аға. Ел Хадиша дейді. Шын атым Балхадиша.

— Ыбекеннің қызы. Естуіңіз бар шығар,— деп сары келіншек Ақанға қарай мойнын созып, кимелей жөнелді.— Сіз келді деген соң, үйден лүксат алып шығып ек Балым екеуміз. Бір әніңізді өз аузыңыздан тыңдайық деп келдік. Көп отырмаймыз...

— Жәрәйді енді,— деп Балхадиша сәл қабақ шытып қалмағанда, сары келіншек сыпсыңдап тоқтар емес.

— Балхадиша, Балхадиша!— деп Ақан сәл толқығандай қайталады.— Хадиша деген де жақсы есім. Ал оған бал қосылса тәтті есім болмай ма? Жо-оқ, атыңды олай қысқартуға болмайды. Балхадиша деген өте келісті екен.

Балхадиша осы ауылдың қарауыл Шәкейдін Ыбырайының он сегізге келген бойжеткені. Осы өңірдегі сұлулығымен, ісмерлік, шешендік өнерімен көзге түскен айтулы қыз. Он алтыдан аса бере ат жетер жердің бай атаулысы — бірі ұлына, бірі інісіне, жақын-жұрағатына құда түсіп, енді бірі өзі қатын үстіне тоқалдыққа алғысы кеп дәмеленіп, Ыбырайдың мазасы кеткен соң, ақыры қаржас елінің көз көрмеген бір жігітіне айттырып қойған. Содан бері бар ауыл Балхадишаны көзінен таса қылмайды. Үйінен бір елі шыкса іздеу салып, ойын-тойда

отырса, артынан қуғыншысы даяр тұрады. Бүгін Акан келеді дегенде, баяғы Ақтоқты жайынан хабардар әке мен шеше қызын жібергісі келмеп еді, Балхадиша ырық бермеді. Амалсыздан дегеніне көнген үй-іші қасына женгесін қосып, «көп отырмандар, бой жеткен қызға оң жақта сауық құра беру жараспайды» деп қасындағы женгесіне қатты ескертіп жіберген.

Жиналған жастар өзді-өзі әзілдесіп, ойнап-күліп біраз дуылдасып, шайға қанып алған соң, әңгіме беті қонақ кәдеге ауды. Бірақ қонақ кәдеге дейін ауылдың алты ауызын айтып жоралғы жасаған ешкім жоқ, бірден ел ағасы Ақанға қолқа салынды. Жастар ортасында, бәрінен иықтылау көрініп, серіге қатарласа отырған мосқал жігіт бастады сөзді:

– Ал, серім, сіздің мерейіңіз бәрімізге ортақ. Өздеріңіз Қараөткел жағынан шықты дегелі көзіміз төрт боп жолыңызға қарап, тағатымыз қалмай, қашан көргенше асық едік. Көптен лебіңді естімей құмартқан ел өзіңді тындамаққа отыр. Бүгін жастар жағының билігіндесіз. Ертең ауыл ішіндегі ақсақал, қарасақалдарымыз тегіс жиналмақ. Жаңа бір ән болса өз ауызыңыздан үйреніп қалсақ.

Акан домбырасын қолына алды. Қоныр сазбен үнсіз шертіп ұзақ отырды да, телміре күткен жастарға бір әңгіме бастады:

– Қолқаларын орынды. Менің соңғы әндерімді өздерің білерсіңдер. Мен шығарушы болғанмен, айтушы да, елге таратушы да өздеріңсіңдер. Бұл жолы үш жүздің жұрты жиналған асқа барып, қала шыққан жәрменкешідей әкеле жатқан базарлығымыз бар, бір жолға соны сыйласақ па деп отырмын,— деп аз мүдірді.

Киіз үйдің іші-сырты «жым-жырт» ойнағандай. Бәрі Ақанның сөзіне құлақ түріп, тына қалған.

– Қазақ жерінің құбыла жағын кең мекендеген Кіші жүз елін өздерің білесіңдер. Он саусағынан өнер тамған домбырашы-күйші ел. Сол елдің аты шулы Мұхит деген әншісі бар,— деп Акан сөзін жалғады.— Мұхиттың «Айдайы», «Айнам көзі» қазір көп елге тараған екпінді әндер. Осы жолы Аққошқар-Сайдалы асында сол ақынның «Зәуреш» деген әнін естідік. Ән — сазы жүйке тамырыңды қуалап, алпыс тамырыңды идіретін жоқтау сарындас қарышты, әрі мұнды ән. Мен сауыққа жиналған сендердің көңілдеріңді жабырқатайын деп отырғаным жоқ. Бұл әнді бар мәнімен, ырғақ сазымен келістіріп айтатын Сұлтанмұраттың аузынан естіп қалсын деп отырмын. Кейін қағыс естіп, жаңсақ айтсандар — одан асқан ақынға обал, қиянат жоқ,— деп, аз мүдіріп отырып қалды. Сұлтанмұратқа иек қағып,

домбыранды бабына келтіре бұрап ал дегендей әншінің қолындағы үкілі домбыраға қарап дыңылдаған сазды ішектің үнін тыңдап отыр.— Ал, өлең мазмұны мынадай: «Кіші жүзде Медет деген адам болыпты. Оның үш әйелі, үш әйелінен отыз ұл, Зәуреш деген жалғыз қызы бар екен. Қазақ жері тосын келер аурудан, індеттен қашан арылған! Бір жылы бүкіл елге жаппай келген алапаттан Медеттің отыз ұлы түгел қырылады. Жалғыз Зәуреші ғана аман қалыпты. Медет құдайға құлшылық етіп, жалғыз қарашығының тірі қалғанын медет тұтып, тәубесінен жаңылмапты. Бірақ, жұт жеті ағайынды. Медет Орынбор барып, еліне оралса, құдайтағала тағы да қос қолдап төбесінен ұрған екен, көзінің жалғыз қарашығы Зәурешінің сары топырағы үйілген қабірінің басынан шығыпты.

Киіз үй күніреніп кетті. Жастар тегіс ауыр күрсініп, іштерінен осы жарық дүниеге тәубә айтқандай болды.

— Сондағы Медет қарттың зары «Зәурешті» Мұхит былай зарлатқан екен,— деп Ақан өзі де сәл мұнайып отырып, Сұлтанмұратқа белгі берді.

Сұлтанмұрат қалың қабағын түйе түсіп, ашылау бұралған домбырасын Кіші жүз жұртының тартысынша безілдетіп-безілдетіп алып, түптеп тартып, ботасынан айырылып алыстан зарлаған саулы інгендей ән иығын көтере созып, мұнды, зарлы үнмен тебірене шырқады.

Құланның түзде көрдім шоқырағын,
Қайынның жаста көрдім жапырағын.
Сен қалған отыз ұлдан едің Зәуреш,
Бір уыс бұйырмады топырағын.
...Ойлап ем мен келгенде шығар ма деп,
Атанның хал-ахуалын сұрар ма деп,
Қозғалмай өзгелерге жатсан-дағы,
Орныңнан менің үшін тұрар ма деп.
Рухың білген шығар келгенімді,
Оқыдым мінажаттан білгенімді.
Басыңды мен келгенде көтермедің,
Жалғызым, жаңа білдім өлгенімді.
Қайғының жаңа жеттім қиынына,
Сел болды көзім жасы қойыныма.
Құшақтап қабірінді біраз жаттым,
Еркелеп асылар деп мойыныма.
Көңілімді тұра алмадым елде тыйып,
Бір құлаш қалқам жатыр жерге сыйып.

Көзін бар жанарындай құралайды,
Кім көмді бұл орынға көзі киып.
Дүние, мына жалған кеттің қырын,
Пендеге кім де болса перзент шырын.
Ажал оқ саған деген маған жетіп,
Алдыңда мен өлсемші бір күн бұрын.

Сұлтанмұрат дауыс айтқан зарлы әкенің үніне салып,
ықылық атып аһ ұрып, бар денесімен қопарыла теңселгенде,
жиын дауыл тербеген терен көлдей шайқалып кетті.

Екі-үш күннен бері белгісіз бір мұң басып, әлденеге көңілі
дауаламай түйткілденіп, өз-өзінен құлазып, қоңылтасып
келген Ақанның жасты көзі Балхадишаға түсіп еді, қос танадай
жарқылдаған жанарлы көзден жас сорғалап барады екен. Сері
бойын тез жинап алды. Ән аяқталғанда шәйі орамалымен көзін
сүрткен Ақан, аз уақыт үнсіз отырды да, қоныр үнмен сөйлеп
кетті:

– Шымырлаған бұл мұнды ән жалғызынан, жұлдызынан
айырылған ата зары, төтелеп келген ажалға төтеп бере алмаған,
айтпай жеткен қазаға ара тұра алмаған ана зары, жана көзін
ашып, жұбанышы болған сәбиінен айырылған, қанатынан
қайырылған адам зары. Көк аспанның астында еркін қалқыған
қауырсын қанат азат құстай талмай ұшқан пенде – тірлігінде
тіршіліктің қасиетін бағаламай, барында бардың қайырын
көріп, жоғында жоқтың тауқыметін тартса да, тәубесін ұмытып,
асып-тасқан күні астамшылық етіп, өзінен асар болса қас-
тамшылық етіп, алысып-жұлысып, айтысып-тартысып, бірінін-
бірі аяғынан шалып, іліге алмаса балағынан тартып келе жатқан
тойымсыз жан. Зәуреші өлсе көзінің жасы көл болып, етегі
толып зар жылайды, тірі жүрсе не істер еді? Талай Зәурені
әуреге салып, көкпарға тартып, бұтып-шатып жүрген әкелер
аз ба? Аз өмірдегі өз құлқыны үшін, қысқа өмірдегі қызыл
қызығы үшін қызын қыспаққа салып, көз жасынан мөлдіреген
моншак тағып, әр моншағынан бір малдың басын санап,
нәрестенің шапағына ақық, жақұттан тасын қадап, әр тасына
ертең айықпас қайғы жамайды. Құлыншақтай ойнақтаған сәби
кезінде тұлымшақ, бой жеткенде екі өрім шаш қойса, сол өрім
ертең бишік болып перзентінің өзін сабайды. Айналып-
толғанып, «Қозым, ботам» деп отырып, ана қолымен, ата
қолымен сипаған қос тұлымшақты ертең қыл шылбырға
айналдырып, біреудің жетегіне байлап береді. Көзі шарасынан
шығып, аяғы шалысып, қалтыраған қозысы, мұрнын тескен

ботасы, амалсыз сөлендеп сонынан ереді... Мұхиттың әні осындай әкелерге, енелерге деген қарғыс оғы, түсінбегенді тебірентер ата зары, адам зары. Ендеше, жастығында ойна да күл, біреудің тезегін терсең де тенінді тап, кезексіз, мезгілсіз өлімге ерсең де біреуге басыбайлы күл болма, жігітін бар, қызың бар, айдауға жүрер күң болма, саудаға түсер пұл болма. Берер бата, тілер тілек ендігі жастан осы болмақ. Атам заманнан бері ең жақынынның зары, ел ақтаған ақынынның зары да осы,— деп аз тыныстаған Ақан енді екінші әншіге иек қақты.— Ал енді, Бәтжан, Зілғараның «Жиырма бесіне» салып, көңілімізді бір көтерші.

Ақан сөзін тым-тырыс отырып тындаған жұрт гуілдесіп кетті.

- Салшы жиырма беске бір!
- Басшы айғайға айызды қандырып!

Бәтжан тамағын бір кенеп алып, аныратып шырқап кетті: «Өткенін-ай жиырма бестің білмеген көп»...

- Әй, шіркін, Ақан аға көңілдегіні қалай тап басады.
- Тура жанды жерден ұрады.

— Тамаша айтты-ау, кісінің ойынан шығады,— десіп күбірлескен жастар Бәтжанды көтермелеп, тосын бір қуат, жігер біткендей серпіліп, үйді бастарына көтерісті.

Бұл күні түні бойы ән айтылып, ойын-сауықпен отырып қонағасы жеген жастар танның қалай атқанын байқамапты. Сайдын тасындай тұлғалы, көрікті балуан, әнші жігіттердің ортасына түсіп, жүзі бал-бұл жанып, дырдумен отырған күзетші сары келіншек те өз міндетін ұмытып кеткендей. Бір кезде өз-өзінен селк етіп, шаңырақтан көрінген бозамық аспанға қарап, «ойбай, құрыған екенбіз» деп, қайын сіңлісінің мықынынан түртті:

— Балым, маскара-а, таң атып қалыпты. Не қара басып білмегенбіз,— деп күбірледі.

Балхадиша күлімсіреп, жай ғана қарады да, ләм демеді. Женгесі тықырши бастады.

Балхадишамен сөйлесіп отырып анда-санда көз қиығын тастаған Ақан мұны сезіп қалды.

— Балым, айналайын, біраз отырдық қой, ендігәрі үйден шығармай қояды, кетейікші,— деп сары келіншек жалынып, қыңқылдай берді. Бағанадан бері үйіндегі күйеуін де ұмытып, есі шыққан әйелдің ендігі түрі адам аяғандай. Балхадишаға жалынғаны сонша, көзіне жас үйірілді. Тағы да біраз қыңқылдап, онысымен ештеме өнбеген соң, қорқытуға көшті.

– Аналар біздің сыбағамызды беріп жатқан шығар, Балым, еркем, кетейікші... ал сен кетпесең, мен кетемін, жауабын өзін берерсін.

– Бара бер, мен кейін... Қасқыр жемес,— деп Балхадиша зілмен женге бетін қайырып тастады.

– Құдай-ай, енді кайтейін, таяқ жейтін болдым-ау,— деп кемсеңдеген әйелдің көзі есік жақтағы тура өзі секілді бір келіншекке түскенде мүлдем зәресі ұшты. Ана әйел де ернін жымқыра тістеп, бір жұдырығымен екінші жұдырығын түйміштейді. Онысы «тұра-тұр бәлем, үйге барған соң байыннан сыбағанды аларсың» дегені болар. Ол да Балхадишаның екінші үлкен жеңгесі еді. Сонынан келген екінші қарауыл, Ақан оны да аңғарып қалды. Аңғарды да дене бітімі болбырап, әлден жалпая бастаған мына жас келіншектердің мүшкіл халін аяды. «Бұрын, өз үйінде жүрген кезде, бұлардың да сонынан аңдушылары қанша болды екен. Сол кезде қанша зығырданы қайнағанмен, басқа түссе баспақшы – енді өздері де сол күзетшінің кейпін киген. Біреудің қолына қарап, жалпақтап өткен күн-ай. Ана жақта отырған жұмсаушыларынан зәре-құттары қалмай, ақпанда суат басынан қайтқан арық ешкілерше қалтырап отырғандары мынау».

Ақан аянышын сездірмей мырс етіп, қалжынға бұрды:

– Балхадиша, байқаймын, осы біздің Мәшек қарауылдың келіндеріне дейін нақ қарауылдың өзі болып алған ғой деймін.

– Оны басыңыздан кешкен жоқ па едіңіз, Ақан аға, үйреніскен нәрсе ғой,— деп Балхадиша да әзілмен жауап берді.

– Олай болса, лұқсат, айналайын, жеңгелерің зәбір шеге көрмесін.

– Ештеме етпес, Ақан аға! Сіздей адамдар күнде қолымызға қона бермейді. Бір жауабын берерміз. Егер сазайымызды тартсақ, сіз келген күннің бір белгісі болар,— деп Балхадиша жымып, езу тартты.— Осы түннің куәсіндей әніңізден бір белгі қалар ма деп едік...

– Әлі талай тындайсың ғой, Балым!— деді Ақан.

– Қайдам, Ақан аға. Біз де енді ұзамай мына жеңгелеріміздің кимешегін киетін шығармыз. Ноқтамыз даяр, тек жаңағы өзіңіз айтқан қыл шылбар есілмей жатыр,— деп Балхадиша құрбысына мұнын шаққан жандай ашық сөйледі.

Ақан бұдан әрмән ештеме демеді: талай сұлулардың, көркіне ақылы сай талай арулардың аузынан естіген шерлі сөз. Бағанадан бері көңілінде сайрап, өз-өзінен ұршыққа оралған шүйкедей жеңіл орала берген ән ырғағын іштей қайталап,

домбырасын баяу тарта түсті. Сөзі де жатталып, ән ырғағы да тұтасып, жұмырланғанда, балаша қуанған Ақан домбырасын шертіп-шертіп жіберді. Серінің нұрлана қалған жүзінен ақындық толғанысын бақаған жастар да елен етіп:

— Ақан аға, Ақан аға!

— Бір ән, бір ән, — десіп тына қалып еді.

Ақан тағы да екі-үш рет жаңа туған бір әнді қайта-қайта тартып, іштей қайталап пысықтай түсті. Сұлтанмұрат пен Бәтжан көздері ұясынан шығып, ұстазының домбырасына құлақ тосқан. Жеңіл айтылатын әдемі, ойнақы әннің дүниеге келгенін әккі шәкірттер жазбай танып, олар да іштей қайталап, жаттай берді. Жаттаған сайын күлімдеп, қуанысып отыр.

Ақан ән нақышын домбырада қағып-қағып алып, Балхадишаға канжар мойнын бұрып тастап, әнге басты:

Кызы едің Ыбекеннің, Балхадиша,
Бұралған белің нәзік, шіркін-ай, тал, Хадиша...
Жиылған осы тойға қалың қыздың
Ішінде кара басың, па, шіркін, хан, Хадиша!..

— Пау деген!

— Рас-ай, бір өтірігі жоқ.

Дегенге Балхадиша, Балхадиша,
Боларсың біздің сөзге, дүние-ай, зар, Хадиша.
Бұландап асау тайдай жүрген басың,
Боларсың қандай жанға, құдай-ай, жар, Хадиша!..

— О, шіркін десейші.

— Ақан аға ұзатылып қойғанын да білген-ау тегі.

— Қайран Балхадиша!

Баласы Ыбекеннің Балхадиша,
Есілді өрлей біткен, шіркін-ай, тал Хадиша!..
Бір емес екі жеңген келіп отыр,
Рұхсат бізден сізге, амал не, бар, Хадиша!—

деп көтергенде жұрт гу етіп басылды. Балхадишаның да, екі жеңгенің де бетгері ду ете қалды. Жұрт күлкісін қолмен тежеген Ақан:

— Жігіттер, Балхадиша орталарындағы мәпелеген ақ құстарың екен. Ертең алысқа ұшар асыл қарындасқа бұл бір

ағасының сыйы, тартуы болсын! Ал, енді бәріміз қосылып айтайық,— дегенде, ұшқыр сөз, ұшқыр әнді тез қағып алған Сұлтанмұрат, Бәтжан бастаған серілер тобы Ақанға қосылып кетті:

Баласы Ыбекеннің Балхадиша...

Жыландының таңғы аспанында бірнеше қайтара айтылған Ақан серінің жаңа әні «Балхадиша» көпке дейін ілініп, бозторғайша қалықтап тұрды. Қолдарына шелек алып сиыр сауа шыққан жас келіншек, қотанға кірген коралы қойды күзеткен қойшы, түнде ағытқан үйірлі жылқыны ауылға беттеткен жылқышы, жайнамаз үстінде таңғы намазға ұйыған қарт құлақ түріп, тындап қалыпты. Алыстан естілген ойнақы, тәтті ән «Балхадиша» құлағына жағып, көкірегіне ұялай берді. Жыландыда туған ән Көкшенің көгілдір тауларында жанғырығып, айдын көлдерінен сыпсылдай ұшқан шүрегей үйрекше қазақ елінің төт құбыласына асыға тарап жатқандай...

Таң сіберлеп атқанда тысқа шыққан Ақандар киіз үй алдында ұзақ тұрып қалды. Бәрінің көзі кеше Батыраштар сініп кеткен Жыландының қоныр бауырында. Белдеулене жатқан биік адырдан бір қарайған мана түскен: аттылы адам екен. Жүрісі мандымайды. Жер бауырлап жылжыған сынық канат шегірткенің буаз өлекшініндей қыбырлап жетер емес.

– Апырмай, жылы орнынан қуғандай ала-көбеде жол шеккен кім болды екен?

– Тегі аты болдырып, түні бойы далада қалған адам-ау.

– Ай, нұсқасы адасқан жолаушы болар.

– Өзі, не аты сырқаттанған біреу болмаса игі еді.

– Неде болса, түнделетіп жай жүрген адам емес,— деп, алыстан топшылаған сал-серілер аттылы қашан жеткенше болжау айтумен болды.

Шығыс жақ қызыл шапаққа бояла бастағанда, жолаушының шу-шудеген даусы да естілді. Әлден уақытта жолаушының бойы анық көрінгенде Ақанның да тұла бойы өз-өзінен дірілдеп, әлденеден үрейленгендей болды.

Аттылы таянып қалды.

Есік алдындағылардың бірнешеуі қатарымен:

– Оу, мынау Әйберген ғой, Әйберген,— десіп, жолаушыға қарай ұмтылысты.

Қара терге малынып, ақ көбігі шыққан аттан орға түскен Әйбергеннің даусында жарықшак бар. Амандықты салғырт алып:

– Сендердің сондарыңа түсіп іздегелі екі күн. Ағатай-ай, қайда жүрсіндер,— деп әрі қарай сөзін құрай алмай, Ақанның інісі Әйбергеннің иегі кемсендеп кетті.

– Иә, не боп қалды?!

– Сабыр, сабыр, ағатай. Ұркия қатты қысылып...— дей бергенде-ақ, «аһ» деп көзінен жас ыршып, тәлтіректеп кеткен Ақан тізерлеп отырып қалды:

– Атты, атты әкеліндер!

Өндері қашып, суық хабардан үрейленген жігіттердің бірі Әйбергеннің иығынан тартып сыбырлады:

– Қысылып жатқаны қалай, толғақ па, әлде?..

Әйберген үнсіз басын шайқады. Иегі ғана дірілдейді. Жұрт не жаманат екенін бұлдыр болжағанмен, анық ештеме түсінбеді.

«Неге ғана кеттім екен, басында отыруға жарамадым-ау. Құдай-ай, өзін жар бола гөр!»— деп зарлап Құлагердің бар шабысына салып, еліне қарай, Ұркиясына қарай құйындай ұшқан серінің көз жасы бетін жуып келеді.

* * *

Ұркия ала арқанға асылып тұрғалы үшінші тәулік. Төбені ойып жіберердей дүбірлетіп күн күркіреп, аспан жарылардай нажағай шатыр еткенде ештеме сезбейді. Мең-зең. Үш тәулік бойы көрген азабы да енді өң мен түстей ұмытылып барады. Күн жарқылдағанда сәулесі түспесін деп терезелерді жауып, қымтап тастаған үй ішінің тыныс тарылтар қапырығын да енді елемеді.

Корамса үйінің іші-сырты толған адам. Түстері келмей отау үйден шыққан жан болса, иек қағысып сұрайды. Ол да үнсіз бас шайқайды. Анда-санда «Алла, өзін жар болар көр!» деп әр тұстан әлдебіреу күрсінеді.

Алғашқы күннен толғағы қатты басталған келінінің түсінен шошыған Жаңыл жан-жаққа ат шаптырып, баксы-балгерлерді жинатып алған. Ырыстыға да адам жіберіп, алдырды. Ырысты келгелі нәр сызбай Ұркиясының басында отыр.

Үш күнде Ұркия не көрмеді.

Тінәлі қажы Мекеден әкелген Байдолланың қара жібек жабуын арқанға іліп, жөке құсаған Бибәтімәнің шашын Ұркияға қайта-қайта иіскетеді. Бірақ оған да толғақ жеңілдемеді.

Келесі күні төрт-бес әйел Ұркияны кең көрпеге жатқызып, «оң жақ!», «сол жақ!» деп домалатқанда, өзі көзі қарауытқан жас келіннің есі ауып қалды.

Оған да болмаған соң, әлгі әйелдер Ұркияны жабыла көтеріп, екі аяғымен есіктің маңдайшасын тепкізді. Жалан ыстық табан қақ ағашқа сарт-сарт тигенде миы аузына түскендей зірк-зірк етеді.

Әбден есі кетіп, қарманар тала таба алмаған Қорамса сасканынан Сүтемген ауылына ат шаптырған. Бұл өңірде Сүтемгеннен бай адам жоқ. Сол байлықтың көзіндей сонау Есмұрзадан қалған құтты жирен айғырдың құйрығы осы күнге дейін сақтаулы. Қалың түкті кілемге орап ұстайтын қатты құйрықты жер-жерден келіп, талма ауруға шалдыққанды, толғақ қысқан әйелді, жын соғып аузы қисайған шалық, есаланды қақтыруға сұратып алдырады. Онда да жирен айғырдың құйрығын көрінгенге сипата бермейді.

Арадағы араздыққа қарамай, Ақтоқты айтқан соң, Жалмұқан шапқыншының алдына жирен айғырдың құйрығын тез өңгеріп жіберген. Ұркияны құтты құйрықпен үшкіріп, қакты. Толғақ оған да жеңілдемеді.

Ақыры еш ырымның сәбәбі тимеген соң, кезек бақсыға келген. Қансыған ескі кобызын ойнатып, оны тастай беріп, көп шылдырламағын шылдыратып аса таяғымен үйді шыр көбелек айналған бақсы, биенің үш сауымындай уақыт қара терге түскенмен, ештеме өндіре алар емес. Әбден шамасы құрыған ызалы бақсы анадайдан қорсылдап кеп арқанға асылған әйелге таптап бергенде, өзіне төнген бақсы қара ала қабан боп елестеген Ұркия талықсып құлап түсті. Бақсының да шапағаты тимеді.

Түннің бір уағында есін жиған Ұркияны тағы асылдырып қойды. Ұркия арқанға асылған сайын кезерген ернін қанын шығара тістелеп, барыңша шыдауға тырысатын. Қанша қиналса да шыр еткен сәби даусын естігенше азапқа берілмейтін аналық сезім жеңіп, тырнақ көбесінен әл кеткенше жабысып арқаннан айырылмайтын. Бұл жолы көзінің алды қап-қараңғы түнекке айналып, қызыл-жасыл бояуға толып кетті. Сол бояулардың арсынан жанағы бақсыдай ұмтылған қорсылдақ қабан көрінеді. Пышақтай азуы жарқырап төніп келеді де, сақ-сақ күлген, жылаған адамға айналып кетеді. Енді бір кезде солардың арасынан аппақ қоян көрініп, емшегінен сүті сорғалаған жалаңаш әйел кейпіне түседі. Бар азаптан қажыған Ұркия кейде бар даусымен шынғырып жібергендей болады. Кейде «Аллалап» уһлеп, кейде Ақан серісін шақырған болады. Бірақ сор татып кеберсіген ерін желімдей жабысып ашылмайды. Таңдайға жабысқан тіл көмекейді бітеп, тынысы тарылып, әлде бір аптап ішін күйдіре береді.

Осылайша азаптын неше түрі алмасып, жан алкымға келіп есі ауған Ұрқияның қолы тан алдында үш күн бойы өзіне аз да болса тыныс болған ала арқаннан босап кетті...

Сүмектей Құлагерден Ақан жансыз денедей былқ-сылқ етіп буындары қалтырап түскенде Қаратал бауырында зар илеген әйелдер үні қара дауылдай шулап тұр еді. «Ойбай, бауырым!», «Қыршынынан кеттің-ау қиылып!», «Арманда кеткен күнім-ай!» деп зар қақсағанда құйқа тамыр шымырлайды.

Ұрқия баладан қайтқалы бесінші күн болған екен. Ақан зорға сүйретіліп жетті зиратқа. Сары топырағы шыққан жас қабірді құшақтап, кеше Жыландыда өзі айтқызған Мұхиттың «Зәурешіндегі»:

Қайғынын жаңа жеттім қиынына,
Сел болды көзім жасы қойыныма.
Құшақтап қабірінді біраз жаттым,
Еркелеп асылар деп мойыныма,—

деп көз жасын көл қылған Медеттей Ақан ұзақ егілді.

Келесі күні Қаратал жұрты Ұрқияның жетісіне шабылып әзірленіп жатқанда Ақан сері мұсылманшылық жолын бұзып, жұртты қайран қалдырды. Көп сүргін, үрдіс жүрістен соң таң асқан Құлагерін ерттеп, аяқ астынан бір жаққа жүрмекші боп жатыр.

«Өлімді жерде молла семіреді». Біреу қан жұтып, қайғы жамылып отырса, өлімнің асына ырым-жырым, жыртысына жұтынып жеткен көп молла қарғаша шуласып:

— Ақан жынданған шығар.

— Басқасы басқа болсын; тап мына қимылы елде-күнде жоқ кәпірдің ісі.

— О, іріген заманның бұзылған жандары, не боп барады бұл дүние,— деп жағаларын ұстады.

Қорамса мен Жаныл да ұлының тап осы жолғы ісіне іштері жылымады. Бәрінен де Ұрқияның шешесі Ырыстының қаны күйеу баласына ката қалды. Көзі бұлаудай іскен ене үніне булығып:

— Ақан шырағым, бұл қай қылығын. Ұрқияжанның топырағы құрғамай жатып, жетісіне қарамай бұл қай бейбастақтығын. Дүйім елді шулатып ата-анасын жерге қаратып кеше қызын алып ең, енді жұрт алдында қарабет қып барамысын. Не өшін бар еді. Қай түрімізбен енді ел бетіне қараймыз. Егер теріс батасын берсін демесең, аттан түс. Екі-үш күнге шыда. Байы өлген қатын

да ерін бір жыл күтпеуші ме еді. Тыйыл бұл сұмдығыңнан!— деп ауыр-ауыр сөздермен Ақанды тоқтатпақшы болды.

Бірақ Ақан алған бетінен қайтпады.

Бүгін ертемен Қараталға жаяу жеткен Байбосын карт Ұрқияға көңіл айтып, елмен қосыла біраз жылап шерін таркатқан соң, Ақанды үй сыртына бөлек алып шыққан. Аккошкар-Сайдалы асынан оралған серінің серіктері де Қараталға жеткен еді. Байбосын баласы Сұлтанмұратты да қоса ала шықты. Үшеуі ұзақ сөйлесіп, үрейлі хабарлы ешкімге әзір сездірмеуге уағдаласқан. Байбосын сөз сонын кемсеңдеп тұрып бітірді:

— Ақанжан, біздей сорлыдан құдайтағаланың аяғаны қалмады. Не жаздық осыншама жылата беретін. Қарағым, мына қайғының үстінде саған қолқа салар бет те жоқ. Сасқан үйрек артымен жүзедінін кері. Біздей пақырға өзін қол ұшын бермесең, кімнің белі қайысар дейсін. Бүгін барып ара түспесең, жер қауып қалайық деп отырмыз. Бір иліктірсен Наурызбайды өзін иліктіресің. Туыстығың да бар еді ғой!— деп қиылып, жалынышты жүзін теріс бұрды.

Ақан енесіне істің жай-жапсарын анықтап түсіндірген жоқ, тұспалдап қана айтты.

— Апа, айтқандарыңыздың бәрі орынды. Ұрқияның өліміне сізден кем қиналады деймісіз. Ұрқия — менің күні өткен жастығымның, отау тіккен қызығымның соны. Бәрі осымен бітті. Бүгін жүрмеске амалым жоқ. Себебін сұрамаңыз. Кейін естисіз. Бүгін Ұрқиядай бір жастың тағдыры өлімнен де жаман қорлықпен саудаға түсіп жатыр. Қанатыммен су себуге барамын. Арашасы болам ба, бола алмаймын ба, оны болжау қиын. Егер Ұрқияш бір рет басын көтеріп, мұны естісе, өзі-ақ баруымды қолқалар еді. Түсінінізші, апа, ренжіменіз. Бұйыртса, ертендер Ұрқияштың жетісіне үлгеремін.

Серінің бұл қылығын жұрт неше саққа жүгіртіп, адам түсінен шошыр неше бір сұмдық өсектер танып, ел ішіне ілезде жайып жіберді. Амалсыз Ақан баспен істегенді мойынмен көтеруге бекініп, бар ауыртпалықты жалғыз аркалап, Наурызбай мешітіне, Баратай-Барак ауылына Байбосын мен Сұлтанмұратты ертіп суыт жүріп кетті.

Баратай-Барак ауылы — ежелден діндар ауыл. Көкшетау дуанындағы он жеті мешіттің ең ірісі осында. Былтыр Бұхардан «жер астының оқуына дейін тамадап, жеті ғаламның тілін біліп

келген» Таластың ғұлама Наурызбайы да осында. Ел қазір Наурызбай демейді, Науан хазірет дейді. Науан хазірет атына көп ұзамай указ аты қосылмақ. Көкшетау шаһарында сегіз болыстың күшімен салып жатқан мешітте ораза өтісімен екі айттың арасында Науанды дуанның указной молласы етіп сайламақ.

Бүгін жан-жақтан жұма намазына ағылып, тарауыққа жиналған қожа-моллалар, қарауылдың игі жақсылары, ақсақал-қарасақалдары осында.

Ауыл іші жыбыр-жыбыр әңгіме, сыбыр-сыбыр өсек. Әлі анығын білмесе де, ауыздарындағы сөз – Тастан байдың токалы Қадиша:

«Биыл үйінен төркініне кашып кетті деген»;

«Төркініне бармай, Сұлтанмұрат деген әнші жігітпен қосылыпты»;

«Тастан бай жақында Қантай аулынан тауып алып, осында аяқ-қолын байлап-матап әкеліпті»;

«Некелеген қатынын осы арада, жұрт көзінше талақ етіп, біреуге қосатын көрінеді, кімге берер екен-ай, қатын ала алмай қансып жүрген біреу жаритын болды»;

«Қадиша дегенің өзі көрікті әйел көрінеді, суық жүрісі көп деседі. Сұлтанмұрат асқа кеткен екі арада шыдамай біреумен көңіл қосыпты. Өзіне обал да жоқ»;

«Байғұстың артынан іздеп келетін де арашашы жоқ екен. Өкесі ту-ту Үлкен Қараойда қолы қысқа кедей көрінеді. Ол бишаранын да қолынан не келеді. Жоктың күні сол-дағы»:»:

Алып кашпа сөздердің ұзын-ұрғасы осы.

Кешкі намаз мәңрибтан соң ауыз ашқан ауыл адамдары үйлерінде отыра алмай Науан хазіреттің мешітінің маңында жүр. Үйге кіруге бата алмаса да, іште жиналған моллалар Қадишаға не үкім шығарар екен деп, сырттан торуылдап құлақ түреді.

Бүгін желсіз, аптап болды да, шілденің шыжыған ыстығы жер дүниені күйдіріп, жайлаудан қалған ауыл жылқысы қора-қораларда, шоктарда үйездеп, көленкеге тығылған. Кешке күн қайта қосақтаған құлындарын ертіп Баратай сыртындағы шалғында қара-құрым тартып әр жерде оттап жүр. Түн де тыншу. Әр бұрыштан түнгі тарақанша шыққан ала бұлт андасанда самарқау жауып өтеді. Жылы жауынға сәл бусанған ыстық топырақ ауаны одан сайын тарылтып, дала қапырық тартады.

Ақандар ауыл шетіне ел орынға отыра ілікті. Шымнан қалаған бірыңғай жатаған жер үйлердің сығырайған тере-

зелерінен май шамның өлеусіреген болмашы оттары көрінеді. Құлаған ескі үйлердің үйіндісіне қаулап шыққан қалың қурайларда дамылсыз шырылдаған шегіртке үнінен басқа ауыл котанында не бір бейсауат адамның, не үрген иттің дыбысы естілмейді. Алтыбақан теуіп, ақ сүйек ойнаған балалар да жоқ. Ауыл үсті жым-жырт, көшкен елдің есіз жұрты сияқты еңсені басқан тымырсық тыныштық.

Баратай-Барак шетіндегі бір шок карағай карауытады. Ығында мешіт. Бөренеден қиып салған еңселі мешіттің найзаның ұшындай шаншылған үшкір мұнарасы көрінді.

— Бәке, сіз Шайхыесләм үйіне барыңыз, білетін бе едіңіз, мына бетте,— деп Ақан қамшысын нұсқады.— Сұрастырып тауып аларсыз, біз жай-жапсарды біліп қайтайық.

Мешіттің айналасы аттылы кісінің бойындай биік дуалмен шығыс үлгісінде қоршалған. Ішке кіретін бір-ақ қақпа бар. Есік алдында екі-үш күймелі арба, ат байлайтын қадада ер-тоқымды екі ат тұр. Тегі алыстан жана келген жолаушылардікі болса керек, манынан тер ісі шығады.

Ақан мен Сұлтанмұрат аттарды байлап, қақпадан ішке енді. Кең ауланың іші тап-тұйнақтай. Сол жақ қолдағы мешіт ішінен күтпан намазынан кейінгі тарауықтың тасбиғын сызылтып қосыла салған төрт-бес молланың қоныраудай сынғырлаған даусы келеді.

«Сүббұхан әзел мүлки әл мәләкүт...

Сүббұхан әзел ғыззати

Уәл ғазамати, уәл хүдрәти

Уәл кирбия, уәл жәбәрут»,—

деп құдайына жалбарынып, намазға шұлғып ұзақ ұйыған моллалардың үні ғана — осы ауылдың қазіргі тіршілік нышаны. Ұзақ әндетіп қосылған біркелкі жіңішке үнде өзінше сұлу нақыш болғанмен, зындандай түпсіз теренде, тыншу қаптаста, не қараңғы көр лақатта жігерсіз зарлаған дәрменсіздіктің, шарасыздықтың белгісі бар. Талай замана бойына тозбайтын, өзгермейтін, тілі жат тасбиқ — бір қалыпты бейғам тіршіліктен айнымайтын, не бір қадым жылжымайтын өлі даланың басыбайлы мұнажаты.

Аула іші шығыстың суффә үлгісімен қағылған жағалай тақтай сәкі. Ақан сәкіге отырып, Сұлтанмұратты оң жақ қолдағы ағаш үйдің шошаласында қараң-құраң етіп жүрген аспазшыларға жіберді. Биік, кең шошаланың ортасында жас

теріде шашылған жас еті. Үлкен тай қазанда буы бүркырап ет пісіп жатыр. Шошала ішінде демдерін іштерінен алып, мешіттен шыққан үнге құлак түрген ауыл үйдін еркек, әйелдері андасанда тарауықтың белгілі тұсына келгенде алақандарын жайып, ауыздары жыбырлайды.

Әлден уақытта аулада дауыс салған әйел зары түнгі даланы басына көтерді. Үйден, шошаладан сүріне-кабына шыққан балашаға, қатын-қалаш кара түнде отқа тірелген киіктерше үдірейісіп, көріскен екі адамды қоршай қалысқан.

— Батыр-ау, мынау Ақан ғой.

— Ақан сері,— деп танданғандардың ішінен мосқалдау біреулері көріскен екеуге басу айтып, құшақтарын ажыратып жатыр.

Ақанның келгенін Сұлтанмұраттан естіп жүгіре шыққан Бәтима еді. Ұрқияның туған апасы, Науанның жамағаты Бәтима Ақан жоқта сінлісінің жаназасында болып қайтқан. Жүрегіндегі қайғысы әлі тарқамаған уайымшыл, күйрек әйел дауыс салып, маукын басқанша ағыл-тегіл жылай берді.

Бұл кезде тарауық та оқылып, намаздағылар Науан хазіреттің аузына карасып, хадис тындап отыр еді. Сырттан дауыс шыққанда бәрі селк ете қалды. Қабағын шытынып аз бөгелген Науан, «Бәтимаға көңіл айта келген манайдағы жамағайындардың бірі болар» деп, Перғауындар қолындағы Мұса пайғамбардың балалық шағы жайындағы хадисін соза түсіп еді, есіктен біреу келіп:

— Ақан келіп тұр, шығып кетсін дейді,— дегенде, іштегілер де:

— Ақан?!

— Ақан сері.

— Ол неғып келді мұнда?

— Өзі салған өзәзіл жолын бүркемекке келген шығар, діннен безген кафырстан!— десіп, күбірлесіп, түнеріп кетті.

Басында ақ шалма, самайынан иегіне дейін тұтаса біткен қою коныр сақалды, шалғысы сақалымен қосылған әсем мұртты, сұлу ақ сары жүзді хазірет үлкен ойлы көзімен отырғандарды жағалай сынай карап, сәл бөгеліп қалды. Басқалар да хазіретке көздерінің астымен сынай қарасты. Бүгін ғана істіктің басына мінгізіп, казактың ғұрпын, дінін бұзып, сарнаған әнімен, маңына топтаған әңгүдіктерімен ел шырқын бұзған Ақанды даттап еді. Енді сол есер сері сырттан хабар айтып, хазіретті шақырып тұр. Біреуге елпілдеп тұрмақ түгілі, алыстан ат сабылтып әдейі іздеп келгендердің өзін кейде қабылдамай, көп

зарықтыратын хазірет тұйыққа тірелді. Бірақ, алдынан шығып, қарсы алмай болмайды. Сырттан қанша күстаналағанмен, бетпелбет келгенде серінің орны бөлек. Алдымен, ол хазіреттің туған бажасы. Кеше ғана әйелі өлген қаралы адам. Науаннан үш жас үлкендігі де бар. Оның үстіне осында жиналған көп тобырдың ішінде шарифат жолында біраз көсіліп айтыса алатын білгір. Енді бөгелсе, өзі кіріп, бет-жүзіне карамай мiрдiн оғындай өткір, жыланның уындай күшті тілімен масқаралап кетуінде шәк жоқ.

Хазірет орнынан тік тұрып, мәсілі аяғын кебіске сұқты.

Көз жасын тыйып, тілге келген Бәғимамен Ақан сері Ұрқия жайын мұная сөз еткенмен, мұнда неге келгенін айтпады. Бәтима да сұрамады, сұңғыла әйел іштей сезді де қойды.

— Ал, серім, неге үйге кірмей тұрсын. Бүгін бір тай сойып ек. Сыбағанды кейін жейсің, Ұрқияш екеуіңді тірісінде бірге шақыра алмай ұятты болдық,— деді тағы да көзіне жас іркілген Бәтима.— Ертен Науекен де Ұрқияштың жетісіне барам деп отырған.

— Рақмет, Бәтіш! Қонақ болу қайда қашар дейсің, қонақсыз емес көрінесіңдер ғой. Иә, тай соятындай бұл ненің құрметі!

— Әлгі Тастан әкелген. Рамазан күніне жасаған ырымы болар,— деп Бәтима көзінің жасын кимешегінің кеудесімен сүртіп, үйден Науан шыққан соң, жылыстай берді.

— Ә, солай де, ырым емес, алдын ала шалған құрбан болды ғой,— деді Ақан қасындағы Сұлтанмұратқа.

Ұрқияның дауына ел билері шақырса да бармай, не ақтайтынын, не қаралайтынын білдірмей, жонын сыртқа салып қалас қалған Науан тар жерде қол ұшын бермегеніне сері алдында өзін айыпты санап жүретін. Бұрын-сонды болмаған ширақ кимылмен елпілдеп келіп қол алды да, қайғылы ақынға қысқа ғана көңіл айтып, үйге шақырды:

— Ақан, бұл не тұрыс, үйге кір, ас та дайын шығар.

Науанмен бірге шыққан Шайхыесләм бар, тағы бір-екі адам хазіреттен бетер иіліп, ылтипат көрсетіп жатыр.

Былтыр келгелі бір-ақ көрген бажасымен Ақан бірден тіке кетті:

— Ықласына Алла риза болсын! Харам асты жей алмаушы едім!

— Суббухан Алла! Не деп тұрсын, Ақан!

— Айтқаным сол! Тастан кімнің жаназасын шығаруға келді?!

— Ақан, жайғасып отырып сөйлесейікші, от ала келген жоқ шығарсың. Дәмнен үлкен емессің, зияфат, зияфат!

– Зияфа егер сыйлы қонақтарын бар көрінеді ғой.

– Кифая кейін, тарик қонақ,— деді өзін арнайы шақырып қонақ ете алмай жүргеніне Ақан өкпелі деп түсінген Науан.

– Жок, осы жолы ала келдім сыбағамды. Сендер, көп күзғындар, санғыттарыңды кифаяға әзірлеп қойыпты деп естіп тарик келдім.

Науан да сыздана қалды.

– Сіздер, үйге бара беріңіздер,— деп қасындағыларға бұрылды. Кішкентай баладан бастап, өзінің жамағатына дейін сіз деп сөйлейтін Науан осы өңірде жалғыз Ақанмен ғана сен десетін. Ертеде: «Осы моллалар, іштерінде бір қап қаскөйлек жатса да, сырттарын жылтырап, сіз, біз деп сыпайы сызыл-мандаршы» деп сері бетін қайтарып тастағаны бар еді.

– Әлеумет алдында сөйлесуге беттеріңнен басасындар, ә, жасырын жымысқы әрекетке үйренген бейшара мүбәшаралар. Жүр онда, Құдайдың кен даласына кеттік,— деп Ақан Науанды салған жерден қуырып, дуалдан тысқа алып шықты.

Екеуі мешіттен алысырақ үнсіз барып, көгалға қарсы қарап малдас құрған соң, қып-қызыл алаулап туған айға қарап Ақан сөз бастады:

– Ана туған ай саған да, маған да, бар ғаламға ортақ, жарығы бәрімізге жетеді. Сендерге осы не жетпей жүр. Мешітіннен де, медресеннен де біржола кетіп, өз бетіммен қарекет етіп, ешкімге зиянсыз жүрген жанмын. Қыстай жиналып алып, Қараталдың бауры бөрінің ұясы секілді сырттан шәжілеп, піспектейсіңдер. Іздейтіндерің жаулық. Менің сауығымда, қызығымда не шаруаларын бар. Ақиық өнерменен түлкі алғанда, сонынан шықылықтап сауыскандар,— деп Ақан сөзді түптен тартып, сөз сонын өзінің нақыл өленінің шумағымен бітірді.

Тап осы жолы серінің сұрайын деп отырғаны басқа екенін білсе де, алыстан орағытқан сөзді үнсіз тындаған Науан да қарсы шапты:

– Ақан, жасырмаймын, екеуіміз де бір әке, бір ененің екі қызын алдық, бірақ екеуіміздің қарекетіміз үйлеспейтін ғәдәуәт қарекет. Сен жаңа дұрыс айттың. Қараталдың бауырын жын-шайтан жайлаған. Табаламаймын, бар зауалды содан өзің де тартып келесін. Мұсылман милләтін түзу жолға рәсімге салар дін мен қисық, күпір жолға түсірер ғефрит сыйыса алмайтыны ғәдәл. Ол екеуі қонсы отырғанда өзің айтқан мүбәрша бола тұрып, лиллаһи меләл болмай отыра алмаймын. Сол Қаратал жаққа үйір сайтанның бірі бүгін торға түсті. Оны айыптамай тағы да отыра алмаймын. Сенің сұрайтының сол болар?

- Ол кай мүттәһәм?
- Өзің де біліп келдің ғой – Қадиша.
- Мүттәйім кім?
- Өзінің ері Тастан да.
- Қадиша қазір Сұлтанмұраттың жамағаты емес пе?!
- Оларды неках еткен маэзун кім? Қай кази?
- Талақ болған адам некахсыз да күнелтпей ме?
- Мұхаммет пайғамбардың мишкат шартын қайда қоясын.
- Мишкатта ғиддәт шарты да бар емес пе?

Науан сәл тосылып қалды. Ері талақ етіп тастаған соң, екінші адам алса, арада төрт ай он күн өтпей бұрынғы ері қайтып ала алмайтын мишкаттың ғиддәт шартын көпе-көрнеу ескермеген еді.

– Жоқ, ол шарт некеленбеген Сұлтанмұратқа жүрмейді, – деп бұрып еді.

– Ә, мүмкін, олар некеленген шығар, – деп Акан да жалған бұрды.

– Акан, шынындай айтшы, бұл іске сенің неге жаның ашиды? Сол үшін тәуфик тілеп келдің бе?

– Шәкіртсіз ғалым тұл дейді. Сұлтанмұрат – шәкіртім. Шәкіртімнің жүрегіне жара түссе, мен де шәкіртсіз тұл қалмақпын. Ал тұл қалған ақында ән де, мән де жоқ. Шыным сол – бұған өзің арашашы болсын деп келіп отырмын. Жат елде іздеушісі жоқ бақытсыз жетім Қадिशаның жокшысымын.

– Онда менен тәуфик тілеме. Бұл мешіт қабырғасында, көпшілік алдында мәхтум болған іс. Кеш қалдың.

– Муфти кім?

– Мен өзім.

– Фәтуәң қандай?

– Мүттаһәм Қадिशаның арқасына қырық шыбық дүре салып күнадан арылту.

– Талақ еткен ерінен кеткен де күна болып па? «Шала молла дін бұзар» емес пе бұларың.

– Жарайды, Акан, сен естімеген тағы бір сұмдықты айтайын: Қадиша Сұлтанмұратыңның ғана ғадал жамағаты емес, ол – зинаһар.

– Зинаһар?! Мүттайым, бұларың айып емес, жала ғой. Шәһадат, шәһадат! – Акан орнынан тұрып кете жаздады.

– Егер зиналық жолда үстінен түсіп, сол күйінде осында әкелген адамдар куәдүр болса ше?! Шәһадат сол емес пе.

Акан үнсіз түнеріп отырып қалды. Не сенерін, не сенбесін білмейді. Бірақ, тап бұл арада Науан өтірік айтуы мүмкін емес.

Қадишаның да, оның мойнына салар куәләрі де тірі ғой. Жалған болса хазірет ертең ел-жұртқа не бетін айтады.

– Әй, Ақан-ай, әлі албыртсың. Сонына ерткен ана жыр-такай жастарға сенемісін. Көнілінде сенім жоқ, діннен безген тағатсыз жанларда қандай таһарат болмақшы. Мен соларды тағәтқа келтірем. Одан да осыған тауфик, инсаф неге тілемейсің,— деп ұстамды, байсалды ақсақалдың кейпімен дәріс айтып кетті.

Ақан үнсіз ойланып отырды да, енді ең осал желден басып, қайтсе де, Қадишаны арашалап алудың соңғы амалына көшті:

– Қырық шыбық дүре соғып, күнадан тазартып, Қадишаны тағәт етгіндер. Сосын?..

– Сосын өзінің некелі Тастанына қайта қосылады.

– Қайта қосылады?— Ақан кекесінмен күлді:

– Зинаһар әйелді қайта аламын деп келген Тастандікі махаббат емес, қызыл көз хәсәдтік қой әншейін, хәсәдтік! Ал қырық шыбықты көтере алмай өліп кетсеші?

– Онда жан фида, шаһит. Басқаға үлгі,— деді Науан ай жарығында Ақанға тіке қарап.— Осымен болды ма, Ақан?!

– Жоқ, соңғы сауалым бар.

– Иә?

– Бір күнә үшін екі адамды мүттәһәм ету бар ма шарифат ехтамында? Сайтан үшін періштені қоса жазғыра ма?

– Егер сайтанға еріп періште жолдан тайса, әрине. Ол періштен кім? Сұлтанмұрат па?

– Егер осы жолы Қадишамен бірге Сұлтанмұрат емес, бейкүнә періште бірге өліп кетсе-ші?

– Түсінбедім. Оның кім?— Науан миығынан күлді.

– Онда айтайын. Тында. Қырық шыбық әйел түгілі еркекке ауыр соққы. Егер ол жазадан Қадиша өлсе — шәһит болса, болар, бірақ ішіндегі перзент не болмақ?

– Перзент! О раббым!— Науанның көзі жарк етіп, тіксініп қалды.

– Ие, перзент. Қадишаның ішінде төрт айлық бала бар. Күнадан пәк сәби жарық дүние көре алмай, зұлмат дүниесіне кете барса, оған жауапты кім берер екен?!

Бүгін жолда келе жатып Сұлтанмұрат әкесінен жасырып Ақанға онашада айтып еді. «Бойына нәресте біткелі Қадиша бір түрлі төлежіп, бұрынғыдан да нұрланып кетіп еді. Ақан ағай, шынымен көрер қызығым кесілгені ме. Егер Қадишаны айырып, дүниеге келер нәрестені тірі жетім етсе, бұл ит тіршіліктен не пайда!»— деп Сұлтанмұрат қатты қынжылған.

– Наурызбай, корқытқаным емес, әйтеуір жауыққан ғәуәдәтпіз дедің ғой. Егер хәсәдтікпен жеткен Тастан үшін дүре астында Қадишамен бірге нәресте кетсін,— бүкіл казак милләтіне сендердің перделерінді ашуға бір-ақ ауыз сөзім жетеді. Сосын ақталып көріндер. Сенің дінін күшті ме екен, акынның үні күшті ме екен?

Ақан орнынан ширақ тұрып, қайырылмай жүріп кетті.

Салмақты, суық сөзден тұла бойы түршіккен Науан хазірет ай астында ақ шалмасы ағараңдап, ауыл сыртында жападан-жалғыз үнсіз отырып қалды.

Біткен істің сонына келіп бармағын шайнаған Ақан Науан үйіндегі Шайхыесләмді шақырып алып, Сұлтанмұрат үшеуі ауыл ортасымен аттарын жетектеп, жаяу аяндаған.

Шайхыесләм үйінде Байбосын тағат тауып отыра алмай бір кіріп, бір шығып тықыршып жүр екен. Ақандар келгенде «не болды, арашалай алдыңдар ма» дегендей көзі жаутандап, ауыздарына қарады. Ақан өзі ашылып ештеме демеген соң, жағалатып бірдеме сұрауға бата алмады. Қонақтардың «соймай-ақ кой» деген қарсылықтарына болмай, «сәресіге дәл піседі» деп, Байбосынның батасын алып төрт аяғынан бұған қойды «нашаты Алла, қуата» деп алып ұрып Шайхыесләм сойып тастаған. Қысқа танда мойындарынан су кетіп, үнсіз отырған меймандарын сөзге тартып әлден уақытта үй иесі сөз бастады.

– Айтқандай, қазір оразаның орта тұсы ғой, елде ұйқы жоқ. Үшінші күн ұдайымен кәдір түнін күтіп жүр,— деп құрақ-құрақ көк шынылы сығырайған жамаулы терезеге қарады.

– Е-е, кәдір түні кімді жарылқар дейсін. Одан да, Шәке, бүгін Қадишаға үкім шығарғанда ішінде болдың ба, болсаң, соны айтшы, кім не деді?— деп Ақан басын көтерді.

Ескіше шала оқығаны бар молласымақ Шайхыесләм Қадишаның неке бұзып зина жолға түскенін сарапқа салғанда мешітте болып еді. Айтар, айтпасын білмей, желкесін қасып отырды да, бәрібір ертен естілетін әңгіме ғой деп, қинала отырып болған істі түгел баяндады.

– Ақан,— деді соғында Шайхыесләм,— бәрі де тістерін қайрап, сені айыптап отыр. Елді аздырып жүрген Ақан. Серілік құрып, жастарды манына топтап, өзәзіл жолына түскен, бүйте берсе мүсылмандық рәсімнен айырыламыз. Қадишаны да Сұлтанмұратқа қосқан Ақан. Бүйте берсе аял атаулы неке бұзып, серіге еріп ібіліске айналар деді. Ұрқия марқұмның қолына мылтық алып қыздармен аңға шығатыны да, ер мен әйел қосылып ән салып, ауыл-ауылды атпен аралайтыны да айтылып,

жакында үйінен қашып кеткен Арықбалық, Имантау жағындағы бір қыздарды да сөз етіп, серінің үлгісі деді. Не де болса, Ақан шырағым, жақсылық емес. Байқаймын, маңына қыз, бозбала ерткенмен, ел аксақалдарынан жау көбейтіп алған екенсін. Бәрінің де жұдырығы жен ішінде түюлі секілді. Қадишаға тиер сокқы ертең саған тиер жұдырықтың алды екенін аңғарарсың, Ақан шырағым. Шыным – осы. Маған ренжи көрме, бір Есембайдан тараған шұңғырша, жақсылықпыз, бөтен емеспіз, ағымнан жарылып отырмын, шырағым. Көпке топырақ шашып қайтесін.

Ақан іштей зығыры қайнап, мырс етіп күлді де қойды. Әлі ештемеден хабары жоқ Байбосын шыдай алмай:

– Сонымен Қадишаға не жаза кесті?– деді Шайхыесләмға қарап.

– Ой, Бәке-ай, несін сұрайсыз. Жазаның неше атасы айтылды ғой. «Ат құйрығына салу керек» деді біреулер. «Атқа теріс қаратып мінгізіп, бетіне күйе жағып, ауыл-ауылды аралату керек», «терең зындан қазып, сонда тастау керек» дегендері де болды. Енді біреулері «Тастан жұрт алдында талақ етіп, осы ауылдың ең бір қорына, мүгедек сорлысына қосуы керек» деді. Бірақ, Тастанның айырылатын түрі жоқ-ау тегі. «Қайта алып, босағамда шірітемін» деп отырып алған соң, ақыры «күнадан арылту үшін Қадишаға қырық шыбық дүре салу керек» деп шарият шартына жүгінді ғой.

– Қырық шыбық деймісін! Мұндай да сұмдығы бар ма еді?!– Байбосынның көзі шарасынан шықты.

– Шариятқа не сыймайды, адам басы Алланың добы деп, дүмше моллалар өз пайдасына қикалақтап бұра бермей ме,– деп тістенген Ақан Шайхыесләмға қарады.– Сонымен қашан дүре салатын болды. Қадиша қайда екен қазір?

– Қадишаны білмедім. Тегі қамауда болса керек. Күзетпен ұстап отыр дейді ғой. Дүре салатын күні – ертең. Таң намазынан соң күн шыға жиналып, Бесқарағай деген жерге апаратын көрінеді. Сонда жаза ағашы заққұм қағып, соған күнаһарды байлап, қырық молла үшкірген үш тал шыбықпен тауапқа келтірмек.

– Зәққұм!– деді Ақан қабағын түйіп.– Ол күнаһарлар о дүниеде жемісін жейтін тозақ ағашы емес пе. Тапқандарын қарашы. Бұл хазіреттің осы дүниедегі сираты ғой. Қап, өттеген-ай!

Ақанның ендігі ойы жігіттерін жинап, Қадишаны ұрлап әкету еді. Кеш қалғанына қатты өкінді.

Бұдан әрі үй ішінде сөз болған жоқ. Әркім өз ойымен үнсіз түнеріп отыр. Сұлтанмұрат келе басына жастық жастанып, сырмақ үстіне құлаған. Бойын суық алған адамдай бүрісіп, теріс қарап жатыр. Көз алдында Қадиша: аппақ борықтай денесін жалаңаштап, арқасына, жонына шыпқыртқан жас көк шыбық жыландай ысқырады. Шып-шып етіп шыбық тиген сайын уыздай дене теңбіл-теңбіл көгеріп, ісініп барады. Тұла бойы қалтырап, көк шыбық орай тиген сайын жанталасқан Қадиша байлаулы қолын жұлқылап, бұлқынып ішін қорғағысы келеді. Іште жатқан нәрестенің тағдырын ойлаған Қадиша алыста бетін басқан Сұлтанмұратқа жалбарына қарағандай болады. Аясы мөлтілдеп жасқа толып, ышқынып: «неғып тұрсың, ара түсе алмасың бар, байғұс-ау, несіне келдің, қызық көре келдің бе. Бар, бар, тұрма бұл арада» дейтін сияқты. Сұлтанмұрат жанындай сүйген аяулы досы дүре астында қайранға шыққан ақ шабақтай тынысы тарылып, соңғы демімен қайқандап, тулап жатқанда өз шыбын жанын қорғап, «аман қалса екен» деп болымсыз тілекпен ғана тұрар дәрменсіздігін ойлағанда іші қалтырап, қатты қорланып, көз жасын тия алмады. Тамаққа да тұрмай, теріс қарап, бүк түскен күйі үнсіз жылап жатып алды.

Сәресіде алдарына келген бір табақ қой етін шымшылап қана жегені болмаса, Ақан мен Байбосынның төбеті шаппайды. Ертең күн ұзақ тартар аштық зардабын ойлаған Шайхыесләм ғана қонақтары жарытып алмаған соң, мүйіз сапты лыпыған кездігімен күлдей ғып тураған семіз етті уыстап-уыстап соғып алды да, сәресіге ниет қайырды: «Неуәйті ән әсумә, сәумә, мин әл фажри, мин әл мағри халисан лелләһи тағала аллауһ һакпар! О Аллатағала, оразамды қабыл қыла гөр, қабыл қыла гөр!».

— Ал, қонақтар, қол жуып тынығындар, әлде кәдір түнін күтеміз бе. Осы бүгін-ертең аспан қақпасы ашылса керек,— деп, таң қаранғысымен үңірейген терезеге қарады.

— Осы жасыма дейін талай рет күтіп көрдім. Бірақ әлі жарқырап ашылған қақпаны көрмедім. Бала күнімде далада жатып болмашы бірдеме көргенім бар, тегі сол да ашылған қақпа емес, ағып түскен жұлдыз-ау деймін,— деп Байбосын ертедегісін еске алды.

— Иә, онда не тіледіңіз,— деп Шайхыесләмнің көзі күлімдеді. «Құдайтағала жыртқы-тесігімді жамай көр» дедіңіз бе?

— Ой, қайдан айтайын. Ондайда ауызға сөз түсуші ме еді. Ойлап жүрген тілектерім де көп болушы еді. Жарқ етіп Құсжолына аппақ сызық түскенде, аспан қақпасы как

айырылғандай болып, зәре-күтым қалмай, бісміллә, бісміллә дей беріппін.

– Бәке, сонда не тілеп жүр едіңіз?

– Е, Ақанжан, баланың не жарытқан тілегі болушы еді. «Шіркін-ай, бір ұшатын кілемім болса, жер дүниені шарлар едім» деп ертегінің ұшқыш кілемін тілеуші едім. Бірақ, құдайтағала оны маған аспаннан түсіре қоймас, одан да жерден тілейін деп, «шіркін-ай, бір жүйрік тайым болса» деймін. Бірақ, жалаң аяқ күс табанымды жалтыратып, тай мінген не сән деп, «жалтыраған былғары етігім болса» деп ойлаймын, әйтеуір көрінгенді арман еткен балалық қой.

– Онда сол көп тілектің бірін сұрай алмай қалған екенсіз ғой,— деп Шайхыеслім тағы күлді.— Ал, тап қазір аспан қақпасы қак айырылып ашылса, не тілер едіңіз?

– Құдая, тәубә, ашылса екен, Қадишаның тілегін тілер ем,— деп мұная қалған Байбосын аузын жиғанша болған жоқ, терезе түбінен бірдеме дүңгір ете қалды да, әлдекім сырттан сарнап қоя берді.

Селк етіп шошып кеткен үй ішіндегілер терезеге жалт қарасты. Сұлтанмұрат та басын көтеріп алды.

Сырттағы адам сарнап тұр:

«Сахара айта біз келдік... Ақ!

Бір келген он екі айда ораза жан,

Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан, Ақ!

Сахар айтушыға көзі түскен Ақан үстіне мұздай су құйып жібергендей түршігіп кетті. Қып-қызыл үнірейген отты көзін ішке қадаған, сақал-шашы дудыраған, қу жақ, аппақ шал суық көрден шыққан аруақтай. Тарамысына іліккен арық денесіндегі өрім-өрім ақ көйлектен сорайған мойынның тамырлары білем-білем. Ақ күмістей жүн басқан шодырайған кеуде сүйектері қатар-қатар тізген шала мүжілген қой тобығындай. Кірпік қақпай тесіліп, сауап орнына жанынды суырып алуға келген әзірейілдей қайыршының сөзі құйка тамырды шымырлатады:

Бойында оразаның сайтан жүрмес,

Бұл айда өлген құлдар тамұқ көрмес, Ақ!

– Әй, катын, қайсын барсындар,— деп ауыз үй жаққа қараған Шайхыесләм айғай салды.— Ана мүсәпірге бірдеме беріндерші. Жеті шелпек бер, жеті шелпек. Жанағы мүжілмеген

жамбасты да беріндер, жесін байғұс... Қайдан келетінін білмейсің, ораза айында міскін қайыршылар өріп кетеді осы ауылда.

Ақан да қалтасының түбінде көптен жүретін бір теңгелік сөлкебайды тіленшіге жіберіп, таң қылаң бере Сұлтанмұратты ергіп тысқа шықты.

Шығыс жақ бозамықтанып, шығар күннің шапағы белдеуленіп келеді екен. Шық түскен боз арасынан пыр етіп шіл ұшты. Әлі биіктемей бірер бозторғай жаңа шырылдап, әр тұста қанаты жыбырлап ілініп тұр. Бозторғай — дала сағаты. Торғай шырылы естілісімен сәресіні доғаратын ауыл үйдін терезесінен оттар біртіндеп сөне бастады.

Осы кезде мешіт жақтан таң намазына шақырып сарнаған азаншының үні шықты. Баратай-Барак аспанын дірілдеткен кою үн бұйраланып, барған сайын алысқа шырқап, толқып барады. «Уа, құдайдың құлдары, шәждеңе бас иіп, жалғыз иен-тәңіріне сыйын, хақ тағалаға жалбарын, таң келеді, таңмен бірге нұр келеді, уа, құдайдың құлдары». Көкіректен ашы зар шығарғандай күніренген муәзін Науан еді. Алыстан ақ шалмасы ағарандаған хазіретті мешіттің биік муәзәресінен көрген Ақан мен Сұлтанмұрат тітіркеніп қалды: Қадишаны тауаб етуге апаратын мезгіл жақындап келеді.

* * *

Иә, Қадишаны тауаб ететін мезгіл тақап келеді. Оны Қадишаның өзі де біледі.

Тас қараңғы шошалаға қамалғалы таңның қалай атып, күннің қалай батқанын жобамен аңғармаса, басы айналып, мүлдем мәңгіріп қалған. Алғашқыда қараңғыға көзі үйрене байқағаны — шошаланың бір жақ қабырғасы дестелеп үйген ақ қайың екен. Белі мүжілген биік ескі қасиетті жаңғырықтың қасында балта жатыр еді. Оны да алып кеткен. Мұнтаздай таза шошаланың ішінде қолға ілігер қару жоқ. Еттік пен үйге жапсарластыра салған қысылма шошалала тесіп шығар санылау да жоқ. Байлаулы қолын босатқан Қадишаға ескі-құсқы көрпе мен кигіз әкеп тастаған. Жата-жата жамбасы талды.

Ел дәстүріне берік Қадиша да ауыз бекіткен. Әйтеуір сырттан адам қатынап, анда-санда тамақ әкеп береді. Ауыз ашар, сәресінің мезгілін сол тамақтан жобалайды. Тамақ әкелетін әйел алғашқыда үн-түңсіз келіп, аузының жігін ашпай шығып кетуші еді. Кейін есік сыртындағы күзетші жігіттерден қай-

мығып, жалтақтап, Қадишамен сыбырласып сөйлесетін болды. Түнгі сәресіде жылы сорпа, ет алып кірген соң күн Ақан мен Сұлтанмұраттың келгенін, ертен қырық дүре соғылар сұмдықты айтып, сыңсып жылаған.

— Жаным-ау, тым құрмаса аузыңа бір түйір ет салшы. Аштан бұратылдың ғой!.. Кайтейін, карағым. Қолдан келер дәрмен жоқ. Күзет берік. Әйтпесе, не көрсем де Алланың бұйрығын күтіп, бір шығаруға шығарып жіберер едім... Өзім де әйтеуір жанымды жалдап жүрген бір бейбақпын. Соңымда ерткен екі қаршадай ұлым бар. Күйеуім қыста ұзақ нуқастан қайтыс болған. Осы үйдің ас-суына араласып, күн көрген сорлымын... Хазірет жоқ-жітікке қайырымды адам еді. Тап осы жолғы қаһарына түсіне алмадық... Бәрінің беттері жаман. Жібитін түрлері жоқ... Қайдам, шырағым!— деп етегімен көзін сүртіп, шығып кеткен.

Қадиша келгелі мандайынан арылмаған сорын, құдай-тағаланың шегелеп берген сұм тағдырын ойлап егіліп көп жылаған еді. Енді көзінің жасы да таусылған сияқты.

Өткен күзде Қараойдағы еліне барған кезі өміріндегі бір ұмытылмас шақ. Аткасшы есебінде жүрген Сұлтанмұраттан жұрт алғашқыда секем алып, өсекке де таңған еді. Бірақ келе-келе әйдік әншінің құлақ құрышын қандырар үніне құмартқан ел көлденең сөзді ұмытқан. Сұлтанмұрат айтқан Ақан, Біржан әндерін қағып алып, кең өлкеге таратқан жастар, әншіге үйір болып, бауыр басып алған. Үш айдай сайрандаған бұларды жібергісі келмей, ақыры той-думан, салтанатпен аттандырып салған. Артынан іздеушісі жоқ, үйінен «талақ» боп қуылған Қадиша мен Сұлтанмұраттың осы сапарда көңілдері косылып, Қантай ауылына ат басын тәуекел деп тіреген еді...

Содан бері тұздары жарасып, бір-біріне сыйлы жана отау боп жүре берді. Жалғыз Сұлтанмұрат емес, жетім көңілді Байбосын да масайрап, Қадишаны қызындай көріп, әкесіндей боп кетті.

Аз күнде Қантай аулына да жұғымды мінезімен, ашық көңілімен ұнап, азат бір тіршілікке қолы жеткен Қадиша төтеден келер қаскөйлікті күтпеп еді. Өзін маскаралап тастап, үйінен біржола жұқпалы аурудай аластаған Тастанды да есінен біржола шығарған. Одан құтылғанына Құдайға қой айтып, оны кіналауды да ұмытқан Қадиша тосыннан айықпас зор жазаға ұшырады.

Оразаның ортасына тақаған кез. Байбосын қарт жақсы көретін ірімшіктен самса жасап, құймақ құйып ауыз ашқан соң

Қадиша інірде жалғыз сиырын сауып, үй ыртына ілген кірлерін үйге алып кірген. Ауыз жақта ожау ойып отырған Байбосын үй ішін мұнтаздай ғып ұқсайтын шаруаға қылап келініне қарап:

— Қарашығым-ау, бір мезгіл дем алсаң етті. Отыршы, жаным!— деді, ала-көбеден тұрып, тыным алмай тыпыр-тыпыр шаруа соңында жүретін келінін аяп.— Түнеугүні Сұлтанмұраттармен бірге кетпеген екенсің, біраз бой жазып келетін. Бұл шаруасы бар болғыр бітеді дейсің бе.

Қадиша үнсіз шығып бара жатыр еді.

— Тағы қайда барасың, туһ шаршадың-ау!— деді. Баласы екеуі жасырса да, әккі Байбосын келінінің аяғы ауыр екенін сезетін.

— Қазір, көке, әлгі сиыр бұзауын ертіп кетіп қалыпты. Тауып әкелейін.

— Мен-ақ іздеп келейін, қайда жүр дейсің,— деп Байбосын орнынан ырғалып тұрғанша болмады, келіні шығып кетті.

Жазғы түн жып-жылы. Тымық. Қаранғы түн астындағы ауыл тегіс ауыз ашарға отырған. Күндізгі шаруадан қажыған жұрт сәресіге дейін тысқа шықпайтын әдеті. Әлі сары маса көп болмаса да, әр жерге шошайтып көн-қоқырдан түтін салған. Ауыл тіршілігіндей самарқау көтерілген түтін бауырында күйіс қайырып пысылдаған мал да рақат бір дүниеге енген екен. Қадиша ауыл ішін түгел ақтады. Бас жібін сүйреткен бір-екі бұзауға тақап, үніліп-үніліп қарап жүр еді, арт жағынан еңкендей басып үнсіз ерген біреуді көрді. Ол да тыныш жатқан малдарды аралап, жоқ іздеп жүр.

— Бүгім-ай, қайсысың бұл, біздің қызыл қасқа сиыр көзіне түспеді ме?— деп еді, қарандаған бейтаныс анадайдан состыып тұрды да:

— Мен де сиырымды іздеп жүрмін. Ана есіз қора жақта бір бұзаулы сиыр жүрген, сол болмаса, — деді енжар ғана.

Қадиша солай қарай ұшты.

Ауыл сыртындағы есіз қора көп. Қантай ауылының бұрынғы жұрты. Өнкей шымнан қалаған үйлердің бірі Байбосындікі. Жаңа үй салып, ескі жұрттан көшкелі бесінші жыл болыпты. Ол кезде де осы күнгі кәрі қасқа сиыр бар екен. Анда-санда ансары ауып кете ме, әлде ескі әдет пе, өрістен қайтқан қасқа сиыр сол есіз қораның алдында әлсін-әлсін жатып қалатын көрінеді. Қасында бұзауы болса, ертіп алып, тура сонда тартады. Байбосын қарғ талай сол арадан айдап келіп жүрген. Қадишаның есіне осы түсті. Жүгіре басып, ауыл шетінен қалай шығып кеткенін де аңғармады.

Есіз қоралардың арасы тас қараңғы. Қалың алабота өскен төмпешіктерде шыр-шыр еткен шегіртке үні құлазыған есіздік үніндей. Аяқ басқан сайын ашы жусан иісі көбейіп барады. Қадиша үнірейген қоралардан үрейленіп, тұра қап тын тындады. Тым-тырыс. Биік алаботалардың сабағы ғана сырт-сырт етеді. Арасынан әлде не тышқан аңдыған мысықша ақырын басып шығып келе жатқан сияқты. Қадишаның көзі бір кезде есіз қоралардан әрірек мүлгіген көп зират ішіне түскенде мелшиіп тұра қалды. Зират ішіндегі әулие моласынан шырақ жанды. Біресе тап алдына келгендей жарқырап, біресе өлеусіреп алыстаған жарықты шайтан оты ма деп иманы қасым болған Қадишаның жүрегі алып ұшып, дүрсілдеп барады. Қорыққанға қос көрінеді. Енді жан-жағынан сытырлаған дыбыс көбейіп кетті. Сусылдаған көп сылдырмақтары сылдыраған жын-шайтандар өзін айнала қоршап еліктіріп, сықылықтап күлген сияқты. Не ілгері жүрерін, не кейін қайтарын білмей қалт тұрып қалған Қадиша көзінің алды бұлдырап, «әукім, әукім»деп деп қалай дыбыс бергенін де аңғармады. Күнгір еткен өз даусынан өзі шошып, кері бұрылғанда, қараңғыдан біреу алдынан шыға келді. Зәресі ұшқан Қадиша:

— Б-бүгім-ай! — дегенде:

— Мен ғой, әлі таба алмай жүрсін бе? — деген бағанағы адамның үні шықты.

«Уһ» деп, түнгі жоқшының ес көрген Қадишаның буын-буыны талып, тұла бойы ұйып бара жатыр еді.

Еңгезердей жігіт келе құшақтай алды.

— Қорқып қалдың ба, Қадиша, кішкене отырып, жүрегіңді басшы, — деген бейтаныс жігіт еріксіз шөктіре берді.

Алғашқыда түк ойламаған Қадиша, дәу жігіттің ыстық демі бетін шарпып, кеудесіне қарай жүгірген құмарлық қол камзолының ішін суық жыланша аралағанда барып есін жиды. Саскалақтап, ауаны қарманып көтеріле берген бейкүнә әйел орнынан тұра алмай қалды. Қараңғыда із аңдыған қара ниет айғайлауға да келтірмей күректтей алақанымен аузын тұншықтыра басып, еңсеріп бара жатты. Аяқ-қолы тырбаңдап, аюдың астына түскендей жан таласқан Қадишаның үні де, демі де бітіп, есі ауа берді...

Келінінің көп кідіргенінен қорыққан Байбосын ауыл үйді аралап, ақыры есіз қораларға келген. Тап осы кезде сықырлап кеп тоқтаған аттылы арбаға екі-үш адамның қараңдап барып алас-күлес отырғанын көрді. Көйлегі ағарандаған біреуді тыпырлатып салғанын таяна бере анық байқады.

– Қадидша, Қадидша!— деп жан даусы шығып жүгірген Байбосын жете алмады. Қалын көдемен дүрсілдетіп, жеңіл арба зыр қағып кете барды.

Аузы таңулы Қадидша атасының зар еңіреген даусын шалашарпы естисе де, үн катуға дәрмені жок еді. Өкпесі өшкенше жүгіріп, кара жолға шыққан соң жер бауырлап жатып сақалын жас жуып жылағанын да білген жок. Қолынан келер дәрмені болмаса да, ес-түссіз мәңгіріп, із сонынан тан атқанша мағынасыз жаяу салпақтап, атасының Баратай-Баракка келгенін де білмеді...

«Сұмдық-ай. Енді сарғайып тан атса керек». Тап тұсынан зарлаған азаншының үні келді құлаққа». Қызарып күн де шығады, қазір андыздаған көп қасқырдың ортасына дәрменсіз лақтай сүйреп Қадидшаны тастайды. Ішінде Сұлтанмұрат та, Ақан да бар. Олардың да жүзі катулы. Аз уақытқа шыдамай, жасырын нәпсі жолына түскен азған әйелді олар да жазғыра қарайды. Не деп ақталсын! «Жазықсыз едім, зорлықшылдың қолына түсіп, қор болдым, мазақ болдым, тіпті аты-жөнін білмеймін» деп ақталғанмен бетке түскен шіркеуді қалай жұларсын. Жон арқасы тілім-тілім боп, тағы да Тастанның жетегіне байланып, ызбарлы елдің кәрлі көзіне түспек. Ондағы күн енді бұрынғыдан да ызбарлы, суық көрдей болмақ. Ел алдында маскара етіп, үш-төрт ай ұстап, қарны шермиген әйелді Тастан тағы да елден аластап, тентіретіп жібермек. Сонда кімді паналар? Тағы да Сұлтанмұраттың қанатына тығылу керек пе? Не деген маскара! Таны айырылған жылы көкпар ғұсап екі ортада қолжаулық болу қалды ма?! Жок, бұлай жүзі кара атанып тірлік еткенше бұл дүниеден мәңгі кеткен жақсы. Бәрібір бір өлім. Алланың сызығы біреу-ақ. О, жасаған, панасыз сорлы бейбағынды өзін кешіре гөр!»

Қадидшаның тұла бойы дірілдеп, демі бітіп барады. Тамағын бунап, тынысын тарылтқан көйлектің тана көзінен жасырып, төңкерген сырлы аяқтай біліне бастаған ішін үнемі орамалмен тастай ғып танып алатын. Қарнын тартып, бүрістірген көл-көсір шәйі орамалдың ұшын ағытып, босата берді. Қараңғыда шошалада тізерлеп келіп, жаңғырыққа қол созды...

Бұл түні Науан да көз шырымын алмады. Ақанмен сөзге келген хазірет тамаққа отырмай, басым зеніп барады деген сылтаумен төсек салдырып жатып қалған.

Бұхардан оқып келген Науанның мазасын алған үлкен мақсаты бар. Ол – қараңғы елдің көзін ашу: «Хадымша ғана шала оқыған дүмше моллалардың бар уағызы құранның

жаттанды сүрелері, өздері шала білетін алланың расулы Мұхамбет пайғамбардың хадистері. Әсләм діні қазаққа тарағалы не заман, содан бері Бұхарға, Хиуаға барып оқып келмесе, ел ішіндегі оқу бір қырдан асуға жарамайтын деңгейі төмен, арнасыз білім. Ақан сияқты зерек адамдардың пайдасы аз сабақтан ығыр болып, зерігіп, тастап кететіні де содан. Ал, орыс ығылымын оқығандардан қандай пайда! Хан тұқымына еліктеген төрелер, қолы жеткен бүгінгі болыстар балаларын Омбыдан, әрісі Петербордан оқыта бастады. Олардың қайсысы елге келіп, мектеп ашып, бала оқытыпты. Орыс шәрінен алған білімін үстіне сарала тон ғып жауып, үйренген оқуын әкімдікке жұмсап, ел үстіне аталарының қамшысының орына қылыш ойната бастады. Абылай әулетінен Шынғыстың Шоқаны зерделі шығып, елге қамқор бола ма деп еді. Ол да салған жерден мұсылман дініне найзағайын түсіріп, елді үркітті. Жұртқа пайдасын тигізе ме десе, елден безіп, қара басының қамымен жүріп жат жерде қаза болыпты. Сонда не істеу керек? Медресе ашып, қазақтың ұл-қызын бірдей алып оқыту керек. Құран сүрелеріне ғана жасия етпей, хадымнан жадитке көшіп, оқу-сызуды жеңілдетіп, дүние тану, шәрқият ығылымынан да мағлұмат берерлік мұғалім, хәлфедер ұстау қажет. Сонда құжырадағы шәкірттер нәху, жамалия, джүғрафия, жамиғаттауарихтан да хабары болмақ. Пайғамбар, сахабалар, сол замандағы шииттер, сүнилер тарихынан басқа, әрісі Ифлатун, Сократтардың, Эристалистердің, берісі Әбунасыр әл-Фараби, Махмуд Қашқари, Баласағуни Юсуп, Әбурайхан Биурни, Әзірет Ахмет Яссауи, Жалайри сияқты хақимдердің ығылымымен танысар еді. Қазаннан келген Фәхретдин бине Мифтахетдин Ақан сері сияқты ақындарды мұғалімдікке тартса, Фирдоуси, Физули, Сағди, Науаи, Низами сияқты шығыс шайырларынан да жана бір тарз алып, әр тарафтан білімге кенелген болар еді. Ол үшін бүкіл дуандағы дін иелігі қолда болуы шарт. Науан келгелі өзімен дәрежесі тең түсерлік имам Жәнапия, Ғабидоллаларды былай қойғанда, міскін, дүмше моллалардың өзі көп жерде аяққа оралып, сырты балки тұрып, іші жібімейді. Жүзі күліп, іші күйеді. Науанның әр басқан аяғы санаулы. Сүрінісе-ақ болды, ертең дуанға сайлар «указной моллалық» атақтан қағылмақ. Қағылды дегенше мансұқ еткен бар талап, мақсұттан айырылады. Бұхардан екі нарға тиіп әкелген көп кітаптар шәкіртсіз тәркі болмақ.

Міне бүгін аяусыз сынға түсетін күн. Одан сүрінбей өту үшін қаталдық қана көмекші. Жаза басып, осалдық етсе, табан

тіреген мұз ойылып, өзі суға қарық болмақ. Қарық болмас үшін шариғат тарикатын биік ұстап, нәпсі жолына түскен Қадишаны кұрбан етуге керек. Аяныш жүрмейді бұл арада. Сонда ғана жұрт дінге бой сұнады. Ғибадат, ғибадат!

Бірақ... бірақ іштегі перзент дегені қайдан шықты. Шынында да, Ақан айтқандай, ол да дүре көтере алмаған ана ішінде зұлмат дүнияға кете барса-шы? Екі мүбәшаралар, ертен жолын беріп, бар күнәні арта салмауына кім кепіл. Оларға көк шыбықты тегіс үшірткенмен бәрібір, егер Қадиша өліп кетсе, сәбидің періштедей пәктігі, Ақанның қаһары жібермейді алысқа. Егер, жазалаушыларға ескертіп, дүрені абайлап соқтырса? Сонда да үрейлі Қадиша шошынып түсік тастауы мүмкін емес пе? Апырай, не істеу керек? Фәтуаны қайтарар амал бар ма?»

Науанның маңдайынан суық тер шып-шып шыға берді.

Таңғы намазға шақырып, азан айтып тұрғанда да мүәзіннің маңдайында суық тер бар еді.

Қадишаны алып шығар мезгілде де Науанның түсі келмей, сұрланып, суық терден арылмады.

Мешіт маңы бықырлаған халық, ерттеулі аттар, тал қорапты арбалар, жеңіл күймелер. Басына сәлде ораған, шалма салған моллалардың ішінде қауқиған зүннәрә киген қожалар да көп. Кешеден бері құлақтанған ел — маңайдағы ауыл адамдары ерте тұрып жеткен. Науанның қаһарынан, мешіттің айбынынан сескеніп әрірек шоғырланып, сыбырмен ғана сөйлесіп тұр. Әкешешелерінен қаймыққан бала-шаға бұл манға жуйи алмай, алыстан торуылдайды. Бәрінің көзінде қызық көруден гөрі, сұмдық күткен үрей бар.

Науан бәріні сезіп тұр. Ертен жауап беретін де, уысында ұстайтын да халқы көз алдында. Түні бойы қастарына жоламай соңғы фатуадан соң қайтып сөз қозғамаған ызбарлы хазіретпен ешкім батыл сөйлесе алмады. Көлденең сөзді қалаған кейіп те білінбейді. Бетіне қан тепкен қызыл шырайлы жүзінің нұры қашқан салқын, сұсты. Шалқая біткен қасы керіле түсіп, кірпік қакпай қалшиған қалпында бекінгеніне берік қатыгездік те бар.

Көп адамның орта тұсында Тастан. Бетінен түгі шығып өз-өзінен түтіккен байдың жүзінде қысылыс байқалады. Енсесі түсіп, жерге қарап, төменшік тарта береді. Ел-жұртты осынша шулатып, ағаттық жасап алғанына, өзіне түсер қара таңбаға өкінетін де сияқты. Мына тобырдың ішінде досы қанша болса, дұшпаны да сонша. Жонынан таспа тілдіріп Қадишаны өз жұртына қайтып әкетерін ойлағанда, ертең қаскөй, күншілдердің сырттан күліп, ғұмыр бойы бетіне салық етерін де түсінеді.

Мінсіз күйылған ак мәрмәрдай тәнін кұшып, мақпалдай денесін бауырына қысқан бүлдіршіндей Қадишаны бір жағы аяйды. Бірақ өзін менсінбей, шұлығына татымайтын, ыңыршағы айналған жарлы, қазанның түп күйесіндегі ұсқынсыз Сұлтанмұратқа айырбастап кеткен мазағы есіне түскенде қабағы қайта түйіліп, кекті өні қайта тұтана бастады.

Топ ортасына қобдиына өлен шөп салған жадағай арба кеп тоқтады. Бұл күнәһарды отырғызып, Бесқарағайға апаратын көлік. Енді Қадишаны қапастан шығару ғана қалды.

Осы кезде топ ішінен біреу:

— Өне қызыл көз пері келе жатыр,— дегенде, жұрттың бәрі жалт қарады.

Сұлтанмұрат пен Байбойсынның ортасында Құлагерін лекітіп Ақан келеді. Ақан бойы көтерілген қызыл күннің шапағында отты көзі жарқылдап, қаршығадай түйіліп, таяп қалды.

Тап осы кезде бір жамбасы күн сәулесімен қанға боялған бір шөкім жетім бүлт жауып кетті. Соқтығуға қара іздегендей сұстанған Ақанды үнсіз тосып алуды бойларына шак көрмеген қожа, моллалар өткінші жауынды қан жауғандай сылтау етіп, серіні елемеген қалыппен жондарын беріп аулаға қарай беттеген.

— Әй, мәшаихтар!— деген Ақанның айбынды үніне селк етісіп, қалай тосыла бергендерін аңғармай қалды.

Соңғы лекті Құлагердің кеудесімен қаға-маға тоқтаған сері, қазақшылық жолымен қаралы жанға көңіл айтпай, қыр көрсеткендеріне назаланып:

— Адам сөзге, мал шөпке тоқтайды. Мен бір ауыз сөз айтайын, сосын тасаға тығыларсындар,— деп көпті өзіне еріксіз бұрып алып, тақпақтай жөнелді:

Аспаннан абрахым нұрын шашар,
Үстім жауын болды деп надан кашар.
Сол нұрдан бір тамшысы тие ме деп,
Дарияда сәддап жатып аузын ашар.

Сендер сәддап құрлы болмағандарың ғой, қас надандар!

Іркілген топ мұсылманшылық жолмен түйреген уытты мысқылға жауап қайта алмай, мойындарына су кетіп тұр.

Өткінші жауын да сирек, ірі тамшыларымен әркімнің маңдайынан, мұрнынан бір-бір шертіп өте шықты. Осы кезде үнсіз тосылған жұрт елен етісіп бастарын көтеріп алды. Ауыл

ішінде ойбайын салған ащы дауыс баж етті. Іле бірнеше әйелдің зар еңіреген үнінен мешіт ауласы күңіреніп барады.

Науан орнынан тапжылған жоқ. Басқалары да хазіреттің кимылын бағып, суат басына жиналған үркек киіктерше ошарылып тұрып қалды. Аттан домалай түсіп, мешіт ішіне жүгірген Сұлтанмұрат әлден уақытта көзінен жас парлап, қайта шықты. Екі қолында жансыз сұлық жатқан мәйіт: қос бұрымы жер сызған Қадишаның сүйегі.

Тастан ұмтыла беріп, іркіліп қалды.

Мешітке жақындай алмаған қалың тобыр да енді гуілдегіп, бірін-бірі кимелей жылжып, төне түсті. Сұлтанмұрат өлікті арбаға әкеп салғанда Байбосын да аяулы келінін бас салып құшатап, солқылдап кеп жылай берді.

Әлегенде үнсіз томсырайып қалған қожа-моллалар бір кезде «асылып өліпті» деп бір-бірімен күбірлесті де, сығыр көздері жылтындап хазіретке сынай қарасты. Қанын ішіне тартқан Науан да бойын тез жиып алып, өлікке көзінің қиығымен алыстан қарап:

– Күллә нәфсан за икатон әл мәуит!— деп, бетін сипады да, терең қалтасынан шұбатылып сары тасбиығын суырды.

Бар қасіретін өліммен жуған Қадишанын жарқын өніне мұная қарап, қабак шытқан Ақан басын көтеріп алып Науанға қанталаған отты көзін қадады:

– Әлғайбаты ашшадды миназинна!

Осы кезде моллалардың бірі:

– Пидия, пидия. Енді не тұрыс. Бұл мүсәпірдің пидиясын кім алады,— деп қалды.

Ақан шыдай алмай күйіп кетті. Беті оттай жанып моллалардың алдына жетіп барып, жан даусы шықты:

– Федия, федия дейсін, ә! Қайсын, қане, аузы-басын қисаймай, арманда кеткен қыршынның саудаға салған ажалын?! Өлімді жерде семірген, көртышқан, күзен, корқаудай молада сүйек кемірген, өлімтік көрсе бас шұлғып, аят оқып, тас жұтып, шулаған өңкей күзғындар! Мүбәрәк жүзін жылтырап, ішінде қара запыран таһаратсыз аузыннан құран боп шыққан бұркырап, көзіне дүния, тірліктің мысқылдап күнде күм құйып, зекет, пидия, бітір — пұл жиған инсафсыз махлұқ азғындар. Пірәдәрсіп, монтансып, жалбарынып құдайға, шәждеге күнде бас ұрып, хәрәмдікті жасырып, ұстайтынын ораза, тілейтінің жаназа!

Қожа, моллалар ләм демей, шегіншектеп, үрпиіп-үрпиіп тұр. Аузынан от бораған Ақан бөгелген жоқ. Тастанның алдына келді:

– Ә, Тастан деген сенбісің үсті-басын жүн басқан, қас-қабағын түк басқан. Сенің тіршілікте құшырлана құшқанын жар емес, ажал екеніне, өзіннің тажал екеніне енді көзін жетті ме. Тұла бойың толған хәсәдтік, енді құдайына тасаттық бер. Тірісінде көлдененге күле караса, аузын қағып, күлкісінен айырып ең, енді күлдіріп ал Қадишаны. Әне, бауырына қысып енніреген Сұлтанмұраттан енді неге айырып алмайсың. Өлі дене деп тұрсын ғой?! Ол қашан сенің құшағыңда бойыңда қаны бар тірі дене болып еді. Тұяғымен бүріп, қоян басқан қара бүркіттей тірі өлікті күшып келмеп пе ен. Жеттің енді арманына!

Ақан жалт етіп, енді Наурызбайға қарады. Хазірет мешіт мұнарасындағы жарты айға қас қакпай қадалып, тасбиғын тартып, сұрланып тұрып қалыпты.

– Уа, Наурызбай, әл фатиха деп қарауылдың қакпасын ашқанда хазірет деген атты бірге ала кіріп едің жұртына. Мұстахим жолыңды ала келген хазірет пе десем, сират көпірінді сүйрете келген қасірет екенсің ғой!

– Астапыралла!

– Әстәгрифируллаһ!– деп, бір сөзді әр түрлі қайталаған моллалар қозғалақтап, өзеурей бастап еді.

– Әлхамдулиләһи! О рәббім,– деп қымс етіп жүзін бүрмай, аузы күбірлеп тасбиығын тартқан сабырлы хазіретке қарап үнсіз тына қалды.

– Еліне, жеріне ғәдалат бере келді ме десем, ғәдауәт еге келген екенсің. Мешітіннен иман исі шыға ма десем, қабір исі шығады. Милләтің ғибадат етіп жүзін бұрар сырлы михрабыңды қанмен бояған екенсің. Таң атпай зарлап мәшрыққа қарап азанға шақырды ма десем, құбылаға құлап ажалға шақырған екенсің жұртыңды. Күнәсіз Қадишаның ішінде жазықсыз сәби кетіп барады, шайтан емессің, күндердің күнінде сен де о дүниеге бет бұрасың. Сонда қиямет қайымда жағаннан алар періштең де, жауап алар әнгір-мәнгүрің де сол болар! Ал, мәшәйхтар, енді қос құрбанына құран шығарып шулаңдар, мола қарақұсынша телміріндер суық көрге!– деп, Ақан атына қонды.

«Болдың ба, шерінді тарқаттың ба, қысылшанда күтіп жүр ме едің?!» дегендей Ақанға салқын ғана көз қиығын тастап, Наурызбай мешітке қарай аяндағанда, өңкей қара шапан киген жуан, құныс қожа-моллалар қара күзғындарша тоңқандап сонынан ерді. Орындарында тапжылмай, сері сөзіне аузы ашылып тұрып қалған көлденен жүргі қана.

Бәтимадан алған алашаға мәйітті салып, қос аттың ортасына теңдей ұстап, қайғымен оралған әке мен баланы біраз жер шығарып салған Ақан Қараталға бұрылды.

Жолда ағаш бауырында көп аялдап, аттың аянымен таң қаранғысында еліне жеткен жарадар ақын зиратқа кеп тірелген.

Жас қабірдің басында мойны салбырап ұзақ отырды. Жас топырақ астында мәңгі тыныштық алған Ұрқия көз алдына елестейді. Ақ кебінге оранған асыл жар жер бетінде не боп жатқанынан бейхабар. Ол да Қадиша сияқты іште кеткен сәбиін ақыретпен қымтап, бұл дүниедегі жел өтінен қорғаштап, жылы жерде құшақтап жатыр.

Иесінің жабырқау кейпін аңғаратын есті Құлагер де андасанда жылы леппен күрсініп, Ақанның ту сыртында мойнына басын салып тұр еді. Бір кезде басын оқыс көтеріп алып оскырып, танауы пыр-пыр етті. Зират сыртына үрке қарап, жер тартыды.

Құлагер қараған жаққа көзі түскен Ақанның да бойы мұздап қоя берді. Зират сыртындағы мал өрістен қайтатын жалғыз аяқ жолмен ақ кебінің сүйреткен біреу жаяу жортып барады. Ақандарға мойын да бұрмады. Бозамық танда ағарандап, арқасына қоржын салған жолаушы желген бойда, тура ауыл шетіндегі үйдің оты көрінген терезесіне жабысты. Бұл да кешегі мүсәпір шалдай жақын ауылдан шыққан қайыр-садақа жинайтын тіленші екен. Ол да кешегі тірі аруақтай сахар айтып, сарнап қоя берді:

Сахар айта біз келдік...
Бойында оразаның сайтан жүрмес,
Бұл айда өлген құлдар тамұқ көрмес!...

Ақан серінің құйка тамыры шымырлап кетті. Алдында жатқан ескі, жас қабырлар түгел дөнбекшіп, өліктен бір аунап түскендей бүкіл зират теңселіп барады.





Үшінші бөлім

ЕРЕЙМЕН БАУРАЙЫНДА

*«Алдыңғы ат баран болмай, қылаң болды,
Жығылмаса Құлагер, қайда деймін?!»*

Ақан сері

1

Сиыр жылы. Тамыз айының басы. Күн жылы, тымық. Қарағайлы, бұлақты әсем Ереймен тауының бауыры белуардан келген қалың шөп. Шыққа малынып, бусанып, тұнып тұр. Танғы ұйқыдан оянған құс атаулы кең даланың әр тұсында, өз мекенінде – өз көлінде масайрап, бір-біріне дыбыс бере бастаған. Қанқ еткен қаз дауысы, сызылған акку, шаңқ еткен өгіз-шағала, қызғыш, барылдаған үйрек үні таза ауада анық естіледі.

Сабағы қатқан биік сыбызғы аралас миялы беткейден күн көтеріле аспанға тік атылып, канаттары жыбырлап шыр-шыр еткен бозторғайлар жаздың соңғы шуақты күндерін жырлайды. Шық басқан алқаптың қалың шөбі күн көзіне шағылысып, жаппай меруерт таққандай жылт-жылт етеді.

Айдынынан құс жыртыла айырылатын айналасы ат шаптырым Құсақ көлі етекте. Бір жақ қапталындағы қырқаға тігіп тастаған ақ шаңқан үш жүз киіз үй алыстан қарағанда әдейі колмен тізген итала қаздың жұмыртқасындай. Қазір ол үйлерде тірі пенде жоқ.

Жана салған сүрлеумен тауды бөктерлеген қара пәуеске мұрындығымен жолдың екі езуіндегі шыққа жасаураған неше

түрлі гүл аралас мәейкті соғып, құдилап берді. Күміс шілиялап пар жеккен қос ақ боз ат сар желіп келеді. Доға басындағы қонырау күмбірлеп күй шерткенде, шілияның жұдырықтай шашақтары аттардың екі жақ қабырғасында желк-желк етіп, күйші саусағына жіппен тартқан ортекеше билейді.

Пәуеске ең шеткі үйге кеп тоқтағанда, ішінен екі адам түсті. Бірі – үстіне көк шұғадан жеңіл шапан киген, жиегі алтын көзілдірікті, қолына балдағы мүйіз, ұшына дейін күмістеткен трост ұстаған паң Нұрмағанбет. Екіншісі – Ерейменнің әйгілі биі, қанжығалы Бапанның Сакқұлағы. Делбені шірей тартқан атқосшы көзледе үнсіз отыр.

Өткен жылы осы уақытта паң Нұрмағанбеттің әкесі Сағынай тоқсан екі жасқа кеп, дүние салған. Өлген күнінен бастап ақсары Төлке, күрсары балалары келесі жылдағы Сағынайдың асына дайындалып, қазақ қауымында бұрын-сонды болмаған той өткізбекке, жылдағы жайлауы осы Ерейменнің бауырындағы Құсақ көлін қалап алған. Үш жүзге түгел сауын айтқан Сағынай асына жиналатын күн бүгін.

Паң Нұрмағанбет қала тігіншісіне тіктірген сәнді қара бешпентінің қалтасынан алтын шынжырлы бауы салбыраған қақпақты сағатын алып қарады да:

– Ал, Сәке, мына үйлерді қарап шығайық. Кімнің қайсыған түсетінін алдын-ала белгілемесек болмас, – деп үйді жағалай аралап кетті.

– Ұлы жүздің қонақтарына – мына топтағы үй. Кіші жүзге – мына жүз үй. Орта жүзге – ана жүз. Әрине Орта жүзден көп келеді ғой. Сыймағанын толмаған үйлерге орналастырармыз, – деп Сакқұлақтың өзі бас боп бөліп, жобалаған үйлерді қолымен нұсқап көрсете бастады.

– Мына бір үй ояз Измайловқа, әне бірі Ферафоновқа, ана қатардағы сегіз канат Ерденге, одан арғысы Күшенұлына тігілген үй...

Сакқұлақ асқа сойылатын әр күнгі малдың, басқа ас-судың есебіне дейін айтып, ойын-тойдың неден басталып, немен аяқталатынына дейін баяндап, ақыл-кеңес қосып келеді.

Қасын пандана керген Нұрмағанбет көзілдірігін алып, төс қалтасындағы пеннесін киіп, үйлердің орта тұсында тұрып қалды.

– Шіркін-ай, бәрі жақсы-ау, бірақ тап осы асқа генерал-губернатордың келе алмауы жанға батады. Әттеген-ай, бұдан бірер ай бұрын болғанда, келіп те қалар еді. Мандайдан арылмаған бір қырсық бар-ау тегі, – деп, сәл қамыққандай болды...

Дәл сәске түсте сәрсенбінің сәтті күні Ерейменнің аспанын ын-шың айғай, дүрсілдеген тұяқ, кісінеген жылқы үні кернеп кетті. Жан-жақтан ағылған салт атты, арбалы халық тасыған өзеннен қашқан бықырлаған қояндай Құсақ көлінің ойпатына қарай құйыла берді. Азаға әкелген мал, сауынға келген үйір-үйір жылқы, арбаға таңған саба-саба қымыз кешке дейін қыркадан құлап, бір үзілген жоқ. Үш жүзден келген өңкей бек, шонжарлар, мынды айдаған байлар, ел әкімдері – болыстар, старшындар солқылдақ рессорға жеккен пар-пар атпен салтанатты түрде келіп, әр үйге жайғасып жатыр. Әлгінде ғана бос тұрған қуыс үйлер аузы-мұрнынан шығып, көк майса көшедегі жұрт кара құртша қаптады.

Қоянды, Итарка, Атбасар жәрменкелеріне жиналатын атакты саудагерлер де, көп жиналған жерде ұсақ-түйегін бұлдап өткізетін татардың бақалшы, мәлішшілері де жылмын қағып жетіпті. Астын көркі деп саналатын қажы, моллалар да осында. Аса таяғын ұстап ойнақ салған зікірші де безек қағып жүр.

Оқшауырақ тігілген екі үйдің бірі пан Нұрмағанбеттің үйі де, екіншісі Ақмола уезінің оязы Измайловқа тігілген үй. Қасында он шақты салт атты қару-жарак асынған казак-орыс әскері бар ояз әйелі Анна Ивановнамен жеңіл фазтоннан түсіп киіз үйге еніп, суық қымыздан ішіп, шөлдерін басты да, жол киімдерін ауыстырды.

Киіз үйдің іші шығыстың неше түрлі түкті, масаты, қалы кілемдерімен, оюлы алаша, сәнді текеметтерімен жайнап тұр. Петербургтен келгелі казак ауылына тұңғыш рет шыққан Анна Ивановна үй жасауларын аса құмарта қарап, қолымен сипап, сүзіле қарап жүр. Бұл – әйел жынысына ғана тән ынтықтық емес, Анна Ивановна Петербургтің суретшілер академиясында үш жылдай оқып, бір себептермен тастап кеткен. Қазір өзі бұрын көрмеген неше түрлі оюлар, ағаштан бұраған ыдыс-аяқ, кереге, уық бедерлері, басқұрларға дейін тамашалап, басын шайқады.

– Вот где изобретательное искусство, – деп күйеуіне қарады... – Петя, сен менен бұрын бұл жақты көп араладың ғой, мынаның атын не дейді!

– Аннушка, құдай ақы, ондай жүндердің аты түгілі, тақырбас болыстардың атын әлі жөндеп білмеймін, – деп, әйелі бір нәрсе сұраса, оны білгенше аяқсыз қалдырмайтын мінезіне сыралғы Измайлов сыртта қашан шақырады деп телміре күткен тілмашын шақырды.

– Жайынбек, Женя,– дегенде-ақ, отыздардың ішіндегі көзілдірікті жылмақай жігіт кіріп келіп, «хұзырыңызға құлдық» деп өтірік күліп, иіле қалды.— Анна Ивановна қазақ ұлтының үй жасауларымен таныскысы келеді, түсіндіріп жіберші.

– Күп болады, Анна Ивановна, не білгініз келеді?

– Осы үйдің ішіндегі дүниелердің аттары қалай аталады, сонан соң бұлар неден жасалады? Үйді қалай құратынын айтсаңыз да артық болмас еді.

Қазақ жұртының ескі тарихына келгенде білмейтін кемсіндері көп Жайынбек «оған шорқақпын» демейді. Әлі зерттеліп, жазылмаған тарихты бұлар қайдан білсін деп шынды шындай, ақсақты тыңдай етіп, экзотикалық жағын басымдау көбейтіп, сыдырта жөнеледі. Ал, қазақ ғұрпын, киім-кешек, үй саймандарын бірсыдырғы тәуір білетін ол, бұл жолы мүдірмей шұбырта берді:

– Әуелі, Анна Ивановна, өзіңіз тұрған осы үйді киіз үй дейді, от слова кошма и дом. Киіз үйдің түрі көп – сегіз канат, жеті канат, алты, төрт, үш канат. Канат деп мыналарды айтады,— деп Жайынбек кілемнің шетін түрді.— Бұл решеткелердің аты кереге. Міне көрдіңіз бе, тұтас керегелердің жігін ораған. Мұны таңғыш дейді. Сонда неше канат кереге болса, то есть крылья, үйдің аты да солай аталады. Мәселен, осы үй сегіз канат. Ал екі канаттан құрылған үй де болады, оны жаппа дейді. Оны көшкенде, жолда тігеді. Үш канаттан күрса тонқайма, немесе шаңырақ салма дейді. Жаб салма, не көтерме деген болады. Ол қысқа уықтан, үзіксіз тігіледі. Үзік дегенді кейін айтам... Сонда, шаңырақ дегеніміз мына төбедегі дөңгелек, араларындағы шыбықтары күлдіреуіш. Сол шаңырақты ұстап, көтеріп тұрған мына саусақтар – уық.

Киіз үйдің әр сүйегінің атын атап, шұбырта жөнелген Жайынбекті үнсіз тыңдаған Анна Ивановна көбіне түсінбесе де күлген жоқ, қайта:

– Мынау тамаша ғой. Мен әшейін атаусыз ағаштар ма десем, бәрінің бас-басына аты бар, не деген қызық,— деп таңырқап, кереге арасынан көрінген шиді сұрады,— мынау не?

– Мұны ши дейді. Бұл – далада өсетін биік, майысқақ ұзын шөп. Сыртын жүнмен ораған. Мұндай шиді шымши дейді.

– Әр өрнегі әрүрлі бояу екен. Барлық ағаштар да боялған. Бояуды қайдан алады?

– Бояу – тасты жерде өсетін қына. Көбінесе ел аралап жүретін мәлішшіден алады. Мәлішші деген орыстың мелочник

деген сөзінен шыққан: татардың, өзбектің тарак, бояу, түйме, айна, кейде ақ тоқаш, ол-пұл ұсақ дүние сатып жүретін саудагерлері. Оларды бакалшы деп те атайды. Оңтүстік жақта өсетін адыраспан дейтін улы өсімдіктің майынан ағызған бояуды да сатады олар.

— Ал шиді неге ұстайды?

— Шиді, біріншіден, сәнге ұстаса, екіншіден, кереге сыртындағы киіз — туырлық желді күні желпілдеп, жалпылдап тұрмауы үшін, жел үрлеп ішке қуысталып, сай-сай болып тұрмас үшін ұстайды.

— Ал мына жалпақ белбеу не үшін керек?— деп Анна Ивановна уықтың қарын айналдыра жүргізген тегерішті көрсетті.

— Ә, бұл уықты берік ұстау үшін, әрі сәндікке керек. Бұл жіп, міне, керегенің сыртында да бар. Бұл шаңырақты берік ұстау үшін қажетті белбеу,— деп Жайынбек термелеп тоқыған тегеріш басқұрды көретеді. Содан соң шаңырақтан алып, босағаға бос байланған қара кыл, ақ жүннен ескен желбауды ұстады.— Мына бір арқан желді, дауылды күні ортадағы ошақтың екі жағына қакқан қазыққа байланады. Бұл да үйдің беріктігіне сеп.

Анна Ивановна ең ақыры жиекке дейін зер салып, жылқының кылынан есіп, онқай-солақай етіп жиектеп, үстінен шуда жіппен тігіп, туырлық қасының шетін бүккен жерді тамашалап қарады.

— Қандай шеберлік: қаншама ағаш, киіз атаулыда бір шеге жоқ, бәрі берік жымдасқан.

— Шеге деген болмайды. Ең арты мынаны қараңызшы,— деп Жайынбек керегелерді қосқан көкті көрсетті.— Мына екі жағы түюлі қайыс — жылқының жүнін жидіткен терісінен жасалады. Мұны керегенің көгі дейді. Ал керегенің өзі екі түрлі. Осы үйдің керегесі тор көз, яғни көздері жиі, әдемі. Бұдан кеңіректері де болады. Оны жел көз дейді. Енді сыртқа жүріңіз.

Жайынбек әр нәрсені білуге құмар Анна Ивановнаны сыртқа алып шықты.

— Осы үйдің сыртындағы киіздің аттары да өз алдына әр түрлі. Мінекей, жерден уықтың қарына дейін ұсталған киіз — туырлық. Туырлықтың қасынан бастап шаңыраққа дейін салынған киіз — үзік. Ал одан жоғары шаңырақ үстіндегі төрт бұрышты киіз — түндік. Яғни ночник дегенге келеді. Түн болғанда, ұйықтар алдында, кейде жауын-шашында жабатын қақпақ-шатыр. Оның бауын мына жіпке — белбеуге байлаған. Оны

түндік бау дейді. Ол төртеу. Желдің аңғарына қарай, осы баулар арқылы түндікті қайырып-жауып отырады. Ал үзіктің етек жағын жабық дейді. Кейде жасырын келген адам осы жабықтан сығалайды. Жігіттер үйде жатқан қызға ұрланып келгенде, әдетте, үзіктің бауын киып жіберіп осы жабықтан түседі,— деп Жайынбек аксия күлді.

– Мына төрт бұрышты қалталар не үшін керек?

– Бұларды дөдеге дейді. Әшейін сәндікке тіккен. Мұндай үйді дөдегелі үй деп атайды... Бәрін айта берсем, Анна Ивановна, бір жұмаға таусылмайды. Үйді қалай тігу, киізді қалай қарпып бекіту, оны талдыру деген сияқты толып жатыр. Егер кейін уақытыңыз болса, өзім-ақ ел аралатып, түгел таныстырып, түсіндірер ем, бірақ еге высокородие Петр Ақакиевичтің қасынан кете алмайсыз ғой,— деп, жайын ауыз Жайынбек тағы ырсия күліп, жігіттік наз білдіріп еді, Анна Ивановна кабак шыта қарады: орынсыз қалжың, қылжакка жаны қас әйел, үнемі қаймақ көрген мысықтай көзі майланып, буалдырланып, әлденеден үміттеніп, дәмете қарайтын жабысқақ тілмаштың сөзін жақтырмады.

Қазақтың жері түгілі атын шала естіген ояз әйеліне дала ғұрпының бәрі жат, бәрі қызык. Измайлов кешкі отырысқа дейін біраз мызғып, дем алуды қаласа да, жол сокқан Анна Ивановна қанша шаршағанмен үйде отырғысы келмеді. Үсті-үстіне келіп жатқан неше түрлі қазақ тағамынан ауыз тиіп, қасына тілмашты ертіп, көл жағасына беттеді.

Күн етекке жақындаған намаздыгер кез еді. Мал тұяғы баспаған Құсақ көлінің жағасындағы көкөрай шалғын үстінде адам қара құртша қаптаған. Алысырақ келіп тоқтаған орыс әйелін ешқайсысы елер емес, көрсе де ояз әйелін көрмеген боп, дәрет алып жатыр. Әр қайсысының қолында шүмегі гагар үйректің мойнындай имиген, биік бұхар құманы. Батып бара жатқан күнмен шағылысқан су жаңа жез құмандар қызарып, алтындай жалтылдайды. Қалың шөпке етіктерін шешіп тастаған ақсақал, қарасақалдар аяқтарын жуып, қолының басына құйған суды қолтықтарына дейін ағызып, мандайын, құлақ түбін шылап, дәрет ырымын жасап, орындарынан тұра берді.

Анна Ивановнаға бәрі таңсық, екі көзі тесіліп, енді не болар екен деп, үнсіз танырқап қарайды. Қарасы үш жүзге жақын адам құмандарын орындарында қалдырып, жайылымға өрген құстарша көл жағасынан сыртқа шықты, құбылаға қарап бірінің сонынан бірі тізіліп, қаз-қатар қалың топ құрып сапқа тұрды. Әрқайсысының аралары екі адымдай. Көлденені мен

ұзындығы жаргы шақырымдай жерге созылғанша едәуір уақыт өтті. Содан соң бәрі бір кісідей алдарына ақ жібек орамалдарын жайды. Бәрінің басында киім, бірі тақиялы, бірі бөрікті, мала-қайлы, қайсыбірі бас киім орнына қол орамалдарын төбесіне жайған. Анна Ивановнаның күлкісі келді.

Енді бір кезде қоралы қой-ешкіні бастаған теке құсаған, басына қауқиған ақ сәлде ораған, аппақ күміс сақалы кеудесіне түскен карт имам екі қолымен құлағын ұстап «Құлқу алла құлқу алла» деп жөнелгенде, сілтідей тынған дала күңіреніп кетті. Үні не деген сұлу, мақамдап созып әндеткенде адамның күйке тамырын шымырлатқандай күмбір-күмбір етеді.

— Не деп жатыр?— деп ояз әйелі шыдай алмай, тілмашы... сыбырлады.

— Намаз оқып жатыр, құран сөзі, араб тілінде,— деді Жйынбек те аузы жыбырлап. Оның да аздап окитыны бар еді. Бірақ «жол шыққанда, оқымыса да айыбы жоқ, жолаушыға обал емес» деп ұғатын.

— Араб тілінде дейсіз бе? Оны шалдар қайдан біледі?

— Қайдан білгені қалай. Құран араб тілінде жазылған. Шалдардың бәрі судай сөйлейді,— деді Жайынбек шімірікпестен.

— Сіз де білесіз бе?

— Қызық екенсіз, Анна Ивановна. Орыс тілін білген қазаққа араб тілін деген не! Алты жасымнан бері білемі: «Бисмилла иррахман иррахим, ағузы биллаһи мнашайтан ирразим, хұлқу алла, ошад алла, уа алла тағала!»

— Ол не дегеніңіз?

— «Егер сіз құдай қосқан тілмашыңызға ықыласыңыз ауып, сөзін құп алсаңыз, араб тілін тез арада үйреніп шығар едіңіз» деген сөз,— деп Жайынбек сұлу келіншекке сыбырлап, тағы да еміне қарады.

Осы кезде намазға ұйығандар жапа-тармағай жайнамазға мандайларын тигізіп, етпелей құлады. Тізерлеп отырып алып, ауыздары жыбырлап бірдеме оқиды. Жұрттан көз алмай тұрған Анна Ивановна шын танырқады:

— Бәрі бір кісідей. Патша әскерлерінің өзі сапта бұлай тұра алмайтын шығар. Бәрі командасыз, қалай бірдей қимылдайды.

Енді бір кезде, тағы мандайларын тигізіп, қайта-қайта тонқандағанда, Анна Ивановна мырс етіп, оқыс күліп жіберді. Намаздағылар даусын естісе де ешқайсысы мойнын бұрған жоқ. Жайынбек қана жақтырмай қарады.

— Анна Ивановна, күлменіз.

– Ғафу етіңіз, шыдай алмай кеттім, шынында да ұят болды-ау,— деп, күн шапағы бетіне түскен әйел жүзі оттай жанды.

– Ұят болғанда ештеме емес-ау, намаз оқып жатқанда күлген адамның аузы қисайып кетеді,— деп қорқытқанда әйелдің зәресі ұшты.

Енді бұл жерде көп тұрғысы келмей, аузын қайта-қайта сипалаған ол:

– Жайынбек, кетейікші бұл арадан. Қарным аша бастады ма қалай?— деп сылтауратты.

2

Өткен он тоғызыншы ғасырдың сексенінші жылының аяқ кезінде сауын айтылған Сағынай асы жалғыз Арқаға ғана емес, бүкіл қазақ даласына бір жыл бұрын данқы жайылып, бар ел, өзіммін деген болыс, шонжарлар, би, байлар қызу камданып жатқанда, жалғыз қарауыл жұрты ғана шет қакпай қалды. Керей мен қарауыл арасындағы қырғи қабақ дау-жанжалдың арты осыған соқты. Сарыарканың бір бүйірі дүрсілдеп, ойын-той, думанға бөленгелі тұрған Ерейменге қарауылдың атқамінерлері шақырылусыз, елеусіз қалып, кара жамылғандай іштерінен қан жұтты.

Сұлтандық жойылып, кейінгі кезде тізгін емін-еркін қолдарына тиген менмен болыстар мына қорлыққа шыдай алмай, өздерінше қарекет жасап, бастарын қосып, басқа бір өшпенділікті пішіп, өлшеп жатқан.

Осы кезде — ел арасына тағы бір сөлекет хабар дүнк ете қалды: «Сағынай асына Ақан қамданып, атын жаратып, сайланып жүр екен. Қасына шілдің құмалағындай азайып тозған жігіттерін ертетін көрінеді. Оны кім ерекшелеп шақырыпты. Әрине, ешкім шақырған жоқ. Басына қанша соққы тисе де, қайда ат жарыс, думан десе, делебесі қозып, желөкпе серілігі ұстап жүрген өзі де. Бар қарауылдың бек жақсысын кісі ғұрлы көрмей, атаусыз қалдырған керей асына бару — арадан сатқын шыққанмен бірдей. Не көрсен — көңілдесінмен, ат сатсаң ауылдасынмен дегенге қарсы, қыңыр шыққан Ақанның тағы бір қиястығы да.

Бұл Ақанның қиястығы емес еді. Кейінгі жылдары қайғыдан қайғыға ұшырап, Ұрқияның қазасынан соң, туыстарының ішінде ала-бөтен ақынның өзіне тартып жаңа ержете бастаған ең сүйікті інісі, әнші Әйберген аттан құлап өлгелі сері әбден қажып, жиі-жиі төсек тартып, шерменде боп жатып алатын

күйге ұшыраған. Оның үстіне, ел арасындағы «кие сокты, ант атты» деген қожа, моллалардың сөзі шынға айналғандай болып, Ақан көпке топырақ шаша алмай, іштен тынатын еді. Ең жақын серігі – әнін ел арасында еркін шырқап айта алмай, дәтке қуат санаған жалғыз Құлагерін ұлы бәйгеге қосып қызығын көре алмай, үйде тобан аяқ боп отырып қалды. Осыны сезген ет жақын досжар жандар Сағынай асына алыстан барып, бір серпіліп қайтуын мақұл көрген. Оның үстіне, алыстан Біржаннан, Мәшһүр Жүсіптен арнайы хабар келген. Біржан: «Мен болсам, кейінгі кезде ауру-сырқаулы болып, үйден шыға алмайтын халге ұшырадым. Тегі, осы жиынға да бара алмаспын. Ақын – елдің ақыны Оған қарауыл, керей деп екі араны бөлер денгей жоқ. Халықтың шөлін қандырып, бас қосқан жиынның көркі болу, жана ән, жана сәнмен күйге қосу ақын парызы. Ақан барса екен, тым құрмаса екі ел арасындағы қараңғы араздыққа аз да болса шырақтай» деп сәлем айтып жіберіпті. Мәшһүр Жүсіп те хат жолдап, аяғында былай депті: «Ақан, сенің бұлай қан жұтып, қайғы аркалап жатып алуың атыңа лайық емес. Сен қайғырсаң да, ел қайғырмасын. Қалың ел сені де, әніңді де жоқтап отыр. Жоқтатпа қауымыңды. Серпіл, жаным. Кіші жүз Мөңке би: «Ер қайғысын сұлудың құшағы, тұлпардың тұяғы, сұңқардың қияғы алады» деген екен. Ендеше үйде жатып басылу ел еріне жараспайды. Көтер енсенді. Қосыл жұртына. Сал думанды. Сағынай асында амандықпен көрісейік...»

Ақан енді ештемеге аландап тоқтар емес. Атын әдейі баптап, алыс сапарға жүргелі жатыр.

Маңайдағы ауылдастары жиналып, түс ауа Қараталдың бауырын шуға бөледі. Қыз-желең, жастармен бірге таяғына сүйеніп Қорамса да шығыпты. Құлагерін сыландатып, жетекке алған Ақанның жолына шешесі Жаңыл сықпа күрт аралас ақ бауырсақтан шашу шашып, оң баталарын беріп жатқанда, Қоскөл жақтан бір топ аттылы сау ете қалды.

Жүргіншілер елендеп, бөгеле берді. Жақындап келгенде таныды: өнкей тоқ ат мінген, қабақтары салыңқы, өңдері сұсты адамдар – қарауылдың шонжарлары. Ең алдында Нұртаза, Шоғырмақ болыстар. Мырзалы балалары – Мүқанәлі, Сердалы, Баялы; Ақанның бұрынғы қайын жұрты Боканның шонжар балалары – Балапай, Қалқа; Кемел балалары – Сүлеймен, Өнәпия; ағайынды байлар Назар, Тілеубай тағы басқа игі жақсылар. Аттарынан түспей, қалың топқа қарсы кеп, үзенгілеріне шірене қалған аттылы әкімдер сазарып, аз үнсіз тұрып қалды.

Бұлар жана көрші ауылда бас қосып, ұзақ күпия кенес құрып, елдеріне аттанар сәтте әдейі Қорамса ауылына бұрылған. Ақанға кісі салып, алыстан хабарласқан бұлар енді өздері жолай соғып, жөнге көшпеген серімен біржола араларын ашпаққа келген.

Ел азаматтары шылбырына оралып, аттан әрқайсысын қолтықтап түсірмекке үмтылғанда барып Нұртаза сөз бастады:

— Біз қонақтап жүрген жоқпыз, Ақан жол жүреді деп естігесін келдік.

— Онда тілектерін қабыл болсын, аттан түсіп, дәм ауыз тимейсіздер ме?— деген Жанылдын сөзін тағы да Нұртаза киіп кетті.

— Біз тілек айта келген жоқпыз.

— Не дейт!

— Астапыралла!

— Бұл не сөз?!

— Тағы не сұмдықты бастағалы тұр,— деп әйелдер жағы үрейленіп, қасқырдан үріккен қойдай шоғырлана берді.

— Ақан,— деді тағы да көптін атынан сөйлеген Нұртаза, жеңіл күндыз бөркін сары ала қол камшысымен жөндеп, алшысынан киіп.— Сенін баруына бүкіл ел, сегіз ата қарауылдың баласы қарсы. Керей жұрты ас аяп, той қызғанып отырған жоқ. Немесе, біздің ырзығымыз шашылар деп те қайғырмайды. Алты алашты шақырғанда ала қойды бөле қарағандай алалап, қарауыл жұртын аластап, жеке қалдырып отыр. Бұдан асқан мазағы, бұдан өткен қорлығы жоқ. Оны сен де бізден кем түсінбейсін. Шақырмады екен — тентіреп, телміріп өз аяғымен ешкім бармайды. Барам дегенге де жол жоқ. Ондай намыссыз адам болса, ол бүкіл қарауылды суық топырақпен бүркеп, жауып кетсін.

Атынын тізгінінен қымтай ұстап, ішін ыза, ашу кернеген Ақан булығы күлімсіреп тұр. Отты көзінде шокты кекесін. Баласының мінезінен қаймыққан Қорамса ара түсіп, бұрынырақ сөйлеп, жуып-шаймақ болды:

— Нұртаза-ау, той десе қу бас домаламаушы ма еді. Ақан үйде басыр боп қалай отыра бермек. Ертен күдай жазып, Құлагер бәйгенін алдын алса, қарауылдың атын шығару деген сол емес пе? Қайдағы көму-сөмуді айтып кеттін.

Көп сокқы, көп түйгіш теперіштен қажыған Қорамса, даусы әлсіреп, жалбарынғандай көрінді. Көзінің жанары сөніп, белін жаза алмай, арқасынан басқан ауыр батпан езіп, қалжыратқандай басын көрете алмай, тық-тық жөтеліп қалды.

– Кореке,– деді екінші бүйірден атын тебіне түскен Сүлеймен мүсіркеп,– ендігі қалған жасыңызға Құлагердің бәйгесін нәсіп етіп қайтесіз. Сонын алатын бір үйір жылқысын өзім-ақ берейін.

Ақан шыдай алмады:

– Әй, Сүлеймен, сенін байлығың кімге дәрі. Артық боп бара жатса, ана қатынынның таз басына езіп жақ.

Сүлеймен қуарып кетті. Жұрт бір сойқан болар деп, Ақанның ашулы, уытты сөзіне күлмей, іштен тынды. Әйелдер жағы бірін-бірі шымшып, жарылайын деп тұр.

– Жәрәйді, сөз таластырып қайтесіңдер,– деп мыңк етіп Шоғырмақ араласты.– Ақан, біздің ұйғарғанымыз – сен Сағынай асына бармайсын.

– Бізін кім?– деді Ақан.

– Біз, енді, осы қарауылынның бір женнен қол, бір жағадан бас шығаратын бектері, әкімдері, игі жақсылары.

– Игі жақсылары дегенше, игі пасықтары десенші. Сендердің өз жалшыларына жасаған әкімдік өктемдіктерін де жетпей ме осы. Менің басымның билігіне қашанғы араласа бересіңдер. Құлагердің тізгіні де, шідері де менін қолымда. Менің шідерім жалғыз құдайдың қолында. Ал сендер кереймен айтысты екен деп менің айтысар жайым тағы жоқ. Сойқан, сұмдық, зұлымдық, қаныпезерлік, өнез иттік керейде қанша болса, атығай-қарауылда да сонша. Менің достарым – әнімді ертеңгі ұрпағыма жеткізер жұртым. Менің достарым – ешкімге қиянаты жоқ ақын, әншілер. Менің бауырларым– үш жүздің қазағы. Амалы, айласы аз, жаны абзал, көңілі шат қарапайым жұрт. Мен соларға барамын. Токсанға келіп саптаякка сиіп өлген Сағынайды көрден тірілтпекке бармаймын. Көңілімде сайраған құсымды, төрт аяғы дүбірлеген қанатым Құлагерімді апарып, көптің көңілін жадыратамын, солардың қалғыған жүрегін оятамын.

Қасындағы шонжарларды арқа тұтып, молла Мұқанәлі де шаптыға кетті:

– Әй, Ақан, егер бұл жолға шығар болсаң, осы көптің атынан, кұран атынан айтарым – теріс бата!

– Ау, Мұқанәлі-ау, Мұқанәлі, не деп кеттін. Екі дүниеден тілегін бар емес пе, алыс сапар үстінде тұрғанда не ырымға бастадын. Қарғысың күлмен кетсін!– деп Жаныл көзі жасаурап, жан дауысы шықты.

– Апа, көбік ауыз Мұқанәлінің кұраны мықты болса, әуелі ана Бегалы балаларын шетінен топшысынан қыркып түсіреді. Оған қысылмай-ақ қой, талыс ауыз өзінікі болған соң,

қайыстай соза берсін де,— деп Акан сары ала атына қонды. Қасына ерген жігіттер де аттарына міне бастаған.

— Токтандар,— деп аюдай ақырған Нұрғазаның көзі шатынап кетті.— Акан кетсе, жалғыз кете берсін, егер осыдан бір жігіт еріп көріндерші. Осы жерде қан қылайын!

Нұрғазаның сөзінен соң-ақ, кейіндеп тұрған болыстың қамшыгер жігіттері, аттарын тебініп, ілгері ұмтыла берді. Өнші Аяған, Құлагерді күтуші Шәкейлер жасқанып, қаймығып қалды. Тек Ожымбай балуан ғана Аканның қасына барып, қасқия қарап тұр.

— Семірген екенсіңдер, қу малайлар. Ертең шетіннен Сібір айдатып тентіретіп жібермесем, атым Нұртаза болмай кетсін. Жігіттер, аттан түсіріп алыңдар да, алдыма қойдай дірдектетіп салыңдар!

— Ойпырмай, не деген қаныпезер едіңдер!

— Бай болса, бақырып бола ма екен?

— Болыс бол дегенде осылай бол деп пе едік,— деген әйелдердің сөзіне құлақ аспай, сайланған жігіттер кимелей жөнелді.

— Жігіттер,— деді Акан айғай салып,— токтандар!— Акан өз жігіттеріне қарады:— Азаматтарым, достарым, сендерге ризамын. Мен үшін таяқ жеп, қор болмай-ақ қойыңдар. Мынау кеп тірелген ессіз дүлей, көкпенбек сен ғой. Адам тұр-ау, жан баласы бар-ау деп қарайтын ақылы, ойы жоқ меніреу, долы күш қой. Рақмет сендерге, көңілдеріне рақмет! Мен өзім-ақ жол тауып барамын. Ал маған еремін десендер, оларына тыйымды енді мен саламын,— деп Акан қозғала бергенде, сымбатты бойы талдырмаштанып, кішірейіп, өні жүдеу тартқан шешесі шылбырына жармасты.

— Жоқ, мен жалғыз жібермеймін. Онда өзім барамын бірге.

— Тым құрмасам мені ал, Акан аға, серігің ем ғой,— деді Ожымбай да.

— Апа, мен жауға бара жатқам жоқ, несіне қайғырасыз. Қойыңыз, апа, о негылғаныңыз, Ожымбай, сен де бармайсың, ниетіңе алда риза болсын,— деп жұбатқан Аканның қасына Сердалы келді.

— Акан, елдің ақсақалдарының тілін бір жолға ала салсайшы. Осының арты мен білсем жақсылыққа саймайды. Екі елдің арасы бұрынғыдан да бұлінгелі тұр.

— Тым құрмаса, аттың басына мінер біреу де табылмағаны ма,— деп анадайдан Қорамса да кемсендеді.

— Жоқ, тірі жан, тірі қарға қосылмайды,— деп Нұртаза зірк еткенде, көптің арасынан білегін түрінген, қолы, басы қап-қара

союу жүн, каба сакал, калың кабак, аш көз біреу шыға келді. Қасында жетектеген баласы бар. Бұл осы өңірге әйгілі ұры Жақсылық қарауыл Байбатыр еді.

— Ақанжан, менің өзім... таптырған баламның баласы мынау Мөңке. Бұған болысынның да, орыстар айтатын сболышыңның да ортақтығы жоқ. Қырым асырып жіберем десем, билік өзімде. Бұл да өзіннің інінің бірі. Атыңды бағып, бәйгеңе қосылатын осы болсын. Сенің қасында жүріп суға кетсе де қың етпеймін. Осыны серік ет. Маған тартқан ұл болса, саған бір септігі тиер. Әйтеуір осындағы қалып бара жатқан қуыс қурайдың бірі құрлы болар,— деп ешкімнен жасқанбай, жолбарыстай ширығып, Шәкейден босаған атқа тоқпақтай кара баланы бір қолымен атып отырғызды.— Киімі жұқалау. Бірақ үсімес. Өкен ақ қар, көк мұзда жалаңаш қол жүріп ұрлық жасайтын. Өлмейсің. Мөңке, ұлым, абұйырлы қайт. Ақан ағанның қасына ерген бақытын бар екен. Ағанның тәйт дегені — саған құдай сөзі. Ренжітсең бар ғой, жоныннан таспа тілемін. Ой, қаратанауым, келші!— деп Байбатыр немересінің бетінен созыла тұрып сүйді.

— Әйелдер жағы жеңдерімен көзін сүртті. Ақан да бір түрлі көңілі бұзылып, жұртқа тура қарай алмай:

— Ал, хош, есен тұрындар,— деп Мөңкені ертіп кете барды. Аттылардан ешкім батып ұзатып сала алмады. Жаяулар ғана шұбыра жүгіріп қала берді.

Нұртаза тобы кейін бұрылды.

Алыста, көз ұшында мұнартып Ақан, Мөңке кетіп барады. Сәнді сары ала жабулы Құлагер жетегінде. Елге бір-екі рет бұрылып қарап маң-маң басып, ол да сағым арасында бұлдырап, бөтен елге қарай тәуекел қайығындай шайқалып, ұзай берді.

3

Сегіз канат екі үйдің екі-екіден қос канатын алып тастап, тіркестіре тіккен он екі канат паң Нұрмағамбеттің үйі ақшам намазынан соң аузы-мұрнынан шығып қонаққа лық толған. Дәл төрде тас құдайша маңғаз отырған үй иесінің екі жағында да екі ояз. Баянның оязы Ферафонтов пен Ақмола оязы Измайлов. Одан берірек мойнында патшадан алған күміс медалы жарқыраған Ақмола советнигі Күшенұлы Тұрлыбек, Айдаболдың болысы Көбеев Мұса, Ақмола дуан басы Ерден, он қанатта Ұлы жүз, Кіші жүздің шонжарлары, Қарпық баласы Жанбота болыс, олардан төменірек атакты бай Жанайдардың Мейрамы,

ағайынды байлар Батыраш, Қотыраш, керей байлары Мәті, Дәулен, басқа бай-манаптар, болыс-старшындар екінші үйдің босағасына дейін иін тіресіп орныққан. Әйел жынысынан жалғыз Анна Ивановна. Оның қасына тілмаш Жайынбек қыстырылыпты. Бұл үйге кіруге қолы жетпеген байлар, әкімдер біраз торуылдап жүріп, шақырса кірейік деп көп дәмеленіп, ақыры салы суға кетіп басқа үйлерге тарасқан.

Басына сәлде тартқан имам тамақ алдында тағы да құран оқыды. Көзін тарс жұмып, мейлінше ұйып, ұзақ сарнады. Орыс ояздарының іші пысканша мақамдап, даусын неше құбылтқан имам тоқтағанда барып, жұрт қол жайғанда, Измайлов үнсіз жыбырлаған көпке қарап отырып, жырк етіп жарылды. Жұрт тыжырынып қалғанмен, істер амалдары жоқ, іштерінен күбірлеп, дұға дәметкен өлген-жытқан аруақтарын санап, сауап сөздерін айтып жатыр.

— Құран оқыған жерде шыдай алмаймын,— деп Измайлов Ферафонтровка енкейе күліп, екі иіні дір-дір етеді.

— Мен де шыдамаушы едім, үйреніппін. Ана шаңырақтан көрінген жұлдызға қарап, Петербург түнін ойласаныз, күлмейсіз,— деп ол да санқылдай сөйледі.

— Петя, сен кешірім сұра, әйтпесе, аузың кисайып кетеді,— деп әйелі сыбырлағанда, Измайлов одан сайын ішек-сілесі ката күлді.

— Предрассудок. Егер ол шын болса, аузым түгілі мұрным, күлағым — бәрі кисайып кетер еді ендігі,— деп, сөзін зорға құрап, таңқылдап күлді.

Беттерін сипап бата кылған жұрт тым-тырыс. Сыйлы ұлықтарға батып ештеме айта алмай іштерінен тынып отыр. Сөзді Саккұлак би бастады:

— Ау, жамағат, үш жүздің сыйлы қонақтары. Бәрін де Сәкеннің орнын аза тұтып, құрметпен келген екенсіңдер. Алда риза болсын! Жолдарың сәтті болып, тілектерің оңға бассын! Дұғаларың қабыл болып, марқұмға шапағаты тисін! Арамызда отырған кафир қауымның адамдары күлсе, одан келер-кетер кесепат жоқ. Қара кебінің сүйреткен, сақал-шашы қауғадай, кара түнде көрінген Құсақтың кара қоғасындай поптарға біз де күлетінбіз. Түсінбей күлгеннің айыбы жоқ, бұлардың өлгенді аза тұтып келгенінің өзі қайда жатыр,— деп ояздарға да тигізе екі ұштылау сөйлеп, Саккұлак ақ сақалын салалай түсіп, сөзін жалғады.— Алты алашқа әйгілі Сағынай карттың екі дүниеде арманы жоқ. Тірісінде еш кемшілік көрмей, дүниені шайқап өтті. Алдында мыңғырған малы, сонынан шұбырған ұл-қызда-

ры — тарығу дегеннің не екенін өні түгілі түсінде көрмей өткен бакытты фәндә. Бүгінде міне осы ұл-қызы, үрім бұтақ-зәуізәті, рулас, аталас ел-жұрты үш жүзге данқын көтеріп, ас беріп отыр. Сағынай асы — арманда апат болған қыршын жастың ауыр азасы емес, өлгенде де сонын шулатып, жұртын мәз қылатын, жиынға айналар ризықты ұлы той. Той үстінде ойнандар, күліндер, Ерейменнің бауырында ауандар-кунандар. Бәрі Сағынайдың аруағын тербер мұсылман бесігіндей болсын. Орнынан бір аунап түскенде, марқұмның артында қалған ер-азаматтары да бір көтерілсін. Аумин!

— Аумин!

— Аумин!— десіп шуласып кеткен жұрт арасынан біреу:

— Сәке, ат жарыс қашан болады?— деп қалды.

— Оны жаршынын аузынан естірсіңдер, алыстан бабымен келген аттарды көп шаршатпаспыз, бір-екі күнде болып қалар.

Орта тұста дөнкііп отырған Батыраш елең етіп, жан-жағына маңғаздана күліп қарады:

— Ол қайсың, сұрап отырған? Атың ба, өзін бе тықыршып тұрған?

— Па, шіркін, Құлайкөк пен Топайкөктің иесі қалай-қалай сөйлейді,— деп біреу Батырашты қолпаштай түсіп еді.

— Жұрт та есек мініп келген жоқ шығар,— деп әлгі дауыс есік жақтан саңқ етті.

— Есек болмағанмен, тезек теруге де белді ат керек қой, қабын бар ма еді арқалаған,— деп Батыраш қарқылдай күліп қарап еді, анау да тосылған жоқ.

— Тышқак аттарды көп мініп үйренген адам қап әкелмесе, жарауы жеткен жүйрік мінгендер сынық тезекті де сөз қылмаса керек,— деп маңындағыларын күлдірді.

Жұрт жан-жақтан гуілдесіп кетті. Қос оязға құйылған шарап шынылары да сынғырлай бастады. Әкімдердің бабын табуға оңтайлы паң Нұрмағамбет те кесе соғыстырып, ерніне жақындатып, ырымын жасайды.

Осы тұста астау-астау еттер келіп, құлағы дірілдеген бастар төрден бастап тартыла берді.

Әлгі бір байда есесі кеткен Батыраш тағы бірдеме дейін деп оқтала беріп еді, қасындағы Қотыраш етегінен басты:

— Қайтесің сөз таластырып. Ертең кімнің тезек терерін көреді ғой.

— Мұның да ақыл екен. Сөзімді қор ғып қайтем,— деп Батыраш та келген аттарды ойлап, миығынан күлді. Ұлы жүз, Кіші жүздің бұрын көрмеген кейбір жүйріктері болмаса, Орта

жүз төңірегiнен келген аттардың сыры мәлім. Талай рет жарысқа түсіп, сыралғы болған жылқылар. Оларға Құлайкөк пен Топайкөк, дені сау болса, шанын да көрсетпейді. Қос жануардың жалғыз-ақ жауы бар. Ол – карауылдың Құлагері. Егер ол болса, шынымен-ақ кара түннің орнағаны. Бірақ бұл жолда оның келер реті жоқ. Ал ана екі жүздің аттары қанша мақтаулы дегенмен, сырт естуіне карағанда, мұның қос тұлпарынан әулие емес.

Батыраштын ойының дәл үстінен түскендей, отырыс үстінде жұртты атыстырып-шабыстырып, қиыс сөйлемей отырмайтын Айдабол болысы Мұса ет туралып жатқанда Сакқұлаққа қарады:

– Сәке, жаңа үш жүздің баласын түгел жинадық дедіңіз. Кереймен қонсы жатқан карауыл елінің бір көксау шалы келмепті, бұл қалай?– деп, білмеген адамның кейпімен жорта сұрады.

Сакқұлақ өтірік айтуға батылы бармай, Нұрмағамбетке қарады. Панның да құлағы елең еткен:

– Келмеген жұртты құлағынан тартып әкелетін бұл шар таласы емес қой. Шақырғандар тегіс келді. Карауылдың қолпашынсыз-ақ өтер бұл ас. Тап іргеден сахар айтқан балалардай адамның ойында жоқ бірденені тосыннан қойып қалатын әдетіңіз-ау,— деп қалжындаған боп, ызалы езу тартты.

– Дегенмен, карауыл баласына мына кара қойлардың басының біреуінің реті бар дегенім ғой. Бұзаудың толарсағын тастасаң да өз еркін,— деп Мұса жұрттың делебесін қоздыра түсті.— Әдейі шақырмапты деп жүр біреулер. Ол елде де дос-жар адамдар бар еді, сыбағасын орап алармын онда.

– Әй, шынында, бұл қалай?

– Мұсакеннің сөзінің жаны бар,— деп отырғандар сыбырласа бастап еді. Күшенұлы сөзді басты:

– Осы сенің-ақ көлденең жұртқа қимаң қышып отырады екен, қашан да бір понт шығарып отырмасаң, көңілің көншімейді-ау. Ал, тамақ алыңыздар, қысыр сөз не керек,— деп тұздығы ернеуінен шүпілдеген үйеме астауға қолды салды...

Жаратқан атының бабымен жүріп, аса қыспай, ұзақ жолда шашырай қонған ауылдарға жиі қоналқылаған Ақан Ереймен баурына жаңа жеткен. Түн ішінде аспандағы жұлдыздардай шаңырағынан жарық көрінген жыпырлаған киіз үйлердің арасымен Мөңке екеуі ұзақ жүрді. Бұлардың келгенін ешкім білмеді. Бұл кезде бар үйдің ішінде ет жеп құныққан жұрт, көлденең сөзден де қалып, табақ үстінде тұқырандап жатқан. Ашық есіктердің алдында табақ тартқандар да жарықта

карандап, болымсыз кыбырлайды. Олар да бір-бір жілік ұстап, қауяндап жүр. Құсақ көлінің арғы бетіндегі самаладай оттары жарқыраған көп жерошақ басынан қатынаған табакшылар әрлі-берлі жосиды. Ақандар бір үйдің тұсынан жақын өтіп еді, таң аткалы сабылған жүргіншіге үйренген даяшылар бұларға назар аударған жоқ. Құйрықтары салбырап ашық есіктен телміріп, аяққа оралғы болған салпан құлақ жаман иттер де бұларға көз қияғын салмайды. Орамал, құман даярлаған балалардың қолына ұмтылып, зекіп тастайтын жат адамдардан қаймығып, мүләймси кипандайды.

Жүргіншілер есік алдында көп самауыр гүжілдеген онашарак үйге бұрылды. Бұл шай камдайтын ас-су ұстаған үй екен. Екі-үш әйел қатар-қатар тізілген дәу самауырдың оттығына кезек-кезек түйміш салып, жанталасып жүр. Жолаушылар жақындағанда ащы түтіннен жас аққан көздерін сүртіп, елендегендей болды.

Ақан аттан түсіп, Мөңкеге тізгінін ұстатқан да, соларға қарай аяндаған.

— Қарындас, сәл бөгеліңізші, — деп, өз әбігерімен үй жаққа беттей берген келіншекті тоқтатып алды. — Есенсіз бе, Нұрмағамбет үйі қайсы, көрсетіп жібермейсіз бе?

Келіншек жол соғып өңі қуарған, ашаң жүзді сымбатты адамға, отыз шақты самауырдың оттығынан ұшқан жалын сәулесіне қызарандап, ұялшақ қарап, аңырып қалды.

— Сіздер жана келдіңіздер ме?

— Иә, жана жеткен жолаушы едік.

— Онда қазір адам көп қой, мына үйлердің біріне орналаспайсыздар ма, тамақтанып алыңыздар алдымен.

— Жоқ, әуелі қазақ ғұрпымен ас иесіне сәлем бергеніміз жөн шығар. Тамақ қайда қашар дейсіз.

— Әй, мында кел, — деп келіншек біреуді шақырып еді, үйден бір қолына мүжілген қабырға, бір қолына майға жентектелген бауырсақ ұстаған бала шықты. — Мына ағаларыңды Нүрекеннің үйіне апар, бер жағынан хабар берсең, біреу шығады ғой. Ал, ағай, аттарыңызды қалдырып кетіңіздер.

— Рахмет, айналайын, — деп Ақан жалаңаяқ баланың соңына ерді.

Қасында сөлендеген сабалақ итке қолындағы бауырсағын көтеріп:

— Актөс, Актөс, ал қак, секір, — деп көкке лақтырып қалған бала, — жүріңіз, ол үй ана жақ шетте. Онда қазір болыстар, байлар отыр, әдемі қылыш таққан орыстар да бар. Сіз де байсыз

ба, қайдан келдіңіз?— деп сұрап, тегін, мол асқа кенелген тоқ бала бауырсағын асықша иіріп, итімен ойнап келеді...

Нұрмағамбет үйіндегі шонжарлар етке тойып, қымыз ішіп есіре бастағанда, жолаушы хабары жеткен. Ауыз жақта жүрген табақшы жігіттің бірі аты шулы Ақанның келгенін естігенде, бір-біріне арқа сүйей қотандана отырған адамдардың ара-арасымен алдыңғы үйге өтіп, әшейіндегі сыпайы сыбырды ұмытып, даурыға сөйледі:

— Сәке, Сәке, алыстан қадірлі қонақ келіп тұр, үйге еруге рұқсат сұрайды.

Бетінің ұшы қыздың бетіндей шұңқырая күліп, қуанып тұрған жігітке Сакқұлак:

— Ол кім екен, қай жердің адамы?— дегенде, жұрт та елендеп, «бұл кім болды кешігіп жеткен», «мықтылардың бірі ғой, тегі, шіреніп келген» десіп, жігітке қарасты.

— Кім ол: казак па, орыс па? Қарсы алдыңдар ма?— деп, әлі де көнілінде генерал-губернатор келіп қалмас па екен деген үміті үзілмеген пан Нұрмағамбет, мойнын соза өзеурей түсіп еді, жігіт одан сайын даурығып:

— Ақан сері, Көкшетаудың Ақаны!— дегенде панның көзі шатынап кетті. Ұзақ отырысқа белі ұйи бастаған денесі ауыр Батыраш бір жамбастай қисая түскен. Ақан атын естігенде, біреу астына шок басып алғандай, басын оқыс жұлып алды:

— Ақан сері дей ме-ей?!

— Жеткен екен ғой ол сабаз да.

— Бәсе, той десе, жаны жай тауып отырар ма?

— Өз аузынан әнін тындайтын болдык, керемет дейді ғой, шіркін!

— Құлагерін де әкелген шығар?— десіп жан-жақтан күбірлеген жұрт тына қалды.

— Әй, бала,— деді Нұрмағамбет зілденіп,— өзің шешен ұл тапқандай қуанып тұрсын ғой. Ақан келсе, қайт дейсін, әкем бе еді ол. Оны кім шақырыпты?!

— Бәсе десейші,— деп қалды Батыраш та.

Хабаршы жігіт әкеле жатқан табағындағы тұздығын аңдаусыз төгіп алғандай ынғайсызданып қызарақтап қалды. Түсі өзгеріп, ақтала сөйледі:

— Сәлем беріп шығам деп тұр.

— Маған керегі қарауылдың сәлемі еді. Ол кім еді сонша. Кетсін әрі, атамнан әрмән. Өнесі-ай!

Бала күмілжіп шыға берді.

— Әй, бала, тұра тұр. Қалжынды түсінбейтін неме екенсін,— деп, қонақтарға сыр білдірмей, Нұрмағамбеттің ноқайлығын бүркеген Сакқұлақ орнынан тұрып, жігіттің соңынан тысқа беттеді.

Жүзін бір көруге зар боп, алыстан жеткен әнін жаттап өскен жігіт ақынға не дерін білмей тысқа шыққанда, Ақан да ұзап бара жатыр еді. Киіз үйдің сыртына кеп тоқтаған ол, Нұрмағамбет сөзін естігенде кара жердей боп, іші мұздап, кері бұрылған. Қайда барарын білмей, есі ауған киікше мәңгіріп барады.

Қараңғы далада Сакқұлақ көзі түк көрмей аз тұрды да, Ақанның кетіп қалғанын естігенде ұяттан өлердей боп:

— Қап,— деді әлдекімге тістеніп.— Әй, қарағым, жүгір тез, жет те, ана оң қапталдағы кісісі аз үйлердің біріне апар. Аттарын байландар. Құрмет көрсетіндер. Біраздан соң өзім барып шығамын. Бар, жүгір!

* * *

Келесі күні Анна Ивановна түндігі ашық сафтай таза ауалы киіз үйде ұйқысын қандырып кеш тұрды. Көгілдір мөлдір аспан астында, үй сыртындағы көгалда жуынып жатып күйеуіне:

— Петя, мына юрта Петроградтағы бақша ішіндегі виллардан артық па деймін, тамаша ұйықтаппын, тіпті ешқандай түс те көргем жоқ, — деп еді, сыртта кішкентай қолайнаны алдына қойып мұртын бастырып отырған ояз:

— Несі артық. Ауасы демесен,— деп тілін ернінің астына жүгіртіп, қияктай қалың мұртына қарады.

— Жоқ, бәрі табиғи.

— Жәрәйді, онда мен сені қазақтың жайлауында жаз бойы қалдырып, биенің сүтімен шомылдырайын. Қазір тездетіп киінгенін дұрыс болар еді. Тан атқалы жұрттың бәрі аш, сенің тұруыңды күтіп жүр.

— Неге?

— Қазақтың салтында әуелі үлкен үйге табақ тартады. Ол үлкен үй — біз. Анау көлдің ар жағындағы қалың түтінді көрдің бе? Ол — кухня. Жаңа лұқсат бердім, енді тамақ келеді.

— Солай ма?— деп Анна Ивановна ширағырақ киініп-таранып, алыстағы түтінге қарап тұрған. Бір кезде осылай қарай тізіле шыққан аттыларды көріп, танырқап қалды.— Ана салт аттылар кім, сен тамақ әкеледі деп ең, бұлар әлі ойын көрсетіп

сілемізді қатырмасын. Сен тамақты айтқан соң, қарын аша бастады.

Ояз Измайлов та орнынан тұрып, тесірейе қарады да:

— К черту ойындары. Жайынбек, тамақ әкелсін де, баскасын кейін көрсетер,— деп кейіп, бұйрық берді.

Жайынбек күліп жіберді:

— Петр Акакиевич, олар бұйрығыңызды орындаушылар. Қазір сию минуту тамақ дайын болады. Ренжіменізіші, құдай үшін!

— Какой там сию минуту, сонау үш километр жерден тамақ тасығанша қанша уақыт кетеді. Ох, выдумывают же!

Бір заматта әлгі аттылар тырнадай тізіліп, сар желіп осылай қарай екпіндете шықты. Әр жігіттің қолында бір-бір табак: буы бұрқыраған үйме табак ет! Алыстан кадило ұстап келе жатқан священниктер сияқты. Ат үстінде қакқан қазықтай отыр. Астарындағы өңкей үстіне су күйсан төгілмейтін төрт аяғынан бірдей тайпалған су жорға. Бәрі де теңбіл көк. Білектерін сыбанған табакшы жігіттер де бірдей.

Анна Ивановна мына көрініске таң қалды:

— Мынау нағыз цирк қой!..

Қатардағы іші бос, кен қонақ үйдің төріне табак тартылды. Манайда күтіп жүрген Ақмола уезінің адамдарынан басқа, кешегі үш жүздің белді-белді шонжарларының біразы бүгін осы үйге жиналған.

Анна Ивановна ет жеп, бір кәрлен қымыз ішкен соң, үй ішінде отырғысы келмеді. Бірін-бірі көтермелеп, жалған мадақтап дуылдасқан шонжарлардың сөзінен әбден жалықты. Әсіресе тамақ соңынан екі күжбан қара мешкейді әкеліп жарысқа салғандары-ақ батты. Бір кесек еті жоқ аппақ қардай майды үйіп тураған бір-бір ағаш астауды алдарына алып қарама-қарсы отырған екі мешкей адам сияқты емес, бұрын-сонды естімеген тажалдай көрінді Анна Ивановнаға. Білектерін түрініп алған екі дәу күректей қолдарымен ақ майды уыстап алып, арандай аузына тастай береді. Шайнамайды да. Тек қылғытып жүта береді. Әшейін бір үңірейген кең апанға уыс-уыс етті тастап жатқан сияқты. Екі астау да орталанып, екі мешкейдің білегінен сорғалаған майды көргенде жүрегі айныған Анна Ивановна көзін жұмып, тітіркеніп тысқа ата жөнелген.

Таза ауада біраз тұрып есін жиған соң барып:

— Әлгілердің асқазанынан не қалады?— деді соңынан ере шыққан Жайынбекке.

– О-о, Анна Ивановна, ол әлі жана бастағандары ғой, әлгіден соң тағы да бір-бір астау ет, одан соң кемінде үш-төрт шарадан кымыз, екі-үш кесе сары май жейді. Оларға бір койдың еті жұғын емес.

Анна Ивановна тілмашка таңырқай қарады. Жайынбектің түрінде өтіріктің нышаны жоқ.

– Ал одан кейінгі күндері не болмақ, жарылып өлмей ме?

– Түк те болмайды. Мұндай мешкейлер қазақ ауылдарында өте көп. Әбден үйренген ғой... Әлгілер бәрін тауысқан соң, көлдің шетіне түсіп, бастарын жиекке салып ұйықтайды.

– Содан соң?

– Содан соң ештеме болмайды. Ертен кешке дейін, бір тәулік бойы маужырап ұйықтай береді. Егер көрсеніз қызык. Желсіз тымық күні жатқан жеріндегі судың беті түгел май боп кетеді.

Анна Ивановна бұдан артық сұрауға шыдамады.

– Жүріңіз, ана үйлерді аралайық. Басқа тағы не қызықтары бар, – деп, көп киіз үйлерге беттеді.

Бұлар ішінде гу-гу әңгіме дүкенін құрған адамы көп бірнеше үйден өтіп, окшауырақ тігілген бір ақ отауға бұрылды. Ақ отау алыстан-ақ күмп-күмп етеді. Анна Ивановна түк түсінбей келеді. Жакындағанда көрді. Екі аттылы жігіт ақ отауды жанамалай тұрып, үзіктен қылтиып шыққан жарқыраған күміс піспені ат үстінде алма-кезек ауыстырып піседі. Екеуінен де моншақтап тер аққан. Әлден уақытта барып екеуі де алқынып, дінкелері құрып, жөнеле берді. Анадайдан салдыртып тағы екі аттылы жетті.

Анна Ивановна есікті ашып қарағанда таң қалды. Ақ отаудың ішінде жалғыз қара саба. Күнде көріп жүретін сабалардан, мөлшермен, он-он бес есе үлкен алып саба. Терімен бүріп келтірген әдемі шүмегі бар. Алдында оюланған үлкен ағаш тегене, сырлы аяқтар. Тегене ішінде шымқай алтынмен өрнектелген ожау.

– Бұл – Баянауылдың, акбура руынан: Алты мың жылқысы бар Қарқынбай деген байының сабасы, – дейді Жайынбек, мына көрініске таңырқаған Анна Ивановнаға. – Бір кезде үлкен асқа алты атанға артып барған кымызын осы сабаға құйыпты деген аңыз бар. Сол сабасы осы. Бұл туралы кезінде өлең де шыққан.

Жайынбек өлеңді қазақша айтып, жалпы нобайын бұзбай, аударып та берді:

«Ол күнде бұзылса да ел, шамасы,
Мейрамнын дүрілдеген бес баласы.
Қуандық Қорысбайдың асы болып,
Жетіпті Қаркынбайдың бір сабасы.

Қара Алтайдын баласы Қаркымбай-ды,
Байлығын байығаннан алкымдайды.
Алтын ожау болғанда, күміс піспек,
Жиын сайын сабасы жаркылдайды...»

Енді Анна Ивановна мен Жайынбек маңында жұрт жыпырлаған шет жақтағы бір үйге қарай беттеді:

– Анау үйде не боп жатыр?— деп сұрағанда:

– Онда ақындар жиналған, тегі, ән салып жатса керек,— деген Жайынбек ояз әйеліне...

4

«Ақан сері келіпті», «Көкшетаудың Аканы», «Әйгілі Құлагер келіпті» деген хабарды асқа жиналғандар түгелдей құлақтанды. Күн шығып, жуынып-шайынып алған соң-ақ, жұрт таңғы асты күтуге шыдамдары жетпей, Ақан сері жатқан ең шеткі боз үйге қарай жөнкілген еді.

Анна Ивановна келгенде таңертеннен басталған ән-думан әлі қызып жатқан. Боз үйдің сырты үйме-жүйме адам. Киіз үйдің айнала етегін түріп, туырлық арасындағы шиін сырып тастаған алты қанат тор көз керегеден сығалап андыздаған жұрт, бірінің үстіне бірі шығып кете жаздап, мойындарын қылқылдатып созады. Іштегі әншілердің даусын ғана естіп, дидарын көре алмаған кейбірі ине шаншар қуыс таба алмай, әр жерден бір кимелеп, басын сұғып кіре алмай, жанұшырып жүгіріп жүр. Іштен әншілерді көтермелеген «һоу, шіркін», «аһ-ай» деген дауыстар шықса, сырттағылар да делебесі козып, бірге айғай салады. Көйлегі жоғары түріліп, аркасы жалтыраған екі ер бала, тылтиған шағын камзолынын күмістері жарқыраған, такиялы кішкентай бір қыз шашы жалбырап, киіз үйдің төбесіне шығып кетіпті. Шанырақтан бастарын сұғып, табжылмай жатқан балаларды ешкім аңғарар емес.

Жанағы үйде азғана мықтылар екі мешкейдін жемқорлығын тамашаласа, мұнда жұрт әншілерді қошеметтеп думандатып жатыр.

– Не деген контраст, онда партерде ғана аз аристократтар отырса, мұнда галеркаға дейін орын жоқ,— деді Анна Ивановна

күліп.— Жабайы натурализм мен таза искусствоның зрительдері бір ауылдын ішінде екі жерде өздерінше мәз.

Бұлардың келгенін көпке дейін ешкім байқамады. Жайынбектің даусын да естір құлақ жоқ. Ауыл ішіне қожандап, еркін жүріп қалған тілмаш науадағы суға анталап, шөліркеген қойлар құсап шүпірлеген жұртты иығынан жұлмалап, жағасынан тартып сүйрелегенде барып беттерін бұрды.

— Әй, жол беріндер, маржа келді, маржа!

— Ойбай, ояздың катыны келіп тұр.

— Жол беріндер, маржа, — десіп ілтипатпен ығыса бастады. Анна Ивановнаның келгенін естіп, іштегілер де өлеңдерін аз уақытқа доғарысты. Екі жарылған жұрттын арасымен «Спасибо, спасибо!» — деп бас изеп, күлімсіреп өткен ояздың әйелін жұрт неше түрлі әңгімемен қақпақылдап:

— Әй, өзі сыпасиба дейді. Дегенмен сыпайы екен.

— Күйеуінен жүзі жылы.

— Бұл мында не іздеп келді екен?

— Батыр-ау, бұлар күйеусіз жалғыз-жалғыз еркін жүре береді-ау.

— Е, байсыз оны жау алады дейсің бе?!

— Әттең тілім жетпейді, әйтпесе өзімен бір сырласып, әмпай боп қалар ем.

— Сені қайтсын анау ақырған ояз байы тұрғанда.

— Әй, жел сөзді қойсандаршы, қонақ емес пе? Кім біледі, төбесі тесік шығар.

— Оның төбесі бітеу болса да, анау жандайшабының төбесін қайда қоясын. Ол бәрін жеткізеді, — деп қонақтар қашан төрге шыққанша, түбі тесілген қаптан көрінген тарыға ұмтылған тауықтарша бір-бір шұқып қалып жатыр.

Анна Ивановна қолдарына үкілі домбыра ұстап үнсіз отырған әншілерді айнала бір сүзіп өтіп, қасындағы ықшам киінген, тұлғасы-бітімі ерекше, көп-кою мұртының ұшы сәл ширатылған, ат жақты кербез жігітке кірпігі ұзын, тобылғы түсті қоңыр үлкен көзінің қиығымен қарап отырып қалды. Омбыда оқыған Жайынбек отырысымен қала тәртібімен әншілерді таныстыра бастады.

Үстіне күйған әтірі мен бұғақсыз биік аккумуляторын бұрғанда жарқ-жарқ еткен сырғасынан бастап әңгіме қылған керегенің тұсындағы жұрт күбір-күбір етіп кетті:

— Ойпырмай, байқайсындар ма, — деді біреу мұрнын жиі тартқылап, — керемет жұпар исі аңқып кетті ғой.

— Тух, қандай керемет иіс еді өзі!

– Ерейменнің бауырындағы гүл атаулыны езіп үстіне жағып алғаннан сау ма?

– Ойпырмай, сырғасын қарай гөр, бір қаралық қой.

– Киімдері қандай жақсы, не мата екен?

– Белімен-бел ғып тігулерін қарашы.

– Айырылып кетпей неғып шыдап тұр. Әйтсе де етегі көлдей екен.

– Шіркіннің белі қалай үзілмей тұр десейші. Қасықтың сабындай ғой, қарағым-ау!

– Тамақты да оймақпен ішетін шығар.

– Бірақ көйлегінің алқам-салқам ашығы жаман екен.

– Анадай емшек болса, мен де қатынымның төсін жарқыратып ашқызып тастар ем.

– Қой, мұсылман жұртына ұят та.

– Бұлар ғой, бәрін ашып жүреді.

– Екі емшегінің жықпылын қарашы, не деген биік емшек.

Ботанын өркешіндей тік тұруын қарашы!

– Біздің қатындарға көрсетсе!

– Қой, шошып кетер.

– Әй, дегенмен бәдені келіскен әйел. Ана шегір көз жаман оызға қалай тиіп жүр?!

– Е, олар да байлық, атакқа қызықпайды дейсіндер ме?

– Кім біледі олар да қыздарын зорлап қосатын шығар.

Киіз үйдін әр тұсынан кейде ду етіп күліп, кейде дабырлай сөйлеген жұрт ән қайта басталғанда барып жым болды. Өнкей еркектің ортасына түскен Анна Ивановна келерін келсе де, өзіне қарап, ымдап, сұқтана қараған көп көзден қысылып, қасқырлардың ортасына түскен қызыл түлкідей қайда тығыларын білмей ынғайсызданды да, ән басталғанда ғана арқасы кениін деді.

Сағынай асына жиналған Арқанын өнкей атакты әнші, ақындары осында. Бәрі де Ақанды пір тұтатын, оның серілік, аншы-саясатшылығын жүрген жерінде сөз етіп, ақын басына түскен өткен-кеткен қайғысына ортақтас жанашыр жандар. Әуелі сәлем бере келіп, ақыры өнерлерін бір араға құйып жатқан санлақтар. Тап ортада тік-тік боп қаздып отырған Ақанның екі жағына қанаттаса жасына қарай жайғасқан әншілер – Қарқаралының Қу болысынан Айтпай, екі көзі жоқ қари атбасарлық Қапаш, керекулік қозған Байтұлым, Шорман төренің әншісі атанған баянауылдық жас жігіт Жарылғапберлі, Аққошқар-Сайдалының малайы Сармұраттың баласы Алтай-Саратты Құлтума, ел арасында жана аттары шыға бастаған жас

әншілер. Ұлы жүз, Кіші жүз әншілері қонақ дәстүрімен ешқайда әлі көрінбей, жеке үйлерде сый-құрмет көріп, той соңынан болатын айтысқа әзірленіп, үнсіз жатыр. Олардың қасында Шөже мен Орынбай ақындар.

Токтап қалған әнді жалғап кеткен Айтпай болды. Бағанағы әзірде «Ардақ», «Қанапияны» тік шыркап, жұрттың айызын қандырған әнші, енді сызылтып, «Раушанға» басты. Баяу қалқытып, ара-арасында күрт тоқтап, қайта толқытқан Айтпайдың даусына риза болған Анна Ивановна қасындағы тілмашқа бұрылып:

– Әттең сөзін түсінбеймін. Лирикалық ән екен. Даусы не деген ашық, таза, нағыз тенор!— десе, Жарылғапберді ән шыркағанда:

– Мына дауыс — таза баритон. Өзі жас жігіт екен, оқытып опера әншісін дайындар ма еді,— деп Петербург театры әншілерімен іштей салыстырады.

Еді Құлтума домбыраны алып, «Үш көтермені» басқанда ұзақ тындап қалған Анна Ивановна тілмашқа тағы сыбырлады:

– Қазақ жұртының бәрі әнші ме қалай?! Және бір ғажабы үндері де, әндері де неше түрлі, бір-біріне ұқсамайтын не деген өзгеше бай дүниелер. Қазақтың тамаша өнері, қасиеті әнінде жатыр екен ғой,— деді.

Тілмаш та үндемей қалуды бойына шақ көрмей:

– Бұл әшейін бір жағы ғана. Әлі нағыз әншілерді көрсеңіз бұлардан да керемет. Көбі мұнда келмеген. Өзіңізді қазақ даласын аралатып, таныстырар едім, әрине его высокоблагородие Петр Акакиевич ұлықсат етсе,— деп жігітшілік жасап, жымыған болды.

Анна Ивановна тым еркінсіп сөйлеген аузы жырта қарыс дөрекілеу жігітке қабағын шытып, тыйып тастады:

– Қалжындасатын адамыңызды тауып сөйлесеңізші!

– Ғафу етіңіз, Анна Ивановна, мен әншейін...— деп, ән тындап, жүзін бұрып әкеткен әйелдің құлағына қарап, тілмаш қызарандап, мінгірлеп, тосылып қалды.

Россияның ең ірі қаласында жасынан дүние жүзі әншілерінің үнін тындап өскен, классикалық өнер атаулыдан мол хабары бар Анна Ивановнаның аса таң қалғаны Жаман баласы Қапаштың дауысы болды. «Қарғам», «Гауһар», «Аман сал», «Шалқак кер», «Қапірені» бірінен соң бірін тізбектей салған әншінің күре тамырлары білеуленіп, айтқан сайын гүрілдеген кең даусы үйді теңселткендей дауылдатып ашыла түседі. Біресе әупілдекше гүмпілдеп, біресе ашық шаңырақтан шығып

шырылдап көтерілген ашы, құлашты дауыс бір адамның емес, қатар отырып айтқан бірнеше әншінің үніндей неше құбылады. Күн күркірегендей күмбірлеп, дүрілдей бастағанда сұлу әйелдің көзі шарасынан шыққандай аясы кени түсіп еді, домбыраның төменгі сағағына қарай барып, даусын шырқай соза бергенде, музыкадан хабардар ол, үшінші актаваның соңғы нотасына ауысқан үнді «енді жетпей қалар-ау» деп, бар бет пішінімен, кимылымен киналып еді, құлақты жарып жіберердей ашық дауыс еш бөгеліс, кідіріссіз тап-таза мүрсіндей қалпында ширатыла көтеріліп, шанырақтан атылып шыққан бозторғайдай ұзақ дірілдеп бір арада тұрып алғанда, сезімтал адамның көзіне жас үйірілді. Шымырлаған биік үн бір кезде күрт төмендеп, қайта гүрілдеп барып жұмсақ үнмен, күшінен айырылмай бір деммен таза толастағанда:

— О-о-х!— деп қалған Анна Ивановна жұқа қол орамалымен көзін сүртті.— Не деген үн, не деген диапазон. Бас дауыстан тенорға дейін көтереді екен. Шіркін, мұндай дауыс үлкен опералық мәдениеттің құты ғой,— деп, орта жасқа келген денелі, сұсты адамның кірпіктері дірілдеп, бір ашылып, бір жұмылған зағип көзіне аянышпен қарады.

Қапаштан соң жұрттың көзі келгелі қыстамай, көңілі өзінен жадап, тек ақындар ән салып қыздырғанда барып жаңа-жаңа ширығып, көңілдене бастаған Ақанға ауысты. «Ақан ағайға кезек келді», «Ақан сері өлең айтпай ма» деп ынтығып, күбірлей бастаған дауыстар жиі-жиі айтылып, көбейіп кетті. Су қаранғы екі көзінен қорғалап, сөйлегенде тура қарауға жасқанып отырған Қапаш, басын төмен тұқырып, қоныр даусымен Ақанға көптің атынан қолқа салды:

— Осында Ақан кепті деп естігенде тағатымыз қалмай, осылай қарай жосыдық. Таяғыммен жер түртіп, мен де жеттім. Атыңызға сырттан қанықпыз. Жүзіңізді көрмесем де, үніңізді естісем бе деп ем, осындағы қауымның шөліркеп тұрғаны да сіз.

— Иә, серім, сіз бізге әнші ғана емессіз, осынау жалпақ өңірге ерекше біткен қос шынардың бірісіз, бәрімізге ұстаз, әннен де, өлеңнен де үлгі тұтар өнегеміз — сіз. Алыс жолдан қажып келген шығарсыз, әйткенмен бір-екі ауыз лебіз білдірсеңіз екен. Солай емес пе?— деп Айтпай ашық даусы саңқылдап, айналасына қарағанда, кереге сыртында анталаған жұрт ду ете қалды: «Иә, қарағым, бір-екі ән айтсаңыз», «Майдақоныр», «Манмангер», «Кепсер», «Сырымбет», «Үш тоты», «Шамшиқамар» деп өздері жатқа білетін өлеңдерін қалап,

таласа-тармаса айтып, үйді жығып кетердей сықырлатып, манайды басына көтерді.

Баска казактардан киім-киіс, отырысы да бөлек, кескін-келбеті бір көргенде адамды еріксіз баурап алатын ардагер Ақанға бағанадан бері ұрлана карап отырған Анна Ивановна да жұрт қалауын түсініп, акынға бұрылды.

– Ән айтыңыз, мен де шын киылып сұраймын, – деп мәдениетті, сыпайы әйел қолындағы желпуішін әдеппен жиып, басын сәл иіп, сұлу көзін төңкере, киыла карады. Әшейінде тілмашына бұрылып, аударуын күтетін ол, бұл жолы «түсінікті шығар, не тілеп отырғаным» дегендей оған мойын бұрмады.

Ақан аппақ тістері аксиып күлді де, жұртқа карап:

– Жәрәйді, бір-екі ауыз айтайын. Жолдан шаршанқырап келгенім рас еді, кейін қолдарыңыздамыз ғой, – деп, теректен ойып жасаған домбырасымен әсем бір саздарды жеңіл қағып тартты да, «Манмангерді» тербеп кетті.

Жұрт бірінің бірі құлақтарынын тұсынан ғана сыбырласып:

– Мынау өзінің Құлагеріне шығарған әні.

– Өй, атыңнан айналайын!

– Шіркін-ай, атты қалай таңдап қояды!

– Өй, тыныш тұр, ән тындайық, – десіп керім-сал, кербез әнді ұйып тындады.

Ән аяқталғанда:

– Өй, шіркін-ай, қалай-қалай маң-маң басады!

– Желмаядай екен ғой жүрісі!

– Қалай қонырлатады, – деп қошеметші жұрт гуілдеп кетті.

Аясы кен көзімен акынның әр қимылын бағып, салалы, етсіз ұзын саусақтарына тесіле караған Анна Ивановнаның тұсынан Жайынбек өлен сөзін, Құлагер жайын түсіндіріп жатыр.

– Ән де, сөзі де өзінікі ме? – деп Анна Ивановна тілмашқа ақша бетін бұрды.

– Мұндағы әншілердің бәрі, көбінесе, өзі шығарған әндерін ортаға салады.

– Композитор, поэт, – деп Анна Ивановна танырқап қалды. – И еще исполнитель. Және кандай исполнитель! Жүрекке жылы жұмсақ үн, барқыттай кою тембр! Қазак даласында да небір келісті жігіттер бар екен ғой. Настоящий степной рыцарь!

Ақан ояздың әйелі келгелі, оның жүзіне тура карамай тәкаппар отырса да, ол туралы бір қызық ән көмейіне тіреліп, саусағына орала берген. Сөзі де көкейінде сайрап көп ұзамай бір әзіл өлен өз-өзінен дүниеге келді. Әйелдің соңғы сөзін құлағы шалған сері жігіт енді жұртты бір серпілдіріп алайын

деп домбырасын қағып-қағып жіберіп, сал мойнын орыстын сұлу келігншегіне наздана бұрып:

– Арамызға келген қонақ құдаша ғой, бұл бикештін де казак жұртынан алар үлесі, колқалы бұйымтайы бар шығар,— деп куақылана ойнақы әнді бастап кетті:

Калкатай, қари глаз екі көзін,
Никогда не забуду айтқан сөзін.
Третий, второйлар толып жатыр,
Ойласам как родился сенің өзін...

– Поу деген, Акан ағай да орыс құдашаны байқап қалған екен ғой!

– Әй, орысша айтып отыр,— деп бірінші ауызы аяқтала бергенде жұрт гуілдеп, кейбірі күліп, тамсана тындап, бәрі Аканға бір, келіншекке бір қарағанда, әннің өзіне арналғанын аңғарған Анна Ивановна, өзіне қадалған дала казактарының көзінен ұялып, қызарактап төмен бұқты.

Қалканың бес мың тенге бір басында,
Восемсот три тысяч сырғасында,
Ак меруерт, асылзада бекзат қалқам,
Мен сенің жараймын ғой жолдасына.

– Қазактың қаршығасы ілді, ілді орыстын аккумулян.

– Апырмай, өзін де бұлдады-ау!

– Сырғасы қанша дейді-ай, бәсе, болса болар,— десіп, орыс сөзін шала түсінгендер нобаймен соғып, қарқ-қарқ күлгенде, Анна Ивановна шын қысылайын деді.

Серінің қолқасы бар бір басына,
Күн сәулен елес беріп түр қасымда.
Өмірін өткіншідей өте шығар,
Қызықты көре алмассың дер жасында.

– Пау, шіркін!

– Нағыз сері десе, серісің-ау!

– Бүрді-бүрді қаршыға, енді тырнағынан босап көр!

– Арманын жоқ, казактың ардагерінің қолына түстің.

Кім кепіл өмір гүлі сынбасына,
Саяда тұрса дағы шың басында.

Армансыз жас шағынды өткізіп кал,
Мен кепіл өмір өтпей тұрмасына.

Көптен-көп паклон айттым скажия,
Сырымды жасырмадым сізден зия.
Именной, искренной түсінізіз,
Хорошенко, сестра, сватия!

– Шіркін-ай, шіркін-ай!
– Қайран жастық-ай!
– Әй, не деді-ай. Түсіндіңдер ме?
– Акан өзі орысшаға да жетік екен ғой.
– Тусан ту!
– Келіншек те не деуіне тұрады. Ақанның қолы ғой.
– Тек! Шарифат қоспайды.
– Шарифатыңды жастық пыскырсын ба, қайтсын. Әй, тусан ту! Шіркін-ай, сұлу көрсе суырып-ақ тасайды-ау құшак-құшак өленді.

– Иә, иә, канжардай суырады-ау!
– Тағы айтшы, Аканжан, мына балалар үйреніп алсын, -- деп жұрт жапа-тармағай күліп, сөйлеп кеткенде, Анна Ивановна орнында отыра алмай, не кете алмай, кыбыжықтап, даусы дірілдеп, тілмашына ақырын үн қатты:

– Мені мазақтап отыр-ау, ұят-ай, кетейікші осы арадан.
– Анна Ивановна, бұл әшейін қалжың өлен. Қазақ жігіттері әйелдерге тиісіп, қалжындап отырғанды жақсы көреді – сатира, юмор, – деп Жайынбек өзі шала білетін әдеби терминдермен жуып-шайған болды. Шын ниетімен талдап, түсіндіргісі келмеді.

– Жетістірген екен онда!
Песірдің сөзі ұнамаған Акан оны окты көзімен атып, қып-қызыл нарттай қызарған келіншекке салмақты жүзін бұрды.

– Уважаемая Анна Ивановна!
Тосыннан таза орысшалап бөтен халықтың қатқылдау акцентімен сөйлеген сөзге селк етіп, мөлтілдеген жасты көзін көтерген ерке әйел, «менің жазығым не еді, неге соншама шүйліктіңіз, менің затым әйел емес пе?» дегендей, бағанадан тұлғасын, өнерін шын ұнатып отырған Аканға ашық өкпемен қарады.

– Әй, тұра тұрындар, бірдеме деп сөйлесіп жатыр.
– Батыр-ау, жылайын деп отырғаннан сау ма? Сендер де енді күле бермендер. Жамандыққа бұрып қалар, – деп жұрт екеуінің аузына қарады.

Көптен орысша сөйлемей тосырқап қалған Акан ойлана, кинала отырып ұғындырды:

— Кешіріңіз, егер біз сіз тарапынан бір сөз айтсақ. Бірақ ондай сөз айтылған жоқ. Егер тілмашыңыздың сөзіне құлақ ассаңыздар, сіз де, еріңіз де қазақ жұртын үнемі кысық түсінетін боларсыздар. Басқаға білмеймін, сізге деген көңіліміз аспанымыздай таза, қонаққа деген бізде бөтен пиғыл болмайды. Оның үстіне әйел затын ақын қауымы ренжітіп, ауыр сөзге қалдырып көрген емес. Сізге, сіздің жүзіңізге қызығып, бірер мадақ сөз айтсақ, оған өзіңіздің көріктілігіңіз, күн жүзіндей нұрыңыз айыпты,— деп Акан сәл ғана езу тартқанда, қап-қара мұрт астынан көрінген қып-қызыл ерінге көзі түскен Анна Ивановна да, меруерттей тізіліп ұп-ұсақ мөлдір жас іліне қалған кайқы кірпіктерін жиі қағып, оқыс күрсінді. Кеудесі дір етіп, ашуы тез тарқаған баладай күлімсіреді.

— Шынында, ыңғайсызданғаным рас еді... Бәсе, сіздей жігіттердің аузынан оғаш, дөрекі сөздер шықпауға тиіс. Оған кимаймын да. Тілмашқа ерсен, тіліннен ғана емес, дініннен айырыласың деген ойды жақсы айттыңыз, Акан. Сіз орысшаны да тәуір біледі екенсіз. Егер мүмкіндігі болса, өленіңізді өзіңіз орысшалап берсеңіз қайтеді.

— Өленді аудару қиын ғой. Дегенмен жүрекпен айтылар сөзді ыммен де жетізуге болады. Шамамен түсіндіріп көрейін,— деп Акан әлгі өленін бар білетін жақсы, сырлы сөздерімен, көп тенеулермен орағытып, ұзақ аударды.

Анна Ивановна енді өзі қатты күліп, ақын базынасына шын ризашылық білдірді.

— Әйел жаны мұндай сөздерге өспесе, кемімейді. Есте жүретін сөздер екен.

— Тек его высокоблагородие естімесе болғаны да,— деді шет қақпай қалғанына намыстанған тілмаш.

Анна Ивановна сымға тартқан күмістей балқыған нәзік, сұлу денесімен түгелдей бұрылып, мысқылмен күлген Жайынбекке салқын қарады:

— Егер біздің үй ішімізде бір жағдайсыздық туса, сіз арашашы болмай-ақ қойыңыз,— деп Ақанға қайта бұрылып, қызғалдақтай үлбіреген томпиған ерніне маржандай тістерінің сәулесі түсе күлімсіреді.— Әйеліне жағымды сөз айтқанды жақсы еркек жек көрмесе керек. Егер жаман болса, оның ғана көңілін табам деп, жақсы сөзден тартынудың да реті жоқ шығар. Менің атыма айтылған рыцарьлық сөзіңізге, арнау өленіңізге шын көңілден көп рақмет!

Ояздың әйелі томсырайса, «апырай, не боп қалды, Ақанымызға кесірі тимесе игі еді мына пері қыздын» дегендей бірге томсырайып, ол күлсе, «е, жүзі жібіді ғой» дегендей бірге күліп, Ақанмен сөйлесіп кеткенде, «шіркін-ай, Ақан періштенін де, перінің де тілін таба біледі екен. Не деген өнерлі жігіт» деп үнсіз тұрып қалған жұрт қайта актарыла жөнелді:

– Әй, мынау бір айта жүретін өлең болды.

– Үйреніп алдыңдар ма?

– Басы қалай еді: «Қалкатай, кара глаз екі көзің» бе еді?

– Қара емес, «қари».

– Әй, қари болса, үн салып құран окитын келіншек болды ғой мұнын. Кейін Ақанның өзінен анықтап алу керек,— десіп, орыс сөздерін қызықтап үйрене бастаған жұрт әлгі өленді жаттаумен әлек.

Сол күні асқа келген адамдардың аузында осы өлең жүрді. Бәрі ыңылдап осыны айтады. Орыс сөздерін әдейі қазақыландырып айтқан бұл өлең «Сүйген қалқа» деген атпен жалпақ елге тарап кетті.

* * *

Асқа келген жұрттың аузына Ақан мен оның Құлагері қатар ілікті. Түні бойы әр киіз үйдің астында, болашақ ұлы бәйгені шуылдасып сөз қылғандар қазақ даласында соңғы жылдары алдына ат салмай жүрген Көкшенің дүлдүлін көргенше асыққан. Таң сәріден тұратын Ақан, «тіл-көзден аулақ болсын» деп, оның үстіне кейбір сыншылардың атының тұла бойын сүйеммен өлшеп, бақайшағына дейін мінейтін мінезін жақтырмай, Мөнкеге жетектетіп, айдалаға жеке жіберген.

Түс ауа сары ала атпен шылбырынан жетектеп, сары ала жабулы Құлагерді Мөнке алып келгенде, аңдып жүрген ат құмарлар үстіне қарғаша үймеледі.

– Әне, Құлагер келе жатыр.

– Мына бір сары ала жабулы Құлагер болар,— деген дауысты естігенде ілезде жиналды.

– Кәне, кәне, қайсы?

– Мына бір әдемі жабулы ма?— деп үстіне төніп қоршап алғандар ынтыға жетіп көргенде, сенбей де жатыр.

– Қой, мынау Құлагер емес шығар.

– Жүрісі босандау екен.

– Мынау — көп жайбасарлардың бірі ғой.

– Кім біледі, болса болар. Мынадай жабу серіде ғана болмақ.

–Туһ, өзін де келістіріп тіккен екен!

– Әй, бала, аты шулы Құлагер осы ма, жабуын алшы, жақсыны көрмек үшін деген.

Ұзын кермеге байлап, қасынан тапжылмаған Мөнке:

– Қайдағы Құлагерді айтасындар. Бұл Карақай аты – Керманғаз,— деп маңына жуытар емес.

– Әй, қарағым, атынды жеп қояр деймісің, алсаншы жабуын.

– Ертең бәрібір көреміз ғой.

– Ұзатайын деп әкеп пе ен осыншама бүркеп,— деп кейбіреулері балаға ыза болса, енді біреулері:

– Айналайын, Ақанның Құлагерін бәріміздің көргіміз келеді. Көруге ынтықпыз.

– Бұл қазағымның дүлдүлі ғой. Бәрімізге мерей емес пе?

– Атағы алты алашка мәлім тұлпар осы болса, көрейік,— десіп Мөнкеге жалынды.

Аттың қасынан шықпай қызғышша қорыған өткір бала көзі жайнап, шаңк-шаңк етеді.

– Бұл бетін ашып көретін қалыңдық емес сіздерге. Бірінші рет бәйгеге әкелген өзімнің атым – Керманғаз. Құлагерді білмеймін. Құлагерлеріңді тауып алындар, менің атымда шаруаларың болмасын.

Бір топ жігітімен әр кермеде байлаулы өз Құлайкөгімен жарысқа түсер жүйріктерді қарап, аралап келе жатқан Батыраш та жетті бұл кезде. Бойы енгезердей, толық қара бұжыр, ала көз Батыраш Құлагердің басын көргенде-ақ тани кетіп, мандайынан суық тер шықты:

«Аһ, келген екен ғой!» Сырттай бақылап, дуылдасқан жұрттың сөзін естіп, үнсіз тосылған өркөкірек, менмен жігіт өз атын естігенде шыдай алмай кетті:

– Егер Құлагердің келгені шын болса, әлгі «бәйгемді шаппай алам» дейтін Батыраштың күні не болды екен?!

– Е-е, ол да естіп, ішкен асы бойына сіңбей жүрген шығар.

– Осы өзі шын Құлагер ме?

Батыраш алдында тұрған үлкен-кішіні кеудесімен қағамаға Құлагерге барды да, жабуын ала беріп еді, Мөнке шап етіп қолына жармасты. Тиісуге қара таба алмай түтігіп тұрған бай Мөнкені бір-ақ қағып ұшырып жіберіп, аттың жабуын жырта-жырта жұлып алды да:

– Ал, қараңдар, өнкей күзғындар. Қарауылдың бір жаман тышқағы келгенге сонша өлерменденгендерін!..— деп қызыл

еті шоктай жанған үлкен көзін жақтырмай қадаған Құлагерге тістене қарады.— Осыншама әбзелдеп, әлдағандай қылуын қарашы мұны.

Бұл жерде тұрғандардың көбі алтайдың әумесері Батырашты жақсы біледі. Қарағандының көміріне подрядшик боп байып алғаннан бері тәубәларынан жанылған ағайынды Батыраш, Қотыраштың тізесі кімге батпаған. Қазір біреу бірдеме десе, бас салып сабап тастауында шәк жоқ. Қасындағылары да өзіндей өңкей қисық, «ә десе, мә дейтін» тентек, сотқар жігіттер. Батыраш жұмсаса суға шешінбей қойып кететін көзсіз батырлар. Оның үстіне жалғыз өр алтай, балықшы алтай емес, мұндай жиында дау шыға қалса, бүкіл Арқаға жуандығын көрсетіп келе жатқан исі қуандық ұрандасып, бірлесіп кететін әдеті. Мейрам баба асық иіріп, бес ұлына мал бөле генде, «алшысы, тәйке, бүгі, шігі де менікі» деп, «омпы тұрғанда да біз аламыз» деп бас салатын қиянатшыл көп қуандық емес пе? Солардың ішіндегі ең сыңар езуі де осы Батыраш. Оның ат екеш атқа жасап тұрған о жарлығы мынау.

Жамыраса-шуласып Құлагердің үстіне түсіп тұрғандар Батыраштан сескеніп, үнсіз тосылып қалып еді, жуанның қолпашшылары мұрындарын шүйіріп, кимелей жөнелді:

— Ей, Құлагер дегенің мынау ма, тәйірі?!

— Мынау әшейін ауыл арасындағы шілдехана-мілдеханада қосатын ат қой. Құнан бәйгесіне алдап қоспаса, ат бәйгесіне жарамас.

— Ұлы ас түгілі көпей астағы бәйгеге қоспас ем.

— Өзінің ұсқыны қалай жаман: кикы-шойқы бірдеме ғой.

— Өзі не көксау, не қыршанқы болар, терісін қарандаршы.

— Рас-ай, байкадыңдар ма, тісін қайрап тұр, мынау, дәу де болса, жамандаттың іштен болатын түріне шалдыққан ат.

— Өзінің қабағы салыңқы екен, мен білсем, мынау ыстық-суықты болып, маңқаға айналған ат.

— Қай маңқа? Көкірек маңқа ма, без маңқа ма, танау маңқа ма?

— Жоқ, мынау шұбырта — маңдамға кезіккен мал.

— Рас, рас, буындары ешкі буындас екен, тегі буын-буыны салдырай бастаған «жанбыр маңдам» болар.

— Мынау қараөкпеден де сау емес.

— Мына қарын жай жараған бәйге атының қарны емес, тым қабырғасына жабысып қалған екен, тегі ішеккұрт болар мұның ішін жайлаған.

– Өзінің ұмасы тым бүрісіп кеткен екен, қуығы тартылып құмтақаға ұшырамасын қайдан білесін.

– Қой, Көкшетау жағында құм жоқ, оның қисынсыз, Бурабай маңындағы көл құмында жайылмаса. Бұл шүйгінді жерде болатын қу құмалақ десейші одан да.

– Иегін кермеге асып, алмауын қарашы, басы ауырады-ау деймін, мынау тегі тісі сыздап, жалмақ ауруымен ауырған мал.

– Әй, өзінің ауырмайтын бір мүшесі қалмады, несіне мұнда әкелген?!

– Бәсе, бұл Құлагер емес. Ол бұдан гөрі жібі түзулеу болса керек еді. Мынауың, үстіне желком салсаң, жаман қойшылар мінбейтін кержалқаудың өзі ғой!— деп ыржақай жігіттер Батырашқа қарап қойып шуылдасып, қарқ-қарқ күледі.

Батыраш атты мінеп-шенеген неше түрлі мазақ сөздерді естісе де айызы қанып бір езу тартпайды. «Атым сыры өзіме мәлім» деп, Құлагерге зәрлі көзін қадап, қалың етті бұжыр беті күреңітіп, долырып, неше бір сұрқия ойға кетіп, өзімен-өзі әлек. Жұрт тағы да оның көңілін көтерейін деп:

– Бәсе, бұл Құлагер емес,— десіп, кейін серпіле беріп еді.

– Жок, бұл Құлагердің нағыз өзі,— деп шаңқ еткен дауыс шықты.

Жұрт жым болып, жалт қарасты. Үстінде жеңі салақтаған кең шидем шапан, басына елтірі бөрік киген, жағына пышақ жанығандай арық, шокша сақалы, шүйкиген шал екен мұны айтқан.

Батыраштың бір жігіті шарқы шалға ұнатпай қарап:

– Оны қайдан біле қойдың, бұл – маңка ат,— деді.

Шал так көзін сығырайта қараған күйі, бұрылмастан:

– Өзін маңка!— дегенде жұрт ду күлді.

– Әй, әй, мына шал не дейді,— деп әлгі жігіт қызарақтап, не айтарын білмей калып еді.

– Оу, Күренекең екен ғой!

– Ойбай, Күреңбай ақсақал,— десіп, атақты Күреңбай сыншыны жаңа танып, бәрі соның аузына үнсіз қарасты.

Күреңбай көп ішінен алға суырылып шығып, аттың жалынан сипап, мойнынан қағып, кейін шегініп, тағы да алды-артын бір орап шықты. Жұртта үн жоқ. Ертеңгі болар бәйгенің болашағын табан аузында осы Күреңбай шешетіндей, демдерін іштерінен алып, сыншының әр қимылын бақты. Шал бір кезде:

– Апырмай, мақтаса мақтарлық, алдынан аң құтылмас, бойына шан жұқтырмас, нағыз ауыздығымен құс тістеген жануар екен. Мен көрген сәйгүліктердің ішінде мұнымен үзенгі қағыстырып, тізе соғар жылқы баласы әлі бұл өлкеде туған жоқ. Пай-пай, мынау Ғазреті Ғалінің Дүлдүлі ғой, – деп тамсанғанда, жұрттың аузы ашылып, Құлагерге тесіле қарады.

– Оны қайдан біле қойдың, сен де танти береді екенсің! – деп Батыраш намыстан булыққанда, Күренбай оған да мойын бұрмады. Жүйріктің әр мүшесіне баға беріп сөйлеп кетті:

– Шіркіннің тұрқын қарашы, тұрқын, он екі таспадан өрген ұзын бишіктей. Күзендей бүктетіле шапқанда тұрқы қысқа бұзау тұлып аттарынның екі-үш аттағанын бір-ақ алатын қарышты жануар. Терісі қандай жұқа – көзел етіктің былғарысындай мап-майда, ет пен терінің арасында жылтыраған бір май жоқ, басқа аттар ақ көбікке малынғанда, құлағының түбі де жіпсімейтін көнбіс-ақ. Денесінде бір жапырақ арам ет жоқ, тамырлары білем-білем боп шодыраюын қарашы. Қанша шапса басы айналмайтын қаны мол, тынысы тарылмайтын құлаш кенірдек, талыс танау. Тәулет бастағы қос құлақ Балқаштың қисық кескен қамысындай, жағында ұстарамен кесіп алар ет жоқ, топшысы қаршығаның топшысындай, қос шынтақ күреске ыңғайланған балуанның шынтағындай, кең қолтыққа атан түйенің қос тобығы сыйып кеткендей, аяғы қаққан қазықтай тік, тұяғы мүжілмейтін Окжетпестің қайрақ тасындай, быртық бақай, ит жіліншік, тазы тізелі, бөкен санды, сіңірлі бура тілерсек, екі бұттың арасынан екі адам қатар жүрелеп өткендей, жібектей күлтеленген майда жал, жеңіл құйрық. Жаясы қандай жазық, қасқыр жауырын, түлкі төс, қоян жонды – тәулікке танбай шапса да теңселіп, шатқаяқтамай садақтың оғынша түзу шабатын малдың белгісі... Жарықтықтың маужырап, бейғам, марғау тұруын қарашы. Ала қашпа, тыз етпе ақпа емес, қаны кызып, денесі бусана келе ағындайтын нағыз ұзақ шабыстың деген өрен жүйрігі, шапқан сайын үдей түсетін, өрге салсаң өршелене түсер ұшқыр, нағыз құйынның құйыны, – деп Күренбай Құлагердің қасына келіп, төспен астасқан, қолтық тұсындағы тасты қабырғадан сипап, бүйірге дейін барды да. – Па, па, біліп едім-ау, ерен туған ерекше мал екенін. Бәс-се, бәсе! – деп тандайын қакты. – Қанаты бар екен жануардың. Мынау жай мал емес, пырақ екен! Тіфә-тіфә, тіл-көзден сақтасын!

– Не дейіт, канаты?.. Пырак!..
– Канаты бар дейді-ай.
– Ол қай жерінде?
– Қолтығында ма-ай?..— десіп танырқағандар үнсіз қалған Күренбайға шыдамсыз телмірді.

Күренбай көпке дейін ынтықтырып айтпай тұрды да:

– Неғылған канат. Біраздан соң, сен шал, жаман керді Көкшенің басында ұшқан бүркітке тенестіретсің,— деп Батыраш ерніндегі былжыраған насыбаймен қоса шашырата түкіргенде барып:

– Кез келген жылқыда, өздерін білесіндер, он екі қабырға болады. Ал Құлагерде бір қабырға артық, міне, канат деген сол қабырға, көріктей өкпені қыспай, кең тыныстауына бірден-бір себеп сол,— дегенде, жұрт:

– Өй, аллай! Не дейді?!

– Естімеген елде көп!

– Мынауын шынында да жаратылысы бөлек жануар болды ғой! Нанайын ба, нанбайын ба.

– Кәне, кәне, санайықшы,— десіп, Құлагердің қабырғасына ұмтылғандарды Күренбай тыйып тастады.

– Әрі тұрындар, өнесі-ай! Сенбей тұрсындар. Бәйгеге шабар атқа қол тигізбес болар. Еті қанталап кетеді: бұл қазір бабына келіп, сылап-сипаумен тұрған, сұлы бұлаудан бусанып шыққан сұлудай нәзік жануар емес пе. Қолдың уыты тиеді,— деп шаңқылдаған ащы даусымен көпті кейін шегіндіріп, аттын терісін жалады. Содан соң сыртта жетекте көп жүріп келіп, бір-ақ құмалақ тастаған аттың қиын алақанына салып сығып көрді де, қолын етегіне сұртті.

– Шіркін-ай, атым да ат-ақ, баптаушысы да сабаз екен. «Ат шаппайды, бап шабады» деген бар емес пе? Құлагердей аттың бабы келіссе, мұның алдына кім түсер,— деп, Күренбай тамсанып тұрды.— Терінде сықпа құрттың дәміндей дәм жоқ, жеті тері алынған, бір қасық ащы тері бойында қалмапты. Құмалағында да қоянның көз жасындай бір тамшы су жоқ. Осынша жас өмір сүріп, тап бүгін алжасып, шатаспасам, Ақан серінің мына Құлагері тұрғанда бас бәйгеден үміттенген қазақ баласында ес жоқ. Маған салса, шаппай-ақ бәйгесін берсе де болады. Шіркін, асыл ердің аты да асыл, бабы да асыл. Тұрысына болайын. Мындап жылқы айдап, сендей бір ат ұстай алмаған менмен байлардың кеудесіне бір шықшы!

Күренбай Құлагерге сүйсіне бір қарап, көптің арасына сініп кетті.

Үлкенге ауыз салып елірген, әдепсіз есірік байдан бағанадан бергі есесін бір-ақ қайтарып кеткен Күренбайдың соңғы сөзіне жиын топтын кейбірі мырс-мырс күлсе, Батыраш не дерін білмей есенгіреп, сазарып қалды. Қайтсем бас бәйгені алып, үш жүзге атымды шығарам деп келген байды әлден мыскылдап, кекете бастады. Алдынан «қарақайлап» Құлагер өткендей көзі бұлдырап, жынын алдырған бақсыдай сұлық тұрып, тек зәрлі көзімен өзіне ажалдай боп көрінген атқа қарай берді.

Бұл кезде Құлагерді айнала қоршағандарды көріп, топ ақындармен желпінуге шыққан Ақан да жүгіре басып жеткен. Мөңкенің қолындағы бір жақ шеті жыртылып жұмарланған жабуды алып атына жапқанда, Ақтоқтының белгісінін умаждалғанына көңілі босап кетті.

— Қай антұрған еді, кісі дүниесіне арам қолын салған,— деп Ақан жұртқа бұрылғанда:

— Қарауылдың баласы амандықтан кашаннан бері қалған,— деп Батыраш мықшындап, терең қалтасынан шақшасын суырды.

Ожар байдың үніндегі кекесінді сезген Ақан жабуды алған ызалы адам да осы екенін жазбай таныды.

— Мойны қашық алыстан келген адамға ата жолымен кеп сәлем бермеген наданға, иесінен бұрын атына келіп кісінескен жаранға менің амандығымның қажеті не?!

— Сенің алыстан келгенінді білмей қалдық, бұл аста қарауыл баласы аяғын қия баса алмайды деп естіп ек, қайсыбірінің тентіреп келіп қаларын қайдан білейік,— деп, «катырдым ба» дегендей Батыраш маңындағыларға қарқылдай күліп қарап еді, мұны қостаған өз тобы ғана болды. Кенкілдеп, ыркылдап, күлкілері шашырап, жараспады.

— Әй, Батыраш,— деді Ақан оқты көзін қадап. Жұрт тына қалды.— Тентіреп келген мен емес, тебінгілі Құлагердің тепкісі шығар сенің терінді көн терідей құрыстырып тұрған, зәрлі сөзінді маған айтқанша, зәрін жерге төккен Құлагермен сөйлесуің керек еді. Сендей азбанның егесетіні де, дұшпаны да кестірілген ат емес пе? Жөнінді неге білмейсің, теңінді неге таппайсың?

Жұрт шыдай алмай ду күлгенде Батыраштың да қаны ду етіп бетіне шықты. Ақан тоқталған жоқ:

— Құлагерді айтсаң, ол жалғыз емес. Бүкіл үрім-бұтақ, зәу-зәтіннің бұлдіршіндей қыздары емес пе бұл келіп тұрған. Бар қызынды бір мәстекке сарп етіп ең. Ендеше, неге

қыздарынды телміртіп жібересің? Одан да Құлагерді ала-
канына салып аялап, құшағыңа алып неге көріспейсің?
Екеуіңнің мысық пен иттей дүрдісіп – бұл тұрыстарың не?!

Жұрт тағы да мәз боп күліп, бірін-бірі түртіп, шынымен
ит пен мысықтай ма дегендей Батыраш пен Құлагерге алма-
кезек қарап, жымындайды. Батыраш конк етті:

– Әй, Ақан. Көп ділмарсымай, тұратын жерінді айт.

– Тұрар жерімді айтатындай, жарқыным, мен сенімен
белдесуге, кандасуға келгем жоқ. Қыранның қабанды алғанын
қашан көріп ең? Шынымды айтайын, менсінбеймін. Өзің емес
пе жаман түйенің жабуындай жарбаң-жарбаң етіп ылғи
етегімнен тікендей жабысып, сонымнан майлы аяқтай қал-
майтын. Өшің Құлагерде екен, жарылып кетсең де шыным
сол: мейлі бүкіл алдына салып өргізген мыңғырған малынды
сал бәйгеге, әр тоспадан тұрып тын жүйріктерінді қос, бәрі-
бір жалғыз Құлагерімнің шаңына да ілесе алмайды. Несіне
әулекілене бересің. Сенің байлығың кімге дәрі, өңкей ит
мініп, есек қамшылап жүрген.

Батыраш шын жарылып кете жаздады:

– Ей, жамағат, бәріңе айтамын. Егер Құлагер осы бәйгеде
алдымен келсе, мына басымды қыл мойнынан кесіп берейін.

Ақан мырс етіп күлді:

– Құлагердің үнемі алып келе жатқан бәйгесі неше
тайтұяқ алтын, неше жүз ділда, үйір-үйір жылқы. Ал, сен
осынау үлкен аста оның бәйгесін неге арзандатасың. Өз
басынның құны қанша екенін білмейді екенсің ғой, – дегенде
жұрт даланы басына көтерді.

Батыраш күйініп, ұмтыла түсті:

– Егер менің Құлайкөгім не Топайкөгім алдымен келмесе,
қаңғырған қарауылдың атынын қасына торсық етіп байлап
қоя беремін. Егер алдымен келсе, Құлагер дегеніннің де, Ақан
дегеніннің де аты мүлдем өшетін болады.

– Ол ақ қалай өшпек? Көкшетау десе, біздің қалың жұрт
«Ақанның елі», «Кершолақтың елі», «Құлагердің елі» дейді.
Оны жер жылап, көр жыласаң өшіре алар ма екенсің. Ал
Батыраш, Құлайкөк дегендерінді ести алмай арманда өлетін
шығармыз, – деп көптің ортасынан біреу гүж ете қалғанда,
жұрт жалт қарады. Ақанға бата алмай тұрған Батыраш «бәрі
ашуын тырнадан аладының» керімен ежірендеп, оған тап-тап
берді.

– Жерден жік шықты, екі құлағы тік шықты. Сен қайдан
келген сұмырайсың. Жоқтауынды асырайын ба осы!

Екі шекесі торсықтай, киім киісі бөлектеу, еңгезердей, алпауыт кара жігіт көзі шатынап, карсы ұмтылды. Батырашпен төс қағысып тұрып қалған ол:

— Қай сұрағына жауап берейін әуелі,— деп жеп барады. Тайсалар емес. Ә дегенде мұндайды күтпеген Батыраш күмілжіп қалды:

— Қай сұрағы несі?!

— Қайдан келген сұмырайсың дедің. Мен — сұмырай емес, Кіші жүздің адайымын, танымасаң құдайымын! Екінші — жоқтауынды асырайын ба дедің. Ер екенсің, жеке шық, қайсымыздың жоқтауымыз асар екен. Сен Орта жүздің есер алтайы болсаң, мен Кіші жүздің бас кесер адайымын, сен алтайдың қабыланы болсаң, мен адайдың балуанымын!

Көптің көзі шарасынан шығып, әр жауырыны диірменнің кесек тасындай жігіттің тұлғасына қарасты.

Тақпақтап сөйлеп, тұла бойы дірілдеп, аруактана төнген балуанның ортасына Ақан түсті.

— Күшіне тілің де сай жігіт екенсің, бір ашуынды ки, елінде еліріп өскен өркөкірек наданға адамдық етер болар.

Шегіне берген Батыраш:

— Әй, әй, әттең, қонақ екенсің. Әйтпесе ме!— деп кіжінген болды.— Ер екенсің, бес жүз ділда бәс тігемісің Құлагерге?

— Сені кең қолды бай деп тұрсам, аузынды қу шүберекпен сұрткен сараңның сараны екенсің ғой. Құлагерге мың ділда тігемін. Құлагер келсе, сенің ділдаң керегі жоқ. Тыр жалаңаш шешіндіріп, жұрттың алдынан көк шыбықпен айдап өтем. Осыған тұрамысың?!— деп адай балуаны карсы шықты.

Батыраш не дерін білмей тістеніп, тосылып қалды.

— Жәрәйды, олай қорламаймын, Құлагер келсе, сенің атың бай Батыраш емес, көрінген жерде шаптығатын қатын болсын!— дегенде жұрт ду күлді.

Батыраш беті қыбырлап, қолын бір сілтеп, жолдастарын ертіп, ішіне арам ой түйіп кете барды. Күреңбайдан да, жат жұрттан келген адайлықтан да, мына тұрған көпшіліктен де аяусыз таяқ жеп, күйініп барады.

Ақан болса, қатты-қатты сөздер айтып, жұрт алдында маскара қылған Батырашты енді іштей аяп тұр: «Неге ғана адам баласы осынша менмен, өркөкірек болады екен. Алдынан Құлагердей жүйрік шыкса, оның жүйріктігін қызықтау орнына, қашан табалап, жерлегенше әлек. Өз кемсі-

нін, өз мүскінін неге ғана адамдар білмейді, іштей болса да, неге ғана мойындамайды. Қара бұжыр, қауға бас, нойыс Батыраш, қазір, байлығым, қара күшім ғана артық емес, тіпті өнім де бір адамнан кем емес, сұлуымын деп барады. Іште жатқан жасырын сезімді, мінез мінін бүркеуге олар, ашық көрінген, бадырайған кемістікті неге мойындамасқа. Қайта жұрттың тізесін бүктіріп қашан мойындатқанша ішкен асы бойына сіңбейді. Батыраштың өзі ғана бай емес, аты да жүйрік, сөзі де өтімді, жүзі де өткір болуы керек. Алдына жан салмай өтсе ғана көңілі тыныш. Өзінен озғанды шын көңілімен мақтау, риза болып сүйсіну дегенде білмей, күншілдікпен ауыздану не деген қорлық, сорлылық еді. Адам баласының мүгедектігі не деген көп еді!..»

5

Ас басталғалы Ерейменнің бауыры маужырап, желсіз тымық күндер жиналған азашылардың көнілін өсіріп, тойдуманға дала табиғаты бар нұрын төгіп тұрғандай. Елдегі сәскеге дейін жататын бейғам ұйқы жоқ, жұрт таң сәріден тұрып, көршілеріне қатынап, ақ үйлердің арасында жосыла бастайды. Күн шыға Құсақ көлінің айдынына шомылып, қаздай жүзіп, бойлары сергіген жұрт таңғы астарын шуласа, даурыға отырып ішкен. Кей үйлердің астында бірін-бірі қақпақылдап әзілдеп, ұзақ сонарға түсіп, қызық хикая шертісіп, өзді-өзі мәз болысқан үш жүздің қонағы бір кезде үріккен қойдай дүрлігіп, далаға ұмтылды. Әр үйдің киіз есіктері түріліп, желпілдеп, қызыл-жасыл оюлы қос есіктері шалқасынан сарт-сұрт ашылып, адамдар бірін-бірі баса сыртқа атып-атып шықты.

Кең көшенің басында су жорғаны тайпалтып жалғыз аттылы келеді. Ат үстінде жас бала, тікесінен тік тұр. Қолында сырнай. Сырнайдың кеңірдек көрігін жыртып жіберердей құлаштай созған бала айғайын салып әнге басып, шырқап барады. Көшенің екінші басына жеткенде, қайта бұрылып, қолындағы сырнайын анадай тұрған топқа лақтырып жіберіп, енді ат үстінде неше түрлі ойын көрсетіп, жүз бұратылды. Тиіндей домалап, басымен тік тұрып, біресе екі қолымен көтеріліп, енді бірде жорғаның мойнына жыланша оратылып, аттын кеудесінен, астынан бишіктей сумандап, қайтадан ердің үстінде қаздыып, оқыс құлап, бір аяғымен таралғыға ілігіп, басын салбыратып жерден күміс

алғандай созыла түсіп, қайта лып етіп ат үстіне көз ілеспей шығады.

– Ойпырмай, мына бала не деген өнерлі еді!

– Өзінде буын жоқ неме ғой!

– Ойпырмай, мерт болар ма екен!

– Мойны үзіліп кетер ме екен!

– Па, па, мынау болайын деп тұрған бала ғой. Жігіт екен!

– Шіркін-ай, шіркін-ай!– деп тандайларын қағып, тамсанған жұрттың арасынан баланы танушылар да табылып жатыр.

– Әй, мынау кеше ақындармен бірге өлең айтқан бала емес пе!

– Со-л, сол.

– Кешегі, әлгі, бас құйқасын, құлағын кимылдатып, қиясын ойнататын бала ма?

– Иә, иә, тап соның өзі.

– Е, онда тобықтынын баласы болды ғой.

– Иә, әлгі Шашубай деген бала, Қошқарбайдың Шашубайы.

– Шашубай.

– Шашубай.

Он бір-он екідер шамасындағы Шашубай енді бір өткенінде колына қабығы аршылмаған талдан қиған екі таяк алып ойнатты. Саусағының басынан иығына дейін жорғалаған кос таяк, ұзын көк ала кесіртке сияқты. Енді бірде кесірткелер ок жыланша атылып, баланың басының айналасында зу-зу етеді. Енді бір сәт төбесіне қойған кос таяк қаккан қазықтай қақиып, ін аузындағы суырша сілейіп кимылдамай сіресіп қалады.

Бұл – халықтың назарын аудару үшін істелген әрекет екен. Ендігі бір айналымда Шашубай бала даусы шырылдап, жар салып, жорғасын тайпалта өтті:

– Уа, жарандар, жарандар, бәрің де маған карандар, тез арада тарандар, аттарына мініңдер, тауға қарай жүріңдер. Онда ат жарыс; онда көкпар, онда күрес – бәрі бар. Жасын да бар, кәрің бар, бірің қалмай бәрің бар, көмулі жатқан сап алтын ат үстінен ділда алсаң, садақ тартып биікке, жалтыраған жамбы атсаң, бірің қалмай бәрің бар, бар қызықтан қаласың, кымыз ішіп, ет асап, құр жамбастап жай жатсаң. Ал, жарандар, жарандар, атқа жылдам қоныңдар, ал болыңдар, болыңдар, үш жүздің жұрты бас қосқан, неше күңгі ас тосқан, неше бір қызык ойын бар, белшеден батып тойыңдар, ал болыңдар, болыңдар!

Жұрт алас-күлес. Біреулері белдеудегі, кермедегі дайын аттарынын айылын тартып, енді бірі жайбасарлар сыртта оттап жүрген аттарына жүгірісіп, опыр-топыр. Ішіп отырған аяк-аяк сары қымыз, табак-табак тонжелін семіз ет киіз үй ортасында шашылып, жиналмай қалды. Жеңіл желбегейлерінің жеңін жүре киіп, тамақ ішкенде қарнын босатқан мешкейлер дамбагының бауын жүгіре байлап, аттарына қонды. Әлгідей болмай жау шапқандай дүрліккен ел қаз-қатар тізіліп, үздік-создық шұбатылып, тауға қарай беттеді. Салдыраған арбалар да, шұбырған жаяулар да қым-қуыт. Қалың нөпір.

Бөгенбай жазығы деп аталатын тау бөктерінің бір пұшпағына әп-сәтте жиналған мың қаралы адам Ерейменнің қарағайынша қара-құрым тартып, алқа-котан жазылып, қак айырыла бозға жайғасты. Алыстан қарағанда үйме-үйме бықырлаған құмырсканың илеуіндей.

Бірнеше қара пәуескені бастап, қос арғымақ жеккен жеңіл фазтоннан Измайлов әйелімен түсіп, беті жасыл мауытымен жабылған столға омырауларында медальдары жарқыраған бір топ шонжарларымен келіп отырғанда ат жарыс басталды. Көзілдірігінің алтын жиегі күнге шағылысып, оязбен бас шұлғыса сөйлескен паң Нұрмағанбет Саккұлак биге ымдап еді, анау он жағына қарап бір аттылы жаршы жігітке қолымен белгі берді.

Аттылы жігіттің үні де зор екен. Жағалай отырғандарды жеңіл бүлкілмен жағалап, такпактата жөнелді.

— Уа, жарандар, жарандар! Уа, халайық, халайық! Сарыарқаның белінде, Ақ сары, Күр сары елінде, жасыл құрак, ақ айдын шалқар Құсак көлінде, жоңышқасы жайқалған, бәйшешегі шайқалған, ну орманы шулаған, ақ бұлағы тулаған Ерейменнің жерінде, он екі қарыс тай қазан, алты қарыс жай қазан, жүз-жүз қазан, мың қазан, астау-астау ет тартқан, сары қымыз сапырып, мың-мың адам жиналып, әңгіме-дүкен кеп тартқан, атағы кеткен алысқа, байлығы жеткен ғарышка маңдайының бағы бар, артында алтын тағы бар, оң жағында ақ отау, сол жағында сары отау, алты арыс ұлы тағы бар бабамыз Сағынай асында үш жүзден келген дүбірлеп, неше бір жүйрік сәйгүлік, деменіз мұны қай мүлік, бағасына күн жетпес, шабысына үн жетпес, ұзаққа талмай салғанда, неше бір дүркін күн жетпес, тұлпарлар мұнда келіп тұр, астың сәнін беріп тұр. Алдынан киік құтылмас, жетпесе, сірә, ұмтылмас, тасқа да салсан

шабатын, басқаға салсаң шабатын Алатаудын Аласы; «Барса келмес» аралда құланды қойша қайырған, жылан-ның көшкен ордасын, үстінен таптап өткенде қан жоса ғып айырған Кіші жүздің Қарасы; Баянуыл, Қараөткел шаңмен қосқан арасын, қос ауыздың оғындай қатар шапқан қос бауыр Батыраш пен Қотыраш – аты шулы қос байды Құайкөгі, Топайкөк; Қорғалжынның Трысы, қаракесек Шабдары; қара дауыл бір күзде жиырма қасқыр, жүз түлкі, отыз қарсақ, жүз қоян, сегіз арқар қайырған аты шулы Көкшенің құс тістеген аузымен Құлагері – дүлдүлі; Алтай ассаң қажымас, Тарбағатай елінің Тарланкөгі – сүргіні; Сабынды көлден бір жүзіп, Жасыбайдан су сүзіп, күн құрғатпай Ертіске күнде барып, түн қайтқан, саумалмен ғана жаратқан Таразының Тарланы; Қыпшабелі қыпшақтың; Құлабесті Құсақтан; желмаядай желісі, нар түйедей тұлғасы нақ жүйрік бар Нарыннан; Нұрлықөзі найманның; тобықтыдан Тортөбел; бәсентиннің Қызылы; қуандықтың Құбасы, сүйіндіктің Ұлпасы; бегендіктің Бөртесі, шегіндіктің Еркесі; қоңыраттан Сары бар, айта берсем жүз баран, Текежәуміт, жүз қылаң, Ақалтеке, Арабы, бес жүзге тартар сорабы – мұнда, бәрі, бәрі бар, алдарыннан өтеді, сыландаған тұлпарлар айдауға қазір кетеді. Бүгін кешке – күн ұзақ, бақтарын сынап зымырап, намаздыгер болғанда көмбеге қайта жетеді, ал, көріндер, көріндер, аттарға бата беріндер, тілейтінің қай ру, естіннің қай ұран, алыстан құлақ тосындар, туысын бар, досың бар тұлпарын шын тілендр, аруақтың атымен, сүйегінің затымен, ал, жебендер, жебендер, көрмей қалдым демендер, міне шықты кілен ер!

Жаршының даусын күтіп тұрған бастарына өңкей қызыл, көк, ақ шыт үшкілдеп байлаған балалар кекілдерін бунап, үкі такқан аттарын ойнақтатып шыға берді. Жеңіл ертокымды жарау аттар әсем билеп: бір қырындап, ойкастап, ауыздықтарын қарш-қарш шайнап, енді бірі, ортекеше орғып, кейбірі қайранға шыққан балықша жондары жалт-жүлт етіп алаұрсып, шыр көбелек айналып тулап, көкке шаншыла қарғып, ұзақ жарысты сезіп қатты-қатты пысқырып, тұра қалыпп шегіншектеп, жер тарпып, өздеріне кадалған мыңмын көздің алдынан лек-легімен өте берді.

Мойнын соза қараған, аттарға ұмтыла түсіп кейін ығысып тәртіпке келтірген аттылардың қамшысынан жасқанған жұрт шулап тұр.

– Әне, Құлайкөк пен Топайкөк!
– Әй, ана бір сүліктей кара кімдікі!

– Ана қазмойын – біздің Көкдауыл!..– дескен жұрт, астынны ерні салпыып, жай басып, марғай аяңдап, кекіліндегі тұмарға таққан медалы жарқырап топ арасында Құлагер өте бергенде гу етіп, орындарынан тұрып кетті.

– Әне Құлагер!
– Па, Құлагер шықты әне!
– Сабаздың манғазын-ай!
– Тұрқыңа болайын!
– Құлагер!
– Құлагер, Манмангер!
– Үркеккер!

Жаршынын жағында тыным жоқ: Бас бәйге – бір тай-тұяқ алтын, боталы інген, тай, құлынымен бір үйір жылқы, екінші – бір атан түйе, он құлынды бие, үшінші бәйге – бір коспак, бес құлынды бие, он кой, төртінші – үш құлынды бие, бес кой, бесінші – бір құлынды бие, күміс кісе... Бас бәйгеге ояздың медалі бар, екінші күміс сағат, үшіншіге күміс таяқ...

– Акан бәйшешектей құлпырған бәйгеші балаларға біраз еріп, Мөңкені тоқтатып алды да:

– Ал, карағым, жолын болсын. Атка шабудың әдісін білесің ғой. Дегенмен мына бәйгенің сұрқы бөлек. Байка, Құлагерді тым қыспа, шаң қаптырып топ ортасына, ыққа түсе көрме, жел жағында отырғайсын. Түйе тастан аса бере тақымды бір қысып, қарқынлатып ал да, Көк өзекке бұрын түс. Ойлы-қырлы өзек ішінде атыңды сәл теже. Сүріндіріп алма. Одан шыға Құлагердің көзін бір сүртіп, кикуды салып, басын еркін қоя берсен, ар жағын қанатымның өзі-аө көрсетеді. Ал, енді құдай жар болсын!– деп Құлагердің кекіліне таққан медальды тұмарды шешіп алып, атының мойнынан құшақтады. Мөңкенің де, атының мандайынан сүйіп, өз-өзінен торығып қала берген Ақанның көңілі бұзылды. Жүре беріп, кешегідей терең күрсінген Құлагер ең жақын досы, құанынан серік болған қадірлі иесіне екі-үш рет мойнын бұрып қайырыла қарады да, қалың нөпірдің сонында жібектей құйрығы күлтеленіп тербеліп кете барды.

Көшкен құмырсақдай қаптап, айдаушылардың соңынан ерген бес жүз ат Көк өзектің ойпатына құлағанша, жаңа көтеріле берген сағымға алақанын көлегейлеп караған Акан, дел-сал боп көмбеге қайтты...

Бұл кезде өнкей тізелі атқа мінген, білектерін түріп, бастарын қыл бурадай тартып орамал байлаған, төстері жаланаш карулы жігіттер ортаға көкпар тартуға шығыпты. Көздері жайнап, алақ-жұлак етеді.

Тепіректетіп желіп келген бір жігіт алдына өңгерген дәу кара тұлыптай бірдемені жерге сырғытып тастай берді де, көкпаршылардың араына барып, қайта бұрылды. Кара бұлттай иін тіресе төнген жұрттын ортасына тап болған кара сабалақ тұлып орнынан мәңгіріп тұрды. Бұл – жүні жерге тиген, сакалы шұбатылған кара теке екен. Бұрын мұндай калың көпті көрмеген ол, жан-жағына тұздай көзімен мағынасыз карап, түк түсінбеді. Бірнеше күннен бері аяғын еркін жазып жүре алмай байлаулы жатқан алып теке басы айналып, үрейленіп, жан-жағына алақтай бастады. Есін сәл жиып, бір сұмдықтың боларын сезген ол, енді аяғы тәлтіректеп қозғалып, бір жағына бұлтарып кашпақшы болып еді, одан арғысы өң мен түстей болып бұлдырап кетті. Екі жақ капталынан сартылдатып шауып жеткен екі аттылының қуатты қолы төрт аяғын жерге тигізбей қағып әкетті де, екі жаққа кере жөнелді. Сол-ақ екен жан-жағына кара құрттай қаптап кеткен аттылардың сіңірлі білектері мүйізінен де, сирағынан да қапсыра тартып, қолы еркін жетпегендер сакалына да жармасты. Көк еттері дар-дар айырылып, көзі карауытып кеткен кара теке бір-екі рет бақылдап та қалды. Одан арғысын түк сезбеді. Көзіне қан кұйылып, бір аттылының алдына өңгеріліп кете барды. Жүз каралы көкпаршылар жанамалай шауып, жазыққа түсіп, бірінен бірі кара текені кергілеп жұла тартып, дүрсілдетіп, шаңдатып, кұйындай ұшты.

Жазықсыз текенің бақылдаған жалынышты, аянышты үні құлағынан кетпей Ақан сары ала атының тізгінін бос қоя беріп, мойны салбырап, Құсақ көліне қарай жападан-жалғыз аяындап бара жатқан. Манадан бері ақынның кимылын алыстан бақылап отырған Анна Ивановна да, көптің арасынан сытылып шығып, Ақанның сонынан жетті.

– Здравствуйте, Ахан, – дегенде барып, Ақан селк етіп, атының басын тежеді.

Анна Ивановна бүгін атпен серуендеуге шығатындай жокейлерше жеңіл киінген. Аяғында былғарысы жылтыраған қонышы тар етік тоқ балтырмен балтыр. Кара санның үстіңгі жағы сәл делдиген ақ шалбары қандай жарасты. Үстіндегі қап-кара жеңіл пенжак кұйып қойғандай, белімен-бел. Күс төсі

пенжактың омырауын керіп тұр. Сыртқа шығарған аппак жаға, ақ мойнымен аса бір келісті жарастық тапқан. Шашын тоқпақтай етіп түйген, басында ақын бұрын көрмеген жағалауы сәл делдиген ақ шляпа. Маңдайынан түскен сирек кара вуальдың астынан көрінген жанары жарқыраған баданадай екі тана көзде тұна қалған ғажайып бір жұмбақ бар. Аса жақын тұрғанмен тым алыс, қол жетпейтін тұңғық сырлы көз. Бұрын көрмеген жат киімге ақын тосырқап, жатырқап, тереңде бүркеулі қалған жастық сезімі дір еткендей ынтыға қарады. Сонау бір жылдары еркекшора Ақтоқтының ат үстіндегі тұрысына ұқсап кеткендей болып, тісі аксия күле тұрып, Ақан күрсініп қалды.

Жып-жылтыр сүліктей мойнын құрықтай созып, таңдайына ауыздықтағы трензель батқанда басын кекжитіп, тісін шықырлатқан көмірдей қара атымен жанаса берген Анна көзін төнкере күлімсіреді:

— Неге күрсіндіңіз, Ахан, атыңызды ойлап келе жатырсыз ба? Білем, осыншама көп жүйріктердің ішінен үздік келу оңай емес, әрине.

— Жок, жай әншейін. Атымның жеке-дара келетініне күманым жок, сыралғы Құлагер ғой. Сізді көргенде өткендегі бір жастық шактын еске түскені де. Ол күндер де сіз сияқты тым қашық, арамыз алыс,— деп, Ақан сөзді іле-шала басқаға бұрды:— Сіз неге мұнда келдіңіз. Көкпар ойынын көрмедіңіз бе, олар әлі қайтып оралады. Қай жеңгені топтың ортасынан өтеді. Қызық емес пе? Қазір «күміс алу» ойыны басталады.

— Шынын айтқанда маған көкпар ұнамады. Тіпті, тым тұрпайы, жабайы көрінеді. Тірі ешкіні тартқандары жаныма батып кетті. Тым аянышты екен. Жандары неғып ашымайды. Соншама қатыгез болуға бола ма?— Аннаның көзі жасқа толып, үрейлене қарады. Сұлу еріндері дірілдеп кетті.

— «Кім қатыгез? Әрине қазақтар!» Ақан бұл сөзге бір жағы намыстанып, бір жағынан қатты ұялды.

— Анна, сол тірі жанға менің де жаным ауырып келеді. Көкпар ойыны ертеде бұлай болмаған,— деп Ақан енді түсіндіре бастады.— Ертеде, адамдардың бұдан да жабайылау кезінде, аңға шығып, олжалы қайтқан аңшылар осы ойынды ойнаса керек. Қазақ халқының негізгі кәсібі мал болғандықтан, негізгі жауы да, аулайтын аны да қасқыр. Сол қасқырды соғып әкелгенде, не шала-жансар тірі әкелгенде атты жігіттер ортасына салып, созбайлап, тартысатын болған. Кімде-кім жеңіп, алып кетсе, соның үйіне барып от

тұтатып, түтін түтетіп, тамақ асып, сауық құрған. Қазақша қасқырды бөрі деп те атайды. Қысқы, күзгі жүніне қарап көк бөрі дейді. Міне, жанағы ойынның аты да «Көк бөрі» екен. Кейін келе-келе көне ойын «көкбөрі — көкбөр — көкбар — көкпар» боп өзгеріп кетсе керек. Енді жұрт қасқыр емес, қолда бар онай олжа — жылқының терісін, жанағыдай текені, лақты тартатын кәсіпке көшіпті. Тегі адам баласы саналы болған сайын, катігездікке, тіпті жауыздыққа да бейімделе бере ме деймін. Кейін, келе-келе, текенін орнына көкпарға адам салмасына кім кепіл!— Ақан кабак шытып үнсіз түнере түсті де, қайта жадырады.— Анна, сіздің көңіліңізді жабырқаттым білем, одан да басқа бір әңгіме айтайықшы.

— Жок, Ахан. Қайта сіз адал жандарды, көңілі таза қарапайым адамдарды көп қаражүректерден арашалап алдыңыз. Әлгі ойынды шығарған адамдар кінәлі емес, оны бұзған бұзақылар кінәлі екен. Мен соны ұқтым. Өзіңіз лингвистен кем түсіндірмейді екенсіз.

— Оныыз кім?

— Тілші, ғалым адамдарды айтады... Ғафу етіңіз, Ахан, сіз осы орыс тілін соншама жақсы білесіз, қайда жүріп үйренгенсіз?

— Қайбір оқсатып біледі дейсіз, Жасымда Петропавл қаласында, қазақтар Қызылжар дейді, үш жылдай оқығаным бар. Сондағы үйренгенім ғой. Бала кезде адам ұғымтал болса керек.

Ақан мен Анна арттарынан дүрсілдете келген аттылыға мойындарын бұрды. Жайынбек екен. Ат үстінде қопандағанда көзілдірігі мұрнына түсіп, қайта-қайта көтеріп, әуре боп келеді.

Ойынның қызығымен әйелінің кеткенін байқамай қалған ояз, біреу ұрлап әкеткендей үрейленіп жан-жағына алақтағанда, Жайынбек те, қорқынышты бірдеме болғандай түсін өзгертіп кеп, құлағына сыбырлаған. Ояз мұрты тікелей:

— Бар, бірге бол қасында!— деп қысқа бұйрық берген.

— Туһ, әрен жеттім-ау сіздерге, атқа мінуді ұмытыңқырап қалғанмын ба, қалай,— деп Жайынбек ыржалақтап күле берді.

— Аттың үсті қолайсыз болса, жылы орныңызда отыра берсеңіз етті, сізді кім қуып, кім қыстады осыншама,— деп Анна түсін суыта қарады.

— Әшейін... сізге орысша аудару керек бола ма деп...

— Ахан екеуміз сізсіз-ақ ұғынысатын түріміз бар.

– Татарға тілмаш керек жок, мен Қызылжардын татарымын,— деп Ақан жай ғана езу тартты.

– Дегенмен, Анна Ивановна, казактар жақсы келіншектерді алып қашады. «Сақтықта қорлық жок» деген,— деп тілмаш та кулық айтқансыды.

– Сіз де қазақшылығыңыз ұстап Ақанға көмекке келген боларсыз онда... Ғафу етіңіз, үшінші адамның қашанда артық екенін білмейтін бе едіңіз. Біздің өзара әңгімеміз бар еді, сіз бөгемесеңіз екен,— деп Анна Ақанға бұрылғанда, Жайынбек не дерін білмей, беті оттай күйіп, атынын тізгінін тартып, қалшыып тұрып қалды. Ахан, сіз жана мені біреуге ұқсаттым дедіңіз. Егер тым жасырын болмаса, соны айтсаңыз екен.

– Анна, ол үшін уақыт кендігі керек. Және де ол жеке бастың қайғысы, менің өзіме ғана ауыр тиетін көңілімдегі үлкен мұн. Сізге оның қызығы бола қояр ма екен.

– Өз басым композитор, акын атаулы мұңсыз болады деп ойламаймын. Жаны нәзік жанның сезімі өрмекшінің өрмегіндей болмашы желдің өзін тез аңғарғыш қой. Мен де сіздің жаныңызды тереңірек түсінсем бе деймін.

Жан сезіміне шын үңілгісі келген орыс әйелінің туыс, бауырмал, адамның тебіренісіндей мына сөзі акын жанын толқытып жіберді...

* * *

Ақан Аннаға өз жүрегіне шемен боп байланған қайғысын баяндап, тірісінде ұмытылмас арманы Ақтоқты мен өлідей айырылған Ұркия жайын күрсіне әңгемелеп келе жатқанда, акынбасына тағы бір ауыр қайғы бұлтын жасырын үрлеп жатыр еді. Қастандыкка қаны қарайып алған Батыраш есіз қалған киіз үйлердің бірінде, есік, түндігін қымтап алып, жүгініп, ала-көленкеде біреумен келісе алмай отыр.

– Менің саған салған соңғы салмағым болсын, бұдан соң жұмсасам иттің баласы боп кетейін,— дейді жалынып.

– Бұл сөзді талай естігенмін,— дейді біреу гүжілдеп.

– Қашан сені алдаған жерім бар?

– Қай уақытта бір сөзде тұрып ең?!

– Енді басқа сүйенерім болмаса қайтейін, ат айналып қазығын табады. Бар табарым сен,— деп мәймөнкелейді Батыраш.

– Сүйенгенім, таянышым дегенше, канды шокпарым десейші. Қашанғы жазықсыз жандарды зар жылатып, құдай алдында күнә арқалай беремін.

– Күнә арқаласак екеумізге де бірдей емес пе?

– Сенін нен кетіп барады, қағанағың қарқ, сағанағың сарқ, малың алдында, катының койныңда, балаң қасыңда.

– Сен не көріпсің. Сонша түнілетіндей не көрінді саған, жарқыным?

– Көлгірсіме, Батыраш! Жаныма олай тие берме. Неге өтірік білмегенсің. Балаларымның бір түзуі жоқ, өңкей ауру, жарым ес. Сонын бәрі – көптің көз жасы. Онын саған бір тамшысы да тимейді.

– Әй, лепірме, жетті! Тілегің не деген жаман еді, тілің таска, кәпір, не айтып отырсың өзін!

– Айтқаным айтқан, ендеше, – деп анау орнынан тізесі сытырлап тұра берді, – енді сенің мұндай зұлымдығына бармаймын. Зайыбымның аяғы да ауыр, құдайдан тілегім бар. Атама, мен бір жақсылыққа шақырды ма десем, ыңғай көрге, өлімге итермелейсің де отырасың, Жетті енді.

– Солай ма, солай қиқаңдайын дедің бе? Есінде болсын, – деді Батыраш тістеніп, – елге де барамыз ғой ертен. Есілжанның топырағы әлі суыған жоқ. Баскасын қойғанда, соның өзі жетеді. Бар үрім бұтағы естісе, сенің жаныңды табан аузында зәннамға кетіретіне имандай сен!

– Оһ, жауыз, оны өлтіруге де жұмсаған сен емес пе едің?!

– Кімге кімді жұмсамайды. Жұмсау менікі болғанмен, қылғындырған қол сенікі емес пе? Қайсымыз кінәлі екенбіз.

– Аһ, ит сол! – деп анау тұра ұмтылғанда Батыраш кездігін суырып алды. Жүзін жалактатып тура тамағына тірей қойғанда, анау көзі қанталап, үнсіз, қимылсыз сұрланып, тапжылмады. – Не қалайсың, ал айт, қаныпезер!

– Қайсымыз қаныперез екенімізді бұдан соң сарапқа салғаныңды естімейін, – деп Батыраш кездігін тартып, алақанына жаныды. – Айтарым сол, әлгіні орындайсың. Енді қайталамаймын. Қалай мерт қыласың, ол – өзіннің шаруан. Саған оны үйтудің қажеті жоқ.

– Ақысы не?

– Бір ту бие.

– Сен он ту биені жетелеп кеткенде, мен бір ту биені шоктығынан ұстамақпын ғой.

– Одан артық не керек саған?

– Тапқан екенсің онай нан жеместі.

– Айт дедім ғой, не тілейсің?

– Бәйгеге не аласың, – соның бәрі менікі.

Батыраш қолын шығарды.

– Сенің күндегі кәсібің. Онай байиын деген екенсің.

– Сенің жанын киналып жүрген шығар.

– Жетті енді, тәжкелеспе. Бір жолға айтқанын болсын, бәйгінің жартысын аласың.

– Жок, түгелдей!

– Жок, жартысы!

Шомбал кара жігіт Батырашқа төне түсіп, көзінен от шаша қарады:

– Егер, осы жолы уәденнен қайтып, бір тұяғын кем берсең, есінде болсын, бәрібір өлім, – деп қынынан ұзын канжарын жалт еткізіп суырып, қайта салды, – тура қойдай бауыздаймын. Ұмытпа, менің канжарым сенің кездігінен ұзындау, жүзі де өткір. Қолым да қаттырақ, жылдамырақ. Енді қайтып есіңе салады деп ойлама, өзің айдап әкеп бересің. Бұдан қайтып менің қолыммен жасаған жауыздығыңды екінші қайтара тісіңнен шығардың, – қызыл ала қанға батасың. Енді аянарым жок. Мына сұмдығыңды тағы да орындаймын. О, жасаған, өзін кешір! О, жасаған!

Канды қол жігіт алақанын аспанға жайып, тісін шақырлата қайрап, құдайына жалбарынып, ішін ыстық аптап күйдіріп бара жатқандай аузын арандай ашып демігіп, жолбарыстай есінеп тұрды да, киіз үйден атыла шықты.

6

Жер қайысқан бес жүз аттың шет жағын ала Мөнке де желе жортып келеді. Үш жүзден келген жасы да, бойы да, киімі де сан килы бес жүз бала масаты даланың қызыл ала, сары ала гүліндей жайнап, топ-топқа бөлініп, өзді-өзі жеке-жеке даурыға сөйлесіп барады. Қайтар жолдағы бакталас балалар өзір сәби мінезбен бірімен-біре жылы тіл қатысып, кейбірі ауылдарын, ел-жұртын айтып, танысып, ұлы бәйгеге қатысып, ат басына мінгендеріне мәз.

Қарауыл жұртының Ақан сері жалғыз келгеніндей осы әр рудың балалары ішінде Мөнке де жалқы. Даңқы жер жарған Құлагерге мінген баланы басқалары да ұнатпай, қасына жуытпай, суық көзбен қарап, шет қақпай еткен сынайлары білінеді. Дүниедегі жарыс атаулы мен күншілдіктің егіз келетіні несі екен. Бірақ оған ығар Мөнке жок. Өзімен-өзі

болып, шуакты күнге маужырап, алыстағы сағымдай көрінген бір арманын ойлап келеді.

Мөңкенің бойы шарғылау болғанмен, осындағы бәйгеге түскен балалардың көбінен жасы үлкен. Биыл тура он алтыда. Жасында әкесі қайтып, атасы Байбатырдың бауырында өскен. Кішкене күнінен атасы ыстық-суыққа бірдей салып, қысы-жазы жылқы бактырып, қызылшұнақ аязға, ми кайнатар ыстыққа «пісіріп», ат құлағында ойнатып, көнбіс, шымыр етіп өсірді. Атасы бір-екі рет түнгі барымтаға да апарып, қара-құрым жылқыны зырылдауықпен үркітіп, қалай айдап әкетудің әдісін де көрсеткен.

— Балам, мұны да біліп қой. Ұрлық — өнер, ердің ері ғана жасай алатын ержүректік дейтіндер бар. Бірақ ұрлықты кім жүректілігінен, бойына күші сыймағандығынан жасайды дейсің. Әйтеуір өлмешінің күні де. Екі қошқар сүзиссе, солардың шашбауын көтеріп, намысын жыртып, барымташысы боласың. Жүзді, мынды айдап келсең де алатын ақың бір жылқы. Елден еститін алғысың — «атақты ұры», «жүрегiнiң түгi бар» дейтiн қолпаш. Оған өзiннiң де бойын үйренiп, етiң өлiп алады екен. Тiптi, кейде, дәрежен өсiп, көптiң арасында өзiннiң төбендi бiр елi болса да биiк санайтын кездерiң де болады. Бұл кәсiпке де үйренiп алатының сонша, қашан қожан шақырып бiреудi малына барымтаға жұмсар екен деп, алақаның қышып, делебен қозып, тағатсыз күтетiн күндерiң де болады. Мен сенi ұрлыққа үйреткiм келмейдi, бiрақ, ердiң басына не келiп, не қоймайды. Мұның да керек күнi болып қалар: аумалы-төкпелi заман ғой, — деп атасы бiр күнi, пеш түбiнде отырып Мөңкемен өзiнше сырласқан.

Бiрде атасы Байбатыр алыс сапарға аттанып, бiр жұмадан сон бiр-ақ оралды. Алыстағы қыпшақ елiнiң үйiр-үйiр жылқысын қуалай жөнелгенде, артынан қуғыншы шығып, екi жақ түнек түннiң астында шартпа-шұрт сойылдасады. Ұзын сойылды бiр қолымен үйiрiп ойнатқанда қасық құрлы көрмейтiн Байбатыр талай жiгiттi соққыға жығып, аттан түсiрiп, құтылып кетедi. Iз тастап отырып, жат елдiң жылқысын өз байының үйiрiне тоғытып та жiбердi. Бiрақ со жолы өзi де жараланып келдi. Алғашқыда ет қызуымен бiлмеген екен, үйге жылқышылар көтерiп әкелгенде есiнен танды. Сөйтсе, оң жақ аяғынан тиген сойыл жiлiншiгiн уатып жiберiптi. Ат шаптыртып, алыстағы ауылдан сынықшы алдырды. Енгезердей үш-төрт жiгiт атасының иығына

конжиып, кеудесінен басып, сыныкшы ұсақ сүйектерді қалпына келтіріп, сере шыққан қазыны тартып, орап тастады. Көзін тарс жұмып, бұлқынып, қатты дауыс шығармай ыныранған атасы моншактап терлеп, екі күн қатарынан тапжылмай ұйықтады. Есенгіреп, мәңгіріп оянған Байбатыр ұзақ күндер нәр татпай қатты жүдеген. Екі-үш айдан кейін барып беті бері қарай бастаған еріне кемпірі тамақ беріп отырып, жаскана қарап, ақыл айтқан еді.

– Осы бір құрғырды енді тастайтын кезің болды ғой. Кім үшін осынша сокқыға жығылдың. Біреудің қолшоқпары болам деп жүргенде, біркүні басыннан айырыласың. Далаға тастай алмай жүрген басың бар ма? Не жетпейді. Бәрібір осымен көсегеміз көгеріп, жұрттан асып жатқанымыз жоқ. Одан да, енді басқа бір кәсіп етпейсің бе? Қой қайырып тыныш жүргендер де аштан өліп, көштен қалып жатқан жоқ. Екі қолға бір жұмыс. Кеуденде жанын болса, асырасың бізді. Шүйкедей екі-ақ жанбыз қолыңа қараған.

Сары май салған қою жапырақ шайды ұзақ сімірген атасы түнеріп, көпке дейін үндемей отырған да, бір кезде дүңк ете қалған:

– Жәрәйді, жетті, тышқан артын көріп жаралы деп, осы айтып отырғаның не? Мені енді қатарға қосылмастай қор қалды деп пе ен. Сөзді қой, әуелі жазылып алайын!– деп кейін, қисая кеткен.

Әжесі одан әрі сөз қайыруға бата алмай.

– Қойдык. Бір күні бок басында өліп қаласың ғой, сорлы-ау, қайтейін!– деп атасын жылы қымтап, кетіп қалған.

Атасының қажырлылығын, сойылгер мықтылығын Мөнке балалар арасында мақтан ететін. Көзге түрткісіз қараңғы түндерде күзетшілерге білінбей баспалап барып, талай жылқыны шетінен әкетіп, терен бір сайға апарып біріне-бірін матап, жым-жылас тайып отыратын ептілігіне, немесе жүз қараны бір-ақ үркітіп, соңынан түскен қуғыншыны баудай түсіріп кете баратын қажырлы, қайсарлылығына сүйсініп, өзі де атасына тартып «атақты ұры» болғысы келеді. Ұрының баласы деп құрбылары да Мөнкеден кәдімгідей тайқаксып, ұрыса қалса жасканады. Тек атасы екеуінен жасқанбай жүрген Қадыр жылқышының әйелі ғана.

Қадырдың Мөнкемен түйдей құрдас, өзі де киіктің асығындай жұтынған Мәлике атты кішкентай қызы бар. Бойы ғана демесе, қара торының сұлуы. Мөнке де қайбір бойға жарыған бала. Кейде тіпті, «Мәлике енді осыдан өспесе екен»

деп те тілейді. Өз бойынын о сы қалпында қалатынына көзі жеткен сияқты — бір жылдан бері бір елі өскен жоқ. «Әкесі жастай өліп, қатып-семіп қалған қатпа мегежін ғой, қайтсын» деген жұрттын намысқа тиер сөзін де Мөнкенің өзі іштей мойындағандай. Бойы өспесе де, ойы өсіп, өзінің ер жетіп қалғанын да біледі. Оны алғаш рет балалық мінезден шығарып, көңіліне әлде бір бұлдыр сезім әкелген де жанағы Мәлике. Екеуі де жастайынан бірге ойнап өскен қыз бен бала, кейін де жұптарын жазбай бірге жүріп, есейе бастағандарын екеуі де сезетін тәрізді. Ал, ата-аналары болса, осы бір жарастықты бұлардан да бұрын сезген. Кейінгі кезде Мәликені бұрынғыдай тым еркін жібермей, бейуақыт болса үйге шақырып, араларын жиі айыра беретінді шығарды. Жаланаш арқаларын күн катап, танның атуы, күннің батуы көл жағасында ойнаудан қалғандары қашан. Мұндай алшақтаған кезде Мөнке қасында жүргенде аса байқамайтын Мәлике қадырын тез аңғарып, өз-өзінен жалғызсырап, көңілі жабыркап, күлазып қалады. Не дегенмен Мөнке бұрынғыдай емес, атасы мен әжесінің көз алдында өзгере бастаған.

Байбатыр да бұдан бейхабар емес еді. Бір күні үй-іші боп жеке күнкілдесіп, дастарқан басында өздерінше кенес құрды. Кенесім басшысы атасы, кесімді сөзді сөйлеген де сол, әжесі болса тек қана құптаушы.

— Балам, жасым болса келіп қалды, — деп Байбосын ұзын сөздің ұрғасын әдеттегі белгілі сылтаудан бастады. — Бойда қуат барында біреуден ілгері, біреуден кейін өмір сүрдік. Жақсылық та қиянат та жасаған шығармыз. Пенде болған сон не кешпейді адам баласы. Бірақ байдың малына құрық салып, ұрлық студі де өз басым қинат көрмеймін. Ұлан-қайыр малдың дала бөрісінен, адам ұрысынан жауы болмаса, бай атаулы малын қайда қояды. Одан олардың ырзығы да кемімейді. Тек екі ортада шыбын өледінің кебін киіп қасқыр мен ұры байғұс қана қашанда күнә арқалап, жаза кешетін. Ұры мен қуғыншы ұшыраса қалса, екеуінің бірінің күні қаран. Не ұры, не қуғыншы жараланып аттан түспей беріспек жоқ. Айдалада бірі қансырап қалмақ керек. Сонда не үшін, кім үшін? Жоқ, бұл жол әу баста шатасып түскен қаранғы жол екен. Енді сол ұрлықты тастап, көп қатарлы қалған өмірімде тіршілік етсем бе деймін. Сүйенер жалғызым да, қызық көрсетер ұлым да сен ғана. Он үште отау иесі дейді, құдайға шүкір тен құрбыннан кем болмай өстің. Шаруаға да, басқаға да қыбын бар. Өз бетінмен бір үйдің жұмысын

дөңгелетіп әкететін пысықтығын да байқалады. Ата балаға сыншы деген. Енді аяқтандырып, бір шүйке бас әперіп, қызық көрсем деймін. Ә, кемпірім?!

Мөнке «аса кет әрі» болмаса да, түңғыш естіген сөзден қысылып, қызарақтап қалды. Әжесі күлімдеп, шалына қулана қарады:

— Сонда, көздеген жерің бар ма? Мөнкежанның өз ойлап жүрген біреуі бар шығар, ондай болса айтсын.

— Сөзбұйдаға салып қайтеміз. Біз де білмей жүрген жоқпыз, қаратанаудың көңілі осы ана Қадырдың қызымен жаман емес сияқты.

— Е, несі бар,— деді әжесі де жана естігендей болып,— екеуі де жастайынан бірге өскен, егіздің сынарындай, бір қыздың қос бұрымындай балалар емес пе? Жарап жатыр, бір-біріне тең. Ай, өзі де болайын деп тұрған бала-ау. Ана өгей шешесінен аздап жетімдік көріп, жүдеулеу өскені болмаса, өзі шаруаға да ықтиятты, ісмер, ертең-ақ үй бола кетейін деп тұр. Балам бала-ақ. Құдай алдарынан жарылқасын.

— Кемпір-ай, батанды беретін күн алда. Әуелі құда түсейік те.

— Е-һ, Мөнкеге қызын бермейді деп отырмысын. Ана қайыс ауыз әуелі өзінің қыздарын бағып алсын.

— Әлі сол қайыс ауыздан шығады пәленің бөрі.

Шынында да қайыс ауыздан шықты пәленің басы. Қайыс ауыз деп отырғандары — Қадырдың жамағаты Күлзипа дейтін кара таспа қатын. Бірінші әйелі өлпі, сонына ерткен екі қызымен Қадыр осы Күлзипаны алған. Мәлике алғашқы әйелінен қалған қыз.

Кедейдің құдалығы да кедей. Байбатар ертеңінде-ақ қасына бір шал ертіп, Қадырдың үйіне барды. Мөнке де ауыл-үйдің баласы болған соң қысылып-қымтырылмай бірге жүрген. Болашақ әңгемінің не жөнінде екенін білетін бала шағын жер үйдің екінші бөлмесіне кіріп, қасына Мәликені шақырып, құдалықтың ең қызу кезінде сықырлауық есіктің табалдырығына жатып алып құлағын тосқан.

Көрші шал құдалық жайын сағыздай созып, ұзақ баппен сөйлей келіп, екі жастың қосылуын қалағанда, иі жұмсақ Қадыр іштен шыққан қызын қимай, біраз үнсіз отырда да, ақыры келісімін беріп илікті.

— Қыз бала жат-жұртқа жаратылған жан екені рс. Мөнкені жасынан білем. Қолда өскен ғой. Егер екеуінің уағдасы болса, мен қарсы болар деймісін. Тек тұла бойы

тұңғышым еді, шама келсе жасауын сайлап, қызыкпен атқарсам болғаны.

– Жасауы деп несіне киналасын. Бала екі жаққа да ортақ. Қалыңын мол берсе... «ақысын берсе, боқысы шықпай ма»— деп Күлзипа көзін қысып, иегін қағып, қыстырыла кетті.

– Ақысы дейтін не бар. Қайбір шекеміз шылқып отыр біздің. Өз шамамызбен өлшейміз де, қалың сұрап бұлданатын адамымыз Бәкен емес қой,— дегенде, Күлзипа шаптыға жөнелді.

– Осы сен-ақ күн жаумай суланып отырады екенсің. Қалыңсыз беретін далада жатқан қыз жоқ. О несі-ай, қайдағы жоқты шығарып, ата дәстүрі, несі бар. Бәке, қырық жеті сұрап шіренбей-ақ қояйық, ірілі-ұсақты бір он тұяқ болса болды, құда да, құдағи ды тыныш.

– Қой деймін,— деп Қадыр әйеліне басу айтып еді, қайыс ауыз жылымсырап, қаярлыққа басты:

– Ал, онда өзін-ақ атқар. Мені тумаған өгей шеше деп отырсың ғой. Қашан сенін қызына ала көздік етіп едім. Қит етсе менің өгейлігімді бетіме басасын.

– Жарайды, Күлзипа,— деді келгелі үнсіз отырған Байбатыр.— Құдай сені өгей қылмасын, таусылма, шырақ. Жақсы қызыкқа ишарат еткенде, жаман ырымға бастама. Сенін көзіңнің жасын тыймасам, Мәкішжанның да көзінің жасы тыйылмасын білем. Уәде! Бірақ, есінде болсын, бұдан былай құдалықтың шырын ашы суыңмен бұза берме! Соңғы көруім болсын!

Байбатыр орнынан сүйретіле тұрып, алдынан көлденендеген Қадырмен төс тақап құшақтасты да, үнсіз шығып кетті.

Ел арасында сөз жата ма, ертеңінде-ақ Байбатыр мен Қадырдың құда болғаны ауыл ішіне тарап кетті. Әсіресе, Мөңкемен қатар жүрген балалар мәз-мәйрам күліп:

– Әй, сен үйленетін болыпсың ғой.

– Мәликені алады дейді ғой.

– Бәсе, үндемей жүріп істі бітіріп жүреді екенсіңдер ғой.

– Не болса, оболсын, сен басташы әуелі, біз де қарап жатпаспыз,— десіп, күнұзақ Мөңкені ортаға алып, какпақылдайды.

Алғашқыда ұялып жүрген Мөңкенің келе-келе еті үйреніп, Мәликені «қалындығым, ертең үйге түсірер жас жарым» деп сырттай иемденіп алды. Ауыл ішіндегі түнгі ойындарда Мәликені көзден таса қылмай, ол біреумен

әзілдесіп, не алтыбаканның өткеншегіне бөтен баламен отыра қалса да кәдімгідей қызғанатын болды. Не дегенмен екі жетім бір-бірімен қосылып, отау тігетіндеріне іштей қуанышты.

Бірақ, Байбатыр атасының көріп келі бар ма, қайыс ауыз өгей шеше өгейлігін қылмай қойған жоқ. Екі-үш ұсақ тұсақ тұяқ алып, басында көңілі жай тапқандай болған Күлзипа, енді басқа «өнер» шығара бастады. «Беретін қалыңын берсе, тез берсін. Қызымыздың жасы келіп қалды, сұраушылар көп. Егер сөзбұйдаға салып, қалыңын тез бермей, ұзаққа созса, жұлдыз санап отырар жайымыз жоқ. Мөңкеден басқа да ұл туған шығар. Қызымызды жөнелтеміз де жібереміз»— деп ара ағайындар арқылы күнде теріс мінезді, қисық сәлемін жолдап, өзі қатынамай қойды. Қадыр сабырлылық тілеп, басу айтса, бетінен алды. Шаруадан басқаны білмейтін жуас күйеу, көк айыл әйеліне қарсы ештеме айта алмай, мұрнын тескен өгіздей жетегіне еріп жүре береді. Кейін Күлзипа ауызды Байбатырға да сала бастады. «Баласына қатын әперем деп тыраштанған несін алған. Аз ғана қалыңын төлей алмайтыны бар, несіне құдалыққа түсті. Сол ұры неме, ана іштен тумаған немереге отау тігер деймісің», деген сөзіне Байбатыр зығыры қайнап, өлердей намыстанды. Мінезі қаншама морт, нойыс болғанмен бөтен әйелге шамасы келмей, ақыры қолындағы сауып отырған жалғыз биесін жетектеп апарып берді. Қайыс ауыз сонда да қояр емес. Желіккен үстіне желіге, құныққан үстіне құныға түсті.

Байбатыр соңғы кезде, жаралы аяғы жауын күндері сырқырап, төсек тартып жатып алатын сырқат күйге ұшырады. Сондай күндердің бірінде кемпірін қасына шақырып алып:

— Қап, мына жаман қардың ызасы өтті-ау. Көзім тірісінде қаратанауды үй ғып кетпесем, ана Күлзипа қос жетімнің көз жасына қарар емес. Қиып жіберетін нағыз қара жүректің өзі ғой. Қара суық түсе, алыс жаққа бір сапар шығып келмесем, амал жоқ. Ана қайыс ауызға барып айт, ел ішінде даурықпасын. Мәкіштің көңіліне қая сала бермесін. Қалған қалыңын жақында береді де. Байдан алар екі жылғы алашағым да бар. Енді берсе қолынан, бермесе жолынан. Жалғыз жортып, қартайған шағымда соңғы ұрлыққа шықсам да Күлзипаның аузына құм құярмын,— деп өзінше ант еткен.

Ұзақ жолды қысқарту үшін, айдалада жортқан Ақан Мөңкеге неше түрлі қызықты ертегі, дастандар айтып, ара-тұра ән салып, кішіпейілді ақын баламен тең құрбысындай

сыр шертіскен. Ақтоқты, Үркия, Жамалдардың қайғысын айтып, ара-тұра күрсініп, сапаның сары даласында ұзақ мұнды күйге түскен. Ақжарқын, шық ағасына тез бауыр басып, үйреніп кеткен Мөнке де орта жолда қызарақтап отырып өз Мәликесінің жайын түгелдей айтып еді, Ақан біразға дейін кейіп, балаға да, атаға да ұрыскандай болды.

– Қап, тым құрымаса бағана шет жағасын білдірмеген екенсін. Қайырылып барып Бәкене тоқтау айтатын едім. Ұрлықпен берген не қалын?! Онымен кімді мұқатып, не мұратқа жетеді. Ұрлық еткен басқаны зақымдайды: ұрлық түбі – қорлық деген. Өз басым мал ұрлаған ұят, қыз ұрлаған мұрат деп санаймын. Келіскен қызға, кесімді ұрлық жүреді, тілсіз малға жасаған ұрлық тірлік емес.

Мөнке бекер айттым-ау деп, Ақанға қарай алмай, жазықты адамдай үнсіз жорта берді. Әлден уақытта барып, ақын қайта жазылып, баламен қатарласа берді де, иегінен көтерді.

– Сен, немене, бұртия қалдын. Мәликеден айырылып қалам-ау деп қорқып келемісің? Уайымдама. Әйтеуір беріп қойған баса жері жоқ екен, ол да болса көңілге медеу. Ал, осы сапардан қайтқанда Мәликенің тойын өзім жасаймын.

Мөнкенің іші жылып кетті.

– Құлагердің бәйгесін алып, байыған жан емен. Алақандай орамал алып, қалтама басқан жоқпын... Екі-ақ рет үйірімен жылқы алғаным бар. Онда да Ожымбай балуан мен Бәтжанды үйлендірдім. Құлагерімнің өнерімен келген ақ адал малдың айыбы жоқ деп білем. Ал, осы жолы, жақсы есіме салдың. Сағынай асында қанатым менің алдымен келетініне шәк жоқ. Құдая тәубә! Бәйгесі де мол болар. Көптен Сұлтанмұратты үйлендіру арманым еді. Бір тұяғын ешкімге байламай, тура екеуіннің алдына, іншалла, салып берем. Күлзипа ененің қорасына бір-ақ айдап кіргізесін де, қайыс ауыз ененің көмейіне құм құйып, Мәликеңді қолынан жетелеп ала жөнелесің. Осыған келістік пе?! Бір күн үйінде қалдырсаң рза емеспің, – деп Ақан Мөнкеге қарағанда, сәби көңілімен шын қуанған бала көзі жайнап, не дерін білмей, сасқалақтай берді. Серінің ашық қолы баршаға мәлім. Бір айтқанын екі етпейтін ерлігіне де қанық Мөнкенің көзіне мөлдіреп жас та келіп қалған...

Міне, қазір, Мөіке жолдағы сол уәдені ойлап, іштей толғанып, қуанып, Құлагердің жалынан мәпелей сипап қояды.

Сері Акан мен ояздың ерке қатыны Анна далада ұзақ серуендеп, Құсақ көлінің екінші беткейіне келгенде күн де түске тармасып, ыси бастаған. Неше күннен бері алыста мұнарланған кухняны көргісі кеп Анна Ивановна аттың басын осылай қарай бұрған еді.

Көзге жақын көрінгенмен жүре келе шалқая түскен кен Құсақтың жиегін бұлар ұзақ айнады. Көл бетінде шыбын қағып, балдыр сүзген құс сыңсып жүр. Олардан берірек, көлеңке таба алмай суға белуарынан түсіп салқындаған, көл жиегінде бірінің бірі алқымына басып тығып үйездеген үйір-үйір жылқы адам айтқысыз.

Жүз-жүзден сойылған малдың қаны бүкіл бетеге бетін шалғандай қызарып, сарғайған. Бар өңірден ыс исі шығады. Әр жерге жарқырата төккен мал сүйегінің маңында қанжынға тойған бықырлаған ит атаулы мол асқа кенеліп, керіле түсіп маужырап жатыр. Кейбірі бос жүрген жылқымен араласып көлге түсіп, суды малшылап, сылпылдатып тандайларын жібітіп, сүйек-саякқа қайта келіп етпелей күлайды. Қаз-қатар тартылған жүздеген желі басында бие сауғандар, қойдың сары қиы маздаған неше жүз ошакқа қондырған тай қазандардың маңында шүпірлеген малайлар қыбыр-қыбыр етеді. Еттің көбігін алған ақ жаулық әйелдердің жүзі қайнаған қазандардың буынан көрінбейді.

Екі салт атты марғау, жуас жылқылардың ара-арасымен үнсіз аяндап, қраша үйлерге қарай тақата түсті. Енді-енді анадайдан жалшылардың да жүзі көріне бастады. Бір тізерлеп көнекпен күрп-күрп бие сауып, оттың ыстығына кіржиіп ас пісіргендер енжар. Той жаққа бара алмағандарына күйінгендей қабақтары салыңқы.

Мал тұяғы шиырлап тастаған желілердің басынан түсіп келе жатқан Ақандар мес қарын биелердің ортасында шаңшұң ұрысқан екеудің ту сыртынан келіп тоқтады. Бұл кезде ұрыстың әбден қызған кезі екен. Күннің ыстығынд«а жалбыр тымас киген екеу бір-біріне айбат шегіп кіжініп, келгендерді аңғарар емес:

– Әй, періп жіберейін бе!– десе бірі:

– Бір қойғанда қалпақтай түсірейін бе осы!– деп ұмтылады екіншісі.

– Осыдан бар ғой, жоқтауынды асырмасам бар ғой!..

– Өй, сасық сол, жанынды зәр түбіне жіберейін бе?!
– Қоя кой енді, мұрнынды бұзып жіберермін!
– Аузынды қан жалаған иттей қылармын!
– Кет енді, мұрнынды даладай қылармын.
– Жағынды уатып жіберемін енді!
– Төбеңнен тесік шығарайын ба осы?!
– Мұрнынды бет қылайын ба?!
– Езуінді жырып жіберейін бе?!
– Танауынның дал-дұлын шығарайын ба?!
– Аузынды опырып жіберейін бе?!
– Осы тұрған бойында қара жерге қағып жіберіп, қайтадан суырып алайын ба?!

Екі жалшының бір-біріне бата алмай, күр коқан-лоқымен айбат шегіп, кіжіндеп мықтымсып тұрғандарына жымыған Ақан шыдай алмай күліп жіберді:

– Өй, жігіт, жерге қағып жіберген соң, қайта суырып алдың не, алмадың не?!

Ашық, өктем дауысқа жалт қарасқан екеу желке жүндері дүрдиген балапан әтештерше айырылысып кетті.

– Қайдан білейін, адамның жынына тиеді, ассалаумағаләйкүм!— деп бірі сәлем беріп еді, екіншісі қосыла сәлемдесті.

– Ассалаумағаләйкүм! Қап, мына кісілердің келіп қалғанын қарашы, енді болмаса көретін едің көресіні!

– Сенен бе?!— деп алғашқысы тағы ұмтылды.— Жәрәйді, қонақтардың көзінше абұйырынды төкпейін. Бұ кісілер кетсін, сосын болсын!..

– Кеткенде неғылмақшысың?

– Әй, жігіттер, жетті енді, екеуінді де шықпыртып, біраз сойып алармын. Соншама не үлесе алмай жатырсындар.

– Е-е, ағасы ұрғанның айыбы жоқ, ұрсаныз мына соққанға кішкене батырыңқырап алыңызшы,— деп бірі ыржия қарап жақындады.

– Ағасы-ау, өзіңіз төреші болыңызшы, ана тойға барып келейін, сен жалғыз сауғыза тұр, түнгі күзетке мен өзім ғана шығармын десем, көнбейді. Бір адамға мал қайыру бермейді де, не өзі бармайды, не мені жібермейді. Мұндай да көззәп болады екен.

– Сен кеше, ақындардың өлеңін естиін дегенге жіберіп пе едің. Өз қылғаның өзіңе. Енді жүр осылай омалып.

Ақан оларға төреші бола алмады. «Кедейдің күні кіжінумен өтеді деген осы-ау. Қызықты көретін байлар.

Сері Акан мен ояздын ерке қатыны Анна далада ұзақ серуендеп, Құсақ көлінің екінші беткейіне келгенде күн де түске тармасып, ыси бастаған. Неше күннен бері алыста мұнарланған кухняны көргісі кеп Анна Ивановна аттын басын осылай қарай бұрған еді.

Көзге жақын көрінгенмен жүре келе шалқая түскен кен Құсақтың жиегін бұлар ұзақ айнады. Көл бетінде шыбын қағып, балдыр сүзген құс сынсып жүр. Олардан берірек, көленке таба алмай суға белуарынан түсіп салқындаған, көл жиегінде бірінің бірі алқымына басып тығып үйездеген үйір-үйір жылқы адам айтқысыз.

Жүз-жүзден сойылған малдың қаны бүкіл бетеге бетін шалғандай қызарып, сарғайған. Бар өңірден ыс иісі шығады. Әр жерге жарқырата төккен мал сүйегінің маңында қанжынға тойған бықырлаған ит атаулы мол асқа кенеліп, керіле түсіп маужырап жатыр. Кейбірі бос жүрген жылқымен араласып көлге түсіп, суды малшылап, сылпылдатып тандайларын жібітіп, сүйек-саякқа қайта келіп етпелей күлайды. Қаз-қатар тартылған жүздеген желі басында бие сауғандар, қойдын сары қиы маздаған неше жүз ошаққа қондырған тай қазандардың маңында шүпірлеген малайлар қыбыр-қыбыр етеді. Еттің көбігін алған ақ жаулық әйелдердің жүзі қайнаған қазандардың буынан көрінбейді.

Екі салт атты марғау, жуас жылқылардың ара-арасымен үнсіз аяндап, қраша үйлерге қарай тақата түсті. Енді-енді анадайдан жалшылардың да жүзі көріне бастады. Бір тізерлеп көнекпен күрп-күрп бие сауып, оттың ыстығына кіржиіп ас пісіргендер енжар. Той жаққа бара алмағандарына күйінгендей қабақтары салынкы.

Мал тұяғы шиырлап тастаған желілердің басынан түсіп келе жатқан Ақандар мес қарын биелердің ортасында шаңшұң ұрысқан екеудің ту сыртынан келіп тоқтады. Бұл кезде ұрыстың әбден қызған кезі екен. Күннің ыстығындқа жалбыр тымақ киген екеу бір-біріне айбат шегіп кіжініп, келгендерді аңғарар емес:

— Әй, періп жіберейін бе!— десе бірі:

— Бір қойғанда қалпақтай түсірейін бе осы!— деп ұмтылады екіншісі.

— Осыдан бар ғой, жоқтауынды асырмасам бар ғой!..

– Әй, сасық сол, жаныңды зәр түбіне жіберейін бе?!
– Қоя қой енді, мұрныңды бұзып жіберермін!
– Аузыңды қан жалаған иттей қылармын!
– Кет енді, мұрныңды даладай қылармын.
– Жағыңды уатып жіберемін енді!
– Төбеннен тесік шығарайын ба осы?!
– Мұрныңды бет қылайын ба?!
– Езуіңді жырып жіберейін бе?!
– Танауыңның дал-дұлын шығарайын ба?!
– Аузыңды опырып жіберейін бе?!
– Осы тұрған бойыңда қара жерге қағып жіберіп, қайтадан суырып алайын ба?!

Екі жалшының бір-біріне бата алмай, құр қокан-локымен айбат шегіп, кіжіндеп мықтымсып тұрғандарына жымиған Ақан шыдай алмай күліп жіберді:

– Әй, жігіт, жерге қағып жіберген соң, қайта суырып алдың не, алмадың не?!

Ашық, өктем дауысқа жалт қарасқан екеу желке жүндері дүрдиген балапан әтештерше айырылысып кетті.

– Қайдан білейін, адамның жынына тиеді, ассалаумағаләйкүм!– деп бірі сәлем беріп еді, екіншісі қосыла сәлемдесті.

– Ассалаумағаләйкүм! Қап, мына кісілердің келіп қалғанын қарашы, енді болмаса көретін едің көресіні!

– Сенен бе?!– деп алғашқысы тағы ұмтылды. – Жәрәйді, қонақтардың көзінше абұйырынды төкпейін. Бұ кісілер кетсін, сосын болсын!..

– Кеткенде неғылмақшысың?

– Әй, жігіттер, жетті енді, екеуіңді де шықпыртып, біраз сойып алармын. Соншама не үлесе алмай жатырсындар.

– Е-е, ағасы ұрғанның айыбы жоқ, ұрсаныз мына сокканға кішкене батырыңқырап алыңызшы,– деп бірі ыржия қарап жақындады.

– Ағасы-ау, өзіңіз төреші болыңызшы, ана тойға барып келейін, сен жалғыз сауғыза тұр, түнгі күзетке мен өзім ғана шығармын десем, көнбейді. Бір адамға мал қайыру бермейді де, не өзі бармайды, не мені жібермейді. Мұндай да кәззәп болады екен.

– Сен кеше, ақындардың өленін естиін дегенге жіберіп пе едің. Өз қылғаның өзіне. Енді жүр осылай омалып.

Ақан оларға төреші бола алмады. «Кедейдің күні кіжінумен өтеді деген осы-ау. Қызықты көретін байлар.

Солардың малы үшін қырық пышақ болып ұрсысып жатқандары мынау».

— Жігіттер, ән естігілерің келсе, қазір анау үйлерге таман келіндер, басқасы болмаса да, өлең айтып беру қолдан келеді,— деп, Ақан жүріп кетті.

Бұлар құрым киіздері қырық шокпыт он шақты жүдеу қараша үйдін қасына келіп аттан түскенде алдарынан бір қария шығып:

— Оу, Ақанжан, ат көлігін аман ба, қарғам, бәсе, мына кара тобырға неғып сәлем бере келмес екен деп ем. Бәсе, бәсе, көпшіл адам осылай болса керек етті. Алда разы болсын, қарағым, бізді елегеніңе! Ал, үйге кіріндер.

— Ата, осы сыртта отырсақ та болар. Күн тымық, таза ауада отырайық,— деп Ақан қасындағы Аннаға кедей үйдін ішін көрсеткісі келмеді.

— Жарайды, жарайды, оларына да көнейік. Ай, балалар, ана жылқышыларды, әйелдерді түгел шақырындар. Малды қасқыр жемес, бір иіндісі сауылмаса, дәнеме етпейді. Бір көруге ынтық боп жүрген Ақандардың өзі келді араларына. Үйден киіз, сырмақ алып шығындар,— деп қысқа әмір беріп еді, жалаң аяқ, күс табан балалар «Ақан, Ақан, Ақан сері келді» деп сандарын шапалақтап атой сап жүгіре жөнелді.

— Жана аттарды жөнелткен соң осылай қарай аяндап ем, мына келіншек те соңымнан жетіп, осында барамын деген соң алып келдім. Ояздың әйелі ғой.

— Ана істік мүрттын қатыны де, е көрсін, көрсін, ылғи үлде мен бұлдеге оранып жүрген неме ғой. Кедей-кепшікті де көрсін,— деп қарт көзін сығырайта әйелдің тұла бойын тінте қарады да, қабағын жазды.— Дегенмен өзі иман жүзді екен, ана ояз бұл араға қонаққа шақырсаң да аяғын басар ма екен. Жарайды, бұл да мейман екен ғой, әй балалар, ас әкеліндер.

Анна, Ивановна ішіне жүз торғай қамап қойсаң бірі тұрмайтын шүрк-шүрк тесілген жатаған қараша үйге айнала қарап отыр. Кешегі Жайынбек таныстырған үй мен мына желком үйдін арасы жер мен көктей. Етектері түрулі туырлық пен сырсыз ақ жем керегелердің арасында ши де жоқ. Тапал, шағын үйдін киіздерінің кей тұсы жамау. Ескі шапанның етегімен, терінің қиындысымен, түрі басқа киізбен кең тесіктерін жамап, бастырған. Жүні түтеленген көне киіздердің үлбіреп, күнге күйіп жұқарып әбден тозығы жеткендігі байқалады. Қайта бұл да жібі түзу үй сияқты. Оның

ар жағындағы шанырақсыз үш бақан кара костар титығына жеткен жүдеулікті айтып тұр. «Көлдің бір жақ жиегіндегі ойдым-ойдым тақыр желі басындағы көп жылқының арасында қылт-қылт етіп көрінген сауыншылар, ошак басында отырған балалы-шағалы әйелдер қаншама көп. Мына он шақты үйге бөлсең бір-біріне кемі он-он бестен келер. Сонда бұлар қалай сыйысып жатады екен» деп ойлады Анна. «Мына жалшы тобырдан да, басына жеке киіз үй тіккен ана Қарқымбайдың жалғыз кара сабасы не деген бақытты еді».

Ояз әйелінің сыртқа төселген оюсыз жұқа киізге де, астына салған кірлеу сырмаққа да, осы маңдағы бүкіл жүдеулікке көзінің қиығымен барлай қарап отырғанына ыңғайсызданып, Ақан жай-жапсарды өзі түсіндіре бастады.

— Анна, келгелі байлардың салтанатына үйренген сіз, қазір жұмақтан тамұққа келгендей болып отырсыз-ау деймін?

— Неге, олай емес, мен жай әшейін, мына қазан-ошактарды қызықтап отырмын. Ахан, сіз білесіз бе, мен түнде ылғи осы жаққа қарап таңырқаушы едім. Мына ошактардың астында жылтыраған оттардың арасы қосылып, көлдің бір беті түгел өртеніп жатқандай болып көрінеді. Не деген көп қазан, не деген көп мал сойлығын!— деп адамның ойын айтқызбай сезетін тәрбиелі әйел жалтарып кетті.

— Ой, ой, много,— деп ояз әйелінің соңғы сөзін шала ұғып қалған шал да қосылды.— Много баран, лошад вот так,— деп өз тамағын өзі кесті.— Мақан много, қымыз много, шалавек много, дм много, ой, ой, псе много. Бай что хош, то делайт, бетр бросайт.

Жас шағында жиі базаршылап, Омбы, Ірбіт жағында жүріп, одан ит жеккенге айдалып, сол жолда аздап орысша үйренген Жайық карттың сөзіне масаттанып, Ақан рақаттана күлді.

— Анна, карт дұрыс айтады. Әттең тілі жетпей отыр, әйтпесе көп нәрсенің сырын ақтарғысы-ақ келеді. Сіз білемісіз — осы асқа Сағынай балаларының қанша шығындалғанын?

— Білмесем де жобалаймын. Бірақ осыншама байлық қайдан шығып жатыр?

— Мен сізге шет жағасын айтайын. Ана аппақ үш жүз үйдің жарғысынан артығы бір жылдың ішінде дайындалған. Әр үйді дайындаудың қаншалықты қиын екенін түсіндірудің өзі қиын. Үш жүзден келетін қонақтарға дайындалған көрпе-жастық, ыдыс-аяқтың өзі қаншама. Менің естуімше бұрса

деген матадан бес жүз жүн көрпе, кәрілерге қалың шедірнен бес жүз құс жүн көрпе, атыластан, жұқа шәйіден бес жүз көрпе, үш мың қаз-үйректің жүнінен жастық, екі мың құс жүнінен құстөсек, бес жүз көрлен шыны-аяқ, төрт жүз көрлен кесе, мың ағаш тостаған, неше бір түкті, жібек, масаты кілемдер, басқа толып жатқан жабдықтар осы асқа әдейі дайындалған. Бәрі де бұрын ұсталмаған жана дүниелер. Күніне үш жүз қой, елу жылқы сойылады. Әрине, малды азаға әкелетіндер көп. Жүз-жүз саба қымыз ішіледі. Осылайша той он шақты күнге, тіпті одан да көпке созылмақ.

Анна Ивановна осы айтылғандарды күнде көріп, нобайлап жүрсе де, Ақан келтірген есеп-қисапқа таң қалды.

– Не деген байлық?!

– Осының бәрі қайдан шығады дедіңіз. Мына жиналып жатқан адамдарды көрдіңіз бе? Бұлардың бәрі – Сағынай балаларының жалшылары. Бұл әшейін ас жабдығына әкелгендер ғана. Ал олардың карамағында онға тарта ауыл бар. Бәрі – малын бағатын кара табандар. Байлық – малда. Оның бакташылары да, киіз қарнып, көрпе қабатындар да солар. Бір ғана мысал: былтыр күзде керей елінің бар саятшыларын жинап, екі жүзге тарта адам, екі жүздей қаршыға, қырғи, лашын деген құстарды салып, құс жайылымға шығатын жерлерге, көл ішіндегі қамыс қоғаларға тұзақ құрып, жастық, құс төсек үшін қаз, үйректі баудай түсіріп қырған. Қазақ даласы көлге бай. Мысалы, бір ғана Бурабай маңында сексен көл бар. Әр көлдегі құсқа сан жетпейді. Сағынай елі Аккөл деген көлдің маңын мекендейді. «Аккөлде шәукілдекке дейін қырылып, келесі көктемде қамыстан басқа ештеме қалмапты» деп, жұрт аңыз етіп жүр.

– Шынында ғажап екен!– деді Анна Ивановна.– Ал, осы астан кейін не болмақ, осының бәрі кімге керек. Түсер пайда бар ма? Осының артында не қалады?

– Астың артында Сағынайдың балаларының атағы қалады. Байлығы елге жайылады. Құсқа көлінің басында сойылған малдың тау-тау сүйегі, мүжілмеген қаңқасы, шүрк-шүрк тесілген ошақ, бұрқыраған құл қалады,– деді Ақан мысқылды өткір көзін алысқа қадап, ойланып – Одан басқа ештеме қалмаса керек. Сіздіңше не қалуы керек?

– Жоқ, менің ойлағаным басқа бір жай. Ахан, біз жолда, көп адаммен, Сағынайдың аулына барып моласын көре кеттік. Жай, әшейін ағаштан оюланған зират. Біз Академияда шығыс елдерінің көп өнерімен таныстық. Көне шығыс елі

өнерге өте бай ғой. Сонда Индиядағы Тәжмәһәл, Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи зирағы, Индия, Япония, Қытайдағы пагода деп аталатын храмдар, сол сияқты толып жатқан шығыс еліндегі күмбездерге аса қайран қалысатынбыз. Осы асқа жұмсалған қаржыны жұмсаса, сондай бір зират орнатуға еркін жетер еді деймін. Тарихи ескерткіш болмас па еді.

— Анна, оныыз орыс елінің, басқа шығыс елдерінің мәселесі ғой. Қазак халқы өлгенді қадірлей білетін, сол арқылы өзін де қадірлегенді, ескерткіш қалдырғаннан гөрі бар байлықты қолма-қол ішіп-жегенді артық көретін халық. «Таңғы ризық тәнірден» деген сөз бар. Ал, тарихты, біз үймен, зиратпен қаламай, сөзбен, ән-өлеңмен, күймен қалаған халықпыз. Айтқаныңыз көкейге қонымды-ақ, бірақ оныызға аса машықтанбаған жандармыз. Тамағымызды көрінгенге беріп, ішіп-жеген жемқорлар мақтап, сауырымыздан қақса, соған семіретін халықпыз. Егер сіздің мәртебелі ояз күйеуіңіз Сағынай балаларына емеурін білдірсе, осы асқа жұмсалған қаржыны өз бас пайдасы үшін, бір ғана атақ үшін көз жұмып бере салар еді. Ондайдан олар тартынбайды. Егер қаласаныз Петербургқа бір арба алтын, күміс бұйым тиеп әкететініңізге күмәнданбаймын. Ал, бұл жерде өз туыстары, өз бауырлары мынадай күйде отырса оған қың етепейді, — деп, Ақан қол жууға күман дайындап, бір келіншектің әкеп берген қап-қара сыбағысқан майлығына жақтырмай қабағын шыта қарады. Қарады да, сәл ойланып қалды. Алдарына үйеме табак ет келген. Пышағын алып ет турауға оңтайлана бастаған Жайық, серінің кірпияздығын білетін, Ақанның жақтырмай қалғанын сезіп, қозғалақтап:

— Әй, осы үйлерден бір жібі түзу орамал табылмады ма?! — деп артына зеки бұрылды.

Ақан сәл езу тартып күліп, жат қонақтың алдында сездірмейін дегендей, әлгі келіншекті шақырып алып, бір ауыз өлеңмен жуып-шайғандай болды, бірақ оңдырмай айтты, басқаларына үлгі болсын дегендей етіп, мінеп айтты:

Құдаша, мұның несін әкелдің жырымдай ғып,
Көкпарға тартатұғын ырымдай ғып.
Бұл жақта сабын менен су жоқ па еді,
Жеті жыл ыстан шыққан құрымдай ғып, —

дегенде, неге шақырғанына түсінбей қалған келіншек жерге кіріп кетердей, қатты ұялды.

— Өй, көсеген көгерсін, Ақан! Бәсе, өздерін осылай жөнге салып кетші. Ескі дүниені де таза ұстауға болмай ма? Ай, қатындар-ай, сыбағаларыңды алған шығарсыңдар,— деп Жайық кейіді.— Осы бір орамалы құрғыр да қат, Ақанжан. Дегенмен өз берекелерін өзі алып, барды құнттап ұстамайтын салақ немелерге бұл аз әлі. О несі-ай деймін. Ұялсаңдар етті. Ақан — сендердің бар болысыңнан, ұлығыңнан артық ел асылы. Өй, адам танымайтын өңшен!

Бұл кезде бүкіл жалшы, малайлар Ақанды көруге, өлең тыңдауға жиналып, төсенішсіз тақыр жерге қысылыңқырағандай болып, балалар жеңімен мұрнын лып етіп сүртіп, алдына жас нәрестелерін өңгеріп емізіп отырған келіншектер салақтаған емшегін көйлегінің ішіне жып еткізіп, беті салтақ-салтақ балалар шешелерінің артына жасырынып, қаймығып қалды. Қымыз ішуге ыдыс әкеле жатқан бір келіншек кері бұрылып, жерошак басына барып, қайта-қайта жуып жатыр.

— Иә, Жәке, басқа байлық қолдан келмесе де, осы бір тазалық байлығы қолдан келеді ғой. Не көп — көл көп, не көп, ала боға көп. Иіс сабын табылмаса да, сахар қайнатып, кара сабын былғау қиын ба?! Кашан да өз мінің көлденен көз отырғанда көрінетін әдеті.

— Рас айтасың, жөн сөз,— деп еді Жайық ақсақал, әйелдер жағы да балаларына сыбырлап, ұрсып жатыр:

— Әне, Ақан аған не деп отыр.

— Бар, бетінді жуып кел, өй, нақұрыс!

— Үсті-басыңды қарашы, сау тамтық жоқ, күлге аунағанбысың?!

— Бет-аузыңа бес ит тойғандай, бар, кет қасымнан!

— Әне, естідін бе, күнде жуынып, таза жүрсең, Ақан ағандай әнші, сері боласың.

Байлардың есігінде жүрген мына жалшылар мен күндердің ұсқыны аса жүдеу еді. Бір жеген асын талғажау ғып, жаяу-жалпылап мойнына дорба салып жеткен қайыршылар не деген көп. Үстеріндегі киімдері өрім-өрім, қырық жамау көйлектері күнге оңып, жуа-жуа әбден қаймыжықтай боп үлбіреп, жұқарған. Қол тиіп кетсе іріп, тесілгелі тұр. Аяқ киімдері де қандай нашар. Қалың ұлтандай боп көң, теріге айналған балалардың жалаң аяғы өз алдына, үлкендердің кигені де әйтеуір жоқтан бар. Сірі геріден тіккен

мыж-мыж етіктерінің сөгілген табанын жіппен, қайыспен шандып байлаған, қайта-қайта ұлтандап, үсті-үстіне шегелей берген соң, былғары ұстамай, ағаш шегелері шетінеп, ырсиған көне дүниелер. Қонышынан басқан, ақ жем етік киген әйелдердің көбінде шұлық жоқ. Қарсы қарап, ынғайсыз отырған шалбарсыз келіншектердің жалбыр жамаулы, қалын құрақ іш киімдеріне көзі түскенде Анна Ивановна шын аяды. Шетіне маржан ұстаған сәнді кимешектерді көріп жарастық тапқан ол, үсті-үстіне құрақ жамаған, тозып жыртылған кимешек, жаулықтарды көргенде екі дүниенің деңгейінде отырған бақылаушыдай сезінді өзін. Анда-санда қышынып қойып оғырған жігіттердің үсті әйелдерден де жүдеу. Қап-қара көздері мөлдіреп, ғұмыры көрмеген қызық киім киген орыс әйелін таңырқап қараған қарындары жалтыраған ірілі-ұсақты балалардың күйі қандай ауыр. Көбі жалаң бұт, жалаң аяқ. Сандарын, балтырларын қияқ кескен, кейбірінің аздаған қотыры да бар жарадар сәбилер. Арасында көзіне ақ түскен соқыр, қарны кебежедей тырсылдаған, басы қауғадай рахит, аяғы ақсақ жарымжандары да бар. Әйелдердің де, еркектердің де қолдары күстене, жарылып-жарылып кеткен. Денелерінің ашық жерлері желге, күнге тотыққан – қап-қара сірі қайыстай. Күні-түні мал соңында салпақтап, өздері де мал құсап кеткен малайлардың өндерінде де ауырлыққа әбден көндіккен төзімділік, қыңк етіп қыңырлық байқатпайтын момындық, еш қызық көрмей басылып өскен жабайы тұрпайылық сезілгендей.

Қазандық маңындағы әйелдердің киімі де, өні де бірсыдырғы тәуір екенін көргенде Аннаның көңілі аздап жай тапқандай болды. Тегі ас-су маңындағылар елдің атқамінерлерінің сылқымдары болса керек.

Жолда келе жатып Аннаға тіке қарап, Ақанның: «Қазак әйелдері ары кетсе отызға дейін ғана құлпырып, одан әрі күрт қартайып кетеді. Сіздердей еркін жүріп бұла боп өсу жоқ. Қатарынан талай құрсақ көтеріп, шаруа мен бала бағудың тауқыметімен қажып, ерте солатын қызғалдақтай бейшара жандар ғой» дегені есіне түсті.

Ояз әйелінің ойын жанарынан байқап отырған Жайық, еттен соң серіге қарап көптің атынан сөйледі.

– Ақанжан, біз бір елеусіз ғана қара байыр жұртпыз ғой. Шаруаға бас-көз бол деп сұраған соң, мен де көңілімді бір көтеріп қалайын деп келіп ем. Кеше үй сыртында тұрып әнінді тыңдадым. Мына байғұстар оған бара алмады. Әйтеуір бір

тойғандарын сеп көріп, бала-шағасының аз күнгі несібесіне келген сүйек-саяк кемірушілер ғой. Бұлар да қайтсын, сенің атыңды естігелі тықыршып, жүзіңді бір көруге зарығып жүр еді. Титтей де болса кам көңілдерін бір көтерсін. Аздап лебізінді естіртсең екен, қарғам,— деп бағанадан бері тізесінде жатқан шанағы үшбұрышты жеңіл домбыраны ұсынды.

Ақан бөгелген жоқ. Өзіне телміре қалған көздерге қарап отырып, домбыраны бабына келтіре бұрап, шертіп-шертіп, алды да, қоңыр, сұлу үнмен әнге салды.

— Пау, шіркін!

— Өркенің өссін!

— Абұйырың артып, атағың өсе берсін!— деп батасын берген кәрі-күртаңдар мен жастардың өні кіріп, Құсак көлінің мал жатқан, ошак қазылған түтінді беті де гуілдеп, көңілденіп кетті. Ас ыс исі бөккен тамырсык ауаға ширатылған ән иісі тарағандай болды.

Ақан тоқтаған жоқ. Күлдіргі, мұңлы өлендерді араластырып, түйдек-түйдегімен төге берді. Күн еңкейс бергенде ғана той жақтан құйғытып жеткен шабарманның даусы әсем әнді бөліп жіберді.

— Бұл не отырыс, тараңдар! Оязға ас әкелсін деп жатыр, қонақтарға да табақ дайындандар,— деп үркіте келген шабарман ояздың әйелі мен Ақанды көргенде басыла қалды. Аттан түсіп, иіліп тағзым етіп, даусы да күрт өзгерді.— Жұрт ашығып отыр. Күрес боп жатқан жерге ет, қымыз жеткізсін дейді.

— Күрес қалай боп жатыр? Біздің түйе балуан шықты ма?— деп отырғандардың бірі мойнын созды.

— Шыққан жоқ-ау, жықты. Бірақ бәйгесін бермей қойды. Ит жығыс дейді. Қайдағы ит жығыс, бәлемді қайкайта әкеп сокканда, ананың жіліншігінің күл-паршасы шықты.

— Не дейсің, ол қай пақыр еді?!— деп Жайык қарт қабағын шыта аянышпен қарады.

— Қай пақыр екенін қайдам. Әйтеуір Кіші жүздің балуаны дей ме, ол да бір дәу қара екен.

— Әліпқали емес пе?!— деді Ақан үрейленіп.

— Болса болар, алай дей ме, немене...

Жай қоңырлатып, баяу, тартқан домбырасын акын күйініп, қатты шертіп қалып, орнынан ұшып тұрды. Домбыра шегі сырт етіп үзіліп кетті.

Кіші жүз азашыларына бөлінген қалың үйлердің шет жағындағы қоңырша үйде Әліпқали тістеп, киналып жатыр. Шаңырақтан түскен көмескі кешкі сәуле қу шүберектей бозарған қансыз өңіне түсіп, сұйылып барады. Тұла бойын солқылдатып, бір жақ денесін қан қасқата ауырған аяғының сынығын қанша ауырсынса да, қатты дыбыс шығармай, қайратты, төзімді жігіт болмашы ыныранады. Астына салған бөстек шылқ-шылқ етіп терге малынған. Қасында сары атандай күжліген түйе балуан Жасағаннан басқа тірі пенде жоқ. Қазір керексіз еткен Сағынғали қорлығына күйінген жаралы балуанның есіне көмескі бұлдырап, сонау Нарын құмында қалған аулы түсті.

Бір атадан жалғыз еркек кіндік Әліпқали әкеден де жастайынан жетім қалған. Әкесі Хажымды есірік бура шайнап өлтіргелі не заман. Әке орнына Сағынғалидың түйесін баққан мұның қолында қазір аурудан ерге қартайған шешесі мен жалғыз қарындасы бар. Әліпқалидың мүгедек түрін көргенде сол сорлылар не күйге ұшырамақ. Нарын құм боранының ішінде ботасынан айырылған ару анадай боздап, көзінен жасы домалап, екі мықынын таяна зарлаған ана үні жаралы жігіттің құлағына алыстан еміс-еміс талықсып жетіп, жаралар жүрегін тырнап, сай сүйегін сырқыратқандай болады.

Әліпқали түйесі ғана емес, жастайынан Сағынғалидың қасына ертетін балуаны. Жасынан қарулы, қапсағай жігіттің жамбасы жерге тиген емес. Жиын-тойлардан үнемі бас бәйге алып, ылғи абыройлы қайтатын жігіт, өз қожасының алдында да бұйырсыз емес еді. Былтыр ғана бар беделден айырылып, байдың алдында мол кінәға ұшыраған. Малға құныққан Сағынғали осыдан бірнеше жыл бұрын өз-өзінен бір өнер шығарып, көршілес қыпшақ елінің қос өркеш бурасына жүз қаралы аруананы қайытып, кілең қоспақ алған. Өсімтал келеді дейтін қоспақтары суыққа, құм боранына аса төзімсіз болып, өткен доңыз жылы қатаң суыққа шыдай алмай іш тастап, көбі көтерем боп өлді. Біразы теңіз жаққа қаңғырып кетіп, боранда сорға батып құрыды. Жылмиған Сағынғали Әліпқалиды онша жазалаған жоқ. Қолына жинаған біраз нар түйелерін, жас боталарын малының төлеміне алып, жетім үйді тақыр жерге отырғызған. Өзін кінәлі санаған ақ пейіл Әліпқали бұл қылығын теріс деп санамады, құдайтағаланың

зауалы деп ұқты. Құдайға жалбарынғаннан басқа, оған кәрі өтпейтінін жас жігіт жақсы біледі.

Содан тонтеріс карап жүрген бай, көктемнің басында, малсыз тұралап, аш-арық сіңіріне іліккен Әліпкалиға бір семіз тайлағын сойғызып бергізді.

— Шұбат ішіп, ет жеп, біраз, сүйегін ағартсын. Кемік майы қарайған шығар. Жілігін майлап, әлденсін. Биыл Орта жүзге, ту-ту Ерейменге — Сағынай асына апарам. Абұйырлы қайтса, алатын бәйгесі түгелдей өзінікі, және қалған малының орнын жаппай-ақ қойсын, құдай алдында кешемін!— деп сәлем айтып жіберді.

Көктемнің кара суығында өкпесіне суық тигізіп, жиі күркілдеп, жөтелге шалдыққан Әліпкали аз уақытта жеген семіз ет, ақ көбік шұбатқа онша шилана алған жоқ. Жана ғана жілігіне май ілініп келе жатқанда Сағынай асына жүретін кез де болып қалған...

Енді Әліпкалидың есіне топ ортасындағы күрес түсті.

Үш ұдай болып бөлінген үш жүздің қалың тобының ортасына шығарған Әліпкалиды жаршы аса мәнерлеп, мадақтап көтермеледі:

— «Нарын құмда нар өскен, нардың майлы, былқылдақ табанына жеріген, тоғыз ай емес, он екі ай, тар құрсақта көтерін, алты жыл қатар сақтаған сары майдан еріген анадан туған жас алып, арыстандай айбатты Әліпкали батырды шымырлап атқан ақ көбік ақ шұбатқа шомылтып, ақ өркешке құндақтап, мамыққа бөлеп жасынан, ақ ботадай әлпештеп, аруанаға теліген. Бұла боп өскен қас батыр — нар түйенді аспанға асықша атқан жас батыр, алдынан шыққан дәулерді қасықша атқан бас батыр, қаймықпаған жауыңнан, тайсалмаған дауыңнан жүрегі мықты қас батыр, алдарыңа келіп тұр, Кіші жүздің балуаны, Сағынғали баптаған, бұдан өткен күштіні ол өңірден таппаған, батырды көрсе, тұра алмай, алып ұрмай — шыдамай, Әліпкали келіп тұр».

Ұзын шудалы желк-желк еткен кара бурадан түскен Әліпкали, сары жорғамен тайпалтып келген Жасағанға анадайдан шабынып тұра ұмтылды.

Орта жүзге аты мәлім шикі сары Жасаған жолбарыстай да, шойын кара Әліпкали аюдай. Жолбарыс пен аю бірін-бірі алыстан аңдып, екі-үш рет еңкендей айналып, балағаштай жуан білекті қолдар сарт-сұрт етіп жалаңаш жауырыңға екеуі де бүкшііп қалды. Сол жақ қолдары тырсылдаған бірнеше орап байлаған қызыл мата белбеуге жабысып, балғаның

сабындай қуатты саусақтар, бүркіттің тұяғынша бүріліп, сіресіп қалды. Екеуі де оң жамбас екен. Иықтан сілкініп оңтайланғанмен мықыннан тірегі темірдей жұдырық қимылдатар емес. Реті келсе қаржасша сыпырып шалып, не тобықты елікше іліп тастайтын Жасағанның әдісін естіген Әліпқали сақ жүр. Анау мүлт жіберсе, қолтықтың астына кіре беріп аспанға ататын әдіске салмақ. Әккі балуан оны да сезетін сияқты. Ұзақ андысқан екеуі міз бақпай қатты тіресіп тұр. Әліпқали қимылынан жаңылдырайын деп, көнілін басқа тосын айлаға бұру үшін, иығынан да, белінен де басып, төмен тұқырта берді. Емендей қатып, майыспай, сірескен Жасаған да бір кезде, төмен қарай оқыс сілкіп қалды. Жұрт шу етіп түрегелді.

— Тізесі тиді!

— Тізесін бүкгірді!

— Жепді!

— Жықты!

Байкамай жер қауып қала жаздаған Әліпқали, лып еткізіп Жасағанды да бірге ала түскен. Екеуі де тізерлеп отыр. Әліпқали Жасағанның көзіне бірінші рет айбат шеге, анықтап қарады. Жасағанның көзі сілеусіннің көзіндей сап-сары, өгкір екен. Өзіне тесіле гөнгенде тынбайтын қайырымсыз жыртқыштың көзіндей көрінді. Сап-сары бетінен түгі білініп, тісін шықырлата қайрайды. Өндіршегі бүлк-бүлк етіп, жалпақ кеудесі көрікше желп-желп етеді. Жалаңаш тізелерімен жер сызып, қалың көдені түбімен суыра жұлып, екеуі біраз жүрді де, дөңбектей сандары шиыршық атып, қайта тұрды. Тұра сала бірін-бірі дөңгелете жөнелді. Жан баспаған жердің қара топырағы шықты.

Екеуінен де тер саулап кетті. Жасағанның бетінен тарамдана аққан тер мойнынан жүгіріп, қойнына құйыла бастады. «Қарадан тер шыққанша, сарыдан жан шығады» деуші еді. Бірақ Әліпқали да өзінің терге малшынғанын сезді. Буын-буыннан да әл кетіп, аяқтары да шатқаяқтай бастаған сияқты.

Әлден уақытта аяқ астындағы жер дөңгелеп, көзден аққан жасқа бұлдыраған қалың жұрт анда-санда елес берген інірде қарауытқан алыстағы тоғайдай көрінді. Женіл ойнайтын білек бұлшықтары жансызданып, әлсірей бастаған сияқты.

Түйе жүн шекпенінің етегі желбіреп дөңгеленген Жасаған сол жақ қолын сәл босата берген еді, осы сәтті күткен Әліпқали оң қолымен жауырынын қағып қалып, иығымен

ішке кіріп кетпекші болды. Жакындасып, кеуде тіреп қалған Жасаған да бұл кезде оны қойынға жібермей оқыс шегініп қалып сарт еткізіп іштен орай шалды.

— Шалды, шалды!

— Аһ, бәрежелде!

— Уа, тәнірі!— деп шулаған оң канат қайта тынды.

Темірдей қысқан шотаяқты босату үшін Әліпка«ли кеудесімен итере түсіп, аяғын сірестірді. Ток балтырының етін сығып, жанын шығарған қуатты аяқ ұзақ уақытқа дейін айырылмай, зорға дегенде босап барып шығып кеткенде, Әліпкали да оны оңға қарай дөңгелесте бере іштен шалып алды.

— Иә сәт!

— Иә, аруак!— деп енді сол канат дүрлікті.

Жасаған аяқ босатуға онша әрекеттенген жоқ. Қайта бостау ұстап, екінші аяғын жерге тіреп, қаққан қазықтай тұрып қалды. Әліпкали өзінің қателік жасағанын енді түсінді. Жасаған аш белден қамти ұстап, белбеуге қолын кіргізіп алған екен, қабырғасын майыстырып қысып барады. Егер аяғын босатса-ақ Жасағанның бел алып кететінін аңғарған Әліпкали не де болса, жуан мойыннан бар күшімен тұқырта басып, жамбасқа алуды ойлады. Басы төмен иліге берген Жасаған ыңыранған бір деректі дауыс шығарып, аяғымен де, қолымен де сіресіп, қайыра берді. Әліпкали алға тұқыртса, Жасаған артқа қайырып, екеуі де кимылсыз сүйектері сықыр-сықыр етіп, бірін-бірі ала алмай тұрып қалды. Қалың жұрт көздері шығып, екі түйе балуанды көтермелеп, Ерейменнің бауырын бастарына көтере шулап тұр:

— Иә, аруак, ақсарбас!

— Мейрам бабам аруағы қолдай гөр!

— Адай, Адай!

— Ақжол, Ақжол!

— Алдияр, Алдияр!

— Қайыр, қайыр.

— Тұқырт, тұқырт.

— Жамбасқа ал, жамбасқа.

— Көретіп әкет. Мықыныңды тайдырма.

— Аяғыңды босатпа. Желкеден сал қолды.

— Бұрап жібер.

— Сындыр, сындыр!

— Үгітіп жібер!

— Лактыр, лактыр. Шіркін-ай, келіп тұр-ау!

— Көтеріп сок. Қап, әттеген-ай!

— Ал, жықты!

— Ал, құлады!

— Уа, ақсарбас!

— Уа, аруак!— десіп әркім әр қалай, бірі Кіші жүздің, бірі Орта жүздің ұранын айтып, ата-бабаларына, аруакқа сыйынып, енді бірі сырттан кінжініп, мән айтып бұзылайын деп жарылған сенше толқын, ортаға қарай лап қояйын деп тұр.

Тұла бойынан тер саулап, тамырлары білеуленіп, буындары талып, қалың қара еттері жыртылып, жіліктері майысып, көздері қарауытып соңғы күштерін салған екі алып, жұрттың сөзін қайдан ұқсын. Бастары шынылдап, құлақтарының түбінен Арқаның асау желі, Нарынның тентек құмы суылдап, теңіз шуылдайды...

Әліпқали талықсып, бойынан қуат кетсе бастағанын сезді. Енді біраз тұрса Жасаған тік көтеріп әкетіп жерге ұратынына шөк жоқ. Жүрек дүрс-дүрс етіп, алқымға тығылып, қысып барады. Екі шеке солқ-солқ етеді. Апырмай, не боп барады. Еңкейе таргып, оқыс қайырылып, Жасағанның ыңғайына қарай күрт қайырып тастамаса, басқа амал қалмады. Енді сытылып шығу мүмкін емес. Аппак жуан балтырға жыланша оратылған қара балтырлы аяқтың тамыры тартылып, жансыз ағаштай қатып барады. Оқыс қайырылып, шалқалап лактырса қос жіліншіктің біріне кәдік. Қазір оны ойлауға уақыт жоқ. «Намыс, намыс!», «Апырай, не болар екен!», «Ағ-ғ!» Әліпқали аюдай ақырып, оқыс қимылдады. Екі алып, түбінен кескен теректей шалқалап барып гүрс етіп қатар құлады. Бір нәрсе күтір ете қалғандай болды. Сүйек-ау. Жілік қой шамасы. Кімнің жілігі. Әліпқалидың көзі қарауытып, көк аспан шыр көбелек дөнгелеп, қызыл-жасылды түспен бұлдырап қара-қошқылданып барып, қап-қараңғы түнекке айналып кетті. Қатар түскенмен қайтып қайрат көрсете алмаған Әліпқалидың үстіне Жасаған аударыла беріп, бүркітше бір басып қалды. Жұрт шу етті. Одан арғысын білмеді.

Айналасы құлаққа ұрған танадай. Есін жиып, көзін ашқанда басында отырған Жасағанды шала таныды. Бәрі өң мен түстей. Бағанағы кең аспан жоқ. Күлдіреуішпен белдеулеген шанырақ арасынан көрінген көк тегененің түбіндей шағын аспан бетінде ұлтарактай ғана айран түстес сұйық, бір шөкім түбіт бұлт көшіп барады.

Әліпқалидың үстінен балуанды он шақты қол көтеріп алып, сақ-сақ күліп, қолтықтап әкетіп бара жатқанда,

Жасаған ештеме білмеген. Артына жұлқына қайырылып, жыққан адамына қарағанда қасына ешкім келмей дөңбекшіп жатқан Әліпқалидың салдырап бос қалған аяғын көріп, қайтадан кері бұрылды. Теріні жыртып шыққан сынық жіліктің үшкір басын көргенде түйе балуанның көзінен жас атып кеткен...

— Өттен білмедім ғой. Қара басып сенің үстіңе шығармын ба! Обалыңа қалдым-ау! Ана бөрідей шулаған немелер енді итше таласып, бәйгемізді бөлісе алмай жатыр. Ой, ит өмір. Енді күреске шықсам, аруак ұрсын, ант атсын!— деп Әліпқали алдында өзін кінәлі санаған еңгезердей Жасағанның екі иіні селкілдеп, балаша егіліп жылап отыр.

«Жаңа ғана көкке көтере мактап қаумалаған есірік көп батыр, енді басқа балуандардың қызығына кенеліп, бұл екеуін ұмытқан. Енді Әліпқалидың керегі жоқ. Ақсақ, мүгедек Әліпқали. Солтандай басып, түйе сонынан зорға еретін сорлы Әліпқали. Теңін де тауып қосыла алмайтын, әке соңында түтін түтеге алмайтын кемтар Әліпқали».

Әліпқалидың көзінен жас сорғалап, иегіне қарай жорғалап барады.

— Алла-ай, құдайға қараған бір жанның келмегені ме?!

— Әліпқали, жаным, шыдашы, Мен қазір келем. Көп тобырдан қолы қарақты бір сынықшы табылар,— деп Жасаған ерні дірілдеп, кемсендеп шығып кетті.

Оның артынан, іле қасында екі-үш жігіті бар Батыраш кірген ішке. Киіз үйдің бір бұрышында шалқасынан жатқан Әліпқалиға мысқылдай қарады:

— Ә, жігітім, жатырсың ба?! Кешегі күржиген мықтылығына қарағанда... әшейін бір боркемік екенсің ғой.

Әліпқалидың миы зірк етіп, қан құйылып кеткендей болды. Сықырлап есік ашылғанда топшысы қайырылып, үйелеп жатқан дәрменсіз құсша, көмек іздеп талпынғандай, басын көтере қарап еді. Онысы адам емес, хайуан болып шықты.

— Кім-кімнің құйрығына көк шыбық ойнатар екен енді. Жатқан жерінде жон етіңнен таспа тілейін бе! Әкелші камшыны,— деп Батыраш бұжыр беті долырып, жігіттеріне қарағанда, Әліпқали зығыры қайнап басын көтере беріп, сылқ етіп қайта құлады: сынық сүйек сықыр етті.

— Жарайды, бір жолға тимеймін. Еліңе жеткенше өзіннің де көзіңе шыбын үймелер. Аруак атсын! Қалай екен Алтайдың аруағы?! Сасық күзенше шақылдап, бұқаша гүжілдеп, кіжініп едің. Сорлы, Сағынғалидың түйеші жаман

жалшысы. Жат енді осылай, өрем қап!— деп табалап шыға берген Батыраш ар жағынан келген Ақанға қағылып, алая бір қарады да, аттарына қонып кете барды.

Мұндай сынықтарды талай көрген Ақан Әліпқалиды мазалап, көп сөйлемеді. Жолдастарына иек қакты. Жайық ақсақал да келген екен. Қастарында белі имиген, қаусаған кемпір. Кемпір қолындағы түйіншегін шешіп, Әліпқалидын аяқ жағына келді де:

— Е-ей, балам-ай! Сен де мендей бір кемпірдің таяныш қылған жалғызы болармысың. Құлыным-ай, өзің алыстан келген балам екенсін. Құдай басқа не салмайды. Алла сәтін салса, қолым жеңіл еді, әлі-ақ құлыншақтай шауып кете барасың. Ал, қане, жаным, шыда.— деп күбірлеп сөйлеп жүріп, қасындағыларға кеудесін басып отырындар деп ымдап қойды.— Туһ, мынау әшейін жай шытынаған сүйек екен ғой. Мен бір жамауға келмейтін сынық екен десем,— деп үп-ұсақ үгітіліп, кей жері сояуланып, қанға баттасқан ауыр сыныққа қарап, сығырайған көзінің жасын байқатпай жеңімен бір сұртті де, арық тарамыс қолымен жылы су құйған құманды көтере берді. — Бісміллә, иррахман рахим. А құдай, сәтін сала көр!..

8

Қанаты кең жазылған бәйгешілер, айыл-тұрмандарын ат үстінде отырып та бір тексеріп алып, айдаушының шаршы орамалына қарасты. Тықыршып, кісінеп, жер тарпыған сәйгүліктер көздері жайнап, ауыздықпен алысады. Айдаушы орамалды көкке көтеріп тұрып, серпіп қалды. Өрт тигендей дүр етіп, бес жүз ат жұла тартқанда, аспан асты шайқалып, теңселіп кеткендей болды. Дүңк-дүңк еткен қара жер қозғалғандай дірілдеп, тербеліп, тып-тымық ауаны екі мың түяктан үшқан шаң көміп кетті. Күздің ала-сапыран қою бұлты жерге аунап түскендей Ерейменге, Құсақ көліне қарай ұйтқып жөнкіле көшіп барады. Екі мың түяк шымыр жерді тасырлата шертіп, жалпак түзді лекіткен дала күйіне бөлеп жіберді. Кемеріне сыймай лықылдап, буырқанып тұрған өзен арнасын ашып жібергендей, лақ етіп төгілген бұйра толқын кең жазықта айдаһардай бүктеліп, зымырап барады. Бірін бірі баса-көктей қарыған ақ көбік, ақ жалдар екпіндеп, ентелей құйғытып, сары даланың төсіне кең жайыла берді.

Дүнк-дүнк соккан бес жүз бала, бес жүз тұлпардың мың жүрегі жерді солкылдатып, шымырлатып барады...

Әлдене уақытта бетегенің басында жеңіл қалықтап жайыла берген шан тұманының арасынан артта қалған кей бір аттың нұсқасы да қылаң етіп көрініп қалды. Кей тұсы бой-бой боп сөгіліп, алдыңғы жақта бірен-саран жүйріктер жеке кезген күйындай оқыс ұмтылып қылт етіп сытылып шыға берді. Желбіреген күйрығымен бұйра толқынды ширатып, өріп барады. Үздік-создық шыққан төрт күйын бір кезде қатар салды. Тактайдай жазыққа бауырын төсеп қатар көсілген төрт күйын, күн астында созылған қынаға малған түйе жүннің шүйкесіндей. Енді бір кезде арттарынан жер шытынай жарылып, жіптіктей түтін бұрқырап шұбатыла шығып бара жатқандай. Қызыл, жасыл, көк, сары орамалды төрт бала бір заматта қатар айкасып, қабырғаласа салды. Жауын артынан айшықтала қалатын кемпіркосак секілді иіліп, сары белден асып ғайып болды.

Бірін-бірі жібермей үзенгі қағыстырған төрт жүз тоқсан алты ат та белеске қарай өрмелей жайылып, аралары бытырап, сирей бастаған. Алды белестен асып, арты жана көтерілген жүйріктер енді бір кезде қалың шанды келесі жазықтан бір-ақ бұрк еткізеді.

Алдыңғы буында кеткен төрт ат Батыраштын Құлайкөк, Топайкөгі мен Алатаудың аласы, Нарынның Накжүйрігі еді. Құлайкөктің үстіндегі бала жан-жағына тышқан көзі жылтындап қарап келеді. Маңында Құлагердің жоғын көріп, көңілі өскендей, атының басын еркін жібермей Топайкөкпен қатар отыр. Балалардың көкейінде қалған бұл да бір әдіс. Екі шанды қатар қосып, қоюлатып жіберді.

Құлагер кейінгі буынның алдында еді. Екі тұманның ортасында алдағы төрт аттылының шаңы жайылып қосылғанша ашық аланқаймен атына шаң қаптырмай келеді. Оң жағына қиыстай салып жеке-дара отырайын деп еді, желдің аңғарын байқай алмады. Тегі күн еңкейе самал да басылса керек. Ат тұяғының ұшқан шаң тез сейілмей, жеңіл қоңыр түбіт шәліше ұзақ қалықтап тұр. Оның үстіне күйрық тістесе шапқан он шақты ат та қалар смес. Кейде бастары озып, кейде амал жасағандай кейіндеп, қалмай келе жатқан кейбір аттардың жобасын да Мөнке таныды: Тарбағатайдың Тарланкөгі, Баянның Буырылы, Таразының Тарланы, қалғандарын анық тани алмады. Бұл уақытта арқалары жіпсіп

терлей бастаған аттарға шан қонып, қайсысының қылан, қайсысының баран екенін айыру қиын еді.

Мөнке біраз жерге дейін атына риза болмай, көңіліне күлік орала берді. Құлагер қайта-қайта пыскырып, өз-өзінен тосаңсып, адымы ашылмай қойды. Алдыңғы лекте отырғысы келіп, тақымын сәл қыса түсіп еді, Құлагер шабысына шабыс қоспады, қол камшысын жайқап, сауырына тигізгісі келген баланың есіне Ақан ағасының «Құлагерге камшы сала көрме» дегені түсіп, батылы бармады.

Бұл айдау ел арасындағы ат жарыстардан бөлек, бұрын-сонды болмаған срекше бәйге екенін Мөнке сезіп келеді. Шыға бере аттарын тежеп, бірін-бірі қақпақылдап алға салып аңдып отыратын айладан гөрі, алпыс шақырым жерге талмай жететін сәйгүліктерінің қуатына сенімдері мол үрдіс бәйге. Бес жүз аттын әрқайсысы өз елінде жүлде алып жүрген ерен жүйріктер. Шыға көсілген тұлпарлар аз уақытта жер танабын қуырып-ақ тастады. Анда-санда жан-жағына қарап, жер белгісіне зер салған Мөнке оң жақ қолда шыр көбелек айналып қалып бара жатқан қалың шілікті көрді. Отыз шақырымдай жер өткен екен. Тура жарты жол.

Осы тұста баланың да көңілі көтеріліп, тақымы қызға түсті. Тершіген арқа жазылып, көңілін Ақан ағасының шалқыма әні тербегендей боп кетті. Бұл кезде еті қызып, бауыры жазыла бастаған Құлагердің тұрқы ұзарып, бойы жеңілдеген еді. Ауыздығын шайнап, жұлқынып, мандайын көтеріп, түмсығын созып, басын сүзе түскен жануар лекіте жөнелді. Бағанадан бері бостау ұстаған тізгінді енді Мөнке қолына бір орап, тежей берді. Құлагер одан сайын ызаланғандай аузын арандай ашып, ауыздығымен алысып келеді. Сол жағында қапталадай шапқан аттыларға көз қиығын салып еді, алғашқы қарқынынан танбағанмен, шан жапқан сауырларынан гер тарамдана ағып, қысыла бастағаны байқалады.

Қолына ораған тізгінді Мөнке шыжымдап босата берді. Тапаяқ асықтай жеңіл сырғанап жөнелген Құлагер екінші буыннан сытылып шығып, әудем жерде кетіп бара жатқан төрт қараға қарай бүктетіле салды.

Жасынан атқа шапқан Мөнке Құлагердің қасиетіне іштей таңырқап келеді. Ат жұла тартып шаба жөнелгенде қияқ жалы су-су етіп, аяқты алға тастаған сайын алдынан тұрған жел гу-гу етіп отырушы еді. Құлагердің жібектей жалы артқа қарай созылғаннан қимылдаған жоқ, бетке сокқан самал да

бірқалыпты үрлеп тұр. Иненің жасуынан өткен жібек біркелкі бөрі шабыс.

Құлагер көп ұзамай төрт атқа салып ұрып жетіп келді. Құлайкөктің сонынан күйрық тістесе біраз отырған Мөнке тізгінді тағы да шыжымдап босатып, қатарласа берді. Мұрны делдиіп, ысқыртып келе жатқан Құлайкөк алақандай көзінің отты қиығымен өзіне тосын қатарласқан жат жүйрікке мынау қайдан тап болды дегендей алая қарады. Ат үстіндегі қара саннан келер ұзын қонышты жеңіл етік тоқпақтай қара бала да жақтырмай қарады. Құлагерді танып келеді. Төрт ат та бұл кезде қара терге малынған екен. Құйысқан, айыл астынан сабынданған ақ көбік көрінеді. Ала аттың езуінен көбік шашырайды. Мөнке Құлагердің камшылар жақ мойнына қолын салып көріп еді, ып-ыстық екен. Бірақ әлі терлемепті. Енді-енді білінгелі тұр.

Құлайкөктің үстіндегі бала аттанар жағындағы Топайкөктің баласына көзімен ымдағандай болып еді, ол алға оза тартып, бір қиыстай келіп, Құлагердің камшылар жағына түсті. Мөнке екі баланың ортасында қалды. Екеуі де енді Құлагерге таяна түсіп, қабырғаласып, ортаға алып қыса бастады. Бұл да атқа шапқан әккі балалардың жымысқы әдісі.

Мөнке Құлайкөктің баласына жымия қарады. Енді екеуі де бірі-бірімен көзбен сөйлесті. Мәтпақан қара бала Мөнкеге анда-санда оқ жыландай тесіле қарап, тынысы тарылып келеді. Атарға оғы жоқ. Жанарында жеп жіберерлік зәр бар. Ішінде не ойлап келе жатқанын кім білсін. Әйтеуір өртеніп келе жатқаны айқын.

Екеуі де қатарласа ұзақ шапты. Екеуі де көзбен аңдысып, бір-біріне атылардай тесіліп, ұзақ, үнсіз жауықты. Қара баланың жер бетіндегі қазіргі жауы Мөнке. Дұшпан көзі ішіп-жеп барады. Бала жанарында сәбилік нұрдан түк қалмаған. Делдие түскен танауында, «шіркін-ай, құдайтағаланың көрімен атың сүрінсе, допша домалап, ат үстінен құласаң» деген қарапейіл жаман ойдың нышаны бар. Құлагердің жаңа ғана пысып, мыналардан озатынына кәміл сенген Мөнке оны сезіп келеді. Озық адам сыпайы. Мөнкенің көзінде кекесін: «Саған жамандық тілеп қайтем, сен қаласың, мен озамын. Жарылып кетсең де айтар шындығым осы. Қазір сонау бір кезеңде шаңымды да көрмей қаласың» деп келеді. Бала да болса бұлар жарысқа түскен бәсекелес жандар. Бұлардың арасындағы өштік, іште тұтанған күншілдік, озғанның қалғанды мұқатуы — жарыс табиғаты, жарыс заңы.

Бес ат әлі жұбын жазбай қатар сілтеп келеді. Төрт атты үсті де енді сабындалып, балалар еңкейе беріп аттарыны көзін сүрте бастады. Мөнке де Құлагердің мойнына қолы салып еді, тер аққан скен. Терліктің астынан шаланың таб өткендей, тақымы да қызып жіпси бастаған. Аналарды атынан енді ақ көбік шашырап, екпіндеген аттың желіме ұшып келеді.

Жас шамасы өздерінен үлкен, егделеу Мөнкеге аса бат алмай келе жатқан екі бала енді үзенгі қағыстыра ең жағынан кеп қысты. Топайкөктің бос үзенгісі сынғыр етіп Құлагердің үзенгісіне тиді. Он-он бір шамасындағы бал аяғын таралыға өткізіп алыпты. Мөнке байқамаған болды. Бұл өнерді бастап келе жатқан Құлайкөктің басындағы бала: Жез сапты қол камшысын бекем қысып, жауыға түскен Мөнкенің орнында өзі шамалас бала болса, ортаға қысып Құлагерді камшының астына алар еді. Ондай дөрең киянатты да әкесі Батыраш ескерткен. Арасы он кадамда жерде ағындаған ала аттың басында шапқан қағылесті момақан баланың мына аңдысқан балаларда шаруасы жоқ. Өзі мен өзі болып, қабағын шытынып, ердің қасынан ұстап алдан көзін алмайды. Ол ер балаларша киінген еркекшор қыз — үйсін қызы еді.

Шүңірек қап-қара көзі болмаса, бет әлпеті тура әкесіне аумаған Батыраштың ұлының жүзін Мөнке жаңа аңғарды. Батырашта кеткен кегін алмақшы боп, тістене түскен бала айғай салды:

— Әй, бала, атың болдыра бастапты, қинамайсайшы, қара өкпе болып қалмасын.

Бала күренітіп, үнсіз тістене түсті.

— Ашула-а-нба, қазір мен кетемін,— деп Мөнке құлағының түбіне еңкейе беріп айғайлады да, алысқа көтесті.

Үш-төрт шақырым жерде белдеулене жатқан өзе қарауытады.

— Иә, сәт!— деп еңкейе берген Мөнке,— ал, қол болындар!— деп, тақымды қысып қалып, кикуды сала тартты.

Жермен-жексен болып, кешкі қос аяқша зымыраға Құлагер құлағын жымитып, бір-ақ уыс боп күйіндай ұшты. Соңында ширатылған бұйра шаң ғана созылып барады. Төрт бала келіскендей аттарына қамшы басып, қатар ұшыратты. Қастарынан жеңіл сытылып кете барған Құлагердің қарасы ғана алыстан көріп, шаң қауып қала берді.

Көзінен жас парлаған Мөнке ердің қасына еңкейе жатып, тізгінді қыстай ұстап, ат үстіне жабыса түсті. Құлағынын түбінен суылдаған желден басқа ешкім естімейді. Ат дүбірі де шықпайтын секілді.

Төрт жүз тоқсан тоғыз жүйрікті артқа тастап, жалғыз құлдырап аққан жұлдыздай Құлагер Көк өзектің сайына құйысқан сартылдап, екпіндетіп, түсе берді...

* * *

Еремейннің бауыры у да шу, айқай-сүрен.

— Аттар келеді!

— Шаң көрінді,— деп алдын ала елегзіп, алысқа көз салып жүрген карауылшылар даурыға хабарлағанда, отырған жұрт аяқтарынан тік тұрып, өріп кетті. Күрес арты сұйылып, ортада алысқан екі жас жігіт те жайымен қалды. Үш жүздің азаматы түгел дүрлігіп, құбылаға қарай лап қойды«. Сарт-сұрт етіп жүз қаралы адам аттарына қонып, аттысы аттылай, жаяуы жаяудай ұмтыла жүгірген халық кедергіге тіреліп тұрып қалды. Дырау қамшы ұстап, көлденеңдей шапқан даяшылар, аттарынын омырауымен қағып, есірген, елірген жұртты шегіндіріп әлек. Іші қорқ-қорқ егіп желген биік мәстектермен ояздың әскерлері де ат үстінде қокандап айғайлап жүр.

Күн батып барады. Желсіз тымық ауаны басына көтерген даңғаза жұрт енді іркіліп, күннің қызыл шапағынан ұялған көздерін алақандарымен көлегейлеп, мойындарын созып, шулап тұр.

— Оһ, әне көрінді.

— Қане, кане?

— Әне, әнс.

— Көрдім, көрдім ойпырм-о-ой!

Аттар келе жатқан шұңғыл табақтай кең ойпат Ерейменнің биік бауырынан алақанға салғандай анық көрінеді. Кемі он шақырымға дейінгі жасыл алаңның әр бұтасы, әр тасына дейін, жыланша ирелендеген жыра, жылғаларына дейін айқын танылады. Көк өзектің ар жағынан жіпіктей көтерілген жалғыз шаң құйындай ұшып келеді.

— Мына жалғыз қараның суырылуын-ай!

— Пой, пой-ой, шабысына болайын.

— Бағы жанған қай ат екен?

— Құлагер ме, Құлайкөк пе, кім білсін.

- Ей, мынау Қазмойын болмаса игі етті.
- Неде болса, өзі үздік келеді, енді бой бермес.
- Гуһ, шапқан сайын үдей түсетін неме ғой, жануар-ай!
- Әй, өзі қылан.
- Қайдағы қылан, баран.
- Баран, баран.
- Қылан, қылан.

Шуылдасқан жұрттың сөзінің жобасы осы. Шаңға бөгіп, сүмктей болған аттың түрі, түсі түгіл өзін көрмесе де көзі қарактылар алыстан болжап, жобалап соғады. Көк өзеке жақындағанда үзіліп шыққан түймеден қараны Ақан жазбай таныды. Талай тойда сан мәртеге жүлде алып, алыстан галай танытқан Құлагердің өзі. Баяғы шабыс, баяғы қарқын. Үдей-үдей соғады. Жалтыр мұздың үстінен сырғаната жіберген тапаяқ кенедей зулап келе жатқан сол. Акынның қанаты, акынның пырағы. Аспанға көтере салған тәтті әндей, тұла бойды шымырлатып, шырқап келеді. Жыландай шұбатылған шуда шаң Көк өзекке құлап көрінбей кетті. Екі беті алаулаған серінің көзінен бір тамшы мөлдір шық домалап түсті.

Әне, әне, тағы шаң шықты. Төрт шаң.

- Төрт ат.
- Ойпырмай, жұбын жазбай қатар келеді.
- Әне, біреуі оза бастады.
- Озды, озды!
- Алды, алды!
- Жок, ана бірі тағы бастармалатты.
- Пай, пай, шіркін тұлпарлар-ай!

Төрт ат таласа-тармаса Көк өзекке қағар түсті. Бәйге аттарын көргенде жандары шығып кетпей, әрен шыдап тұрған дала жұрты бірінің иығына бірі асылып, басып-жаншып, алға ұмтылып, тасыын деп тұр.

- Әне тағы шықты.
- Қарасы қырық шақты ат.
- Әне, тағы бір буыны көрінді.
- Тағы, тағы.
- Шаң! Шаң!
- Өрттей қаптап келеді.

Бір шаңды бір шаңға қосқан топ-топ ат шашып жіберген құмалақтай үздік-создық қылт-қылт етіп шыға беріп еді, біраздан соң балқыған қаңылтырдай бата берген қызыл күнді көкпен тірескен кою алапат тозаң басып, тұмшалап, түк көрінбей кетті. Құбыла жақ қалың түтінмен бықсып жанып,

өртеңіп жатқандай. Аспандағы қызыл шапак-өртгін алауындай. Қап-қара түгін түс киіздей тұтасып, терең ойпат бұрқ-сарқ буы бұрқыраған алып қазандай қайнап жатыр.

Әлден уақытта көк өзектің бергі қыркасынан қос түлкінің құлағындай шошаң етіп әлгі төрт ат қайта шықты. Қатар ұстаған қос домбыраның төрт шегіндей қатар сорғалап, Ерейменнің бөктерін күйге бөлеп келеді.

- Әй, әлгі жалғыз қара қайда?
- Үздік еді ғой, қайда көрінбей кетті?
- Не болды?
- Не болды?
- Сүрінбесе игі етті!
- Құламаса игі етті!
- Қалып қойды.
- Әне, көрінді.
- Ол емес.
- Мына төртеудің ішінде.
- Жок, мұнда жок.
- Кәдік болды.
- Кәдік!
- Кәдік!

Көсіле салған төрт атты көргенде Ақанның арқасынан мұздай тер шып-шып шықты. Кен, жазық маңдайында бөрткен тер маржандай мөлдіреп, тынысы тарылып, кешкі таза ауа жетпей барады. «Апыр-ай, не болды, не болды. Мыналардың ішінде болса игі етті. Жок. Жок, бірі де ұқсамайды. Қайда, қайда? Тағы не сұмдық болды. Апырай, жүрегі құрғыр алып ұшып, неге дүрсілдеп кетті. Тулап барады ғой. Сап-сап. Шыда, шыда. Бұл не? Дүние төңкеріліп барады. Аспанның қарайып бара жатқаны несі. Мынау жер ме, аспан ба? Жұрт не деп шулайды. Құлагер дей ме? Пырағым, қанатым!» Сары аттың үстіндегі Ақан көзі қарауытып, теңселіп кетті. Түк көрмей, түк естімей, көзінің алды бұлдырап, тұнып барады.

Төрт ат ақырғы күштерін салып, көмбеге таласа-тармаса жетіп, дая ағашынан біреуі озық өтті. Ақ көбіктері екі жағына жалп-жалп түсіп, аяқтары бытырай шапқан аттар салп-салп етіп, әбден титықтап қалған. Аспан да, жер де қиқу. Ең алдымен өткен Құлайкөктің басындағы Батыраштың баласы:

— Төрт ауыл, Бекайда-ар!— деп шырылдап, Құлайкөкті қос өкпеге тепкілеп, өте шықты.

— Бактияр, Акшабдар,— деп, көне, жана ұранын қоса айғайлап, үйсін қызы:

— Алдиярлап — алшын;

— Бегайдарлап — тағы да Топайкөк өтті.

Ат келе жатқан жол қым-қуыт. Ыстыққа барлығып, даусы қарлыққан бәйге балалары інір түскенше шырылдап өте берді.

— Қаптағайлап — наймандар мен матайлар;

— Үйбастап — қыпшақтар;

— Бөрібайлап — керей, уақтар.

— Барлыбайлап — бәсентиындар.

— Тілеубайлап — тобықтылар.

— Арқалап — сұлтан жұрнақтарының аттары өтіп жатыр.

«Қарақайлаған» бірі жоқ. Қарақай аты Құлагер жоқ.

— Құлагер қайда, Құлагер?!

— Құлакөк келеді дегенім қайда.

— Ах-ха-ха!

— Солай ма екен!

— Жоқ, бір жазым болған шығар,— деп сәуегейлер озып келген аттардың соңынан ұшып, желдетіп жүрген жүйріктерге анталады.

Акан ештеме естіген жоқ. Екі құлағы тарс бітіп, басы зеніп, құбылаға қарай атының басын қоя берді. Көзден жас бұршақтап ұшыратып келеді.

Ереймен тауының ығынан қара құрымдай қалың бұлт шығып, тыс-тырақай, быт-шыт боп сендей соғылып, мағынасыз жүгіріскен құмырсқаның илеуіндегі жұртты атматымен бірақ бұріп әкететін алып бүркітше төніп, қанатын жайып келеді. Дала қапырық тартып, алыстан дымқыл жауын иісі білінді. Қас қарайып, көз байлана бере бес жүз аттың тұяғы қазып кеткен борпылдақ жерге ақынның көз жасындай жылы тамшылар көктен секіріп, топ-топ түсе бастады.

* * *

Көк өзекке құлдырап кеп дара түскен Құлагердің басын Мөңке сәл тежей берген. Көктемде су жырған терең көне жолдың жиегімен, ойлы-қырлы жерден орғи өтіп, басын шайқап-шайқап жұлқыған Құлагер қамшылар жағынан ұшыртып, жанамалай келіп қосылған қарақасқа атты біреуді көзі шалып қалды. Әлібектің қарабедеуіндегі ұшқыр неме екен. Жер астынан шыққандай тосын тоспадан пайда болған

аузы-мұрны тұмшаланған сұсты адамнан Құлагер үріккен жок. Орта жолда белгі алуға тұрған біреу шығар деп ойлады. Мұндай жарыстарда жолдан қосылған аттылар әрең ілесіп, белгі алып қала беретін.

— Шылбырынды көтер, шылбырынды жина, шылбырынды,— деп әлгі адамның маңкылдап айғайлағанын анық естіді.

О, ғажап! Жат адам қатарласа шауып, қолын шылбырға соза берген. Созылған қол адам емес, айбалта құсап кетті Құлагерге. Жарқ еткен айбалта аспанға көтеріле бергендей болып еді, құлақ шекесінен бірдеме сарт етті. Басы шын етіп, көзінің алды жарқ етіп есі ауып, қалай омақаса түскенін білмей қалды. Бел омыртқасы да кілт еткендей болды. Үстіндегі Мөңкенін қалай ұшып кеткенін де аңғармады. Ғұмырында бірінші рет сүрінуі, бірінші рет құлауы. Ағындап келе жатқан бойы, аяғы оқыс шалысып, мойны қайырыла оңбай түсті. Мөңке қайда? Аман ба екен о байғұс?

Құлагер жан дәрменде дүр сілкініп атып тұрды. Қалай кісінеп жібергенін де аңғармай қалды. Жалбарынған ашы үнге кең өзек жанғырықты. Анадая жерде домалаған Мөңке де сүйретіле тұрып жатыр. Қолтығы дірілдеп, балаға қарай тізгіні шұбатылып атғай беріп еді, белі майысып қираландап, тілерсегі үзіліп, шонқиып барып, тағы құлады. Басы зеңгіп, астындағы жер дөнбекшіп, өзін шыр көбелек айналдырып әкетіп барады. Үрейлі көзіне Есілдің мұзындай көгілдір аспан түсіп, үстіне жақындап қалғандай болып еді, енді алаулап жанып, қып-қызыл қанға айналып кетті. Шекесінен шып-шып аққан жылымшы қан көзіне кұйыла берді. Тынысы тарылып, көмейінен өзі бұрын естімеген қорыл шықты. Кеңсірігі бітеліп танауы желп-желп ететіні несі... Ақнанның қызылшұнақ аязында тер қатқандай, тұла бойы жыбырлап, дірілдеп барады ғой.

Әлден уақытта жерге жабысқан құлағына ат тұяғының дүбірі естілгендей болды. Біреу емес, бірнеше аттын дүбірі. Жерді солқылдатып таянып қалды. Бағанағы аттар-ау, тегі. Дәрменсіз жатқан бұған қайрылмастан, тоқтамастан тура арқа тұсынан сартылдатып өтіп барады. «Бұлары несі?» Бұтақтан құлап, қауырсын қанаты қайырылып жатқан балапан торғайды да несі әдейі үстінен түсіп көтеріп алушы еді. Торғай күрлы болмағаны ма? Балалықпен байқамай барады-ау. Қап әттеген-ай, бұлар бұрын жететін болды-ау». Ет қызуымен тағы тұра беріп еді, ұйыған, үйелеген ауыр

денесін көтере алмады. Басын зорға кегжитіп, тағы кісінеді. Бұл жылқы болып соңғы кісінеуі еді. Басы сылқ етіп, қайта құлады. Ұйи бастаған кою қанға жағы шылқ етті. Құлагер қатты күрсініп, талықсып жатып, бұлдыр ойға кетті. Анда-санда қасынан дүбірлете өтіп жатқан аттарды енді елемеді.

«Ақан қайда екен? Қадірлі ием күтіп қалды-ау. Шынымен жарыса алмайтын болдым ба? Шіркін-ай, бауырым жазылып, енді ғана еркін көсіліп ем. Жалғыз шапқаннан гөрі, көп атпен қатар жарысып күш сынасқан қандай қызық. Жыпырлаған жұрттын алдынан құйындай ұшып, жер жанғырған көптің даусын естіген қандай рақат! Қанша шаршан, әлсіреп келе жатсан да адам даусы қанат бітіріп, көтеріп әкестеді-ау. Шіркін, адам дауысы! Адам!

Бірақ, адам қолынан қиянат та келгені ме?.. Жанағы жат адамның қолындағы не? Айбалта емес пе?! Соны сілтегендей болмады ма? Жок, мүмкін емес. Адам баласы мал-жанның жауы дала бөрісін ғана соғып өлтіреді. Жылқыны өйтпейді. Көп болса, қамшымен ұрып, шабан, сау аттарды аздап жазалайды. Артынан суарып, жем беріп, қайта бабын таппай ма!.. Бірақ, күздің қара суығында Қаратал түбінде бір құнанның төрт аяғын көктен келтіріп, нышақтары жалаңдаған екі-үш адам қарнын ақтарып, бұтарлап жатқаны қайда? Оны неге сойды? Қалай өлтірді? Оны Құлагер көрген жоқ. Қара сақал бір шал құнанның белтамырын алып жатқанда үстіне келіп, үрейленіп, үріккені қайда. Ақан бұған қанды көрсетпей алып кеткен. Жок, оның бір себебі болған шығар. Өзін де піштірген кезде төрт аяғынан буып, солай жықпап па еді.

Адам баласының қолынан бәрі келеді, бар мақұлықты үйретеді.

Жабағы кезінде «Кіші Қараой» жағында қысқы тебінде жүрген кезінде құрықтан сескеніп, үнемі жалғыз жайылатын. Жел өтіне маңдайын төсеп, ақ қардың үстінде жылқылардан бөлек жататын бұған кейде жас балалар құрық салып, ұстамақшы болатын. Топ жылқының ортасында жүрсең оңай ұсталасын. Жеке шапқан сабалақ жүн құла жабағы қанша қуса да ұсатпай, балаларды кешке дейін өүрге салып, ақыры айдалаға тастап үйірге қарай құйғытатын. Үлкендер жағы «қашаған болады, кумандар» деп балаларға ұрсып, қойызушы еді. Құла жабағы әсіресе, басқа салт аттыларды көріп, өзінің үстіне біреудің мінетінінен қорқатын. Бірақ, ол қорқынышка да еті өлді.

Мұның тай болған шағы еді. Бір күні жылқышы шал алдаусыратып келіп ұстап алып, екі-үш адам жабылып басына жүген салып, құлағынан күнжита басып тұрып, үстіне бір жігітті мінгізген. Бұл аласұрып, мөнкіп, ерсіз жайдақ мінген жас жігітті үстінен түсіргісі келіп тулаған. Шалқасынан түсіп құлап та көрген. Бірақ ұзын қыл арқаннан ұстаған жылқышы айырылмай, өткі«р бишікпен біраз шықпыртып, әлгі жігітті қайта мінгізген. Алғаш рет адамнан таяқ жегені де со жолы. Жігіт қолтығының астына аяғын тығып жіберіп, шоктығына жабысып, айырылар емес. Қолтығының қытығы келген құла тай жанұшырып арқанды кере тартып, шыр көбелек шапқылай берді. Басы айнала бастағанда арқанды шешіп алып, босатып жіберген. Еркіндік алған құла тай аспанға қарғып, шынғырып, айдалаға ала қашып, құйындай ұшты. Үйірде оттап жүрген анасы көк бие мұның шұркыраған үніне басын көтеріп, елегзіп, құлағын қайшылап караған да, «ештеме етпейді, тентегім, жылқы баласының жазуы солай» деп жай ғана оқырана кісінеп, басын қайтадан жерге салған.

Сол күні құла тай бір төбені бір төбеге қосып, айдалада ессіз шаба берді. Күн тас төбеден ауған кезде бір түп тобылғы арасынан үйірінен адасып, ұйықтап қалған елік тұра қашты. Әлі аузынан ана сүті арылмаған арда емген құла тай үстіндегі адамды ұмытып, бала мінезі ұстан, әлгі елікпен ұзақ жарысты. Әбден титықтап, әлсіреген елік екі жаққа бұлтандап жалт беріп қызылға кіріп кеткенде, еті қызған құла тай тоқтамай шаба берді. Далаға салған інінен жер бауырлап ұша берген ұялы қос итала қазбен де бірге жарысып, олар биіктеп кеткенде барып, ауылға қарай зымырады.

Жұрт орынға отырған кезде бір-ақ оралған құла тай со жолы ап соккандай теңселіп, қатты шаршады. Екі-үш күннен соң бастығып та кетті. Тек көпке дейін ауыздыққа ғана үйренбей, кермек татыған темірді аузынан шығара алмай қашырлата шайнап әлек болатын. Тілін қайда қоярын білмей, аузын арандай аша беретін. Ақыры оған да көндікті. Сол күннен былай жылқышылар да бұған аса мейірімі түсіп, сылап-сипап бағатын болды. Біреу басына міне қалса, тақыммен ғана жүргізіп, қайтып қамшы салмады.

Адам баласы өте мейірімді!

Мұның құнан шыққан кезі еді. Үстіндегі құла жүндерінен гөрі қолтығындағы, шап тұсындағы, жонындағы алтын жүндері көбейіп, құла тай «Кер құнан», «Кұлагер» атана бастады. Бір күні Елторы деген сыншы келіп, құйрық-жалына

дейін қарап, тандайын қағып, жерге түкірді. Содан былай бұған құда түсушілер көбейіп кетті.

Ақыры осы күнгі иесі Ақан Шөкетай деген кісіден сатып алды. Біраз дүние беріп, бұлдап алса керек.

Ақан не деген мейірімді жан еді. Кер құнанды баласындай бакты. Өзі туған Қараталдың түбінен бұған арнап жеке құдық қазғызды. Жаздың ыстығында көлдің жылымшы суына суармай, қауғамен тартып, құдықтың мұздай мөлдір суын әпереді. Күнде Сары көлге апарып сабынмен шомылдырып, жал-құйрығын тарап әлпештейді. Мұндайда кер құнан керіле түсіп рақаттанып, ұмасы салбырап, маужырап тұратын. Алғашқыда отқа қоя бергенде аяғын шідерлеп, не тұсап жіберетін. Кейін қолға үйретіп алды. Ақанның қолынан тұңғыш рет кант жеп, тәттінің дәмін алған кер құнан иесінің даусы шыкса-ақ шапқылай шауып келеді. Келе ойнақ салады. Тісін батырмай ернімен жыбырлатып, иесінің құлағымен ойнап, пұшпақ бөркін ала қашады. Иесіне әбден бауыр басып алды. Осы кезде құнан жарысына түсіп, ылғи озып келетін болды.

Қалың қар түскен қыс. Құлагердің дөнен шыққан кезі. Иесі бұған қызыл қайыңнан жеке қора салып, айналасын шыңылтыр қармен аққалалап, қоршап тастады. Күн ұзын аң қуып қара сорпасы шығып келгенде қышыма болмасын деп аязға басын кегжете байлап, түн ортасы ауғанда барын осы мұздай қораға таң асырып қояды. Ондай түндерде Ақанда да ұйқы жоқ, қайта-қайта шығып, шаңытқан қыраулы арқасын сүртіп, танауына қатқан сүңгісін алып, соқталанған жал-құйрығын тарактайды. Жылы қоралардағы өтеіштер қанатын қағып шақырған танның бір кездерінде барып суарып, қарға жем төгіп, үстіне қалың жабу жауып, жылы бүркеп, мойнынан еркелете қағып, өзі де ұйықтауға кетеді.

Сол жылдың жазында алыс сапарға шығып, ұлы бәйгеге түсті. Алдынан келген Құлагер өзіне қарай лап қойған көмбедегі адамдардан үркіп, жонға ала қашты. Ұшқыр қарабедеумен қуған Ақан ысқырып шақырса да, басындағы адамға бой бермей, лағып кете берді. Иесі сол жолы қатты ашуланды. Тұла бойы дірілдеген Құлагер қамшының астына алар ма скен деп, көзі алайып үрейленіп тұрды. Бірақ, иесі тиген жоқ. «Әй, қанатым-ай, сүйте ме екен, адамнан үріккенін не, мұнша кісі-үйік болармысың, мен сені солай үйретіп пе ем» деп кейіп, артынша ұмытып кетті. Ол кезде мұның бесті шыққан кезі еді. Сол жиында әлгі мінезі үшін «Үркеккер»

атанды. Бұл — қалын жұрттан соңғы үркуі еді. Содан кейін адам баласынан үрікпейтін болды.

Құлагер өз атын жақсы біледі. Себебі, иесінен талай рет естіп, осы менің атым болар-ау деп жобалайды, ақыры дағдыланып кетіп еді. Өзін қыздай еркелететін Ақан бұған не бір жақсы аттарды қоймады: «Кертайлағым, Үркеккерім, Құлагерім, Маңманкеріп, Қурайкерім, Дүлдүлім, Қанатым, Пырағым», — деп шақырса, Құлагер еркелеп кеп иегін артады.

Әнші иесі бұған арнап, не бір тәуір әндер шығармады. «Маңмангерге» салып баяулата тамылжитқанда, бұл да ән ырғағына қарай иесін тербетіп, құйрығы бұлаңдап, ырғала басады.

Иесі ер-тұрманын әбзелдеп, мұнымен қызды ауылды көп аралаушы еді. Ақан танитын қыздарды бұл да жазбай таниды. Олар да Құлагерді көргенде қуанысып, мойнынан құшақтап, иесі құсап, маңдайынан иіскейтін. Не бір жақсы тұмар үкі болса осының кескіліне байлады. Ақанды қыз атаулы өліп-өшіп жақсы көрсе де, көбінесе жолы болмайтын сияқты. Құлагер оны қабағынан таниды. Қанша кейіп, қайғырып жүрсе де, ашулы иесі мұны бір ұрып көрген емес. Жас күнінде жеген бишіктен кейін таяқты ұмытқалы қашан. Иесінің қолындағы қамшы селтен ете қалса, қорқып ала қашатын Құлагер кейін оған үйреніп алған. Қол қамшыны иесі тек сәндік үшін ұстайтын сияқты. Оның тілегін тақым қағысынан-ақ аңғарады.

Міне, адам деген қандай мейірімді! Жылқы баласына бұдан асқан дос жоқ!

Ендеше қазір не болды? Шекесіне сокқы қайдан тиді? Әлгі бір жат адам жанаса бергенде болды бір кәдік!..

— Жоқ, адам баласы өйтпейді!

Мүмкін, нажағай түскен шығар. Мұның шекесіне тиген жай оғы болар. Ана жылы Жыланды жағында жүріп, көз алдында өлген бір биені көргені бар. Аспан жарылардай боп шатыр-түтір ете қалғанда, айдай әлем жап-жарық болып кетіп, әлде бір нәрсе сатыр етіп түскенде, жауын астында бүріскен қызыл бие мұрттай ұшқан. Бауырына тығылған құлынына ештеме дарымай, есі шыққан жас мал айдалаға безіп, шапқылап кете барған.

Бірақ, бүгін аспан шайдай ашық емес пе еді? Қайдағы жай оғы? Не де болса адам емес. Екі айғыр таласса ортасына шыбын-шіркей боп түсіп, көкке қарғыған болат тұяқтан қаймықпай, басын ажалға тігіп айыратын адам баласы тап

мұндай қатыгездікті жасамайды. Зұлымдық адам баласының қолынан келмейді. Ол тек мейірімділікке жаратылған!..»

Құлагер осының бәрін бір сәтте ойлап өтті. Қанды көзінің алдында бар тірлігі, қызықты шақтары үзік-үзік боп лезде өте шықты.

Талып жатқан Мөңке де есін жиып, ақсай басып келіп, Құлагердің үстіне құлындай түскен. Жолда бір ауылда Ақан тіктіріп берген ақ зонт көйлегін дар айырып, Құлагердің шекесіне басып, боздап отыр.

Құлагердің тынысы тарылып, демі таусылып, қорылдап, қырылдай бастады. Қап-қара бұлт төніп селдете өткен қатты жауын көзіне ұйыған қанды шайып, қараңғы аспанға соңғы рет қарады. Ақаның іздеп соңғы рет кісінегісі келді. Бірақ ерні ғана жыбырлап, дыбысы шықпады. Тұла бойы сіресіп, тартылып бара жатыр.

Осы кезде шапқылаған ат дүбірі еміс-еміс естілгендей болды да, іле «Қарағым! Қанатым!» деген иесінің дірілдеген даусы дәл құлағының түбінен шықты. Ақтық рет ышқынып, басын көтеріп алған Құлагер сары аттан домалай түсіп тізерлеп отыра кеткен Ақанның құшағына жағын төседі. Иесінің үсті де шылқылдаған су екен. Ағыл-тегіл боп аққан көз жасына малып алғандай. «Айдалада жалғыз қалдырмай, жеттің бе, үлгердің бе? Менің қазам енді жеткен шығар, ризамын саған, бакыл бол!» деп кісінігендей болды. Бірақ тағы да үні шықпай, ерні жыбырлаған күйі көзі жұмылмай қалды. Оқыс тұяқ серпіп, қинала керілген Құлагердің ашық қалған көзінде мөлтілдеген жас төгілмей тұнып тұр. Ақанның көзінен бір тамшы жас әлгі көлге үзіліп түскендей жан біткендей дір етті. Ақан аһ ұрып, он жыл серік болған аяулы досының жансыз көзін жапты.

6

Түн тастай қараңғы. Қапырық. Көкпарға гартқан қара текенің жүніндей сабалақ бұлт Ереймен аспанын қалың бүркеп, жаумай, сіресіп тұр. Айы-күні жеткен буаз биелердей қарны салбыраған бұлттар асқа тіккен үш жүз үйдің үстінен басып, төніп алған. Аспан мен жердің арасы құрық бойындай ғана. Тынысы тарылып тұр.

Пан Нұрмағанбеттің он екі канат ақ үйінің маңында да қара бұлттай торлаған қалың жұрт Бөйгеден аттар келе есін жиған жұрт жолда құлап жатқан Құлагер жайын шабандоз

балалардан естіген. Ауыздан-ауызға тараған суық хабар Құсак көлінің арғы қыркасындағы момын, марғау, жалшыларға дейін жай оғындай жеткен. Қазақ даласында бұрын-сонды мұндай сұмдықты көрмеген, естімеген жұрт жағасын ұстап, ақынға жанашыр жандар Көк өзекке жетіп, атының басын құшақтап, үнсіз күрсінген Ақанды жұбата алмай, біразы кейін оралған. Кешкі астарына да карамай, бай үйінің манын торып, үйдің ішінде күжілдеген шонжарлардың аужайын аңдып, сөз сынайларын бағып жүр.

Кешкі намаздарын оқып, Нұрмағанбет үйіне жиналған үш жүздің мықтылары бағана кейінге қалдырған күрес пен ат жарыстың бас бәйгесін бөлісу жайына тірелген. Бәйгеге арнайы бөлген адамдар өзара біраз керілдесіп отырып, ақыры бір шешімге келді: «Екі түйе балуанның күресі ит жығыс. Бәйге Әліпқали мен Жасағанға қылдай бөлінсін».

Енді ат бәйгесіне келгенде қарны алдында салбыраған месқарын біреу қырылдай отырып сөйледі:

— Мен түк түсінбеймін. Алдымен келген аттарға еш талас жоқ. Осыны кейінге қалдырып жүрген кім? Біреу таласып отыр ма? Бірінші келген Құлайкөк, одан соң ала ат...

— Көре алмаған біреудің бүлігі де... Кім өзі бас бәйгені кейінге қалдырып жүрген?!— деп киіз үйдің оң жағында қос жастыққа шынтақтап жатып, қымыз сімірген Батыраш мұртын жалады.— Көзіме түссе, көрер ем әуселесін. Бас бәйгені алдымен келген Құлайкөк алмағанда әкесінің басына берем деп жүр ме?

— Мен едім оны айтқан,— деді даусы санқ етіп, ояздан кейінірек отырған Сакқұлак. Іштегілер үрпиісе қалды. Қисайып отырған Батыраш суырша қақшиып, басын көтеріп алды. Сыртта құлак түрген біреулердің «Уап, бәркелді», «Осылай болса керек еді әділ би!» деген үндері шықты. Ұлпадай мамықты бауырына басып, аяғын керегеге қарай жіберіп, ашы суды сіміріп масайған ояз ғана басын көтерген жоқ. Тілмаш арқылы сөздерін аңғарып, ызалы отырған Анна Ивановна Сакқұлакқа көзін төңкере қарады.

— Аяғы сынған Әліпқали мен Жасаған бас бәйгені бөліскенде, айдалада мерт болған Құлагер мен Құлайкөк те бөлісетін шығар,— деп Сакқұлак оқты көзін қадады.

Үш жүздің шонжарлары жамыраса, ду етті.

— Ой, Сәке, қайдағы Құлагерді айтып отырсыз. Көзіңізбен көрмеген атты мерт болды дейсіз. Мүмкін, сүрініп өлген шығар.

— Қайдағы бір дауды бастағаныңыз не?

— Қызық екенсіз өзіңіз. Онша да мұнша жүріп жолда қалған аттын жырын жырлағанды көргенім осы.

— Мұнысы несі?

— Көз алдымызда өткен Құлайкөк алмағанда...

— Жок нәрсені көнірсіткеніңіз қалай?— Өлер ат өлді. Оның жоғын жоқтайтын не бар?

Сакқұлақ өзіне жабыла түскен мойындарында медальдары жарқыраған болыстарға тіл ката алмай, басын төмен салып, ойланып қалды.

Жалғызсыраған Сакқұлақты есік жақтан бақылаған Жайық қарт кіріп келді осы кезде. Шидем шекпенінің етегін кісе белбеуіне қайырып алған. Есіктен аттай бере, тамағын шешіп, алып, ішіндегі таксиясын киді де, бір тізерлеп отыра кетті.

— Алдияр, таксырлар. Кешу өтінем баса-көктеп кіргеніме. Құлагерді жоқтайтын мен бармын, мен аз десеңдер осы үйдің сыртында тұрған жұрт бар!— деп шасыркана сөйлегенде, бір ауыз тіл қатпай, панданып ыңырана түсіп отырған Нұрмағанбеттің көзі шарасынан шықты.

— Мынауың кім еді? Қайдан шыққан неме?!— деп сүзеген бұқаша көзілдірігінің үстінен қарады.

— Әй, Нұрмағанбет,— деді Жайық қарт енді қаһарлана түсіп.— Мынауың кім дейсің. Бұдан сыпайырақ сөз аузыңа түспеді ме?! Төрт-бес күннен бері тойына келген көп тобырыңа ас дайындап, отыңмен кіріп, күлінмен шығып жүрген көп жалшыларының бірі болсам да, кешегі Сағынай әкеңмен тұстас емес пе ем. Білгін келсе айтайын. атым Жайық, сібіріне екі рет айдалған қазақпын. Руым керей. Нағашы жұртым қарауыл. Сол қарауылдың дауын даулай келдім. Маған Құлагердің бәйгесі керек жоқ, құны керек.

— Иә, құны керек!

— Кім өлтірді, тауып берсін,— деп сырттан кіжінген біреулер айкай салды.

Шонжарлар ояз жаққа қарап еді, ол мұрты езуіне түсіп қолындағы кесені шалқалап төңкерді. Жайбарақат етпелеген күйі етке қолын салып, уыстап асап жатыр. Сөзде, дауда шаруасы жоқ.

Молдасқұрап, шакшасын қаға берген Батыраш кекете сөйледі:

— «Керей қайда барасын, Сырдың бойын жағалап» дегендей, көшіп-қонып жүріп Сарыарқаны паналап едің.

Кірме керейлер, енді жалшыларыңды бұлай дікілдетесіңдер, мүлдем азып-тозайын деген екенсіңдер. Қайда барып күн көрер екенсіңдер енді.

— Біздің камымызды ойламай-ақ кой,— деді босаға жактан біреу.

— Әй, Батыраш, сондай кыңыр сөздің не керегі бар. Бәйгенді аласың, саған карсы тұрған кім бар?!— деп еді Нұрмағанбет.

— Көлденең сөзге қуыстанған ғана кышынып кіріспей ме? Түбінде бір кәкір болған сон шыжалактайды да!— деп Жайык Батырашқа бұрылып еді, анау көзі шатынап, айқай салды:

— Әй, алжыған шал, мен сенің керейін емеспін. Қазір сакалыннан сүйретіп, бақырған текеше тепкілетермін.

— Оһ, көргенсіз! Құлагерді өлтірткен сен жауыз! Сенсің! Жауыз!

Батыраш орнынан атып тұрды.

— Не дейт, мына ит. Не дейт? Ал мен! Сен немді кыласың. Жігіттер! Жиналыңдар! Ойбай, мына керейлердің шанын қағыңдар! Жаман итіне басындырып койғандары ма,— деп ұмтыла бергенде, басқалары етегіне жармасты.

У да шу.

— Оғыр әрмен, елірмей!— деп советник Күшенұлы айғай салғанда, Батыраш басыла берді. Енді есік жакта сырттан анталағандар шулап кетті.

— Әліпкали келді!

— Әліпкали!

Екі жағында сүйенген екі жігіті бар, бір аяғын калын кигізбен қаптап, шандып, орап тастаған еңгезердей, өң жоқ, түс жоқ Әліпкали кіргенде, аруак тіріліп келгендей көрінді. Жігіттерге бой бермей, төрт тағандап үйден шығып, осылай қарай сүйретілген, ашулы, ызалы балуанды ешкім токтата алмай, ақыры қолтықтап жеткізген. Бір аяғымен аксандап әдеттенбеген жігіт, сынык аяғы жерге андаусыз тиіп қалғанда ынырана шалкалап, аппак азуларын кашырлата шайнайды. Калын қабағы түйілген жалпак бет Әліпкалидың өнінде бір қасык кан жоқ. Күнге күйген кенептей. Торсықтай шекесінен саулаған моншақтай тер күзгі ку жапырактан сорғалаған жауындай бетін жуып кеткен. Канталаған көзін отырғандарға қадап:

— Батыраш қайда, Батыраш, әкеннін!— деп арыстандай ақырып, айнала тінте карап тұрды да керегеге жабысып, жапалақша жарбайып үні шықпаған Батырашты көрді. Үй ішіндегі шонжарлар не дерін білмей қалшыып, сасып қалған.

Екі қолын жайып, уықтай саусақтарын бүркіттің тұяғынша бүрістіріп:

— Буындырып, өлтірейін!— деп екі қолтығындағы екі жігітті екі жаққа серпіп жіберіп атылған Әліпқали киіз аяғымен жер сокканда, жан даусымен айғай салып, етпетінен түсті. Дөнбектей денесі сіресіп, талып қалды.

Түйеші жігіттің о жар қылығынан өзі де үрейленіп отырған Сағынғали есін жиып:

— Алып кетіндер. Ой, өнегесіз, ұлағатсыз неме! Тәрбиесіз өскен кара күл! Әкетіндер!— деді шінгірлеп.

— Апыр-ай, сынығы ашылып кетпесе игі еді, құдай-ай,— деп басынан демеген Жайық пен бірнеше жігіт қолдасып, Әліпқалиды арыстай ғып көтеріп шықты.

Осынша опыр-топырға мән бермеген ояз тағы бір кесені төнкере салып, орыстың бір ескі өленін ынылдап, әйелін қолтықтап, теңселе басып шыға берді. Анна Ивановна мас күйеуіне қарсыласпай үнсіз ерді.

Бұл кезде кештен бері астыртын дайындап қойған Батыраштың бір топ жігіті, сойылдарын сүйретіп, дүрсілдетіп, Нұрмағанбет үйінің сыртын қоршап алған. Есік жақтан белгі күткен Батыраш енді есін жиып, беті қабарып, бұжырлары жыбырлап, орнынан атып тұрды. Артында жатқан қоныр желбегейін ашулана киіп, айғай салды:

— Әй, Нұрмағанбет, әй, керейлер! Бұл не басынғандарын. Қарауылдың жаман тышқағына бола көрінгеннен сөз естіртін. Ерегісsem ат түгілі адам өлтірем. Ал қолымды қағып көр. Қазір ісі қуандықты қаптатып, ошағынды ойрандамасам, Батыраш атым жерге кірсін. Қайсын барсын қуандыққа көлденең тұрар! Сағынайдың азасына шақырған екен десем, жаман мәстектің өліміне құран оқығалы жиналған екен ғой. Ендігі жауым, керей — сенсін!

Сырттағы жігіттер де, сойылдарымен жер соғып, дүрсілдетіп, лап қойғалы тұр.

— Токта, Батыраш.— деп тағы да араға Күшенұлы Тұрлыбек түсті. Өзінің күрсары керейіне тигізген айпара сөзге намыстанса да, сездірмей, жымысқы қулығына басты.— Ойпырм-ай, сен де бір түймедейді түйедей ғып әкетеді екенсің. Сенімен таласқан кім бар, батыреке-ау. Сонша тұлданатын не болды.

— Байқап сөйле, Түреке, енді сен түгілі ақ патшаның өзі келсе де аянарым жоқ.

Осы сөз Тұрлыбекке демесін болды.

— Батыраш, Батыраш, сөзінді қайтып ал. Ақ патшада не шаруан бар. Ол саған қуандық та, керей де емес. Байқа, байқа, арыстан айға шауып мерт болынты... Бір жолға ояздың құлағына шалдырмай-ақ қояйын,— дегенде Батыраш аңдамай жаза басқанына өкініп, сабасына түсе берді.

Осыдан соң көзілдірігін шешіп, демімен шынысын булады да, қалтасынан көл-көсір шайы орамал алып, баппен сүртті. Содан соң Нұрмағанбет маңыздана отырып, дауысы естілерестілместен сөйлеп кетті:

— Ағайындар, көңіл жықпас туыстар. Қуанышка да, қайғыға да ортақ достар. Әлі қоштасар күн алда. Әкейдін асы — той. Тойға келген жарандар ауандар-қуандар. Әлі он шақты күн жатасындар. Ойын да, думан да алда. Желінбеген, ішілмеген сыбаға да алда. Ойда жоқ жерде әлгі бір Ақан дегеннің, қаңғып келген Ақанның қаңғырып өлген атына күн түгілі, бір уыс жүн берер жайым жоқ. Қарауылдың есуас шайқысын мұнда ешкім шақырған жоқ. Өз аяғымен келді, өз аяғымен кетеді. Оған керей де, басқа да кінәлі емес. Ел кезген жын-пері, сал-серілердің өлімі де сол кер атындай болатын әдеті. Тек түсіне алмағаным — соған Сәкеннің жанының аши қалғаны. Тура биде туған жоқ, туганды биде иман жоқ, әділ биде әзіл жоқ деуші еді. Сәкеннің жай әшейін әзілі, қалжыны болар. Өзіміз ғой, кейін ұғыныса жатармыз. Ал, қазір әкейдін атына құран оқып, дәмге бата қайырайық. Енді Ақан-мақан. Құлагер-сұлагер дегенді ауызға алмайық. Кетсін әрмен, шақырусыз шайтан-сапалақ.

Басына сәлде салған имам жөткірініп алып, ынырана түсіп құранды мақамдай бастап еді, Сакқұлақ тізерлеп отырды да, жүгініп шүйліге түсіп, «тұра тұр» деген белгі берді. Асты атқару міндетін мойнына алып, бас даяшы болған Сакқұлақ той жайлы, келесі күннің қызық ойындары жайлы бірдеме айтар деп, имам да, жұрт та үнсіз қарасты.

— Уай, жәмиғат, қазақтың жақсы мен жайсаны! Үш жүздің баласының басы бірігіп отырсындар. Мұндай жиын бола бермес, енді басымыз бұлай қосылғанша кім бар, кім жоқ. Мен ертемен кететін шығармын бұл арадан, той басқарып жүріп, енді қалған жағында жазықсыз жандардың көз жасын арқалап, жайрандап жүрер жайым жоқ. Сақалым ағарғанда әділдіктен таяр, жаңылар жайым жоқ. Осы күнге дейін айдаған малым да, алған абыройым да, елге Сакқұлақ атанған атым да — әділ жолым. Оған бастаушы жалғыз жүрегім, оны айтар тіл мен жақ. Сол жүрек қартайғанша,

сол тіл мен жақ саудырап түскенше Сакқұлақ атанып калмақ. Жана Нұрмағанбет сөзін тындадыңдар. Енді мені тыңдаңдар. Кетіп бара жатқан есе қайыргым келіп, айтысқа түсіп отырғаным жоқ. Тек қана сөздің ыңғайына қарай, кесім айтайын деп отырмын. Сағынай асын естіген келер ұрпақ «апырмай, жөн-жоба білетін қазақтың бір ақсакалы болмағаны ма» деп кейімесін. Айтпай кетсем, о дүниеде құдай алдында жауапкер, ұрпақ алдында айыпкер болармын. Тыңдаңдар енді, — деп сөзді әріден, түптеп тартуға ыңғайланған Сакқұлақтың сөз сапғасынан қаймығып, Нұрмағанбет пандығын ұмытып, түлкі бұланға салды:

— Сәке, оны кейін-ақ айтпайсыз ба? Үлкен тілек үстінде, ұлы аруақтардың аты аталып отырған аста, ұсақ-түйек әңгімені қайтеміз.

Сакқұлақ паң Нұрмағанбетке мойын да бұрған жоқ, шешіліп сөйлей жөнелді.

— Сендерге мейлі ұнасын, мейлі ұнамасын. Мен Ақан жайын, Құлагер жайын сөз қылмақпын. Осы ұлы аста онан басқа не сөз қалды, оған басқа не белгі бар... Осында Ақан келгелі «қанғырған», «қанғырған» дегенді қашан кеткенше айтып, қарғаша шуласасыңдар келіп. Бұл — қазақ баласы бірінді-бірін мұқатардағы, аулыңды, руынды кемсітердегі сөзін. Қай атан қанғырмай, қай қазағың қыдырып, көшіп-қонбай күн кешіпті. Сонау қырық сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт, құба қалмақ, қара қалмақтан бері, он сан ноғайлы Ормамбеттің кезінде сахараны жайлаған қыпшақ болғалы, отыз екі баулы өзбектен тараған түрік қауымы Сырға дейін келмеп пе едің. Сырдың бойын жағалап, Қаратаудан құлдыраған қазақ кең Сарыарқаны мекен еттің. Бас-басына рудан айдар тағып, жалғанның жалпағын жайласаң да, ындының тарылып, аспандай жер ұлтарактай көрініп, бірінді кірме деп, бірінді пірге тенеісін. Үйсін, Алшын, Болат кожадан тараған үш жүздің баласы басынды қосып, бір шатырдың астында, бір биліктің қолында отырсаң да не істемес ең. Бір Болат кожадан тараған Ақ кожа қыпшақ, қоңырат, Қара кожа арғын, найманды айтпағанда бір арғыннан тараған бес сопының баласы түгілі, бір Мейрам сопыдан тараған бес ата таласа қалғанда, өліспей беріспейтін дала тағысындайсың, Маңдайыннан бақ, астыңнан тақ кетпейтіндей есіресін келіп. Жакынынды достай сыйласаң, жат бойынан түңілмей ме? Бір қауымға, бір ұсысқа бірігіп, жұмған жұдырықтай бола ма десе, далада шашылған маңдай

жайылып, өз бегінше күйсейсін. Бүгінде бір ояз келіп оқыранса, айғыр қайырған үйірдей ошарылып, сонын ығына түсіп, күйрығынды шабына тығасын. Он ояз, қырық болысына тұратын Ақандай саңлағын келсе, көрінгенін күзғындай саңғып, қарғадай шүкісын. Ақан көл еркесі аққуың, көк еркесі сұңқарын емес пе?! Ол қарауыл да, керей де емес, үш жүзіңе ортақ ерке серің, қазағынның атын тамылжыған әнімен аспанға шығарар бұлбұлын емес пе? Онын шар тарапқа ұшқан көңіл құсындай, канатындай Құлагер қазақ милләті бәйгеге қосар дүлдүлің емес пе! Ақыныңды канатынап қайырып, пырағынды шабысынан айырып, дұшпаныңды мұқатқандай жайраң қағып отырсын. Өз аяғымен келді, өз аяғымен кетсін дейсің, Нұрмағанбет. Ақан, әнші, сал-сері қашан аяғымен келіп еді. Ол халқының әнімен, салтымен, сәнімен жүрмеуші ме еді. Қашан ол рұқсат сұрап даласында шақырумен, ояздың қағазымен жүруші еді. Ақан келсе адам жүрегімен, адал жүрегімен келді. Сол жүрегі қазір қап-қара боп, өзі де, көңілі де қара жамылып, айдалада жалғыз зарлап отыр. Ол зар Ақанның ғана зары емес, ол зарлаған, Нұрмағанбет, сенің зердесіз пандығын, Батыраш сенің зұлымдығың. Мұса, сенің айлаң, үш жүздің баласы—сенің зарың, заманыңның мұны, замана шері. Ертеңгі ұрпаққа сенің бүгінгі байлығың да, бақ талас күншілдігің де жетпейді, ақынның зары жетеді. Ертең Сағынай асының орнында күл ғана, жүргында тышқанның қорығы ғана қалады. Асының атын шығаратын да Ақан, Құлагер! Қазір соның басына барып қайғысына көңул айту орнына, артынан топырақ шашып отырсын. Жоқ, сендер бір киіз үйге ғана сыйып отырған, сөлкебай таққан аз шонжарсындар. Үш жүзде мың-мың киіз үй, онын астында мың-мың қауым бар. Ол ертен сендерден Құлагердің құнын сұрайды. Жалғыз қарауыл деп отырсың ғой, бүкіл қаралы ауыл Ақаның іздейді. Әнін жоқтайды.

Ендеше Құлагерді өлтіріп, Ақанды жаралаған айыпкерді табыңдар. Оны табу қиын емес. Атты өлтірген жауыздық—күншілдіктің көленкесі. Күншілдік жүрген жерде, бірде көрініп, бірде көрінбей жүретін оның мәңгі серігі жауыздық. Құлагерді кім күндесе жауыздық та сонын қолынан келді. Табыңдар, айыбын аямай мойнына салыңдар. Сонда ғана Сағынай бір аунап түседі. Сонда ғана қазағынның аруағы риза. Сонда ғана бүгін ат өлтіріп, ертең кісіге де шенгелін салатын жауызға зауал, басқаға үлгі. Бұдан басқа айтар

билігім де, кесімім де жоқ. Сөзбен шешер әділ билік түтеленіп тозып барады. Оны да білем. Егер осы сөзім далада қалса, сөз танудан қалған қауым, сауыскандай тозған қауым сендерден де ертен кетіп, құбылаға бетімді біржола бұрам.

Ендігі әділдікті о дүниеден тіледім!

Орнынан бүгілмей тік көтерілген қапсағай Сакқулак маңдайы қасқып, ақ сакалы желбіреп шыға берді.

Отырғандар:

— Мына шал алжиын деген шығар!

— Мұны да бір түлен түрткен екен!

— Өлер шағындағы бір есірігі болар!— деп оқты көзімен шығарып салды.

* * *

Измайлов пен Анна Ивановнаның соңынан Павлодар оязы Ферафонтов та тысқа шыққан. Дуылдаса кергілескен көп жиынның қапырығынан құтылған бұлар желпініп түнгі даланы кезіп, ұйқы алдында серуендеп, ұзақ жүрді. Масандау Измайлов та сәл тәлтіректей басып:

— Аяғым ұйып қалыпты, әлгі қазақтар аяқтарын бауырына алып, мола қара құсынша тапжылмай ұзақ отыруға қалай талмайды.— деп еді, Ферафонтов кулана күлді:

— Оның өзі Петр Акакиевич. дала табиғатына байланысты ғой. Дала тіршілігі де, сол адамдардың жаратылысындай бейғам, бір отырған жерінде тым-тырыс мүлги беретін қалғыған тіршілік емес пе? Бұлар да аяғын кең көсіліп, белін жазар ма екен?

— Өзіміз кең көсілсек болмай ма, олардың қамын ойлап шашыңызды ағартып қайтесіз?— деп Измайлов ықылық атты.

— Әрине, әрине, мен әшейін сөздің ретімен.

— Егер ел басқарған сіздер мұндай ойда болсаңыздар, бұл дала өлі көрпесін қалың қымтып, ұйықтап та кететін шығар.— деп Анна Ивановна қосылды.

Кешеден бері тым еркінсініп, тілмашына дейін қасынан қуып, Ақанмен серуен құрған әйелінің қылығы ұнамаған Измайлов кекесінмен сөйледі:

— Егер ұйықтап кетсе, түртіп оятар сіз барсыз ғой, Анна Ивановна. Сіздің қолыңыздан ақындардың сезімін ояту да келеді.

Арақтың қызуымен өрескел сөйлеген күйеуінің сөзі ұнамаған Анна Ивановна сықылықтап күлді.

— Егер ондай өнер болса, мен өзімді бакытты санар едім. Бірақ дала казактары менен гөрі бакыттырак екен. Олар менін сезімімді бұрынырак оятты ма деймін,— деп кесір сөйлеп, тағы күлді.— Аз күн болсам да, көп араласқан сіздерден гөрі осы кен даланын келбетін де жітірек көргендеймін. Казак даласы тұнып тұрған ән екен. Казак азаматынын өн бойы толып тұрған өнер екен. Мұнда да байлық пен қайыршылық, зорлық-зомбылық пен момын көнбістік түн мен күндей қатар өмір сүреді екен. Көне заманнан бергі халық тарихы кітапта емес, әр адамның аузымен айтылып, жадында жатталалы екен. Жер-су, тау-тас, өзен-көл қағазға түспегенмен, әрқайсысының көзінен көрінеді екен.

Казак жұртымен қоян-қолтық араласуды мақсат еткен зерделі әйелдің мына көргендігі, шешенсуі Ферафоновка да ұнамады. Бірақ, тәрбиелі орыс қауымынан шыққан аксүйек әйелдің алдында сыпайылығынан жанылған жоқ. Жаратпаған пішінін қалжыңға жеңдіріп, жеңіл ғана іліп сөйледі:

— Сіз өзіңіз бөтен жұрттын тарихын зерттеуге бейім екенсіз. Тарихшы-географ болуға лайықсыз. Тегі, осы жаққа миссионерлік міндет атқаруыңызға да болады. Құдайтағала бізге ондай қабілетті бермеген. Біздің міндет малша жайылған қаранғы жұртқа жон-жосық үйретіп, бір жобаға келтіру ғана ғой,— деп күлді.

— Онда жанаты жерде сол міндеттеріңізді неге атқармадыныздар? Казактар екі дай боп дауласып жатқанда, бір сөз айтпай шығып кеткендерің не? Әділдік айтып, жөнсіз кеткендерді түзейтін сіздер емессіздер ме?

— О-о, Анна Ивановна, егер казак арасындағы ру таласы, бәйге таласы сияқты ұсақ-түйекке араласа берсек, бар уақытымыз сонымен кетер еді.

— Бір елдің адамы екінші елге келгенде «бар болғаны жөн-жоба үйретіп, дұрыс жолға салып жүрміз» дегенді қалай шімірікпей айтады. Ондай сөзді қырғыздардың миына кұйыныздар. Ал, маған, «бұл жердің дариядай кен жері, ұштан-геніз байлығы қызықтырады» деп турасын неге айтпайсыздар. Сондай бүркеме, жалған сөздің не керегі бар. Әлде мені надан деп ұғасыздар ма?.. Жарайды, байқаймын. жауап бергілеріңіз келмейді. Мен де жауап күтін сұрағам жоқ. Ал енді сіздіңше ұсақ-түйек нәрсе не?

— Анна Ивановна, сіз кейде баланын сұрағын қояды екенсіз. Бір ат өлген екен деп, сол үшін кейбіреулер шашын

жұлып байбалам салады. Иті өлсе де күндейтын казактардын одан баска ермегі де жоқ. Үй арасындағы ұсақ даудан аса алмайтын күйкі тіршілік.

— Егер сол ұсақ даудың астында үлкен қасірет жатса қалай дер едіңіз. Жалғыз адамның, акын, әнші адамның аты мерг болып, байлардың дегені болып жатса, ол сізге ұсақ көрінеді ғой. Оның астарында не барын көргіңіз келмейді.

— Аннушка, қойшы, құдай үшін,— деп Измайлов араласты.— Әлгі бір композитордың аты болмаса, сен осынша таусылмас ен, кешіре гөр, тап біз үшін иткүсты әнгімелеудің қажеті аз.

Анна Ивановна таза ауаны құныға жұтып, енді өзімен-өзі сөйлескендей болды:

— Эх, шіркін, қырғыз-қайсақ не деген бақытты, әрі бақытсыз ел еді. Ғасырлар бойы қалыптасқан цивилизациялық құлашы кең Россияға бағынған мал сияқты жайылған халық бақытты да, бірақ сіздердей бақташыларға кезіккен олар не деген бақытсыз, сорлылар еді!— деп ызалы күліп жіберді. Екі ояз бұдан әрі сөз жарыстырғысы келмей, үнсіз қалды...

Құсақ көлінің қырқасына дейін барып, кейін үнсіз оралған Анна Ивановна тағы да әлгі әнгімені тірілтті.

— Сіздер ғой, ит-құс, ұсақ-сүйек дейсіздер. Менің есіме Царскосельский бакшасындағы бір қызық көрініс түсіп келеді,— делі.

— Е, одан да соны айтшы.

— Мынау алыс түкпірде — «Аляскада» жатқан бізге қала тіршілігінен жаналық айтыңызшы,— деп екі ояз әйелді ортаға ала қолқалады.

— Екатерина II өмір бойы кешкен патшалық өмірдің ішінде ит жүгіртіп, аң аулауды қызық көрген екен. Неше түрлі асыл иттерді ұстаған. Әр сапарға шыққан сайын иттерінің, аттарының жеміне дейін есептетіп, қанша адамды ертін жүрген. Бір күні кішкентай левреткасы Земира қайтыс болады. Патша қатты қамығып, ұзақ төсек тартып жатып алыпты,— деп бастады Анна Ивановна.

— Қойыңызшы, тап ұйтпеген шығар,— деп Ферафонтов күліп жіберді.

— Мен сізге өтірік айтып, ақы алайын деген ниетім жоқ.

— Ғафу, айта беріңіз, қызық екен.

— Сарғайып жүдеген императрица граф Сегюрды шақырып алып: «Сүйікті марқұм қаншыққа жоқтау өлен-эпитафия

жазыңыз» деп бұйрық етеді. Бұрын бір-екі рет алыстан көргені болмаса, иттің өмірбаянына онша қанық емес граф қысылып, өтірігім шығып қалса жаза тартармын деп үрейленіп, амалсыздан императрицаның өзінен итінің қасиетін сұрайды. Екатерина II: «Земираның тұқымы асыл еді. Том мен Ледея деген ағылшынның екі тамаша итінен туған, жаратылысы бөлек қаншық. Бет-аузынды жалап, аймалағанда адамнан да асқан қылықты, сүйкімді болатын. Анда-санда ашуланып, тістеп алатын ызақорлығы да бар еді» деп итінің мінезін қайтыра отырып баяндайды. Земираның қадір-қасиетіне қанған граф Сегюр күні-түні қағаздан бас алмай, көп ойланып, көп қиналып, «Еритаріхе де Земіре» деген өлең жазыпты.

Императрица бұл өлеңге қатты риза болып, көңілі толып, Царскосельский бақшасына көмген итінің басындағы құлпы тастың бетіне ойғызыпты...

Екатерина II тағы бір итіне өзі эпиграфия шығарып, өз қолымен былай деп жазған:

Под камнем симъ лежитъ
Дюшесса Андерсонъ,
Которою укушень
Искусный Рожерсонъ,—

деп Анна Ивановна күле түсіп әңгіме етті.

— Рожерсоны кім болды екен?

— Ол императрицаның лейб-дәрігері болса керек. Әр итіне жеке-жеке дәрігер, күтуші ұстаған ғой. Иттерді жерлеген Царскосельский бағында әлгі жазулы тастар осы күнге дейін тұр. Императрицаның бұл өнері кезінде аса дәріптеліп, кейін неше түрлі мадақ сөздер бүкіл Россияның саяси журналында басылған... Бұған қалай дейсіздер, ит-құсты сөз етпейтін уезд начальниктері,— деп Анна әңгіме аяғын бір-ақ сылқ еткізді.

Императрица иттерінің өлімін тағы да астағы оқиғаға өкелтірген Анна Ивановнаның сөзінен сон Ферафоновтың қарқылдап тұрып, рақаттана күлді. Күлкісінде ыза, зіл бар. Измайлов та қосыла күлген болды. Бірақ тез тыйылды. Осы біз неге күлдік дегендей сымдай гартылған денесі, тік, ұзын бойлы оязға жатырқағандай қарады.

Ферафонов күлкісіндегі жарықшақты таныған Анна Ивановна да қосыла, кекете күлді:

— Ваше благородие, уезд начальниги, сиз тым узак күлдініз, тегі императрицаның кылыгы дала казактарынын кылыгынан да сорақы боп көрінді ғой деймін.

— Атаманыз, Анна Ивановна,— деп күлкисін күрт доғарған Ферафонтов байсалдана, калды,— менің күлгенім біздің үйде де тап сиз сияқты нәзік жүректі орыс әйелі бар. Бұратана халыктарға онын жаны ашып, еті ауырып отырады әрқашан. Сіз де сондай, бір калыптан шыққандайсыз.

— Өйткені біз Россияны жақсы көреміз. Орыс халқы өз Отанын сондықтан да анаға теңейтін болса керек. Россияның ұлылығын басқа жұрт та анасындай сыйлап, түсінсе екен дейміз.

— Сіз Анна Ивановна, тым тереңірек кеттініз. Кыргыз-кайсақ даласына ондай тереңдік жүрмейді. мұндағы тіршіліктің бәрі жердің бір елі қыртысынан, әрі кеткен шөп тамырынан аспайды. Оған «Россия матушка» дегеннен гөрі, «Россия — власть!» дегенді ұғындырған пайдалы. Әрі төте жол.

— Не деген қатыгез адамсыздар,— деп Анна Ивановна мырс етіп, ернін шүйіре күлді.— Жерін жерлен, суын сулап отырып, осындай сөздерді айтуға қалай ұялмайсыздар.

— Аннушка, Аннушка,— деп тағы да ықылық атып Измайлов қосылды,— біз мұнда жер, су таба алмай келген жокпыз. Ұлы Россияның болашағы үшін енбек етіп жүрген жандармыз.

— Солай, солай. Россияның шекарасын кенітіп, колониясын көбейту үшін жүрмін деніздер. Ол түсінікті. Бірақ сол үшін орыс халқының қасиетін құрбан етуге бола ма?

— Ол қандай қасиет, Аннушка?

— Сіздер білмейсіздер, немесе білгілеріңіз келмейді. Қазак жерінде аз болсам да менің байқағаным жергілікті халық «сары орыстың бәрі орыс» деп, орыс әйелінің бәрін «мәтүшке» яғни «матушка» немесе «маржа» дейтін көрінеді.

— Маржасы не?

— Ол Мария деген аттан шыққан. Орыс әйелдерінің бәрінің аты Мария деп ұққан.

— Айттым ғой, бұл қырғыздар өте сауатсыз, қараңғы жабайы халық.

— Жок, ол жабайылықтан емес,— деп Анна Ивановна іле арашалай түсті.— Ол пікірдің бәрі әлгі айтқан «сары орыстың бәрі орыс» деген пікірден шыққан. Орыс әкімдерінің бәрін

мұрты тікірейген, шегір көз нойыс, қатыгез, жауыз деп бағалайды екен.

— Окім адам қай халыққа да жақпайтыны ежелден белгілі. Ал, енді, осы қырғыз-қайсақтарын орыстын қай жақсысын біледі екен, оны аңғардыңыз ба?— деп Ферафонтов өз сұрағына өзі жауап берді.— Ешқайсысын білмейді. Міне, қараңғылық қайда!

— Неге білмесін, біледі. Орыстын Пушкинін де, Крыловын да біледі. Тіпті Евгений Онегиннің Татьянасын да өлеңге қосады. Қазақ даласында айлауда жүрген Достоевскийді де, қазақ фольклорын жинаушы Потанин, Радловтарды да қадір гұтады екен.

— Е, олар да жанағы өзіннің айтқан колониялық саясат үшін енбек етіп жүргендер емес пе? Оларды да қадірлейді деңіз.

— Мейлі, халықтың әдет-салтынын, ғұрпының тарихын зерттеуші ғалымдарды жабайы адамдарыңыз да бағалай біледі. Дос боп келіп, құшақ жая аралассаң, қазақ жұрты — жерінің бетіндегі байлық қана емес, жерінің астындағы қазынасын да аямайтын жомарт халық. Тек оған орыс адамын жеккөрінішті етуге қакымыз жоқ. Мен сіздердей болсам, өзімнің орыстығыма ұялған болар едім!

— Охо, сіз өзіңіз демократ екенсіз. Бұртана халықтарға ондай демократияңыз жүрмейді. Оны бәрібір олар түсінбейді де!— деп Ферафонтов нығарлай, қызбалана сөйледі.

— Сіз неге түсіндірмейсіз.

— Нені түсіндіруім керек, қалай?

Сөз аяғы айтысқа айналды.

— Ваше благородие, сіз ғой менімен сыпайы, тәрбиелі тілмен сөйлесесіз. Ал, қазақ әйелдерімен, тіпті ерлерімен солай сөйлесіп көрдіңіз бе?

— Қараңғы халық сыпайылықты түсінбейді, аюды үйрететін таяқ қана, ал сіз оқыған, тәрбиелі жерден шыққан адамсыз ғой, неге өзіңізді малдармен қатар қоясыз, ғафу етіңіз, Анна Ивановна!

— Мен қараңғы халықты сіз үйрете ме десем, сіз олардан үйреніп жүр екенсіз ғой. Әйтпесе сыпайылық сіздің тарапыңыздан болса керек еді. Білімділігіңіз, мәдениеттілігіңіз қайда, орыс адамының ақсүйектік қасиеті қайда?! Сіз қараңғы халық түк түсінбейтін кеше деліңіз. Сізбен «Ваше благородие» деп қана сөйлеседі. Ал «тамыр» деп атап көрді ме?

Екі ояз да оқыс күліп жіберді.

— Аннушка, егер олар мені «тамыр» десе, табан аузында аяқ-қолына бұғау тағып, Сібірге айдатар ем. Ондай қорлынын Ақмоланын мұжығы ғана көтереді. «Балықшыны балықшы алыстан таниды» деп бір-біріне қойған аттарынын ұсқынын қарашы. «Әй, тамыр», «Әй, знаком» дейді.

— Петя, сен сол сөздердің не екенін алдымен білдің бе?

— Білгім де келмейді.

— Ендеше мен айтайын, «знакым» дегені «знакомый», өзіміздің таныс адам, бөтен емес, жат емес дегені. Ал тамыр дегені корень дегені. Оны әрине, мұжықтарға ғана айғады.

— Мейлі, соларға-ақ айтсын. Жер жыртып, егін егуді үйреткен мұжықтарды-ақ туысқан десін. Біз оларға егін егіп, тамыр бола алмадық.

— Әрине. бола алмайсыздар, сіздердің еккеніңіз басқа егін ғой.

— Ол қандай егін тағы да.

— Шовинизм егіні, дұшпандық, жаулық егін, колонизация егіні. Сондықтан да сіздерді орыс «ұлығы», «ұлықтар» дейді. Яғни, ұлыған қасқырлар, жыртқыштар дегені.

Екі ояз да түршігіп қатты жөткірінді.

Әйелінің тым еркін, ашық сөйлеген саяси қате сөздерінен тітіркеніп кеткен Измайлов, сөз төркінін жұмсартқысы келді.

— Милая Аннушка, осы сөздерін этимологиясын қайдан естіп жүрсің, кім үйретті?

— Ешкім үйреткен жоқ. Сұраған соң Ақан айтты. Кешегі аты өлген Ақан. Оқығаны аз болса да, түсінігі бай, не деген зерделі адам?

— Бәсе, өзі де аты өлсе өлгендей екен ғой, — деп Ферафонов темекісін тұтатты. Анна Ивановнадан кешірім сұрамай, сыпайылықты да ұмытып, темекісін ызылана сорып, аузы-мұрнынан түтінді будақтаға шығарады.

— Бізде Байжанов Мұса деген Павлодар уезінен шығып бүкіл Семипалатинск губерниясына ылаң салып, бүлдіріп жүрген сотқар бар. Орысша білетініне қарап, көтермелеп, старшина сайлап едік, бұрынғыдан бетер құтырды. Бүкірді көр ғана түзейді деген рас екен. Қазір қашып жүр. Бұл ақын дегеннің бәрі бунтарь.

— Егер, бунтарь болмаса ақын да болмас еді. Бір қызығы Ақан да орысша жақсы сөйлейді, логикасы қандай!.. — деп Анна Ивановна ызалы ояздардың тәнін ауыртып, одан сайын шымшып алды.

– Сөйлөтөргүзүмүз эли. Оларга орысша үйрөтпөк түгүлү, касына жакын жуурутудын өзі күнө.

Бүлар тагы да үнсиз ұзақ жүрүп, кииз үйлерине карай беттеди. Әркайсысы өзінше ойда келеди. Тыныштыкты Ферефонтов бұзды. Бұл жолы Измайловка күле карап, коркыта сөйлөди:

– Петр Акакиевич, сиз социал-демократиялык пикирдеги адаммен калай корыкпай бирге тұрасыз, таңым бар. Кейин өзіңиз де осы пикирдин туткынында кала көрмениз әйтеуір. Анна Ивановна, сиз аса көрікті әйелсиз, сиздин еңсениз еріңиздин алдында тым биик, тегі Петр Акакиевичті Петербургке кайта алып кетерсиз мына түріңизбен. Әрине, департаментке емес, жасырын ұйымдардын бирине. Мына пикиріңизбен кыргыз даласында орыс офицерин ұстап тұру Россия патшалыгына онша колайлы болмас.

Измайлов шын үрейленіп:

– Аннушканың әшейин бизге онашада жасаған назы, еркелігі ғой, – деп ыржалактады.

Анна Иванова да күлген болды.

– Ваше благородие, егер Россия патшалыгы орыс офицеринин әйелдеринин пикирине гана назар аударса, сиз де онша сенімди адам болмағаныңыз ғой: әлгінде гана «биздин үйде де буратана халыкка жаны ашитын нәзік жүректі орыс әйелі бар» дегеніңизден танбайтын шығарсыз, – деп алдын ала карғаша салып, оран тастады.

Ферефоновтын денесі мүп-мүздай боп, түршігип кетті. Анна Ивановна екі оязды колтыктап ұстап, тербеле сөйлеп келе жаткан. Қолына жұка кара бнялай киген, жені ұзын кара көйлекті әйел, билегіне оралған кара жыландай сезілді.

– Әңгіме биздин үйдегі әйелдин жүрегі туралы гана еді. Сиздин сөзіңиз де тым нәзік, пикиріңиз де тым айкынырак секілді екен, Анна Ивановна. Бір семьяда екі пикир, екі ой болу – Ұлы Россия империясының соры ғой, – деді.

Анна да колын тартып алып, шамыркана түсті.

– Екі пикирлі, екі Россиянын барын да ұмытпаныз, Ваше благородие! Россияга кай пикирдин сор екенін болашак көрсетер. Ұлы Россиянын тағдыры орыс семьясынан басталмак! – деп Анна Ивановна караңгыда Ферафоновка жиіркене карагандай болды. – Петя, енді үйге барайықшы, ұйкым келе бастады.

– Ал ертеңге дейін сау-саламат болыңыз. Жаксы жатып, жай тұрыңыз. Кыргыз-кайсақтың меніреу даласында, алыста

жүрүп өзара айтылган кажетсиз әнгимелерге ғафу етініз, — деп Ферафонтовка қолын ұсынған Измайлов қолайсыздықты жуып-шайғысы келіп, қоштасты.

Анна Ивановнанын өні кашып, сырттан жүдеп келген бойы, салулытөсекке шешініп, салқын атлас көрпенің астына кіріп кетті. Күйеуімен сөйлескен жоқ.

Ұйқысы шайдай ашылып, не істерін білмеген ояз, енді көнілін хатпен жұбатқысы келді. Петербургтегі бір жолдасына жазған бүктеулі хатын алып, қайталап оқыды да, соңғы абзацын жазды:

«Қымбатты досым, тағы да айтам. Семипалатинск уезіне келуінді достық көңілмен қолдаймын, тілеймін. Қырғыз-қайсақтар, варвар, кісі өлтіргіш туземниктер деген құрғак аңыз екен. Бүгін бір үлкен тойда қырғыздар әдептәуір дауласты. Ру дауы. Әрине, біз оған аралскан жоқпыз. Бір-бірімен таласып, жарақаттанған қасқырларды немесе баска тіршілікті ұмытып ойнақ салған қырғауылдарды соғып алу қандай оңай болса, ру таласымен өзді-өзі қыркыскан қырғыздарды да жеке-жеке ұрып алу қиын емес. Бір сөзбен, қырғыз-қайсақ сырттан келген әкімге пәлендей жамандығы жоқ, жаулықты сырттан емес, іштен іздейтін, ұсақ дау-дамай, ру таласынан аспайтын бейғам, момын халық. Бұл жақтың негізгі тамағы ет. Етті қолымен уыстап, көсіп жейді. Қасық, айыр дегенді білмейді. Бұл жақтың байлығы да сондай, қасықтап алмайсын, күрекпен күрейсін. Көп ұзамай қырғыз-қайсақ жері ұмытылып, Россия шекарасына қосылып кететініне де шек жоқ. Мал сияқты бейберекет жайылған халық. Қашан мойнына бұғалық салғанша табындап жайылған жылқыларша еш қауіп ойламайды. Саясаттан да бейхабар. Бар уайым — бұл жақта әйел қауымын табу қиын. Жабайы халықтың өте қызғаншақ келетінін білесің ғой. Жабайы әйелдер де еркегіне аса сенімді, соқыр сезіммен көзсіз берілген хайуандар. Цивилизациялық елдегі кендік, шіркін, қайдан болсын.

Болашақ Россия жерінің алғашқы қарлығаштарының бірі болуына тілектеспін».

Саккүлак Ірейменнің қырқасына көтеріле беріп атынан түсті де, қасындағы балаға шылбырын ұстатып, Құсақ көліне қарап тұрып қалды.

Жыпырлаған киіз үйлердің манында тірі жан көрінбейді. Бастары салбыраған бірен-саран аттар ғана әр белдеуге байланған. Күнде қымыз ішіп, ег жеп, көшеде сапырылысып жататын үш жүздің азаматы әр үйде жасырын сыр ұрлап, әлденеден бұғып қалғандай. Сауық-сайранынан айырылған жұрт бүгін ғана Сағынайды жерлеген, кара жамылған қайғылы елге ұқсайды.

Тек Құсак көлінен анда-санда гүрс етіп мылтық атылса, бұрын мұндай сұмдықты естімеген марғау құстар аспанға тік көтеріліп, қайда барарын білмей шырк айналып ұзақ жүреді де, көлдің екінші жақ басындағы жалтырға құлдилаиды. Құс атып жайбаракат жүргендер — екі ояз. Қастарында Нұрмағанбет. Кеше елден қайық алдырған.

Сакқұлак алыста белдеулеген Көк өзекке қарады. Бүгін Ақанның қасында болып қайтқан. Сері қайғысына жаны күйзелген көп ақындар, Жайық бастаған біраз шалдар сонда екен. Бәрі үнсіз. Құлагердің басын құшақтап егілген Ақанды қоршай отырыпты. Ақан алдында қазылған ор.

— Құлагер құлыныннан керім едің, нағашым сұрағанда бермең едің, — деп Ақан баяу ыңылдап жоқтау айтқан шерменде бір үнмен ескен желдей гуілдеп, зарлап отыр.— Шынымен өлгенің бе, Құлагерім, салбырап саптыаяқтай төменгі ернін.

Қайғылы серіге ешкім басу айта алған жоқ. Арасында аһ ұрып, уһлеп, тенселе түсіп ұзақ зарлағанда, жұрт көзінен жас тамшылап, үнсіз тыңдай берді.

Жібектей күлтеленген құйрық, жалын,
Қапыда өліп кеттін жануарым,
Өлді деп, жануарым, естігенде
Шыкпады уақыт жетпей шыбын жаным.
Құлагер айналайын шабысыннан,
Атағын елге шыққан дабысыннан,
Біліп ем өлерінді, Құлагерім,
Шыңғырған түсімдегі дауысыннан...

Әлден уақытта жасты көзін көтерген Ақан жұртқа қарап:

— Ал, ағайын, тумалар, Құлагердің қайғысымен болып көңіл бұрмады деп сөкпеніздер. Қайтейін, қасымда қалған жалғыз серігім, көңіл жұбатар қуанышым еді, мұны да қоймады. Елім-жұртым деп жүргенде, қаскөйлер құрған суық қақпанға түсе берегін не жазыппын. Сырымбет саласында да

тартып едім сазамды, кіндігімнің қаны тамған Қаратал қойнында да көрдім көресімді. Енді міне айдалада Ереймен баурайында сынып түскен канатымды қалдырып барамын. Құдайтағала қара мылтығын оқтап, елімнің әр жауызына бір-бірден ұстатып қойған екен, не шара!— деп, даусы дірілдеп тоқтады.

Он шақты жігіт астына арқан салып Құлагерді терен жамбыға түсіре бергенде, көзінен жас сорғалаған Ақан:

— Апыр-ай, абайландаршы, бір жерін мертiктіріп алмандаршы,— деп, тағы да егіледі...

Саққұлақтың қазір де көз алдында Ақан. Құлағында Ақан үні. Топ ақынның алдында Құлагердің ер-тоқымын арқалап, күн бағысқа жаяу тартқан Ақанның жапан түзде аныратып зарлап бара жатқан ашы күйіктен төгілген, тұла-бойы шым-шымдап шымырлатқан «Құлагер» әні, ақын зары.

Құлагер, топтан озған жүйрігім-ай,
Құлпырған ара күндіз күйрығын-ай,
Түбіне Ерейменнің айдап келген,
Құдайдың о дүния, қарай қойшы бүйрығын-ай.
Бәрібай-ай, керім-ай-ай,
Бай-бай, беу дариға-а-ай!

Сағынай асын тастап, Ақанның сонына ерген бар ақын, әнші «Құлагерге» қосыла күніреніп, ымыртта құбыланы бетке алып ұзап барады.

* * *

Арада төрт-бес күн өртті. Грісігіктен қатты жел тұрған. Әнші-күйшісінен айрылып, балағынан жел үрлеген Сағынай асы да ұлыған есіз даладай азынан тұр. Түндіктері жалп-жалп еткен сықырлауық үйлерінің үстінен желмен бірге қара дауыл, дауылмен лесе жөңкілген екі иіні салбыраған ұсқынсыз қарасабалақ бұлттар кеп, төпелеп жауып кетті.

Артыпша-ақ, ауыл үстінен улап-шулап, аттандаған үн басты. Маңдайларынан қан сорғалаған үш-төрт аттылы күйіндатып кеп Сағынайды қайта тірілткендей айғай-сүрен салып, қотанға үреймен жеткен:

— Барымта, барымта!

-- Аттан, аттан!

— Мын қарлы жылқыны сыпырып-сиырып айдап кетті!

- Колды болды, кайран мал!
Үйден жүгіре шыккан керей шонжарлары:
— Кім, кім?!
— Қашан?!— деп көздері шатынады.
— Қарауылдар!
— Қарауыл!
— Аттан, Аттан!
— Шап жауға, қоныңдар атка!
— Атка, Атка!

*Гагра. Переделкино.
Январь — апрель, 1970 жыл.*



Бірінші бөлім

Сырымбет саласында3

Екінші бөлім

Қаратал қойнында155

Үшінші бөлім

Ереймен баурайында269

Жүнісов Сәкен

Ақан сері

(Роман)

Бірінші кітап

Редакторы *Б. С. Қошым-Ноғай*
Көркемдеуші редакторы *Б. Серікбай*
Техникалық редакторлары *З. Бошанова*

ИБ № 6056

Теруге 13.04.2003 жіберілді. Басуға 06.06.2003 қол қойылды.
Қалыбы 84x108^{1/32}. Қаріп түрі «Тип-таймс». Офсетті басылыс.
Шартты баспа табағы 19,74. Шартты бояу көлемі 19,74. Есепті
баспа табағы 20,38. Таралымы 15000 дана. Тапсырыс №108
Келісімлі баға.

Қазақстан Республикасы «Жазушы» баспасы, 050009, Алматы
қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

ЖШС «КУРСИВ»

